

ҚАЗАҚСТАННЫҢ «АҚ ЖОЛ» ДЕМОКРАТИЯЛЫК
ПАРТИЯСЫ

**XXI ҒАСЫРДАҒЫ
АЛАШТЫҢ
АҚ ЖОЛЫ**

Алматы
2015

ӘОЖ 94 (574)¹1912/20⁷
КБЖ 63.3 (5Қаз)
Ж 66

Ақылдастар алқасы: Азат Перуашев – «Ақ жол» ҚДП төрағасы, Мәжіліс депутаты, «Ақ жол» партиясының Парламенттік фракциясының жетекшісі;
Қазыбек Иса – «Ақ жол» ҚДП төрағасының орынбасары, ақын, Халықаралық Алаш әдеби сыйлығының лауреаты; **Мәмбет Қойгелдиев** – Қазақстан тарихшылары қауымдастығының төрағасы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі т.ғ.д., профессор;
Дихан Қамзабекұлы – Л.Н.Гумилев атындағы ЕУҰ-нің проректоры, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, ф.ғ.д., профессор; **Амантай Шәріп** – Халықаралық Түркі академиясының ғалым-хатшысы, ф.ғ.д.; **Қайрат Сак** – Л.Н.Гумилев атындағы ЕУҰ-нің журналистика және саясаттану факультетінің деканы, ф.ғ.к., профессор;
Зиябек Қабылдинов – Л.Н.Гумилев атындағы ЕУҰ-нің «Еуразия» гуманитарлық зерттеулер институтының директоры, тарихшылардың Ұлттық Конгресінің ғалым-хатшысы, т.ғ.д., профессор; **Жүсіп Сұлтан Хан** – Л.Н.Гумилев атындағы ЕУҰ-нің «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының директоры, ф.ғ.к., PhD; **Светлана Смағұлова** – Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты директорының орынбасары, т.ғ.д.; **Сағымбай Жұмағұлов** – Л.Н.Гумилев атындағы ЕУҰ-нің «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының аға ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор; **Қайырбек Кемелгер** – Л.Н.Гумилев атындағы ЕУҰ-нің «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының аға ғылыми қызметкері, ф.ғ.к., доцент.

Ж 66 **XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы** – Алматы: Экономика. 2015. – 768 бет.
ISBN 978-601-225-804-2

Құрастырғандар:

Сәбит Байдалы – жоба авторы және бас редактор, «Ақ жол» ҚДП Орталық кеңесінің хатшысы, алаштанушы;

Айдын Ырысбекұлы – жобаның ғылыми қызметкері, алаштанушы.

Ескерту: Кітаптың сыртқы мұқабасында Алаш Орда ұлттық үкіметі мүшелерінің фотосуреттері (О.Әлжанұлынан басқалары) топтастырылған.

Үшінші жыл қатарынан жарық көріп, қолдарыңызға тиіп жатқан сериялы ғылыми жинақтың биылғы кітабына 2014 жылдың 13 желтоқсанында «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының 97 жылдығына орай, «Ақ жол» Демократиялық партиясының Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің қолдауымен өткізген «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» атты Жалпыұлттық байқауының қорытындысын шығаруға арналған ғылыми-практикалық конференциясында және басқа да шараларда жасалған баяндамалар, сонымен қатар әртүрлі басылымдарда жарияланған жекелеген ғылыми-публицистикалық еңбектер, мақалалар мен сұхбаттар енген.

Кітап «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының тарихын зерттеп жүрген ғалымдарға, Алаштанушы мамандар мен ізденушілерге, оқытушылар мен студенттерге және Отанымыздың төл тарихына қызығушылық танытқан оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 94(574)
КБЖ 63.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-225-804-2

© «Ақ жол» ҚДП, 2015.

© «Экономика» баспасы» ЖШС, 2015.

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқырман! «Ақ жол» демократиялық партиясы Қазақстан қоғамын жаңғыртуда «Алаш» қозғалысының шығармашылық мұрасын және олардың принциптік көзқарастарын тарату мақсатында «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» атты Жалпыұлттық байқауын 2012 жылдың күзінде жариялап, жыл сайын өткізіп тұратынын мәлімдеген болатын. Қазір бұл Байқау дәстүрге айналып та үлгерді.

2014 жылғы Жалпыұлттық байқауға қатысуға Алаш мұрасына қызығушылық танытып, осы тақырыпта ғылыми зерттеулермен айналысып жүрген 18-35 жас аралығындағы ізденушілер шақырылды. Бұл Алаш арыстарының идеяларын керек ететін жоқтаушылар, оны одан әрі тарататындар, әсіресе жастар арасында көбейе түссін деген ниетпен жасалды. Байқау төрт номинация бойынша, атап айтқанда, **бірінші номинация** - «Алаш» қозғалысы идеяларының мемлекет құрылысындағы, демократиялық құндылықтардағы және қазіргі Қазақстан қоғамының еуропалық жолды таңдаудағы сабақтастығы»; **екінші номинация** - «Алаш» қозғалысы көшбасшыларының еңбектеріндегі экономикалық көзқарастарының өзектілігі, қоғамды әлеуметтік жаңғыртудың мәселелері және осы идеяларды қазіргі заманғы Қазақстанда дамыту»; **үшінші номинация** – «Алаш қозғалысы тарихындағы белгісіз оқиғалар мен жаңа есімдер»; **төртінші - арнайы номинация:** «Жоғарыда аталған кез келген тақырыптар бойынша орыс тіліндегі және басқа Қазақстан этностарының тілдеріндегі үздік зерттеулер немесе жарияланымдар» тақырыптары бойынша қорытындыланып, жарыс жеңімпаздары анықталды.

Бас бәйгелерді сарапқа салған актық сайыс 2014 жылдың 13 желтоқсанында Астана қаласында өтті. Оны «Ақ жол» ҚДП төрағасы, Партияның Парламенттік фракциясының жетекшісі, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев жалпыұлттық байқаудың қорытындысын шығаратын ғылыми-практикалық конференцияны кіріспе сөзбен ашып, жиналғандарды қазақ елінің азаттығы үшін күрескен Алашорда үкіметінің құрылған күнімен және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 23 жылдығымен құттықтап, жалпыұлттық байқауға қатысушы ізденушілердің жұмыстарына сәттілік тіледі.

Әрі қарай, құрамында Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің елімізге танымал Алаштанушы ғалымдары: университет проректоры, ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Дихан Қамзабекұлы (төраға), журналистика және саясаттану факультетінің деканы, профессор Қайрат Сақ, «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының директоры, филология ғылымдарының кандидаты, PhD докторы Сұлтанхан Жүсіп, «Еуразия» гуманитарлық зерттеулер институтының директоры, Тарихшылардың Ұлттық Конгресінің ғылыми хатшысы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Зиябек Қабылдинов және Халықаралық Түркі академиясының ғалым-хатшысы, филология ғылымдарының докторы Амантай Шәріп бар Қазылар алқасы іске кірісті. Олар байқаудың бұдан бұрынғы екі кезеңінен өтіп, төрт номинация бойынша финалға шыққан Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ PhD докторанты Еркін Рахметуллинді, Алматы қаласындағы Мұхтар Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының 1-курс магистранты Абдул Рахманұлы Абдулкәрімді, Астана қаласындағы физика-математикалық Назарбаев зияткерлік мектебінің мұғалімі, тарих магистрі Ержан Шағимолдинді, Қарағанды облысы, Қарқаралы қаласынан жарысқа түскен, социолог Кенжегүл Мәлікті, Семейдегі Абайдың мемлекеттік қорық-мұражай бөлімі «Алаш арыстары-Мұхтар Әуезов» мұражайының аға ғылыми қызметкері Қарлығаш Нұрланқызы Ибрагимованы, Ақтау қаласындағы Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технология және инженеринг университетінің студенті Айгүл Қайдарқызы Досымбекованы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «тарих» PhD докторанты, Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының аға оқытушысы Махаббат Мәлікқызы Қозыбаева мен осы университеттің археология және этнология кафедрасының доценті, т.ғ.к. Сұлушаш Рахымжанқызы Құрманованы жұртшылыққа таныстырып, өз баяндамаларын жасау үшін, оларға кезекпен сөз берді.

Нәтижесінде, Қазылар алқасының шешімімен «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» Жалпыұлттық байқауының 1-ші: «Алаш» козғалысы идеяларының мемлекет құрылысындағы, демократиялық құндылықтардағы және қазіргі Қазақстан қоғамының еуропалық жолды таңдаудағы сабақтастығы» номина-

циясы бойынша Еркін Рахметуллиннің «Алаш қайраткерлерінің ұлттық әскер құрудағы қызметі» атты ғылыми зерттеуі; 2-ші: «Алаш» қозғалысы көшбасшыларының еңбектеріндегі экономикалық көзқарастарының өзектілігі, қоғамды әлеуметтік жаңғыртудың мәселелері және осы идеяларды қазіргі заманғы Қазақстанда дамыту» номинациясы бойынша Ержан Шағимолдиннің «Алаш» қозғалысының көсемі Ә.Бөкейхан мен оның үзеңгілестерінің ұлттық өндірісті дамыту бағытындағы қызметі» туралы баяндамасы; 3-ші: «Алаш қозғалысы тарихындағы белгісіз оқиғалар мен жаңа есімдер» номинациясы бойынша екі жұмыс бас бәйгені бөлісті, олар - Қарлығаш Ибрагимованың «Алаштың айтулы азаматы Әнияр Молдабаев» туралы еңбегі және Махаббат Қозыбаеваның «Семья Сеитовых: трагические судьбы Алашской интеллигенции и их потомков в эпоху сталинизма» тарихи зерттеуі; 4-ші - арнайы номинация: «Жоғарыда аталған кез келген тақырыптар бойынша орыс тіліндегі және басқа Қазақстан этностарының тілдеріндегі үздік зерттеулер немесе жарияланымдар» бойынша Сұлушаш Құрманованың «Этнографическая проблематика в трудах А.Букейхана» атты ғылыми зерттеуі бас бәйгелерге лайық деп танылды.

«Ақжол» партиясының төрағасы Азат Перуашев жеңімпаздарға 250 мың теңгеден сыйақы тапсырды, байқауға қатысушылардың барлығын Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясының грамоталарымен марапаттады.

Тұтастай алғанда, байқау бұл тақырыптың біздің қоғамда өзектілігін көрсетті, «Алаш» идеяларының жастар арасында да қызығушылық тудырып, тарала бастағанын байқатты. Байқауға еліміздің барлық өңірлерінен қатысты. Олардың кейбірі жергілікті архивтермен жұмыс істеген. Байқау тақырыбы сан қырлы, онда төрт бірдей номинацияның болуы мұндай мүмкіндік берді. Қатысушылардың ішінде оқытушылар, магистрлар, магистранттар, докторанттар, студенттер, журналистер және т.б. болып, тың ойлар, ұсыныстар, тарихи деректерге жан-жақты, кешенді келіп, оның мәндерін жаңаша беруге талпыныстар, тіпті күтпеген идея-ұсыныстар айтып жатты. Сондықтан да биылғы, осымен үшінші рет шығып отырған ғылыми жинағымызға тек қана байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің ғана емес, олардан басқа

қатысушылардың да назарға алуға тұрарлық еңбектері, кейбір жұмыстардан үзінділер енгізілді.

Жалпы, «Ақ жол» партиясының Алаш мұрасын зерделеу және тарату бойынша іс-шаралары бұл байқаумен шектеліп отырмағанын баса айтқым келеді. Бір ғана мысал, өткен жылдың 3-21 маусым аралығында партияның белсенді бизнесмен мүшелерінің қаржылық жәрдемімен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің бір топ алаштанушы ғалымдарының Омбы қаласына ғылыми экспедициясы ұйымдастырылды. Оның құрамында «Алаш» мәдениет және рухани институтының директоры, ф.ғ.к., PhD Сұлтанхан Акқұлұлы, «Еуразия» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, т.ғ.д., профессор Зиябек Қабылдинов, доцент, т.ғ.к., Сұлушаш Құрманова, осы университеттің докторанты Еркін Рахметуллин болды. Олар Алаш қайраткерлерінің ХХ ғасырдың басындағы қоғамдық қызметі тығыз байланыста өрбіген осы қаладағы мұражайлар мен мұрағаттардың құжаттары мен артефактыларымен жұмыс істеп, соның нәтижесінде үлкен тарихи олжаға кенелді. Әлихан Бөкейханның бұрын еш жерде жарияланбаған жаңа фотосы табылып, соны қазбалап зерттеудің арқасында Алаш көсемінің өмірінен тың деректер ашылды. Омбы экспедициясының алдын ала қорытындылары бойынша Республикалық БАҚ-ында жарияланған көптеген мақалалар осы кітабымыздан орын алды. Ұлттық тарихымыздың ақтандақ беттерін ақтарып, ашу үшін құнды айғақ-деректерге бай бұл материалдардың оқырмандар, әсіресе осы тақырыпты ғылыми зерттеулеріне арқау етіп жүрген, алаштануға ден қойған ізденушілердің көңілінен шығатынына сенімдіміз. Кітапқа сондай-ақ Семей архивінен алаштанушы Айдын Ырысбекұлы тауып, ғылыми ортада тарихи жәдігер саналып үлгерген, біздің былтырғы «ХХІ ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» (*Астана - 2014*) ғылыми жинағымызға бір бөлігі енгізілген «Мұрат үшін майдан» пьесасының биыл толық мәтінін енгіздік. Мұқтызар Титаковтың 1937 жылы саяси қуғын-сүргінге ұшырап, аяқтай ала алмаған пьесасын жандандырып, толыққанды пьеса етіп шығарып отырған жазушы-драматург Өтен Ахметов. Қазіргі таңда осы пьесаны оның басты кейіпкерлерінің бірі - Әлихан Бөкейханның 2016 жылдың наурызына дейін - 150 жылдық туған күні қарсаңында сахналау-

ды көздеп отырмыз. Бұларды «Ақ жол» партиясының Алашорда үкіметінің 100 жылдығы мен оның төрағасы Ә.Бөкейханның 150 жылдығына арнаған зор тартуы деп санасак артық емес.

2014 жылдың 5-13 желтоқсан аралығында «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының 97 жылдығы құрметіне, Астанада, Семейде, Ақтауда, Шымкентте «Алаш апталығын» өткіздік. Оның барысында өткізілген іс-шаралар туралы материалдар да кітабымызда өз көріністерін тапты. «Алаш апталығы» барлық облыс орталықтарында дәстүрлі түрде өткізіліп, «Ақ жолдың» бұл жобасына бұқаралық сипат беріліп, онын аясындағы шараларды республика көлемінде іске асырсак деген ниет бар.

Өткен жылы белгілеген бағыт-бағдарларымыздың бәрі тиянақты түрде жалғасын тауып жатқанын біздің былтырғы жинағымызды оқып, енді осы кітабымыз да қолына тиген әрбір көзі қарақты оқырманның көзі жетеді деп ойлаймын. Сол бастамаларымыздың, жұмыстарымыздың барлығын жүйелі түрде іске асыру үшін және 2016 жылғы Әлихан Бөкейханның 150 жылдығын, 2017 жылғы «Алаш» қозғалысының 100 жылдық мерейтойларын ескеріп, «Ақ жол» партиясы Алаштанушы ғалымдарды, жұртшылық өкілдерін кеңінен қатыстыра отырып, талқылаудан өткізгеннен кейін 2015-2020 жылдарға арналған Алаш қозғалысы қайраткерлерінің идеялық көзқарастарын зерделеу және тарату жөніндегі Бағдарламасын қабылдады. «Ақ жол» ҚДП Төрағасы Азат Перуашевтің бастамасымен Алашка қатысты жеке Бағдарлама жасауға талпыныс, жалпы Қазақстан Республикасы партия құрылысы тарихында тұңғыш рет болып отырғандықтан осы жинақты құрастырушылар бұл құжаттың мәтінін толық жариялап отыр.

2015 жылдың 12 наурызында Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының ХІІ съезі болып өтті. Съез партияның ең жоғары басқарушы органы болып табылатындықтан және ол ел өміріндегі аса маңызды саяси оқиғаға арналғандықтан осы алкалы жиында жасалған Партия төрағасының, оның орынбасарының баяндамаларын, партияның Орталық кеңесінің хатшысының сөзін де кітапқа енгіздік. Кітапта тағы да басқа оқырмандарды қызықтыратын материалдар жеткілікті.

Жалпы, осыдан үш жыл бұрын «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» жалпыұлттық байқауын жариялап, Алашқа қатысты басқа да шараларды іске асыру бағытын – өзімізге бағдар етіп алғанымыздың дұрыстығына, тағы да көз жеткізіп отырмыз. Қазақстан халқына арнаған өткен жылғы Жолдауында Мемлекет басшысы тарихқа тағзымның «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұрғанын айтты. Және ол, дәйексөз (*цитата*) келтіремін: «Отанды сүю – бабалардан қалған мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз» деп атап өтті. Алаш біз үшін өткен шақ қана емес, ол біз үшін осы шақ және келер шақ. Кітаптың аты тіпті де тегіннен тегін «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» аталып отырған жоқ. Алаштың Ақ жолы XXI ғасырда да, одан кейін де жалғаса беретін мәңгілік жол.

Тұтастай алғанда, «Алаш» көшбасшылары ұстанымдарының ұлтпен бірге өмір сүретін тұжырымдамалық мағынасы бар екендігін, Алаш рухының өшпегенін осы кітапты парақтаған оқырманның әрқайсысы да сезінетініне шүбамыз жоқ. Өйткені, Тәуелсіздік жылдарында тура ойлағанымыздай болмағанмен, бәрібір Алаш рухы бойымызға сіңіп жатыр. Ендеше Алаш рухы бәрімізді де жаңа жетістіктер мен жеңістерге жетелей берсін.

СӘБИТ БАЙДАЛЫ
«Ақ жол» ҚДП Орталық кеңесінің
идеологиялық жұмыс жөніндегі хатшысы,
алаштанушы

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ «АҚ ЖОЛ» ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ
ПАРТИЯСЫНЫҢ XII СЪЕЗІ**

(2015 жыл 12 наурыз)





Қазақстанның «Ақ жол»
Демократиялық
партиясының Төрағасы Азат
Тұрлыбекұлы Перуашевтің
2015 жылдың 12 наурызы күні
партияның XII съезінде жасаған
баяндамасы

ҚҰРМЕТТІ ДЕЛЕГАТТАР!

Ағымдағы жылдың 26 сәуірінде мерзімінен бұрын президенттік сайлау өтетіні туралы баршаңызға белгілі. Оған қатысуға қазіргі Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің келісімін берді.

Келесі (2016) жылы президенттік те, парламенттік те сайлау өткізудің мерзімдері түйісіп тұрғаны туралы сарапшылар былтырдан бастап айта бастаған. Сонымен бірге, ҚР Конституциясының 41-інші бабының 3 тармағы бұл сайлауларды қатар өткізуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан мәселе тек қандай сайлау мезгілінен бұрын өтетінінде болды: президенттік пе, әлде парламенттік пе.

Сол себепті, кейбір БАҚ мезгілінен бұрын парламенттік сайлау нұсқасына мән берген, мұндай жарияланымдар әсіресе 2014 жылдың екінші жартысында көп болды.

Бұл пікірталастар Қазақстан халқы Ассамблеясын Президент сайлауы тақырыбын аса маңызды көкейкесті мәселе етуге себеп болды.

Сайлауды әр түрлі кезеңде таза процедуралық қажеттілікпен өткізуден тыс, президенттік науқанның басымдылығы басқа да объективті себептермен байланыстылықта қарастырылуы тиістігін айтуымыз керек.

Біріншіден, бұл өткен жылдан бастап мұнай және металлдарға бағаның сыни құлдырауы түріндегі қазақстандық экономика тап болып отырған сыртқы қауіп-қатерлер.

Мұның әсері біздің бизнесіміз үшін өте ауыр болып отыр, оның салдары **бизнестің ашықтан-ашық абыржуына, нарықтарды жоғалтуға, девальвацияны күтудің** өсуіне және банктерде **теңгелік өтімділіктің** қысқаруына әкелді.

Экономикаға жағымсыз сыртқы қысымды төмендетуге Президенттің биылғы жылы бастап берген **«Нұрлы жол» бағдарламасы** ықпал етуі тиіс. Тұтастай алғанда, кез келген экономикаға және кез келген қоғамға тұрақтылық және болжамдылық керек.

Екіншіден, сайлаумен кешігу экономикалық тәуекелділіктерге **саяси дүдәмалдықты** да жүктер еді. Ал бұл – кез келген мемлекет үшін жол беруге болмайтын жайт.

«Саяси дүдәмалдық» деп мен сайлау **мерзімдерінің сәйкес келуінен** тыс, геосаясаттық қатерлер факторларын да айтып тұрмын.

Ең алдымен, бұл - сыртқы тұрақсыздықтардың: Таяу Шығыс, Еуропа және Украина да кеңейе түсуі.

Қазақстан үшін екі ай бұрын Ауғаныстаннан халықаралық коалиция әскерінің шығарылуы ерекше тәуекелдіктер тудырады. Бұл тура біздің шекарамызда бейбітшілікке және тыныштыққа төнген нақты қауіп-қатер.

Осыдан небәрі бір-екі жыл бұрын лаңкестік (терроризм) төтенше сипатта, бірақ бәрібір де жекелеген уақиғалар төңірегінде болған. Бірақ Сириядағы, Ливиядағы, Ирактағы азаматтық соғыстардың өршуіне, және ИЛИМ (ИГИЛ) сияқты құбылыстың пайда болуына байланысты - лаңкестік экстремистік квази-мемлекеттік құрылымдардың мемлекеттік саясаты сипатына үміттене бастады.

Еуропадағы жуырдағы сериялы лаңкестіктер; барлық әлемдік державалардың көшбасшыларының, **Қазақстан Президентін қоса алғанда,** күш-жігер жұмсауына қарамастан, жалғасып жатқан Украинадағы туыстарын өлтіріп жатқан соғыс – мұның бәрі миллиондаған адамдарды **өзінің болашағына** және өздерінің балаларының болашағына **аландауға,** біз өмір сүріп жатқан **әлемнің орнықсыздығын және осалдығын** сезіндіруге мәжбүрлейді.

Бұл жағдайларда осындай күмәндарды жоюдың жалғыз дұрыс пайымы біздің азаматтарға мемлекеттің оларды қорғауға және елде бейбітшілік пен тыныштықты қамтамасыз етуге қабілеттілігіне сенімділік беруі бола алады.

Ал мұндай қорғаудың жалғыз кепілдемесі Конституция бойынша да, және өмірде де Президент болып табылады.

Осылайша, мерзімнен бұрын сайлау туралы шешім – әлдебір тактикалық әдіс емес. Бұл төніп келе жатқан қауіптердің стратегиялық алдын алу.

Сондықтан біздің партиямыздың президиумы Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасын қолдады.

Осыдан «Ақ жол» партиясының осы президенттік сайлауға қатысуы туралы сұрақтар шыға бастайды.

Жағдайды нақты бағалай келе, бірден өзімнің пікірімді білдіргім келеді: **Қазақстанда, оның сыртында, ұлтты ұйыстыра алатын, экономикаға прогресивті міндеттер қоя білетін және мемлекеттік органдар жұмысына ырғак беретін Нұрсұлтан Назарбаевқа теңесетін, саяси және мемлекеттік тұлға жоқ.**

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның айналасындағы сыртқы қауіпсіздік аймағының конструкторы да болды, бұл бір жағынан – елге өзекті әлеуметтік және экономикалық міндеттерді шешуге жұмылдыруға мүмкіндік берді; бірақ басқа жағынан – халықаралық аренада үздіксіз аса зор күш-жігер жұмсауды талап етеді.

Егер бұл жағдайға «Ақ жол» партиясы сүйенген құндылықтар және басымдылықтармен келетін болсақ, онда, **Нұрсұлтан Назарбаев кәсіпкерлерді қолдау және өнімді экономиканың құрылуы үшін, мемлекеттілікті нығайту және ұлттық мүдделерді алға жылжыту үшін, кімнен болса да көп жұмыс істеді және сол істерді жалғастырып жатқанын атап өту керек.**

Бұған Нұрсұлтан Назарбаевтың Мемлекет басшысы ретіндегі Тәуелсіздікті жариялағаннан бастап бүгінгі күнге дейінгі көпжылдық және аса ауыр қызметі арналған.

Біреуге ұнай ма немесе ұнамай ма, бірақ Назарбаев қазір де өзіне ғана және осы шаққа ғана тиесілі емес. Ол бүкіл посткеңестік және әлемдік кеңістік үшін – және сондай-ақ биыл 550-жылдығы аталып өтетін, Қазақ хандығы сияқты біздің ата-

бабаларымыздың көшпенді өркениетінің мұрагері, қазіргі қазақ мемлекеттілігінің негізін қалаушысы ретінде ғаламдық тарихи ауқымдағы тұлға. **Нарықтық экономиканың атасы** ретінде де, **ядролық сынақты толық тоқтатқан** алғашқы және әзірге жалғыз көшбасшы ретінде де осындай тұлға.

Миллиондаған қазақстандық кәсіпкерлер өздерінің пайда болуына және қоғамдағы құрметі үшін Назарбаевтың мемлекеттік меншікті жекешелендіру, ұлттық валютаны енгізу, шетелдік инвестицияларды тарту, капиталдар және мүліктерге рақымшылық ету, шағын және орта бизнесті тексеруге мораторий жариялау, «Атамекен» ұлттық палатасын құру және көптеген басқа да реформаларына борышты.

Бүгін, сыртқы күйзелістер жағдайында Ұлттық қордан көп миллиардтаған көмек ала отырып, біз бұл қордың Назарбаевпен оңай емес жағдайларда, мұнай кірістерін «тарату және бөлу» жөнінде берілген кеңестерге қарамастан құрылғанын еске түсіре аламыз. Ал енді бұл ақшалар экономиканы бірінші рет қана құтқарып отырған жоқ және тек бизнестің өміршеңдігі үшін ғана емес, сондай-ақ өндірістік инфрақұрылымның дамуы, кәсіпорындардың жетілдірілуі және өнеркәсіптің әртараптандырылуы үшін де тірек болып қызмет етуде.

Мемлекет басшысы бизнеске де маңызды дабыл (сигнал) берді: дамындар, бәсекелесіндер, қажет емес шығындарды азайтындар, жергілікті құрамды ұлғайтындар, мұнай ақшаларына бағынышты болудан кетіндер – сонда сыртқы соққылардан аз жоғалтатын боласындар. Жағдайды пайдаланындар, жаңа кәсіпорындарды тұрғызындар, өздерінің өндірістерінді жаңартындар және жетілдіріндер.

Және мұны ол үнемі жасап келеді. 2008 жылы да осылай болды, онда бүкіл әлем «Қорғана алатындар, қорғанындар» деп жүгіріп айғайлап жүрді, ал Нұрсұлтан Назарбаев инновациялық нидустриаландыру бағдарламасына жол ашты.

Бүгінде де осылай болып жатыр, Ресейдің соңынан айналадағы валюталар күйреп жатқанда – девальвация украиндық гривенді де, әзербайджандық манатты да, грузиндік лариді де ойсыратты... – ал біздің көшбасшы «Нұрлы жол» бағдарламасында жаңа міндеттер қойып жатыр.

Міне бұл да, әлемдік деңгейдегі мемлекеттік менеджер ретіндегі Назарбаевтың кемеңгерлігін көрсетіп тұр.

Біздің табалдырығымыздағы дағдарыстар мен дауылдар келеді және кетеді, ал халық, мемлекет, жанартылған экономика – қалады.

«Ақ жол» партиясының мемлекеттік органдардың қызметтеріндегі кемшіліктерге, жемқорлық фактілеріне, нақты шенеуліктердің әділетсіздігі мен біліксіздіктеріне сыни көзқарасы баршаға белгілі. Бұл тәсілдеме кәсіпкерлікті қолдау және ұлттық мүдделерді алға жылжытумен қатар біздің принципті ұстанымымыз болды және солай қала береді.

Бұдан басқа, кез келген саяси партияның міндеті билік үшін күрес болып табылады.

Алайда, халықтың шынайы қолдауына лайық және бұл халықты тоталитарлық державаның ешкімге белгісіз провинциясынан мықты экономикасы және заманауи қоғамы бар тәуелсіз мемлекетке әкелген Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен сайлауға – бұл сайлауға «күрес» терминін қолдану мүмкін емес, өйткені бұл өзінің халқының қалауына қарсы шығуды білдірер еді.

Мұндай күресті біз, «Ақ жол» партиясы үміттенетін Қазақстанның саяси өмірінде алатын рөліне лайықсыз деп санар едік.

Реалистер және прагматиктер партиясы ретінде, біз, кейбір партиялардың өздерінің үміткерлерін Елбасы тұлғасымен салыстыруға тырысуының өзі - Назарбаев тұлғасының қазіргі Қазақстандағы ролін және мәнін жөнсіз төмендету деп пайымдаймыз.

Бұл мәселеде біз тіпті партиялық пайымдардан абстракциялануды мүмкін деп санаймыз, өйткені 2010 жылдың 10 маусымынан, «Ұлт көшбасшысы туралы» Заңын қабылдағаннан кейін, Нұрсұлтан Назарбаев «Нұр Отан» партиясының ғана емес, сонымен қатар бүкіл Қазақстан халқының, «Ақ жол» партиясы және басқа партиялардың мүшелерін қоса алғанда, де-факто және де-юре көшбасшысы болып табылады.

Сондай-ақ, бүгін өткен президиумның кеңейтілген отырысында біздің партиямыздың ұстанымын талқылау кезінде, прези-

дентке бір тұлғаны екі реттен артық сайлауға тыйым салынғаны туралы Конституция талабына орын алған жағдай қайшы келмей ме деген сұрақ қойылғанын хабарлай аламын.

Осыған байланысты партияның заң қызметі, ҚР Конституциясының

42-інші бабының 5-інші тармағына сәйкес, мұндай шектеу Тұңғыш Президентке таралмайды деп түсіндірді.

АҚШ-тың президенттік сайлауын бақылау тәжірибем бойынша, мұндай ерекшелік тым әдеттегіден тыс болып табылмайды, керісінше бұл халықаралық тәжірибеге жатады деп қосып айта аламын.

Мәселен, 1951 жылы АҚШ-тың конституциясына осыған ұқсас 22-ші түзету қабылданған, онда «осы түзетудің күші, оны қабылдаған сәтте Президент болып табылатын тұлғаға таралмайды» деп тікелей көрсеткен.

Осылайша, қазақстандық заңнамада да, халықаралық құқықта да біздің қазіргі Президентке президенттік сайлауға қатысу үшін ешқандай құқықтық шектеулер жоқ.

Құрметті әріптестер!

Біз тарихи маңызы бар сәтте бас қосып отырмыз. Елбасымыз халықтың өтінішін қабылдап, президент сайлауына өз кандидатурасын ұсынуға келісім берді.

Мен мемлекет басшысына барша «акжолдықтар» атынан, оның ішінде отандық кәсіпкерлер мен зиялылар атынан **шынайы ризашылығымды білдіргім келеді.**

Біз миллиардтаған инвестициялар тарту, кәсіпорындарымызды заманауи құралдармен жабдықтау, қызметкерлерімізді шетелде оқыту, халықаралық нарыққа еркін шығу және басқа да көптеген мүмкіндіктерге ие болып отырмыз.

20 жыл бұрын бізде мұның бірде-бірі болған емес.

Бізге үлкен бизнеске жол ашқан - Нұрсұлтан Назарбаев. Ол бізді үйретті, көмектесті, бағыт берді және жаңа жеңістерге шабыттандырды.

Қазақстан бизнесінің тәуелсіздік жылдарындағы барлық табыстары - Елбасының қамқорлығының жемісі!

Көшбасшымыздың алдағы Қазақстан Президент сайлауына қатысатынына шын жүректен қуаныштымыз.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Президиум сіздердің қарауыңызға бір ұсыныс енгізеді: **26 сәуірдегі президенттік сайлауда «Ақ жол» демократиялық партиясы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кандидатурасына қолдау көрсетсін.**

Назар қойып тыңдағандарыңыз үшін рахмет!

**«Ақ жол» ҚДП Төрағасының
орынбасары ҚАЗЫБЕК ИСАНЫҢ
2015 жылдың 12 наурызы күні
партияның XII съезіндегі сөзі**



ЕҢ БАСТЫ БАЛАМАСЫЗ БАҒЫМЫЗ - ТӘУЕЛСІЗДІКТІ САҚТАУ

Көне замандағы Көк түріктер қағанаты дәуіріне көз салсақ, күллі әлем білетін Күлтегіннің күмбірі - Тоныкөктің толғауы құлаққа келеді. Еліне Тәуелсіздік әперу үшін етігімен су кешіп, бел шешпей күрескен Білге қағанның ерлігін әлемде әлі әліпби жоқ кезде біздің бабаларымыз тасқа қашап қалдырған. Ол жазбада:

**Түркі халқы үшін
Түн ұйықтамадым,
Күндіз отырмадым.
Қызыл қанымды ағыздым,
Қара терімді төктім.
Кедей халықты бай қылдым.
Аз халықты көп қылдым,
Төрт бұрыштағы халықты
Бәрін бейбіт қылдым, тату қылдым,
– Сөйтіп, Тәңірі жарылқады-**

деген жыр жолдарымен баяндайды.

Мен бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан мен мемлекетімізді осындай әлемге әйгілі еткен Елбасымыздың ерекше ерен еңбегі мен ерлігіне қарасам, осы әр қазаққа ұран болатындай Тоныкөктің толғауы құлақта жаңғырып тұрады.

Иә, көне Көк түріктен көктеген Көк тулы Тәуелсіз Қазақ елі -Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев Ұлытаудағы Ұлағат

толғауында атап өткендей, Көк түріктер қағанатының, Алтын Орданың, бүгінде еліміз 550 жылдығын атап өткелі отырған Қазақ хандығының нағыз мұрагері.

Сол Көк түріктер қағанатынан бері ата-бабаларымыз армандаған «Мәңгілік ел» идеясы сан ғасырдан кейін Тәуелсіз Қазақ елінде өз несібін тапты. Ата-бабаларымыз бен Алаш арыстарының ақиқатқа арналған арманы. - Тәуелсіз Қазақстанның Президенті, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев елін әлемге әйгілі етіп отырып, «Мәңгілік ел» тұжырымдамасын жариялады! Кешегі өткен «Нұр Отанның» съезінде де Елбасымыз: “Біз ең бірінші «Мәңгілік ел» идеясына баса мән беруіміз керек. «Мәңгілік ел» идеясы Конституциямыздан кейінгі басты орында тұратын қасиетті құндылығымыз болуы тиіс» деп, тағы да қадап айтты.

Иә, Тәуелсіздігіміздің баяндылығына негіз болатын “Мәңгілік ел” ұлттық идеямыз біздің әрқайсымыздың төл ұранымыз болуы тиіс. Соның ішінде авангард саналатын зиялы қауым әрдайым басты назарда ұстауы керек. “Ақ жол” партиясының ұйытқысының бірі болып табылатын зиялылар, шығармашылық өкілдері, мұғалімдер мен дәрігерлер және ғалымдар бұл жолда алдыңғы қатардан табылады.

Кешегі зар заманда, тар заманда тарыдай шашылып кеткен қазақты Атамекеніне жинап алушы әлемдегі үш елдің бірегейі де Қазақстан. «Мәңгілік елде» бар қазақтың басын қосуды да - тарих Елбасымыздың нығына жүктенті. Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайында ұшақтан домалап түсе қалған қандастарымыз сақалдарын көз жастарымен жуып, Қазақ топырағын құлай құшақтап сүйіп жатқанда, біз де шыдап тұра алмадық...

Біз Тәуелсіздіктің қадірін білеміз бе?!

Таяуда Қытайдан Қуандық атты журналист бауырым сапарлап келді. Олар Алматыдан Астанаға келе жатқанда Қазақстанға тұңғыш рет келген келіншегі өздері отырған пойызды сүртіп, тазалап келіпті. «Оу, оны істейтін жолсеріктер бар ғой!»-деген бізге ол: «Бұл менің табаным тұңғыш тиген Қазақ елінің пойызы ғой!»-деп жауап берді. Мен бұл сөзді естігенде Қытайдағы бір өзге ұлттың ақынының: «Сендер қандай бақыттысындар,

қазақтар! Егер менің өз тәуелсіз елім болса, жерім болса, бұқал жолын тіліммен-ақ тазалап шығар едім» деген өте ауыр сөзін еске алдым.

Аллаға мың да бір шүкір дейік, ағайын!

Тәуелсіз еліңде барлық ауыртпалықты қасқайып көтеруге болады. Ең бастысы сыртқы дүниенің дүрбелеңінен аман оту. Дүрбелеңде дүдәмалдылық күмән-күдікті көбейте беретіні рас. Сондықтан, алдымен мынадай халықаралық жағдай тынышсызданып тұрған алмағайып заманда ел басшысын бекітіп алып, белді бекем буып, кез келген қиындыққа қарсы тұруға болады. Бұл ең алдымен тәу етеріміз- Тәуелсіздіктің тұғырын берік қолда ұстап, сыр аңдып отырған сыртқы күштердің дәмесін өсірмеу үшін де ең басты қажеттілік болып тұрғаны айқын. Бұл тұрғыда Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың көптеген еларалық шиеленістерде, атап айтқанда Ресей-Украин қақтығысында халықаралық арбитр рөлін ойнауы, алып елдердің арыны қатты президенттерінің Қазақстан Президентімен пікір алмасып отырулары ел сенімін еселеп, дәтке қуат болатыны анық. Иә, қазақ мемлекетінің тарихына көз жіберсек, орналасуына байланысты кешегі хандарымыздың кезінен бері де геосаяси жағдайы оңай болмағаны белгілі. Қалың Қытай, орман Орыстың ортасынан жол тауып отырған Абылай хан қайраткерлігі бүгін де әлемдік деңгейде жалғасын табуда. Қазір де Орыс аюының оңтайын көздеп, айдаһар Қытайдың аңысын аңдап, арыстан Американың арынын тежеп келе жатқан Қазақстанның сыртқы саясаты сындарлылығымен салмақ арттыруда. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың кезінде ер көңілді Борис Ельциннің болтын босатып, әкелі-балалы Буштармен бұрқырап байланыс орнатып, кірпияз Клинтонның кілтін тауып, Қытайдың қыры сансыз қыртысына терендей білгені мәлім. Әлемдік саясаттағы сол соны соқпақ, үздік үрдіс жыл өткен сайын жемісін беріп, жетістіктерге жеткізуде. Еуропаны елеңдетіп, Батысқа бас ауру болып отырған Ресей Президенті В.Путин Қазақстан көшбасшысының жолын кеспей, алдына салып сөйлеп жүр. Обамаңыз ойларын бөліссе, сыры терең Қытай сыпайы сыйласып отыр. Теміртау темірінің мың градустық жалынына төзе білген, болаттың өзін балқытып, құрыштай шыңдалған, бабаларымыз даналығын бойына сіңірген Елбасымыз әлемдік

саясаттың ыстығы мен суығынан, оты мен суынан аман өтіп, ел мерейін үстем етіп келеді. Бүгінгідей күніне сан өзгерген саяси әлемде мұндай зор салмақ пен бекем бедел дәл қазір бізге ауадай қажет. Мұндай абыройды мұнайымызбен ғана байланыстыру – ақиқатты аттап кету болып табылады. Әйтпесе, соғыстың сорына батқан мұнайлы елдердің шаңы аспанға шығып, шайына қорғасын қатып отырған халық аз емес...

Кешегі Көк түріктер қағанатынан қанат қағып, Алтын Орданың мұрагері болып, Қазақ хандығының 550 жылдығын мерекелегелі отырған берекелі еліміз – Тәуелсіз Қазақ мемлекеті осындай мерейлі жылда Көк туымыз көкте биік желбірей беруі үшін көрнекті көшбасшысын тағы бір сайлап алуы – халықтың шын қалауы.

Саясатта дер кезінде қимыл жасаудың маңызы зор екені әлмисақтан белгілі. Ендеше, Ата-бабамыз сан жылдар мойнына бұршақ салып тілеген Тәуелсіздіктің іргесін бекемдей беру үшін де, сайлауға барып, өз таңдауымызды жасауымыз керек! Өз таңдауымыз – ел таңдауы. Ел таңдауы – ертеңіміз, ел болашағы! Біздің таңдауымыз – Нұрсұлтан Назарбаев! Біз ізбасары болып табылатын Алаш партиясы көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсынұлы осыдан 100 жыл бұрын айтқандай, «Алаш оқығаны, зиялысы адаспасын. Зиялы адасса, ел адасады». Өйткені, әрбір саналы азамат үшін, бәріміз үшін ең басты баламасы жоқ бағымыз да, барымыз да – Ел Тәуелсіздігін сақтай білу!

Бүгінгі әлем таныған Қазақстанның Тұңғыш Президенті болуды ең әділ таразы Тарих сан мың жылдық өлшеммен Нұрсұлтан Әбішұлының маңдайына жазыпты! Ендеше, Ең ауыр жүк – Ел сенімі! Оны нардың нары ғана тарта алады. Ендеше Нартұлғамыз Нұрсұлтан Әбішұлына тағы да ең ауыр жүк – Ел сенімі артылып отыр.

Баба тарихымызды таразыласақ, ар жағын айтпай-ақ бер жағынан алғанда Керей мен Жәнібек хандардың қазақ хандығының қазығын қағуы, Өз Тәукенің «Жеті жарғысы», Қасым ханның қасқа жолы, Абылайдың ақ жолын білеміз. Ендеше, елін әлемнің елеулі елулігіне қосып отырған Нұрсұлтанның Нұрлы жолына Алладан Ақ жол тілейміз!

Мен сөзімді Көк түріктер дәуіріндегі Күлтегін жырынан бастасам, енді Көк тулы дәуірдегі, осыдан 20 жыл бұрын жазылған бір өлеңімнің бір шумағымен аяқтайын:

**Жарауы да жерімнің ерікті алар,
Қалауы да елімнің келіп қалар!
Алауына темірдің төзген тұлға,
Жалауына елімнің берік болар!**



«Ақ жол» ҚДП ОК-нің идеологиялық жұмыс жөніндегі хатшысы СӘБИТ БАЙДАЛЫНЫҢ 2015 жылдың 12 наурызы күні партияның XII съезінде сөйлеген сөзі.

ҚҰРМЕТТІ СЪЕЗД ДЕЛЕГАТТАРЫ! ҚҰРМЕТТІ АЗАТ ТҮРЛЫБЕКҰЛЫ!

Күні кеше Елбасымыз ел бірлігін нығайту мен қоғамды ортақ мақсатқа жұмылдыру үшін қалың көпшіліктің тілегін қабыл алып, аса маңызды тарихи шешім қабылдады.

«Ақ жол» партиясы үшін президенттік сайлау өткізу Елбасымен жүргізіліп жатқан экономикалық саясаттың ұзақмерзімділігі мен орнықтылығына деген инвесторлар мен бизнес қоғамдастықтың сенімін арттыратын басты факторлардың бірі.

Егер естеріңізде болса, 1998 жылдың күзінде Оңтүстік-Шығыс Азия дағдарысы кезеңінде Парламент депутаттары, Елбасына мерзімінен бұрын президенттік сайлау өткізу туралы ұсыныс жасаған. Сонда да Елбасы – елдіктің басты тірегі болып, қиындықтарды еңсерудің сенімді кепілі болып, еліміздің экономикалық қарқынды дамуын сол жылдарда бастап берген. 2007-2008 жылдардағы қаржы дағдарысының кезінде әркім өзінің басын сауғалап кеткенде Нұрсұлтан Назарбаев инновациялық индустрияландыру бағдарламасына жол ашқан. Нәтижесінде Қазақстан халқы әрдайымда ұтысқа шығып отырды. Мұны біздің партияның төрағасы Азат Перуашев өзінің бір сөзінде Назарбаевтың феномені деп атағаны есімде қалыпты.


Енді міне Қазақстан тағы да заманның бірқатар сын-қатерлерімен бетпе-бет келіп тұр. Мұнайдың бағасы түсіп кетті. Ресейдің рублі құнын жоғалтты. Ондағы қарапайым халықтың тұрмысы елеулі түрде төмендеуде. Ауғанстандағы дағдарыс Орталық Азия елдеріне әсер ететіні сөзсіз. Украинаны қарулы қақтығыстар шарпыған, Таяу Шығысты тынышсыздық

жайлаған, тіпті кәрі құрылық Еуропа тұрақсыздықтың иінін тарылта алмай отыр. Әлемдік дінаралық, ұлтаралық төзімсіздік өршіп, жағдай ушыға бастады. Ішкі-сыртқы жағдайлардың бәрін парасаттылықпен бағалау және шындықтың бетіне тіке қарау қажеттілігі туындады. Дәл осы кезеңде, сыртқы факторлардың әсерінен қиындықтар фазасына аяқ басып жатсақ та, бюджетті миллиардтаған теңгеге оңтайландыру шараларын қабылдауға тура келсе де, Елбасы тағы да кезекті рет әлемде қалыптасқан күрделі экономикалық жағдай мен геосаяси үдерістердің алдынала отырып, ел алдына үлкен мақсаттар қойып отыр. «Нұрлы жол» бағдарламасы арқылы халқымыздың дағдарыс кезеңінен аман-есен өтуіне алғышарттар жасалуда. Президенттің пәрменімен Ұлттық қордан былтыр экономикаға 1 трлн. бөлінді, алдағы үш жылда да қомақты қаржылар бөлініп отырмақ. Ал енді осы қаржыларды игеріп, экономикаға бағыттауды тұрақты бақылауға алуға, Елбасына сүйеу болуға Парламентте озық тәжірибе жинақтап, үлкен саяси күшке айналған біздің партиямыздың да мүмкіндігі жеткілікті деп санаймын. «Ақ жол» Президент бастамаларын әрқашан қолдап келеді және қолдай береді.

Қалыптасқан жағдайда, Қазақстанға өте салмақты, ең алдымен, *ұлттық мүддеге бағдарланған саясат жүргізу аса қажет*. Оның негіздерін Елбасының өзі қалап берді. Қазақ халқы рухани құндылықтарын, тілін және мәдениетін қалпына келтіріп, дамытуға мүмкіндіктер алды. Бұған ел ішіндегі саяси тұрақтылық, ұлтаралық келісім оң ықпалын тигізуде. Еуропа мен Азияның тоғысқан жерінде орналасуымыздың, орнықты сыртқы саяси бағытты ұстануымыздың арқасында Қазақстан жаһандық дүниеде лайықты орнын алды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясында еліміз басшылыққа алатын жаңа саяси бағытын жариялады. Ежелгі ата-бабаларымыз – түркі жұрты қағандарының «Мәңгілік ел» манифесінде «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, қара терін төгіп, қызыл қанын ағызып»; XX ғасырдың басындағы Алаш арыстарының Алаш әнұранында «Енді Алашты ешкімнің Қорлығына бермейміз, Алаш туы астында Күн сөнгенше сөнбейміз!» деп қалдырған «Мәңгілік ел» идеясы тарихи сабақтастықта қарастырылып, көне мемлекеттілік дәстүрлер жалғастырылып, жаңғыртылып, елдің болашағына қызмет ететін ұлттық-мемлекеттік идеяның іргетасына айнала бастады. Елбасы шын мәнінде *Тәуелсіздіктің өмірлік философиясын* белгілеп берді. Ол – МӘҢГІЛІК ЕЛ.

Қазақтың қасиетті Ұлытауында Елбасымыз «Тарихын білмеген ұлттың болашағы бұлыңғыр» деп Ата тарихқа деген салиқалы ұстанымын айтса, оның артынша бастама көтеріп, елімізде 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы тойланатын болып, оған арналған іс-шаралар жоспары Үкіметтің тиісті қаулысымен бекітілді. Мұның өзі тарихшылар және басқа да ұлттық тарихты зерттеушілер алдына қазақ мемлекеттілігінің бастау көздеріне қайта оралуға, деректерді қайта саралауға шақырып отыр. Алаш ұғымының өзі сонау әлмисақтан, «Керегеміз – ағаш, ұранымыз - Алаш» деген елдік ұстаным болған кездегідей ұғынылып, қазақ этнонимінің синонимі ретінде ұлттық құндылық болып орныға бастады. Ұлттық тарихымыздың орны тек қана төр екенін негізгі ұстанымдарының бірі ретінде санайтын «Ақ жол» партиясы үшін Қазақ хандығының 550 жылдығы тойланып, ұлттық тарихымызды ұлықтап, ұлтты әлемге танытуда және қазақ елі азаматтарының патриоттық сезімдерін арттыруда үлкен рөл атқаратын 2015-ші жылы Президентімізді сайлап алудың өзінің үлкен саяси-философиялық, тарихи мәні бар. Біз ата-бабаларымыз аңсаған кемел жарқын болашаққа, алтын ғасырға аяқ басқан ұлтымыздың игілігі жолындағы іргелі істерде Елбасымен бірге болатынымызды мақтан тұтамыз. Мақтан етіп қана қоймай, Елбасының идеяларын іске асырылуын қамтамасыз етіп, тың серпін беруге бұрынғыдан да тас түйін болып бекінуіміз қажет.

Жаһандану дәуірінде елді басқару айрықша саяси дарын мен хас шеберлікті талап етеді. Біздің бағымызға қарай, шүкір, деп айтайық, халықаралық деңгейдегі ірі Тұлға, Ұлт көшбасшысы біздің елде бар. Ол - Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Өркениет дамуының көшіне еркін енген халқымыз алдағы саяси сәтте өзінің болашағын адаспай таңдайтынына ешқандай шүбә жоқ. Сіздерді, құрметті әріптестер, Тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін Елбасымызға елімен бірге кемел келешекке керуен тартуға сенім білдіруге, жаңа мандат беруге шақырамын!



Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ДАМУЫНА ӘРКІМ ӨЗ ҮЛЕСІН ҚОСУЫ КЕРЕК!

(Қазақ үні №14-15 (673), 14 сәуір, 2015)



2015 жылдың сәуір айының 11 жұлдызында Астана қаласындағы «Ақ жол» партиясының бас ғимаратында Қазақстан Президенті сайлауына байланысты «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті. Оған Парламент депутаттары, зиялы қауым мен БАҚ өкілдері қатысты.

Дөңгелек үстелді «Ақ жол» партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев кіріспе сөзбен ашты:

“Мәңгілік Ел идеясы, Елбасы өзінің Сайлауалды Бағдарламасында атап көрсеткеніндей, «жалпыазаматтық құндылықтар жүйесі қатарынан көрінуі тиіс». Ал Мәңгілік Елдің мәңгілік тілі болуы тиіс. Біздің атқарушы билік ұлттың жаны болып табылатын ана тілі мәселесін мемлекеттік құрылыстың ең алдыңғы кезектегі мақсаттарының бірі деп қарауы тиіс. Өйткені, Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде екені анық, деді. “Қазақстанның болашағы қазақ тілінде” атты жиынның баяндамасын «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары, ақын Қазыбек Иса жасады:

«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде»-деп мәлімдеген Елбасымыз, ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттік тілді Атазаңымызға сай өз төріне биіктету үшін үнемі қайрат көрсетіп келеді. Қазақстан халқына Жолдауында : «Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар — ана тіліміз мәңгілік елімізбен бірге мәңгілік тіл болды. Біздің тіліміз мемлекеттің барлық жүйесінде қолданылуы үшін, барлық жерде керек болуы үшін біз өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек, өзіміз соған атсалысуымыз керек»-деп қадап айтты.

Ал енді үкіметіміз осы үдеден шығу үшін түбегейлі бетбұрыс жасап, мемлекеттік тіл мемлекеттік деңгейде барлық жерде қолданылуы тиіс. Еліміздегі ең жоғары лауазым – Президенттен мемлекеттік тіл үшін сынақ алғандай, барлық мемлекеттік қызметкерлер мемлекеттік тілден емтихан тапсыратын кез жетті. Сонда ғана Елбасы Жолдауынада айтылғандай, 2025 жылы мемлекеттік тілді меңгерген қазақстандықтар 95 пайызға жетіп, қазақ тілі ұлтты біріктіруші басты фактор бола береді.

Иә, 25 жылдан бері осы мемлекеттік тілдің аясында қыруар жұмыстар жасалды, бірақ нәтижесі қандай?.. Өйткені, жоғары жақта отырған көптеген шенеуніктер мемлекеттік тілге немқұрайлы қарайды. Соның бірі таяуда ғана Парламент Мәжілісінде депутат Виктор Киянскийдің Тәуелсіз Қазақстанның тілінде қойған сұрағына Қазақстанның Қорғаныс министрінің орынбасары Талғат Мұхтаров Ресейдің мемлекеттік тілінде жауап берді. Өткенде Еңбек және денсаулық вице-министрі Дәулет Арғындықов та депутаттардың қазақша қойған бір де бір сұрағына жауап бере алмады.

Республикалық тәуелсіз «Қазақ үні» газеті ұлттық мүдде, мемлекеттік тіл мәселесін көтеруде алдыңғы қатарда екенін ел жақсы біледі. Мысалы qazaquni.kz ұлттық порталында ең көп оқылған тіл туралы мақалаларға біз ҚР Президенті Н.Назарбаевтың: “Он бес жылда аю да қазақша үйреніп алатын уақыт болды” деген сөзін айдар етіп алдық.

Мысалы, ниетін әрқашан іспен көрсететін “Ақ жол” партиясы Қазақстан тарихында тұңғыш рет шетелде қазақ тілінде сөйлеген партия. Былтыр күзде Қытай Коммунистік партиясының шақыруымен Бейжіңге ресми іссапармен барғанда Қытай Пар-

ламентінде вице-спикермен кездесуде «Ақ жол» партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев мемлекеттік тілде сөйлеп, қытайлық әріптестерін әбден састырды... Ал 2012 жылы ақжолдықтар жасаған Мемлекеттік тіл туралы заң жобасын Үкіметіміз өткізбей тастады. Бұл туралы кезінде баспасөзде сын мақала жазылды да. Ал мемлекеттік тілді қолдау туралы қоғамда резонанс тудырған әйгілі 138-дің хатына Азат Перуашевтан бастап, “Ақ жолдың” 23 Орталық Кеңес мүшесі қол қойып, осы Үндеуді қолдаған мәлімдеме жасаған жалғыз партиямыз.

Қорыта айтқанда, Мемлекеттік тіл мемлекеттік деңгейде барлық жерде қолданылуы тиіс! Сондықтан да, 26 сәуірде Қазақстан Президенті сайлауында ақжолдықтар руханиятқа қамқор рухы биік тұлға, әлемдік деңгейдегі саңлақ саясаткер Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевқа үлкен үміт артып отыр”-деп мәлімдеді.

Жарыссөзде «Ақ жол» ҚДП Орталық кеңесінің хатшысы Сәбит Байдалы «Мемлекет қазақ тілін дамыту жөнінде белгілі бір деңгейде күш-жігер жұмсап келеді, соның нәтижесінде ана тіліміз бірте-бірте мемлекеттің басты ұйыстырушы негізіне айналып келе жатқанын жоққа шығаруға болмайды. Тәуелсіздігімізді алғанымызға ширек ғасырға жуықтаған кезде қоғам мемлекеттік тілдің шынайы, нақты мәртебесін одан әрі көтеру жөнінде жаңа міндеттер қоюға толық құқылы. Біз ата-бабаларымыз аңсаған кемел жарқын болашаққа, алтын ғасырға аяқ басқан ұлтымыздың игілігі жолындағы іргелі істерге Елбасымен бірге барамыз”-деді.

Академик, қоғам қайраткері Ғарифолла Есім «Ақ жол» партиясы Алашордалықтардың ізбасары ретінде, үнемі ұлттың игі істеріне үлесін қосып жүретіндігін сөзге тиек етті. Қазақстан халқы Ассамблеясымен бірге “Бір ел, бір мүдде, бір мектеп” бағдарламасын ұйымдастырған жөн. Өйткені, өсіп келе жатқан бала ана тілінде сусындап өспесе, ертең ол ұлтқа жаны ашымайды. Басқа біреудің мүддесін қорғап тұруы ғажап емес. Сондықтан «Ақ жол» партиясы бастама көтеруі тиіс деді.

Астана қаласы әкімдігі Тіл басқармасы басшысы Ербол Тілешов мектептердің жайын сөз етті. Парламент депутаты, ақжолдық Алмас Тұртасв мемлекеттік тілдің маңыздылығын көтерді. Запастағы полковник Сланкожа Қаракыстық: «Ақ жол» партиясының атына заты сай, және оны басқарып отырған Азаттың атының өзі ешкімге бағынбасын, еркін азат өмір сүрсін деп қойған шығар” деп

бір лебізін білдіріп өтіп, “мемлекеттік тілді балабақшадан бастап, барлық балабақшалар мемлекеттік тілде болуы керек”-деді. Ақын Серік Тұрғынбекұлы мемлекеттік тілдің жағдайын жеріне жеткізіп тұрып айтты. Ол “Ақ жол” партиясының Алаш ісін жақсы қолға алып келе жатқанын баяндады. “Ақ жол” партиясы тек қалталы байлардың ғана емес, рухани байлардың да партиясы болу жолында еңбек ете беруі тиіс. Ал “Қазақ үні” газетін “Қазақ мұны” деп атасақ тура болады. Өйткені, ел ықыласына бөленген бұл газетті оқыған сайын қазақтың мұнын тындап, рухани серпін аласың” -деді.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті Омар Жәлел қазақ тілінің мүшкіл тағдырын Абай Құнанбайұлының сөздерімен ұштастырып отырып ойын жеткізді. «Төртінші билік» газетінің бас редакторы Төлемырза Темірбекұлы да жанайқайын ортаға салды. «Еуразия» телеарнасының «Ашығын айтқанда» бағдарламасының продюсері, белгілі мәдениеттанушы Серік Ерғали үш ұсынысын айтты: 1.«Ақ жол» партиясы басшы болып әртүрлі бағытта ағартушылық жиындар ұйымдастыру. 2. Әртүрлі жобаларды талқылау, мемлекеттік тіл орталықтарының ісіне мониторинг жүргізу, үйірмелер ұйымдастыру керек. 3. Ішкі запыранынды айтатын бізде аудитория қажет, сол аудиторияда мемлекеттік тілдің аясын кеңейтетін жұмыстарды ұйымдастыру қажет. Журналист Жұмамұрат Шәмші мемлекеттік тілді үйрену мен үйретуді әркім өзінен бастап үлесін қосу керектігін нақты мысалмен келтірді.

Парламент депутаты, тіл жанашыры Оразгүл Асанғазы тығырықтан қалай шығу керек екенін, мемлекеттік тіл мәселесін көтеруден жалықпай, қайта-қайта айта беруімізге үгіттеді.

Ғалым, тарих ғылымының докторы, профессор Зиябек Қабылдинов ЖОО-дағы оқулықтың жетіспеуі мен Астанада педагогикалық институттың жоқтығын көтерді. Алаштанушы Сұлтан Хан Аққұлұлы мемлекеттік тілде сөйлеуді алдымен биліктің өзі бастау керек екенін жеткізді. Жазушы Өтең Ахмет біртекті ұлт ұйыстыру мәселесін, кәсіпкер Сансызбай Өнерхан тіл мен мәдениетті біртұтас қарап, Наурыз мерекесінің беделін көтеруді, ақжолдық ардагер Тұрсынбай Ахметов мемлекеттік тілді

насихаттау мәселесін, Сенбек Сансызбай мемлекеттік тіл мерейі-насыруда, ұлттық мүдделерді қорғауда Ақжолдықтардың еңбегін, Ақтілек Байбазаров жастар мен жарнама жайын сөз етті.



Сонымен, “Ақ жол” партиясы ұйымдастырған, нағыз қайнаған пікірталас қазанына айналған, барлығы өз ойын ашық айтқан алқалы жиын қорытындысында Мемлекеттік тілдің мемлекеттік деңгейде барлық жерде қолданылуы тиіс деген ұйғарым жасалды.

Жұмамұрат Шәмші
тарих ғылымдарының кандидаты

«Ақ жол» ҚДП төрағасы
Азат Перуашевтың «Қазақстанның
болашағы – қазақ тілінде»
тақырыбындағы дөңгелек үстелді
ашардағы сөзі.



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ЕҢ АЛДЫҢҒЫ КЕЗЕКТЕГІ МАҚСАТТАРЫНЫҢ БІРІ

(Қазақ үні №14-15 (673), 14 сәуір, 2015)

Құрметті зиялы қауым! Қадірлі тіл жанашырлары!

Біз Сіздермен ел өміріндегі аса маңызды кезеңде кездесіп отырмыз. Енді екі аптадан кейін - Қазақстан Республикасының Президентін сайлау. Бұл мәселе бойынша біз өз ұстанымымызды «Ақ жол» партиясының 12-наурызда өткен съезінде білдіргенбіз. Бүгінгі таңда Қазақстанда, оның сыртында, ұлтты ұйыстыра алатын, экономикаға прогресивті міндеттер қоя білетін және мемлекеттік органдар жұмысына ырғақ беретін Нұрсұлтан Назарбаевқа теңесетін, саяси және мемлекеттік тұлға жоқ.

Егер бұл жағдайға «Ақ жол» партиясы сүйенген құндылықтар және басымдықтармен келетін болсақ, онда, Нұрсұлтан Назарбаев кәсіпкерлерді қолдау және өнімді экономиканың құрылуы үшін, мемлекеттілікті нығайту және ұлттық мүдделерді алға жылжыту үшін, кімнен болса да көп жұмыс істеді және сол істерді жалғастырып жатқанын атап өту керек деп санаймын. Сондықтан да «Ақ жол» бұл сайлауда іс басындағы Президентті қолдау керек деп шешті. Бұл біздің «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» бағдарламасының, «Қазақстан-2050» Стратегиясының жүзеге асырылуын қамтамасыз ете отырып, бұдан да қуатты бола түсуімізге мүмкіндік береді.

Мәңгілік Ел идеясы, Елбасы өзінің Сайлауалды Бағдарламасында атап көрсеткеніндей, «жалпыазаматтық құндылықтар жүйесі

қатарынан көрінуі тиіс». Ал Мәңгілік Елдің мәңгілік тілі болуы тиіс. «Ақ жол» партиясы Н.Назарбаев айтқан қоғамды топтастырудың, оның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың кепілі ретінде - мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін дамытуға артықшылық беру ұстанымын қолдайды.

Мен бұл жерде бізді алаңдататын бір ғана жәйт бар екенін ашық айтамын. Елбасының бұл парасатты көзқарасын сыңаржақ түсініп, біздің атқарушы билік өкілдері мемлекеттік тілді игеру және оны дамытуды өнебойы **«кейінге қалдырып отыратын», «екінші дәрежелі»** міндет деп санамауы керек. Керісінше ұлттың жаны болып табылатын ана тілі мәселесін **мемлекеттік құрылыстың ең алдыңғы кезектегі мақсаттарының бірі** деп қарауы тиіс. Біздің пікірімізше, мемлекеттік тіл еліміздің мемлекеттік **Әнұраны** немесе **Қазақстанның Жалауы сияқты ажырамас төлсипатына айналуды қажет.**

Өз басым қоғам және мемлекеттік органдар өздерінің іс-әрекеттерін тиімділікпен үйлестірген жағдайда мемлекеттік тілдің толыққанды дамуы және оны еліміздің барлық азаматтарының меңгеруі мәселелері елді **біріктіруші фактор** болып, қызмет ететініне сенемін. Өйткені, Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде екені анық.

«Ақ жол» партиясы Парламент мәжілісіне мемлекеттік тіл туралы заң жобасын ұсынып, Үкіметке тұтастай ел бойынша мемлекеттік тілде жаппай диктант жазу туралы депутаттық сауал жолдап, тағы да басқа атқарған істеріміз баршылық. Әрине, тілге қатысты не істесек те, біз туған тіліміздің алдындағы қарызымыз бен парызымыздың таусылуы мүмкін емес. Сондықтан да мен бүгін көтеріліп отырған мәселе бойынша «Ақ жол» партиясының атқарып жатқан азды-көпті істерінен есеп беруді қажет деп таппадым. Қайта осы жасампаздық жолда алдағы уақытта не істеуіміз керектігін ақылдасып алайық деп шештік. Сондықтан да, дөңгелек үстелге ұлттық мәселелерде өзіндік пікірлері бар, ұлт руханияты саласында елеулі істер атқарып келе жатқан зиялы қауым өкілдерін шақырдық.

Біз үшін Сіздердің ой-пікірлеріңіз, ұсыныс-тілектеріңіз қымбат. Қазақ тілін мәңгілік студің жолдары туралы пікірлеріңізді ортаға салып, түйінді ойларыңызды, ұсыныс-тілектеріңізді жұртшылыққа жариялау үшін бүгінгі дөңгелек үстелді ұйымдастырып отырмыз. Дөңгелек үстел отырысын ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер!

2015 жылдың 11-інші сәуірі.

qazaquni.kz


«Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары Қазыбек ИСАНЫҢ 2015 жылдың сәуір айының 11 жұлдызында Астана қаласындағы «Ақ жол» партиясының бас ғимаратында Қазақстан Президенті сайлауына байланысты «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» тақырыбында өткен жиында жасалған баяндамасы



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МЕМЛЕКЕТТІК ДЕҢГЕЙДЕ БАРЛЫҚ ЖЕРДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ ТИІС!

(Қазақ үні №14-15 (673), 14 сәуір, 2015)

Мемлекеттік тіл мемлекеттің жері, туы, елтанбасы және әнұраны секілді қасиет тұтып қастерлер рәміздерінің бірі. Атазаңымызда айқын көрініс тапқан соң, оның өмірде де сол Конституциямызға сай өз биігінде болуы бұлжымас заңдылық! Ал Конституцияның сақта-



луының кепілі болып табылатын Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттік тілді Атазаңымызға сай өз төріне биіктету үшін зор қайрат көрсетіп келеді. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың өзінің бастамашылығымен құрылған “Мемлекеттік тілді дамыту қоры” да нақты нәтижелі істерімен белгілі. Таяуда ғана Елбасымыз Қытай елі марапаттаған “Жібек жолы” сыйлығының қомақты қаржысын осы Мемлекеттік тілді дамыту қорына сыйлады. «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» - деп мәлімдеген Елбасымыз Қазақстан халқына Жолдауында : «Қазақ тілі мәселесіне ке-

лер болсақ, бүгінде біздің тіліміз ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Қазақ тілінде білім алатындардың саны жыл өткен сайын көбейіп келеді. Еліміз бойынша мемлекеттік тілді оқытатын 57 орталық жұмыс істейді. Одан мыңдаған азаматтар қазақ тілін үйреніп шықты және әлі де үйренуде. Былтырға қарағанда биыл қазақ тілін білемін деген өзге ұлт өкілдерінің саны 10%-ға өсті. Бұл да бізге біраз жайттан хабар берді. Тек соңғы үш жылда мемлекеттік тілді дамытуға республика бойынша 10 млрд теңге жұмсалды.

Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар — ана тіліміз мәңгілік елімізбен бірге мәңгілік тіл болды. Бұл мәселені даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы деп білгеніміз жөн. Біздің тіліміз мемлекеттің барлық жүйесінде қолданылуы үшін, барлық жерде керек болуы үшін біз өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек, өзіміз соған атсалысуымыз керек, - деп қадап айтты.

Ал енді үкіметіміз осы үдеден шығып отыр ма? Түптің түбінде түбегейлі бетбұрыс жасалып, мемлекеттік тіл мемлекеттік деңгейде барлық жерде қолданылатыны анық. Еліміздегі ең жоғары лауазым – Президенттен мемлекеттік тіл үшін сынақ алғандай, барлық мемлекеттік қызметкерлер мемлекеттік тілден емтихан тапсыратын кез жетті. Сонда ғана Елбасы Жолдауынада айтылғандай, 2025 жылы мемлекеттік тілді меңгерген қазақстандықтар 95 пайызға жетіп, қазақ тілі ұлтты біріктіруші басты фактор бола береді.

Иә, 25 жылдан бері осы мемлекеттік тілдің аясында қыруар жұмыстар жасалды, бірақ нәтижесі қандай?.. Біздің биліктің биік бұтағында отырған лауазым иелері қазақ тілінде қалай сөйлеп



жүр? Бұлай сұрақ қоюымыздың себебі, жоғары жақта отырған көптеген шенеуніктер мемлекеттік тілге немқұрайлы қарайды. Соның бірі таяуда ғана Парламент Мәжілісінде депутат Виктор Киянскийдің Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік тілінде қойған сұрағына Қазақстанның Қорғаныс министрінің орынбасары Талғат Мұхтаров Ресейдің мемлекеттік тілінде жауап берді. Өткенде Еңбек және денсаулық вице-министрі Дәулет Арғындықов та депутаттардың қазақша қойған бір де бір сұрағына жауап бере алмады. Өзі көші-қон мәселесіне жетекшілік етеді екен, ал миллионнан астам оралман қандастарымыз Ресей тілін білмейді ғой...

Республикалық тәуелсіз «Қазақ үні» газеті ұлттық мүдде, мемлекеттік тіл мәселесін көтеруде ең алдыңғы қатарда екенін ел жақсы біледі. Мысалы газетіміз бен qazaquni.kz ұлттық порталында да ең көп оқылатын мемлекеттік тіл туралы мақалаларға біз ҚР Президенті Н.Назарбаевтың: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», “Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін”, “Он бес жылда аю да қазақша үйреніп алатын уақыт болды” деген ұлағаты да, қанатты сөздерін айдар етіп келеміз.

Ашып айтарымыз, қазақ тіліне қарсы шығушылар, өзге ұлт өкілдері емес, өз өгейлеріміз. Біз бұл туралы талай айтып та, жазып та келеміз. Тағы да қайталаймыз. Мысалы, әкімдіктегі, министрліктегі, парламенттегі, ұлттық компаниядағы, т.б. мемлекеттік мекемедегі өзге ұлт өкілдерін айтпағанда, өз ана тілі мен мемлекеттік тілді білмейтін мемлекеттік қызметкерлер (парадокс емес пе) тіл басқармасы қызметкерлері қазақ тілінде қағаз апарса, түсінбейді де, „Орыс тіліне аударып әкел” дейді. Оған „Бұл мемлекеттік тіл” ғой десең, „Бізде бәрі екі тілде ғой” деп, заңымыздағы осал тұсты алдыға тарта қояды. „Онда өзің аударып ал!”-десең, „Мен мемлекеттік тілді білмеймін?”- деп, сауатсыздығына ұялмай, қайта мақтанғандай түр көрсетеді... Оған табанының бүрі бар санаулы қызметкер ғана: „Сенің өз ана тіліңді, қазақ тілін білмеуге, өкінішке орай, құқың болса, менің де шетел тілін, Ресейдің тілін білмеуге құқым бар. Ал менің мемлекеттік тілді білгенім үшін ғана маған неге артық азап, артық жұмыс – тегін аудармашылық жұмыс жүктелуі керек? Керек болса, ақша төлеп, өзің аудартып ал” деп айта алады... Ал 99 пайызы бір күрсініп алып, негізгі жұмысын жиып қойып, жыл бойы „аудармашылықпен” айналысады...

Көрнекті орыс жазушысы К.Паустовский : «Ана тілін білмеу- ұлтқа жасалған опасыздық» деп жазды сол кездің өзінде... Біздің орысшыл қазақтарымыз неге осы орыс данышпанының сөзін ескермейді?..

Мемлекеттік тіл деген сөз – ол тілдің өзге тілдерден артықшылығы, яғни қазақшаланасық, үстемдігі деген сөз. Бұл барлық дамыған мемлекеттер үшін әркім әліппедей білуге тиісті артықшылық! Бұны біз күніге жүз рет, мың рет қайталай беруге тиісіз!

Алаш көсемі Ахмет Байтұрсынұлы “Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі” -дейді. Ал “Өз ана тілінде тәрбиеленбеген бала өз халқына қызмет ете алмайтыны” (Жүсіпбек Аймауытұлы) анық жәйт. Ал мемлекеттік қызметкерлердің 95 пайызы мемлекеттік тілде ең болмаса, демалыс сұрап, арыз жазуға сауаттары жетпейтінін кезінде Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мәлімдеген болатын...

Расын айту керек, Президентіміз ана жылы Германияға барғанда қазақша сөйлегенін көріп... Еуропа төрінде мемлекеттік тіліміз естілді-аудеп, қатты разы болдық. Иә, одан соң Астанадағы Азиаданың ғажайып ашылу салтанаты таза қазақ тілінде өтті. Тек ағылшын тілінде жүгіртпе жолдар жүріп отырды. 2011 жылы өткен Ислам конференциясына төрағалық еткен Президентіміз Н.Назарбаев тек қазақ тілінде сөйледі. Ұлттың еңсесі көтеріліп қалды. Бұл енді мемлекеттік тілді білмейтін, білетін барлық басшыларға үлгі болуы тиіс...

Президенттен бастап, Үкімет, Парламент төрағаларынан бастап, министрлер, әкімдерден, барлық басшылардан бастап, тек мемлекеттік тілде сөйлесе, біріншіден, миллиардтар жұмсалса да, мандымай жатқан (себебі қажеттілік жоқ) мемлекеттік тіл дамиды. Екіншіден, мемлекеттік тілді білетін қаншама қазақ пен қазақстандыққа жұмыс табылады.

Малайзия 1963 жылы тәуелсіздік алғанда Малай ұлты 40 пайызға да жетпейтін еді. Бірақ соған қарамастан Малай халқы енді малай емес, қожайын ұлт екендіктерін сөзбен ғана емес, нақты іспен дәлелдеп, мемлекеттік тіл, яғни қожайын тіл – Малай тілі деп жариялады. Сонымен қатар, қаншама жыл отарда болғандықтан, малай ұлтына басымдық берілді. Бұндай тарихи заңдылыққа 60

пайыздан астам болса да, өзге ұлт өкілдері парасатты түсіністікпен қарады. Малай ұлты 45 жылдан кейін, 2008 жылы ғана 50 пайызға жетті. Ал біз Тәуелсіздік алғанымызға қазір 25 жыл болса да, қазақ халқы 70 пайызға жуықтады...

Мемлекеттік тілді қолдауға қарсы шығатындар өзгелер емес, өзіміз деп жоғарыда айттық. Ал сын сағаттарда парасатты кәріс қызы Клара Хан, Украин Мәдениет орталығының төрағасы Валентин Лымаренко және Николай Щербинин, Алла Платонова секілді орыс ұлтының озық ойлы өкілдері мемлекеттік тілді қолдап шықты. «Қазақ тіліне қарсылық -қазақ халқына қарсылық» деді Клара Хан ханым. «Қазақстанда қазақ тілі үстем болуы тиіс!» Кезкелген мемлекет мемлекеттік тілсіз өмір сүре алмайды. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің өмірі, мемлекеттің бейнесі. Бізде ол –Қазақ тілі. Бұл – Қазақстан Республикасы! Сондықтан мемлекеттік тілді бәрі білуі керек!» деп мәлімдеді Валентин Лымаренко. «20 жыл тіл үйренуге аз уақыт емес, орыстар ренжімеуі керек! Мемлекеттік тілді білмегендер, елді қалай басқарады?» деді орыс Николай Щербинин. Ал орыс қызы Алла Платонова 2011 жылы Көкшетауда өткен Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының V құрылтайында: «Қай мемлекетте тұрып өмір сүрсең, сол мемлекеттің тілін білуге, құрметтеуге міндеттісің! Қазақша сөйлемей, үйренуге құлшынбау мемлекеттік тілді, яғни мемлекетті сыйламау. Қазақтың нанын жеп, ауасын жұтып, бірақ тілін менсінбеушілер елдеріне кетсін!» деді. Бұны орыстың ойлы қызы Алла Платонова айтты...

Ал өскемендік белгілі ақын, «Золотое перо России» халықаралық әдеби сыйлығының иегері, Ресей Жазушылар одағының мүшесі Борис Петрович Аникин (суретте) : «Я член союза писателей России. Автор нескольких поэтических сборников. Я упорно изучаю казахский язык. Считаю, что каждый человек, который проживает в Казахстане, должен знать государственный язык, чтить культуру и обычаи этой великой нации. Сам Лев Толстой и Достоевский, приклонялись перед тюрками. Анна Ахматова потомок последнего хана Золотой Орды Ахмата. Казахи великий и воинственный народ. Призываю всех изучать казахский язык!!!» -деп жазады. <http://www.qazaquni.kz/?p=27285>

Яғни, өзге ұлт өкілдерінің барлығы Мемлекеттік тілді қолдау – ел бірлігін қолдау екенін түсініп, ынтымақтастық көрсетіп отыр.

Елбасымыз айтқандай, ынтымақ пен тату бірлік жолында мемлекет құраушы ұлт ретінде жоғары жауапкершілікті арқалаған қазақтарға өзге этнос өкілдері алғыс айтып, мемлекеттік тілді үйренуге міндетті екенін сезінуі тиіс. 25 жыл мемлекеттік тілді білуге мәжбүрлемеген Президентке рахмет айта отырып, енді елдің бәрін мемлекеттік тілде сөйлеуге міндеттейтін заң қабылдауға олардың өздері мүдделі болуы тиіс.

Ал нақты істің партиясы – “Ақ жол” мемлекеттік тіл мәселесінде бар мүмкіндігінше өз үлесін қосып келеді. Қазақстан тарихында тұңғыш рет шетелде қазақ тілінде сөйлеген саяси партия – “Ақ жол”. Былтыр күзде Қытай Коммунистік партиясының шақыруымен Бейжіңге ресми іссапармен барғанда Қытай Парламентінде вице-спикермен кездесуде «Ақ жол» партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев мемлекеттік тілде сөйлеп, қытайлық әріптестерін әбден састырды... Ал 2012 жылы ақжолдықтар жасаған Мемлекеттік тіл туралы заң жобасын Үкіметіміз өткізбей тастады. Бұл туралы кезінде баспасөзде сын мақала жазылды да. Ал мемлекеттік тілді қолдау туралы қоғамда резонанс тудырған әйгілі 138-дің хатына Азат Перуашевтан бастап, “Ақ жолдың” Орталық Кеңесінің 23 мүшесі қол қойып, осы Үндеуді қолдаған Мәлімдеме жасаған жалғыз партиямыз. Біздің партияның саяси бағдарламасында Қазақстан азаматтығын алу үшін мемлекеттік тіл мен Қазақстан Конституциясы және ел тарихынан сынақ тапсыру ұсынылған. Сонымен бірге «Ақ жол» партиясы Үкіметке бүкіл еліміз бойынша мемлекеттік тілде жаппай диктант жазу туралы депутаттық сауал жолдап, бұл ұсынысты биыл Үкімет қолға алайын деп отырғанын айтуымыз керек. Ал ұлттық мүдде мен мемлекеттік тіл мәселесі, Алаш арыстары туралы талай рет депутаттық сауалдар жасап келеді.

Қорыта айтқанда, Мемлекеттік тіл мемлекеттік деңгейде барлық жерде қолданылуы тиіс! Мемлекеттік тіліміз мемлекеттік мәртебесіне сай болуы үшін әрқайсымыз нақты іс жүзінде өз үлесімізді қоса берейік!

Сондықтан да, 26 сәуірде Қазақстан Президенті сайлауында ақжолдықтар руханиятқа қамқор рухы биік тұлға, әлемдік

деңгейдегі саңлақ саясаткер Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевқа үлкен үміт артып отыр.

Ең басты баламасыз бағымыз ел Тәуелсіздігі болса, Көк түріктер қағанатынан қанат қағып, әйгілі Алтын Орда мен биыл 550 жылдығы мерекеленгелі отырған Қазақ хандығына қазық болған Мәңгілік ел идеясын мұрат еткен Елбасымыз ел сенімін биікке көтеріп, Алаш аманатын арқалай береді деп сенеміз!

2015 жылдың 11-інші сәуірі

qazaquni.kz



«Ақ жол» ҚДП Орталық кеңесінің
идеологиялық жұмыс жөніндегі
хатшысы Сәбит Байдалының
«Қазақстанның болашағы – қазақ
тілінде» тақырыбына өткен дөңгелек
үстелдегі сөзі.

ЕЛДІКТІҢ БАСТЫ ТІРЕГІ-ТІЛ

(Қазақ үні №14-15 (673), 14 сәуір, 2015)

Құрметті зиялы қауым!

Халық сенімінің аса жоғары рейтингін еншілеген Елбасымыз, ҚР Президенттігіне кандидат Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің Сайлауалды Бағдарламасында алдағы жылдардағы басты міндетімізді анықтап берді. Ол – «Нұрлы жол» Жаңа Экономикалық Саясатының барлық міндеттерін шешу және «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсатына қол жеткізу үшін **БЕС ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ РЕФОРМАНЫ** іске қосып, оны кезең-кезеңмен жүзеге асыру.

Осы реформалардың бес бағытының бірі - **Болашағы біртұтас ұлт** деп аталады. Сонда менің ерекше назар аударғаным мына жолдар болды: «Біздің басты мақсатымыз – қазақстандықтардың жаңа жалпыұлттық мұраттар мен құндылықтарды – құқықтың үстемдігін, жеке меншікті қорғауды, мемлекеттік дәстүрлерді, қазақстандық құндылықтар мен тәуелсіздік жылдарындағы табыстарды өздерінің этностық мінез-құлық модельдерінен жоғары қоюына қол жеткізу». Қысқаша айтқанда, жалпыұлттық құндылықтар этностық мінез-құлық модельдерінен жоғары тұруы керек. Ендеше, мемлекет құраушы ұлт ретінде қазақтар Қазақ елінің біртектілігін қалыптастыру үшін қолдан келгеннің бәрін жасауы қажет. Ал ол біртектілік Елбасы белгілеп берген *Тәуелсіздіктің өмірлік философиясы* – **МӘҢГІЛІК ЕЛ** идеясының іске асырылуына қызмет етуі тиіс. Ал елдіктің басты тірегі –Тіл екенін бұл аудиторияға дәлелдеудің өзі артық.

Мемлекет қазақ тілін дамыту жөнінде белгілі-бір деңгейде күш-жігер жұмсап келеді, соның нәтижесінде ана тіліміз бірте-бірте мемлекеттің басты ұйыстырушы негізіне айналып келе жатқанын жоққа шығаруға болмайды. Жетістіктерді көрмеу көрсоқырлық, ал кемшіліктерді көре тұра айтпау жаны ашымастық. Тәуелсіздігімізді алғанымызға ширек ғасырға жуықтаған кезде **қоғам мемлекеттік тілдің шынайы, нақты мәртебесін одан әрі көтеру жөнінде жаңа міндеттер қоюға толық құқылы.** Бұл уақыт ішінде біздің тәуелсіз мемлекетімізде тұтас бір ұрпақ туып, өсіп жетілді. Олар үшін біздің партиямыздың төрағасы Азат Перуашев айтқандай, **мемлекеттік тіл мемлекеттік Әнұран немесе Қазақстанның Туы сияқты еліміздің ажырамас төлсіпатына айналуы керек еді.** Өйткені, Тіл- жеке бір топтың немесе белгілі бір саланың еншісіне ғана тиесілі емес. Тіл тағдыры – ел тағдыры. Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдыретті. Мәселен, халқының саны бізден аз Бельгия мемлекеті (10 жарым млн-ға жуық) өз тілінен өзге тілге қадам баспайды. Бельгиялықтар ағылшын, басқа тілдерді мүлдем білмегендіктен осылай істеп отыр деп айта алмаймыз. Олар ұлт дәрежесі көбіне-көп мемлекеттік тілімен бағаланатынын естен шығармайтын болуы керек. Оның үстіне мұны мен ең озық үлгі деп отырғаным жоқ. Менің айтпағым: **туған тіліміз тума тілдің жетегінде өне бойы жүруі тиіс емес.**

Кейбір полиэтностық мемлекеттер үшін түйткілге айналған проблеманың Қазақстанда орыс тілді азаматтар үшін барлық мүмкіндіктерді сақтау арқылы шиеленіспей шешіліп отырғанын құптаймыз. Дегенмен, «Ақ жол» партиясы мүшелерінің басым көпшілігі қазақ тілін пайдалану көлемін бұрын болмаған жоғары деңгейге көтеру қажет деп есептейді. Орыс тілі еліміздің басым көпшілігінің ойлау, сөйлеу құралына айналып алғаны жасырын емес. Оның үстіне, құлдық саналы шенеуніктердің тілге тосқауыл болып отырғаны тағы бар. Мемлекеттік тіл мәдениет мәселесі аясынан да асып кеткенін назарға алу керек, бүгінде ол - ұлттық қауіпсіздік мәселелерінің қатарына еніп отыр. Мемлекеттік тілдің қоғамдағы барлық салада үстем және биік болуы, оның тағдыры мен болашағы, кеудесіндегі жүрегі қазақ деп сокқан әрбір азаматты алаңдатары айдан анық. Осындайда, Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың “Қазақ тілінің мемлекеттік қызметте де, өндірісте

де, ғылымда да, білім беруде де дәл орыс тілінше қолданылуы үшін қолдан келгеннің бәрін істеу қажет” – деген сөздері еске түседі.

Шын мәнінде, Президент айтқан осы бағытта алға жылжушылық болмаса мемлекеттік тіл өз елінде азаматтардың азшылығының тілі болып ұзақ мерзімге сақталып, ғылыми-техникалық прогрестің қарқынынан қалыңқы болуы тек үдей түседі. Қазақ тілін игеру үдерісінің баяулығының басты себептерінің бірі оның экономикада, бизнесте, заманауи менеджменттегі керексіздігі болып отыр. Нақты ғылым, техника, информатика салаларында мемлекеттік тілде терең білім алудың мүмкіндігіне көпшілік күмәнмен қарайды.

Қазақ тілін және қазақ тіліндегі пәндерді оқытудың деңгейі барлық жерде бірдей жұрттың көңілін көншітпейді. Өткен ғасырдың басында, 1913 жылы «Қазақ» газетіндегі «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында Ахмет Байтұрсынұлы: *«Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі»* - деп жазса, ал Халел Досмұхамедов: *«Шын азаттықты білім береді»* деп санады. Қазақ қоғамын бірте-бірте өзгертіп, заманға бейімдеуді мақсат еткен «Алаштың» асыл мұраттары біздің қазіргі жедел жаңғыру, модернизация бағытымызбен үндес келеді. Үдемелі индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының басты формуласы: білім – ғылым - өндіріс болуы тиіс.

Бұл Елбасымыздың ХХІ ғасырдағы дамуымызды прогресс қуатымен толтыратын Мәңгілік Ел идеясына сәйкес келеді. Оның құндылықтарын мемлекеттің конституциялық акт тақылеттес аса маңызды құжаты ретінде мектептерде оқыту бағдарламасына енгізу қажет деген Президент жасаған тұжырымдамалық ойды барынша қуаттап, құптаймыз. Біздің туған тіліміздің көсегесі мәңгі жасайтын елде ғана көгереді.

Ұлттық тарихымыздың орны тек қана төр екенін негізгі ұстанымдарының бірі ретінде санайтын «Ақ жол» партиясы үшін Қазақ хандығының 550 жылдығы тойланып, ұлттық тарихымызды ұлықтап, ұлтты әлемге танытуда және қазақ елі азаматтарының патриоттық сезімдерін арттыруда үлкен рөл

атқаратын 2015-ші жылы Президентімізді сайлап алудың өзінің үлкен саяси-философиялық, тарихи мәні бар. Біз ата-бабаларымыз аңсаған кемел жарқын болашаққа, алтын ғасырға аяқ басқан ұлтымыздың игілігі жолындағы іргелі істерде Елбасымен біргеміз.

Сіздерді, қадірменді жиналған қауым, Тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін Елбасымызға елімен бірге кемел келешекке керуен тартуға сенім білдіруге, жаңа мандағ беруге шақыра отырып, ұлтты танудың да басты шарты – туған тіліміздің әлеуеті артып, керегесі кеңейіп, мемлекетіміздің де, мемлекеттік тіліміздің де мерейі үстем бола берсін деген тілекпен сөзімді аяқтағым келеді.

Ынта қойып тыңдағандарыңызға рахмет!

2015 жылдың 11-інші сәуірі.
qazaquni.kz

«XXI ҒАСЫРДАҒЫ АЛАШТЫҢ АҚ ЖОЛЫ» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫ

А.Т.ПЕРУАШЕВТІҢ

2014 жылдың

13 желтоқсанындағы Қазақстанның

«Ақ жол» демократиялық

партиясының «XXI ғасырдағы

Алаштың Ақ жолы» атты

Жалпыұлттық байқауының

қорытындысын шығаруға

арналған ғылыми-практикалық

конференциясының ашылуындағы

кіріспе сөзі



Құрметті әріптестер және конференцияға қатысушы қауым!

Бүгін, біз сіздермен Қазақ елі тарихындағы айрықша күнде кездесіп отырмыз. Бүгін - Алашорданың құрылғанына тура 97 жыл толған күн, яғни, Алашорда үкіметінің туған күні. Оның үстіне бүгінгі іс-шарамыз - Қазақстан Тәуелсіздігінің 23 жылдығының қарсаңында өткелі отыр. Мен, Сіздерді, ең алдымен, осы бүгінгі Алашорда күнімен және алда аталып өтетін ұлы мейрамымыз - Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтағым келеді. Барлығыңызға және әрқайсыңызға зор денсаулық, амандық, отбасыларыңызға шаттық, береке-бақыт тілеймін.

Егер, естеріңізде болса, «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» Жалпыұлттық байқауының қорытындысын шығаруға арналған ғылыми-практикалық конференция былтыр да желтоқсанның 13-інде өткен. Алаш туралы Байқаудың финалын Алашорда күнінде өткізудің үлкен мәні бар.

Оның үстіне биылдан бастап, жыл сайын «Ақ жол» партиясы Орынбордағы 1917 жылғы II-ші Жалпықазақ съезінің өткен күндері: 5-13 желтоқсанның аралығында «Алаш апталығын» өткізіп тұруды дәстүрге енгізбекпіз. Астанада, Еуразия Ұлттық Университетінің ғылыми кітапханасында «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» ғылыми жинағының екінші шығарылымының тұсаукесерімен 5 желтоқсанда биылғы Алаш апталығын бастадық. Апталық аясында «Алаш оқулары» циклымен Алаш арыстарының

өлеңдерін мәнерлеп оқу; «Ақ жол» партиясының тапсырысымен жазылған «Мұрат үшін майдан» пьесасының таныстырылымына арналған дөңгелек үстел; сондай-ақ «Ақ жол» партиясының Маңғыстау филиалының бастамасымен «Жалау Мыңбаев» кітабының таныстырылымы болып өтті. Кеше жұма күні Алаш арыстарының рухына бағышталып, ас берілді, құран оқылды. Осы іс-шаралардың барлығы да жоғары деңгейде өткенін естіп жағдырамыз. Мүмкіндікті пайдаланып, мен өзіміздің сенімді серіктесіміз – Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің ұжымына, Университеттің ректоры Сыдықов Ерлан Батташұлына, проректоры Дикан Қамзабекұлына бізге Апталық өткізуге барлық жағдайлар жасағаны үшін шын жүректен шыққан алғысымды айтамын. Алаш апталығы шеңберіндегі біздің шараларымызға сондай-ақ, модератор ретінде белсенді атсалысқан Зиябек Қабылдиновқа, Сұлтанхан Аққұлына, Қайырбек Кемеңгеровке ризашылығымызды білдіреміз.

Дикан Қамзабекұлы сонымен қатар жазушы-драматург Өтен Ахметпен болған дөңгелек үстелді тікелей өзі жүргізіп, пьеса мәтіні ғылыми органның талқылауынан өтті. Бұл біз үшін өте маңызды. Енді, пьеса мәтіні қабылданып, ол режиссер қолына өтіп, Алаштың бұл құнды мұрасы 2015 жылы, әрі кеткенде 2016 жылдың басында Әлихан Бөкейханның 150 жылдығының қарсаңында сахналануы тиіс. Осы пьесаның сахналық қойылымын жасауға ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Чехов атындағы (*Ресей Федерациясы*) медальдің иегері, белгілі режиссер Тәпенев Ерсайын Қадержанұлымен ауызша келіскенбіз. Егер, осы кандидатураға біржолата тоқтасақ, онда оны заңдық тұрғыдан рәсімдеуді кешіктірмейік. Шаруаны әрі қарай жылжытудың жолдарын қарастырайық.

Бүгінгі конференциямызды жыл бойы кезең-кезеңмен өткен Жалпыұлттық байқауымыздың қорытындысы деп те, осы Алаш апталығының қорытындысы деп те атасақ болады. Жыл сайын Алаш апталығын осы конференциямен қорытындылап тұратын боламыз. Биыл еліміздің батысынан - Маңғыстау, шығысынан - Шығыс Қазақстан (*Семейдің арқасында*), оңтүстігінен – Оңтүстік Қазақстан облыстық филиалдары «Алаш апталығын» өткізді. Келесі жылы Қазақстанның барлық 14 облысын, Алматы мен Астананы қамтыған, шын мәніндегі Республикалық деп ауыз толтырып

айтатын, Алаш апталығын өткізуді дәстүрге енгізуге ұмтылатын боламыз. Алаш апталықтарын жоғары деңгейде өткізу – біздің партияның филиалдар төрағаларының жұмысын бағалаудың негізгі критерийлерінің біріне айналуы тиіс.

Дәстүрлі түрде өтетін Алаш апталығы арқылы, үкімет қашан оны ұлттық мерекелер күнтізбесіне кіргізеді деп күтіп жүрмей, Алаш Орданың өмірге келген күні - «13-ші желтоқсанда» - «Алаш күні құтты болсын!» деп қуанып жүруімізге болады ғой. Мемлекет қашан Алаш арыстары атынан орден белгілейді деп жүрмей, Алашты бейнелейтін төсбелгілер жасап, оны кеудемізге тағып, өзімізге өзіміз мереке жасасак, біздің қолымызды кім қағады? Кейде төменнен туындаған бастамалардың да бағы жанып кететін кездері болады. Қалай болғанда да Алашты ұлықтап, құрметтеу үдерісіне тың сұрлеулер салынып кетіп жатса, тіпті ғанибет болар еді.

Алдағы жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы тойланғалы отыр. Оның ұлттық тарихымызды ұлықтап, ұлтты әлемге танытуда және қазақ елі азаматтарының патриоттық сезімдерін арттыруда үлкен рөл атқаратын жыл болатынына сенім зор. Сонымен қатар, 2015-ші жыл ұрпақтар эстафетасының сипатын иеленген жыл болса деп тілеймін. Қазақ тарихының кезеңдік белестері болып саналатын Әлихан Бөкейханның 150 жылдығы мен «Алаш» қозғалысының 100 жылдығын атап өтуге байланысты іс-шараларды байыптайтын жыл ретінде де есте қалатын жыл болса екен деп тілеймін. Және осы бағытта әрекеттер де жасаймыз.

Бүгін түстен кейін дәл осы залда «Ақ жол» партиясының Орталық кеңесі өзінің кезекті Пленумын өткізеді. Онда партиямыздың жаңа Саяси бағдарламасы қабылданады. Және осы Саяси Бағдарламаның құрамдас бөлігі ретінде «Ақ жол» демократиялық партиясының 2015-2020 жылдарға арналған Алаш қозғалысы қайраткерлерінің идеялық көзқарастарын зерделеу және тарату жөніндегі БАҒДАРЛАМАСЫН да қабылдаймыз. Онда Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің жұртшылыққа танымал алаштанушы ғалымдарының ойлары мен ұсыныстары ескерілді. Біз Алаш Орданы, Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш арыстарын лайықты ұлықтау бойынша нақты ұсыныстарымызды жария етпекпіз. Алаш қайраткерлерінің

ұстанымдары мен көзқарастарының қысқаша тұжырымдамалық негіздерін жасадық. Соған сәйкес бағдарламалық міндеттеріміз бен оны орындаудың тетіктерін белгілеуді жөн деп таптық. Яғни, Алаш бағытындағы жұмысымыз түстен кейін партияның Орталық кеңесінің Пленумында да талқыланбақшы.

Сондықтан біз биылғы «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» атты Жалпыұлттық Байқауымыздың қорытындысын шығаруға арналған ғылыми-практикалық конференциясының жұмысын бастағанды жөн деп санаймын. Байқауымыздың ақтық сайысына өткен, Бас бәйге үшін бақтарын сынайын деп отырған үміткерлердің жарысына бәріміз куә болайық. Сіздердің барлықтарыңыз осы жарыстың финалына өтіп, қазірдің өзінде үлкен табыстарға жетіп отырсыздар, Сіздердің еңбектеріңіз біздің келесі жылы шығатын ғылыми жинағымызға анық енеді. Мен Сіздерге шын жүректен шығармашылықта да, өмірде де сәттіліктер тілеймін!

«Ақ жол» партиясының «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» Жалпыұлттық байқауының қорытындыларын шығаруға арналған ғылыми-практикалық конференцияның жұмысын ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер!

**«XXI ҒАСЫРДАҒЫ
АЛАШТЫҢ АҚ ЖОЛЫ»
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ
БАЙҚАУЫНЫҢ
ЖЕҢІМПАЗДАРЫ**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ PhD докторанты Еркін Рахметуллин. Астана қаласы. (I-ші номинация)



Назарбаев зияткерлік мектебінің мұғалімі, тарих магистрі Ержан Шағимолдин. Астана қаласы. (II-ші номинация)



*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «тарих» PhD докторанты,
Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының аға
оқытушысы Махаббат Мәлікқызы Қозыбаева. Астана
қаласы. (ІІІ-ші номинация)*



*Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайының бөлімі
«Алаш арыстары-Мұхтар Әуезов» мұражайының аға
ғылыми қызметкері Қарлығаш Нұрланқызы Ибрагимова.
Семей қаласы. (ІІІ-ші номинация)*



А.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ археология және этнология кафедрасының доценті, т.ғ.к., Сұлушаш Рахымжанқызы Құрманова. Астана қаласы. (IV-ші номинация)



2014 жылғы

«XXI ҒАСЫРДАҒЫ АЛАШТЫҢ АҚ ЖОЛЫ»
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ
жеңімпаздары





1-ші номинация:
**«АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ
ИДЕЯЛАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТ
ҚҰРЫЛЫСЫНДАҒЫ,
ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРДАҒЫ
ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН
ҚОҒАМЫНЫҢ ЕУРОПАЛЫҚ
ЖОЛДЫ ТАҢДАУДАҒЫ
САБАҚТАСТЫҒЫ»**



ЕРКІН РАХМЕТУЛЛИН
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің PhD докторанты

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ ӘСКЕР ҚҰРУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

1917 жылы белең алған саяси өзгерістер Алаш қозғалысына жаңа мүмкіндіктер мен жауапты міндеттер жүктеді. Қазақ халқының тағдырына өздерін жауапты санаған Алаш қайраткерлері 1905 жылдан бері қарай қозғалып келе жатқан автономия мәселесін күн тәртібіне қойды. Ал автономияның басты негізі – ұлттық әскер екендігі анық.

Алаш әскерін құру мәселесі Ақпан төңкерісінен кейінгі жиындарда жиі көтеріліп тұрды. Мәселен, 1917 жылы 21-26 шілдеде өткен бірінші жалпы қазақ съезі. Съез бағдарламасына: «Осы күнгі дайын әскер орнына халық милициясы құрылсын» деген тармақ енгізілді [1, 406 б.].

Тіпті, осы съезде қолға алынған Алаш партиясы бағдарламасының жобасындағы VI тармағында: «Ел қорғау үшін әскер осы күнгі түрде ұсталмауы. Әскерлік жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету: әскер табына бөлгенде туысқан табына қарай бөлу. Әскерлік міндетін қазақ атты милиция түрінде атқаруы» [2, 44 б.] деп әскер мәселесіне тоқталып өтеді. Алайда, бірінші жалпы қазақ съезінде қозғалған милиция мәселесі нәтиже бермеді.

Ұлттық әскер құру ісінде ілгерілік танытқан Семей өңіріндегі жағдай жөнінде «Сарыарқа» газетінде жарияланған «Милиция жа-

сау мәселесі» мақаласында былай сипаттайды: «Бұл Орынбордағы жалпы қазақ сиезінде қаралып шешілетін мәселе. Өзірге тыныштықты сақтап, талаудан аман болу үшін ғана волосной, уездной, обласной милиция түрінде жасала бермек. Қарқаралыда 100, Баян Ауылда 100, Зайсанда 400, Алаш шаһарында 160 бақылаушы дайындалып жатыр. Делегатское собрание мен обласной комиссариат жөн көріп, мылтық әперіп, үйретуші табуға ризалығын берді.

Әр уезд, әр волос милиция жасау үшін күздігүні обласной кеңес бекіткен қаулыны орындауға кірісе беруі жөн. Кісі болса жалдап, болмаса ықтиярымен кірушілерді жазып, әр ел, әр ауылнай тиісті ақшаны жинай беруі керек» [3].

«Сарыарқа» газетінің № 24 санында: «Семей облысында ешкім солдаттан, я басқадан зорлық көрген жоқ. Осы зорлықты, қоршылықты көргендей боламыз ба деп күн бұрын қазақ комитеттері һәм обласной сиез қам қылды. Зайсан уезі басы 100 милиция сайламақ болды. Басқа дуандар ауылнай басы бір-бір бақылаушының қаражатын көтермек.

Осы кезде Семейде 160 қазақ жігітін (милицияларын) үйретуге бір офицер алынды. Обласной комиссариат мылтық бермек. Әр үйезде осындай милиция сайлап, оларға да үйретуге офицер алынбақ һәм мылтықты комиссариат тауып беруге уағда қылды» - делінген [4]. Яғни, ұлттық әскер құру ісінде 1917 жылы жергілікті өңірлердегі қазақ комитеттерінің ықпалымен біршама талпыныстар жасалды.

“Қазақ” газетінің 1917 жылғы қарашаның 14 санында жарияланған үндеуде “Өзімізді өзіміз қорғау үшін, бізге жалпықазақ милициясын құру керек... Егер өзімізді-өзіміз қорғай алмасақ, бүлікшілдік зорайып, қиыншылық айналғанда, қазақ халқы құрбан болады...” – делінген. Осы мақалада 5 желтоқсанда Орынбор қаласында Екінші жалпықазақ съезін шақыру жөнінде үндеу жарияланып, барша аймақтардағы абыройлы азаматтарға сауын айтылады [5, 146-147 бб.].

Сондай-ақ, «Сарыарқа» газетінің қараша айындағы жарияланған санында: «Біз жұмыстың аса керектігі һәм шұғылдығына қарап, жалпы қазақ сиезін жасамақ болдық. Құрметті ақсақалдар, көзі ашық оқығандар, 5-ші декабрьге қарсы Орынборға келе көріндер, бас қорғаудың қамы – милиция жасау-

ды кеңесеміз... Біздің сиез болатын кезде жалпы казак атаулының әскерлерінің сиезі болады. Сонда біздің де сөйлесуіміз керек» [6] деп Әлихан Бөкейхан бастаған Алашорда басшылары үндеу тастады. Міне, бұл телеграммада ұлттық әскер құрудың аса өзектілігі және казак әскерлерімен жақындасудың қамы жатқандығы анық байқалады.

Қазақтың қамын ойлаған азаматтар 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында өтетін екінші жалпы казак съезіне үлкен үміт артты.

Екінші жалпы казак съезінде Алаш қайраткерлері автономия жариялау, ұлттық әскер құру және Алашорда автономиясының Ұлттық Кеңесін жасақтау мәселесін күн тәртібіне қойды.

Съездің ең басты нәтижесі – Алаш автономиясын жариялап, Алаш әскерін құру ісінің жолға қойылуы болды. Съез жұмысында әскер түзу мәселесі әр облысқа төмендегідей міндеттелді: Бөкейлік, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, һәм Жетісу облыстарында милиция саны 13500 болуға тиіс. Бөкейлікте – 1000, Оралда – 2000, Торғайда – 3000, Ақмолада – 4000, Семейде – 1500, Жетісуда – 2000 [7]. Орынборда өткен екінші жалпы казак съезінің атқарған тарихи миссиясының бірі мемлекеттің тірегі саналатын ұлттық әскер құру ісіне Алаш автономиясы негізінде заңды түрде қолға алынуы болды. Алайда, Алаш әскерінің құрылуы саяси оқиғаларға байланысты Қазақстанның әр аймағында әрқилы жүзеге асырылды.

Әскер жасақтау мәселесі Алашорда үкіметін Уақытша үкіметпен, Сібірлік саяси ұйымдармен ымыраласуға итермеледі. Мәселен, Алаш автономиясына қарасты аймақтардан жиналуға тиіс 13500 милицияны үйретуге 135 офицер, 270 инструктор керек болған. Әскер үйретуге қатысты мұндай мамандарды атты казактардан алуға мәжбүр болды.

Алаштанушы Ерлан Сайлаубайдың зерттеулеріне қарағанда: **Семей облысында** Алашорда әскері 1918 жылы қаңтар және мамыр айларында жасақтала бастайды. Екінші жалпы казак съезінің қаулысына сәйкес, Алашорда үкіметінің Орталық комитеті Семей қаласының «Заречная слободка» деген бөлігіне 1918 жылдың қаңтар айының бас кезінде келіп орналасады. «Заречная слободка» Семей жұртшылығы арасында «Алаш қаласы» атауымен 1917 жылдың желтоқсан айынан бастап белгілі бола

бастаған. Міне, сол «Алаш қаласы» маңындағы қырда **I Алаш атты әскер полкының жасақталу тарихы** басталады [8, 11 б.]. Семейде Алаш әскерінің құрылу барасында бүкіл жұртты елең еткізген оқиға – 6 наурыз күні таңертең сағат 9 шамасында Алаш қаласында мылтықсыз жаттығу өткізіп жатқан милиция басшысы Қазы Нұрмұхамедұлының большевиктердің қолынан оққа ұшуы болды [9]. Бұл кезде Семейде Алашордамен қатар большевиктік билік те үстемдікке ие болатын.

1918 жылдың 18 маусымында «Свободная речь» газетінде облыстық қазақ комитеті мүшесінің хабарлауынша, Алашорда басшылары бастаған 300-ге жуық жасақ және 35 орыс офицер-инструкторлары бар топ қалаға келіп кіргені баяндалса [10], сол күні шаңқай түсте Алаш қаласына ұйымдасқан 500 аттылы әскер офицер-инструкторларымен бірге келген. Қала тұрғындарымен кездесуге келген әскерді земство өкілдері жалынды сөздерімен қарсы алды. Бұл топтың арасында Алашорда Кеңесінің төрағасы Әлихан Бөкейхан да болды [11]. Сол кезеңдегі саяси ахуалға байланысты жергілікті аймақтарда үстемдік ету большевиктік үкімет пен Уақытша үкімет билігін арқа тұтқан Алашорда үкіметі арасында алма-кезек ауысып отырды.

Жергілікті «Свободная речь» газетінің кезекті санында: «19 маусым күні кешкі 6-лар шамасында жасақ қалада болып, Никольский шіреуі жанындағы алаңда салтанатты кездесу ұйымдастырылды. Жиында штаб полкы бастығының көмекшісі Папин, штаб адъютанты капитан Виноградов және Уақытша Сібір үкіметінің өкілі Давыдовтар сөз сөйледі. Кездесу кезінде алаңға келген ұлт қайраткері Әлихан Бөкейханның құрметіне подполковник Тохтамышевтың бұйрығымен атты әскер «Алла» деп ұрандады.

Әскердің ақ түсті туында қазақ тілінде «Жасасын Бүкілресейлік және Сібір Құрылтай жиналысы», «Жасасын Отанның адал ұлдары» деген жазу болды. Жалынды сөздер айтылған кездесу отаншылдық рухта өтті» [12] деп баяндалады. Мұндай әскери шерулердің өткізілуі жергілікті халықтың Алашорда үкіметіне деген сенімін күшейту және халық арасында ел қорғау ісіне қазақ жастарын тарту мақсатында болды деп тұжырымдауға болады.

Әлихан Бөкейхан 1918 жылы 25/12 маусымда «Бек тығыз. Семей уезінің земский управасының бастығы Ахметжан

Қозыбағарұлына. Семей уезінен болыс басына 30 милиционер алуға қаулы қылынды. Осы жігіттерді тоқтаусыз жиясыз. Жиылған азамат, ат Семейге келеді. Алаш Орда бастығы Ғалихан» [13] деп қойған №2 қатынас қағазындағы нұсқауға орай Ахметжан Қозыбағаров іле-шала 26 маусымда Семей уезінің барлық болыстарынан ат-әбзелдерін сайлап, 30 жігіттен милиция даярлауды қатаң тапсырады.

Алашорда үкіметінің заңнамалық құжаттарындағы Алашорда әскери кеңесін құру туралы 11-24 маусымдағы үкімет төрағасы Ә.Бөкейхан, мүшелері М.Тынышпаев мен Х.Ғаббасов қол қойған қаулыда: «Алашорда жанынан үш адамнан тұратын әскери кеңес құрылсын, оларға әскери министрліктің қызметі кіреді. Алашорданың уездік және облыстық бөлімшелерінің жанынан әскери кеңестер ашылсын. Әскери кеңес большевиктерге қарсы күресте әскер қатарына жігіттерді шақыруға міндеттеледі» [14, с. 109] деп көрсетілген. Яғни, әскери кеңес құру арқылы Алашорда үкіметінің әскери жүйесі біршама жолға қойылған.

Алашорда әскерін жасақтауда Алаш қайраткерлері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов, Әбікей Сәтбаев, Ахметжан Қозыбағаров, Бижахмет Сәрсеновтар белсенді атсалысты. Мысалы, Сібір үкіметінің Семейдегі әскери штабында өкіл болып қызмет атқарған Ахмет Байтұрсыновтың орнына Әлихан Бөкейханның бұйрығымен Әбікей Сәтбаев тағайындалды [15].

Алашорда әскеріне қатысты қаулылар мен заңдық күші бар құжаттарда үкімет басшысы ретінде Әлихан Бөкейханның қолы мен Алаш полкының командирі Хамит Тохтамышевтың аты-жөні кездеседі.

Алашорда әскеріне аянбай қызмет етіп, сол жолда құрбан болған қайраткерлердің бірі – Отыншы Әлжанов. Отыншы 1917 жылдың 5-13 желтоқсанын өткен екінші жалпы қазақ съезінде құрылған Алашорда үкіметінің Ұлт кеңесі құрамына қабылданған 15 қайраткердің бірі болды [5]. Азамат соғысы жылдарында Жетісу өңірінде бұқара халыққа қорған болу үшін Алаш әскерінің **Жетісу бөлімін** жасақтады. Шілде айында еліне жолдаған хатында: «мұндағы жұрттың басына қиямет-қайым туды, қатын-баламды алып кетіндер, бұл ел қан жылап, қырғынға ұшырып жатқанда, мен жан сақтап, бұларды тастап кете алмаймын. Өлсем-тірілсем

де бірге көремін» [16] деп өңірде орын алған соғыс сипатын аңғартқан. Жетісу өңірінен Үржар арқылы Қытайға өтіп кетпекші болған Отыншы жасағы Көктұмада большевиктермен қақтығысқа түседі. Жау әскер Отыншы бекінген диірменді өртеп жіберіп, Алаш қайраткері ерлікпен қаза табады [17, с. 131]. Отыншының қазасы туралы үзеңгілестерінің басылым беттерінде жариялаған қазанамалары қайраткердің Алаш мүддесі үшін орны толмас шығын екендігін аңғартады. Атап айтар болсақ, Міржақып Дулатов «Жас азамат» газетінде жариялаған қазанамасында: «Ұлтын үшін қан жыладың, камын жедің, қызықты ғұмырың абактыда, айдауда өтті. Сонда да тауың шағылмады. Қамалға шаптың, қанға боялды, қаза таптың, бірақ, «арманда кеттім, Алаш көргенін көре алмадым» деме. Сендей ұл туған ел ешкімнен кем болмас. Хош, бауырым!» [16] деп сгіле жазды.

Жалпы әскер мәселесі автономия жариялаудан бұрын қозғалған болатын. Әскер құру үшін арнайы офицер-инструкторлар мен юнкерлерлер дайындайтын оқу орындарын ашу міндеті тұрды.

Алаш қаласында әскер құру ісіне байланысты қазақ ұлтынан офицер мамандарды даярлау үшін 1918 жылдың күзінде офицерлер дайындайтын медресе ашылады. Бұл медреседе Ғабдолла Қоскеев, Ахмет Әуезов, Смағұл Әмзин, Омар Ермұхаметов, Ғабдолхак Ғабдолрахимов, Хакім Бейсекеев сынды қазақ жастары оқып, әскери өнерді меңгере бастаған. Офицерлік мектептің ашылуына Хамит Тохтамышев ұйытқы болды. Атап өтерлігі, осындай юнкерлік училище Жымпитыда да ашылды [18, 114 б.].

Алашорда тілегіндегі қазақ басылымдары «Қазақ», «Сарыарқа», «Жас азамат» газеттері мен «Абай» журналында әскер мәселесі қозғалған мақалалар жиі жарияланып тұрды.

1918 жылы тамызда Құрылтай жиналысы комитетіне Алаш автономиясын мойындату мақсатында барған Әлихан Бөкейхан Алашорданың орталық басқармасына телеграм жолдап: «Бар күшті ұлт әскерін жасауға салыңдар; Россияны тірілтетін тіреу – бар жұртының әскері; Алаш – Россиядағы одақтас мемлекеттердің бірі; сондықтан тіреудің бір ұшы – Алаш әскері. Алаш полкын, не керегін тауып беріп, таратпандар. Керек нәрсені қаншаға болсын қарыздануға қорғанбандар. Жеткілікті қару алыңдар. Алаш этрэдының Орал, Торғай шығармақпыз» [19] деп ұлттық әскер жасақтау ісін жетілдіруге шұғыл тапсырмалар берді.

Алашорда әскерінің оңтүстік-шығыс майданда елеулі жетістіктерге жеткендігі мұрағат құжаттарымен сол кезеңнің тыныс-тіршілігінен хабар беретін басылымдарынан анық байқалады.

1918 жылдың 6 шілдесінде Әлихан Бөкейханның Башқұрт автономиясының төрағасы Зәки Уәлидиге жазған жеделхатында: «Жетісу облысы большевиктерден тазартылды. Қазақтар, казактар мен офицерлер большевиктік әскерлердің қалдықтарын жоюда. Алтай губерниясына біздің әскери жасақтар жіберілді» [20] деп өңірдегі саяси жағдайды айтып өтеді. Атап өтерлігі, Зәки Уәлиди Алашорда төрағасы Әлихан Бөкейханның негізгі одақтастарының бірі болды.

Алашорда үкіметі ел ішінен арнайы нұсқау арқылы жігіттер жинаумен қатар ерікті қазақ жасақтарын да ұйымдастыру ісін қолға алды. Бұл әрекет нәтижесін берді. Мысалы, кейбір осындай ерікті қазақ жасақтары оңтүстік майданда ерлікпен шайқасып жатқандығы орыс тілді басылымдар жариялап жатты.

Осындай қазақ еріктілерінің әрекеттері туралы Алашорда үкіметінің іс басқарушысы Серікбол Ақаев Әлихан Бөкейханға жіберген жеделхатында: «Мұса Сергиопольды алуға қатысты және бір өзі тоғыз қызылдың басын алды. Большевиктер Үржардан қашып кетті. Олардың соңынан Ғабитхановтың жасағы жіберілді» [21] деп Алаш әскерінің кезекті жеңісін хабарлайды.

1919 жылы 11 ақпанда адмирал Колчактың Сібір үкіметімен келіссөз барысында Сібір үкіметі өкілінің «милицияны қалай түсінуге болады?» - деген сауалына Алашорда төрағасы Әлихан Бөкейхан: «Біздің милиция – бұл әскер. Олар іс жүзінде әрекет етуде: біздің 700 жауынгеріміз Жетісу майданында, 540 Троицкіде, 2000 адам Орал облысында. Жетісу майданындағы жеңістер біздің жігіттердің ерен ерлігінің арқасында» [14] деп жауап қатты.

Милицияның керектігі: заман күштінікі, қару-жарақтынікі, атты-тондынікі. Әскер жасап алмасақ, осындай астаң-кестең аударыспақ заманда елімізді, жерімізді, мал басымызды қорғап ала алмаймыз, көрінгеннің ауызында кетеміз, жұрттығымыздан айырыламыз, бұл - бір.

Сыртқа елеулі ел бола алмаймыз, сыбаға ала алмаймыз, осы күнде ұялғанынан бермейді, қорыққанын сыйлайтын заман – екі.

Милициямыз болмаса, елге айбарлы, әмірін тыңдатарлық, тәртіп, тыныштық орнатарлық үкімет бола алмаймыз, халық басызданып малша жайылып кетеді – үш [22].

Алаш әскерін жасақтау ісіне Алашорда қайраткерлерімен қатар **елдің ауқатты азаматтары** да үлкен үлес қосқан. Тіпті, әскер қажетіне жігіттерді тарту, ат-көлікпен қамтамасыз ету мәселесі де солардың тарапынан өтеліп отырды.

Семей қаласының қазіргі заман құжаттама орталығындағы Алаш қозғалысына қатысты “Список организаторов Алашского конного партизанского полка, участников организации против Советской власти 1918 года Правительства Восточной Алаш-Орды” деп аталатын құжатта Алаш атты әскерін ұйымдастырушылардың қатарында Алаш қайраткерлерімен бір қатарда ел ағалары, қазаққа абыройлы азаматтардың есімдері аталады [23].

Тіпті “Сарыарқа” газетінің 1918 жылғы №44 санында Алаш әскерінің Алтай өлкесіндегі ерліктерін былайша баяндаған: “Алтай губерниясында ұрыс жүргізген Алаш отрядында Тұрағұл Абаев, Биахмет Сәрсенов, Қаражан Үкібаев, Токтар Бегметов, Ғабдолла Қаскеев т.б. ерлікпен шайқасты” [24].

Мәселен, Семей өңірінде Алашордаға ниеттес болған Қаражан Үкібаев [25], Ике Әділов [26], Ақкенже Аймағамбетов [27, 239 б.], Ыбырай Ақпаевтардың [27, 452 б.] 1928 жылғы тәркілеуге қатысты жеке істерінде олардың Алашорда үкіметімен байланыстары, Алаш әскеріне қызмет жасағандығы, қаржылық және материалдық тұрғыда қолдау көрсеткендігі негізгі айыптары ретінде көрсетілген.

Семейдің мұрағаттар қорындағы: «Материалы об организации боевого отряда милиции Все киргизским Народным Советом Алаш-Орды» - деген деректен Семей қаласында жасақталаған Алаш әскеріне Шыңғыс елінен көп азамат қатынасқанын көруге болады:

Аршалыдан – 12, Қызылмоладан – 29, Мұқыр болысынан – 99, Шыңғыс болысынан – 21, Бұғылыдан – 27, Машан, Шағаннан – 26, жиыны 144 адам тіркелген.

Атты эскадронға: Қызылмоладан – 22, Бұғылыдан – 8, Машаннан – 4, Аршалыдан – 12, Шағаннан – 12, жиыны 48 адам өздерінің атымен, азығымен келгені айтылған [28, 113 б.].

Алашорданың батыс бөлімінде әскер жасақтау ісінде Жимпитыдағы 18-23 мамыр аралығында өткен қазақ съезінің өзіндік маңызы бар. Бұл съезде Орал әскери үкіметімен большевиктерге қарсы бірлесіп күресуге келісім жасалды. Келісім бойынша Батыс Алашорда басшылары Орал әскери үкіметіне қаржылай және әскерге керекті ағ-көлікпен қамтамасыз етуге міндеттелсе, қарсы тарап Жимпитыда 6 айлық юнкерлік училище ашуға, қазақ жігіттерінен әскери мамандар даярлауға тиісті болды [29, с. 388-389].

Тіпті, Алашорда басшылары 1918 жылдың шілде-тамыз айларында Құрылтай жиналысы комитеті және Сібір үкіметі басшылармен болған кездесуде Алашорда әскеріне қажетті көмек алуға қол жеткізді. Бұл туралы «Жас азамат» газетінде: «Қазақтың милиция – әскеріне қару-жарак беру жағынан бұлар тоқтау қылатын емес. Жоғарыда Досмұхамедовтер Орал қазағының әскері үшін Самар үкіметінен 600 мылтық, бірнеше пулемет алып, Орынбор арқылы елдеріне жіберді» [30] деп айтылды.

Алашорданың батыс бөлімінде әскер құру ісінде ауқатты азаматтары да аянып қалмаған. Мысалы, Алашорда қайраткері, ауқатты азамат Иса Көпжасаров әскер қажетіне 100 жылқы атаса [31, 39 б.], Сырым Датұлының шөбересі Салық Омаров 1918 жылы ақпанда Орал қазақтарының Қаратөбеде өткен үшінші съезінде Алаш әскеріне өз табынынан 200 бас мініс жылқы бөліп берген [32].

Сонымен қатар, Алаш қозғалысына Маңғыстау өңірінде Тобанияз тобы да тілекші болып, әскери қолдау көрсеткен [33, 91 б.].

Сондай-ақ **Алашорданың Торғай бөлімшесі** 300 мылтық пен 20 мың патронға ие болды. Орынбор казак әскерлерінің атаманы Дутовтың тікелей көмегімен Қостанай және Ырғыз уездерінде екі атты полк жасақтау жүзеге асырылды [5].

1919 жылдың басында-ақ ұлттық мемлекеттік құрылымдар ақ гвардияшылардан теріс айнала бастады. Ең алдымен татарлар, одан соң башқұрттар әскерімен қоса Кеңес үкіметі жағына өтті. Бұл шынымен де онсыз да әлсіреп тұрған антибольшевиктік күштердің ыдырауына басты себептердің бірі болды. 1919 жылдың соңы мен 1920 жылдың басында Алашорда таратылды. Алашорданың әскери құрылымдары толықтай қызыл әскер құрамына өтті.

Түйін. Алаш қайраткерлері үшін автономия мәселесі каншалықты маңызды болса, сол мемлекеттік құрылымның

қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұлттық әскер құру ісі де басты назарда тұрғаны анық. Содан болар, автономия жариялау барысында ең алдымен әскер құру ісіне аса мән берді. Екінші жалпы қазақ съезінің өзекті мәселелерінің бірі – әскер құру болғандығы құжаттарда айқын көрініс тапқан. Саяси тұрақсыздық белең алған кезеңде Алаш автономиясының 2 жыл үш ай мерзімде өмір сүруіне тірек болған ұлттық әскер екендігі дау турдырмайды.

Алаш әскерінің Алашорда үкіметінің қорғаныс жүйесі, мемлекеттік мәртебесін айғақтайтын негізгі тетік болғандығы ақиқат. Ендеше Алашорда әскерінің құрылған күні, яғни 25 маусым әр қазақтың тарихи жадында Алаштың айбынды рухы ретінде сақталуы тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Қазақ» газеті – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 бет.
2. Әлихан Бөкейхан. Шығармаларының 9 томдық толық жинағы. Полное собрание сочинений в 9 томах. / Құрастыран: Жүсіп Сұлтан Хан Аққұлұлы. – Астана: Сарыарқа, 2013. Т. 7. – 530 б.
3. Сарыарқа. 1917. №23. 5 декабрь
4. Сарыарқа. 1917. №24. 12 декабрь
5. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек. 1995. 256 б.
6. Сарыарқа, 1917, № 20, 13 ноябрь
7. Сарыарқа. – 1918. - № 29. – 25 қаңтар.
8. Сайлаубай Е. Алашорда әскері // Абай. 2000, № 1, 11-16 бб.
9. Сарыарқа. 1918. № 34. 18 март
10. «Свободная речь», 19 июня 1918 года, №162.
11. «Свободная речь», 21 июня 1918 года, №164.
12. Свободная речь, 1918., №165.
13. ШҚО ҚЗТҚО. қ.48, тізім 2, іс 1, 139 п.
14. Алаш-Орда: Сборник документов.
/Составитель Н. Мартыненко. – Алматы: Малое издательство «Айқап», 1992. 192 стр.
15. ШҚО ҚЗТҚО. 48 к, 2-тізім, 1-іс, 139 п.

16. Жас азамат. 1918. № 4, 25 тамыз
17. Альжанова С., Тулемисова Г. Беркут Алаш-Орды. – Алматы, 2008, 180 с.
18. Шаяхметов У. «Ел бүгіншіл, менікі – ертең үшін»: Оқу құралы. – Алматы, 2001. – 149 бет.
19. Абай, № 10, сейсенбі, 25 тамыз, 1918 жыл
20. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан, 1917 ж. – мамыр 1920 ж. Движение Алаш. Сборник документов и материалов. Декабрь 1917 г. – май 1920 г. – Алматы: «Алаш», 2005. Т. 2, 445 б.
21. Газета «Сибирская речь», 1918 года, №32.
22. Абай, 1918, № 8, 1 август
23. ШҚО ҚЗТҚО, қор Іп, тізім 1, іс 21, парақ 7
24. Сарыарқа, 1918, №44.
25. ШҚО ҚЗТҚО 74 қор, 4 тізбе, 71 іс, 14 п.
26. ШҚО ҚЗТҚО 74 қор, тізім 1а, 17 іс, 53-54 б.
27. Нәсенев Б. «Абыралы қанды жылдары (1905 – 1945)». Екінші бөлім. Құжаттар жинағы. Алматы – Новосибирск. 2006 ж. 644 б.
28. Жанболатұлы Молдабек. Тобықты-Шыңғыстау шежіресі: Үш томдық. – Алматы: Курсив, 2004. 1-ші том. 520-бет.
29. История Западного отделения Алаш-Орды. Сборник документов и материалов. Т. 1., Уральск, 2012 – 464 стр.
30. Жас азамат. 1918. № 5, 1 қыркүйек
31. Жетпісбай Н. Қобдалық Алаш қайраткерлері // Қазақстан мұрағаттары. № 3 (11)/ 2009. 34-46 бб.
32. Орал өңірі. 27 қараша. 2008.
33. Сүлейменова Д.Д. Алашорданың Батыс бөлімінің тарихы. Тарих ғылымдарының кандидаттығына дайындаған диссертациясы, Алматы. 2004. – 138 бет.

**II-номинация:
«АЛАШ» ҚОЗҒАЛЫСЫ
КӨШБАСШЫЛАРЫНЫҢ
ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ
ӨЗЕКТІЛІГІ, ҚОҒАМДЫ
ӘЛЕУМЕТТІК
ЖАҢҒЫРТУДЫҢ
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОСЫ
ИДЕЯЛАРДЫ ҚАЗІРГІ
ЗАМАНҒЫ ҚАЗАҚСТАНДА
ДАМУ**



ЕРЖАН ШАҒИМОЛДИН
Астана қаласындағы физика-
математикалық
Назарбаев зияткерлік мектебінің
мұғалімі, тарих магистрі

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒЫТЫ: КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН

Түйін: Автор ХХ ғасырдың басындағы Алаш қозғалысы қайраткерлерінің экономикалық көзқарастары мен экономика дамуының кезеңдері туралы тұжымдарын зерттейді. Алаш қозғалысының экономикалық тұжырымдары тек қана теориялық ілім ретінде ғана емес, Алаш партиясы мен Алаш Орда үкіметі өмір сүрген жылдары және Жаңа экономикалық саясат кезінде жүзеге асырылғанын айтады. ХХІ ғасырда Алаш қозғалысы қайраткерлерінің экономикалық тұжырымдарының маңызы арта түскендігі туралы қорытынды жасаған.

Кілт сөздер: Алаш қозғалысы, ХХ ғасырдың басы, экономикалық ойлардың тарихы.

Алаш қозғалысы зиялыларының «экономика» туралы түсінігі

«Экономика» ұғымы шаруашылықты жүргізу ережелерінің жиынтығы, білімі, өнері деген мағына беретін - «ойкос» (*үй, шаруашылық*) және «номос» (*білемін, заң*) деген сөздерден тұрады.

«Экономика» сөзін б.з.б. VI ғасырда грек ақыны Геспод алғаш рет қолданса, ғылыми айналымға грек ойшылдары Ксенофонт және Аристотель енгізді.

Қазіргі кезде «экономика» ұғымының кеңінен таралған бірнеше анықтамасы қалыптасты. Олардың бірінде, экономика – қоғамның шаруашылық әрекеті, сонымен қоса адамдардың арасында өндіру, бөлу, айырбастау, тұтыну жүйесінде қалыптасқан қатынастардың жиынтығы десе, екінші бір анықтамада, «экономика» - адамның өмірлік игіліктерді жасау жолымен қажеттіліктерін қанағаттандыру бағытында шаруашылық жүргізу әдістері мен тәсілдерін зерттейтін ғылым саласы деген түсінік береді.

XX ғасырдың басында Алаш қозғалысының зиялылары «экономика» ұғымына мынадай анықтамалар берді: *«шаруашылық» деп дүниелік жиюды айтамыз, дүниелік деп адам баласының тіршілігіне керекті айтамыз* деп жазса, сонымен қоса *дүниелікті табу, ұқсату, сақтау жүзіндегі адам баласының істейтін ісін шаруашылық дейміз* дейді [1].

Алаш қозғалысы зиялыларының «экономика» ұғымына берген анықтамаларына назар аударсақ, экономика ұғымының қазақша баламасы ретінде қазақ тіліндегі «шаруашылық» сөзін қолданғанын, сонымен қоса қазіргі кезде қалыптасқан әрі мойындалған ғылыми анықтамалармен мән-дес келіп, қарапайым және жеңіл тілмен жазылғандығына көзіміз жетеді.

Алаш қозғалысы зиялыларының экономиканың даму кезеңдері туралы тұжырымы

Экономика тарихының даму кезеңдерін қарастырғанда, Алаш зиялылары негізінен неміс мектебі ғалымдарының көзқарастарын басшылыққа алды. Олар негізінен неміс экономист-ғалымдары Ф.Лист және К.Бюхердің еңбектері болып табылады.

Алаш қозғалысының зиялылары К. Бюхер экономиканың дамуын кезеңдеуде сауданы негізге алғанын дәйектейді: *«Бұл шаруашылық өзгерістің негізіне сауданы алып, сауда жолы кеңіп, ұлғайған сайын, шаруашылық арасындағы тіркесу күшейіп, қалай тұтасып келіп, осы күйге жеткенін көрсетеді»*, - деп, ол кезеңдерге жеке-жеке тоқталып, түсініктеме берді:

1. Үй-үйдің шаруашылығы өзінен аспаған заман. Әр үй өзіне керегін өзі тауып, өзгеге ауыспай, өзіне тұтынған заман. Бұл заман адам баласының өмірінде ұзақ болған заман.

2. Қала-қаланың шаруашылығы өзінен аспаған заман. Әр қала, өзінде жасаған нәрселерін өз маңайындағы ауылдардан келген нәрсеге айырбастап, онда да алған нәрселер екінші бір жаққа жіберу үшін емес. Сол қаланың я ауылдың өзінде тұтыну үшін ғана айырбасталады. Бұл әркім өзінде барының артығын өзінде жоққа айырбастап, сауда жүрген заман. Бірақ сауда қаладағы мен ауылдағы адамдардың арасынан алысқа ұзамаған заман.

3. Ұлт-ұлттың шаруашылығы тұтасып шаруашылығы ұлғайған заман. Әр ұлт өзі ұқсатып шығарған шаруашылық жүзіндегі нәрселерін өз арасынан басқа жаққа асырмай я асырса, маңайындағы жақын сыбай ұлттарға ғана асырған заман. Бір ұлттың нәрсесі екінші ұлтқа аспаса да, оннан кемшілік келіп қысылмаған заман.

4. Бүкіл дүние шаруашылығы тұтасып, бір ұлттың шаруашылығы басқа ұлттардың шаруашылығына қараған біздің осы заман» [2].

К.Бюхердің «Халық шаруашылығының пайда болуы» еңбегімен танысып қоймай, мынадай дербес тұжырымдар жасалған: ХІХ ғасырдан бастап әлем елдерінің шаруашылығы жана даму кезеңіне аяқ басты, мемлекеттердің арасында өзара ынтымақтастық орнады. Егер де, мемлекет окшаулану саясатын жүргізсе, онда ол мемлекеттің шаруашылығы құлдырайды, халқының әлеуметтік жағдайы нашарлайды.

ХХ ғасырдың басында Алаш қозғалысының зиялылары жасаған экономикалық тұжырымдар – ХХІ ғасырда аксиомаға айналды. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның саяси-экономикалық бағдарламаларының өзегі болып қаланды. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы экономикалық ынтымақтастықтарды қолдайтын бастамашыл бағытын ХХ ғасырда қазақ зиялылары анықтап берген еді.

Неміс экономика мектебінің өкілі Ф.Листтің «Саяси экономияның ұлттық жүйесі» еңбегімен танысып, экономиканың дамуында шешуші рөл атқарған кезеңдерді атап көрсетеді және экономика дамуының әрбір кезеңіне сипаттама берді:

1. Екпеген жердің жемісін теріп, бақпаған хайуандарды аулап, алып жеп, адам баласы аңшылықпен, балықшылықпен күн көрген кездегі шаруашылық қырқасы.

2. Хайуанды үйір қылып, үйрете біліп, мал жиган, малмен күн көрген бақташылық кездегі шаруашылық қырқасы.

3. Жерден терген жемісті егін шығарса да болатындығын байқап, егінмен тамақ асырап күн көрген кездегі шаруашылық қырқасы.

4. Жоғары кәсіптердің үстіне қолөнерін кәсіп қылып, сонымен мал тауып, тамақ асырап, дүниелік жия білген кездегі шаруашылық қырқасы.

5. Қолөнері күшейіп, бұрынғы кәсіптердің үстіне айырбас келіп, яғни сауда келіп қосылады. Бұл егін, қолөнері, сауда кәсіптері толысқан кездегі шаруашылық қырқасы.

6. Машина шығып, кәсіптердің көбі машина арқылы істеліп, жүріс-тұрыс, хабарласу-қатынасу жолы жеңілдеген осы кездегі шаруашылық [2, 245].

Экономика тарихы бағытындағы тұжырымдар 1915 жылы «Қазақ» газетінің бетінде «Шаруашылық өзгерісі» деген атпен басылған мақалалар сериясында айқындалды. Бұл мақалалар сериясын А.Байтұрсынұлы мен Ә.Бөкейхан жазды деген пікір қонымды болып келеді. «Шаруашылық өзгерісі» мақалаларының экономикалық ғылыми теориясын Ұлт көсемі Ә.Бөкейхан жазса, Ұлт-ұстазы, қазақ ағартушысы А.Байтұрсынұлы экономика ғылымын қазақ тілінде сөйлетті, экономика ғылымында қалыптасқан халықаралық ғылыми ұғымдарды қазақ тілінде жеткізді. Экономика ғылымының қазақ тіліндегі ғылыми тілінің негізін қалады. Қазіргі кезде, біз кеңінен қолданылатын, кәсіпорын, қолөнер т.б. сөздерді А.Байтұрсынұлы осы мақалада тұңғыш рет жазып, жариялағанын біле бермейміз.

Неміс-ғалымы Ф.Лист еңбегін зерттеп, мынадай тұжырымдарға тоқталды:

Экономика үнемі бірқалыпты дамымайды, өзгеріп отырады, уақыт өткен сайын әлем шаруашылығы ұлғая түседі;

Ұлт шаруашылығына 10 фактор әсер етеді: 1. Табиғат; 2. Тек; 3. Ел жиілігі; 4. Шеберлік; 5. Басқа елді алу; 6. Салт, саясат, заң; 7. Дін, мінез, құлық; 8. Білім хәм оның көп-аз таралуы; 9. Өнер; 10. Мемлекет мақсаты. Осы тұжырымдары қарастыра отырып, қозғалыстың өкілдерінде, макроэкономика және гиперэкономика туралы түсініктері болған деген қорытынды жасаймыз.

Ұлт шаруашылығын дамыту үшін өндірістік қатынастарды нығайту керек және оның дұрыс басқарылуын қамтамасыз етіп, білім беру, ағартушылыққа көп мән берудің маңызын ашты.

Алаш Орда үкіметінің төрағасы Ә.Бөкейханның және қазақ тіл білімінің академигі А.Байтұрсынұлының экономика тарихы бойынша зерттеулерін М.Тұрғанбай жалғастырды. Алаш қозғалысының зиялысы М.Тұрғанбай экономика тарихы бойынша зерттеулер жүргізіп, нәтижесінде, Алаш көсемдерінің жетекшелігімен экономиканы кезеңдеудің Алаштық тұжырымдамасын жасады. Алаштық тұжырымдама 1918 жылы «Абай» журналында «Шаруашылық» деген атпен жарияланды.

М.Тұрғанбай «Шаруашылықта» шаруаның көптігіне, түрлілігіне, қарап, көңілге төмендегідей сауалдар келеді: Шаруаны не нәрсе туғызған? Неге әртүрлі болған? Біз бұл жолғы мақаламызда осы екі сауалға жауап беріп өтпекпіз. Дүниеде нендей шаруашылық болса, бәрінде «мұқтаждық» деген нәрсе туғызған деп жазды [3]. Осыған дейін Еуропа ғалымдары шаруашылық дамуын кезеңдеуде шаруашылыққа эсер ететін факторларды негізге алып келсе, ұлттық-демократиялық қазақ зиялылары экономикалық дамудың басты қозғаушы күші, адамды әрекетке итермелеуші күші – «қажеттілікті» негізге алып, шаруашылық дамуын мынадай кезендерге бөліп, оның дамуын былай түсіндіреді:

«Кісі әуелде тоғай арасында, тауда басқа хайуандар секілді Тәңірінің жаратқан әзір қоректерін жеп ғұмыр сүрді. Бұл тұрмыспен тұра беруге қорқынышты, зиянды хайуандар тыныштық бермеді. Олармен қарсыласарлық қару кісінің өз денесінде болмады, сондықтан қорғауға мұқтаждық түсті. Бұл мұқтаждық кісіні ойландырды. Ақырында, Тәңірдің артықша берген ақылы тасты құрал етіп жан қорғауды тауып берді. Осы тастан құрал жасап алуымен кісі шаруашылықтың бірінші басқышына шықты, - деп, аңшылық кәсіптің пайда болуын түсіндіре келе, аңшылық кәсіптен мал шаруашылығы пайда болуына тоқталады: - Аң кісінің аулауына үнемі табылып дайын тұрмайтын болды, сондықтан кісі жуасырақ аңдарды құралдармен қорқытып, өздеріне үйір қылып асырайтын болды. Осы ретпен мал өсіру деген шаруашылық туды» [3].

Егін шаруашылығы пайда болуын былай деп сабақтайды: *«Кісінің бұрыннан жеп үйренген дайын тамақтары жеулеріне қолайлы өсімдіктер еді. Бас құрап отырып, ол көбейген соң маңайындағы өсімдік азайып, тыбылуы қиындады. Бұл мұқтаждық кісіні егін салып, жеміс егуге үйретті. Осымен егіншілік, бақшашылық шаруашысы шықты»* – деп, шаруашылықтың келесі даму сатыларына тоқталады: *«Кісінің біреуі мал өсірген көшпелі, біреуі егін салып, бақша отырғызған отырықшы болған соң бірінің мұқтажы болған нәрсесі екіншісінен табылатын болды. Сонан ет, май, тері, жүн, астық, жеміс, сүт секілді нәрселерді айырбас қылып керектерін тауып алуға кірісті. Осы айырбас қылулары сауданың алғашқы басқышы еді»* дейді де, сауданың дамуы жаңа кәсіп – қолөнердің пайда болуына ықпал еткені туралы жазады: *- Айырбас сауда басталған соң ісмерлер өзіне керегінен артық нәрселерді жасап басқа мұқтаж болатын нәрселеріне айырбас қылатын болды. Сонан, өнердің жолы ашылып, түрлі өнершілер шыға бастады»*.

Сауда тауар қатынастарын дамытты, алайда оның абсалютті дамуы мынадай қиындықтарға тап болғанын айтады: *«Айырбас сауданың өзінің жүретін нәрселерде бір өлшеуіштің жоқтығы үлкен қиындық туғызды. Ағаш, тері, мыс, күміс, алтын секілді нәрселердің бағасына өлшеуіш қылса да шатақтан құтыла алмады. Өлшеп бергенде, алып жүргенде, қиындық, алдау көп табылатын болды. Бұл мұқтаждық нәрселердің бағасына өлшеуіш қылып «ақшаны» шығарды»* [3].

Ақша қатынастары негізінде капитализм кезеңі басталып, бұл адамзат баласының жаңа даму жағдайы – өркениеттік жолын бастағандығын былай деп сабақтайды: *«Ақша дүниеге шыққан соң, сауда жұмысы өте дәуірлеп жөнелді. Ақшаға сатылмайтын нәрсе жоқ, жалғыз-ақ ақша табу керек болып қалды. Ақша болатын нәрсені әркім істеуге жұмылған соң, өнердің есігі ашылып мәдениет дәуірі басталды»* [3].

Алаш қозғалысының зиялысы М.Тұрғанбай ақша қатынастары демократияның туындайына негіз болып, ақша қатынастарын және қолөнердің дамуына ықпал етіп, өндірістік қатынастардың индустриалдық кезеңінің басталуына алғышарт болды деп қорытынды жасайды.

Алаш қозғалысының зиялылары формациялық теорияның шаруашылық дамуын кезеңдеуінен қарағанда, анағұрлым тиімді жүйелер алғанын көреміз. Шаруашылықты кезеңдеуде, өндірістік қатынастарды нәтиже ретінде қарастырып, нәтиженің әртүрлі болатындығын ескеріп, шаруашылық дамуының басты қозғаушы күші ретінде адамның «мұқтаждықтары» (*қажеттіліктері*) негізінде бөлгендігін байқаймыз. Егер де, Алаш зиялылары айтқандай талаптарды ескерсек, онда қазіргі кезге дейін формациялық теория түсіндіре алмай келе жатқан Азиялық өндіріс тәсілі сияқты ұғымдарды айқын түсіндіре аламыз. Өркениеттік теорияның аясында ашыла бермейтін өндірістік қатынастардың қоғамның мәдени даму аясына ықпалы туралы түсініктерді де аша аламыз.

Ең қызықтысы, экономиканың даму кезеңдерін зерттеуге арналған еңбектерінде К.Маркс негіздеген формациялық теорияны қарастырмайды. Ұлт көсемі Ә.Бөкейхан мен А.Байтұрсынұлы формациялық теорияның кемшіліктерін түсінген, себебі формациялық теория қоғам дамуының ұлттық құндылықтары және мәдени ерекшеліктері туралы аспектілерді мойындамайды. Ал жоғарыда байқағанымыздай, Алаш зиялылары қажеттіліктер негізінде тек қана экономикалық жағдай, өндірістік қатынастар ғана емес, сонымен қоса мәдениет, психология қалыптасады деген тұжырымдар жасады. Олар еуропа ғалымдары сияқты мал шаруашылығы мен егін шаруашылығын жеке кезең ретінде емес, экономикалық дамуының бір кезеңінде қатар дамыған әртүрлі шаруашылық ретінде қарастырды. Адамдар қажеттіліктеріне қарай өзіндік шаруашылықты жасайтынын тұжырымдады. Сонда, қоғам дамуы барысында екі шаруашылық бір-бірін толықтырып, жана экономикалық даму кезеңіне жетелеген деген түйінге тоқталды. Егерде қоғам дамуын осы тұрғыдан қарастырсақ, онда бізде азиялық өндіріс әдісі сияқты теориялар маңызын жояды. Алаш зиялыларының бұл тұжырымдары бүгінгі Қазақстан үшін де маңызды, себебі қазіргі әлемдік тәжірибені тура сол қалпында емес, Қазақстандық қажеттілік, ұлттық ерекшелікке қарай ендіру қағидасын басшылыққа алуға жетелейді және бұл өте өміршең қағида. Осы қағида белгілі бір мемлекеттерде тиімді болып, өте жақсы нәтижелер көрсеткен болса, екінші мемлекеттерде ешқандай нәтиже бермеуін түсіндіре алады.

Алаш қозғалысының аға буыны **Ә.Бөкейхан** мен **А.Байтұрсынұлы**, **М.Дулатұлы**, **Т.Тыныштықбайұлы**, **М.Боштаев**, **Х.Лекеров** бастаған бір топ қазақ зиялылары ұлттың жағдайын жалпыхалықтық деңгейде көтерді және талқыға салды. ХХ ғасырдың 20-жылдарында Алаш қозғалысының келесі буыны **С.Садуақас**, **М.Тұрғанбай** бастаған бір топ қазақ зиялылары аға буынның басшылығымен ізденістерін жалғастырды. Олар еуропа ғалымдарының тұжырымдарын қарастырып, Алаштық дербес тұжырымдар жасады. Әлемдік тәжірибені ұлттық негізде бейімдеу, экономикалық реформаларды революциялық емес, табиғи жолмен жүргізу бағытындағы қағилардың негізін қалады.

Микроэкономика

XIX ғасырдың ортасынан қазақ шаруашылығы Ресей экономикасына интеграциялана бастады, бұған әкімшілік реформары көп ықпал етті. Әкімшілік реформалары қазақ шаруашылығына көп өзгерістер әкелуге бағытталса да, дәстүрлі қазақ шаруашылығына кері ықпал етті. Өйткені, реформаларды жүргізгенде, жергілікті дәстүрлі қазақ шаруашылығының ерекшелігі ескерілмеді. Міне, осының салдарынан ХХ ғасырдың басында дәстүрлі қазақ шаруашылығының көптеген мәселелері жинақталды. Осы мәселелерді шешуді ұлт зиялылары басты міндеттірінің бірі етіп қойып, шаруашылықты дамыту үшін табанды ізденістер жүргізді, қазақтың ұлттық сана-сезімін оятуға бағытталған қызметтерін белсендіре түсті.

Алаш қозғалысының экономикалық тұжырымдарын анықтауда, ұлт көсемі **Ә.Бөкейхан** басты рөл атқарды. Ол - XIX ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы Ресейдің экономикалық дамуынан жақсы хабардар, әрі еуропалық экономикалық білімді терең меңгерген, тәжірибелі экономист-ғалым еді. Ұлт-көсемі **Ә.Бөкейхан** Ресейдің маңызды экономикалық жобаларына қатысып, Ресейдің және оның ұлттық аймақтары, оның ішінде қазақ ұлтының шаруашылық жағдайымен толықканды таныс еді, сондықтан оның қазақтың шаруашылық мәселелерін тұңғыш болып көтеруі заңды құбылыс болып табылады.

Ресейдің орталық аймағы мен оның ұлттық аймақтарының шаруашылықтары арасында теңсіздік жағдайы және оның сал-

дары туралы Ә.Бөкейхан «Игілік іс» мақаласында толыққанды ашып берді: «*Бар малды атқа шақса, 20 ат болса, осындай байлық қазынасы бар қазақты статистика ғылымы орта шаруалы қазақ үйі-шаңырағы дейді. Бай мұнан жоғары, кедей мұнан төмен. Төмен қазақ малын шаңыраққа есеп қылса, бір шаңыраққа 20 ат есебі мал қазынасы келеді. Бұл 20 ат орта қазақ байлығы ғылым жолының қарауылы. Бұл қарауыл атқаратын қызметі кездеме кездегендегі кез, бидай пұттағандағы пұт қызметі*», - дей келе, бір отбасының жылдық табысын көрсетеді: - *Орта мал қазыналы қазақ үйі басы бір жылда 100 сомға мал, жүн, тері сатады. Киімнің жартысы бір жылда жаңаласа 50-60 сомға пұл, 24 сомға шай, қант алады. Бұл есептен бір жылғы бір үйдің алып-саттығы орысша обороты 17 400 сом болады. Бір ауылнай қазақ 100 үй болса, бұл ауылдың алып-саттығы 17 мың 400 сом болады. Ана Бөрте қазағы бастаған игілік ісіне ауыл болып кіріссе, 17 мың 400 сом үстінде жүрген пайда халыққа қалады... Игілік ісі болған бір ауыл халықтың қалтасында аз дегенде 1 мың 740 сом қалады» [4]. Ұлт көсемі Ресей мен қазақ шаруашылығы арасында теңсіздік орын алғанын және оның тонаушылық сипатын ашық көрсетеді. Ол қазақтың әлеуметтік жағдайы нашарлап, орта шаруашылықтары азайғанын ашына айтып, одан дағдарыстан шығу үшін «кооперацияны» дамыту жолын ұсынды.*

Ұлт көсемі Ә.Бөкейхан шаруашылықты кооперация жолымен жүргізу бағытындағы бастамасын көтерді. Алаш қозғалысы зиялыларының аға буыны М.Дулатұлы, Т.Тыныштықбайұлы, М.Бонғабай, Х.Лекерлер қолдап, жан-жақты қарастырды. ХХ ғасырдың 20-жылдары толыққанды тұжырымтамасын жасайды. Олардың қатарында, алашшыл С.Садуақасты ерекше атап айтуға болады. Кооперация туралы макроэкономикалық тұжырымдар Алаш Орда үкіметі құрылғанан кейін жүзеге асырылды. Оның жеке мысалдары «Бірлік», «Қазақ» болып табылады. Кеңестік кезеңде жүзе асуына және талдауына жаңа экономикалық саясат мүмкіндік берді.

Алаш қозғалысының жаңа буыны болып табылған С.Садуақасұлының еуропа ғылымының озық экономикалық ойларымен еңбегімен таныстығы, оның еуропа ғалымдары туралы жазған сөздерінен анық көрінеді: «*Алғашқы кооперация ұйымы*

Англия патшалығында ашылды. Ашқан кісінің аты Роберт Оуэн деген еді. Роберт Оуэн әуелде кедейдің баласы болған екен. Жас күнінен көргені мұндық, мұқтаждық болыпты... Роберт Оуэннің өсе келе бар күші, бар қайраты саудагерлерге қарсы жұмсалды. Роберт Оуэннің айтуынша саудагер еңбегі жаңа бұйым тугызбайды. Бұл сөздің мағынасы – түсінікті қылып айтқанда былай: ... Біреу мал бағады. Ол малды суарады, шөп шабады. Қора салады. Қыс боғын күрейді. Жазғұтұрым сиыр бұзаулайды. Адам еңбегінің арқасында бір сиыр екі сиыр болды. Бұл секілді өсімді де жаңа бұйым деп атайды. Бұл да еңбектің арқасында болады.

Роберт Оуэннің айтуынша саудагер жаңа бұйым тугызбайды дедік. Бұлай деудің себебі: саудагер бір нәрсені екі қылмайды. Егер саудагер біреуден қырық тиыннан елу пұт бидай сатып алса, ол бидайды екінші жерге апарып, 70 тиыннан сатады. Пұт басы 30 тиыннан пайда қылады. Саудагер 50 пұттан 15 теңге ақша тугызды. Осы 15 теңге жаңа бұйым деуге келе ме, жоқ па? - деп сауал қояды. С.Садуақасұлы еуропа ғалымының кооперацияны ашудағы ішкі мотивін түсіндіріп отыр, бірақ ғалым оның бастапқы туындауының нарыққа сәйкес келе бермейтін тұжырымдарын ескергенін байқаймыз. Әсіресе, бұл аспектіні ғалымның кооперацияның мәнісін ашып көрсеткен кезде анық көреміз. Ол «Бірінші һәм ең әуелгі шыққан кооперация түрі – ұйым дүкені деген. Ұйым дүкені орысшалап айтқанда: «потребитель» дейді. «Потребитель» ең әуелі Англияда шыққан. Англияда Рождель деген кішкене қала бар. Сол қалада он шақты жұмыскер жиылып, кісі басы елу тиыннан ақша жинап, сауда ашады... Нәрсе неғұрлым көп саудагердің қолынан өтсе, соғұрлым бағасы қымбаттайды. Себебі, бір қолдан алады да, бір қолдан сатады. Екі ортада саудагерлер кірісе алмайды. Сондықтан оларға төленетін артық баға ұйым дүкенінің өз қолында қалады. Ұйым дүкені халықтың өз ұйымы болғандықтан, әрине, нәрсенің бағасын халық арзан қояды. Өйткені, бәрібір ол дүкен пайдасы да айналып келіп халық қалтасына құяды» деп түсіндіреді. Ұйым дүкендері кәсіпорын мен тұтынушы арасында тікелей байланыс орнатады. Ұйым дүкені ұжымдық бизнеске жатады және ол демократиялық, бостандық негізінде құрылады, оңай реттеледі. Баға нарықтық бағадан өссе, табыс түспейді. Қаржы болмағандықтан, серіктестер үлестерін

бөліп алып, тарап кетеді, сондықтан қызметкерлер сұранысты төмендетпеуге тырысады.

Алаш қозғалысының зиялысы С.Садуақасұлы қазаққа қажетті кооперация түрлеріне тоқталады:

«Мал шаруасының байлығын дұрыстап ұқсату. Қазақта мыңдаған тері бар. Қазақстан жылына мыңдаған тері сатады. Осының бәрі көбінесе саудагердің қолында. Міне, осынан кооперацияның жолымен сату керек. Бұл – бір.

Екінші: қазақ жұрты өзінде фабрик-зауытсыз болса күн көре алмайды. Қазақтың үстіне киіп отырған киімі, ыдыс-аяқ, құрал-сайман – осының бәрі де фабрик-зауытта істеліп шыққан нәрселер. Бұл нәрселер қазақ ішінде үш қол, төрт қол, кейде бес-алты қол болып өтіп барады. Әрине, екі ортада ірі саудагер пайда қылады. Ақырында қазақтың қолына нәрсе өз бағасынан әлденеше артыққа түседі. Осы нәрселерді кооперация жолымен сатып алатын қылу керек. Бұл – екі.

Үшінші: жалты нашар көбейді. Нашардың көбісі еңбектейін десе, еңбекке кірісерлік мұршасы жоқ. Біреу егін салайын десе, аты жоқ. Біреудің тұқымы бар, жер жырмататын құрал-сайманы жоқ. Мал бағатын нашардың халі де осылай. Нашардың жалғыз халі де осылай. Нашардың жалғыз сиыры жұттан өледі. Нашар жалғыз сиырына шөп шауып бере алмайды. Мұнын себебі не? Нашарда шөп шабатын шалғы жоқ, шалғысы болса, шөп таситын арбасы жоқ. Арбасы болса, көлігі жоқ. Нашарға шаруасын түзету үшін қарыз ақша керек. Ол ақшаны нашардың алатын жері жоқ. Амалсыз нашар байға еңбегін сатады. Нашар өз бетімен еңбегін жүргізу үшін оған қарызды арзан бағамен беру керек. Мұны істейтін кооперация. Міне, бұл – кооперацияның үшінші жұмысы» [5].

1922 жылы Қазақстанда 479 кооперация ұйымы болған. Ұйым дүкендерінің ішінде 25 қазақ арасында ашылған. 1917 жылы Ақмола губерниясындағы Атбасар уезінде жүзден аса ұйым дүкендері жұмыс жасаған. Барлық ұйымдардың ортасынан «Бірлік» атты кіндік ұйым ашылады. Ол 1920 жылға дейін жұмыс жасаған. Бірақ, оның қызметі аса жоғары бағаланбайды. «Қазақ» кооперациясының жұмысына жоғары баға береді. «Қазақ» кооперациясы «Бірлік» кіндік ұйымындағыдай кооперация аштық дегендерге тауар үлестірмеді. Тауарды ұйым өзі таратты. «Қазақ» әр

дүкенге өз приказчигін қойды. Ол шаруашылықты жүргізіп, елдің мұқтаждықтарын біліп тұрды.

Алаш зиялылары Кеңес үкіметі орнағанға дейінгі кезеңдегі ко-операция тәжірибесін ескере келе, төмендегідей түйіндер жасайды:

Ұйым ауыл арасында емес, болыс басына салынуы керек.

Ұйымның жері орнықты болуы шарт, яғни тұрақты бір жерде орналастыру.

Ұйымның ішкі жұмыстарын қатаң есепке алу: нәрсені қалай сату керек, есепті қалай жүргізу керек

Ұйым жұмысына сауатты, оқыған азаматтар керек, оларды, әзірше, мұғалімдер атқарады.

Макроэкономика

XX ғасырдың басында ұлттық өндірісті дамытудың бірқатар қиындықтары бар еді: біріншіден, өндіргіш күштер өте әлсіз болса, екіншіден, осы күнге дейін жер қауымдық негізде пайдаланылды, онымен қоймай қазына есебіне алынып, мал шаруашылығы да құлдырауда болды, үшіншіден, капиталистік қатынастар тұрмақ, тауар-ақша қатынастарының өзі өте әлсіз еді.

XX ғасырдың басындағы терең зерттеулер нәтижесінде Алаш қозғалысы зиялылары ұлттық экономиканың тоқырауын мына жағдайға байланысты деп анықтады: *«Ауыл шаруасының ілгері басатын шарттарының бірі – айырбас, яки осы күнгі халықтың тілімен айтқанда, сауда-саттық... Бұрын қазақ шаруасы қанша молайғанмен оның алыс-берісі онша зор емес еді. Қандай ауқатты қазақ қойының жүнін сатып, сиырының сүтін сатып пайда табушы еді... Ақшаға айырбасталмайтын нәрсе жоқ. Дүниенің бәрін ақшамен алуға болады. Сондықтан жұрт ең әуелі өз нәрсесін ақшаға сатады да, содан кейін ақшасына керек нәрсесін алады. Нәрсеге ақшаны айырбастағандықты сауда дейді... Егін салушы қазақ егінін сатып пайда көрмесе, ешкім онан астық сатып алмаса, оның еңбектенген жұмысынан ешнәрсе шықпайды. Онда ол ең көп болғанда өзіне ішермендік шашып, одан артық еңбектенбейді. Артық еңбектенбесе, әрине, шаруа да ұлғаймайды. ...Қазақтың мал шаруасы көбінесе санын көбейту. Қазақ малынап тиісті пайда ала алмайды. Қазақ жылқысының, түйесінің, сиырының,*

қойының сүті, майы, өз жеуінен артылмайды. Сондықтан қазақ шаруасы ілгері баспайды».

Алаш қозғалысының қайраткерлері жеке меншік қатаныстардың дамымағандығын, жергілікті шаруашылықтар шаруашылығын қауымдық негізде жүргізіп отырғандығын ескеріп, өндірістік қатынастарды кооперативтендіру жолымен дамытуды халық назарына ұсынды. Кооперацияны ауыл шаруашылығынан бастаған дұрыс деп санап, ет-сүт өнімдерін өндіретін, тері илейтін, жүн тоқитын тағы басқа кәсіпорын түрлерін ашуға шақырды.

Ұлт көсемі Ә.Бөкейхан мал шаруашылығын асылдандыру, оның өндірістік негіздерін қалыптастыру бағытында жарияланған еңбектерін жазудағы мақсаты осы идеядан туындағанын көрсетеді. Ұлт көсемі Ә.Бөкейхан малды асылдандыру арқылы дамыту қажеттілігін күн тәртібіне қойды. Ол малды асылдандыру және ауыл шаруашылығының өндірістік күшін ұлғайту үшін сауда қатынастарын дамытудың маңызын жақсы түсінді және осы бағытта қозғалыстың өкілдеріне зерттеу жүргізу үшін тапсырмалар беріп, оларға жетекшілік етіп отырды.

Ұлттық экономиканы дамытуда сауда қатынастарын ынталандыру және ішкі саудада ұлттық басымдықты күшейтуге үгіттеу 1915 жылдан басталды десек, қателеспейміз. «Қазақ» газетінің бетінде А.Асылбековтың «Ұйым керек» атты мақаласы басылды: *«Осы кезде біздің жұрт тамағын өзі істеп, киімін өзі тоқып киіп отырған жоқ. Қолындағы азды-көпті барын беріп, сырттан айырбас қылып, саудамен алып отыр. ... байқап қарасақ, дүние керегінің бәрін қолдағы алтынымызды беріп, бәрін сырттан алып отырмыз. Халық қолындағы жақсысын жаманға, қымбатын арзанға айырбастаса, кедейлікке жол ашық, - дей келе, Біздің Қарқаралы уезінде высотски шайы қорда шай атанса да, өтуі тамаша. Біздің бір болыс ел жылына 50-60 мың шамалы пұл өткізін береді. Бұл қазақтың сауда ретінде қолы жеткен жақсы жұмысының бірі: Фабриканттан араға кісі жалдамай өзі алып отыр. Көбінесе халықтың қолы фабрикантқа жете бермейді. Бірін бірі ұштастырып тұратын арадағы уақ саудагерлер. Бұлардың қызметі қазаққа арзан келмейді. Сонына 50 процент десек, асырып айтқан болмаспыз. Осы күнгі сауда-саттық реті халықты құрт жалағандай қылуға айналып барады. Көзі ашық азаматтар бірігіп, жол көрсетіп, халықты қорғау міндет. Қазаққа*

ұрымтал қалалардың, қоныс реті келісті елдердің бәрінде сауда серіктестігі, әлеумет дүкендерін ашу қажет. Пұл алса да, мал сатса да, бірігіп іс қылып, басқаға жем болмау жағын көздерлік уақыт жетті», - деп тауар-ақша қатынастарын тереңдете түсуге шақырады [2, 164].

Ұлт-көсемі Ә.Бөкеханов бастаған қазақ зиялылары ішкі сауданы қолға алып, шағын кәсіпкерлікті дамытуды ұсынды, қазіргі тілмен айтқанда «франчайзингтік» бизнесте ұлттық басымдықты күшейтіп, ұлттық сауда буржуазиясын қалыптастыру қажеттілігін көтерді. Олар сауда буржуазиясы қалыптасса, бастапқы қорлану үрдісі жүріп, бірітіндеп өндірістік буржуазия туындайтынын жақсы түсінді.

Шағын кәсіпкерлікті қолдау үшін шағын қарыз серіктіктерін ашуға насихаттады. Алаш арыстары ауыл шаруашылығын жаңа өндірістік қатынастарға бағыттап, тауар жасап, нарыққа өткізіп, ауылға капиталистік қатынастарды енгізуді көздеді.

Ә.Бөкейхан жетекшілігімен ұлттық өндірісті дамыту жолдарын жан-жақты қарастырып, оның мәселелерін шешудің жолдарын ұсынып, көп еңбек сіңірген М.Боштабаев еді [2, 148]. Ол ауыл шаруашылығын бірігіп жүргізуге, құрал-жабдықтар алып, мал өнімін өндіріп, тауар жасап, нарыққа шығаруға шақырды.

Қазақ зиялылары ХХ ғасырдың басында ұлттық шаруашылықтың потенциалын білді. Ұлттық шаруашылықтың мүмкіндіктері шектеулі болғандығын М.Дулатовтың мына сөздерін анық байқауымызға болады: *«завод, фабрика ашу, әрі сауда мен магазин иесі болу жеке-жеке әрқайсымыздың қолымыздан келмесе де, бірігіп қолдан келерлік кел-кетіктерге пайдалы істер кооперация, яғни бірігіп іс жүргізу, мысалы уақ қарыз серіктігі»* [6].

Алаш қозғалысының зиялылары зауыт-фабрика ашуға мамандардың-кәсіпкерлердің жетпейтінін сезінді. Олар «Қазақ» газеті ашылған бетте-ақ, ағартушылық қызметіне кірісіп, төтесінен қойып, жастардың білім алуына көп мән берді және оның маңызын жақсы түсінді. Білім мен ғылымның ұлттық экономикаға тікелей ықпалы туралы М.Дулатов 1913 жылы «Қазақ жайы» мақаласында ашық жазды: *«Бізде ғылым жоқ, өнер жоқ, кәсіп жоқ. Бұлардың бұрынан жоқтығы керегі болмағаннан еді. Енді де керек емес пе? Бұларды енді керек қылмасақ күні бұрын өзімізді құдайға атаған малдай, басқалардың есігіне арнап қою керек. Оқымаған, өнерсіз.*

кәсіпке ебі жоқ адам басқаларға жалданғаннан басқа неге жарайды? Өзінде ғылым жоқ, өнер жоқ, кәсіп жоқ жұртқа малайлыққа жалданғаннан басқа қолынан келері жоқ. Оның шет жағасын байқаған адамдар көріп отыр. Неге басқалардан қазақ есінде жүріп малай болушылар аз, басқалардың есінде қазақтан жалшылықта жүрушілер көп. Бұл басқалар ісінің үстемдігін көрсетеді. Осыған осы бастан көз салып, ойланарға керек. Бұл жеңіл-желпі қарай, көздің қырын салып қана өтетін емес көп тоқтап қарап, мықтап ойланатын нәрсе» [2, 31].

Алаш қозғалысының зиялылары білім мен ғылым ұлтты жаңа сапаға көтеретінін, жаңа мамандықтар дайындайтынын, ұлтқа жаңа мінез-құлық, сипат беретінін жақсы түсінді, жан-жақты ағартушылық қызметін жүргізуі де осы себепке байланысты еді.

Алаш арыстары ұлттық өндірісті дамытудың төмендегідей қағидаларын анықтады: біріншіден, қазақ өндірісінің дамуын бірітіндеп, табиғи жолмен жүргізуді дұрыс деп шешсе, **екіншіден,** барлық субъектілердің құқықтары тең дәрежеде қорғалып, адал, ашық жұмыс істеуі шарт деп есептеді. Бұл бағдар артынан Алаш партиясының бағдарламасында көрініс тапты.

Алаш қайраткерлерінің ұлттық өндірісті дамыту бағытындағы ойлары мен ұсыныстары, артынан, Алаш партиясының бағдарламасында тұжырымдалды.

Алаш партиясы бағдарламасының үшінші бөлімінде барлық адамның жеке бас бостандықтары мен құқықтарының теңдігі атап көрсетіліп, әр азамат ұйым ашуға, кәсіпкерлікпен шұғылдануға толық құқығы бар екендігі айтылған және адам мен азаматтардың құқықтарының сақталуын, қорғалуын мемлекет толық кепілдендіретіні, қоғамдық қатынастар заң негізінде ғана реттелені жазылды: *«Россия республикасында дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демей адам баласы тең болу. Жиылыс жасауға, қауым ашуға, жария сөйлерге, газет шығаруға, кітап бастыруға еркіншілік. Үкімет қызметшілері, иесінен рұқсатсыз ешкім табалдырығын аттамаушылық. Законсыз жолмен ешкімді үкімет адамдары ұстамаушылық» [7].*

Алаш партиясы барлық кәсіпорындар мен шаруашылықтар салықты табысына қарай төлейтінін жазды: *«Салық мал-ауқат, табысқа қарай байға байша, кедейге кедейше гаділ жолмен таратылу [7].*

Барлық жер ресурстары мемлекеттік меншік деп жарияланды, оның игерілуін мемлекет реттеп отыратынын айқындады: *«Жер заңында жер сату деген болмау, әркім өзі пайдалану. Пайдасынан артық жер сатылмай, земствоға алыну. Жердің кені, астығы, байлығы қазынаныкі болып, билігі земство қолында болу»* [7].

Ә.Бөкейхан бастаған қазақ зиялылары ақпан революциясынан кейін ұлттық шаруашылықты земство арқылы дамытуды ойластырды, сондықтан Бірінші жалпы қазақ сиезінде қазақ облыстарында земство мәжіліс-мекемелерін ашуды қаулы етті [8]. Алаш бағадарламасында жергілікті өзін-өзі басқаруды земство негізінде жүргізілу көзделді. Ә.Бөкейханов пен оның жақтастарының шаруашылық теориясынша өзін-өзі басқару дегеніміз, ол *«мемлекеттік басқару емес, ол қауымоастықтың істерін меңгеру. Өзін-өзі басқарудың органы арқылы мемлекеттік органдар болып табылмайды, бірақ заңды тұлға ретінде мемлекеттік басқару функциясын атқарады»* [9].

Земство – қазақ қоғамының жергілікті өзін-өзі басқару қызметін атқаратын сайланбалы үкіметтік емес мәжіліс-мекеме. Земство үш негізгі қызмет атқарды: білім беру, денсаулық сақтау, шаруашылықты дамыту.

Ә.Бөкейханов земство мәжіліс-мекемені қазақ мемлекетінің егін шаруашылығын, мал шаруашылығын дамытып, индустриаландыруға бастайтын қызметін атап айтқан: *«Земство қойма-склад жасап, жұртқа арзан егін оратып, пішен шабатын сайман алып береді. Соқасыз, шалғысыз, машинасыз қазақ болмайды. Көп земство қосылып, күрмеліп, союз болып завод ашпақ. Керек-жарақты осы заводта істетпек»* » [2, 399]. Земство жергілікті өзін-өзі басқару қызметін атқаратын сайланбалы мекеме болып табылды, сондықтан қызметіне адал, елшіл қызметкерлердің келуін қамтамасыз етіп, жемқорлықты шектеді. Бұл өз кезегінде, экономиканы модернизациялау мен ұлттық өнеркәсіпті қалыптастыруды кепілдендіретін тетік ретінде қарастырылды. Земство жергілікті өзін-өзі басқару қызметін атқарып қоймайды, сонымен қоса мемлекеттің бюджетін қалыптастырушы қызметті қоса атқаратын тетік ретінде қарастырылды, себебі земство халықтан жиналған салықты жергілікті қажеттіктерді қамтамасыз ететін соммадан артылған қаржыны ғана мемлекеттік бюджетке жіберді. Бұл өз кезегінде, салық ретінде халықтан жиналған

қаржының екі жақты бақылауда болуын қамтамасыз етті. Земство жергілікті қажеттіліктерге қажетті қаржы соммасын үкімет алдында дәлелдеуді көздесе, үкімет республикалық бюджеттің неғұрлым толықтыра түсуін, земствоның қаржыны тиімді жұмсалыуына мүдделі болып, оның қызметін толық қадағалады.

Алаш арыстары қазіргі кезде біздің мемлекеттік бағдарламаларымызда жазылған мақсаттарымызға қол жеткізудің концепциясын сол кездің өзінде жасап бергенін көсетеді. Егерде Қазақстан Республикасында да жергілікті өзін-өзі басқару институттары күшейтілсе, экономиканы модернизациялауға бөлінген қаржының тиімді жұмсалыуына мұрындық болатын еді.

1917 жылы шілде айында Бірінші жалпы қазақ сиезі өтіп, Алаш партиясы құрылса, желтоқсан айында Екінші жалпы қазақ сиезі өтіп, Алаш орда үкіметі құрылды, ал Алаш орда өзінің егемендігін 1918 жылы 11 маусымда жариялап, ресми түрде өзінің қарамағындағы барлық земство мәжіліс-мекемелерінің толық жұмыс жасай бастағанын мәлімдеді [8, 379]. Осылайша, Алаш қозғалысы қазақ шаруашылығын дамытудың теориялық негізін ғана жасап қойған жоқ, оны белгілі бір дәрежеде іс жүзінде жүзеге асыра білді. Бұл Алаш ұл-азаттық қозғалысы – ХХ ғасырдың басында-ақ елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы ескерілген, халықтың әл-ауқатын арттыртуға бағытталған, өміршен, әрі ғылыми экономикалық бағдарламалар жасауға толық мүмкіндігі бар буржуазиялық-либералдық сипаттағы қозғалыс болғандығын көрсетеді және бұл бағдар сол кезеңін өзінде жүзеге аса бастап, тіпті бүгінгі күні де маңызын, өзектілігін жойған жоқ дегіміз келеді.

Мегаэкономика

ХХ ғасырдың басында Алаш қозғалысының зиялылары халықаралық экономикалық жүйе қалыптасып, әлем елдерінің өзара қарым-қатынастары тереңдей түскенін, ынтымақтасқан мемлекеттің ұтып, оқшауланған мемлекеттің ұтылатынын айқындады. «Шаруашылық өзгерісі» деген мақаласында, әр мемлекеттің өз қол астында бір қолдан екінші қолға өткен сауда сомасынан гөрі басқа мемлекеттермен алыс-беріс қылған сауда сомасы артық болған заман. Жылына сол алыс-беріс болып тұрмаса,

мемлекет шаруашылығы күйзеліп, түрлі кәсіптер сынбақшы, халық апатқа ұшырамақшы. Мысалы, Англияға басқа мемлекеттерден астық бармаса, халықтың үштен екісі аштан қырылмақшы. Россия астығын басқа мемлекеттерге жібере алмаса, Россия шаруашылығы күйзеліп, мемлекет байлығы сынбақшы деп дәлелдер келтере отырып анықтап береді [2, 245].

Алаш қозғалысының зиялылары мемлекеттің экономикасы неғұрлым дамыған сайын, сыртқы сауданың маңызы нығайып, кәсіпорындардың табысын ұлғайта түсу үшін ұлттық саудамен ғана емес, басқа мемлекеттердің жеріне де тауарларын өткізу арқылы мүмкіндіктерін ұлғайта алатынын жақсы білді.

Қазақ зиялыларының жаһандық экономика кеңістігіне кірігудің маңызын бетбұрысты кезеңдерде қабылдаған құжаттарында көрініс тапты.

1917 жылы 2-8 сәуір аралығында Торғай облыстық сиезінде қабылданған қаулының 12 бөлімінде «Бостандықты нығайту үшін жауды жеңуге қазақ халқы қолынан келгенше жәрдем етпек: мал, азық-түлік бермек» деп жазды [10], себебі Ресей халықаралық саудадан оқшауланса, Алаш Орда да оқшауланатын еді. Алаш Орда халықаралық қатынастардан оқшауланса, өндірістік қатынастарды дамытатын мүмкіндіктерден айырылып қалатын еді. Ең біріншісі, ол әрине, әлем нарығы, олар бүкіл әлемге сапалы мал шаруашылығы өнімдерін өткізуді ойластырды. Екіншісі, ол инновациялық жаңалықтарды ұлттық өндіріске ендіру мүмкіндігі. Үшіншісі, ұлттық өндірістік қатынастарды дамытатын ғылым мен білім мүмкіндіктерінен айылып қалу қаупі. Ресей халықаралық шарт талаптарын орындамаған жағдайда, оқшалануына әкелетін еді, сондықтан бұл жағдайды болдырмауға тырысып бақты.

Алаш Орда ұлттық үкіметін құрды. Үкімет 25 адамнан тұрды. Оның 15 орны жергілікті халыққа бөлінсе, 10 орны азшылық болып табылатын халықтарға арналды. Үкіметті бұлайша құрудың астарында тек қана саяси мақсат қана жатқан жоқ, кемел болашақты болжай білген көрегендік жатыр.

Алаш зиялылары Алаш елін демократиялық мемлекет етіп, барлық ұлттардың құқықтары мен бостандықтарын теңестіру арқылы саяси тұрақтылықты қамтамасыз етеді, оны инвестициялық тұрғыдан тартымды етіп құрады. Үкімет құрамынан басқа этностарға орын берілуі, шет мемлекеттерден жоғары дәрежелі

мамандардың да келуін және қызығушылығын тудыратын, себебі олар Алаш елінде қызметтік және бизнестік ірі жетістіктерге жетіп, оның сақталуына сенімділік берді. Бұл өз кезегінде трансұлттық компаниялардың құрылуына да ықпал етіп келді. Қазіргі күні, мысалы, ұлттық өндірісті қызғыштай қорғайтын Еуроодақ мемлекеттерінің барлық өндірістік қуаты АҚШ өндірістік қуатымен салыстыруға келмейді. АҚШ-тың тұрақты табысы өте жоғары болып келеді, себебі онда трансұлттық компанияларға басымдық беріледі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Шаруашылық өзгерісі // «Қазақ» газеті 1915, № 165.
2. «Қазақ» газеті / Бас редакторы Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 245 б.
3. Тұрғанбай М. Шаруашылық // Абай 1918. №1, 4 ақпан.
4. Бөкейхан Ә. Қыр баласы. Игілік іс. // «Қазақ» газеті 1915, №107, 25 ақпан
5. Садуақасұлы С. Кооперация һәм қазақ шаруасы // Садуақасұлы С. Үш томдық шығармалар жинағы. Т.2. Құраст. Д. Қамзабекұлы – Астана: «Нұра-Астана», 2013. 86-85 бб.
6. Дулатов М. Бес томдық шығармалар жинағы. Екінші том: Көсемсөз, әдеби-сын және зерттеу мақалалары. // Құраст: Дулатова Г., Иманбаева С. – Алматы: «Мектеп баспасы» ЖАҚ, 2003. – 183 б.
7. «Алаш» партиясы программасының жобасы // «Қазақ» газеті 1917, №251, 21 қараша
8. Алаш. Алашорда. Энциклопедия / Құраст.: Ғ.Әнес, С.Смағұлова. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 444 б.
9. Табанов С.А., Оразова А.Ә. Күрделі заманның өтпелі кезеңдеріндегі қазақ қоғамы Ата заңдарының (Конституцияларының) тарихи-құқықтық сабақтастығы. – Алматы: Жеті жарғы, 2005, – 23 б.
10. История Западного отделения Алаш-Орды. Сборник документов и материалов. / Под общей редакцией М.Н. Сдыкова Т.1., Уральск, 2012. – 38 б.

**III-номинация: «АЛАШ»
ҚОЗҒАЛЫСЫ ТАРИХЫНДАҒЫ
БЕЛГІСІЗ ОҚИҒАЛАР МЕН
ЖАҢА ЕСІМДЕР**



ҚАРЛЫҒАШ ИБРАГИМОВА
Абайдың мемлекеттік қорық-
мұражайының бөлімі
«Алаш арыстары – Мұхтар Әуезов»
мұражайының аға ғылыми қызметкері

АЛАШТЫҢ АЙТУЛЫ АЗАМАТЫ ӘНИЯР МОЛДАБАЕВ ЖӘНЕ «АЛАШ АРЫСТАРЫ-МҰХТАР ӘУЕЗОВ» МҰРАЖАЙЫ

Кез-келген мемлекеттің негізгі мақсаты - ұлттық рухы биік тұлғаларды қалыптастыру болып саналады. Ұлттық рухы биік жан тұлғалық деңгейге жетіп игілік пен ізгіліктің шапағатын өз айнала-сына тигізіп қана қоймайды, ұлтын өрге сүйрейді, келер ұрпақтың есті болып жетілуіне өзіндік үлесін қосады. Ұлттық рухы биік тұлғаны қалыптастыру үшін өткен тарих даналығына зер саламыз.

XX ғасырдың басында қазақ қоғамындағы түрлі қызметімен халыққа жақсы танымал болған осындай айтулы тұлғалардың бірі-Әнияр Молдабаев еді. Ол елге есімі белгілі оқымысты, шенеунік, мемлекеттік банк қызметкері дәрежесіне көтерілген адам.

Әнияр Молдабаев 1856-1934 жылдары аралығында өмір сүрген, Абай ауылының азаматы, Шыңғыс болысы, Тобықты ішінде Әнет руынан, әкесі Қожабай ағаштан түйін түйген бесаспап шебер болған.

Әнияр ұлы Абайдың тәрбиесін көрген адам. Ақын бала Әниярды Семей қаласына әкеліп, «Русско-киргизское училищесіне» оқуға табыс етеді. Бұл оқу орнын XIX ғасырдың орта тұсынан бастап қазақ балаларын оқытуға үкімет әдейі арнап ашқан. Патшаның кеңселеріне керек тілмаштар мен көмекшілер, ұсақ шенеуніктерді қазақтың өзінен сол школдар әзірлеген.



Әйгілі жазушы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Әниядың прототипі Данияр Қондыбаев деген атпен көрсетілген. Мұнда Абайдың бірнеше жетім балаларды оқуға түсіргендігі туралы, соның ішінде Әнияр туралы да айтылған.

«Осы жолы өз балаларының ғана оқуы емес, тағы бірнеше жетім жастарды Абай өз талабымен, оқуға бергізді. Бұл балаларды көршілес жатақтарынан арнаулы кісілермен алғызған. Соның бірі, Ералы жатағындағы Әнет-Молдабай баласы Данияр деген жетім бала. Бұның оқуға түсуі-өрескел бір күйден туған. Соңғы

екі жыл бойында корпус пен Семей жандаралы тарапынан шыққан бір бұйрықта, қазақтан болыс басы бір бала орысша оқуға берілсін делінген. Сол бұйрық Тобықты болыстарына барса, әкесі бар баланы ешбір ауыл қимаған да, бермеген. Берсе жетім берілсін деп, ол жетімдерге және де иелер табылып, құнын төлемесе берместей болған. Осы жайында бір күні Абайға Михайлов сөз кылып, күйінішпен күліп отырып, «бар Семипалат уезі жиылып, бір баласын оқуға беруге қимайды. Осының не шарасы бар?» деп сұраған.

Сол хабарды білісімен Абай, Тобықтының өзі білген, тілін алады дейтін адамдарының барлығына, қалада жатып хат жазған. Шыңғыс болысының есебінен деп, жатақ баласы Даниярды қалаға алғызып кеп, интернатқа бергізді. Молдабайға сәлем айтып, Шағаннан тапқаны- сол ел ішінде отырған, аз ұйлы кыргыздың жетім баласы Омарбек. Оны да орысша оқуға бергізді. Тәкежанға хат жазып, Қызыладырдан және бір жетім баланы- Құрманбай дегенді алғызды. Ералы жатағына бұдан тыс және бір екі баланы оқуға бергізді. Олар Абайдың өзінің аталас елі емес, Мамайдан шыққан, жатақ балалары. Екі жетім, Садуақас пен Қасен деген балалар болатын. Бұл екеуін Абай мұсылманша оқуға бергізді» деп автор өзінің әйгілі романында суреттейді.

Әнияр данышпан ақынның көмегімен Семей қаласында алған орысша бес сыныптық бастауыш білімін Ташкент қаласында жалғастырады. Содан екі жылдай Ташкентте, үш жыл бойы Марғұланда патшалық кеңселерде қызмет етті. Өзбектің Афтап атты қызына үйленіп, отбасын құрады да елге көшіп келеді.

Осыдан кейінгі оның өмірі мен қоғамдық қызметі тікелей Семей қаласында өтеді.

Әнияр Молдабаев сол кездегі мемлекеттік банктің қазақ арасынан шыққан тұңғыш қызметкері. Әдетте, Әнияр Молдабаевтың қоғамдық қызметі туралы айтқанда, алдымен оның банк саласындағы жұмысы ауызға ілінетіні анық. Мысалы, сондай бір дерек- 1915 жылғы «Қазақ» газетінде: «Семей. 1913 жылы Семейде Общество взаимный кредит банкысы ашылып еді. Сол банктің қазір 301 члены, 41 мың 820 сом капиталы болды. Биылдан бастап бұл банкке ақша салғандарға салған сомасынан 10 есе артық кредит ашылатын болды. Бұл банктің учетный комитетіне 12 кісі сайланды, мұның екеуі -қазақ. Государственный банкте көп жылдан

бері қызмет етуші Әнияр Молдабаев Һәм Заречный слободка саудагері Ғабдулрахман Юсіпұғылы (*Абдрахман Жүсіпов*). Бұл екеуі де халық жайын жақсы білетін адамдар...» деп берілген. Бұл банкті қазақтар «Уақ-қарыз» серіктігі деп атаған. Егерде 1918 жылы «Абай» журналын бастырушы «Уақ-қарыз» серіктігі екенін ескерсек, онда Әнияр Молдабаевтың да бұл іске қатысы болған деп ойлаймыз. Ал, Абдрахман Жүсіповтың үйінде орналасқан «Жәрдем» баспасынан «Абай» журналы мен «Сарыарқа» газеттері шығып тұрған.

Алаш ұлт-азаттық қозғалысы жылдары Әлихан Бөкейханның басшылығымен «Алаш» партиясының Семей облыстық комитеті құрылған кезде Әнияр Молдабаев бірауыздан оның қазынашысы болып бекиді. Әрине, партияның мүшелік жарнасын жинау, жалпы партиялық қаржы мәселесі секілді жауапты істер кім көрінгенге сеніп тапсырыла бермегені түсінікті.

Осы жылдары ол Шәкерім Құдайбердіұлы, Көкбай Жанатайұлы, Нәзипа Құлжанова, Турағұл Абайұлы, Халел Ғаббасов, Әлімхан Ермеков, Райымжан Мәрсеков, Ахметжан Қозыбағаров, Бидахмет Сәрсенов тәрізді тағы басқадай ұлт зиялыларымен бірге Земство басқармасының мүшесі болып енеді.

Әниярдың өз заманында көрнекті қазақ интеллигенттерімен тығыз байланыста болғандығына тағы бір дәлел жазушы және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің былай деп жазып келтіруі:

– «Семейде областной «Алаш» партиясының ашылған хабарын жазған едік. «Сарыарқаның» соңғы нөмірінде бұл туралы мынадай мақала басылды: «Алаш» партиясының Семейде уақытша областной комитеті ашылды. Комитетке кірген кісілер:

– Әлімхан Ермеқұлы, Райымжан Мәрсеқұлы, Имам Әлімбекұлы, Ахметжан Қозыбағарұлы, Турағұл Құнанбайұлы, Сыдық Дүйсенбайұлы, Данияр (Әнияр) Молдабайұлы т.б. Комитет председателі Халел Ғаббасұлы, секретары Сыдық Дүйсенбайұлы, қазынашысы (казначей) Әнияр Молдабайұлы, құрметті председателі Әлихан Бөкейханұлы делінген. (Сәкен Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешу» 1960 жыл басылған).

Әнияр Молдабаев, шынында ұлы ақынның қамқорлығын көп көрген адам. Тіпті қаржы жағынан да көмектесіп, Семейден Москвин деген көпестің үйін сатып әперген де Абайдың өзі және

балалары еді. Бұл үйге Кәкітай, Шәкерім, Мағауия, Ақылбай, Турағұлдар жиі келіп жүрген. Кезінде Мұхтар Әуезов те осы үйде пәтерде тұрған.



Әнияр Молдабайұлының үйі Семей

1904 жылы тамыз айының орта шенінде, Семей қаласындағы Әнияр Молдабаевтың үйінде Абайдың қырқы беріледі де, тап сол күні түнде араға қырық күн салып қатты қайғы болып отырған оқиға тағы жалғасып, Мағауия мен Абай, яғни әке мен бала қазасынан кейін Әниярдай қамқор аға үйінде ұлы ақынның үлкен баласы Ақылбай жүрегі соғысын тоқтатады.

Сөйтіп, кейінде Семейдегі бұрынғыша - Комиссар көшесі, қазіргіше - Бөгенбай батыр 132 үйде Абайды жақын білген ел зиялылары, алаш азаматтары Әнияр ағаларына сәлем беріп, жиналып тұрады. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, яғни, 1923-1930 жылдар мөлшерінде Әнияр қарт Шыңғыстауға ел ішіне көшіп, Шәкерім қажы ауылдарымен қатар қоныста отырады. Алапат ашаршылық, саяси төңкеріс кезең тұсында көненің көзі Әнияр қарт баласы

Сапарғалиға тастап кеткен Семейдегі тарихи үйіне қайтып барып, кей деректе 1932 жылы, кей жерлерде 1934 жылы қаңтар айында жарық жалғанмен қош айтысады. Сүйегі Семей мұсылман зиратына қойылған.

Осы орайда, Әнияр Молдабаевтың баласы Сапарғалидің Абайдың әдеби-мемориалдық мұражайы қорында қолжазба ретінде сақталған естелік әңгімесіне назар аударайық. Онда:

— XIX ғасырдың II-ші жартысында Ресей патшалығы өзіне кадр (*тілмаш*) орысша оқытуға әрбір болыс елден екі баладан алатын болған. Әнияр Тобықты Әнет деген рудың Қожабай деген кедей шаруаның баласы. Қожабай төсек, жұкаяқ, тағы басқа заттарға сүйектен ойып әшекей жасайтын қолы шебер адам болыпты. Сол өнерін көрген Абай Қожабайды ауылына көшіріп алып, ұсақ жұмыстар істетіп жүргенде Қожабай өліп, одан үш жетім бала қалады. Соның кішісі 8 жасар Әнияр болады.

Әнияр жасынан өжет, пысық болыпты. Жоғарыда айтылған орысша оқуға, Абайдың елі «Күшік-Тобықты» болысынан екі бала жібер деп, бұйрық келгенде Абай көршісі Қожабайдың әйелін үгіттеп көндіріп Әниярды Семейдегі «Интернатқа» оқуға жібертеді. Оны апарып тапсырып келуге Қожабайдың бірге туысқан інісі Молдабайды қосады. Молдабай Әниярды өз атына жаздырып, тапсырып қайтады. Әнияр Семейден төрт жыл орысша жақсы оқып елге келгенде, Абай оның талабы барлығын байқап, Ташкент қаласындағы орта білім беретін бір оқуға жібереді. Әнияр сол оқу орнында оқып, онан кейін Әндижан деген қалаға барып, қызмет істей жүріп, бір өзбектің қызына үйленеді.

1892 жылы Шыңғыстағы еліне қайтып келеді. Сол жылы жаз елде болып, күздікүні Абайдың көмегімен Семейге келіп, «Государственный банк»-қа переводчик болып қызметке орналасады.

1893 жылы май айында Әнияр аз күнге демалыс алып, Ақшоқыдағы Ысқақ ауылына келеді. Ертеңіне Абайға сәлем беремін деп, Ақшоқының сыртындағы «Көк-үйірім» деген бұлақта отырған Абай ауылына бармақшы болады. Қасына Кәкітай және оның үлкен ұлы Архам Ысқақов еріп келіпті.

Абай үйге сәлем беріп, кіріп келген Әниярға қарайды да:

— Қызмет қандай, меңгере алдың ба?

Әнияр банкте переводчик болып жатқанын айтқанда,

– Айлық еңбегін қанша?- дейді.

– 30 сом.

– Өз үйің бар ма?-дегенде:

– Маған үй қайда Абай аға! Татардың бір кішкене үйінде ақша төлеп жалдап алып тұрып жатырмын. Енді Абай Әниядан көзін аударады да, төменгі жақта отырған Мағауия, Кәкітай, Ғабидуллаларға қарап:

– Сендер ақылдасып, мына Әниядға бір үй сатып әперіңдер, бас қосып, мал үлесіп жисаңдар көпке ауырлық түспейді,-дейді.

Сонда Мағауия:

– Әнияд аға, Семейде өзіңізге қолайлы сатылатын үй барын білмедіңіз бе? – дегенде. Әнияд:

– Шаған еліндегі саудагер ноғай Ахметжан Ғаббасов «Москвин деген байға берешегін өтей алмаған соң, басындағы үйін беріпті. Сол үйді Москвин сағамын деп еді, бірақ бағасы қымбат 500 сом сұрайды. деді.

Оған қанша мал керек десіп есептегенде 30 бесті, яғни 200 қойдың бағасы екен десіпті.

Абай Кәкітайға:

– Қолыңа қағаз, қарындаш ал, ал менің айтқанымды жаз,- деді де, Мағауия 5 бесті, Кәкітай 3 бесті, Ғабидулла 5 бесті, Абайдың өзі 7 бесті тағы өз қоғамындағы адамдардың шама-шарқына қарай айтып, жазғызып есептегенде 35 бесті болыпты.

Бсқақтың баласы Кәкітайға осы жиналған малды қалаға апарып сатып, түскен қаражатты Әнияддың қолына беруді тапсырады. Абайдың сол әмірі айтқан мерзімінде орындалып, осы үй сатып алынды деп, өзімнің туған әкем Әнияд сан рет айтып отыратын. Сол сияқты Архам ағам да сан рет айтқанды.

Бұл үй алғашқы алғанда астылы-үстілі екі бөлмеден тұратын төрт бөлмелі болған. Әнияд оған жалғастырып, үлкейтті. Абай, Мағауия, Кәкітайлар Семейде болған уақытында жататын мекен жасады. Әсіресе, Абай жиі келіп, айлап, тіпті жылдап жататын.

Мен – Сапарғали Әниядұлы 1890 жылы туыппын. Менің 8 жастар шамасына келгенде Абай атам, кәзіргі музейдің «Мемориальный залы» болып тұрған бөлмеде, ортасына кілем, сырмақ, көрпе салғызып қойып, қолтығының астына екі-үш жастықты қойып, дөңгелек үстелдің үсті толы кітапты оқып, жазу жазып шынтақтап,

жантайып жағушы еді. Менің шешем Абайдың ішетін тағамын дайындап, шайын құйып беріп, сол бөлмені Абайға арнап, таза ұстап отыратын. Абайды арнайы басқа жерден іздеп келушілерді, осы үйде қабылдап отыратын.

Мен –Сапарғали ол кезде жаспын. Ол кісінің не сөйлесіп, не айтып жатқанына мен мән бере алмайтын кезім, сондықтан, Абай мынадай сөздер айтып еді деп, айта алмаймын. Тек менің есімде қалғаны, Абай отырған бөлмеге кейде ойнап жүріп кіре қалсам, ей, қараңұшық бала бері кел деп, шақырып, қасына отырғызатын. Дөңгелек бет, толық, қараторы, денелі адам еді.

Әкем Әнияр 1919 жылдар болуы керек банктен пенсияға шығады. 1910 жылдан мен өзім де сол банкте қызмет істей бастадым. Кредитное товариществодан бастап системный государствен- ный банкке повышение алып, әкемнің қызмет орнына отырдым.

Әкем Әнияр 1934 жылы 21 январьда таңертеңгі сағат 4-те сол өзіміздің үйдің астыңғы этажында қайтыс болды. Әкем көзінің тірісінде бұл үйді банкке өткізіпті. Өзім көп жыл осы банкте істедім. Үйімді банктің балансына беремін деп беріп кеткен екен. Осы күні банк архивінде әкем Әниярдың қолжазбасы бар. Абай му-зейі біздің үйде орналасқанда Абайдың өзі жататын бөлмесіндегі біздің үйдің мүліктері Абай пайдаланған мүліктер ретінде сол үйде қалды. Ол мүліктер мыналар еді:

1. Айна, ортасынан сынып жарылған;
2. Жазу столы, кресло орындығымен;
3. Көкегі бар кішкене ағаш сағат;
4. Кітаптар салатын шкаф;
5. Ағаш төсек.

Менің әкем Әнияр, маған Кәкітайдың қызы Қабиданы алып берді. Ол кісімен 38 жыл бірге тұрдым. Қабидадан бір қыз, бір ұлым болды. Қызым Күләш 1953 жылы қайтыс болды. Ұлым-Мұқыш, қазірде тірі, ауырып больницада жатыр,-делінген.

Әниярдың үйі демекші, Абайдың тұңғыш өлендер жинағы бас-падан шығар алдында, осында Кәкітайдың араласуымен бірталай жұмыстар атқарылған. Және осы жинақ шығаратын И.Бораганский «Восточная электропечатная» баспаханасы бір баспа табак қағаз басып, Семейдегі Әнияр Молдабаевтың үйіне жіберіп тұратын бол-ды. Әнияр болса бұл қағаздарды Кәкітайға жеткізіп тұрды. Кәкітай

оның қатесін түзеп, қайта Петербургке жіберетін болды, одан тағы басылып келіп қайтып отыратын еді. Осындай сергелденмен жүріп, Абайдың бірінші өлең жинағы 1909 жылы, яғни, үш жылда зорға жарыққа шықты.

Сол сияқты Әнияр Молдабаевтың үйінде азаматтық қарсыласу жылдары Алашорда басшылары Әлихан Бөкейхан мен Міржақып Дулатовтың отбасылары тұрғаны туралы Гүлнар Міржақыпқызы: «Әкем 1921-1922 жылдары Семей губсотында жұмыс істеді де, біз Комиссарская көшесіндегі Әнияр Молдабаевтың екі қабатты жекеменшік үйінде тұрдық *(кейін Абай музейі болды)*. Үстіңгі қабатында біз-Дулатовтар, біріншісінде Әлихан атакемнің *(Бөкейханов)* үй-іші жайғасқан еді» деп өзінің «Алаштың сөнбес жұлдыздары» атты мемуар еңбегінде еске алады. Ал, көрнекті жазушы Сапарғали Бегалин «Замана белестері» кітабында Әниярдың үйінде тұрып, оның жақсы танысы, ерлі-зайыпты Нұрғали және Нәзипа Құлжановтардан дәріс алғанын әңгіме етеді.

Енді кезекте Абай қалаға келгенде тоқтап жүрген екі қабат ағаш үй, қазірде «Алаш арыстары-Мұхтар Әуезов» деп аталып жүрген мұражай тарихына тоқталсақ.

Семей-тарихи, шежіре қала. Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезовтің даналығы қанат бітіріп, дем берген қадірлі де қасиетті атамекен. Алаштың астанасы болып саналатын әсем қала.

В настоящее время у казахов, как и в конце XIX – начале XX в. (Рис. 4) [РЭМ], деревянная посуда представлена в большом количестве. Кожаная посуда встречается крайне редко.



*Рис. 5. Блюдо, кови для разливания кумыса и чехол для блюда.
Казахи. Конец XIX – начало XX в. Фонды РЭМ.*

Итак, этнографические сюжеты, представленные в научном наследии А. Букейхана, выходят далеко за рамки антропологии питания. В его трудах предметно-образный мир казахов, связанный с таким культурным феноменом, как кумыс, получил яркое отражение. Анализ письменных источников, в сопоставлении их с полевым этнографическим материалом, позволяет сделать вывод о том, что кумыс у сельских казахов стал частью повседневной жизни и продолжает сохранять локальную специфику, которая во многом обусловлена различными местами проживания. Кумысу ученый придавал очень важное значение не только как напитку, удовлетворяющему витальные потребности организма, но и выполняющему семантическую функцию. Он присутствовал в обрядах календарного и семейного циклов, являлся престижным напитком, важным символом гостеприимства, к которому сохранилось уважительное отношение.

Сегодня наша задача видится не столько в продолжении связанной с ним этнокультурной традиции, сколько в реактуализации роли и значения напитка как символа-бренда казахского государства, занятого проблемами поиска национальной идеи. Как нам представляется, кумыс, содержащий в себе многозначную символику и «культурную память», способен выполнить задачу воспитания здоровой нации.

СПИСОК ИСТОЧНИКОВ И ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Букейханов А. Киргизы // Формы национального движения в современных государствах. Под ред. А.И. Костелянского. Спб., 1910. С. 577 – 600; А.Н. Ценный кладь старины // «ОП къ «Акмолинскимъ областнымъ ведомостямъ», № 47 от 24.11.1889 г. Омскъ; Туземець. Женщина по киргизской былине «Кобланды» // Туркестанскіе ведомости, газ., от 9 мая 1899 г. Ташкент; Букейханов А. О киргизскихъ поминкахъ (ответъ на статью г. Нурджанова въ «Туркестанскихъ ведомостяхъ» // Киргизская степная газета, № 7 от 22.02.1900 г. Омск. Он же. Схема родов. Омский уезд. Приложение к родовым схемам // Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и обработанные экспедицией по исследованию степных областей. Омский уезд. Акмолинская область. Т. 11. Омск: Типографія штаба Сибирского военного округа, 1902. С. 43-45; Букейханов А., Чорманов М. Заметки о киргизахъ Павлодарскаго уезда // Записки ЗСОИРГО.- 1906.- Омск, кн. XXXII. С. 1-30; Сынъ степей. Снятое молоко как средство противъ вымиранія киргизъ // Киргизская степная газета, № 14 от 30.04.1900 г. Омск.

2. Букейханов А. Сведения о киргизском хозяйстве Степного края от 15 января 1902 года // Отпечатано по постановлению Омского отдела Императорского московского общества сельского хозяйства. Омск: Типографія штаба Сибирского военного округа, 1902; Он же. Скотоводство // Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и обработанные экспедицией по исследованию степных областей. Омский уезд. Акмолинская область. Т. 11. Омск: Типографія штаба Сибирского военного

округа, 1902. С. 46-62; Он же. Овцеводство въ Степномъ крае // Швецовъ, С.П. (ред.). Материалы по экономическому обследованію районовъ Сибирской железной дороги, томъ 1, выпуск №1. Животноводство. 1904 г. Томскъ, 1904 г.; Киргиз-кайсакъ. Судьба киргизского землепользованія // В мире мусульманства, газ., № 27 от 21 (3 ноября) октября 1911 г. Спб.

3. Геродот. История. В 9-ти кн. Книга четвертая. Мельпомена. – М.: «Ладомир», 1999. – 752 с.

4. Плано Карпини и Гильом де Рубрук. Путешествие в евразійские степи. – Алматы: ИД «Кочевники», 2003. – 240 с.

5. Myers A. M. Koumiss: Milk Champagne. The Great Russian Remedy for Wasting. Debilitating and Nervous Diseases. San Francisco. 1877.

6. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Часть третья: этнографические известия. – Спб.: Типография Карла Крайя, 1832. – 304 с.

7. Токтабай А. Қымыздың түрлері және зерттелуі жайында // Оразбаев оқулары – 2: халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. бб. 248-254.

8. Outram A.K., Stear N.A., Bendrey R., Olsen S., Kasparov A., Zaibert V., Thorpe N., Evershed R.P. The Earliest Horse Harnessing and Milking // Science. 2009. pp. 1332 – 1335.

9. Потапов Л.П. Особенности материальной культуры казахов, обусловленные кочевым образом жизни // Сборник Музея антропологии и этнографии. Т. 12. – С. 43 – 70.

10. Полевые материалы автора (далее ПМА), 2014 г. лл. 1-5.

11. Даржа В. Лошадь в традиционной практике тувинцев-кочевников. – Кызыл: Тувинское книжное издательство имени Ю.Ш. Кюнзегеша.- 2014.- 184 с.

12. Букейханов А.Н. Казахи: историко-этнографические труды (Библиотека казахской этнографии, том 14).- Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2006. – 304 с.

13. Аргынбаев Х.А. Историко-культурные связи русского и казахского народов.- Павлодар: НПФ «ЭКО», 2005. – 242 с.

14. Фототека Исторического архива Омской области.

15. Радлов В.В. Из Сибири. Страницы дневника. – М.: «Наука», 1989.- 747 с.
16. Чорманов М. Заметки о киргизахъ Павлодарскаго уезда / Под ред. А.Н. Букейханова // Полное собрание сочинений в 9 томах / Сост. Жусип С.А. – Астана: «Сарыарка», 2010. Т. 1.
17. Фототека Государственного архива Павлодарской области.
18. Якуты (Саха) / отв. ред. Н.А. Алексеев, Е.Н. Романова, З.П. Соколова. – М.: Наука, 2013.- 599 с. – (Народы и культуры).
19. Фонды Российского этнографического музея (РЭМ).
20. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и обработанные экспедицией по исследованию степных областей. Омский уезд. Акмолинская область. Т. 11. Омск: Типография штаба Сибирского военного округа, 1902.

**XXI ҒАСЫРДАҒЫ
АЛАШТЫҢ АҚ ЖОЛЫ»
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ
БАЙҚАУЫНЫҢ
ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ**

Мұхтар Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының 1-курс магистранты Абдул Рахманұлы Абдулқарім. Алматы қаласы. (I-ші номинация)



Социолог Кенжегүл Мәлік. Қарқаралы қаласы.
(III-ші номинация)



Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технология және инженеринг университетінің студенті Айгүл Қайдарқызы Досымбекова. Ақтау қаласы. (IV-ші номинация)





АБДУЛКӘРІМ АБДУЛ РАХМАНҰЛЫ
Мұхтар Әуезов атындағы әдебиет
және өнер институтының 1-курс
магистранты (1-ші номинация)

ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ (Алаш идеясы контекстінде)

*Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді,
қазаққа қызмет қылмай қоймаймын.*

Әлихан Бөкейхан

Бүгінгі әлем елдерінің ұлттық ерекшеліктерін жалмап бара жатқан жаһандану тенденциялары, күнара жарылыс жасап, бейбіт елдің берекесін қашырып жатқан экстремистік, террористік ұйымдар, экономикалық дағдарыстардың жиілігі, үшінші техникалық революцияның дамушы елдер үшін бұлыңғыр болашағы, қоғам өміріндегі рухани деградация көріністері, әлем елдеріндегі түрлі түсті революциялар, тарихи уақыттың жылдамдығы, қазақтың өз ішіндегі таныс-білістік, трайболизм, жемқорлық көріністері – бәрі-бәрі қосылып келіп, «тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деп, өмірге келгендегі парызы мен қарызын, өткені мен бүгінін, алға қойған бағыт-бағдарын, мақсат-мұратын айқын танып, сол жолда барлық күш-қуаты мен қайрат-жігерін жұмсаған халқының адал ұлдары – Әлихан, Ахмет, Міржақыптардың рухани күш-жігерін, қайраткерлігін, ең бастысы, олардың ұлттық ұстанымдарын Қазақ Елі үшін, оның әрбір азаматы үшін ең маңызды құндылыққа айналдырып отыр. Ал осы қазақ тарихындағы жарық жұлдыздарды, ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларын бір тудың астына бірік-

тірген, сол жолда өмірлерінің соңғы секундтарына дейін қызмет етуіне күш-жігер сыйлаған бір идея болса, бұл сөз жоқ біздің ұлттық идеямыз – Алаш идеясы болды. Олай болса, бүгінгі тәуелсіз қазақ мемлекеті алдында тұрған, жоғарыдағы аталып өткен проблемаларға қарсы тұру Алаш идеясының моральдық қағидаларын, рухани-саяси ұстанымдарын, құндылықтарын анықтау арқылы ғана мүмкін болмақ. Бұл бүгінгі қазақ ғылымы үшін маңызды әрі күрделі мәселе болып табылады. Сондықтан бұл жолда белгілі бір табысқа жетуді қаласақ, алдымен көзделген мақсаттарды айқындап, сол мақсаттың айналасында ой қозғағанымыз ең тиімді әдіс болса керек. Біріншіден, кез-келген ұлттық идеяның мазмұны «біз кіміз?», «қайдан келдік?», «қайда барамыз?» деген мәңгілік үш сұрақтың жауабына саяды. Демек, біздің ең басты мақсат та осы сұрақтардың жауабын табу болмақ. Екіншіден, ұлттық идея белгілі бір сәтте тумайды, ол халықтың күрделі даму жолдарын оның өзімен бірдей басып өтіп қалыптасады, қолдан жасалмайды, халықтың мәдениетінен, салт-дәстүрінен туындайды. Демек, Алаш идеясы бұл біздің ұлттық идеямыз екендігін атап өтіп қана қоймай, оның тарихи тамырын, генезисін ұлттық тарихымызбен, мәдениетімізбен сабақтастыра отырып дәлелдей алуымыз керек. Бұл біздің екінші мақсатымыз болмақ. Үшіншіден, Алаш идеясы тек қана идея күйінде қалған жоқ, ол Алаш партиясының, Алашорда үкіметінің негізін қалап, олардың негізгі бағыт-бағдарын анықтап, сыртқы-ішкі саясатын белгілеп, ұлттық идеология қызметін де атқарды. Енді осы Алаш идеясының идеология ретінде трансформациялану процессін көрсетіп, саяси шешімдердің бағыт-бағдарын белгілеудегі негізгі қырларын ашып кету біздің үшінші мақсатымыз болмақ. Төртіншіден, егер қандай да бір идеология болса, оның басты идеологы және идеологиялық құралы болары ақиқат. Алашорда үкіметінің басты идеологы Әлихан Бөкейхан да, ал идеологиялық құралы «Қазақ» газеті болғандығы белгілі. Сондықтан біздің төртінші мақсатымыз осыған дейін тасада қалып қойған, Алаш көсемінің «Қазақ» газетінде және жалпы қоғамдық-саяси өмірде идеолог ретіндегі қызметін таныту, талдап көрсету болмақ. Тағы да алдын-ала айтып кететін жайт, біз бұл төрт мақсатты жеке-жеке қарастырып, кезегімен талдамаймыз. Себебі, біріншіден,

бұл біздің мақаламыздың көлеміне сыймаса, екіншіден, бұл мақсаттардың бәрі бір-бірімен сабақтасып жатқандықтан, біреуін айтқанда екіншісі өз-өзінен анықтала, айғақтала бастайтыны белгілі. Олай болса, біз ең басты мақсатымыз деп атап өткен «біз кімбіз?», «қайдан келдік?», «қайда барамыз?» деген мәңгілік үш сұраққа жауап іздеу барысында қалған үш мақсатымызды да қамтып отыруға тырысамыз.

Ұлттық идея – бұл өте күрделі ұғым. Күрделілігі сонда, бұл ұғымды әркім әр түрлі түсінеді, әр түрлі қырынан танытуға тырысады. Біз бұл соқпақпен жүрмей, алдымен ғылыми анықтамаларын беріп, кейін оны қай қырынан танытатынымызды айтып өтуді жөн көрдік. Ұлттық идея жайлы Ұлттық энциклопедия: «халықты топтастыратын, **біріктіретін**, өз елі үшін **мақсатқа** бөлейтін асқақ рух болып табылады»[1, 231], – дейді. Ал философиялық энциклопедия: «Национальная идея призвана дать ответ на ряд вопросов, характеризующих народ. В частности, вопрос истории и возникновения нации, а также вопрос об исторической миссии и о смысле существования»[2], – дейді. Осыларды жинақтай келгенде, ұлттық идея дегеніміз халықтың ерекшелігін, өткені мен бүгінін сабақтастырып, болашақ бағдарын айқындайтын, ұлт алдына ұлы мақсат қойып, сол мақсат жолында жұмылдыратын күш болып табылады. Бәріміз білетіндей, Алаш идеясы – жоғарыдағы анықтаманың барлық критерийлеріне жауап беріп, ұлтты біріктіріп, ұлы мақсат жолына жұмылдыра алған идея, яғни біздің ұлттық идеямыз. Ал бұлардың барлығы жоғарыда айтып өткен мәңгілік үш сұрақтың жауабын тапқанда ғана мүмкін болады. Демек, біздің Алаш идеясы контекстінде «біз кімбіз?», «қайдан келдік?», «қайда барамыз?» деген сұрақтардың жауабын іздеуіміз де ақылға қонымды дүние болмақ.

Сократтың: «Өзіңді танытпай жатып, өзгені танымын дегені күлкімді тудырады» дегенін ескеріп, ең алдымен, «біз кімбіз?» деген сұраққа жауап іздеп көрсек. «Біз кімбіз?» бұл сұрақтың жауабы біздің жанымызды, рухани әлемімізді танытатын әдебиетте жатқандығы ақиқат. Бірақ, әдебиетті, көркем туындыны талдаудың сан түрлі жолы бар. Біз жоғарыдағы сұрақтың жауабын анықтау үшін философиядағы «идеал» категориясын басшылыққа алғымыз келеді. Себебі, әдеби көркем туындылардағы жағымсыз кей-

іпкерлер халықтың өзін емес, оның неден жиіркенетінін, нені ұнатпайтынын танытса, ондағы жағымды кейіпкерлер оның нені ұнататынын, адам бойындағы қандай қасиеттерді жоғары бағалайтынын көрсетеді. Ал идеал бейне болса, халықтың, ұлттың нені аңсайтынын, армандайтынын көрсетеді, жан қалауын танытады. Халықтың жан қалауы оның ерекшелігін, кім екендігін, құндылықтарын айғақтайды. Сондықтан да «біз кіміз?» деген сұраққа да біздің идеалдарымыз кім екендігін көрсету арқылы жауап бере алмақпыз. Бұл – бір. Екіншіден, жоғарыда айтқанымыздай, біз бұл сұрақтарға жауапты Алаш идеясы контекстінде анықтауға тырысамыз және бұл жауаптың генезисін ұлттық тарихымызбен, мәдениетімізбен, әдебиетімізбен сабақтастыра жүргіземіз. Сондықтан, ең алдымен, Алашорда үкіметінің басты идеологы Әлихан Бөкейханның «Қазақ» газетінде жариялаған мақаларында сол кездегі қоғамға ұсынған идеалын анықтау арқылы «біз кіміз?» деген сұрақтың жауабын тауып көрмекпіз. Кейін оны ұлттық әдебиетіміздегі идеалдарымызбен сабақтастырамыз. Осы себепті «Қазақ» газеті жарыққа шыға бастаған алғашқы жылындағы Әлихан Бөкейханның жариялаған мақалаларын саралап қарағанда, мақала түйіндерінде белгілі бір дәрежеде жеке адамдар бойында болу қажетті қасиеттерді атағанын байқаймыз. Оларды жинақтап келгенде автор бейнелеген тұлға «жол тапқан, жұрт үшін қызмет еткен, ата баласы жақсылар, әділ кісі, харам жимайтын, халық үшін жаумен алысатын, дүниеге қызығып сатылмайтын, шыншыл, тура, ұлтына, жұртына қызмет қылу білімнен емес, мінезден екенін ұққан кісі» болуы қажет [3, 75-236]. Бұл аталған идеал бейнені ұлттық әдебиетіміздегі идеалдармен бірге қарастыратын болсақ, ойымызға Абай Құнанбайұлы ұсынған «Толық адам» ілімі, Шәкәрім Құдайбердіұлы ұсынған «Ар» ілімі оралады. Ал бұл ілімдердің негізінде әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары» сынды трактаттары, Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» сынды кітаптары жатқандығын қазіргі ғылым дәлелдеп отыр [4]. Демек, Алаш идеясы ұстанымдарының, құндылықтарының біздің терең тарихымыздан шығып жатқандығын көреміз. Ал бұл талаптардың, ұстанымдардың идеология ретінде жүзеге асқандығын Алаш партиясына мүшелікке өту үшін қойылған «Алаш программасынан таймайтын, өтірік айтпайтын, шынынан қайтпайтын, жақындық,

туыскандыққа бүйрегі бұрмайтын, дүниелікке қызығып сатылмайтын, шыншыл, әділ, тура, кісі осы партияға кіреді» деген сынды талаптардан байқасақ болады [5, 39]. Енді бұл айтылғандарды жинақтап «біз кіміз?» деген сұраққа концепциялық жауап іздеп көрсек. Әрине, бұл жерде бізге шығармашылық ізденіс те талап етілді. Себебі, осы уақытқа дейін Алаш көсемі болсын, жалпы қазақ әдебиетінің кез-келген белді өкілі болсын бұл сұрақтың айналасында толғанып, қазақтың типтік образын, идеалды бейнесін жасауға тырысты, енді бізге осы мол әдеби материалдар мен қазақ халқын біріктірген Алаш идеясының сабақтасқан жерінен «біз кіміз?» деген метафизикалық сұрақтың концепциялық жауабын таба білуіміз қажет етіледі. Алаш көсемі ұсынған «жұрт үшін қызмет қылатын, ата жолын қуған, әділ, тура, шыншыл, харам жимайтын» кісісін, Алаш партиясына өте алатын «өтірік айтпайтын, шынынан қайтпайтын, жақындық, туыскандыққа бүйрегі бұрмайтын, дүниелікке қызығып сатылмайтын, шыншыл, әділ, тура» кісісін, Абай Құнанбайұлы ұсынған «Толық адамы» мен Шәкәрім Құдайбердіұлы ұсынған «Арлы» адамын қазақ жалпылама түрде кім деп атағанын анықтасақ, біздің кім екендігіміз анықталмақ. Ал мұндай адамды қазақ, бәріміз білетіндей, күнделікті өмірде де, жалпы танымдық деңгейде де **ТЕКТІ** адам деп атаған. Иә, иә, дәл өзі. **ТЕКТІ** адам. **ТЕКТІ** халық. **ТЕКТІ** ұлт. Бір қызығы, бұл ұғымды басшылыққа алып Алашорда көсемі мен идеологы Әлихан Бөкейханның сан қырлы тақырыпта жазылған мақалаларын қайта талдайтын болсақ, осы идеяға саятын моральдық ұстанымдарды, рухани құндылықтарды айқын көреміз, бірден байқаймыз. Халыққа осындай рухани талап қойып қана қоймай, өзі де осы дәрежеге лайық болуға тырысқанын бүкіл өмір жолы арқылы да, «тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген өмірлік ұстанымдары арқылы да көре аламыз. Одан бөлек, Алаш көсемінің әлемдік саяси процестерге де тектілік биігінен баға бергенін «Бас салып әлі келгенді тал түсте талап алатын болса, ұят, абыройдан тысқары болса, жығылған жаққа қылғаны иттік болса мұның жетілген Еуропалығы, христиандығы қайсы? Өзі туралық жолдан шығып, адам бола тұрып «ит боламын» деген бұл төрт досқа сырың қайырлы болсын демес пе?» [3, 234] – деп түріктердің ішкі тұрақсыздығын пайдаланып жабылып,

жеріне баса көктеп кіріп жатқан Еуропа корольдіктерінің тексіздіктерін ашық сынаған мақаласынан да байқау қиын емес. Халық өзінің әдебиеті арқылы идеалдар жасап, сол идеалдарға талпынатыны, ал ол оның тарихи контексте кім екендігін танытатындығы жайлы тұжырымымызды да Әлихан Бөкейханның «Женщина по киргизской былине Кобланды» мақаласындағы мына пікірімен сабақтастырсақ болады: «Каждая, эпическая даже, песня носит на себя отпечаток субъективной личности слагателя сь его взглядами на жизнь и сь его стремлениями и идеалами, вместе сь темь отличается, насколько это возможно, исторической правдивостью» [6, 295]. Бұлардан келіп шығатыны, Алаш көсемі идеолог ретінде тікелей тектілік ұғымын атын атап, түсін түстемесе де, бүкіл ғұмыр жолы, іс-әрекеті арқылы осы атқа сай болуға тырысқанын, басқаларға да осындай талап қоя алғандығын, өзін, халқын текті деп танығандығын, сондықтан да әлемдегі басқа ұлттардың тексіздікке барып жатқанын көрсе, ашық сынаудан тайсалмағандығын көріп отырмыз. «Біз кіміз?» деген сұраққа ғылыми толғанысымызды қорыта келгенде, *біз адам бойындағы әділдікті, шыншылдықты, нұрлы ақылды, ыстық қайратты, жылы жүректі, арлылықты, қайсарлықты, туралықты, тазалықты бағалайтын, өзіне де сондай биік, ізгі талаптар қоятын, сол атқа сай болуға тырысатын текті халықпыз, текті ұлтпыз, текті қазақпыз.*

Қайдан келдік? Бұл сұраққа келгенде Алаш көсемі әрі идеологы Әлихан Бөкейханның қызметін екіге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі, қазақ жазба тарихын жазып, қазақтың түбін тануға тырысқаны, «Алаш» ұран концепциясы арқылы сол кездегі кең байтақ қазақ жерін біріктіргені, қазақ халқын бір тудың астына жинағаны болса, екіншісі, қазақ тарихына тектілік тұрғысынан қарап, сол замандағы және қазірге дейінгі ориенталистерден өзгеше, жаңаша көзқарас ұсынып, сол биіктен келіп шығып басқаларды да сынап, талап қойып, осы негізде мемлекеттік саясатқа идеологиялық бағдар бере білгені болмақ. Енді осы қызметтерге кезек-кезек тоқталып өтетін болсақ. Бірінші кезекте, Алаш көсемі «Қазақ» газетінің алғашқы сандарынан бастап «Қазақтың тарихы» атты мақалалар сериясын жариялап, онда көбіне-көп қазақтың түбін, жеке дара ұлттық ерекшеліктерін, ондағы ру-тайпалардың қазақ жерін бұрыннан мекендегенін және

олардың жалпы атауы «Алаш» болғанын, яғни барлық рулардың түбі, жиылатын ұраны бір екенін, «Алаш» сөзінің «отан кісі» («отечественник») деген мағына беретіндігін баяндайды [7, 375-408]. Демек осыған карап Алаш көсемі идеялық деңгейде қазақтың түбі бір, «Алаш» бүкіл қазақтың ортақ ұраны, қосылатын нүктесі екенін танытуға тырысқанын көреміз. Бұл туралы белгілі алаштанушы Д.Қамзабекұлы былай дейді: «Отандық зерттеушілердің ішінде Шоқан Уалихановтан бастап Алаш ұғымын зерделегенін байқаймыз. Ол қазақ пен алаш ұғымдарын қатар қоя отырып («начало народа казахов или алач»), былай деп жазады: «У киргиз разные роды имеют свою тамгу и уран. Уран у всех киргиз есть алач». Бұдан «Алаштың» елдік-мемлекеттік рәмізге айналған ұғым екені көрінеді. ХХ ғасырдың басында Ә.Бөкейхан бастаған ұлт қайраткерлері Алаш атын партияға да, үкіметке де бергенде осы ұстанымды басшылыққа алғаны анық», [8, 216] – дейді. Орынды айтылған, оның дәлелі «Қазақ» газетінің 31 желтоқсан 1917 жылғы санындағы «Алаш бірлігі» мақаласында: «Алашқа қаны бірге Алаш ұлынан артық жанашыр табылмас. Алаштап ұран салып, Алаштың туын тіксек, сүйегінде шакпақтың қуындай жігер, намысы бар Алаштың ұлының шыққан шығынына, тартқан бейнетке еті ауырмас деп, Аллаға тәуекел қылды. Тозғандықтың белгісі бірсыпыра Алаштың баласы қалың Алаштың баласы бабасының атын атап, туын тікпеген соң Түркістан автономиясына қосылып отыр...Түркістанға қосылған елдің адамдарымен сөйлесіп, бабасы Алаштың Ақ Орда, алтын бесігіне қол ұстасып, бірге қызмет етпекке шақырады. Олар құшағын жайып, қойнын ашқан бауырын кеудеге итермес» [9, 50] – делінген сөздер бола алады. Демек «Алаш» этнонимі ұлтты ұйыстыратын идеологиялық атау болды және өзінің жемісін берді, сол кездегі қазақ жерін бір тудың астында біріктіре алды. Бұл идеяның да тамыры тереңде жатқандығын ғалым Ақселеу Сейдімбек қазақ хандығы құрылған кездегі «Алаш» этнонимі туралы: «Ең алдымен, Қазақ хандығының аясындағы алашабыр ру-тайпалардың этногенеологиялық (этногенетикалық) жадын жаңғыртып, түбі бір туысқандық сезімдерін оятатындай символ-этноним керек еді. Осы орайда, Қазақ хандығын құраған ру-тайпалардың біртұтас туысқандық сезімдеріне тұғыр болған символ-этноним ретінде «Алаш» атауының таңдалғанына ден

коюға болады» [10, 71] – деген тұжырымы арқылы бағамдасак болады. Бұл деңгейде идеолог ретінде Әлихан Бөкейхан табысты жұмыс жүргізе алғанын бүгінгі күн дәлелдеп отыр.

«Қайдан келдік?» деген сұраққа жауап табудың екінші тиімділігі ретінде ұлттық тарихқа жаңаша көзқарас ұсынып, бүгінгі бағыт-бағдарды анықтау, ұлттық рухты көтеруге, бүгінгі күн тұрғысынан қандай бағыттың тиімділігін тануға мүмкіншілік туатынын айтуға болады. Әлихан Бөкейханның идеолог ретіндегі қызметінің бұл қыры қатты тұщындырады. Мысалы, алдымен қарапайым қазақтың өз ішінде айтатын болсақ, өткенге деген биік моральдық көзқарас Алаш көсемінің «Бұрынғыдан қалған жақсы мұра» атты 1889 жылғы мақаласында қазақтың текті дәстүрін сипаттап, бара-бара бұл құндылықтар ұмытылып жатқандығын күйініп жазғанынан, кейін қазақ дәстүріндегі «жылу» туралы айта келіп, бұл кез-келген ауыр жағдайға түскен адамға, ел-жұрт болып, бай немесе кедей деп алаламай, барынша шын-ниетпен жүзеге асатын көмек еді, қазір ол тек абыройы бар адамдарға жасалып жүргендігіне ашынып: «Аталарыңнан қалған жол көмекті солай берсін деді ме, аталарыңның жолы солай ма!?» [6, 272] – деп сынағанынан көре аламыз. Ал халықаралық қатынастарда көрінген ұлттық тарихымыздағы тектілігіміз жайлы Әлихан Бөкейханның «Въ мире мусульманства» газетінде «Заметки читателя (По поводу Устава о воинской повинности)» атты мақаласында Ресей империясындағы жалпы мұсылмандардың жағдайын, олардың құқықтары туралы ешқандай жүйелі заң жобалары жоқтығын, ескерілмегендігін, тіпті мұсылман дінінің діни қызметкерлерінің салықтан, басқа да міндеттемелерден босауы былай тұрсын, әскери қызметтен босатылуы қарастырылмағанын айта келіп, тағылар деп оқытылып жүрген кезіндегі Орда хандарының өздеріне жат діннің құқықтарын аяққа таптамай, тіпті ол діннің діни қызметкерлерін барлық салықтан босатқандығын, сол орыс тарихшылардың өздері келтірген деректер арқылы дәлелдеп, осы арқылы қазақ халқының моральдық, рухани дәрежедегі тектілік деңгейін тарихи мысалдармен көрсетіп береді [6, 361-365]. Оған қоса жоғарыда келтірген Алаш көсемінің «Керек сөз» мақаласындағы Еуропаның төрт корольдігін тексіздікте сынағанынан, «Балқан соғысы» мақаласындағы: «Иттікті Румынияға қылғызып отырып, оның

кылғанына үн шығармай, Еуропа патшалықтары: «Біз мәдениетті Еуропамыз!» деп мақтанады»[11, 484] – деп сынағанынан да, оның сыртқы саясатта рухани қағидаттарды алдыңғы қатарға шығарып, биік адамгершілік ұстаным таныта алғандығын көреміз. Және бұл рухани ұстанымның қазақтың терең тарихында жатқандығын Қазыбек бидің «біз қазақ мал баққан елміз» деген толғауынан, яғни біз ешкімнің жерін баса көктеп шауып кірмегенбіз, ал біздің жерімізге тікелей шауып келген жаудың бетін қайтара алғандығымыз туралы ұстанымдарынан көреміз. Ал одан да теренге бойлайтын болсақ, бұл ұлттық тектілікті Күлтегін ескерткіштеріндегі Қытай иероглифтерінің жолма-жол аудармасында: «Бұлап талау мен зорлық-зомбылық жойылса, садақ-жебені жасауды доғарып, қаруды қоймаға қойсақ, сен мені алдамасаң, мен сені алдамасам, шекарада, тағы да сұғанақтық болмаса, онда жаман ба?»[12, 216-218]– деген, «бәрі бейбіт, бәрі тату, бәрі қағанды» («Күлтегін») болсын деген ұстанымдардан анық байқаймыз. Бүгінгі күнде Елбасымыздың: «қазақ өзінің әргі-бергі тарихында ешқандай да ұялатын іс жасамаған», –деген тұжырымы да осы ойымызды толықтырып отыр. Осындай текті тарихтың арқасында ғана Алаш көсемі өз мақалаларында өзге елдерді сынай алғандығы ақиқат. Себебі өзі ондай атқа сай болмаса, өзгеге ондай талап қою мүмкін емес қой. Яғни, біз текті ұлтпыз, бірақ біздің тектілігіміз өзгелердің бізден төмендігін білдірмейді, керісінше, біздің ешкімнен кем емес екендігімізді танытады, осы ұлттық тектілігіміз біздің өзге әлсіз көршілерімізге зұлымдық жасамауымызға себеп болып, біздің жерімізге баса көктеп кіріп келген жауымызға қасық қанымыз қалғанша тойтарыс беруге күш береді. Осыларды қорыта келгенде, *біз қазақ бүгінгі күнге тегімізді танып, салт-дәстүрімізді құрметтеп, ата-бабамыз мұрасы – тіліміз бен дінімізді, еліміз бен жерімізді қасық қанымыз қалғанша сыртқы жауларымыздан қорғаудың, мемлекетіміз қаншалықты күшейіп кетсе де тектілігімізді сақтап, рухани қағидаттарымызды ең басты құндылығымыз етіп қастерлей алуымыздың, ізгі, текті, қайсар қасиеттеріміздің арқасында келіп жеттік.*

Қайда барамыз? Осы кезде бізге Елбасымыз өзінің «Қазақстан 2050 – Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында ұсынған, бабаларымыз армандаған «Мәңгілік ел» қазақтың ұлттық

идеясы «Алаш идеясы» контекстінде де толыққанды жауап беріп тұрғандығын байқау қиын емес. Себебі «Мәңгілік ел» – ол біздің тарихи тамырымыздан қайнап шыққан ұлттық идеямыз, ал «Алаш идеясының» тамыры сол ұлттық ерекшелікте жатқандығын айтып кеткен болатынбыз. Және бұл идеяның «Алаш» қозғалысының да негізінде жатқандығы дәлелді қажет етпейді. Себебі, алаш қозғалысының басшылары, идеологтары мәңгілік қазақ мемлекетін армандады, «бүгін болмаса ертең» қазақ елі тәуелсіздік алатынына сенді, сол жолда өмірлерін де құрбан етті. Олар келешекке, күндердің күнінде олардың ұрпақтары олар жасаған еңбекті бағалайтынына сенді, қазақ елі құрып кетпейтініне, мәңгілік екеніне сенді. Олар өздеріне артылған жүкті, кім екендерін, ішкі рухани мәндерін, тарихи тамырларын жіті ұқты. Алаш қозғалысының көшбасшысы Әлихан Бөкейханның өзі: «Кейінгілер ғибрат аларлық үлгі тастап кетіп алғыс алармыз ба? Жоқ, далаға лағып, жөнсіз кетіп қарғыс-лағынет аламыз ба? Кеудесінде көзі бар адам көп ойланарлық жұмыс», – деп, болашақ ұрпақ алдындағы парыздары бар екендерін айтып кетті. Ахмет Байтұрсынұлы да: «Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін», – деп, қазақтың жоғалып кетпейтініне, олардың ұлт алдындағы еңбектері лайықты бағасын алатынына имандай сеніп кетті. Бір қызығы, белгілі алаштанушы ғалым Тұрсын Жұртбай ағамыздың «Мәңгілік ел» идеясы туралы: «Мәңгілік ел» нысанасының «рейхтық», «ағылшындық-америкалық» үлгіден айырмашылығы, онда тектік шекара бар. Ол нәсілдік жікшілдік артпайды, бірақ атамекеннің азаттығын, ата-тегінің тазалығын, түркі ұлтының рухани және дәстүрлік, тілдік тәуелсіздігін басты қасиет ретінде ұстанады. Бұл нысананы әлемнің барлық ұлт пен ұлыстарына «үлгі» ретінде таңбайды. Керісінше «бәрі бейбіт, бәрі тату, бәрі қағанды» («Күлтегін») болса деп тілейді. Бірақ, соны тілей отырып, түркі елін де сыйлауды, онымен санасуды талап етеді. ...Демек, «мәңгілік ел» – түркі тегінің тұтастығы мен тәуелсіздігінің кепілдігін қамтамасыз етуге арналған тектік, иә! – тектік тазалық пен еркіндік идеологиясы» [13, 45] – деген тұжырымынан да біздің жоғарыдағы тектілік туралы айтқандарымыздың «Мәңгілік ел» идеясымен байланысып тұрғанын аңғару қиын емес. Қорыта келгенде, Алаш идеясын «текті тонырақта өсіп-өнген текті халықпен мәңгілік елге кадам басу» ұстанымының айналасында түсіндіре алсақ керек.

Енді байқаудың мақсаты Алаш идеясын ХХІ ғасырдағы қазақ қоғамының игілігіне бағыттау болғандықтан, жоғарыда айтқан тұжырымдардың бүгінгі Қазақ Елі үшін маңызын, артықшылықтарын, идеологиялық астарын және бұл идеяны насихаттау жолдарын ашып айтып беруді жөн көріп отырмыз. Ең алдымен, кіріспемізде айтып өткендей, қазіргі әлемде жүріп жатқан қоғамдық-саяси процестерге қарсы әрбір ұлттың басты қаруы, қорғанысы, иммунитеті ұлттық идея болып отыр. Ал ұлттық идея бұл халықтың өз танымынан, мәдениетінен, тарихынан, әдебиетінен туған дүние екенін айтқан болатынбыз. Енді бүгінгі қазақ идеологтарының басты міндеті осыларды қайта қарап, халықтың өзіне, заманға бейімдеп жаңаша қырынан таныту болып отыр. Бұл үшін мәңгілік үш сұраққа конструкциялық, концепциялық жауап ұсыну және халықты соған бағыттау ғана қажет етіледі. Біз де осы сара жолды тандап, мәңгілік сұрақтардың әрқайсысына жеке тоқталып, оның маңызы мен тиімділіктерін, негізгі қағидаттарын ашып беруді жөн көрдік.

«Біз кімбіз?» дегенде, текті халықпыз дедік. Ал «тектіліктің» өзі қазақта екі түрлі мағына береді. Бірінші, ата тегі халық алдында беделге ие, абыройлы отбасыдан шыққан ұрпақтар болса, екіншісі «әлеуметтік ортада өзін жақсы жағынан көрсете білгеніне, өзін жетілдіру арқылы белгілі бір қоғамдық дәрежеге жеткеніне» байланысты да текті атанғандар болады [1, 330]. Демек, тектілік дәрежесі – қазіргі көпшілік ойлап жүргендей тек ата-бабасы ел алдында беделді адамдар емес, өзі де белгілі-бір қоғамдық еңбек сіңіріп, халыққа қызмет еткен, өзін-өзі дамытып, ізгі, үлгілі істерімен көрінген болса оларға да мұндай қоғамдық дәреже беріледі деген сөз. Ал «мұның қажеттілігі бар ма?», «артықшылығы неден көрінеді?» деген сұрақтарға келетін болсақ. Бұл, біріншіден, халықтың өз-өзіне деген сенімін арттырады. Екіншіден, қоғамдық құндылықтарымызды анықтауға көмектеседі, рухани қағида орнатады, халықты ізгілікке жетелейді. Үшіншіден, қазіргі демографиялық жағдайымызға қарайтын болсақ, бір жарым миллиардтық алып Қытайға, жүз отыз миллиондық Ресей Федерациясына, отыз миллиондық Өзбекстанға терезесі тең мемлекет болып қарым-қатынас жасай алуымыз үшін әрбір азаматымыз олардың онына тең болуы, барлығы текті болуы қажет

етіліп отыр. Төртіншіден, тектілік концепциясы қазіргі қазақ арасында өмір сүріп жатқан барлық ұлт өкілдерін қамти алатын, олардың конституциялық құқықтарына қайшы келмейтін ізгі әрі ортақ концепция қызметін атқара алады. Оған дәлел ретінде неміс ұлтының өкілі, жазушы, аудармашы, танымал тұлға Герольд Белгер ағамызды, адал еңбегімен, Қазақ елін, көк туын әлемге танытып жүрген, бокстан әлем чемпионы Геннадий Головкинді, қоғамдық қызметке белсенді араласып, қазақ тіліне қамқорлық танытып жүрген Асылы Осман апамызды және т.б. осы дәрежедегі қоғамдық қызметте танылып жүрген өзге ұлт өкілдерін де қазақ бүгіннің өзінде текті атап, олардың ұрпақтары да тектінің ұрпағы ғой деп құрметтелетінін келтіре аламыз. Бесіншіден, қазірде үлкен компаниялар тәжірибесінде ортақ идея үшін жұмыс өте сәтті жүзеге асып отыр. Мұның негізінде біз қоғамда тектілікті идеал ретінде көрсетіп соған талпынуға мүмкіндік жасай аламыз. Бұл, бір жағынан, мотивация қызметін атқарса, екіншіден жемқорлыққа, материалдық игіліктер үшін болатын алауыздыққа шектеу қойып, рухани қағида қызметін атқара алады. Себебі, қазақ өз мемлекеттілігінің тарихында «тектілік» критерийлерін заман бейіміне сай жаңартып отырған. Мысалы, Махамбет, Шернияз шығармаларында ұлт үшін ат үстінде қайсарлық пен батырлықпен танылған Исатай сынды батырлар айтылса, кейін жарты ғасыр өтіп ұлттық әдебиетіміздің өкілдері Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларында зиялылық, білімдарлық алдыңғы қатарға шыққаны айқын көріне бастады. Бұл біреуі дұрыс, біреуі бұрыс болды дегеніміз емес, заман бейіміне сай акценттер, критерийлер өзгергендігі, соған сай халыққа, ұлтқа қызмет ету, сол жолда өміріңді арнау идеясы, яғни тектілік концепциясының мазмұны ауыспай, формасы ғана жаңарғаны туралы айтқымыз келіп отыр. Ал Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы ұсынған идеалдардың қазақ қоғамында кең тарауы нәтижесінде біз жоғарыда атап өткен ХХ ғасыр басындағы Алаш азаматтары өмірге келді. Енді қазіргі тәуелсіз қазақ қоғамы алдында ХХІ ғасырдағы қазақтың тектілікке қойылатын критерийлерін жасау ең маңызды міндетіміз болмақ.

Қайдан келдік? Бұл сұраққа жауап екі түрлі мақсатта беріледі. Бірінші, тарихи тамырдың бірлігін таныту болса, екінші, ұлттың ұлы тарихын ұлықтап, бүгінгі күнгі қоғамға жанаша серпін сый-

лау. Бірінші мақсатқа келетін болсақ, ең негізгі жол қазақтың шежірелік тарихы болып табылады. Бұл негізде көпшіліктің қарсылығын тудыратын: «біздің рулық қатынастарымызға қайта тіреліп, трайболизм дертін ушықтырып алмаймыз ба?» – деген қорқыныш болса керек. Бұл қорқыныш орынды да, себебі кеше ғана қазақ жүздерін, руларын санап бөлшектеуге тырысып жүрген сыртқы-ішкі күштер, мемлекеттік жүйенің қырық екі тамырына бойлап бара жатқан трайболизм індеттері, жершілдік, бос мақтан мен кеуде соғушылық, өткенмен өмір сүру сынды індеттердің бүгінде, өткенімізге деген орнықты ұстанымсыз, қозып кетуі оп-оңай болып отыр. Бірақ солай екен деп мыңжылдықтар бойы қалыптасып келе жатқан құндылықтарымызды, ұлттық ерекшелігімізді ұмытуға, олардан бас тартуымызға болмайды. Сунь-Цзыдың: «Разлагайте все хорошее, что имеется в стране вашего противника» – деген сөзін ұранға алған отарлаушы күштер біздің ең жақсымыздан айырды екен деп, олардан бас тартатын болсақ, онда біз өзімізді өздігімізден, ұлттық ерекшелігімізден айырған боламыз. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Алаш мұрасы және осы заман» мақаласында: «Алаш» партиясының бағдарламасын жүзеге асыру барысында дәстүр мен жаңашылдықты ұштастыру арқылы бұрынғы қазақ қоғамындағы белгілі қайшылықтардан арылуға мүмкіндік туды. ...Шығыс мемлекеттерінің жаңару тәжірибесі Жапония мен Корея сияқты дәстүрлі байланыстары кәдеге жараған жерде ғана капитализмнің гүлденетінін көрсетті» [14, 17], – деп айтқанындай бізге бұл деңгейде осы дәстүр мен жаңа заманды үйлестіре білу қажеттілігі туып отыр. Себебі дертке мән бермей, оны ұмытуға тырысқанмен, ол дерт жазылып қоймайды, қайта күндердің күнінде өзінді жеп бітуі мүмкін. Сондықтан да біздің алдымызда ата-баба дәстүрін жаңа заманға бейімдеп, жаңа қырынан қарастыру, жаңаша түлету қажеттілігі туып отыр. Бұл кезде де бізге Алаш қайраткерлерінің салған жолы ең тиімді жол болмақ. Бұл жол, біріншіден, бүкіл қазақтың түбі бірлігі идеясы болса, екіншіден, түбін тануды мақтан үшін емес, ата-баба, болашақ үрім-бұтақ, туған ел мен жер алдындағы жауапкершілік ретінде оқытып, насихаттау болып табылады. Ашып айтатын болсақ, «Алаш» этнонимін қазақ зиялылары қазақ халқын біріктіру үшін идеологиялық мақсатта тандап алды дедік, осы негізде біздің та-

рих ғылымының алдында да шежіренің осы қырларын жаңғырту жолы тұрғанын көреміз. Тағы да Елбасымыз айтқандай: «Нельзя забывать глубинную суть самой традиции шежире, она не заканчивается на одном роде, племени. Шежире – это Древо поколений, которое сводится к единому корню. Шежире показывает и доказывает, что корни наши едины, что все мы казахи едины. Шежире не раскалывает нас, а объединяет». Ғалым Ақселеу Сейдімбек ағамыз айтқандай: «Шежірелік деректер өзінің мазмұндық әр алуандығына, көп нұсқалылығына, тіптен қиял-ғажайыптығына қарамастан, біртұтас этножаралым идеясынан, яғни, ұлтты ұйыстыратын ұлы бірлік идеясынан әсте ауытқымайды» [10, 67]. Қазірде қазақ шежірелерін терең зерттеп тарихшы Мақсат Алпысбес айтқандай: «...генеалогическое содержание шежире, как исследуемой народные традиции, как изучаемого вида источника, должно быть на поддержание общенациональной идентичности и сохранение этнической целостности, на общегражданскую консолидацию. В этом плане генеалогическое знание может иметь практическое значение, нужно направлять ее в полезное для общественного и государственного развития русло» [15, 24]. Қарап отырсақ, Елбасы да, ғалымдарымыз да «Шежіренің» бізді бөлетін емес, қайта ұлттық бірлігімізді танытатын белгі ретінде тиімділігін көрсетіп отыр. Біз де барынша осыған акцент қоюымыз қажеттігі көрініп отыр. Себебі идеологиялар бір-бірінен бір құбылысқа әр түрлі көзқарас ұсынумен ғана ерекшеленетінін тарих ғылымы дәлелдеп отыр. Бұл Алаш көсемдерінің бірінші жолы болса, екінші жол ретінде шежірені өз руымен мақтану үшін ғана емес, ата-бабасы, руластары, келешекте өзін «менің төртінші атам, бесінші атам» деп атайтын үрім-бұтағы алдындағы жауапкершілігін сезіну үшін де оқыту, таныту, түсіндіру жолын атай аламыз. Бұған тағыда Алаш көсемінің: «Түген деген хан, пәлен деген би, батыр өткен, ерлігі, еңбегі көп деп мақтанамыз. Олар сондай болса, қазақ неге сорлы? Біздің кемшілігіміз – әркім тарих арқалатқан жүкті белгілі жерге апармай, соңындағыларға тастап кететіндігі» [16, 4], – деген ұлағатты сөзі дәлел бола алады. Және руласы, танысын елге адал қызмет істемесе де, ұлт үшін еңбек етті деп жалаң дәріптеушілікке де тікелей қарсылық танытуымыз қажет. Себебі, кезінде осындай бос мақтанның зиянды екенін сезініп, Алаш қозғалысының басты

идеологы Әлихан Бөкейханның «Ашық хат Жапан баласына» атты мақаласында Иса Бердалы деген болыстың өмірден өткенін баяндап, «халықтың пайдасын ойлайтын азамат еді» деп көпе-көрнеу өтірік жазған Жапан баласына, «қандай зұлым өлсе де» өлігінің үстінде жамандығын айтпаушы еді, бірақ «Жапан баласы секілді ерлер сөйлетпей қоятын емес» деп бастап, болыстың қарапайым халыққа жасаған зұлымдықтарын, жәбірлерін айта келіп: «Қағаз не жазса да көтереді, бірақ ұят та керек нәрсе», – деп жасамаған ерлігі үшін құр мақтауды тыю керек деп өз ұстанымын танытқан мақаласы [17] негіз бола алады. Ал, осыларды қорыта келгенде, бұларды идеологиялық тұрғыда жүзеге асырсақ бізге не береді дегенде:

1. Ұлтты ұйыстыратын ұлы бірлік идеясын жеткіземіз.

2. Ата-баба, болашақ үрім-бұтақ алдындағы жауапкершілікті сезіндіреміз.

3. Біртұтас «Алаш» ұранымен, трайболизм дертіне тосқауыл қоямыз.

4. Ұлттық салт-дәстүрдің сақталуына қол жеткіземіз.

5. Қоғамға, ұлтқа қызмет істеуге мотивация береміз.

6. Ешкім және ешнәрсе ұмытылмайтынын жеткіземіз.

(Шежіренің артықшылықтарын танытатын қазіргі генетикалық ғылымның жаңалықтарын да осы қатарға қоссақ болады. Себебі бұл да біздің қаны таза текті ұлт екендігіміздің басты айғақтарының бірі екендігіне ешкім күмән келтірмесе керек.)

«Қайдан келдік?» деген сұраққа жауаптың екінші мақсаты тарихқа жаңаша көзқарас қалыптастыру арқылы ұлттың рухын ояту, өзіне деген сенімін арттыру екенін жоғарыда айтып өткен болатынбыз. Бүгінгі күнде бұл мақсаттың өзектілігін Елбасымыздың: «Қазақтың сана-сезімі өткендегі, қазіргі және болашақтағы – тарихтың толқынында өзінің ұлттық «МЕН» дегізерлік қасиетін түсінуге тұңғыш рет енді ғана мүмкіндік алып отыр... Бірақ бұл мүмкіндік қана ол шындыққа, тек қазақтардың ғана емес, барлық қазақстандықтардың жаппай санасына орныққан фактіге айналуы қажет. Ал осы міндет біздің алдымызға тек қана, бір ғана ұлы мүмкіндік түрінде емес, қатал қажеттілік түрінде де қойылып отыр. Оны шешсек, біз тарихтың өзіне шақталған мезгіліне сәйкес

боламыз, тарихи болымсыздықтың бос қуысында босқа қарманып жүрмейміз...» [15, 3]– деген сөзінен көре аламыз. Оның үстіне 2013 жылғы 5 мамырда мемлекеттік хатшы, Президент тапсырмасы аясында, ел тарихшылары алдына: «Сегодня, на этапе состоявшегося государства, мы должны осмыслить свою историю с высоты современной науки и создать целостную историческую картину». «Нужно выработать на качественно новом уровне общую концепцию истории Казахстана. Она должна быть тесно увязана со всемирной историей, четко показывать место Казахстана глобальных исторических процессах, системе их взаимосвязи и научной периодизации» [15, 5-6], – деген тапсырма қойған болатын. Бұл да бізге нақты іс-әрекетке көшу қажет екенімізді көрсетіп отыр. Ең қызығы, бұл үшін бізге ешқандай жаңалық ашудың қажеті жоқтығы, тарихымыздың, сол тарихи даму процессімізде ұлтымызбен бірге қалыптасқан салт-дәстүрімізде, мәдениетімізде, әдебиетімізде бүгінгі ұрпақ мақтана алатындай, рухтана алатындай, ұялмайтындай үлгілі істер, оқиғалар, ең бастысы, біз басынан бастап айтып келе жатқан тектілік тегеуріні есіп тұр. Бізге, тек тарихымызға тектілік тұрғысынан баға беріп, сол биіктен интерпретациялау ғана қажет етілмек. Себебі біздің ұлттық аристократиямыз (*хандар*), билеріміз, батырларымыз (*рыцарьлық*), өнердегі, мәдениеттегі (*жырау, ақын, сал-серілер*) тұлғаларымыз болсын, ең басты ерекшелігі ретінде өздерінің тектілігі арқылы тарихта қалғандығын білеміз [18]. Тағы да біздің ұлттық тектілігімізді танытатын – бұл біздің ізгілікті аңсаған халық екендігіміз. Мысалы, күшімізге сеніп, әлімжеттік қылып, ешкімнің жеріне баса көктеп кірмегендігіміз, қонақжайлылығымыз, толеранттылығымыз. Ең қызығы, біз ұлттық әдебиетімізде де осы тектілігімізді сақтай алғандығымыз. Бұған белгілі алаштанушы, әдебиеттанушы ғалым Айгүл Исмақованың: «Күлтегіннен басталған қазақ жазбаларында текті сөз ғана өмір сүрді. Ол атадан балаға беріліп отырды. Бұл қазақ елінің мәртебесін, мерейін көтеру үшін айтылған ата-бабамыздың асыл сөзі еді»[19] – деген тұжырымы мен ұлттық идея тақырыбын зерделеп жүрген ғалым Досмұхамед Кішібековтің: «Казах боялся не каких то наказаний за сказанные слова, а потери авторитета... Даже в айтысах акыны состязались не в поэтическом красноречии, а во взаимной, беспощадной критике друг друга. Здесь не остава-

лись без внимания сам человек, его натура, родословная, семья, аульчане [20, 95]. Свобода слова у казахов не знала границ, единственное ограничение состояло в том, чтобы сказанные слово не были глупыми, грубыми и бездарными» [20, 103] – деген сынды тұжырымдары дәлел бола алса керек. Айтпағымыз, ұлттық тарихымызда бүгінгі әрбір қазақ мақтана алатын, рухтана алатын дүние барынша көп, бізге тек осыны кең ашып таныта, тарата алу ғана қажет етіліп отыр.

Қайда барамыз? Бұл сұраққа жауап берместен алдын жоғарыдағы екі сұраққа жауаптың ауаны біздің келесі бағытымыз, қайда баратындығымызды көрсетіп беретінін айтқымыз келеді. Бұған дәлел ретінде белгілі алаштанушы ғалым Жүсіп Сұлтанхан Аққұлұлының «Алихан Букейхан: дайте жить народам не по Марксу, а так, как они захотят!» атты мақаласында екі рет қазақ даласына жасалған ғылыми экспедицияның мүшесі болып, қазақтың кімдігін, мәдениетін, тарихын терең зерттегендіктен өзгерген Әлихан Бөкейхан танымы жайлы: «...он увидел погубность разделение своего народа на классы богатых и бедных или эксплуататоров и эксплуатируемых, по принадлежности к тому или иному роду и жузу или орде, на образованных или безграмотных. Он увидел свой народ единой нацией с общей культурой, языком и религией» [21, 218] – тұжырымын келтірсек болады. Тағы да айта кететін дүние бұл әр заман өз идеологиясын және идеалдарын талап ететіндігі болып отыр. Ашып айтсақ, біз мақаламыздың басында Әлихан Бөкейхан мен Абай Құнанбайұлы идалдарының сабақтастығын айтып өткен болатынбыз, енді олардың айырмашылығы барлығын да айтқымыз келеді. Себебі, белгілі алаштанушы ғалым Мәмбет Қойгелдиев айтқандай: «Әлихан (1886 ж. туған) жас жағынан Абайға (1845 ж. туған) бала болып келеді. Сондықтан да болса керек екеуінің көзқарас және ұстанымдарында ортақ жайларымен бірге елеулі айырмашылықтар да бар» [22, 245]. Бұл заңды да. «Елу жылда ел жаңа» демекші, олардың әрқайсысы өз заманы қажеттіліктерінен келіп шығып өз ұстанымдарын қалыптастырды, халықтың тарихын, қазіргі халін түйсініп келешегі қалай болуы керек екені жайлы толғанды, сол деңгейде пікір білдірді, іс-әрекет жасады. Бүгінгі бізге де «біз кіміз?», «қайдан келдік?» сұрақтарының жауабы арқылы келешекте бізге қажетті деңгейге көтерілуіміз

үшін, қазір не істеуіміз қажет, қандай қасиеттер ұлықталуы керек екенін түсінуіміз қажет. Бұл деңгейде ғалым Мамбет Қойгелдиев «Мағжан Жұмабаев. Табалдырық. Манифест» кітабындағы кіріспе мақаласында: «Еуропа әдебиетінің өмірді барлық қырынан игеруде жиған мол тәжірибесі бар, яғни бұл оның асқар таудай байлығы... Бұл Еуропа халқының (арасында бұқарасы да бар) атадан қалған мол рухани қоры, байлығы. Адамзатқа, әрбір халыққа өз өмірін түсіну, қорыту ісінде көрсеткен ғажап үлгісі, өнегесі» [23, 15] (қарамен бояған біз – А.А.) – деп ақын Мағжанның әдебиеттегі ұстанымын баяндаған тұжырымын келтірсек болады. Яғни мұнда дауіт өмірінің барлық қырын жіті танып сол жолда еңбектену қажет екендігі туралы ой алға тартылып отыр. Сондықтан бүгінгі тәуелсіз еліміздің ұлттық аңсары, асыл мұраты мәңгілік ел болу болса, оған жеткізетін мәңгілік құндылықтарымызды анықтау ең басты міндет болып табылады. Ал, тектілік бұл біздің басты темірқазығымыз болып қала бермек. Себебі Тұрсынжан Шапай ағамыз айтқандай, «қазір қазақтың жаны үшін күрес жүріп жатыр», осы күресте жеңілмеу үшін жеке тұлғалық, ұлттық деңгейде рухани-моральдық темірқазығымыз болған тектілігіміз – біздің ең құнды қазынамыз екенін түсінуіміз, түсіндіре білуіміз қажет! Осы қажет жолында жұмылып жұмыс істеуіміз қажет.

Тәуелсіздігіміздің көк туы кең байтақ жеріміздің көгінде мәңгі желбіресін. Ата-бабамыз бен болашақ ұрпақ алдында жүзіміз жарық, ісіміз ірі болсын. Тектілікке талпынайық, ағайын!

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1) «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия/ Бас.ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2001 – 720 бет. 4 том.

<http://terme.ru/dictionary/183/word/nacionalnaja-ideja>[В. А. Алексеева. Национальная идея. Философская энциклопедия.]

2) «Қазақ» газеті. 1913 жыл / Құраст.: С.О. Смағұлова, Ғ.Қ. Әнес, Т.А. Замзаева. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 480 бет

3) Әліпхан М. Құттың кілті – кісілік. Түркістан. «Мұра». 1997. – 147 бет.

- 4) Алаш. Алашорда. Энциклопедия. / Құраст.: Ғ.Әнес, С.Смағұлова. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 544 бет.
- 5) Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (1866-1937). Шығармаларының 7 томдық толық жинағы. Полное собрание сочинений в 7 томах. – Астана: «Сарыарқа» БҮ, 2009. – 564 бет. – I том.
- 6) Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (1866-1937). Шығармаларының 7 томдық толық жинағы. Полное собрание сочинений в 7 томах. – Астана: «Сарыарқа» БҮ, 2009. – 555 бет. – III том.
- 7) «Алаш» қозғалысы. Құрастырған: Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы, И.Нұрахмет. Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2008, – 324 бет + 16 жапсырма бет.
- 8) Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан 1917 ж. – мамыр 1920 ж. Движение Алаш. Сборник документов и материалов. Декабрь 1917 г. – май 1920 г. – Алматы: «Алаш», – Т. 2. – 496 бет
- 9) Ақселеу Сейдімбек. Қазақтың ауызша тарихы: Зерттеу. – Астана: Фолиант, 2008. – 728 бет.
- 10) «Қазақ» газеті. 1913 жыл / Құраст.: С.О. Смағұлова, Ғ.Қ. Әнес, Т.А. Замзаева. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 480 бет
- 11) Қазақ қолжазбалары. «Көне түркі және қазақ жазба әдеби мұралары» (б.д.д Х ғ. Бастап – ХХ ғ. дейін) 10 томдық басылым. Тастағы тарих: көне түркі ұстындарының қытайша мәтіндері: Түпнұсқа, жолма-жол аударма, әдеби аударма. – Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚ, - 2011. Т.3: - 400 бет.
- 12) Жұртбай Тұрсын. Мәңгілік аңсар. Зерттеулер. – Алматы, «Орхон» Баспа үйі, 2014, – 260-бет.
- 13) Алаштану мәселері. Сериялық ғылыми жинақ. 1 – том – Семей : «таным», 2010, - 420 бет.
- 14) «Mangı el» Халықаралық ғылыми-көпшілік журналы. 09.2013
- 15) Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. – Астана: Ел-шежіре, 2008. – 357 бет
- 16) Бөкейхан, Әлихан Нұрмұхамедұлы. Шығармаларының толық жинағы [Текст] : [7 томдық] / Т. 2 : Монографиялар, ғылыми ізденістер, мақалалар, әдеби аудармалар : 1904-1906 (Омбы-

Қарқаралы - С.-Петербург-Омбы) [құраст. С. А. Жүсіп]. - Астана : Сарыарқа, 2009. - 566 бет.

17) Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры. (XVIII – XX-ғғ.). Зерттеулер. – Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2004. – 400 бет.

18) Ісмақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: «Мектеп», 2009. – 560 бет.

19) Кшибеков Д. Национальная идея (От этнических чувств до идеологии). – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 340 с.

20) XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы. Алматы: Экономика, 2014. – 440 бет.

21) Қойгелдиев М. Қазак Елі: Ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес (XIX ғ. – XXI ғ. басы) Монография. М. Қойгелдиев. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС, «Дәстүр», 2014. – 432 б.

22) Мағжан Жұмабаев. Табалдырық. Манифест. Кіріспе мақала: М. Қойгелдиев. Құжаттық материалдарды мұрағат қорларынан алып, баспаға әзірлеген: М. Қойгелдиев, Ш. Тілеубаев. Алматы: «Тау-Самал» баспасы, 2011. – 108 бет + 20 бет түрлі-түсті жапсырма.



КЕНЖЕГҮЛ МӘЛІК
Социолог (III-ші номинация)

ЖАҚЫП АҚБАЙДЫҢ СЕРІГІ- ӨСКЕНБАЙ

*“...кімде – кім ішінен керекті сөз тапса,
жазып алсын, оқысын.... ”*
Абай Құнанбайұлы

Біздің зерттеуге арқау болып отырған Өскенбай - қазақтың кіші жүзі, Жетіру тайпасының Тама руынан тарайды, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданының тұрғыны болған.

Қытай еліндегі қазақ тарихшылары «Жалын» баспасынан жарық көрген «Қазақтың көне тарихы» атты еңбектерінде (40-бет) Жетіру тайпасын «Қарт қазақ» деп атап: кердері, жағалбайлы, керейт, телеу, табын, тама, рамадан деп 7 ірі ру-тайпаға жіктейді. Сондықтан да кейбір тарихшылар Тама руының шығу тегін Дешті Қыпшақтармен байланыстырып, қазақтың ең көне руларының бірі деп қарайды.

Тамалардың ұраны Қарабура, таңбасы «Қос әліп» (||) және бұл таңбаның қыпшақ руларының таңбасынан еш айырмашылығы жоқ. Сонымен қатар тамалардың көне мекені оңтүстік Орал, Жайық, Тобыл өзенінің жоғарғы арнасы екен. ХІҮ-ХҮІ ғасырларда Шора батыр басшылығымен Дешті қыпшақта, Қазақ хандығының, Ноғай ордасының саяси өмірінде зор роль атқарды.

Тамалардың ата жұрты Тама-Тархан, яғни Таман қаласы дейді, тарихшылар.

Қарқаралы ауданымыздың Құрметті азаматы, Ұлы Отан Соғысының ардагері Мұсатаев Жақия ақсақалдың айтуынша, біздің бабаларымыз яғни Қарқаралыдағы тамалар 1824-1827 жылдардан қоныс тебе бастаған екен.

Тәшен Тәкіман деген атадан Жексембай, Бөгенбай одан Өскенбайлар тарайды. Олардан Қарқаралы тарихында аты аталып, ізі қалған Сағындық би, Өскенбай шешендерді атап айтуға болады- дейді.

Шежіреші Ахметбек Әрінұлы «Сағындық Кіші жүзден, Жеті рудың Тама бұтағынан ертеден орын тепкен адам, өте шешен, алғыр, «айыр көмей, жез таңдай» дейтін қазақтың бағалы азаматтарының бірі болған. Осы тіл байлығына қызыққан Жамантай өзінің дипломаты - елшісі есебінде пайдаланып, дау-дамай шешуге сенім артқан адамның бірі»- деп жазған (*«Атақоныс-Арқадағы, шежірелі Қарқаралы»*. Алматы: РПБК «Дәуір», 2003. 46- 47- беттер).

«Мүйіз ауыз» атанған- Өскенбайдың өнегесі

Шежіреші Ахметбек Әрінұлы «Атақоныс- Арқадағы, шежірелі Қарқаралы» атты (*Алматы: РПБК «Дәуір», 2003. 146- 147 беттер*) еңбегінде: Біздің аталарымыз Өскенбай туралы тағы да былай деп жазған: «Мүйіз ауыз»- Өскенбай дейтін халық. Бұл кісі кіші жүздің Тама деген руынан елге сіңісті болып кеткен алғыр адамы еді.

Қазіргі аудандық оқу департаментінің бастығы Тілек деген азаматтың үлкен әкесі.

Ақпайдың Жақыбы 1925 жылдары өзіне серік қып, жанынан тастамай ертіп жүрген. Жақыптың өкпе ауруына шалдығып, таза ауаға дем алып, қымыз ішіп, дертіне шипа іздеп жүрген кезі. Ақпайдың үш ұлы- Мажит, Ыбырай, Жақып өздеріне елден киіз үй алдырып, Қоянды жәрмеңкесіне апарып тігеді. Жәрмеңкенің қызған кезі.

Жақып халықтың қалың жиналған ортасын аралып жүргенде киім-кешегі жұтаған қайыршыларға кездеседі. Жаны ашып, оларға көмектесу керек екен, сауап болар деп ойлайды. Қалтасындағы ақшасын туысы Ыбырай қарызға алған. Үйге келген соң туысқан үшеуі отырғанда Жақып Ыбырайдан қарыз ақшасын қайтаруды

талап етеді. Ыбырай:- Айдап келген малымды әлі өткізе алмай жатырмын, берермін- деп сөзбұйдаға салады.

– Біреуден қарыз алсаң да бер деген соң бер, бер деген соң бер! – деп екі-үш қайталап Жақып ашуға басады. Оған ағалары Мажит те: - Берер, шыдай тұрсаңшы- деп басалқы айтқандай болады.

– Мені күтіп отыра бере ме, көшедегі ғарыптар, бер деген соң бер- деп зіркілдесіп, үшеуі әжептәуір сөзге келіседі.

Анандай жерде отырған Өскенбай от жаққан ошақтағы күлге келіп: - Әй, бар қылмаған, бай қылмаған құдай-ай, ненді алдым сенің!- деп қолындағы қамшысын екі бүктеп алып оттағы күлді бұрқыратып сабалай бастайды.

– Ой, жынды сен бар болғанда не істер едің, бай болғанда кімді жарылқар едің- депті, Жақып.

Сонда Өскенбай:- Бай болсам, Ақпайдың үлкенісің ғой деп, бір-екі қараның ақшасын Мажит саған бере едім. Ыбырай, кеше болыс болғанда алған паранның қоры үзіліп қалған шығар деп, біраз ақшаны саған бере едім. Жақып, қала-қалаға жолаушылап көп жүресің, қалтаңнан қорың үзілмесін деп біраз ақшаны саған берер ем, көрші отырға үйлердің адамы Ақпайдың үш баласы ақша үшін қырқысып жатыр деп елге таратса, Қоянды жәрмеңкесі ұрыс-керіссіз тарар ма еді-ау!» депті.

Жақып:- Ақшасы құрысын, ақшасы құрысын! – деп екі қайталап, ашуын басса керек.

Иә, ұлы әкеміз Өскенбайдың қазақтың тұңғыз заңгер- магистрі, Алаштың ардақты ұлдарының бірі Жақып Ақбаевтың сенімді серігі болуы әуелі оның тума қабылетті, тілмар, шындықты шырқыратып бетің-жүзің деп маймөңкелемей кесіп айтатындығынан болса керек. «Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді» деген, халық данышпандары. Шындықты айта білу, оны тындай білу бабаларымдан қалған қадірлі қасиеттердің бірі. Сондықтан да «пышақ қынға, сөз шынға тоқтайды» дейді.

Жақып Ақбаевтың адвокаты, қимас досы - Өскенбай

Ауданымыздан шыққан, еңбегі сіңген, ұлтжанды, ізденімпаз азамат Жұмажан Қасымұлы Ақбайұлы Жақып туралы «Қарқаралы»

журналының тарихи тұлғалар айдарына «Алты Алаш ардақтаған ақиық азамат» атты көлемді зерттеулер жазған-ды.

Сол еңбегінде: «...Ақбайұлы Жақып мырзаның әрі жанынан қалдырмайтын серігі, әрі әр кез ақылдасып жүретін досы, қысылып, қиын жағдайға тап болғанда (ал, Жақып мырзаның мұндай жағдайға тым жиі тап болып отырғаны жақсы мәлім) қол ұшын беретін және қандай да бір көмекті де аяқ астынан, қас қаққанша-ақ ретімен ыңғайластыра қоятын көмекші-құтқарушы тама Өскенбайды бір кездегі Қарқаралы-Семей өңірінде білмейтін адам кемде-кем-ақ болған шығар.

Өскенбай сөзге алдына жан салмайтын шешен, тапқыр ойлы, ұтымды, тауып сөйлейтін адам болыпты. «Қажымайтын бір жолдас жиылып тұрған топпен тең, қажымалы көп жолдас жанында адам жоқпен тең. Мен осы Өскенбаймен бірге жүргенде құдайға аян өзімнің төрт құбыламды түгел, еш алаңсыз, уайым-қайғысыз сезінемін дейді екен, Жақып мырза», -депті.

Демек, өзі оқымаған, биік мансабы мен қолында билігі немесе мыңғырған малы бар шонжар болмаса да, өмірден оқып емес тоқып үйренген Өскенбайдың қазақтың тұңғыш заңгері Ақбайұлы Жақыптың қазіргі тілмен айтқанда адвокаты (қорғаушысы), қимас досы болғандығын жоғарыдағы Жүмекең марқұм жазған деректермен қоса, жазушы-журналист Сапыкең (*Сапарғали*) Ләмбекұлының «Арыстар» атты диалогиясының екінші кітабынан да кездестіреміз (*Астана: Елорда, 2004 ж, 245-бет*).

Жақып Ақбаев әл үстінде жатып:- Жақсы келдің, Нығметжан, көп рақмет. Елдің жайы қалай?- деп сұрады.

– Әлгі Өскенбай қайда, халі нешік?

– Қалың Қаракесектің жартысынан астамы қырылып, көбісі басы ауған жаққа босып кеткенде тамшыдай таманың тамтығы қала ма? Қарасудың екі жағындағы қыстаулар түгел қаңырап қалды, ділмар досыңның өлі-тірісін білмеймін, ол үшін ғафу ет, тақсыр.

Жақыптың тамырын ұстаған қожа тықыр таянғанын сезді, оны қасында отырғандардан жасырмады, қам жасауды ескертті» депті.

Өзі өлім аузында жатып Жақып Ақбаев Өскенбай атамыздың халін біліп, хабарын алғысы келуі қимас достықтың белгісі екені сөзсіз.

Сонымен қатар, қызылдардың «Кіші революциясы» Қазақ жерінде қайта жүргізіліп, аштық нәубетіне қарқаралылықтарды да ұшыратқан кез еді, бұл. Қазақтың біртуар ұлы Тұрар Рысқұлов дәл осы уақытта Сталинге хат жазып, Қарқаралы қаласында күніне 50 адам аштан өліп жатқандығын хабарлағанын жазушы-журналист Мақсым еңбегінен байқауға болады. Олай болса, сол зұлматты біздің аталарымыз Өскенбай, оның ұрпақтары да бастарынан өткізгені даусыз.

Жерлесіміз Өсекеңнің туған, өмірден өткен жылы жайлы деректер таппағанбыз. Жоғарыдағы Жақып Ақбаевтың өмірден өткен күні жайлы оқи отырып, ол қай мезгіл екен дегенді қызықтап қарасам «Қарағанды облысы» атты энциклопедиясында «Жақып Ақбаев 1876 жылы туып., 1934 жылғы 4-шілде күні өмірден өтіпті»- деп белгілепті. Дәл осы күні Жақып Ақбаев «Әлгі Өскенбай қайда, халі нешік?»- деп сұрапты ғой.

Егер осы күнге дейін, атамыз Өскенбай қайтыс болған болса, Жақып Ақбаевқа қаралы хабар қалай да жеткен болар еді. Демек, осы күнге дейін атамыз Өсекең тірі болған, ашаршылықтың азабын қанша тартқаны, тағдырының соңы немен аяқталғаны жұмбақ тәрізді?!..

Сонымен Жақып Ақбаев 1876 жылы туған екен, әр түрлі әңгіме, тарихи деректерде Жақаң атамыз Өскенбайды «Өскен, Өскен»- деп құрбысынша атауына қарағанда олардың жас шамасы тым алшақ болмаған, егер Өскенбай атамыз Жақып Ақбаевтан жасы егде болса білімді азамат Жақып Ақбаев «Өскен, Өскен»- деп емес, «Өсекең, Өсекең»- деп айтар еді ғой.

Қазақтың үлкенді сыйлаған дәстүріміз, сол кездегі маңдай алды азаматтарымыздың сыйластығы сынды дәстүрімізге құрметпен қарай отырып, атамыз Өскенбай-дың туған жылын «1872 - 1876 жылдар» шамасында- ау деп болжап қойдым.

Мен бұл жерде тарихи оқиғаларды текке таразылап отырған жоқпын одан тағлым алу үшін еріксіз екшеу қажеті туады.

Өйткені, өткенді білмей, келешекке болжам жасау мүмкін емес. Әркім тегін, аузын аққа қолын таққа жеткізген ана-анасы мен өнеге көрсеткен ұстазын білуі, еңбегін бағалауы, олардан үлгі-өнеге алуы тиіс емес пе?!.

Өскенбай - шешен

Шешендік қазақ халқының ұлттық қасиеттерінің бірі. Халқымыз: «Көре-көре көсем болады, сөйлей-сөйлей шешен болды»- дейді. Бірақ, екiнiң бiрi шешен болмайды. Көп сөйлеген шешен болудан гөрі мылжың болып кетеді, көп жүрген кезбе болып, кезеген аяқ бок басады. Бұл қазақы философия. Өсекең рас шешен болған ба?- деген сұраққа жауап іздеп көрейін.

Тағы да Жұмажан Қасымұлының алдыңғы аталған еңбегінде: «...Жаз айының бір кешінде Жақып мырза мен тама Өскенбай екеуі әңгімелесіп отырады.

– Әй, Өскен, Өскен-ау!- дейді кенеттен Жақып мырза иегімен көше жақты меңзеп. Өскенбай шешен жалт қараса, көше бойымен әңгімелесіп келе жатқан бес-алты адамды көреді. Өскенбай дереу орынан атып тұрып, Жақкеме тіл қатпастан далаға шығады. *(Сол кездері Ақбайұлы Жақыптың үстінен жалған арыздар түсіп жатқан кез екен де әлгі келе жатқандар соны тексеріп тектеу, факт жинау үшін жүрген болса керек)*. Содан жаңағы көше бойлап *(Жақыптың үйіне қарай)* келе жатқан адамдардың алдынан шығып, сәлем береді.

– Дат, ағайын!- дейді Өсекең сәлем-саулықтан кейін.

Айтыңыз!- дейді жігіттердің ортасында келе жатқан құндыз бөрік пен құндыз жағалы шапан киген, орта жастағы қою мұрт, шоқша сақалдысы. Өсекең сөйлей жөнеледі: - Онда сіздерге бір сұрағым бар еді. Кей ит алыстағы дыбысты естіген беті көрмей-ақ үреді, кей ит көрген соң ғана үреді деуші еді. Осы сіздер солардың қайсысына жатасыздар?.. құндыз бөрікті мырзаның жанындағы елтірі тымақ құлақтарының ұштарын ішке жымқыра киген екі жігіт камшыларын үйіріп, «мынау не деп тұр, ей?!»- деп Өсекеңе тұра ұмтылышты. Оларды әлгі басшы мырза жекіп тоқтатыпты да: «Жақып мырзаның Өскембай деген шешені бар деуші еді, сен екенсің ғой...Онда мырзаңа сәлем айтып барарсың, біздер әлгі айтқандарыңның көрмей үретіндеріне жатады екенбіз-депті де жігіттерін ертіп, келген ізімен еліне қайтыпты»- дейді. Сөйтіп Өскең Жақып Ақбайұлына жабылған жаладан құтқарып қалыпты. Бұл Өскенбайдың шешендігі, Жақанның адвокаты болғаны емес пе?!

Міне, Өскенбай атамыздың жабылған жалаға дерек жинауға келгендерді екі ауыз сөзімен-ақ кері қайтаруын қазақта ұрмай-соқпай, «мақтамен бауыздау»- деп айтады.

Өскенбайдың жеңісі

Сонымен бірге Өскенбай өзінің аты ғана аталатын жеке тұлға емес, барша Тамалардың атын шығарып, абыройын асқақтатқан ел ағасы болып өтіпті. Өйткені бізге жеткен ел аузындағы әңгіме, жазба деректерде Өскенбай атамызды атағандар «Тама Өскенбай» дейді, олай болса Өскембай тек ата баласы ғана емес, ел баласы, ру-жұрағаттың бетке ұстар азаматы болғаны.

Сонымен Өскенбай атамыздың тауып айтқан ұтқыр сөздері мен шешендігі арқылы жеткен жеңістері жайлы бірер мысалды келтіргеніміз жоғарыдағы сөзімізді нанымды етеді...

...Жақып мырза қыстың бір жаймашуақ күнінде жанында тама Өскенбай бар Қарқаралы көшесінде бір топ адамдармен әңгіме дүкен құрып тұрады

- Өскен, Өскен!- дейді Жақып мырза көк ат жеккен кара кашевкадағы адамдарды иегімен нұсқапты. Бұл Қарқаралы өңіріндегі шіріген бай Ақайдың ені екен.

Хасенге сәлем беріп, амандық-саулық сұрасып болған соң, ат шанаға қарап тұрып әңгіме басапты:

– Ертеде Ескендір Зұлқарнайын деген патша өлер алдында өсиет айтыпты деседі ғой. «Жан тапсырған соң, оң қолым жоғары көтеріліп, алақаным жаюлы күйінде қалар. Менің мәйітімді арнаулы көлікке салып, ел аралатыңдар. Қай жерде көтерулі оң қолым жерге түссе, сол жерге жерлендер» депті ғой. Әрине, Ескендірдей патшаның мәйітінің не екенін бір құдай біледі ғой, әйтеуір аса үлкен көлікке салып, ерекше салтанатпен алып жүреді емес пе. Содан біраз ел аралағанда, бұл жұмбақ жайды ешкім түсіндіріп бере алмайды. Салтанатты қаралы керуен жолшыбай жайлауға енді қонып жатқан ауылға кездесіпті деседі.

– Ой-й, ананы кара! Арбада жатқан адамның қолы көтеріліп қалыпты!- деп тамашалаған кәрі-жасқа уық шаншып жатқан бір бойжеткен былай депті дейді:

– Уа, халайық! Бұл арбада жатқан өз кезінде дүниені дүр сілкіндірген Ескендір Зұлқарнайын патшаның денесі ғой. Оң

қолының көтеріліп қалу себебі мынада: «Мен бүкіл дүние жүзін жаулап алуға әрекет жасадым. Бірсыпыра елді бағындырдым да. Содан өлгенде маған бұйырғаны ахирет ғана. Өзіммен бірге алып бара жатқан түгім жоқ қой, міне!»- деп, қолын көтеріп, алақанын жазып жатқаны сол- деген екен.

Қыз осылай айтып үлгеруі мұң екен, патшаның оң қолы сылқ етіп жанына түсіпті.

– Сонан соң- деп жымыпты Хасен бай. , Өскенбайдың мұнан тынбай, тағы бірдеңе айтарын сезіп.

– Сонан соң айтарым: «мырза, көк алалы көп жылқыны айдап отырсыз. Боз, күрең, кара, сұр, қарагер, құла, көк, торы дегендей, айғырын түстеп салған үйір-үйір сансыз көп жылқыңыз бар. Қарқаралыға келіп алып, көшесін аралауға картадан байыған Әубәкірдің көк шолағына жармаспай-ақ қойсаң етті»- депті.

Тама Өскенбайдың дер кезінде тауып айтқан мысалды сөзінен ұтылған Хасен мырза оған сый-сыяпат көрсетіп тынған екен- деп жазған Жұмажан Қасымұлы. «Хасен баймен бәсекелес Ақбайдың Ыбырайы мен Жақыбының еңсесін бір көтеріп тастаған»- деген Жүмекеңнің сөзінің жаны бар.

...Арасында Жақып мырза мен тама Өскенбай бар бір топ адам Қарқаралы қаласының ақсақалдары кешкілікте бас қосатын үйреншікті орыны Бәйгетөбеде әңгімелесіп отырады. Кенет Жақып мырзаның көзі алдарынан біраз жерде кесе-көлденең өтіп бара жатқан үш адамға түседі.

Ортасындағы адамның киім киісі ерекше екен: үстінде ақ жібектен әсем тігілген костюм, басында алшысынан түскен шляпа, қолында күміс бедерлері күнге шағылысып жарқыраған ерекше таяқ, көзінде күн шығырмағынан қорғайтын алтынмен қапталған қара-қоңыр көзілідірік.

Осындайда баяғы әдетімен Жақып мырза бұларға кесе-көлделендеп өтіп бара жатқан иегімен нұсқап:- Өскен, Өскен!- деп қалады ғой. Өскенбай болса дереу орынынан атып тұрып, етегін қағып әлгілердің алдына түсе жөнеледі де біраз озып барып, бұрылып келіп асқан ізетпен сәлем беріп, жөн сұрасқан соң ортадағы әсем киінген Хасенге:

«Уа, Хасен мырза! Мына үстіңіздегі киім тым әсем екен, ине-жіптен жаңа шыққан, әрі өзіңізге аса жарасады екен, қайырлы

болсын! Сән-салтанатыңыз, жүріс-тұрысыңыз, сырт порымыңыз Петербордағы орыс княздерінен бір де кем емес екен, артық болмаса. Осыған орай бір сұрағым болып тұрғны сізден» - дегенде, Хасен:

«Е-е-е, сұра, айта бер»- депті. «Айтсам, егер де сіз қазақ жерінің шекарасынан аттап өтіп, орыс деревнясының бірінің шетіне іліккенде, алыңыздан орыстың бір мәтүшкесі шыға келіп «здравствуйте!» дегендей болса, сіз оған не деп жауап бере едіңіз?»- дейді.

Сонда Хасен: «Тіліңе шок түссін сенің, сені жіберіп отырған Жақып қой» - депті де, бұрылып алып өз жайына жүріп кетіпті»- деседі. Сөйтсе тама Өскенбайдың әлгі сөзінің төркіні Хасеннің оқымағанды-ғын тұспалдаған екен ғой- депті, Жұмекең.

Осы орайда бірнеше толықтыру қосқан жөн.

Біріншіден: Өскенбай оқымысты болмаса да орысша жақсы білген және мүмкін Жақып Ақбайұлымен бірге орыс жерінде, атап айтқанда Петерборда да болған. Егер Петерборда болмаған болса орыс князының қаншалықты сән-салтанатпен жүретіндігінен хабары болмас еді, өзі орысша білмесе Хасенге соншалықты сөзі де өтпейді ғой.

Екіншіден: Қанша бай болса да қазақтың тұңғыш оқымыстысы, зангері, алаштың ардақты ұлдарының бірі Жақып Ақбайұлына сәлем бермей өтіп кеткен Ақайдың Хасенінің қатесін дер кезінде бетіне басуы, шешендігі мен көрегендігі, бай Хасеннен тікінбей ақиқатты айтуы Өскенбай атамыздың жүректілігі деп білген дұрыс.

Үшінші: Жақып Ақбайұлының саяси-қоғамдық күресі жайлы өмірдеректерінен оның атақты Қарқаралы петициясын ұйымдастырушылардың бірі, патша мен оның отарлаушыларына қарсы күрестің бел ортасында болғандығын ескерсек, Өскенбай атамыз да бұл күрестерден шет қалмаған. Тіпті 14 мың адам қол қойғанда, Жақып жанталасып басқыншылар мен олардың қолшоқпарларымен айқасып жүргенде Жақып Ақбайұлының үнемі қасында болған Өскенбай қарап қалыпты, не білмей қалыпты, әлде әрекетсіз болыпты десек қисынсыз емес пе?! Жақып Ақбайұлының ең сенімді серігі, ел мойындаған шешені Өскенбай атамызды «тек алып кел, шауып келге» ғана жұмсап отырған оның қолбаласындай көруге, түсінуге болмайды, расында оған қол қойғандар тізімінен табылды.

Төртінші: Өскенбай атамыз Жақып Ақбай мен қатар Алаштың көсемі Әлихан Бөкейханов, оның серіктерімен де дәмдес, пікірлес болған екен.

Қарқаралының қарымды қаламгері, Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасының Құрмет орденінің иегері, жазушы-журналист Сапарғали Ләмбекұлы «Арыстар» атты тарихи романында (Астана: Елорда, 2000. 250- бет):

– Ассалаумағалейкум! Әлеке!- деп әуелі жасы кіші Жақып Мырза қос қолын көкірегіне қойып сәлем берді.

– Уағалейкум, сэр Гарин!- деді оны көңілдене қарсы алған ел ағасы дауысын көтере. Мұны көрген Өскенбай «оқығандардың кездесіп, сәлемдескені де қызық-ау»- деп іштей таң-тамаша боп, екеуіне алма-кезек қарай берді.

Алайда жолсоқты болып жеткендер еусынның дәміне қараған жоқ, алғашқы тостағанды тез босатысты.

Сол кезде көмейін ақырын қырнап алған Өскенбай төр иесіне қарап тіл қатты.

– Әй, Әлихан, мен білетін төрелердің ішінде қазақтың арғы-бергі сөзіне өзіңе жетігі жоқ шығар деп жүруші едім. Әлгінде Жақып досынмен амандасқанда «сары қарын» дегенді қыстырып жібергенің қалай? Әлде тоқтасқан әйелге айтылатын сөзді қалжыңға орай жұмсап жатырмысың?- деп қалды.

Мұны естіген үлкен азамат ұзын мұртын бір сипап, мол денесін селкілдете күліп жіберді. Санын бір салып қап, оған Жақып та қосылды. Бұған өзгелер аң-таң.

– Пәлі, қаймақ ауызым-ай, онда да мұнша шалдырмай жүріп, шатасқан жерің осы болды-ау,- деді артынша Әлихан сабасына түсіп.

Біріншіден, жаңағы сөзді жаңылыс естігенсін, «сары қарын» емес, сэр Гарин.

Екіншіден, оның мағынасын түсінбепсің. Оның мәнісі былай, мына Жақыптың арғы аталарының бірі Қара сері аталады ғой.

– Иә, білем, асқан әнші болған.

– Ендеше бұл досыңыз Петерборда оқып жүргенде ағылшындарға еліктеп, «Қара» мен «серінің» орынын ауыстырып, өзіне «сэр Гарин» деп ат қойып алған. Ағылшынша «сэр» деген сөз қазақша «мырза» деген мағынаны білдіреді. Тіпті, осыны

зандастыру үшін кезінде болыс әкесі Ақбай марқұмның Қара сері жөнінде анықтама да сұратып алдырған болатын. Осы рас қой, Жақып? - деп Әлихан әлгі айтқанын дәлелдеу үшін досына қарады-деп суреттеген және маған осы кітабында қалдырған.

Тарихшы ағамыз «Арыстардың, олардың қатарында болған аталарың Өскембай...»- деп бекер жазбаса керек. Олардың қатарында депті ғой...Олай болса Өскембай атамызды атқосшы деңгейінде емес, Алаш арыстарының да қимас, қарулас достары болған деген ләзім.

Өскембай атамыз қолына қару ұстап қарсы тұрмағанымен қоғамдағы кереғар қылықтармен шешен тілі арқылы күресіп өткені жоғарыдағы мысалдардан көрініп тұр. Сол кездегі қазақ қоғамындағы байлардың үстемдігі, ала ауыздық, байлыққа масаю т.т жат мінез-қылықтарды жер жебіріне жеткізіп сынау арқылы Өскем әділ де, тура жолды ұстап, тауып айтатын тама Өскембай аталуы да сондықтан. Өскембай атамыздан өнеге алу үшін әлі де жинақтап, хаттап шоттайтын іс баршылық.

Таптық тартыс қызған жылдары Әлихан Бөкейханов «Алашорада» үкіметінің мүшелерін құпия түрде Тоқырауынға жинағанда атамыз Өскем де қатысыпты. Сол жиынға барар алдында Жақып Ақбаев:

«Тоқырауынға, Әлекең ауылына барамыз. Есінде болсын, онда естігендерің туралы ешкімге тіс жармайсың»- дегенде Өскембай үнсіз бас изеді - деп Сапыкең «Арыстар» романында бекер жаза салмаған, тарихи оқиға, деректерге сүйенген.

Сондықтан да мен Өскембай атамызды сол кездегі қоғамның саяси ахуалына өзіндік көзқарасымен араласа, арпалыса білгендердің қатарына қоямын. Бұл, ол Өскем туралы айтылған аңыз әңгіме, шежіре, жазылған тарихи деректердің бір парағы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бәкен Бахтияров, ҚР еңбегі сіңген ұстаз естелігі, «15» маусым 2012 жыл, Көктас ауылы.
2. Ж.Ақбай туралы Қасымов Жұмажан жазбалары.
3. Қарқаралы және Алаш қозғалысы, Қарқаралының 190 жылдығына арналған ғылыми- практикалық конференция материалдары, Қарқаралы, 2014.

4. Қарқаралының қарымды қаламгері, Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасының Құрмет орденінің иегері, жазушы-журналист Сапарғали Ләмбекұлы «Арыстар» атты тарихи романы (Астана: Елорда, 2000. 250- бет):

5. «Қарағанды облысы» атты энциклопедиясы.

6. Шежіреші Ахметбек Әрінұлы «Атақоныс- Арқадағы, шежірелі Қарқаралы» атты (Алматы: РПБК «Дәуір», 2003. 146- 147 беттер)

7. Қарқаралы ауданымыздың Құрметті азаматы, Ұлы Отан Соғысының ардагері Мұсатаев Жақия ақсақал естелігі, 2013 ж.



АЙГУЛ ДОСЫМБЕКОВА
Ш.Есенов атындағы Каспий
мемлекеттік технология
және инженеринг университетінің
студенті (IV-ші номинация)

ИНТЕЛЛЕКТУАЛ XX ВЕКА – НАЗИР ТЮРЯКУЛОВ

Демократическая партия Казахстана «Ак жол» всегда заявляла о себе, как одним из последователей движения «Алаш».

Как известно, накануне годовщины создания «Алаш Орды» проходит ежегодный Общенациональный конкурс «XXI-ғасырдағы Алаштың Ақ жолы»/ «Светлый путь Алаша в XXI-ом веке». В текущем году движению «Алаш» исполняется 97 лет. Это событие имеет совершенно точную дату – на проходившем в г. Оренбурге с 5 по 13 декабря 1917 г. втором всеказахском курултае был создан Национальный Совет – первое в современной истории казахское правительство Алаш Орда. Таким образом, 13 декабря 1917 года – день образования Алаш Орды.

Проведем небольшой экскурс в историю. В начале XX века почти шестимиллионное казахское население стало выдвигать свои социально-экономические и политические требования, которые стали возможны благодаря появлению небольшого слоя образованной, талантливой, патриотически настроенной национально-демократической интеллигенции. Это были люди самых разных профессий: учителя, юристы, муллы, ветеринары, переводчики, медики, учащиеся школ, училищ и семинарии, а также студенты различных вузов Российской империи. Они сумели сформулировать основные чаяния и нужды казахского этноса, направляя общество в сторону противодействия колониальной экспансии царского правительства.

Так во главе всего этого движения стояли «отцы» казахского демократического движения конца нового времени А. Букейханов и А. Байтурсынулы. Они акцентировали внимание народа на срочном решении земельных, религиозных, социально-экономических и культурно-образовательных проблем.

В 1917 году в газете «Қазақ» печатается программа партии «Алаш». Реформаторский характер основного документа партии нашел свое отражение в постановке социально-экономических, культурно-просветительских, религиозных и иных вопросов. «Алаш» отстаивает справедливость, поддерживает бедных, заботится о повышении благосостояния народа, ведет народ по пути прогресса.

Проблемы просвещения, образования, земли, переселенцев, этноса, религии, женщин и детей, власти, языка вначале поднимались ими с позиций социализации казахов, а затем с позиций создания суверенного государства. В проекте нашли свое выражение вековые чаяния казахского народа.

Я считаю, что партия «Алаш» свою силу и энергию направляла на достижение народного благосостояния, эта партия «вела народ по пути прогресса», «отстаивала справедливость».

Осмелюсь сказать, что создание автономного правительства Алаш Орды в начале XX века считается расцветом казахского национально-освободительного движения. Лидеры Алаш Орды воплотили мечту народа о самоуправлении. И хотя жизнь первого казахского правительства оказалось недолгой, она послужила доказательством, что наш народ способен к собственной государственности.

Одним из ярких личностей и интеллектуалом XX века, несомненно, можно назвать Назира Тюрякулова – первого казахского дипломата. Бывают люди, чей безграничный энтузиазм и преданность делу способны двигать горы. Дипломат Назир ТЮРЯКУЛОВ был именно таким. Человек поразительной судьбы, он много сделал для своей страны. Однако по какому-то недоразумению соотечественники не знают о нем почти ничего.

Хотелось бы рассказать про удивительного человека, который родился в 1892 году в зажиточной казахской семье в селе Кандоз близ города Туркестан. Много талантливых и великих людей ро-

дила наша Казахстанская земля, сегодня одна маленькая история большого человека. Звали этого человека Тюрякулов Назир Тюрякулович.

Назир Тюрякулович учился в медресе, русско-туземной школе, с 1914 по 1916 год учился на экономическом отделении Московского коммерческого института, ныне Российский экономический университет имени Г.В. Плеханова. На что, хочу заметить, на тот момент для ребенка Казахских степей было большой редкостью учиться в данном университете.

В 1918 году Назир Тюрякулов вступил в ряды партии большевиков, добровольно записался в Красную Армию и был назначен начальником политуправления Конной армии в Туркестане. С этого момента начался стремительный взлет его революционной и партийной карьеры. Одновременно расцвел публицистический талант Тюрякулова, он показал себя незарурядным организатором культурно-массовой и просветительской работы. Будучи членом совдепа Коканда, он принимает самое активное участие в создании его печатного органа «Халық газетасы» («Народная газета»), организует выпуск первого номера журнала «Инкилоб» – органа ЦК Компартии Туркестана. Являясь членом редколлегии этих и других изданий, он не только много редактирует и контролирует качество перевода, но и сам регулярно публикуется на их страницах. Уже тогда его статьи были отмечены глубиной понимания проблем, аналитичностью и превосходным стилем.

Кроме того, Назир оказывал посильную помощь и в издании журналов «Хакикат» («Истина»), «Билим очагы» («Очаг знания»), «Туркмен ели» («Туркменский народ») и других, которые уже в 1923 году распространялись далеко за пределами Туркестана (Кашгар, Кульджа, Поволжье, Бухара, Хива и т.д.).

Восхождение к вершинам власти Назира Тюрякулова, избранного весной 1918 года секретарем Ревкома Кокандского совдепа, было поистине стремительным. Через три года он уже находился на самой верхней ступени партийной и государственной иерархии, став в мае 1921 года председателем ТуркЦИКа, членом Среднеазиатского бюро ЦК РКП (б) и членом реввоенсовета Туркестанского фронта. За это время он успел побывать, как уже отмечалось ра-

нее, и членом Президиума областного ревкома города Скобелево, и начальником политуправления Конной армии в Туркестане, и комиссаром просвещения Туркестана, и ответсекретарем ЦК КП Туркестана, редактором ряда газет и журналов, в том числе «Вестника просвещения и коммунистической культуры».

Став, по сути дела, одним из руководителей Туркестана, Н. Тюрякулов часто выезжал в различные области этой обширной республики, стараясь на местах вникнуть в суть проблем, возникающих перед новой властью; он выступал на различных съездах, встречался с рабочими, красноармейцами и дехканами на собраниях и митингах. Причем он с самого начала усвоил для себя, что одним из важнейших качеств народного руководителя является умение как прислушиваться к голосу масс, так и быть внимательным к каждому человеку. Его спокойный тон и неизменная политкорректность создавали такую обстановку, при которой посетители не стеснялись в буквальном смысле излить ему свою душу.

В 1922 году Назира Тюрякулова вызывают на постоянную работу в Москву. В 1922-1928 годах на посту председателя правления Центрального издательства народов СССР он много сделал для развития просвещения и книжного дела. Он редактировал книги на русском и тюркских языках, отдельные издания выпускались с его предисловиями.

На I Всесоюзном съезде учителей, состоявшемся в 1925 году, он выступил с докладом на тему: «Национальный вопрос и школа», где поднял проблемы национальных культурно-просветительных учреждений, строительства зданий для национальных школ в регионах, развития женского образования в тех национальных республиках и областях, где женщины не могли обучаться в общих школах, создания специальных профтехнических и сельскохозяйственных школ и т.д. Эти вопросы с одобрения делегатов были внесены в резолюцию съезда.

Стоит отметить, что Назир Тюрякулов, в отличие от большинства руководителей, которые после установления Советской власти косо поглядывали на религию, задумывался о влиянии ислама на историю человечества. В годы службы на посту председателя ТуркЦИК он старался достичь разумного компромиса в отношениях новой власти и религии. Одно только его решение подписать

постановление о переносе выходного дня с воскресенья на пятницу – мера, свидетельствующая о его гражданской смелости. Так же в начале двадцатых годов Н. Тюрякулов издал указ, объявивший три дня Курбан айта – почитаемого мусульманского праздника – выходными.

Работа Назира Тюрякулова полпредом Советского Союза в Саудовской Аравии в 1928-1936 годах – период в его жизни, когда он сумел в полной мере проявить свой талант и незаурядные способности. В тепер уже далекие тридцатые годы Советский Союз имел официальные дипломатические отношения лишь с 32 государствами, и назначение полпредом Н. Тюрякулова рассматривалось на самом высоком уровне.

В результате по прямому указанию И.Сталина вопрос о назначении Н.Тюрякулова полпредом СССР в Королевстве Хиджаз, Недж и присоединенных областей (прежнее название Саудовской Аравии) был рассмотрен и решен на Секретариате, Оргбюро (22.11.1927), а затем и на Политбюро ЦК ВКП(б) (24.11.1927). **И в конечном итоге Постановлением Президиума ЦИК СССР от 15 декабря 1927 года он был назначен полпредом.**

На момент прибытия туда Назира Тюрякулова ситуация в Хиджазе-Недже была достаточно сложной. Недждийцы-ваххабиты во главе со своим лидером Аль Саудом пришли к власти, свергнув хашемитского шерифа Хусейна, которого поддерживала Англия. Из-за этого обострились отношения недждийцев с Лондоном. И новый саудовский режим был вынужден искать новых союзников, среди которых наибольшим предпочтением пользовался Советский Союз. Ведь советское правительство первым признало Аль Сауда главой вновь провозглашенного государства. СССР желал усилить свое влияние на аравийском Востоке.

Архивные документы тех лет свидетельствуют о том, что в течение восьми лет Назир Тюрякулов, не жалея сил, беззаветно служил интересам своего Отечества. Благодаря его титаническим усилиям сложились нормальные партнерские отношения между Советским Союзом и Саудовской Аравией, которые позже переросли в разряд стратегического сотрудничества.

Полпред Н.Тюрякулов довольно быстро освоился в новой роли, установив доверительные связи с местным политическим

истеблишментом и в среде купечества. Весьма интенсивное общение позволило ему в короткое время разобраться во внутренней обстановке и внешнеполитических делах страны пребывания.

Высокопоставленные сановники, включая различного рода министров, военных чинов и даже шефа местной тайной полиции, являлись частыми гостями у полпреда, обменивались с ним необходимой информацией. Наиболее тесные отношения сложились с турком Сени-бейем. Этому, помимо знания Назиром турецкого языка, способствовали дружественные отношения между СССР и кемалистской Турцией.

Как дальновидный политик и дипломат Н. Тюрякулов придавал большое значение развитию советско-саудовских торговых отношений. В ту пору советские товары бойкотировались на западных рынках, и тем большую важность обретала для страны Советов торговля с Востоком.

В 1932 году саудовская делегация во главе с принцем Фейсалом побывала с десятидневным визитом в Советском Союзе. Этот визит можно считать одним из главных политических достижений Назира Тюрякулова на посту полпреда. Обе стороны отнеслись к визиту очень серьезно. Москва понимала, что она будет принимать не просто сына саудовского монарха, семнадцатилетнего юношу, а престолонаследника, будущего короля дружественного государства. Саудовская же сторона рассчитывала достигнуть с правительством СССР договоренностей о предоставлении советских товарных кредитов на миллион фунтов стерлингов сроком на 10 лет. Арабская делегация была принята Председателем ВЦИК М.И.Калининым, а так же председателем Совнаркома В.Молотовым и и.о. Наркома иностранных дел Н.Крестинским. Хозяева встречи позаботились о том, чтобы насыщенная официальная часть приема сочеталась с обширной культурно-ознакомительной программой. В поездке по стране саудовского принца и его свиту сопровождали известные в стране люди во главе с Климентом Ворошиловым. Гости посещали заводы и фабрики, пионерские лагеря, слушали оперу «Севильский цирюльник» в филиале Большого театра, смотрели футбольный матч на стадионе «Динамо». Побывали они и в Ленинграде. Во время посещения местного

завода телефонного оборудования «Красная заря» принцу Фейсалу подарили автоматическую телефонную станцию (АТС), которая в то время была технической новинкой.

Позже при содействии Назира Тюрякулова АТС была установлена в резиденции короля Абделя Азиза Аль Сауда. Для этого были приглашены специалисты ленинградского завода во главе с инженером Шитовым. Чтобы более эффективно выполнять свои обязанности, советский полпред Н.Тюрякулов, до этого уже свободно владеющий семью языками (*казахским, узбекским, русским, татарским, турецким, немецким, французским*), в сжатые сроки выучил и арабский язык, впоследствии полностью отказавшись от услуг переводчиков. По этому поводу вспоминаются его слова: «А то говоришь одно, переводят другое, теряется соль».

Полпред Н.Тюрякулов хорошо знал особенности мусульманского мира, арабского Востока. Он неоднократно совершал большой и малый хадж, старался придерживаться предписанных исламом норм и традиций. При этом в общении с местной элитой и при подношении им различного рода сувениров и подарков он соблюдал особую деликатность. Обращаясь в Наркомат иностранных дел, он подчеркивал, что «не может дарить револьверы и угощать спиртными напитками, как это делают иные европейцы», и просил снабдить его подарочным фондом в виде перочинных ножей, часов, тканей «на рубашки детям» и тому подобным.

Он также ставил вопрос о ежегодном транзите 10-15 тысяч паломников в Мекку через советскую территорию. По его мнению, такой гуманный шаг произвел бы «очень хорошее впечатление и отвел бы обвинения в угнетении ислама».

Кстати, в одном из первых своих писем в «центр» Н.Тюрякулов предлагал направлять на годичную языковую стажировку в Хиджаз студентов Института востоковедения, имея в виду, что только литературного арабского для работы недостаточно. Он писал: «На языке Корана здесь невозможно купить себе и коробку спичек. Между тем, в наших учебных заведениях, выражаясь фигурально, готовят не арабистов, а коранистов, могущих объясняться лишь с мертвецами и ангелами». Его талант и грамотность в религиозных вопросах проявлялись на каждом шагу. В беседах с местной знатью ему приходилось упорно проводить мысль о том, что «рус-

ские мусульмане» должны сначала восстановить свое хозяйство и лишь потом думать о религии, как то предписывает Пророк. Между тем нашему дипломату в течении восьми лет приходилось работать в тяжелейших политических, морально-психологических, а также природно-климатических условиях (*невыносимая жара, риск приобрести какую-нибудь экзотическую болезнь, нехватка воды, продуктов питания, отсутствие квалифицированной медицинской помощи и элементарных удобств*). Но Назир Тюрякулов был мужественен и стоек, с честью выполнив возложенную на него дипломатическую миссию.

В начале 1936 года Назир Тюрякулов был отозван в Москву. Примерно год он проработал старшим научным сотрудником Института языка и письменности при Совете национальностей ЦИК СССР.

Интересен факт, что с декабря 1935 года по июнь 1936 года он числился в резерве Наркомата иностранных дел, а с июня 1936 года по январь 1937 года – в резерве ЦК ВКП(б). Видимо, какие-то планы в отношении Тюрякулова у высшего руководства были. Но в 1937 году, как и многие его современники (военноначальники, дипломаты и ученые), по надуманным обвинениям он был арестован и расстрелян.

Эта трагическая весть потрясла короля Саудовской Аравии Абдул Азиза Аль Сауда, который очень уважал и любил Назира. И по дипломатическим каналам король дал понять советскому правительству, что других полпредов в своей стране он видеть не хочет. После этого отношения двух стран прервались. Они были восстановлены лишь в 1990 году.

Как-то на английское издание «Аравийской эпопеи...» обратил внимание нынешний Министр иностранных дел Саудовской Аравии принц Сауд Аль Фейсал. Ведь это именно его отец, будущий король Фейсал бен Абдель Азиз Аль Сауд, принимал некогда верительные грамоты советского полпреда, ставшего впоследствии его близким другом. Министр предложил перевести монографию на арабский язык с тем, чтобы широкий доступ к ней получила и арабская общественность.

К переводу привлекли замечательного лингвиста, человека очень глубоких знаний, профессора Каирского университета

Амера Мухаммеда Амера, читавшего в то время лекции в Казахском Национальном университете имени Аль Фараби. Свою работу он сделал блестяще; о высоком качестве перевода мне потом не раз говорили авторитетные ученые-арабисты. Тем более, что книга была выпущена в свет в одном из самих авторитетных издательств Ближнего Востока – «Айн Шамс» в Каире. По свидетельству современников, Назир с его пронизательным спокойным взглядом, открытым живым лицом, умением слушать, четкой речью, незаурядными ораторскими способностями и одновременно мощным темпераментом и волевым характером, являл собою пример человека, которого сейчас принято называть харизматическим лидером; он проявил себя и в качестве государственного деятеля, и народного трибуна, не побоявшегося взвалить на свои плечи тяжелый груз колоссальной ответственности за судьбы людей.

Лишь выдающиеся личности оставляют после себя заметный след в истории. Поэтому столь велики заслуги Назира Тюрякулова перед страной на самых разных поприщах.

Но наша главная задача – воздать должное тому вкладу, который этот замечательный человек и гражданин внес в победы и завоевания отечественной дипломатии.

Исследованием биографии Тюрякулова много лет занимается доктор политических наук Таир МАНСУРОВ. Именно он вернул имя Назира Тюрякулова из глубин забвения. В 2011 году вышла книга “Назир Тюрякулов – полпред Советского Союза в Саудовской Аравии”, где впервые на казахский язык переведен основной объем архивных документов: писем, отчетов, дневников и т. д.

Напомню, что 23 мая текущего года в ЕНУ им. Л.Н. Гумилева состоялось торжественное открытие Центра дипломата Назира Тюрякулова и арабских исследований. Инициатором создания Центра первого казахского дипломата выступил доктор экономических наук, профессор, заслуженный работник дипломатической службы МИД РК Сайлау Батырша-улы.

Открытие центра первого казахского дипломата – это прекрасная возможность для студентов расширить горизонты своего научного интереса (здесь и изучение трудов Тюрякулова, и политическая и экономическая ситуация того времени, и исследование сов-

ременных арабских стран), а для преподавателей повысить свою квалификацию.

Благодаря таким представителям казахской интеллигенции, как А. Букейханов, А. Байтурсынов, М. Дулатов, А. Беремжанов, М. Шокай, М. Тынышбаев, А. Ермаков, С. Ходжанов, Т. Рыскулов, С. Мендешев, С. Сейфуллин, С. Асфендияров, С. Садвакасов, Н. Нурмаков, Н. Тюрякулов, Алашское движение оставило богатейшее наследие: это идеи национальной государственности, президентского правления, создания правового, демократического светского общества, отделения религии от государства, формирования национального воинства, межнационального согласия.

Сегодня мы являемся свидетелями того, что за короткий исторический период Казахстан совершил впечатляющий рывок в своем развитии: сформирована национальная государственность. Конституция РК, вобравшая идеи и концепции конституций развитых демократий мира, закрепляет основные общечеловеческие и демократические ценности. Но не следует забывать, что именно идеи алашординцев стали фундаментом основного Закона страны.

Проведя сравнительный анализ программ партий «Ак жол» и «Алаш», становится очевидным, что партия «Ак жол» не без оснований считает себя продолжателем дела алашординцев. Идеи социальной модернизации общества, где главной ценностью является человек, составляет основу программы «Ак жола».

Многое из программы партии «Алаш» реализовано: сегодня образование является обязательным, в школах детей обучают на родном языке, издается литература и периодическая печать на казахском языке, приняты законы, защищающие рабочих, женщины получили права равные с мужчинами и т.д. Но еще многое предстоит сделать нам, приемникам алашординцев!

Хотелось бы призвать казахстанскую общественность к содействию перевода книг национальной интеллигенции на русский язык, на мировые языки, издание их собраний сочинений при государственной поддержке. А также внедрение трудов просветителей в школьную и вузовскую программы, создание художественных и исторических фильмов о них.

Желаю, чтобы каждый гражданин страны соотносил свои поступки с делами плеяды Алаш и мог так же искренне и верно служить своему народу!

ЛИТЕРАТУРА:

1. Hasan Oraltay. The Alash movement in Turkestan. – London
2. Аманжолова Д. Партия «Алаш»: история и историография. – Семипалатинск, 1993.
3. Аманжолова Д. Казахский автономизм и Россия. История движения «Алаш». – Москва, 1994.
4. Нурпеисов К. «Алаш» и «Алаш-Орда», – Алматы, 1995.
5. Койгельдиев. «Алаш козгалысы» (Движение «Алаш»), – Алматы, 1995.
6. Мансуров Т. Елші Нәзір Төрекұловтың Арабия дастаны. 4 тілде (орыс, қазақ, ағылшын, араб). – М. Реал-Пресс, 2001.
7. Полпред Назир Тюрякулов. Жизнь замечательных людей. – М. Молодая гвардия, 2004.

**Назар аударуға
тұрарлық мақалалар
ТОПТАМАСЫ**

Кітапты құрастырушылар түсініктемесі

Тұтастай алғанда, байқау «Алаш» идеяларының жас-стар арасында да қызығушылық тудырып, тарала бастағанын байқатты. Байқауға еліміздің барлық өңірлерінен қатысты. Олардың кейбірі жергілікті архивтермен жұмыс істеген. Байқауға қатысушылар біразы тың ойлар, ұсыныстар, тарихи деректерге жан-жақты, кешенді келіп, оның мәндерін қазіргі замандағы маңыздылығына орай жаңаша ашуға талпыныстар жасаған. Сондықтан да биылғы, осымен үшінші рет шығып отырған ғылыми жинағымызға тек қана байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің ғана емес, олардан басқа қатысушылардың да еңбектері енгізілді, кейбір жекелеген жұмыстар қысқартылып берілді. Егер олар жұртшылықтың, әсіресе ғылыми ортаның назарына ілігіп, болашақ түбегейлі зерттеулерге жол ашып жатса, әрине нұр үстіне нұр болар еді.

**«АЛАШ ОРДА» - САЯСИ ҰСТАНЫМДАРЫНДАҒЫ
ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ЗАМАНАУИ
ҮНДЕСТІГІ»**

Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметіне деген көзқарас ХХ ғасырдағы қазақ қоғамдық ойы үшін ең азапты құбылыстардың бірі болды десек, шындыққа қайшы келмейміз. Өмірге келгеніне 97 жыл толып, өктем зорлықпен тиым салынып, жабылғанына 80 жылдай болған осынау қозғалысқа байланысты саяси және теориялық мәселе өз зәрулігін бүгін де жойған жоқ, қайта уақыт талабына сәйкес, жаңа мәнге ие болып отыр. Қазіргі ХХІ ғасырда, тарих қойнауында қалған сол бір саяси қозғалыстың егжей – тегжейін анықтауды өзімізге міндет санап, оның көшбастаушы қайраткерлерінің өмір жолын, көзқарасы мен ұстанған бағытын асқан ықыласпен тағы да ой талқысынан өткізудеміз.

Оның мынадай себептері бар. Біріншіден, Алаш қозғалысы бүгінде қайта жаңғыруды бастан кешіріп отырған ұлттық сана – сезіміміздің, қоғамдық түсінік – түйсігіміздің қайнар бастауында тұрған, осы қасиеттердің жетіліп, дамуына тікелей ықпалы болған құбылыстардың бірі. Оның өмірге келуі отарлық езгідегі халқымыздың ғасырлардан бері жинақталып келген және әбден пісіп жетілген наразылығының, ішкі жанайқайының сыртқа шығуының көрінісі болды. Ол қазақ тарихында тұңғыш рет қалың бұқара санасында «Бостандық, Теңдік, Туысқандық» деген мәңгілік ұғымдардың ұрығын шашты, оларды естіген халық еңсесін көтерді, қараңғылық пен тәуелділіктің түнегінен азаттықтың таңына қол созды.

Алаш қозғалысының халық жадында қайта жаңғыруының келесі, екінші себебі ол күн тәртібіне қойған негізгі қоғамдық міндетке – ХVІІІ ғасырда ыдырауға ұшыраған қазақ ұлттық мемлекетін жаңа заман талабына сай жаңа сапада қайтадан құру міндетіне байланысты. Алаш зиялыларының ортақ түсінігі бойынша, отарлық езгі жағдайында аяқ асты болып келген ұлттық мүддені

қорғай алатын, сол арқылы қазақ елінің әлем халықтарымен бірге үдемелі прогресшіл дамуын қамтамасыз ете алатын ең негізгі фактор – ол ұлттық мемлекеттік құрылымның болуы еді.

1917 жылы желтоқсанның 5-13-күндері өткен екінші жалпықазақ съезі Қазақ тарихы үшін маңызды оқиға саналады. Дәл осы съезде ұлттық Алаш мемлекетін орнату мақсатымен “Алаш Орда” уақытша ұлттық кеңесі – жаңа үкімет құру туралы шешім қабылдаған болатын. Бұл тарихта Қазақ хандығынан кейін құрылған екінші мемлекет болды. Алаш басшыларының ұлттық мемлекет құру ісіне біржола бет бұрғанын, оны алдымен Ұлттық Кеңес аталатын үкімет пен ұлттық әскер құрудан бастауға тоқтағанын байқаймыз[1,4-6]. Ұлттық мемлекеттің ең негізгі құжаты – Конституция. Алаш Орда үкіметінің Конституциясын алмастырған ол – Алаш партиясының бағдарламасы болатын. «Алаш» партиясының бағдарламасын дайындағандар заң ісіне өте жетік және мемлекет құрылысы ісінен хабары мол адамдар болатын. Олар: Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлы, А.Байтұрсынұлы, Ж.Ақпаев және Х.Досмұхамедовтар болатын. Олар Алаш автономиясының мемлекеттілік институттарын айқындауда да басты рөл атқарды[2,3-6]. Егер, ақиқатын айтар болсақ, бұл бағдарламаның жобасы ғана еді. Жоба болғанына қарамастан, Алаш бағдарламасы ХХ ғасыр басындағы дүние жүзінің ең дамыған елдерінің демократиялық, құқықтық принциптеріне толық жауап бере алатын еді[3,5 б.].

Бағдарлама 10 баптан тұрады. Ол: «Россия демократиялық федеративтік республика болуы тиіс. Федеративтік республикадағы әрбір дербес мемлекет автономиялы және бірден құқық пен мүдделі бола тұрып, өзін өзі басқарады. Үкіметті Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Дума алдында жауап беретін Министрлер кеңесі арқылы басқарады. Заң билігі үкіметті бақылау құқы бар Мемлекеттік Думаның қолына шоғырланған. Азаматтардың бәрі бірдей шығу тегі, діні, жынысына қарамастан сайлау құқымен пайдаланады. Депутаттарды сайлау төте, тең және құпия дауыс берумен өткізіледі»[4,3 б.], - деген баппен ашылады.

Егер Алаш бағдарламасын дүние жүзі елдерінің ең демократиялы елі саналатын АҚШ Конституциясымен салыстырар болсақ, төмендегідей жәйтті аңғаруға болады. Алашта да, АҚШ – та да президент әрі мемлекет, әрі үкімет басшысы болып табылады.

АҚШ Конституциясында заң билігі толықтай – Конгрестің, ал, Алашта Конгрес функциясын атқарушы Мемлекеттік Думаның құзіретіне шоғырланған. Атқарушы билік екі салыстыру объектілерінде де үкіметке (АҚШ – *та Министрлер кабинеті, Алашта – Министрлер Кеңесі -Б.Н.*) берілген. АҚШ Конституциясының ең басты жетістігі – оның үш саяси – құқықтық принцип негізінде жүзеге асуы. Олар билік бөлісу принципі, федерализм және сот – конституциялық бақылау. Алаш бағдарламасында осы үш принциптің үшеуі де көрініс тапқан. Егер мұның алғашқысы бірінші баптан айқын аңғарылса, федерализм екінші баптан анық көрінеді. Онда «Қазақ автономиясы өзге ұлыстармен тең дәрежеде Россия Федерациясы құрамына кіретін облыстардан тұрады. Қазіргі земстволардың барлығы осы күйінде сақталады», - деген қағидалар бар[4,3 б.]. Біріншіден, бұл АҚШ Конституциясындағы штаттардың егемендігі туралы ережемен, сондай – ақ қазіргі Германия Конституциясындағы Федералды жер туралы принциптермен үндеседі. Екіншіден, Алаш бағдарламасы Ресей Федерациясының территориялық емес, ұлттық, ұлыстық құрылымдардан тұратындығына ерекше назар аударады. Бұл оның артықшылығы.

Алаш бағдарламасының үшінші бабында: «Россия Федерациясында тең праволық, жеке бастың азаткерлігі, сөз, баспасөз, одақ бостандығы қамтамасыз етіледі» [4,3б.], - делінген. Бұл қағида АҚШ Конституциясының преамбуласындағы тұжырымдармен сәйкес келеді [5].

Бағдарламаның төртінші бабындағы: «Дін мемлекеттен ажыратылады, адамдардың барлығы еркін және тең праволы. Қазақтардың өз алдына муфтиі болады. Некеге тұру, туылуы, опат болуы және ажырасу туралы жазбалар қазақ молдаларында қалдырылады [4,3 б.]» деген ереже орыс демократтары мен татарлардағы ислам фундаминдалистерінің ұсыныстарының қоспасынан келіп шыққан.

Бесінші баптағы сот билігі туралы қағидалар АҚШ Конституциясының 3 – бабындағы федералдық соттың принциптерімен толық сәйкес келмесе де, оның көптеген тиімді жақтары ескерілген. Әсіресе, аралас ұлттар тұратын жердегі сот билігі, сот ісінің қазақ тілінде жүргізілуі, байырғы халықтың әдет – ғұрып заңдарының нормалары ескерілуі жөніндегі ұсыныстар Алаш

бағдарламасының ұлттық мемлекеттік құрылымдағы ерекшеліктерді ескеруден туған деп пайымдауға әбден болады.

Алтыншы баптағы: «Халықты қорғау үшін қазіргіден басқаша негізде ұйымдастырылған әскер болуға тиіс [4,3 б.]» деп басталатын тұжырым декабристердің «Русская правда» атты конституциялық құжаттармен астасады. АҚШ – та жалдамалы әскер болғанымен оның Конституциясына 1789 жылы 2 – толықтыру бойынша «мемлекетті қорғау үшін қажет жағдайда халық жасақтары құрылады [5]» деген өзгеріс енгізілген. Міне, әскердің міндетті түрде болуы, бірақ оның еріктілік принципімен жасақталуы туралы ереже Алаш бағдарламасында да ескерілген.

Алаш бағдарламасының жетінші бабындағы «Салық байлық мөлшеріне және мүлікті жағдайына қарап салынады: бай – көп, ал кедей аз төлейді[4,3 б.]», – деген принцип өркениетті елдердегі нарық заңына толық сәйкес келеді. АҚШ Конституциясының 1913 жылғы XVI толықтыруының негізгі принциптерімен де ұштасады [5].

Алаш бағдарламасының сегізінші бабы жұмысшы заңының декларативі жақтарын ғана айқындағаны болмаса, нақты шараларды белгілемеген. Ол Қазақстанда ұлттық жұмысшы табының, фабрика, зауыттардың аздығымен түсіндіріледі.

Бағдарламаның тоғызыншы бабы оқу – ағарту ісіне арналған. Бұл Алаш бағдарламасының ең ұтымды және күшті жағы. Талай жылдар бойы білімге сусаған халқының сауаттылық, біліктілік дәрежесін арттыруға бағытталған бұл бапта бастауыш, орта, жоғары білім тегін берілетіні, оқу ісіне мемлекет араласпайтыны, оқытушылар мен профессорлар сайланып қойылатыны көрсетілген.

Бағдарламаның соңғы 10 – бабында жер мәселесі қозғалады. Онда жерге алдымен жергілікті халық орналастырылатыны, орыс мұжықтары тартып алған жер иесіне қайтарылатыны айтылған. Осы баптағы «Жерді сатуға үзілді – кесілді тыйым салынады. Жердің барлық байлығы – үлкен ормандар, өзендер – мемлекетке қарасты және земство арқылы басқарылады[4,3 б.]», - деген қағидалар әлі күнге дейін маңыздылығын жоғалтпаған.

Алаш зиялыларының бұл құжатында заманауи демократия ұстанымдарына қайшы келетін тұстары жоқ. Керісін-

ше, ұзақ уақыт бодандық қамытын киіп, мемлекет құрылысы мен басқарудың еуропалық жолын игеруде кешіккен және әлеуметтік – экономикалық жағынан едәуір артта қалған елімізді демократиялық – құқықтық принциптерге негізделген ұлттық мемлекет ретінде саяси аренаға алып шығуды көздеді. «Алаш» идеясын кеңестік режим қанша басып – жаныштап, халық санасынан өшіруге күш салғанымен жүзеге аспады. Бұл идея 1991 жылы Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жариялануымен өзінің екінші ғұмырын қайта бастады.

Ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ұлттық мемлекет құруға бағытталған әрекеті сол кезендердегі ащы өмір талабынан туындаған бірден-бір тура шешім болатын. 1917 жылғы желтоқсанда өткен жалпықазақ съезі сайлаған заңды Алашорда үкіметі ғасыр басындағы қазақ қоғамында көзге ұрып тұрған экономикалық, әлеуметтік және рухани мәселелерді қазақ оқығандары тарапынан терең ұғыну арнасында пайда болған және сол мәселелерді шешуге бар күш жігерін жұмсауға даяр ұлтжандылық пиғылдағы билік еді. Әрине, бұл үкіметтің де өз заманы мен шыққан ортасынан бастау алатын кемшіліктерінің болғандығы даусыз. Дегенмен, оның негізгі жалпыұлттық мүдделер үшін қызмет ете алатындығына және оған белгілі дәрежеде даяр екендігіне сенбеске негізіміз жоқ. Өз мәселелерін терең және тура түсініп, оларды сол тарихи жағдайда шеше алу мүмкіндігі жағынан қазақ қоғамы үшін басқа балама үкімет жоқ еді.

Алайда, қазақ елінің ғасырлар бойы мыңдаған асыл азаматтары басын тіккен биік арманы – ұлттық мемлекеттікті қалпына келтіру ісі Алаш қозғалысы, Алашорда үкіметімен бірге тарих қойнауында, тоталитарлық өктемдік пен империялық зомбылықтың шаңына көміліп қала берді. Тек жетпіс жылдан астам уақыттан соң Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігі жарияланып, қазақ елі ұлы арман жолына қайта түсті [6, 2-б.]. Осындай шақта халық мүддесі үшін құлаш ұрып, ұлттық мемлекет туын алғаш қолға алғандар жөнінде «қажымай алтын Айға қол сермеп, сол жолда мерт болған буын еді [7, 92-б.]», дейтін ақын Мағжанның сөзін еске түсірейік.

«Қазақ елі – ежелден еркіндікті аңсаған ел. Өз алдына дербес мемлекет құру қазақ халқының ғасырлар бойғы арманы еді», - деп

атап көрсетті Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. – Құдайға шүкір, өз билігіміз өз қолымызға тиді. Қазақстан Республикасы бұдан былай тәуелсіз, демократиялық мемлекеттердің қатарына жатады»[8].

Иә, бұл ұлттық мемлекет құру мақсатын жүзеге асырудың аса маңызды қадамы. Ал, шынайы ұлттық мемлекет – қуатты, гүлденген, дамыған мемлекет орнату үшін талай жолдан, қиын белестерден өтуге тура келетіні сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мәмбет ҚОЙГЕЛДИЕВ, «АЛАШ ОРДА – Ұлттық мемлекет құру мақсатының қойылуы: тарихтағы орны мен тарихи маңызы» // Егеменді Қазақстан, 1992 жыл, 18 қаңтар. 4-5 б.

2. Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД, «Профессор Еркемов – Алашорданың вице-премьері» // Егеменді Қазақстан, 1992 жыл, 6 маусым. 3-б.

3. Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД, «Жақып Ақбаев – Алаштың Бас прокуроры» // Егеменді Қазақстан, 1992 жыл, 4 сәуір. 5-б.

4. Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД, «Жақып Ақбаев – Алаштың Бас прокуроры» // Егеменді Қазақстан, 1992 жыл, 7 сәуір. 3-б.

5. <http://www.hist.msu.ru/ER/Text/cnstUS.htm> \ \ Конституция Соединенных Штатов Америки – 1787 г.

6. Төрехан ДАНИЯР, Сейітхан ЗЕБЕРХАНҰЛЫ, «Алаш» сиезінің ақиқаты» // Жас Алаш, 1992 жыл, 17 сәуір. №75-76. 2-б.

7. Жұмабаев Мағжан, «Жан сөзі». Алматы, 2005 – 252-б.

8. <http://old.abai.kz/node/40129> \ \ - «Алыста жүрген ағайындарға ақ тілек» -(Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев радиодан 1991 жылдың 31 желтоқсанында сөз сөйлеп, алыста жүрген қазақ ағайындарға ақ тілек жолдады.)// Егеменді Қазақстан, 1992 жыл, 1 қаңтар.

РУСЛАН АХМАҒАНБЕТОВ
Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
Журналистика және саясаттану факультетіндегі
Саясаттану кафедрасының
2 курс магистранты

ШЕКАРАНЫҢ ӨТКЕНІ, БҮГІНІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

*« Туып өскен елің қымбат,
Кіндік кескен жерің қымбат»
Қазыбек би*

Биыл Орта Азиядағы ұлттық республикалардың терри-
ториялық бөлінісіне, делимитация болғанына тоқсан жыл болды.
Осы тарихи оқиғаның басы-қасында Алаш зиялылары болған
еді. Алаш арыстарының тұсынан бастап, бүгінгі біздерге дейін
шекарамыздың қилы-қилы тарихи кезеңдерден өткені бел-
гілі. Шекарамыздың өткеніне шолу жасай отырып, бүгінгі мен
болашағына талдау жасап көрейік.

Шекараның болуы - мемлекеттің болуы деген ұғымды біл-
діреді. Шекара мәселесі ХХІ ғасырда да адамзат үшін, мемлекет-
тер үшін, өте қастерлі ұғым және маңыздылығын еш жоймай қала
береді. Халықаралық қатынастарды зерттеушілер соңғы уақытта
трансұлттық компаниялардың көбеюі алдағы уақытта шекаралар-
ды жоюға немесе мойындамауға алып барады деп пайымдайды.
Бірақ бұдан, шекара мәселесі өзінің маңыздылығын арттырмаса,
кеміткен емес. Тіпті, әлемде шекара мәселесінің шешілмеуі әр
түрлі қиындықтарға да алып барып жатыр.

Мәселен, Қытай мен Үндістан шекаралық аумақтарға байла-
нысты ұзақ уақыт жанжалдасып келеді және елуінші жылдардың
соңында, бұл ең ірі Азия мемлекеттері бір-бірімен соғысқа еніп
кетуіне шақ қалған. Көп жылға созылған Үнді-Пәкістан жанжалы
Кашмирдің кімге тиесілі екендігіне байланысты бітпейдін жырға
айналған. Жапония мен Қытай Сэнкаку (*Дяоюйдао*) аралы жөнінде
дауласса, Спратли аралына Вьетнам, Қытай, Филиппин, тіпті, Тай-
вань да дәмелі. Ресей мен ҚХР қатынастарында да шекаралық да-

улар бар. Таяу Шығыста да шешілмеген аумақтық мәселелер өте көп. Осындай проблемалар Иран мен Ирак арасындағы 8 жылдық соғысқа әкеп соқты, Ирак мемлекетінің құрамындағы «провинция» деп аталаған Кувейтке қарсы Ирактың басқыншылық соғысқа баруына себеп болды. Бұл жекелеген мысалдар ғана. Оны жалғастыра беруге болады [1, 328 б.].

Ғасырға жуық уақытта Қазақ елінің шекарасы мәселесі қалай өрбігендігін және әр кезеңдегі ұрпақтың салмағы қандай болғанын қарастырсақ. Қазақ елінің территориясы ежелден болған. Бұл жерде тақырыптың нақтылығы үшін тек белгілі уақыт шеңберін алып қарастырып отырмыз.

1920 жылдың 26 тамыз күні Қазақ автономиясын құру және оның шекарасын белгілеу жөнінде декрет дүниеге келді. Сол кезде үлкен дауға айналған «Қазақ автономиясына қай жерлер кіреді?» деген сұрақ туындаған. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Әлімхан Ермековтар Қазақ мемлекетінің территориясын анықтаудағы қиындықтарға қарамастан, табандылық танытып, өздерінің тарихи миссиясын орындап шықты.

Ә.Ермеков сол кездегі қазақ жеріне қатысты баяндама жасады. Ол баяндамада Астрахань, Орал, Торғай Ақмола, Семей, Сырдария, Закаспий, Самарқан, Ферғана облысы мен губернияларын қамтитын, жалпы көлемі 3 467 922 (3,4 км²) шаршы шақырым жерді беруді сұрады. Белгілі алаштанушы ғалым, жазушы Тұрсын Жұртбай былай дейді:

– Әлімхан Ермеков өз сөзінде мынадай пікір айтты: «Қазақстан шекарасын анықтау барысында мұқым өлкенің этникалық, экономикалық және мәдени ерекшеліктерін ерекше ескеру керек. Егер қазақтардың осы уақытқа дейін көшпелі өмір салты мен мал шаруашылығын басты кәсіп ретінде сақтап қалғанын басты назарға ілсек, онда бұл облыстардың өзара тығыз байланысы көзге анық көрініп тұр.

Сондықтан да, Қазақ автономиялы республикасын құру тек солтүстік және оңтүстік облыстардың арасындағы шекаралық тұтастықты сақтаған жағдайда ғана мүмкін әрі нақты өмірлік сипат алады.

Егер, бұл мәселе керсінше шешілген жағдайда автономия тіршілік көзінен айырылады. Сонымен қатар, мәдени, экономикалық

және аралас облыстарда талап етіп отырған территорияның құрамында қалып қояды. Бұл орталықсыз оңтүстік облыстардың экономикалық шаруашылықғы мәдени ашаршылыққа ұшырап, тірі өлікке айналады. *Осы пайымдауларды ескере отырып, Қазақ автономиясының шекарасын көрсетілген шекара бойынша бекіту қажет. Орынбор қаласы уақытша орталық ретінде қарастырылуы керек!*» [2.].

Ал, С. Сәдуақасов 1924 жылы «Қазақстанды қалай құрған жөн? Орта Азияда ұлттаралық шекара жүргізу және Қазақстан Республикасының құрылуы» атты мақаласын жариялады[3.].

Мақалада С. Сәдуақасов: «осы күнгі алдымызда тұрған мәселелердің ең үлкені: Орта Азиядағы республикалардың шекарасын бөлу туралы. Бұл мәселе жөнінде жұрттың көбі қараңғы. Қазақстан республикасы да бұл әңгімеге жуырда ғана кірісті. Орта Азия деген қай жер? Онда қандай халықтар, қандай мемлекеттер бар? Қазақстан Республикасында болып жатқан әңгіменің қаншалықты қажеттілігі бар? Орта Азия ұлттарының шекараларын бөлу Қазақстан өміріне қандай өзгерістер алып келеді? Қандай жаңалықтар бар? Қандай деген сұрақтар қойып, сол сұрақтарға жауап тапқан жағдайда ғана біз оны іс жүзіне асыруға кіріскеніміз абзал деп жазады»[4,196.].

Сонымен, С. Сәдуақасов: *«Қай дәлелді алсақ та, барлық қазақ жұрты бір республикаға қосылуы керек деген пікірге келеміз. Қазақ халқы бірігеді, бір республика туының астына жиналады»* -деп тұжырымдайды.

1924 жылы 12 маусымда РК(б)П ОК Орта Азияда ұлттық мемлекеттік межелеудің басты принциптері мен оны жүзеге асыру жөніндегі нақты ұсыныстар мақұлданды. Осы қаулының бір тармағында КСРО ОАК-нің ұлттар кеңесі мүшелернің бірінің төрағалық етуімен Орта Азия бюросы жанынан арнаулы территориялық комиссия құру көзделді[5.]. Соның нәтижесінде, Сырдария облысының Қазалы, Ақмешіт (*Қызылорда*), Түркістан, Шымкент уездері, Әулиеата уезінің көп бөлігі, Ташкент, Мырзашөл уездерінің бір бөлігі, Самарқан облысы, Жизак уезінің бірнеше болысы, Жетісу облысының Алматы, Жаркент, Лепсі, Қапал (*Талдықорған*) уездері, Пішпек уезінің бір бөлігі Қазақстанға қарады.

Қарақалпақ елінің азаматтарының өздерін туыстас Қазақ еліне автономиялы облыс ретінде қосу туралы өтініштері қабылданып, ҚазАКСР құрамына қосылды.

1925 жылы аяқталаған ұлттық-территориялық межелеуден кейін Қазақстанға оңтүстік өңірдегі қазақтар тұратын аудандармен қоса, қарақалпақ автономиялық облысы қосылғанын жоғарыда айтқан болатынбыз. Бірақ, Мәскеу 1930 жылы қазақ жерінің кеңдігін сілтей отырып, Қазақстан ұлттық-территориялық межелеу нәтижесінде өзіне қосылған аймақтарды толығымен игере алмайды, басқара алмайды деген сылтаумен Қарақалпақстан автономиялы облысын Қазақ АКСР-нің құрамынан алып, Өзбек КСР-нің құзырына берді[4,47б.].

Сонымен бірге, астана Орынбордан Қызылордаға көшкен уақытта РКФСР-дың құрамында Орынбор облысы қалып қойды.

Тіпті, мынадай жағдай болған болатын. 20 ғасырдың 30-40 жылдары сталиндік режим уақытында қуғын-сүргінге ұшыраған көптеген халықтар, мәселен, қазақ жеріне еріксіз келген шешендер, ингуштар мен қарашайлар Кеңес өкіметінің шешімімен 1956 жылдың 16 шілдесінде КСР ішкі істер министрлігінің әкімшілік қарауынан құтылып, арнаулы тізімнен шығарылды. Оларға бостандық берілді. Көпшілігі сол кезде Қазақстанда тұрған шешен мен инғұштарға қайтуға рұқсат етілсе де, оларды Кавказға жаппай кетуге жоғарғы жақ жасырын нұсқау берді. Сол кездегі КСРО ішкі істер министрі Н.Дударов: «Қазақстанда шешен-ингуш автономиясын құру қажет» - деген ұсыныс жасады[6.].

Шекара мәселесі Хрущевтың билік құрған кезінде тағы да үлкен шиеленіске айналды.

1956 жылы 21 қаңтардағы Бостандық ауданы, 1963 жылы 26 қаңтарда Қазақ АКСР Жоғарғы Кеңесінің жарлығына сәйкес Өзбекстанға Оңтүстік Қазақстан облысының Киров және Мақта-Арал аудандары, Қызылқұм ауданының Қызылқұм және Шымқұрған ауылдарының кеңестері (*жалпы жер көлемі 959 мың га*) сондай-ақ, Оңтүстік Қазақстан облысының жайылымдық жерлері (*11,354 мың га*) мен Қызылорда облысының ұзақ уақыттан бері Өзбек КСР-і пайдалануындағы 1,150 мың га., жері берілді[7.].

Осы мәселенің қалай өрбігендігі жөнінде сол кездегі Қазақ елінің басшысы Д.Қонаев өзінің ғұмырнамалық естеліктерін-

де былай дейді: «... 1962 жылы желтоқсанда Мәскеуде Кремльде қазақ өнер жұлдыздары концерт берді. Бұл кезде Мәскеуде ҚКП Орталық комитетінің бюро мүшелері Бейсенбаев, Шарипов, Юсупов және т.б болды[8, 148-151б.]. Осы кезде мен Хрущевқа телефон соғып, оны концертке шақырдым, ал өз келісімін беріп, мені кремльге келіп кетуге шақырды. Мен Хрущевтің кабинетіне кіргенде, онда Микоян болды. Амандастық, содан кейін Хрущев «Бүгін менде, Оңтүстік Қазақстан крайкомының бірінші хатшысы Юсупов болды. Ол мақта өсіретін аудандарды өзбектерге беру жөнінде мәселе көтерді. Бұл мақтаның өнімін көбейтуге көмектеседі деді. Сонымен қатар, өзбектердің мақта өсірудегі бай тәжірбиесі туралы айтты. Бірақ, ол ондай мәселелерді айтқанымен, Хрущев тыңдамады. КСРО-ның 1937 жылғы қабылданаған конституциясында республикалардың территориясы оның келісімінсіз өзгертілмейді. Нәтижесінде, жоғарыда айтылған жерлер Өзбекстан құрамына өткен болатын. Бірақ, Хрущев қызметтен кеткен соң, менің басқаруыммен бұл жерлер республикаға кері қайтарылған болатын, тек екі совхоз және 500 мың қой мен ерте кезде берілген жерлер қалып қойды. Осының өзін қайтару көптеген қиындықтар туғызып, қажырлы жұмысты талап етті»[8.].

Осы тұста Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы болған Д.Қонаев пен Н.Хрущев арасында республикаға қатысты мәселелер бойынша теке -тірестер жиі болып тұрды. Соның бірі - Қазақстан мен Түркіменстан арасындағы Маңғышлақ өңіріне қатысты болған. Хрущев, Қонаевпен болған бір кездесуінде, Маңғышлақ түбегін түркімендерге беру жөнінде мәселе көтереді. Өзінің бұл ұсынысын Маңғышлақ байлығын түркімендер жылдам игереді, олардың шөлейттегі тәжірбиелері мол және геология барлау ұйымдары мықты дамыған, сонымен қатар елге мұнай көптеп керек, сол себептен барлау жұмыстарын ұлғайтуымыз қажет деген сылтаумен түсіндіруге тырысады. Бірақ, Қонаев, Хрущевтың бұл ұсынысына үзілді -кесілді қарсы шығып, геология министрі Сидоренкомен ақылдасуды сұрайды. Сидоренко Хрущевқа берген жауабында Қазақстанда геологиялық барлау қызметінің мықты екендігін және қазақтардың Маңғышылақты жылдам игеретіндігін айтты. Хрущев өзінің бұл мәселеде асығыстық жасағанын түсініп, республикалар арасындағы шекараны әзірге бұзбаймыз,

әлі ойланамыз деп бұл мәселеге қайтып оралмаған. Хрущевтың ойларының Қазақстанда толық жүзеге аспауы және оның ұсыныстарына республика басшыларының әрдайым наразылық көрсетіп отыруы республикадағы басшылықты ауыстыруға әкеп соқты [4, 52-53б.].

Хрущев билік құрған уақытта Қырымды 1954 жылы 19 ақпанда Ресейден алып Украинаға берген болатын. Хрущев дәл осы сценарийді қолданып, Маңғыстау өңірін Қазақстаннан алып Түркіменстанға бермекші болған еді, алайда ол ойы іске аспады. Неге? *Осы тұста біздің ел басқараған азаматтарымыз Д.Қонаев пен Ж.Тәшеновтар қызмет лауазымдарынан ұлт тағдырын, ел мүддесін, елдің тұтастығын жоғары қоя білді. Мұның өзі осы ел ағаларының Алаш арыстарының жалғасы екендігін нақты іспен дәлелдеп, 50-60 жылдары шекарамыз сынға түскен уақытта еліміздің территориялық тұтастығын сақтап қалған еді.*

Брежневтің тұсында бұл бағыттағы жұмыс біраз бәсеңдеді. Бірақ, сонынан басқаша өріс алды. Неміс диаспорасының ұлттық дамуын көркейтеміз, экономикамызды нығайтамыз дегенді желеу етіп, 1979 жылы 31 мамырда КОКП Орталық комитетінің саяси бюросы «Қазақстанда неміс автономиялық облысын құрамыз» деген қаулы шығарды. Алайда, сол кездегі Целиноградтың Орталық алаңында және басқа жерлерде, көптеген адамдардың қатысуымен автономияға қарсы шерулер өтті. *Осыған орай, мәселенің шешілуі кейінге қалдырылды, одан соң Д.Қонаевтың араласуымен бұл мәселе күн тәртібінен біржолата алынып тасталды*[4, 53б.].

Кеңес империясының ыдырауы, Қазақ елінің тәуелсіз мемлекет ретінде шекарасын көршілерімен нақты айқындау керектігін талап етті. Кеңес Одағынан шыққан бір қатар мемлекеттерде шекара үшін соғыс пен қақтығыстар болды, мәселен, Армения мен Әзірбайжан «Қарабақша» үшін қантөгіске де барды. Ал көрші өзбек пен қырғыз шекарашыларының арасында оқтын-оқтын қақтығыстар әлі күнге дейін жалғасып келеді. Мұнын барлығы шекараның нақты шешілмеуінен болған жағдай.

Ұлтыбританиялық Дурхем университетінің жүргізген зерттеулері бойынша бүгінгі таңда әлемнің құрлықтағы шекараларының 25% толық анықталмаған, соңғы кездегі қақтығыстардың 15% шекаралық мәселелердің шешілмеуінен туындап отыр, ал

шекаралық таластан шыққан қақтығыстар жалпы саны 95-ке жеткен [9]. Шекаралық қақтығыстардың саны әлі де артуда.

Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан бастап, ең алдымен шекарасын анықтап алуға тырысты. Көршілеріне де ең алдымен ұсыныс жасаған да біздің еліміз болатын. Біз жоғарыда Қазақ елінің шекарасына тарихи шолу жасай отырып оның анықталуын айттық. Енді мынадай сұрақ туындауы мүмкін. Егер, біз шекарамызды кеңес өкіметі кезінде анықтасақ, оны тәуелсіздік алғаннан кейін тағы да нақтылауға қандай жағдай түрткі болды деген секілді сауалдар...

Бұл жағдайлар, кеңес өкіметі уақытында бір елдің ішкі мәселесі ретінде қарастырылып, сонымен қатар шекара манындағы елді-мекендер екі елге де, ауылшаруашылығы мақсатында кезек - кезек өтіп отырғандығы да бар. Ал, енді тәуелсіз елдердің арасында мұндай жағдай алдағы уақыттарда өрбімейтіндігі анық. Біздің шығыстағы көршімізбен шекара үшін КСРО-мен арада қарулы қақтығыс та болғаны мәлім.

Мемлекеттік шекараның жалпы ұзындығы *(Каспий теңізіндегі шекараны есепке алмағанда кезде)* 13500 км шамасында. Еліміз шекарасын шамамен жиырма жылға жуық уақытта барлық көршілерімен толықтай делимитациялап бітті. Нақтырақ айтқанда, 100% құрлықтағы шекарамызды айқындап, барлық халықаралық заңдармен негіздеп, бекіттік. *Бұл мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың өзінен кейін келетін елбасшыларына шекара мәселесін толық шешілген күйде қалдыра алатынына кепілдік береді. Яғни, біздің ешбір көршімізбен шекара мәселесі бойынша даулы әсеріміз жоқтығын білдіреді.*

Шекара мәселесі аса маңызды іс болып табылады. Маңыздылығы жоғары істе де арақідік мәселелер болатыны рас. БАҚ беттерінде Оңтүстіктегі үш ауылға қатысты жиі мәселелер көтеріліп отырды. Ал, енді осыған тоқтала кетсек.

«Елбасымыздың тапсыруы бойынша, Мақтаарал ауданының Өзбекстанмен арадағы шекара сызықтары делимитацияланды. Екі Республика арнайы комиссия шығарып, делимитация сызықтарын сызып, қазықтар қағылды. Бірақ, Қазақстаннан барған комиссия мүшелерінің тірлігіне ел риза емес. Сондықтан, дау-дамай әлі күнге дейін жалғасып, үлкен жанжалға айналууда. Өйткені, делимитация сызықтары дұрыс сызылмаған. Қазақстан жағынан

барған комиссия мүшелерінің жігерсіздігінен, бойында ұлттық намыстың жоқтығынан көп жеріміз Өзбекстанға беріліп қойды. Мәселен, бұрыннан Қазақстанның „Қоғалы” совхозының біраз жері, «Мақталы» совхозының бөлімшелері, “Манғытай”, „Құлшығаш” ауылдарының жерлері, “Атамекен” кеңшарының жерлері ауыл тұрғындарының мемлекеттік актілері бола тұра, Өзбекстанға өтіп кеткен. Ол ол ма, „Қоғалы”, “Қараөзек” совхоздарының Қызылқұмдағы мал жайылымдарының көбісін құдықтарымен қоса Өзбекстанға қалдырып қойған. Меніңше, қазақстандық комиссия мүшелері жердің жай-жапсарын білмейтін, түсінігі жоқ, ұлт намыстан жұрдай жандар болғанға ұқсайды. Өзбекстанның комиссия мүшелері Қазақстанның ұлтарактай жері болса да, өздеріне қаратуға тырысқан. Құмдағы кейбір отырған қазақтардың үйін бір бөлек, құдығын бір бөлек қылып сызықтар сызған. Қаншама мал жайылымдары Өзбекстан аумағына өтіп кеткен. Егер, сол кездегі комиссия мүшелерінің құрамында бұрынғы совхоздың басшылары мен жергілікті тұрғындары, ақсақалдары болғанда, мұндай келеңсіз дау-дамай, жанжал болмасы анық еді. Сол кезде бір өзбек тұрмайтын „Амангелді”, “Арнасай”, „Ильич” совхоздарының Қазақстанда қалуына толық мүмкіндіктері бар еді. Бірақ, сол комиссия мүшелері мен совхоз басшыларының қарақан ку басының қамын ойлап, намыссыздық танытқанының салдарынан ешқандай әрекет етпей, қол қусырып отырғаны қынжылтады. Олар қаншама халықтың қарғысына ұшырап отыр. “Шөптің басы жел тұрмаса кимылдамайды” дегендей, тұрғындар арасында комиссия мүшелері өзбектер не айтса соны істеп, бас шұлғып, қол қой деген жеріне қолдарын қойғанын әңгіме етеді. „Жыланға арбалған торғайдай” күн кешкен деседі[10.]» деп, БАҚ беттерінде азаматтар өз өкпелерін білдірген болатын.

Ал, осыған қатысты делимитация мәселесінің басы - қасында болған белгілі дипломат Қ.К.Тоқаев өзінің мемуарында былай дейді: «Айта кетер бір жайт, өзбек мамандары өздерін жақсы жағынан көрсетті, оларды айтқанынан қайтару қиын, қайсыбір мәселе болсын, әсіресе, сауда-экономикалық саласына байланысты мәселелерді тым жетік меңгеріп, келісім мәтіндерін әзірлеуде де мұқият жұмыс істейді. Өкінішке орай, Қазақстан өкілдері жайлы олай айта алмаймын. Себебі, елімізде қаржы-экономикалық ведомстволар қызметкерлерін күрт жасарту науқаны барысында,

іс жүзінде барлық тікелей өндірісте істеген мамандар штаттан шығарылып, келіссөзге өңкей бір тәжірибесіз жастар барды. Олар қабілетті де болар, бірақ өзбек келіссөзшілерінің тегеуріні алдында жиі абдырап қала берді.

Ал, керісінше, тәжірибелі мамандарымызды сақтап қалған салаларда келіссөздер бір қалыпты сәтті өтті. Бұл көбіне су проблемаларына, сондай-ақ шекараны делимитациялауға қатысты»[1, 224 б.] –деп, өз ойын білдірген болатын.

БАҚ беттерінде Өзбекстаннан басқа да көршілерімізбен болған шекараны делимитациялауға қатысты әр түрлі мәселелер бой көрсеткен болатын. Осыған байланысты дипломат Қ.Тоқаев өзінің ғұмырдерегінде былай жауап береді: «Мен қазақ жерін Қытайға “беруге көне салды” немесе “тегіннен- тегін берді” деген тезистерге үзілді-кесілді қарсымын. Ешқандай көне салушылық болған жоқ. Өткен уақыттардан бізге мұра болып қалған бұл жер дауы саяси жағынан да, заңды тұрғыдан да барынша мүлтіксіз, қолда бар шарт құжаттарына сәйкес шешіледі. Өзіңе тиесілі емес нәрседен дәмеленіп те, оған көніп-көнбеудің де қажеті жоқ. Орысқытай шарттарынан даулы аумақтардың 53% Қазақстанға, қалған 47% Қытайға тиесілі болуға тиісті туындаған еді.

Шекара туралы мұндай келісімнің орынды болуына күмән білдірушілік қытай тарапынан да болғанын айта кеткеніміз жөн. Кейбір Пекин “желөкпелері” “Қытай әлсіздік көрсетіп, Қазақстанның айтқанына көніп қалды” дегенді айта бастады. Бұл келісімді тайвань баспасөзі өткір сынға да алды. Аралдағылар “қытай коммунистері үлкен қателік жіберді, гоминьдан режимі мұндайды ешқашан жібермес еді” деп шуласты.

Иә, жер дауы ежелден-ақ қалмай келе жатқан нәрсе. Ал тәжірибелі Ресей келіссөзші-дипломаты айтқандай, кез келген жер мәселесінің “90 % эмоциядан тұрады.” Расында да, даулы шекара мәселесі қалай шешілсе де, оны сынға алып, үлкен қателесулер мен көне салушылық болады деп, қоғамдық пікірдің қолтығына су бүркушілер әркезде де табылады»[1, 210б.] –деп, бұл мәселелерге жауап берген болатын.

Жалпы алғанда, біздің барлық көршілерімізбен еш шекара дауымыз жоқ, шекарамызды халықаралық заң нормалары негізінде заңдастырып бекіттік. Бұл жұмыс қалай дегенде де сәтті іс болып табылады. Аракідік «әттегенайлары» болғанына

қарамастан, мәселен, Қытай ешбір көршісімен 100% шекарасын делимитацияламаған болатын. Қытай тарихында алғаш рет бізбен келісім жасасты.

Украинадағы болып жатқан жағдайлар бізге Қазақ еліне біраз ойлар салып тастады. Шекарамыз бен еліміздің тұтастығын сақтауға жаңаша көзбен, жаңаша оймен қарауға итермелеп отыр. Енді шекарамызбен еліміздің тұтастығының бүгіні мен болашағына қатысты қарастырсақ.

Украинада орын алып отырған жағдайлар шекаралық мәселеге бірнеше түрлі факторлармен қарау керектігін аңғартты. Отандық саясаттанушы Е.Қарин өзінің фейсбук әлеуметтік желісіндегі парақшасында былай дейді: «Украина төңірегінде қалыптасқан бүгінгі жағдай- Қазақстан үшін де өз кезегіндегі бір сынақ, сын сәт деп те айтуға болады. Өйткені, бұл оқиғалар посткеңестік кеңістікте қалыптасқан мемлекетаралық қарым-қатынастардың негізгі принциптеріне ықпал жасауда. Айталық, аймақтық қауіпсіздіктің бірден-бір құқықтық негізі болып есептелетін 1994 жылдың 5-желтоқсанында Будапештте қабылданған меморандумда- АҚШ, Ресей және Ұлыбритания, Украина, Белорусия және Қазақстанның шекараларының беріктігіне, аумақтық тұтастығы мен қауіпсіздігіне кепілдік еткен болатын. Енді болса, арада бар болғаны 20 жыл ғана өтсе де, Ресей Украинаға қарулы күштерін кіргізуге шешім қабылдап отыр. Сөйтіп, бұл шешім, посткеңестік кеңістігіндегі қауіпсіздіктің барлық құқықтық негізіне бір сәтте балта шапқандай болды.» деп пікір білдірді.

Көріп отырғанымыздай, болып жатқан оқиғалар халықаралық қатынастағы құқықтық нормалардың да кейде пайдаға аспай қалатынын білдіріп отыр. Демек, шекара мен елдің тұтастығы ол кең ауқымды факторлармен қаралады. Сол факторларды санамалай отыра, біз аталаған мәселелерге қаншалықты жауап бере аламыз және болашақта Қазақ елінің шекарасының мызғымастығы мен елдің тұтастығының қалай болатынын жорамалдауға болады.

Украинадағы оқиғаларға тоқталсақ, Қырымды Ресей тез арада, еш қиналмастан өзіне қосып ала салды. Белгілі дипломат Қ.Тоқаев өз еңбегінде «... орыс жері Қырымды Украинаға беріп жібергені белгілі, енді жана жағдайда оның кімдікі екендігіне ешкім таласпайды[1,2256.]» -деген болатын. Алайда, Ресей халықаралық

нормаларды аяққа таптай отырып қосып алды. Сонымен қатар, Шығыс Украинада орыс этносның басымдығы Украинаның тұтастығына кері әсерін тигізіп жатыр. Осыған байланысты, кейбір мәселелерде сарапшылар Украина мен Қазақстанның ұқсастығы бар екендігін айтып аландаушылық білдіріп жатыр.

«Украинадағы орын алған жағдайлар посткеңестік мемлекеттерде әлі де болса мемлекеттік ортақ бірігушілік идея мен идеологияның нақты қалыптаспағандығын көрсетіп отыр»- дейді, мамандар.

Алдағы уақытта, солтүстіктегі облыстарды қазақтандыру мәселесі күн тәртібінде тұрғандығын көрсетеді. Осы аймаққа славян этносына жататын ұлттар бұрынан көп пе еді, осыған тарихи шолу жасасак!?

Алаштың көсемі Әлихан Бөкейханның ұстанымдарын келтіре кетейік. «Ата-бабасының қанымен келген жерлерді өз меншігі ретінде есептейтін қырғыздар орыс бодандығына енген кезде, мемлекеттің олардың жеке меншігіне қол сұғатынын ойламаған еді; сонымен қатар патша үкіметі ешқандай себепсіз, тек қана әлдінің пәрменімен барлық қырғыз жерлерінің мемлекет меншігіне алынуын қарастыратын бұйрықтар шығарды, мұның нәтижесінде қырғыз жерінде қоныс аударушылардың қозғалыстары құрылып, ең жақсы жерлер қоныс аударушылардың меншіктеріне өтті, ал нашар жерлер қырғыздарға қалдырылды», — деп жазды Ә. Бөкейханов.

Қазақ жерлерін зерттеу туралы Ф. Щербинаның экспедициясына қатысқан Ә. Бөкейхан қазақ жеріндегі қоныс аударушылар қозғалысының отарлау мақсатымен жүргізіліп жатқандығын әшкерелей отырып, былай жазған болатын: ...елде халықтың шынайы қажеттілігін еш ескермей, бюрократиялық жолмен шығарылған Дала ережелерінің енгізілуі, үкіметтің заңды қадірлемеуі, жеке адам құқықтарын елемеу, өмірдің барлық жағына қол сұғатын әкімшілік жәбір көрсету, қырғыздардың рухани және экономикалық мүдделерін назарға алмау, халықтың надандығын қолдау — міне, мұның барлығы халықты кедейленуге, ал оның мәдени дамуын тоқырауға әкелді [11.].

Ә. Бөкейхан Мемлекеттік Думаның кезекті сессиясында сөйлеген сөзінде былай деді: «Қырғыздардың (қазақтардың) өмірі

мен олардың болашақта дамуы үшін, аса маңызды рөл ойнайтын қоныс аударушылар мәселесіне біраз тоқталуға тура келеді.

Еуропалық Ресейден қоныс аударушылар, ең алдымен дала облыстарының солтүстік уездеріне орналасуда. Губернаторлық есептер бойынша, 1905 жылы Ақмола облысында 484456 адам қазақ, 205515 адам шаруа өмір сүрді, пайыз жағынан қазақтармен салыстырғанда шаруалар — 42% пайызды құрады. Соңғы үш жылда, әсіресе 1907 жылы, қоныс аударушылардың саны көбейді, сондықтан пайыз бойынша шаруалардың басымдылығы артты. Осылайша, қоныс аударушылар жөніндегі басқарма берген мәліметтер бойынша 1907 жылы Ақмола облысына 12000 отбасы көшіп келді[12.].

Одан кейін тың игеру желеуімен солтүстіктегі облыстарға орыс және славян этностары көптеп шоғырлана бастады. Кезінде патшалық Ресей және Кеңес Одағы тұсында солтүстік аймақтарды орыстандыру жүргізілген болса, енді қазақтандыру да күн тәртібіндегі мәселеге айналуға.

Әлихан Бөкейхан Кеңес өкіметі құрылғанда Алаш азаматтарының және ізбасарларының коммунистік партияда жұмыс жасауына да қарсы болмаған. Ал, бірақ қонысаударушылардың ауып келуіне ерекше қарсы болған. Міне, осыдан байқайтымыз өзге этнос өкілдерінің санының тым артып кетуі, елдің шекаралық және тұтастығына, кейде кері ықпал етуші факторға айналып кетуі мүмкіндігін аңғартады. Бір айта кететін жайт, осыдан барып өзге этнос өкіліне жеккөруші сезіміне бой алмауымыз керек. Бастысы, оларды да ортақ мақсатымызға жұмылдыра жұмыс жасаудың механизмдерін жасай білуіміз және соған мән беруім қажет. Осы мәселеге сәл кейінірек тоқталатын боламыз.

Алдағы уақытта солтүстік және шығыс аймақтарда мемлекет құрушы ұлттың санын арттыру үш түрлі бағытта жүрегіндігін көрсетіп отыр.

1. **Оралмандарды орналастыру.** Осы жылы үкімет оралмандарды Ақмола, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарына орналастыру жөнінде қаулы қабылдады.

2. **Жастарды оқуға тарту.** Білім және ғылым министрлігі «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» атты мемлекет-

тік бағдарлама жасап, соның аясында оңтүстіктің жастарына солтүстіктегі оқу орындарынан арнайы 2050 білім грантын дайындады. Оның 1050-і жоғары оқу орнына, 1000-ы колледждерге бөліп қарастырған. Грантты иеленген жастар атаныпта кетті.

3. **Оңтүстік шаруаларын солтүстікке және шығысқа шақыру.** Мемлекет тұтастығынан бөлек табиғи қажеттілікте бар. Бұрынғы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің баядамасында «демографиялық туу осылай қала беретін болса, 2050 жылға қарай солтүстік облыстарда халық саны 1 млн-ға кемісе, ал оңтүстіктегі облыстарда 5 млн-ға артады» деп болжам келтірген болатын. Бұл бағытта нақты ресми бағдарлама бойынша шақырту болмаса да, жергілікті шенеуніктердің шақыруымен қолға алынып жатқаны байқалады. Мысалы, Шығыс Қазақстанның Ұлан ауданы әкімі Оңтүстік Қазақстан облысының шаруа-дихандарын шақырған болатын. Сонымен бірге, қазіргі таңда оңтүстіктің шығыста еңбек етіп жатқан шаруаларын тілге тиек етіп, алдағы уақытта барыскелісті артыру туралы сөз болды.

Солтүстік және шығыс аймақтарда инфрақұрылымға мән беруімізді қажет етеді. Қазіргі заман Столыпин реформасы кезіндегідей «жер болса, салықтан босатылса болды» деп көше бермейді. Инфрақұрылымға, ауыз су, жарық, жол мәселесі, сонымен бірге әрбір ата-ана өзінің баласының болашағына алаңдайды. Ол жаққа барушылар да «қаншалықты менің балаларымның болашағы жарқын болады?» деген сұраққа жауап іздейді. Міне, осы аталған жағдайлар шешілгенде ғана аталған аймақтарға бару қызығушылық туғызып, үлкен бір үрдіске айналады.

Жағдай тек көшіп келушілерге ғана жасалса, тұрғылықты тұрғындармен арада әлеуметтік дүрдараздыққа алып баруы мүмкін. Сондықтан да жеркілікті тұрғындардың да әлеуметтік жағдайларын өсірудің жолдарын қарастыруды қажет етеді.

Кеңес өкіметі тың игеру кезінде орыстандыру саясатын қолдана білді. Тіпті, келушілерді құшақ жая қарсы алудың көңіл күйін де қалыптастырды. Біз де көшіп барушыларды құшақ жая қарсы алып, жергілікті тұрғындар мен көшіп келуші ағайын арасындағы бауырмашылдық сезімін қалыптастыра білуіміз керек. Ол дегеніміз- қарапайым сөздік қолданысымыздағы тұрпайы

сөздерді мысалға келтірсем: «южандар», «северьян», қытайдан келген қандастарымызды «қытай», өзбекстаннан келгенді «өзбек» деу секілді сөздерден арылып, Сабыр Адай айтпақшы «әр қазақ -менің жалғызым» деген түсінікте болуымыз қажет. Осындай жағдайда ғана, жоғарыда аталған, мемлекет тарапынан үш бағытта жүріп жатқан іс -қимылдар өз нәтижесін беретін болады.

Болашақта болуы мүмкін шекарамыз бен тұстығымызға қатысты төрт тенденцияға тоқталып өтсек.

1. Каспий теңізінің әлі де нақты мәртебесінің анықталуын күтуде. Мұның басты себебі Каспий маңы елдерінің мүддесінің бір жерден шықпауы. Каспийге қатысты Иран-Кенес келісімдері болған, алайда, ол қазіргі заман талаптарына жауа бере алмайды. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан жолы еңбегінде Каспий теңізіне қатысты: «Қазақстан ұстанымы негізінен Каспийдің біртұтас экологиялық жүйе ретіндегі ерекшелігін ескере отырып, оған Біріккен Ұлттар Ұйымының 1982 жылғы Конвенциясының жекелеген ережелерін қолдану мәселесіне байланысты болды. Теңіздің түбі мен ондағы ресурстарды аралық сызықтар бойынша межелеу ұсынылды. Су айдынында келісілген ендіктерде теңіз аумақтары мен балық аулау аймақтарын белгілеу қажет дедік. Теңіздің қалған бөлігі мен беткі айдыны жағалаудағы мемлекеттердің сауда кемелері, сондай-ақ, еркін кеме қатынасы және балық аулаудың келісілген квотасы негізінде балық аулау үшін, ашық болуы тиіс еді.

Ресей Каспийді бірлесіп иемдену негізінде пайдаланылатын жалпыға ортақ теңіз деп есептеді: демек, бұл ұстаным Каспийдің түбіндегі табиғи ресурстармен қоса, табиғат байлықтарының барлық түріне таралуы тиіс деді.

... Әзірбайжан әу бастан-ақ «көл айдыны» нұсқасын ба-тыл жақтаған болатын. Ондай жағдайда, ұлттық секторлардағы теңіздің жер қойнауы мен түбін, беткі айдынын бөлсе, сондағы пайда болған межелеу сызықтары - мемлекеттік шекара болып табылатын еді.

Каспий өңірінің елі ретінде Иран, әлі күнге дейін Каспий теңізін каспийлік бес мемлекеттің арасында бес тең бөлікке (*айдынына 20%-дан*) көндіргісі келіп жүр»[13, 156-159б.] –деп, тараптардың мүдделерінің әртүрлілігін айтады. Каспий мәселесінде алға ілгерлеушілік бар, алайда, нақты әлі шешім табылған жоқ. Каспий мұнай

мен балыққа бай теңіз болып саналады. Бізді аландататыны геосаяси ойындар Каспийге ауысып кетіп жатса, үлкен қиындықтар туғызуы мүмкін.

2. *Шекара маңындағы аудандардағы халықтың орталықтарға көшу тенденциясының тоқтамауы.* Осыған қатысты Алаш айнасы газетінде жарияланған «Шекаралық аудандарға қашанғы шекеден қараймыз?» атты мақаладан тезистер келтірсек.

«Еркін Нұразхан, ҚР Мәдениет қайраткері:

– Ел іргесін бекітіп, нығайтайық десек, шекара қызметіндегі әскердің санын арттырып, сапасын жақсарту өз алдына, олардың арқа сүйер халқын қайтадан өз орнына қондыру, яғни, шекаралық аудандарды қалпына келтіру ісі әбден пісіп-жетілгендей. Кеңес кезіндегідей шекаралық аудандарда тұрып, еңбек ететін бюджеттік қызметкерлерге 50-70 пайыздық қосымша еңбекақыларын тағайындап, жұртты туған жеріне оралуына мүмкіндік жасау керек сияқты. Мектептер, балабақшалар, мәдени мекемелерін қалпына келтіріп, халықтың әлеуметтік қажеттіліктерін өтеуге бар жағдайды жасаған абзал болар. Айналдырған бес-алты ауданның жағдайын жасауға үкіметіміздің ақыл-парасаты, күш-қуаты жетуге тиіс деген ойдамыз.

Жақында, редакцияға бір ақсақал келді. Бұрын Тарбағатай ауданында тұрған екен.

– Соңғы кездері шекаралық аудандарды қайта қалпына келтіру жөнінде жиі айтылып жүр ғой. Егер бұл мәселе Парламент деңгейінде көтеріліп, қолдау тауып жатса, ел өміріндегі ерекше бір жаңалық болар еді деп ойлаймын. Өйткені, бүгінде шекараға жақын елді - мекендерде халық саны мүлде аз. Кейде қорқасың... Бұрынырақта шекараға жақын маңда халықтың қарасы қалың болатын. Тіпті, шекарадан өтіп, шеп бұзып, шектен шыққандарды жергілікті халықтың өзі-ақ тәртіпке келтіріп отыратын. Сондықтан, шекаралық аудандарды қайта қалпына келтірсек, азып-тозған ауылдарды ғана емес, шекара мәселесіне аса көп алаңдамас едік, - деп, Алаш айнасы газеті шекара маңындағы аудандардың мәселесін көтерген болатын.

Әсіресе, Қытаймен шекаралас аудандар халқының сол жерлерді тастап кетушілік үрдістері орын алуда. Енді шығыстағы

көршімізге қатысты БАҚ беттерінде таяуда ғана «Қытай депутаты көршілердің жерін қосып алуды реттейтін заң жобасын ұсынды» атты мақала жарық көріп, қоғамда аландаушылық туғызды.

Осыған қатысты саясаттанушы Мақсат Жақау: «Қытай Халық Республикасының депутаттары әзірлеген шетел аумақтарын өз территориясына қосу туралы заң жобасы Парламент депутаттарына ойланып-талқылауға ұсынылған мәселе ретінде ғана қаралып отыр. Ресми күн тәртібінде қаралатын заң жобасы емес. Дегенмен, мұның өзі тегіннен-тегін жасалып жатпағанын, жел тұрмаса, шөптің басы қозғалмайтынын ескеруіміз керек», – дейді. Бұдан шығатын түйін - шекара маңындағы елді - мекен, ауылдарға мемлекеттік тұрғыда ерекше мән беруіміз керек деген сөз. Мәселенің алдын алмасақ кейін қиын болары анық. Оңтүстік Азия елдеріне Қытай мигранттары көшіп барып, кейін сол елдерде тұрақты қалып қойды. Қазіргі таңда Қытай диаспорасы экономика саласында жетекші орын алады. Аталған елдердің ішкі және сыртқы саясатына ықпал етуші диаспораға айналып үлгерген болатын. Қалай болғанда да, мемлекеттік тұрғыдан шекара маңындағы аудандарға айрықша статус беру арқылы ол жерлерді бос кеңістікке айналдырмаудың барлық амалын қарастырумыз қажет-ақ.

3. Ақпараттық қауіпсіздік. Елімізде, отандық арналардан шетелдік арналардың саны басым. «Ақпарат кімнің қолында болса, билік сонда» деген қанатты сөзді ескеретін болсақ. Қазақстанда 2014 жылдың 1 шілдесінде нақты ресми тіркеуден өткен 235 шетелдік телеарналар ресми тіркеуден өткен, олардың 158-і ресейлік телеарналар екен[14.]. Шетелдік телеарналардың саны отандық арналарға қарғанда әлде қайда көп екендігі көрініп тұр. Бұл дегеніміз шетелдік телеарналардың ақпараттық ықпалының жоғары екендігін білдереді. Жақында бас прокуратура шетелдік арналар тіркеуден өтпесе елімізде көрсетілмеуі мүмкін деген болатын. Шамасы бұл жерде Бас Прокуратура қайта тіркеулен өту мәселесін қарастырып отырған сияқты. Жақсы бастама жасады. Алайда тіркелу барлық шетелдік арналарға қолданып, «кейбір шетелдік танымдық арналар жабылып, ақпараттық арналары сол қалпында жұмыс жасай қала беруі мүмкін бе?» деген сауал пайда болуда. Мәселен, Дискаври секілді танымдық арналар елімізге тіркеуден өтуге келмесі анық. Ал көрші Ресейдің ақпараттық арналары тір-

келуден өтіп сол бұрынғыдай жасай береме деген күдікте бар. Шетелдік арналарының саны 5-тен артық болмасын деген заң қажет сияқты. Сонда ғана отандық арналарға үлкен ақпараттық кеңістік болады.

Еліміздің тұтастығын сақтауда, ақпараттық қауіпсіздігін қорғауда нақты қадамдар жасаған боламыз.

4. Траншекаралық өзендер мәселесі. Экологтар, адамзаттың жыл өткен сайын суға, ауыз суға деген сұранысы арта береді. Тіпті, 2050 жылға қарай 1 литр бензин мен 1 литр ауыз суының құны бірдей болуы мүмкін деген қорқынышты болжамдар жасауда. Ал, таулардағы мұздақтар жыл өткен сайын жылдам еріп, болашақта өзен суларының деңгейі төмендесе, керісінше суға деген сұраныс мұнайға деген сұраныс сияқты болып жатса, Орталық Азия елдерінде трансшекаралық өзендер мәселесі күн өткен сайын шиеленісе түседі. Кейбір сарапшылар Орталық Азияда қақтығыстар трансшекаралық өзендерге қатысты орын алуы мүмкін деген болжамдар жасағандары да бар. Әр ел өз аумағынан өтетін өзен суын барынша тосып қалуға мүдделі болып жатыр. Ал ол өз кезегінде келесі елдің экономикалық мүддесіне кері әсер етеді. Өзбекстан президенті елімізге келгенде осы мәселені қозғап, қырғыз, тәжік жағын сынға алған болатын. Президент Н.Назарбаев та ШЫҰ-ның Душанбеде өткен кезекті саммитінде трансшекаралық өзендер проблемасына қатысты айтып, оған аймақтық қауіпсіздік факторы ретінде басымдық берген болатын. Көршілерімізбен алдағы уақытта трансшекаралық өзендердің мәртебесін анықтау- күн тәртібіндегі мәселеге айналуға.

Аталған төрт жайттың екеуі ақпараттық қауіпсіздік пен шекара маңындағы елді-мекен, ауылдар мәселелері еліміздің ішкі ісі болып саналады. Демек, толық өзіміз шешуге құқылы болып табыламыз, ал Каспий және трансшекаралық өзендер істерің көршілерімен біріге отырып қарастыруға тура келеді.

Жоғарыда мемлекетшілдік идеологияны қалыптастыруға тоқталып өткен болатынбыз. Ақпараттық қауіпсіздікке де қатысты мәселелерді де тілге тиек еттік. Енді осыған тоқталсақ. *Қазақ елінің тұтастығы мен шекарасы әр кезеңде әр ұрпақ иығына жүк болып, сол жүкті көтеруде сынға түскен еді. Қазір ел басқарған аға ұрпақпен артынан өсіп келе жатқан буын бізге сын бо-*

лып табылады. Осы жүкті көтеріп келер ұрпаққа Қазақ елінің тұтастығы мен жерін аман есен тапсыру тарихи миссиясы болып табылады. Ол үшін не істеу керек? Жоғарыда көтерілген жайттардан тұжырымдай келе, мемлекетшілдік идеологиясын қалыптастыру керек деп санаймыз. Мемлекетшілдік идеологияны қалыптастыру - бірінші кезекте мемлекет құраушы қазақ ұлтының мойнына түседі. Бұған қарап мемлекетшілдік идеологиясынан басқа этнос өкілдері шет қалады деп ойлауға болмайды. Біздің алдымыздағы тіл мәселесі қашан өз тұғырына шынайы орныққанға дейін өзектілігін жоймайды. Конфуций айтпақшы «елдің тұтастығын сақтағың келсе, бір тілде сөйлет» деген болса, осы мағыналас сөзді Кемал Ататүрік те айтқан болатын. Біз қазақ тілін мемлекеттің негізгі тұтастығын сақтаушы компонент ретінде қарастыруымыз керек. Ал, тілді білмейтіндер үшін, оларды ынталандырып отырсақ, қазақ тілі он-он бес жылдан кейін болса да өз тұғырына шығады. Сондықтан, қазірден бастап тілді үйрену арқылы болашағың жарқын болады деген қоғамдық ой қалыптастыруға тиіспіз. Мемлекетшілдік идеология ол - ұлтына, дініне, тіліне қарамастан, осы Қазақ елін жан -жүрегімен сүйетін елжанды (*патриот*) азаматтарды қалыптастыру. Алаш идеясының ең негізгі қағидатының өзі де - ұлтына, дініне қарамастан мемлекетшілдік елжанды (*патриот*) азаматты қалыптастыру болды. Мәселен, Алашорда үкіметінің ұлт кеңесінің құрамында басқа ұлт өкілдері де болған болатын. Демек, Алаш арыстары ортақ игілікке жетуде өзге этностарды да тарта білгендігін көреміз. Мемлекетшілдік идеология- шекарамыздың мызғымастығы мен еліміздің тұтастығының бүгіні мен болашағына кепіл болады.

Қорытындылай келгенде, Украинадағы жағдайдың біздің елде болмауының алдын-алудың бірден бір жолы -мемлекетшілдік идеологияны қазақ ұлтына және осы елде тұратын басқа да этностарға нақтылы шынайы қалыптастыру болып табылады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тоқаев Қ Беласу. Дипломатиялық очерктер. – Алматы «Дәуір» 2003 656 б + 35 суреттер
2. Сейсенов Ұлықбеков Шекара мәселесі шешілген күн // www.kerey.kz

3. Сәдуақасов С. Қазақстанды қалай құрған жөн? Орта Азияда ұлтаралық шекара жүргізу және Қазақстан Республикасының құрылуы// Қазақстан коммунисті 1991. №81-87 б.

4. Сейдін Н.Б. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы, қалыптасуы, мәселелері және айқындалу барысы. Ғылыми баслым. – Алматы: ҚР Президентті жанындағы ҚСЗИ 2006. –172 б

5. Доклад С. Садвокасова выделении Оренбургской губерний из состава КССР//АПК.Ф.191.Оп 1.д.136.л.191-197.

6. Кәкен.А. Шекара// Егемен Қазақстан, 31 мамыр 2000 ж

7. Постановление Президиума Верховного Совета казахской ССР// АПК.Ф.708,Оп.29.д.163.№137-138

8. Конаев Д.А Моем времени Воспоминания. Алма-Ата:Дәуір, 1992.с.312.

9. Аламанов С.К чтобы вопрос не провоточил: государственная граница живой организм// слово Киргызстана 20 апреля 1999 г

10. Ағман Сабырханов// Қазақ жерлері өзбекстанға жұтылып бара жатыр <http://kerekinfo.kz/blog/10024.html> //

11. Букейханов А. Киргизы. Формы национального движения в современных государствах. Петербург-Петроград. 1910,с.595.

12. Букейханов А. «Киргизы». // Формы национального движения в современных государствах. Под ред. Костелянского А. И. Петербург-Петроград, 1910, с 586.

13. Назарбаев Н. Қазақстан жолы, – Қарағанды, 2006 – 372 б

14. Сайт Агентство Республики Казахстан по связи и информации <http://aci.gov.kz/ru>

АЛАШ МИЛИЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1. Алаш әскерін құруға маңыз берудің себептері.
2. Алаш әскерінің азаматтық қарсылық қызметі.

1. Алаш әскерін құруға маңыз берудің себептері.

Алаш қозғалысы ХХ ғасырдың басында империялыстік жүйенің шырқау шегіне жеткен кезімен тұспа - тұс келді. Бұл кезде, Ресей патшалығының отарлық саясатына қарсы наразылықтар, ескі феодалдық жүйе мен қазақ халқына жасалған көптеген қиянаттар қазақ халқының күрес жолына жаңа серпіліс берді. Оның алдында 18-19 ғасырларда қазақ халқының күрес жолы Сырым Датұлы, Махамбет пен Исатай көтерілісі, Кенесары Қасымұлы және т. б. бастаған ұлт-азаттық көтерілістер түрінде болса, енді ХХ ғасырда қазақ халқының наразылығы қазақ зиялыларының қозғалысымен ерекшеленеді. Олардың топ басында көрнекті қоғам қайраткерлері Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы, Ахмет Байтұрсынұлы және т. Б. тұрды. Әлихан Бөкейханның Абылай атасынан қалған «білекке сенген заманда, ешкімге есе бермедік, білімге сенген заманда, қапыда қалып жүрмелік» деген өсиет сөзін білмеуі мүмкін емес еді. Сол үшін енді олар өз наразылықтарын ашық көтеріліс түрінде емес, петициялар, мемлекеттік думаға қабылдану, газет шығару арқылы көрсете бастады. Алаш қайраткерлерінің ең маңызды іс әрекеті- халықтың қамы үшін демократияға негізделген мемлекет құруға, яғни автономия құруға әрекеттенуімен сипатталады. Сол үшін Алаш қайраткерлері бірінші кезекте Ақпан төңкерісінен кейін, яғни 1917 жылы шілденің 21-інен 26-сына дейін Орынбор қаласында өткен жалпықазақ съезінде «қазақтар үшін» саяси партия құру туралы мәселені талқылады. Сол үшін 10 бөлімнен тұратын «Алаш партиясы бағдарламасы жобасын» жасады. Бағдарламаның «Мемлекет қалпы» атты бірінші тарауы қазіргі заң ғылымы тілімен айтқанда «Мемлекеттік құрылым» мағынасын білдіреді. Онда: «Россия демократическая федеративная республика болады»- деп, болашақ қазақ мемлекетінің Ресей

құрамында болып, федеративтік құрылыс санатында тең құқықтық дәрежедегі қатынастарға ие болуы мүддесі көрсетіледі. Байқап қарасақ, «Алаш» партиясының бағдарламасында, дәл қазіргі ТМД елдеріндегі сияқты, экономикалық мүдде де «ынтымағы бір», ал ішкі - сыртқы саясатта тең құқықтық дәрежелі дербес мемлекеттер болу талабы айқын көзделген. Бірақ, сол дербестікке қол жеткізу үшін, оны ұстап тұру үшін, әскер қажет екені белгілі.

Әлихан Бөкейхан: «Қазақтың-Қазақстаннан басқа отаны жоқ. Сондықтан да қазақ үкіметінің мүшелері қазақ ішінде қалуы тиіс. Егер де, біз теңдікке қол жеткізгіміз келсе, онда қазірден бастап тереңдеп ойламасақ болмайды. Бүгін не ексек, ертең соны орамыз», - дегенінің өзі қазақтың бостандығы жолындағы қадам десек болады.[2;57]

Алаш әскерін құру идеясы 1917 жылғы І-ші жалпықазақ съезінде көтерілген, бірақ ондағы «... анархия болу қаупі бар, сол себепті осы күнгі әскер орнына халық милициясы құрылсын» - делінген. [4] Бірақ, осы кезде Алашорда үкімет ретінде емес, партия ретінде қызмет атқарғаны белгілі. Автономия жариялаған күннің өзінде де тәуелсіз мемлекет болмағандықтан өз әскерін құра алмайтын еді. Осы мәселені шешу үшін, Алаш қайраткерлері милиция құруға мүдделі болды.[9]

Халел Ғаббасов: «мемлекет қазір басынан үлкен күйзелістерді кешіріп отыр: жаппай құлдырау мен анархия өріс алып, кісі өлімі көбейді. Бұл анархияның зардабы қазақ облыстарына тарау қаупі төнді. Қалыптасқан төтенше жағдайға - арпалысқан анархияға қазақ халқы енжар қарай алмайды. Бұл анархия қазақ облыстарында бұрқ ете қалса, ешқандай қорғанышы жоқ қазақ халқының мүлдем құрып кетуі мүмкін. Сондықтан да аласұрып, төніп келе жатқан анархиядан ел-жұртты аман сақтау үшін, халық жасағын құру керек», - деп ұсыныс жасады».[7]

Милиция құрудың маңызын Қазақ газетінің №259 санында: «Милициямызды жасамай, жайылып, шашылып отыра берсек, жаз болысымен жер тақырыпты талай шатақ шығатыны шексіз. Сонда мұжықты қазақ ақылмен тоқтата алмас, ебімен тоқтатар. Сол ебін милицияболар. Қазақ милициясы бар деген соң, қазақты басынып, басып көктеп іс қылудан, кімде болса, тартынар». [1; 72] Өйткені, Кеңес Нұрпейісовтың көрсеткеніндей Ақпан төңкерісі қарсаңында

қазақтың 40 миллион десятина, яғни жеріміздің 23 пайызы орыс қоныстанушыларына берілгені белгілі. Ақпан төңкерісінен кейін де Уақытша үкімет Ресейдегі шаруалардың жер мәселесін шеше алмағаны белгілі. Бұл ұлт зиялыларының жеріміздің тұтастығын сақтауға байланысты қызметі. Осыдан ақ қазақ милициясын құруға деген талпыныс неден туындағанын байқауға болады.

2. Алаш әскерінің азаматтық қарсылық қызметі.

Алаш қайраткерлерінің II жалпықазақ съезінде айтқан бағдарлама жобасының VI бөлімі қорғаныс мәселесіне арналды. Қорғаныс бөлімінде: «Тұрақты әскер халық милициясымен алмастырылуға тиіс. Әскери өнерді үйрету жергілікті жерлерде жүргізілуіне тиіс. Қырғыздар әскери қызметті атты милиция қатарында атқаруға міндетті.

1918 жылдың 8 маусымында Ә.Бөкейханның басшылығымен өткен Кеңес қаулысында көрсетілгендей, «біріншіден, милиция керек; екіншіден, милиция атты болады; үшіншіден, милицияға жігіт беру міндетті емес, ұлт үшін тіленіп жазылғандар кім болса міндетті қылып алу; төртіншіден, милицияға керек ат, ақша жұрттан салықпен алынсын, байдан байша, кедейден кедейше; бесіншіден, қанша ат, қанша ақша жинау еркі Облыстық Комитетке берілетін болды».[4]

1918 ж 11 июньдегі Алашорда қаулысында: «Алашорданың қасында үш кісіден тұратын әскер кеңесі құрылсын. Ол кеңестің қызметі соғыс министрлігіндей болады. Алашорданың облыстық, уездік әскери кеңестері ашылсын. Әскери кеңес көпшілікпен соғысу үшін жігіт шақырсын. [1;296] Соғыс министрлігі дегеніміз қазіргі Қазақстандағы қорғаныс министрлігі іспеттес. Олардың жер-жерлерде бөлімдерін ашуды, сол арқылы әскер жасақтауды көздеді.

Екінші жалпықазақ съезінің қаулысына сай Алаш Орданың облыстық және уездік кеңесі құрылады, ол аз мөлшерде 3 адамнан, ең көбі 5 адамнан тұрады. Олардың бірі милиция құрумен, екіншісі ақша жинаумен айналысады. Әр болыстан ерікті түрде атты милицияға 30 адам алынады. Әрбір болыс милицияны атпен қамтамасыз етуге міндетті болды. Милицияға адам жинау 3 аптада аяқталуы тиіс. 189 Милиция құру үшін арнайы салық жи-

наумен айналысатын бөлімінің болуы әскердің өміршеңдігі үшін қажет болды, әр болыстың әскерді атпен қамтамасыз етуі әскерге ат мұқтаждығы тумауына мүмкіндік береді.

Қазақ жерінде бұрын-соңды ұлттық милиция болмағаны белгілі. Бастысы- Алаш қайраткерлерінің милицияны құру, оны үйрету мәселесін қалай шешпек болғандығында. Олар қазақ әскерін дайындау үшін қазақтарға жүгінгенін мына құжат дәлелдейді: «Біздің милициямыз атты болмақ. Атты милиция атты казактарша атпен шауып ұрысу ғылымын үйрену керек, яғни атты казактарша үйрену керек». Патша үкіметі Орал, Сібір, Жетісу, Орынбор казактарын қазақ жеріндегі отарлау аппараты ретінде пайдаланғаны белгілі. «Атты казактарша үйретуге һәм 20-25 кісіге бір адам керек болады екен. Оны инструктор деп атайды. Біз расход жағын жеңілдету оймен 50 кісіге бір инструктор, 100 кісіге бір офицер алу керек деп есептедік. Сонда Алашордасына қараған қазақтан жиылатын 13500 милицияны үйретуге 135 офицер, 270 инструктор керек. Бұл офицерлер мен инструкторларды атты казактардан басқа алатын жеріміз жоқ». Осыдан-ақ біз зиялыларымыздың отарлау үшін құрылған казачествоны қазақ милициясын құруға қалай тиімді пайдаланғанын көруімізге болады. 1;54 Бірақ Тасбулатовтың «Қазақстанның әскери тарихы» кітабында Алаш Орда әскері 20000 адамды құрайды деп көрсетілген. Соны ұстап тұру үшін әр ауладан 100 рубль қаржы салық салынды. [3, 60] Осы кезде Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу облысында көптеген казак қоныстары болды.

Сонымен қатар, Алаш қайраткерлері милиция дайындайтын мамандарды, офицерлерді дайындау үшін, қазақ жігіттерін Орынбордағы «Юнкер мектебіне» оқуға жіберіп, кейін солар арқылы қазақ милициясын үйрететін мамандар дайындап шығуға тырысты. Қазақ газетінің № 257 санында: «Милициямызды үйретуге өзімізде жоқ болған атты казак офицерлерін алайық деп отырмыз. Сол офицерлер өзімізден болу үшін жоғарыда айтылған офицер болып шығатын Орынбордағы юнкерский школаға жастарымызды оқыту керек. Жайшылықта 4 жыл оқып, офицер болып шықса, соғыс уақытында 4 ай оқып шығатын болған. Бір алғанда 24 кісі алады. Олар 4 ай оқып шыққан соң тағы 24 алады. Сөйтіп, 1 жылда 72 кісіні оқытып, офицер етіп шығарып алуға болады. Бұл автономия жолына аяқ басуымыздың алғышарты».

Алаш қайраткерлері милиция құру үшін Юнкер мектебіне қазақ жігіттерін жинамақ болды. Алғашқы 24 адам 1918 жылы 1 ақпаннан бастап оқуын бастамақ еді. Сол үшін аз дегенде 30 мың сом қаржы қажет болды. 73

Жоғарыдан көріп отырғанымыздай егер 1 жылда 72 қазақ офицерін дайындап шықса, сол 72 қазақ офицері олар жылда 4 айдан оқытқан күннің өзінде қазақтың 21 мың адамын әскери маман етіп шығарар еді. Милицияға адам алу ісі екі түрлі. Милицияға ерікті түрде, денсаулығы жарамды адам келсе тиісті ақы беріп, волостной управалар жалдап алады. Егер де жалдануға кісі шықпаса, ондаауылға қараған елдің ішіндегі жасы 20 мен 35 арасындағы жігіттер әскерге шақырылады. [1; 82]

Ж. Досмұхамедұлы қазақ әскери топтарының ішінде адалдыққа көп мән берді, сол үшін нұсқауда: әскерге жұмылдыру кезінде жігіттердің адал пиғылда екенін лауазымды адамдар мен беделді ақсақалдар арқылы анықтау керек; жұмылдыруға сотта қылмысы дәлелденген және тергеудегі жігіттер алынбайды. [6; 167]

Бірақ, Алаш қайраткерлері өз территориясын қорғап тұруға бұл әрекеттердің жеткіліксіз екенін түсінді, өйткені оларда жеткілікті әскер және қару-жарақ болмады. Азамат соғысы жылдарында Антанта елдерінің қолдауына сүйенген үкіметтер құрылғаны белгілі. Солардың қатарында Омбыдағы Уақытша Сібір үкіметі, 1918 жылы маусымда Самарада құрылған Құрылтай жиналысы мүшелерінің Комитеті (*Комуч*) және 1918 жылы қыркүйекте құрылған Уфа директориясы (*«Уақытша Бүкілресейлік үкімет»*). Жоғарыдағы үкіметтер Антантаның жәрдемімен құрылса, Алашорда үкіметі өз күшімен құрылды және жоғары күшке ие болмағандықтан, тәуелсіздікті ұстап тұру үшін солармен бірігуге тура келді.

Алаш Орданың уақытша сібір үкіметімен әріптестік жөніндегі хаттамасына сай қазақ әскерінің міндеттеріне:

Қазақ әскері Сібір автономиялық әскерімен бірге Сібірдің және Алаш территориясын қорғайды немесе Сібір және Алаш автономиясының қатысуымен құрылған бүкілресейлік билікті қорғауға міндетті.

Ұлттық Қазақ армиясы территориялық жүйеде құрылады.

Қазақ армиясы біріккен федералды әскер құрылғанға дейін, Сібір әскерінің жоспары бойынша құрылады, басқарылады және

оқытылу мен қамтамасыз етілу мәселелері де қаралады, бірақ, қазақ халқының өмір сүру ерекшеліктері Алаш Орданың Уақытша Сібір үкіметінің әскери министрімен келісімі арқылы реттеледі.

Сібір үкіметі Алаш Орданың қолдауымен Қазақ әскерін қару-жарақпен, әскери инструкторлармен және басқа да қажеттіліктермен қамтамасыз етеді.

Қазақ әскері құрылуының алғышарттары:

Басқару қызметінде әскери шені, жасы, ұлты есепке алынбайды, тек біліміне, қабілетіне және тәжірибесіне қарай алынады;

Әскерде қандай да бір комитеттердің болуына жол берілмейді;

Қатаң тәртіп, басшының еркіне толық бағынады;

Қазақ әскерінің жоғары басшысы және жеке қырғыз әскери бөлімдерінің командирлері Сібір әскері және Алаш Орданың үкіметінің келісімі негізінде тағайындалады.[1; 218-219]

Бірақ, Сібір үкіметі «Алашорда милициясын Ішкі істер министрлігінің қарамағына алу туралы» шығарған шешімін қабылдамай тастайды, ал Р. Мәрсекөв Сібір үкіметінің бұл бассыздығын уақытша өкіметтің жоғарғы басшыларына хабарлайды және Сібір үкіметіне мұндай шешімді қабылдамаған жағдайда оларға бағынудан бас тартатындығын мәлімдейді. Соның нәтижесінде, Сібір үкіметінің «Қалалық және земство басқаруындағы милицияны ішкі істер министрлігінің қарамағына алу» турасында жарлық шығады.

3. Алаш әскерінің азаматтық қарсылық қызметі.

Ташкент темір жолы маңындағы әскери жағдай, яғни, «Орынбор кептелісі» Алаш Орда үкіметінің Ә.Бөкейхан бастаған үлкен тобын Семейге шегінуге мәжбүр етті, ал қалғандары оңтүстікке, Орал облысына жылжыды. Кейін Алаш Орданың осы бөлігі Батыс Алаш Орда деп аталды. Батыс бөлімінің билік басында Жаханша және Халел Досмұхамедовтер тұрды.

Батыс Алаш Орда елшілігі Москваға Қазақ өлкесінің автономиясын мойындау талабымен барды. Елшілік келісімге келе алмай, Оралға оралды. Осыдан кейін, алашордашылар Жанбейітте жиналып, өзінің үкіметін құрды және Орал облысының қазақтарынан әскер жасақтады. Алаш Орда Орал үкіметімен келісімге келді. Келісім бойынша: біріншіден, Алаш Орда үкіметі кеңес әскері - казак әскерін өз территориясынан қуса, оларға казак жерін-

де бас сауғалауға мүмкіндік береді; екіншіден, казак әскерлері казактардың әскери майданына араласпайды, тек өз территориясын ғана қорғайды; үшіншіден, казактар даланың ішкі өміріне араласпайды және Алаш Орда үкіметіне әскери қару-жарақпен қамтамасыз етеді. [3; 61]

1918 ж. Чехословактар Самараны алды, содан Алаш Орда үкіметі Самараға делегация жіберді, олар Құралтай жиналысының Қазақ өлкесінің автономиясын ресми мойындауына қол жеткізді және 1000 адамға қару-жарақ пен сайман алды, екі миллион рубль ақша алып, оның жарты миллионын Шығыс Алаш Орда және жарты миллионын Батыс Алаш Орда алды. Осы қаражатқа кавалериялық әскери топтар жасақталды.

1918 жылдың басында Қызыл әскерден ығысқан казактар Орал казактарынан көмек сұрады. Алаш Орда үкіметі жігіттердің тек өз жерін күзету үшін жасақталғанын айтып, сол себепті казак майданына қатысудан бас тартты. [3; 61]

Осыдан кейін үкіметке Жанбейіт гарнизонының жігіттері көмекке келді және казактардың талаптарына қарсылық білдірді, осыдан кейін казактар казактарға қысым көрсетуді доғарды. Алаш Орда үкіметі жасақтаған кавалерия үш ұңғылы кавалериялық винтовкалармен және қылышпен қаруланды, ал атты-пулеметті команданың басқарушы бөлігі револьвер және қылышпен қаруланды.

1918 жылы мамырда Чехославак корпусының бүлігі басталды. Антанта империалистерінің қолдауымен бұл бүлік ең алдымен Солтүстік-Шығыс Қазақстанда басталды. Контрреволюцияға Антанта империалистері көп көмек көрсетті. Мысалы, АҚШ Колчак армиясына түрлі қару-жарақ, Англия 200 мыңдай әскерге қару-жарақ және киім берді. 1918 жылдың аяғына қарай Колчактың басқаруындағы Анненков дивизиясы Жетісу жеріне басып кірді.[5]

1918 жылы 31 мамырда чехтар Петропавл, Қостанай, сосын Түркістанды басып алды. Осылай қазақ жерінің бір бөлігі ақгвардияшылар мен чехтардың қолында болды. Үржар жерінде, Семей облысында қанды соғыстар болды. Үржарда ақгвардияшыларға қарсы күресті Отыншы Әлжанов жүргізді. Осы қақтығыстың нәтижесінде ұлтының отансүйгіш перзенті

Отыншы Әлжанов қаза тапты. Міржақып Дулатов: «Ол өз халқын қиындықта тастамаймын деген сөзінде тұрды». [10; 131]

Батыс Алаш Орданың басшысы ретінде Ж. Досмұхамедов Қызыл әскермен қақтығысқа бармады, казактар мен акгвардияшыларға қандай да көмек беруден бас тартты, оның мақсаты ұлттық армияны сақтап қалу болды.

Батыс Алаш Орданың қолында маңызды күші болды, Омбыдағы 1918ж. 18 қарашадағы төңкерістен кейін, А. В. Колчак құрған Уақытша Бүкілресейлік үкіметі Алаш Орданы тарату жөнінде шешім қабылдады. Бірақ, Ж. Досмұхамедов бұл шешімге бағынбады, өзіне тапсырған Алаш Орданы жойылудан сақтады. Өлкедегі күрделі саяси және экономикалық жағдайды ескеріп, ол бұл тығырықтан шығуға талпынды, бір жағынан, мүмкін болғанша антибольшевиктік күштермен келіссөздер жасады, екінші жағынан уақытша кеңес өкіметін мойындады, бұлай істеудегі негізгі идеясы ұлттық автономия құру болды. [6;163]

Б. Анненковтің казактары 1918 жылы Солтүстік Жетісудағы Лепсі уезінің Подгорное ауылында 250 адамды өлтірген. Мұның барлығы Қазақстан шаруаларының ак гвардияшыларға қарсы ұйымдастырылған партизан соғысына шығуына себеп болды.[5]

1919 жылы жаздың соңында Орал фронтының бір бөлігі қазақ территориясына жылжыды. Орал қазақ әскерінің басшылары, өз әскерінің қажеттіліктерін қазақ ауылдары есебінен өтеуге тырысты. Халықты казактардың озбырлығынан қорғау үшін алаш әскерлері шықты. Осы кезде Жамбейітте казактарға қарсы көтеріліс болып, қарсы шыққан жігіттер казактардың қоршауында қалып, қырып тасталды. Осыдан кейін алашордашылар 1919 жылы 27 желтоқсанда казактарға ашық қарсы шықты. Казактар қазақ жерінен қуылып тасталды. [3; 62]

Қорытынды:

Алаш қайраткерлері ұлттық автономия жолында басын бәйгеге тіккен, өмір мен өлімнің ортасында жүріп, Антантаға сүйенген қуатты акгвардияшылармен және большевиктермен келісімдер жасай отырып, қазақдаласын қырғыннан аман алып қалған қызметімен ерекшеленеді. Бірақ, соғыстың аты -соғыс, құрбансыз болмайды. Тәуелсіздік жолында мерт болған Қазы, Отыншы және т. б. еңбегі

ұлттық патриотизмнің өшпес рухы. Жаханша Досмұхамедов казак әскерін большевиктер мен ақгвардияшылардың соғысына араластырмай, Алаш Орданы Колчак үкіметі таратса да, оған бағынбай, қазақ автономиясының өмір сүруіне сүбелі еңбек еткені үшін, оның қазақ мемлекеттігі алдындағы еңбегінің орны айрықша. «Әскерді милиция ретінде құру -Алаш қайраткерлерінің озық идеясы» деп айтуға болады. Сол үшін біз Алаш қайраткерлерінің қызметін әлемдік деңгейде дәріптеп, оларды жастардың патриоттық сезімін арттыруға пайдалансақ, мектепте оқытылатын валеология және өзін-өзі тану пәндерінен қарағанда әлдеқайда тиімді болар еді!

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Алаш қозғалысы/ Құжаттар мен материалдар жинағы. Алматы, Алаш, Т 2, 2005, 496 б.
2. Жұртбай Т. Ұлт тұтастығының ұйытқылары немесе Әлихан Бөкейханов және біртұтас Алаш идеясы// Ақиқат, 2012, №6, 53-57 б.
3. Тасбулатов А, Аманжолов К. Военная история Казахстана: Очерки. –Алматы: Рауан, 1998, 178 б.
4. Алаш әскерінің құрылуы мен қызметі хақында <http://i-news.kz>
5. 1917 жылыРесейдегі Қазан революциясы және Қазақстанда кеңестік биліктің орнауы. ucoz.kz
6. «Асыл тұлға»: (Жанша-Жаханша Досмұхамедұлы туралы). Алматы: «Жаухар» баспасы, 2012, 360 б.
7. Тұрсын Жұртбай. «Ұраным - Алаш!..» (жалғасы). <http://old.abai.kz/>
8. Нұрпейісов. К. Алаш һәм Алашорда, А., 1995.
9. Алаш Азаматы (Алаш қайраткері Райымжан Мәрсеков хақында) <http://alash-orda.kz>
10. Беркут Алаш Орды. Алматы, Фонд Алтынбек Сарсекбайұлы, 2008, 180 с.

МАРАЛБЕК БАЗЫЛБЕКОВ
Дарынды Ер балаларға арналған
қазақ-түрік мектеп-интернатының
мұғалімі.

ЖАСТАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ
ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

«Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та, бар, қалан!»-деп айтқан Хакім Абайдың бұл сөзі тоқсан пайыз қазаққа таныс. Абай ең алдымен, әр адамның қоғамда белгілі бір мөлшерде орны болатындығын, өзінің айналысатын ісі, жұмысы болу керектігін алға тартады. Өзінді тану арқылы қай салада татымды қызмет жасай алатындығынды, кімге қалай керекті бола алатындығынды білу – үлкен білім. Мырзагелді Кемел ағамыз «Ақыл қалта» еңбегінде: «Кім өз шамасын білсе, сол адам ақылды» дегенді айтады. Бұл да соған саяды. Әркімнің бұл өмірде өз орнын таба білгендігі ақылдылықтың, саналылықтың бір белгісі болса керек. Сонымен, қайта айтар болсақ, қазіргі заманда «кірпіш болып қаланар» орныңды анықтау, әсіресе, жастар арасында үлкен жетістік болып тұр. Сөзіміз дәйекті болу үшін санмен сөйлеп көрелік. Мәселен, Қазақстандағы жүргізілген соңғы әлеуметтік зерттеулерге жүгінсек, мектеп бітіруші оқушылардың 70 пайызы мектеп бітіргенде қандай мамандыққа барарын біле алмай дал болады екен. Ал, мемлекеттік грантқа бітіріп шыққан жас мамандардың 50 пайызы өз саласы бойынша жұмыс істемейтіндігін көрсеткен. (life.enu.kz) Бұдан біз оқушылардың да, студенттердің де өз икемін, өзінің өмірдегі «кетігін» таба алмай жатқандығын байқаймыз. Енді, «біздің балалардың қабілетсіз, жұмысқа икемі жоқ болғандығы ма?» деген ой келеді. Оған Алаш зиялысы, қазақтан шыққан алғашқы психолог Жүсіпбек Аймауытов өз еңбектерінің бірінде былай деп жауап береді: «*..Кісі иштен туғаннан-ақ, белгілі бір өнерге, қызметке икем болып туады, басқаша айтқанда, әр адамда бір нәрсеге талап, ыңғай, қабілет, яки зеректік болады. Біреу бала оқытуға, біреу етік тігуге, біреу әкім болуға, біреу мал бауға, біреу әскерлікке, біреу жазушылыққа, біреу дәрігерлікке, біреу саудаға, біреу сөзге, біреу дауға ыңғайланып жаралады.*

Өмірде түк жұмысқа икемі жоқ жан сирек болады, ең болмаса өтірік айтуға зерек болып жаралады. Кімде-кім өзіне біткен ыңғайына қарай, өз жолымен жүріп, қызмет етсе, өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек», - деп өзіндік «диагнозын» қойып береді.

Адамдардың табиғаты әртүрлі болу себепті, олар әртүрлі қалыпта қабылдайды, түрлі деңгейде тәрбиеленіп, түрлі орындарда тұрақтайды. Өзінің қандай екенін анықтауға байланысты, қай мамандыққа, қай салаға икемі бар екендігін анықтау үшін Ж.Аймауытов былай дейді: *«Кемелдікке жету үшін ірі адамдарда келешектегі игілікке зор үміт, өзінің күніне зор сенім болған. Бір нәрсені іздей, соңына түскен адам, егер ынтасы, қабілеті, таланты болса, түптің түбінде мақсатына жетпей қоймайды»* [1], - дейді. Мұндағы: тұтқиылдан өмір, іс, үлкендерден өнеге, тәжірибе алу үшін, ынтасы, қабілеті болу үшін барлығын жалпылай келгенде белгілі орта керек екендігін түсінеміз және оны өздерінің өмірлерінен көреміз. Тағы да Абайға оралайық. *«Балаң жаман болса, замандасының бәрі виноват», -* дейді ақылман Абай.

Біздің көтеріп отырған тақырыбымыз да жастардың ұжымы (*ұйымы*) жайында, Алаш идеясы астында еңбек етер ұйымдары жайында. Әуелі ұжым жайлы қаузайық. Ұжым – бұл педагогика саласында өзін-өзі тәрбиелеу процесінде екі қызметі қарастырылады:

Біріншісі, ұжымның өзі балалардың өзін-өзі тәрбиелеу процесін ұйымдастыруға жалпы жағдайлар туғызады (*ұжым балалар бойында жағымды әлеуметтік іс-әрекеттерге деген оң көзқарастарын, ұжымдық іс-әрекетке қатысуға деген қызығушылықтарын, қоғамдық борыш, белсенділік т.б. қасиеттерді дамытады*).

Екіншісі, ұжым осы процесті тікелей ұйымдастырады (*балалардың санасын қалыптастырады, өз-өзімен жұмыс істеуге ынталандырады, өз талаптарының нәтижелерін жоспарлап бағалауға көмектеседі*) [2].

Сол секілді, енді үкіметтік дәрежеде тіркелген ұжымдар бар. Ол – ұйым. Ұжымның бұл түрі қазіргі қоғамда да өз белсенділігімен ерекшеленуде. Тілдік-танымдық тұрғыдан белгілі бір ортақ мақсаттағы ортақ қызығушылығы бар адамдар тобын көбіне-көп ұйым ретінде атайды.

Ұйым дегеніміз – белгілі бір ниеттер мен мақсаттарды орындау үшін құрылған және ережелердің ресми құрылымымен, биліктік қатынастармен, еңбек бөлінісімен, шектеулі қабылдаумен сипатталатын ұжым түрі. Термин қазіргі қоғамның әлеуметтік өмірінің барлық аспектілеріне енетін ірі көлемді немесе «күрделі» ұйымдарға қатысты қолданылады. Өзара байланысты ерекше мақсаттарға жетуге және жоғары формалданған құрылымдардың қалыптастырылуына бағытталған әлеуметтік топ [3].

Қазақ тарихында ұйымдар, қозғалыстар, клубтар қоғамда прогресс тудырушы ең басты факторы болған. Оларға ең басты Алаш партиясының әуелде «Алаш» қозғалысы болғандығы, Меркідегі «Жастардың ревалюцияшыл одағын», «Жас Азамат» ұйымын т.б. мысалға келтірсе болады. Ұйым мәселесіне келгенде қызықты әрі адамды ойландыратын екі жағдайды байқауға болады.

1) Ұйымдардың түбінде бір идеяның жатқандығы;

2) Кеңес үкіметі орнағаннан соң да өз қызметтерін атқарғандығы;

Бірінші пікір бойынша айтатын болсақ, онда сол кездегі аталған ұйымдардың барлығының артында Алаш зиялыларының тұрғандығын байқауға болады. Мәселен, А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейхан, С.Сейфуллин, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, А.Кенжин, Е.Омаров, Қ.Кемеңгеров, С.Садуақасов, А.Жанталин, М.Әуезов, Б.Серкебаев, А.Сейітов, М.Сейітов, М.Жұмабаев, С.Сәдуақасов, А.Баржақсин, Ш.Әлжанов, Б.Байділдин, К.Кемеңгеров, Ғ.Тоғжанов, Д.Әділов, О.Темірбеков т.б. осы аталғандардың қай-қайсысы да сол кездегі ұйымдардың бірінің белді мүшесі болған. Мысалы, «Алашшыл жас» еңбегінде: «Қазақ жастарының тұңғыш ұйымы 1915 жылы құрылған «Бірлік» мәдени-ағарту ұйымы болып табылады. Бағыты қазақ ұлтын сақтап, халықтың ұлтжандылық сезімін оятып, мәдени-әдеби жағынан алғы елдердің қатарына қосылуды көздеген әрі аты айтып тұрғандай, бүкіл жастарды бірлікке шақырған «Бірлік» ұйымы Омбының ойлы қазақ жастарының табандылығымен дүниеге келген болатын» [4].

Құрамындағы кісілер мен ұйым қызметі туралы аз-кем сөз: «БІРЛІК» - 1914 жылы Омбы қаласынданда құрылған қазақ жастарының ұйымы. Оның мүшелері қатарында А.Сейітов, М.Сейітов, М.Жұмабаев, С.Сәдуақасов, А.Баржақсин, Ш.Әлжанов,

Б.Байділдин, К.Кемеңгеров, Ғ.Тоғжанов, Д.Әділов, О.Темірбеков т.б. болды. «Бірлік» ұйымы өзінің алдына қазақ халқының мәдениетін, өнерін, әдебиетін көтеру арқылы оның ұлттық санасы мен сезімін оятуды мақсат етіп қойды. Осы мақсатқа жету үшін ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, оларды бастырып шығаруды, ауыл мектептерін оқулықтармен қамтамасыз етуді, қаражатқа мұқтаж оқушыларға көмек ұйымдастыруды қолға алды. 1916 ж. «Балапан» атты қолжазба журнал шығарды. 1917 жылы 1-4 қазан аралығында ұйымның кеңейтілген жиналысы өтіп, онда ұйым мүшелері Алаш партиясына қолдау көрсететіндіктерін білдіріп, халық арасында оның бағдарламасын насихаттауды өз мойнына алды [4;121 б].

Алайда, 1918 жылы төңкерістен кейін ұйымның кейбір мүшелері райларынан қайта бастағанда, ұстанымдарына берік болып қалған С.Сәдуақасұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Ғ.Досымбек сынды арыстар қазақ жастарының басын қосып, жоғарыда айтып кеткен «Жас азамат» ұйымын құрды. Осылайша, «Бірліктің» бастапқы бағытын, оның жұмысын, дәстүрін одан әрі жалғастырған «Жас азамат» ұйымы дүниеге келеді. Басты мақсат – қазақ ұлтының тәуелсіздігі мен теңдігі. Бұл аталған ұйымдар сол кездегі қазақ жастарының ұлт мүддесі тұрғысында біріге қимылдай алғандығы мен олардың қоғамдық белсенділігінің жоғары болғандығын көрсетсе керек. (Алашшыл жастар ағалар ісін жалғады).

Кейіннен «Жас азамат» өзінің газетін шығара бастады. Редакторлық қызметті Қ.Кемеңгеров пен Б.Малдыбаев кезектесе атқарған. Мақала жазушылар, негізінен, Қ.Кемеңгеров, С.Сәдуақасов, А.Жанталин, М.Әуезов, Б.Серкебаев және т.б.

Сол секілді, «Талап» ұйымын да атаса болады. «Талап» – 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін Петропавлда құрылған қазақ жастарының ұйымы. Бұл ұйым Петропавлда қазақ комитетінің О.Қуанышев, А.Рамазанов және Б.Малдыбай секілді мүшелерінің атсалысуымен құрылды. Ұйымның 12 адамнан тұратын басқармасына Малдыбаев төрағалық етті. Атқарылатын істерге бағыт-бағдар көрсетеді деген мақсатпен ұйымға өзге зиялы азаматтар да тартылып, олар құрметті мүше аталды. «Талап» ұйымы халықты Уақытша үкіметтің қаулы-қарарларымен таныстыру, демократия жолына демеу болу, қазақтарды земство басқармаларын

ашуға даярлау, бүкілресейлік Құрылтай жиналысына сайлау кезінде жол басшылық қылу, қазақ балаларын оқу құралдарымен камтамасыз ету, қазақ әдебиетінің өркендеуіне қолғабыс көрсету, халық арасынан ауыз әдебиеті үлгілерін және шежірелер жинау, ел арасында зиянды деп сыналған саяси партиялардың ықпалына тосқауыл қою, қазақ кедейлеріне қамқор болу, әйел теңдігін камтамасыз ету, мұқтаж оқушыларға жәрдем көрсету, бірінші жалпықазақ съезінің шешімдерін насихаттау, қазақтар арасында театр өнерінің қанат жаюына ықпал ету, қазақ тілінде газет- журнал шығарып, халық арасына тарату секілді міндеттерді жүзеге асыруды мақсат етті. Алаш партиясына қолдау көрсетті. «Талап» ұйымы 1918 ж. 5-13 мамыр аралығында Омбыда өткен жалпы қазақ жастарының құрылтайына өз өкілдерін жіберді.

Осы съезде құрылған «Жас азамат» ұйымына «Талап» ұйымы мүшелері толықтай енетіндігін білдірді.

Белгілі ақын, «Қазақ» газетінде редактор көмекшісі қызметін атқарған М.Дулатов «Оян, қазақ!» кітабынан кейін Орынборда «Азамат» деген атпен өлеңдер жинағын шығарған болатын (1913 жыл). «Азамат» және «Жас азамат» – екеуі де бір жердің өнімі екендігін байқатса керек.

Ал оған ең басты дәйек ретінде М.Дулатовтың мақаласынан мынадай дәйекті келтірсе болады: *«Бостандық туғаннан бері жаңа қауымдар ашылды: Орынборда «Еркін дала», Омбыда «Бірлік», Қызылжарда «Талап», Ақтөбеде «Бірлік», Повладарда «Ғылым», Енібаста «Ұйым», тағы пәлен қалада пәлен қауым, түген қалада түген қауым. Бұлардың бәрінің мақсаты бір халықтың көзін ашақ, ғылым таратпақ. Бірақ бұл қауымдар көп сома жинап, біржола зор қызмет көрсетуді өз алдына қоя тұрып, қазір оқуға кірісіп, қолы қысқалықтан, қыстай оқып шыға алмайтын мұқтаж шәкірттерге қолдарындағы ақшаларын берсе, шығып тұрған қазақ газеттері басшылық етіп, өз тараптарынан нәм жәрдем жинаса, елдегі ер көңілді азаматтар тартыншақтық қылмай көмегіне кірсе, бір жылдың ішінде қазақтың қанша баласын тарықтырмай оқытып шығаруға болады. Біз білгендегі Орынбордағы «Еркін даланың» 8 мың, Ақтөбедегі «Бірліктің» 4 мыңдай ақшасы бар, «Қазақ» басқармасының 2 мыңнан артық. Міне 14 мыңдай сом даяр» [10].*

Осы арқылы басқа да ұйымдардың астында Алаш зиялыларының қолтаңбасы жатқанын байқауға болады. Жоғарыда келтірілген қауымдардың (*ұйымдардың*) мақсаты да айқын көрсетілген. Яғни, *бұлардың бәрінің мақсаты бір халықтың көзін ашпақ, ғылым таратпақ*. Бұл сөз сол кездегі қазақ жеріндегі ұйымдардың айнасы.

Екіншіден, бұл ұйымдар Совет үкіметі орнаған соң да қызметтерін жалғастырды.

«Жас азамат» – қазақ жастарына арналған басылым. Алғашқы саны 1921 жылы 22 наурызда Ташкент қаласында жарық көрген. Ұйымдастырушысы әрі тұңғыш редакторы – Ғ.Мұратбаев. Онда оқу бөлімінен, Орынбордағы газет-журнал басқармасынан т.б. ғылыми орталардан А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейхан, С.Сейфуллин, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, А.Кенжин, Е.Омаров. т.б. көрнекті қоғам қайраткерлері қатысқан қазақ жастарының мақалалары жарияланып тұрған». [4] Осында айта кету керек, академияны үздік тәмамдаған Х.Досмұхамедов оқу кезінде мақала жариялап тұрғаны анықталған. Ол өзінің мамандығына сай медициналық тақырыпта «Тамыр дәрі хақында», «Сары кезік-сүзек» атты мақалаларын жариялады. Осы арқылы сол кездегі өте қауіпті аурулар туралы халықты сауаттандырып отырған.

«ТАЛАП» – 1922 жылы желтоқсанда Ташкентте құрылған мәдени-ағартушылық санаттағы қоғамдық ұйым. Оның жұмысына Х.Досмұхамедов, А.Э. Шмидт, И.Тоқтыбаев, М.Есболов, М.Тынышбаев, М.Әуезов, Қ.Тыныстанов т.б. белсене араласты. Ұйымға Түркістан АКСР-і басшыларының бірі Т.Рысқұлов қолдау көрсетті. «Талап» ұйымының өзіндік жарғысы болды. Онда қазақ халқының тарихы мен дәстүр-салтын зерттеп, мектептерде оқыту мәселесін реттеу, қазақ пен қырғыз өнер қайраткерлеріне жәрдемдесу, қазақ әдеби тілі мен өнерінің өркендеуіне демеу болу секілді міндеттер қойылатындығы атап көрсетілді. Бірақ көп ұзамай Талап ұйымы «ұлтшылдыққа сипатта» деген айыппен жабылып қалды» [4;167 б].

Бұл деректерден ұйым құрамы кеңес үкіметі және алаш зиялыларының қосындысы ретінде шыққанын байқаймыз. Бұл деректер арқылы көптеген қорытынды шығаруға болады. Бірақ, ең бастысы, алаш зиялыларының жеңілістен кейін де халыққа қызмет етуін тоқтатпағандығын байқауға болады.

Ұйымдар өз кезегінде көбіне-көп ағартушылықпен, газет шығарумен айналысқанын дәлелдейді. Бұл да өз кезегінде ұжымдық іс-әрекет болып табылады. Және аталған қоғамдық іс түрлі ақын-жазушыларды тәрбиелеп шығарды. Мәселен, «Бірлік» ұйымынан Қ.Кеменгерұлы, С.Сәдуақасов сынды қайраткерлер, «Талап» ұйымынан М.Әуезов секілді классик жазушы түлеп ұшты. Түрлі қауымдар ішінде қазақ балалары әрқайсысы өз қарым-қабілетін ашуға, икемділігіне сай амал-әрекет жасауға мүмкіншілік алған болатын. Сәйкесінше, бұл жастардың өз орнын таба білуіне көп көмектесті.

«Дәстүрлі мектептердегі оқуды бітіргеннен кейін қазақтар өз балаларын шәкірттерді жаңа әдіспен оқытатын Уфадағы «Ғалия», Орынбордағы «Хусаиния», Троицкідегі «Расулия», «Уазифа» сияқты ірі медреселерге оқуын жалғастыруға жіберетін.

«Ғалия» медресесі. Бұл медресенің қабырғасында 300-ден астам қазақ баласы білім алды. Олардың арасында қазақтың белгілі зиялылары, жазушылар – Б. Майлин, М. Жұмабаев, педагог-ақын Т.Жомартбаев, М.Оразаев, Н. Манаев, Ж. Тілепбергенов, М. Тұрғанбаев, Ғ. Қайыров, Ә. Сұлтанов және басқалар бар.

Шәкірттер арасында ұлтты түлету, өз елінің тарихын, әдебиеті мен тілін оқып-үйрену, зерттеу идеялары кең таралды. «Ғалия» медресесінің қазақ шәкірттері жастарды әдебиетке тарту мақсатымен 1916 жылдан колжазба «Садақ» журналын шығарып тұрды. «Садақ» журналы апта сайын шығарылды, оның редакторлары сол жылдары медреседе оқып жүрген Б.Майлин мен Ж.Тілепбергенов болатын. «Садақ» журналы елді жаңғыртуды қазақ әдеби тілін дамыту, ұлттық әліпбиді қалыптастыру, ана тілінде оқулықтар шығару проблемасымен ұштастырды. [6;718 б]. «Садақ» журналы жастардың өздерінің бірігуімен шыққанын және дербес жұмыс істегенін ескерсек, оны да өзіндік ұйым ретінде қарастыруға болады. Бұдан жастар ұйымдарының, клубтарының сол кездің өзінде халық ағарту жолында, әдебиеттің, мәдениеттің дамуына үлкен еңбек сіңіргенін байқаймыз. Мұнда М.Жұмабаев, Б.Майлин, Т.Жомартбаев сынды қазақ әдебиетінің алыптары қаламгер ретінде қалыптасты.

Ендігі бір ақын – «қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуды» армандаған Сұлтанмахмұт Торайғыров, Оның өмірбаяны

ерекше айтуға болады. Білім алуынан бастайық. 1906-1907 жылдары Ақындық талабын анықтаған ол Мұқан молдадан оқиды.

1908-1910 жылы Баянауыл қаласындағы медреседе білім алады. 1911 жылы Нұрғали молдадан білім алады. Жалпы, 1913 жылға дейін білім жетегінде жүреді. Өзінің аз ғана өмірінің 11 жылын білім алуға арнаған екен.

Троицкіге Сұлтанмахмұт барған кезде жастарға ұйытқы болған үш қоғам бар еді.

1. Мейірімділік қоғамы;
2. Музыка және драма;
3. Білім тарату қоғамы;

Қазан, Уфа зиялыларынан ұйымдастырылған «Шарқ кеші» (*Восточный вечер*) ұйымы болды. Мұнда ауызекі басшылықпен шектелмей, қаржылай да көмек көрсеткен. Шәкірттік өмірге араласу, шәһарлі жердегі түрлі мәдени ұйымдардың жұмысына қатысу, ең бастысы «Айқап» журналының редакциясымен тығыз байланыс орнату жас таланттың жігерін жанып, ынталы шығармашылық жігерге жетелейді. Бұл Сұлтанмахмұт өмірінде үлкен тәжірибе кезеңі болып қалды [7].

Оқуды аяқтаған соң С.Торайғыров «Шоң серіктігі» деген ағарту ұйымын ашады. Ондағы мақсат – елдегі жастарды оятпақ, көзін ашпақ. Қалада көргенін ауылда да ашқаны. Оған байланысты С.Торайғыров «Шоң» серіктігі туралы көпке істеген баяндаманың басы» деген өлеңінде: «Мынау жол, Шоң баласы, адамдыққа!» деп ұйымға мүше болуға, жәрдемші болуға шақырды.

Осындағы істен, бастамадан көптеген тәлім-тәрбие алуға болады. Мәселен, «Шарқ кешіне» мүше болуы оның мәдениетін, білімін өсірді. Көптеген адамдармен араласуға жол ашылды. Тіпті, жас болса да «Айқап» секілді үлкен-үлкен баспасөз құралдарына жақындай түсті. Және көрген тәжірибесіне сәйкес сондай ағарту ұйымын ашуға тырысты.

Бірақ өкінішке орай оның ойы іске аспаса да, қолынан келгенін жүзеге асыруға тырысты. Бұдан оның ұйымды басқаруға деген қабілетінің болуы, жүргізе алу ойының бар болғанынан хабар береді. Қаржылық жағынан жетіспеушілік болғандықтан ойы жүзеге аспаған Сұлтанмахмұт қайта келіп, «Айқап» журналында еңбек етеді. Ол да бұрынғы «Шарқ кешінің» мүшелігінде болған кезін-

де туған қарым-қатынастан болса керек. Осыдан-ақ студенттік (*жастық*) шағындағы ұйымдардың оған каншалықты дәрежеде әсер еткенін байқауға болады.

Кезектегі ұлт зиялысы – Мұстафа Шоқай. Оның федеративті республика жасап, бүкіл түркі халықтарының басын қосуға ұмтылуы – өз заманының ерлігі іспеттес. Мұстафа Шоқай Ресейді заңгерлік білім алды. Өмір жолына көз салғанда оның да рухани жетілуіне студенттік кездегі ұйымдардың ерекше әсер еткендігін бірден байқаймыз. Атақты ғалымдармен қоян-қолтық араласыпты. Оны «Қазақ-қырғыз фольклоры бойынша жас қырғыз (*қазақ*, – К.Е.) *этнограф Шоқаев (Орта жүз, Сырдария облысы, Перовск уезінің 1 родеков болысынан)* жинақтаған материалдарды баспаға әзірлеу барысында мен М.Шоқайдың айтқандарынан осы мақаламда келтіріп отырған кейбір тыйым сөздерді жазып алдым» деген Л. Самойловичтің жазбасынан байқауға болады.

1917 жылы «Живая старина» журналында оның «М. Шоқайдың қазақ-қырғыз материалдарынан» деген мақаласы жарық көреді.

Өз халқының ауыз әдебиетіне, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріне қызығушылығы М. Шоқайды Ташкент гимназиясында оқып жүрген шағында «Түркістан археология әуесқойларының» жиындарына әкеледі. Ол жерде этнограф, түркі халықтары ауыз әдебиетінің білгірі О. Диваевпен, кейін оның еңбектерімен танысады. Оны талантты ғалым ретінде жұртшылыққа алғаш таныстырғандардың бірі де Мұстафа болатын. 1915 жылы «Қазақ» газетінің бетінде ол: «Біздің қазақ халқын шын көңілмен жақсы көріп, қолынан келген қадарынша қалам өнерімен қызмет қылғандардың алдыңғы қатарында Әбубәкір Диваевтың аты аталса керек», - деп жазды. «Түркістан археология әуесқойларының» жиындары М.Шоқайдың студенттік шағындағы мүше болған алғашқы студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының бірі еді. Бұл білікті ғалымдарға өзінің халқының мол мұрасына байланысты үлкен еңбек жасауына көмектесті.

Алайда, қазақ ақын-жырауларының бай мұрасынан сусындап өсуі оның болашақта көсемсөз шебері ретінде көрінуіне игі ықпал жасайды. Шоқайдың ұлтжанды қайраткер ретінде қалыптасуында патша өкіметінің орыстан өзге халықтар жөнінде жүргізіп отырған отарлық саясаты үлкен рөл атқарады.

Мұндай жағдайда Ресейдің ірі қалаларында оқып жатқан түркі- мұсылман жастарының саяси өмірге тартылуы заңдылық еді. Әуел баста «қайырымдылық қорлары», «жерлестіктер» ретінде ұйымдастырылған түрлі қоғамдар өздерінің жарғы талаптарының шеңберлерінен шығып, ұлттық талап-тілектер қоя бастайды [8].

Мұстафаның келесі мүше болған ұйымдары – «Қайырымдылық қорлары» мен «жерлестіктер». Осы ұйымдар арқылы ол ұлтына қызмет ету керектігін түсінді деуге болады. Педагогика ілімінде адамның тәрбиесіне үш нәрсе әсер етеді дейді. Олар: 1) Тұқымқуалаушылық; 2) Ата-ана; 3) Ортасы. Мұстафаға бұл кезеңде өзінің ортасы әсер ете бастаған шақ.

«Петербургте Мұстафа алғашқы күндерден-ақ түркі-мұсылман жастарының ортасына түседі. Мұнда XIX ғасырдың аяғында әзірбайжан қайраткері Ә. Топчибашы мен қазақ қайраткері С. Жантөриннің көмегімен «Мұсылман қайырымдылық қоры» құрылады. Кейін, XX ғасырдың басында, түркі-мұсылман қозғалысы жетекшілерінің қолдауымен «Мұсылман студенттерінің орталық комитеті» ұйымдастырылады және өзіндік талаптар қоя бастайды.

1906 жылы Түркістаннан барған жастар өз алдына жерлестік қоғамын ұйымдастырады, М. Шоқай Петербургте оқыған кезінде оның басқарма төрағасы Н.П. Архангельский болды. 1911 жылдың 28 қаңтарынан М.Шоқай Түркістан жерлестігі қоғамы басқармасының хаттамаларына хатшы міндетін уақытша атқарушы ретінде қол қойып жүрсе, сол жылдың 2 қазанындағы басқарма отырысында Н.П. Архангельскийдің, Н.Д. Граменицкий, А. Егоров, В.А. Кислицына, Степанянц пен Тамбовцевтің қатысуымен ресми түрде хатшысы болып сайланады [8].

«Жерлестіктің» өз кассасы, кітапханасы, «Көмек көрсету қоғамымен» қатар Түркістанның қалаларында өкілдері болатын. Оның мүшелері Петербургте ғана емес, Түркістан қалаларында да кештер-концерттер ұйымдастырады, бұл жағдай М. Шоқайға халықтың көңіл күйімен, елдегі саяси жағдаймен танысуға, тәжірибе жинақтауға мол мүмкіндік берді.

Сол кезеңде Петербургте түркістандық 26 жас (*Т. Нарбутбеков, А.Н. Новиков, Шкапский, Н.Д. Граменицкий, С. Боголюбов, Т.Колпаков, Т.Кириченко т.б*) оқитын. Олардың жалпы жиналы-

сында университет әкімшілігімен қарым-қатынас мәселелері, «Еңбек бюросының» қызметін қалпына келтіру жұмыстарын Саратов, Воронеж, Вятка және басқа «жерлестіктерінің» қызметімен байланыстыра жүргізу, Ташкент, Верный, Қоқан, Түркістан және басқа да қалаларға экспедициялар ұйымдастыру жөнінде шешімдер алынады [8]. Ол осы «жерлестіктер» арқылы ел, жер көреді. Бұл оның танымдық жағынан өсуіне өз септігін тигізеді.

«1912 жылы 9 мамырдағы отырыста жазғы кештер өткізу үшін Мұстафаға Перовскіге мандат беріледі.

Сол жылы жазғы каникул кезінде түрлі ойын-сауық кештерін ұйымдастыру, халықпен кездесулер үшін Самарқандқа, Скобелевке, Ашхабад, Ош, Пішпек, Шымкент, Чарджуй, Мерв, Бұхара, Қазалы, Лепсі, Жаркент, Пржевальск, Түркістан, Әндижан, Қатта-Қорғанға баруға – барлығы 27 мандат беріледі.

«Жерлестік» Мәскеудегі және империяның басқа қалаларындағы да студенттік ұйымдармен байланыс жасап тұрады. Бұл жағдай М. Шоқайға көп кешікпей елдің саяси сахнасына шыққалы тұрған сан алуан ұлттардың қайраткерлерімен студенттік жылдары ақ танысып-білісуін қамтамасыз етеді. Елдің түкпір-түкпіріндегі оқиғалар, саяси партиялар мен ағымдар жайлы мағлұматтар алуына, ой өрісінің кеңеюіне әкеледі [8]. М. Шоқай «Ресейдегі түрік шәкірттерінің өмірінен» деген мақаласында орыс мектептері мен студенттері прогресшіл еді, оқушылары жастайынан саясатқа араласатын, мен 1910-1914 жылдары Петербургте оқып жүргенімде, университеттік полиция бақылауында болатынын деп еске алады. «Түркістан студенттері жерлестігінің» мандаты М. Шоқайдың осы полицейлік бақылаудан сытылып шығуына, түрлі саяси ағымдар мен үйірмелердің жиындарына қатысуына жол ашады [8].

«Түркістан студенттері жерлестігінің» т.б ұйымдарының шараларына қатыса жүріп М.Шоқай бойында салыстыру, талдау, әр нәрсеге өзіндік пікір білдіру деген секілді қабілеттер қалыптасты.

Аз ғұмыр сүрсе де, Түркістан автономиясын құру міндетін қолына алған М.Шоқайдың саяси-көшбасшылық қасиетінің дамуына да түрлі ұйымдарға мүше болуы аз әсер етпесе керек. Өзіндік көзқарасы, өзіндік ойы бар тұлғаның өмірінен кішкене үзінді. Осы кішкене үзінділер адамның өмірінде адам айтқысыз гажайыптар жасауына сеп болары анық.

Алаштың ардақтысы Әлихан Бөкейханды ерекше атауға тиіспіз. Ә.Бөкейханның екі оқу орнын бітіргендігі белгілі. Ол оқу барысында немен айналысқаны туралы мына деректі келтірсе болады. «В юности А.Букейхан был радикальным ревалюционером, социалистом и членом антирусской литературной группы «Зарзаман» (*Время горестей*) пишется во современных исследованиях общества изучения средней Азии при Оксфордском университете, изданных в 1985 году под общим названием «Казахи о русских до 1917г».... В бытность студентам Лесного института принимал участие во всех студенческих делах....

Активно участвовал также в деятельности общественных организации, и объединений, например, в работе Заподно-сибирского отдела императорского Русского географического общества (*И.Р.Г.О*) и был одним из организаторов Омского отдела Московского общества сельского хозяйства (*ООМОСХ*)»[11]

Әлихан Бөкейханның әдебиет, география, социология, саясаттану саласында өзіндік қолтаңбасы бары айқын. Айтпағымыз, Әлихан Нұрмұхамедұлы жас кезінен-ақ «Зарзаман» секілді ұйымдарға мүше болумен қазаққа «Абай» секілді акынның танылуына көмектесті. Түрлі қоғамдарға мүше болу арқылы қазақтың санын, олардың малын, түрін, ерекшелігін т.б керекті дүниелердің барлығын хатқа түсіріп кеткен.

Екі дәуір арасын белгілі бір кезеңдер, жылдар, ғасырлар араны бөліп жатқанымен, екі дәуірдің басындағы жастарды салыстырып көруге болады.

Әлбетте қазіргі кездегі ұйымдарды, өзін-өзі басқару органдарын нәтижесіз, сапасыз деп атауға келмес. Егер есептеу керек болса да ол уақыт еншісінде. Бірақ екі заманның екі жастарының жағдайларын айта отыра алдыңғы толқыннан белгілі бір тәрбие алуға болады. Олардың істеріне, ойларына карап бағыт-бағдар жасауға болады. Оларды тізіп өтсек:

1. «Өзін-өзі басқару ұйымдары» атауына сай болуы. Бұл атау кейінгі кезде пайда болғанымен бұлар расында да өз-өздерін басқаратын дәрежеде болды. Себебі «Қазақ жастарының ревалюцияшыл одағы», «Бірлік», «Талап» ұйымдары болсын мұның барлығы дерлік жастардың өзінің еркімен құрылған еді. Тағы сол секілді Ә.Бөкейхановтың «Зарзаман» ұйымын, М.Шоқайдың «Жерлестіктер» ұйымын, С.Торайғыровтың «Шарқ кешін» жатқызуға болады.

2. Ол ұйымдарда өзіндік мақсаты болды. Ол мақсат көбіне көп ортақ болды, бөлінушілікке қарағанда. Мақсат – халықта ағарту болатын. Сол себепті де газет шығару, оқу үйрету жүзеге асырылды. Мақсаты мәдениетті сақтау болатын. Мысалы «Түркістан археология әуесқойларының жиыны», «жерлестіктермен» іс-шара ұйымдастыру т.б.

3. Олардың өзіндік ісі. Өзіндік ісі оларда елдің жыртығына жамау болу. Себебі халықтың қай жерінде не жетіспесе, сол жерге баруға тырысты. «Қайырымдылық қорлар», «Мұсылман студенттерінің орталық комитеті» т.б

4. Аға буын өкілдерінің көмектесуі. Мәселен, «Жас Азаматтықтарды» «Қазақ» газетінің қолдауы. «Шарық кешінде» студенттерге қаржылық жағынан болсын көмектесуі. Бұған М.Сералиндер атсалысқан.

5. Дәл қазіргі заманда өз актуалдылығын жоймаған М.Шоқай секілді түрлі ұйымдарда болып түрлі адамдармен қарым-қатынаста болу. Бұл адамға өз серіктестерін табуға, мүдделестерімен бірге жұмыс жасауға жол ашады.

6. Жер, ел аралау. М.Шоқай жастық шағын байқап көрсек біраз елді аралағанын, танысқанын байқаймыз. Бұл жоғарыда айтқандай өзінің дүниетанымын қалыптастыруға, елдің жайынан хабардар болуға жол ашты.

7. Тұлға болып қалыптасуға жол ашты. Сол кездегі қауымдастықтар, ұйымдар, қоғамдар қазіргі біз үлгі тұтып жүрген қазақ зиялыларының қалыптасуында үлкен рөл атқарғанын байқауға болады.

8. Өзін-өзі табуға көмектесті. Бұл туралы Жүсіпбек Аймауытов айтқан болатын. Ол: «Өз орнында» істеген адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ. Қайғы сол: өз жолын шүү дегеннен тауып алатын адамдар сирек болады. Адамның көбі ана жолға бір, мына жолға бір түсіп, өмір бойы өз соқпағын таба алмай, сенделумен күні өтеді. Өз жолымен қызмет істемеген адамның жұмысы берекесіз болғаны өз алдына, ондай адам ісіне көңілі жарымағандықтан, өмірге, тағдырға налып, зарланып, бақсыз жан болып күнелтеді.

Ұжымның, ұйымның осындай қызметтерін байқай келе, сараптай келе олардың қазіргі қазақ қоғамында да рөлі ерекше екендігін байқаймыз. Қазіргі әлеумет, қауым дәл сол зиялылардай жанға зәру. Тарих өзінің айтарын айтты, енді неге іс-әрекет жасамасқа!?

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әлемдік саясаттану онтологиясы 10 томдық. Алматы, «Қазақстан» 2008 жыл. 400бет
2. А.Е.Берикханова. Педагогикалық мамандыққа кіріспе. Кәсіби күзретті ұстаздарды даярлау негіздері. Алматы. –2009жыл., – 241 бет.
3. Уикипедия материалдары.
4. Алаш. Алашорда энциклопедия. Алматы «Арыс»2009жыл., 536бет
5. Төлепбергенов.Б. Мәңгі жас-Алаш идеясы. Алматы., «Алматы» баспасы 2008 жыл барлығы 302бет
6. Қазақстан тарихы. 5 томдық, 3-ші том. Алматы: «Атамұра» баспасы, 2002 жыл. – 740 бет
7. Аңыз адам журналы. 2013жыл.
8. Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағы. I том 12 томдық. Алматы., Дайк-Пресс 2012 жыл. – 544 бет.
9. Әбиев.Ж. Педагогика тарихы. Алматы: «Шұғыла» баспасы, 2006 жыл. –400 бет.
10. Алаш көсемсөзі 9 том. 232бет. Өнер баспсы. 2011жыл. Жалпы 315бет.
11. Әлихан Бөкейханов. Таңдамалы. 1-кітап. «Өлке», – 248бет. 248бет.

12 ЖЕЛТОҚСАН НЕМЕСЕ АЛАШТЫҢ АТҚАН ТАҢЫ

Қазақ өлкесінде 1917-1919 жылдары елеулі түрде саяси рөл атқарған Алаш Орда ұлттық үкіметінің тарих сахнасында пайда болуы кездейсоқтық емес. Қаймана қазақ жерінің орыс мемлекетінің меншігіне айналып, ішкі Ресейден қоныс аударушылардың шылауында кетуі, қазақ бұқарасының егіншілікке жарамды жерлерден зорлықпен ығыстырылуы, әміршіл-әкімшіл жүйенің жергілікті халықты аяусыз жаныштауы – қазақ халқының ұлт ретінде не жоғалуын, не өзін-өзі сақтауы үшін күресу мәселесін күн тәртібіне шығарды. Халықтың алдында тұрған мақсат-мүдделерін қараңғы қазақтың зердесіне жеткізіп, азаттық үшін қоғамдық қозғалысты бастап кете алатын мүлдем жаңа саяси-әлеуметтік күштің қалыптасып келе жатқанын 1905-07 жылдардағы оқиғалар көрсетіп берді. Ол – саяси күрес қазанында әлі де тәлім-тәжірибесінің аздығына қарамастан жұдырықтай жұмылып, тез ысыла бастаған ұлттық интеллигенция болатын.

Талас ОМАРБЕКОВ: тарих ғылымдарының докторы, профессор:

– Жалпы сол тұста Орта Азия өңірінде өзбек, түркімен, қырғыз, бәрін қосқанда ең күшті интеллигенция қазақта ғана болды. Біздің интеллигенцияның мықтылығы неде еді? Біріншіден сол тұстағы қазақ зиялылары өздері үркердей ғана топ болса да, екі мәдениетті де бойына сіңірген болатын. Себебі олар қазақ ауылында қазақ молдасынан білім алып, сонымен қатар, ол білімдерін Ресейдің мұғалімдер семинариясынан бастап университетіне дейін барып, жалғастырған нағыз білім иелері еді. Және ең маңыздысы, олар қазақты бейбіт жолмен өркендетуді көздеді.

«Қарқаралы» петициясы

Негізінен, «Алаш» қоғамдық қозғалысы өз бастауын ХХ ғасыр басында 1905 жылы ұлт зиялыларының Патша үкіметіне жолдаған

«Қарқаралы» петициясынан алады. Алайда, оған дайындық ХІХ ғасырдың соңында басталып кетті. Мәселен, ең әуелі қараңғылық құшағында жатқан қалың елді оятып, санасын серпілту ісі. Бізде әлі күнге дейін Ыбырай Алтынсариннің Торғайда алғаш қазақ мектебін ашу жолындағы ерен еңбегі өз дәрежесінде бағасын ала алмай келеді. Оған қазақ хандары мен бақуаттыларының қаражат жағынан көмектесуі де айтыла бермейді. Біле білсек, егер ол іс қолға алынбағанда қазақтың небір оқыған зиялы азаматтары қалыптаспас еді. Міне, сол бір халық ағарту ісін біршама жолға салғаннан кейін барып - Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы бастаған ұлт серкелері бастаған ұлт-азаттық қозғалысы пайда болды және олар қазақтың өз алдына дербес ел болуына жол ашу үшін газет шығарып, азаттыққа үндеген кітаптар бастырып таратуға жан салып кірісті.

Мәмбет ҚОЙГЕЛДІ, тарих ғылымдарының докторы, профессор:

– Алашзиялылары алғаш рет халықты ағарту үшін, халықтың өмірін жаңа сапаға, жаңа сатыға көшіру үшін жалпыұлттық журнал жасады. «Айқап» деген журнал. Жалпыұлттық «Қазақ» газетін ашты. Бұл басылымдардың: «Сарыарқа», «Бірлік туы», және басқа толып жатқан газеттерінің қазақ халқының жаңа сапаға, жаңа сатыға көтерілуі үшін өте үлкен еңбек сіңірген, ағартушылық міндет атқарған басылымдар болатын. Байтұрсыновтың «Масасы», Дулатовтың «Оян, қазағы» және басқа толып жатқан кітаптардың мақсаты қазақ халқын ағарту болатын, қазақ халқының қоғамдық санасын ояту, жаңа өмірге шақыру, осы мақсатты көздеді.

Жер дауы...

Иен жатқан далаға именбей кіріп, жергілікті халықты ең құнарлы, шұрайлы жерінен еріксіз ығыстырған қоныс аударушылардың санын шектемесе, әлемдік озық тәжірибені пайдалана отырып, дәстүрлі мал, егін шаруашылығы мен өнеркәсіпті өркендетпесе, ел болашағының бұлыңғыр екенін алаш қайраткерлері дер кезінде сезініп-түйсіне білді. Олар отарлық езгіден

енсе көтере алмай жатқан ұлан-ғайыр далада демократиялық принциптердің орнауын, ұлттық мәдениеттің, оқу-ағарту жүйесінің, тілдің дамуын көкседі. Бір сөзбен айтқанда, «Алаш» зиялыларының басты мақсаты – бодандықтың бұғауынан құтылып, өз алдына дербес мемлекет құру еді. Ал мұның бәрі, сөз жоқ, талай жыл іште тұншығып келіп, тарихи, қоғамдық құбылмалы кезеңде бұрқ ете қалған қазақ ұлтшылдығының көрінісі болатын.

12 желтоқсан...

Алаш тарихында алтын әріптермен жазылуға тиіс дата – ол Алаш автономиясының құрылған күні. 1917 жылы 12 желтоқсанда Орынбор қаласында өткен екінші жалпықазақ съезінде қазақ халқының ұлттық территориялық мемлекеттігі болып табылатын - Алаш автономиясы жарияланды. Съезд Алаш автономиясының Алаш Орда аталған Ұлт кеңесінің құрамын сайлады. Халел Досмұхамедов, Айдархан Тұрлыбаевтар да үміткер есебінде қатысқан сайлауда Әлихан Бөкейхан жеңіп шығып, Алаш автономиясының үкіметі – Алаш Орданың төрағасы болды. Уақытша Ұлттық Кеңес құрамына Қазақстанның барлық аймақтарынан 15 адам сайланды. Олар Петроградтың, Мәскеудің, Қазанның, Томскінің т.б. қалалардың түрлі оқу орындарын бітірген жоғары білімді зиялылар еді. Осы бір маңызды оқиға туралы Екінші жалпықазақ сиезінің делегаты Әлімхан Ермеков былай деп жазды: «Желтоқсанның он екісі күні, түс ауа, сағат үште Алаш автономиясы дүниеге келіп, азан шақырылып ат қойылды. Алты алаштың баласының басына Ақ орда тігіліп, Алаш туы көтерілді. Үлкен ауылдарға қоңсы қонып, шашылып жүрген қырғыз-қазақ жұрты өз алдына ауыл болды».

Алаш қаласы

– 1917 жылы 12 желтоқсанда Алаш Орда үкіметі өзін жариялағаннан кейін көп ұзамай, 1918 жылдың 8 қаңтары күні Семей қаласына келеді. Ал, ол -қазақ үшін үлкен оқиға, ақ түйенің қарны жарылған күн болғаны сөзсіз. Сондықтан арнайы жиын болып, онда қазақтың біртуар ақыны Шәкәрім, Сұлтанмахмұт

Торайғыровтар қуаныш жырын оқып, Әріп Тәңірбергенев домбырамен арнау айтқан. Міне, осылай Алаш Орда үкіметінің Семейге келуі, оның аласапыран, қиын да қысталаң күндері, жұмыстары басталған.

Біртіндеп жұмыстары қарқын алған соң 1918-1919 жылдары Алаш Орданың Орталық және Семей болыстық комитеті өз қызметтерін Семей қаласының Жаңа Семей бөлігінде жүргізді. Ал, Семей қаласының Жаңа Семей бөлігі 1917 жылдың шілдесі мен 1927 жылдың 8 қазаны аралығында ресми түрде Алаш қаласы аталған. Кейінгі жылдары Шығыс Қазақстан облыстық қазіргі заман тарихының құжатнама орталығынан табылған Алаш Орда үкіметінің кеңселік іс-қағаздары: бланктері, мөрлері мен штамптары өзгермелі қоғамдық саяси өмірде тарих сахнасына бірінен соң бірі көтерілген ресейлік-аймақтық үкіметтермен қарым-қатынасты дәл осы Алаш қаласында жүзеге асырып отырғанын дәлелдейді.

Өкінішке орай алаштың бұл қуанышы көпке созылған жоқ

Алданған үміт...

1918 жылдың қаңтар-наурыз айлары аралығында Семей облысындағы саяси хал-ахуал шиеленісе түсті. Кеңес өкіметі Қазақстанда Кеңестік билікті тұрақтандыруда Алаш Ордамен болатын келісімнің басты рөл атқаратынын айқын сезінді. 1918 жылғы ақпан-сәуір айларында Кеңес өкіметі ұлттық мақсат-мүддені қорғап, дербес автономияны баянды қылуды көздеген Алаш Ордамен ымыраға келе алмады. Ал Алаш Орда үкіметі өз кезегінде Кеңес өкіметін толықтай мойындауға бармады.

Кеңес өкіметі Алаш пен Алаш Орданы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінен аластауда алдау мен арбау әдісін де, қару жұмсап, күштеу жолын да қолданды. Алаш партиясы мен Алаш Орда үкіметі күштеп таратылды. Алаш Орда үкіметінің кейбір мүшелерінің азамат соғысында жеңіске жеткен Кеңес өкіметі жағына өтуі 1919 жылдың көктем айларынан басталды. 1919 жылдың қараша айының соңында қазақ саяси элитасының өкілі Райымжан Мәрсеков бастаған жаңа өкіметті мойындамаймыз деп мәлімдеген Алашордашылардың бір бөлігі әскери құрамасымен Қытайға өтіп кетті. Ал екінші бөлігі 1920-жылдың наурыз айының

соңында Жоңғар қақпасы арқылы шекара асты. Кезінде Кеңес өкіметі Алаш қозғалысына белсене қатысқандардың барлығына кешірім жасағанына қарамастан, Қазақстанда қалғандары түгел дерлік сталиншіл әкімшіл-әміршіл жүйенің құрбандарына айналды.

Мәмбет ҚОЙГЕЛДІ, алаштанушы ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор:

– *Неге Алаш идеясы іске аспай қалды? Неге Алаш Орда үкіметі жеңіліс тапты деген сауал туады. Оған жауапты кезінде Мұстафа Шоқай берді. «Біз Түркістан зиялылары, соның ішінде қазақ зиялылары орыс демократиясына сеніп қалдық. Солайша, біріміз оның оңшыл бағытын, екіншіміз орыс демократиясының солшыл бағытын қолдадық. Бірақ өмір нені көрсетті? Өмір орыс демократиясының мейлі оңшыл бағыттағысы болсын, солшыл бағыттағысы болсын, қазақ халқына тәуелсіздік беруге даяр емес екендігін көрсетті. Ал, біз сөйткен орыс демократиясына көзсіз сеніп, ақыры, алдандық да қалдық дейді.»* дейді.

Дегенмен...

Солақай саясат «Алаш Орда» үкіметін құрушыларды құрбан етсе де, тұтас Алаш идеясын жоя алған жоқ. Араға қаншама жылдар салып, түбі сол бір ізгі идея өз жемісін берді. Бүгінгі біздің Тәуелсіздігіміз сол Алаш арыстары қол жеткізе алмай кеткен, бірақ кеуделерінен жаны шығып ара жатса да қазақтың ел болатындығына сенгендігінің нәтижесі.

АҚБОТА ҚУАНЫШБЕКОВА
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
журналистика факультетінің 3-курс студенті.
«Болашақ жастар» газетінің журналисі

МҰХАМЕДЖАН ТЫНЫШБАЕВ

Қазақ халқының тәуелсіз мемлекеті бірнеше ұрпақтың арманы болды. Отарлық билік кезіндегі Қазақстан тарихы зорлықшыл саясат үстемдік еткен, қасіретке толы кезеңдермен ерекшеленеді.

Осы орайда, кезінде тәуелсіздігіміз, азаттығымыз үшін күрескен, сондықтан кеңестік тоталитарлық жүйе құрбандығына айналған, есімдерін осы саяси тәртіп кейінгі ұрпақ санасынан «тазартуға» күш салған тұлғаларды тарихымызға оралту аса қажет. Сондай ірі қайраткердің және ғалымның бірі - Мұхамеджан Тынышбаев (1879-1938).

Мұхамеджан Тынышбаев 1879 жылы мамыр айының 12 жұлдызында Жетісу облысы Лепсі уезі, Мақаншы-Садыр болысындағы Жыланды тауының баурайында дүниеге келеді. Қазір бұл өңір Алматы облысы, Сарқанд ауданы, М.Тынышбаев ауылы (1993 жылдан бастап) деп аталады.

М.Тынышбаевтың әкесі - Әлдекеұлы Тынышбай Лепсі уезінің биі болған. Ол ел ішінде беделді, қайсар мінезді жан болғанға ұқсайды. Азамат соғысы жылдарында, қарт Тынышбай қызылдар қолынан қаза табады. М.Тынышбаевтың анасы Мәдиям да *(кейбір естеліктерде Шахизадабану депте көрсетіледі)* /1/ өте ақылды, көргенді кісі болған. Ол кісі 1932 жылғы аштықта қайтыс болса керек.

Уездің орталығы -Лепсі қаласы сол кезде, өзінше бір экономикалық-мәдени орталық тәрізді болған. Мұнда үш медресе, үш шіркеу, Михайловтың, Макушкиннің, Ботбаевтың кітап дүкендері, үн тартатын, май шығаратын өндіріс орындары, тері илейтін, спирт шығаратын заводтар болған. Кейін Лепсі қалалық екі кластық ерлер училищесі ашылады. Қазақша сауатын ауыл мектебінде ашқан М.Тынышбаев, осы училищені бітірген. М.Тынышбаев аталған училищені бітірген соң, 1890 жылы 14 тамы-

зда Верный қаласындағы Ерлер гимназиясына оқуға қабылданады. Оның бұл оқу орнына қабылдануы туралы бірнеше естеліктер бар. Олардың бірінде, бала Мұхамеджанның есеп-қисапқа жүйріктігін кездейсоқ (*қой санағы кезінде*) байқап қалған уезд бастығының жәрдемі тиген деп айтылады/2/. Ал келесі бір естеліктерде - зерек баланы байқаған ауылдағы дүкеннің иесі-орыс көпесі, оның оқуға баруына тікелей себепші болған деп көрсетеді/3/.

Кеңестік тарихнамада ұлттық қозғалыстар, саяси партиялар тарихы тым біржақты, қатаң таптық көзқарас тұрғысынан зерттелгендігі белгілі.

1957 жылы Қазақстан Мемлекеттік баспасынан шыққан «Қазақ ССР тарихының» I томынан мынадай жолдарды оқимыз: «Жетісуда Уақытша Үкіметтің комиссарлары болып Қоныс аудару басқармасының чиновнигі, патшаның отаршылдық саясатын белсене жүргізген эсер Шкапский және буржуазиялық-ұлтшылдардың басшыларының бірі М.Тынышбаев тағайындалды. Барлық прогрестік жаңа нәрселерден қорыққан, революцияны жек көрген буржуазияшыл-ұлтшылдар ауылда патриархтық-феодалдық қатынастарды сақтауға тырысты. Олар феодалдық жер иелену тәртібін, әйелдерді бұрынғы езілген, күндік қалыпта ұстау туралы, реакцияшыл мұсылман дін қызметкерлері үшін артықшылық жағдай жасау туралы және сот жұмысымен халық ағарту ісін солардың қолына беру туралы қаулылар қабылдатты.

Орыс халқы мен қазақ халқының жаулары-буржуазияшыл-ұлтшылдар орыс пролетариатына өшпенділікті қоздыру үшін қолдарынан келгеннің бәрін істеп бақты»/4/. Міне, М.Тынышбаев сияқты үлкен қайраткер тұлғаның кеңестік тарихта осылай біржақты қараланған.

Мұхамеджан Тынышбаевтың атқарған қызметтерінің кезендері: Алғашқы кезең - 20-жылдардың орта тұсына дейін, мәселені объективті талдауға және бағалауға тырысқан әртүрлі еңбектердің жарық көру кезеңі. Екінші кезең - 20-жылдардың соңынан басталып, 80-жылдардың екінші жартысына дейін созылатын М.Тынышбаевты біржақты қаралау, жөнсіз айыптау кезеңіндегі еңбектерден тұрады. Үшінші кезең - 80-жылдардың соңынан бастап, «жариялылық» пен «демократия» ұранының ықпалымен тарихи шындықты айтуға талпынған зерттеулердің,

Қазақстанның егемен ел болуына байланысты жарық көрген еңбектерге ұласуымен ерекшеленеді.

М.Тынышбаевтың өмірі мен қызметі туралы алғашқы зерттеулер қатарына, Қазан төңкерісіне дейінгі мерзімді баспасөзде жарияланған бірлі-жарым мақалаларды жатқызуға болады. Мәселен, оның идеялас серіктері Ә.Бөкейханов, А. Байтұрсынов және М.Дулатов шығарған «Қазақ» газеті 1917 жылғы №247 санында: «Мұхамеджан Тынышбаев II Государственный Дума ағзасы, инженер. Саясат ісіне жетік, халыққа таза жолмен қашаннан қызмет етіп жүрген алдыңғы қатар зиялы азамат» деп көрсетіп, оның 1916 жылғы көтеріліс тұсындағы қызметіне объективті жоғары пікір білдірген болатын. Сол сияқты «Семиреченские ведомости» газеті де Құрылтай Жиналысына депутатыққа кандидат М.Тынышбаевты «1905 жылғы революциялық қозғалысқа араласқан, Жетісу қырғыздары (*қазақтары*) арасына бостандық пен революция идеяларын үгіттеп таратқан облыстан шыққан тұңғыш қырғыз»/5/ деп сипаттап, одан әрі оның ақпан төңкерісіне дейінгі қоғамдық-саяси қызметіне тоқтала келе, бұл белсенді қызметтің нәтижесі, жандармдық полицияның қайраткерді үнемі бақылауға алуына әкелгенін жазады.

Жазылу мезгілі азамат соғысы аяқталысымен басталып, 20-жыл-дардың ортасына дейінгі аралықты камтитын еңбектердің (*естеліктер, партиялық баспасөздегі мақалалар, арнайы зерттеулер*)/6/ бірсыпырасы, кейінгі жылдарға қарағанда біршама объективті жазылған. Мұнда М.Тынышбаев қатысқан қозғалысқа, үкімет билігін қолына алғанына әлі көп уақыт бола қоймаған большевиктік биліктің және осы тәртіпке қызмет етуге шешім қабылдаған ұлт зиялыларының алғашқы саяси бағалары берілген. Бұлардың ішіндегі ең маңыздысы, әрине, Алаш қозғалысының көрнекті жетекшілерінің бірі - Ахмет Байтұрсыновтың «Революция және қырғыздар» атты мақаласы. Мұнда ол, М.Тынышбаев тәрізді патша заманынан бастап, отарлық билікке қарсы күресіп, қазақтың ұлттық саясатына жетекшілік жасаған Қазақ интеллигенттері өкілдерінің атынан, осы қозғалыстың пайда болу себебіне, қазақ халқының 1917 жылғы қос төңкеріске қатысына, елді большевиктік анархиядан құтқару үшін құрылған уақытша Алашорда үкіметіне, бұл үкіметтің азамат соғысы жылдарындағы қызметіне,

бірін-бірі алмастырып, билікке таласқан орыс үкіметтерімен (*Уақытша Сібір үкіметі, Құрылтай Жиналысы мүшелері комитеті (Комуч), адмирал А.В.Колчак үкіметі және т.б.*) байланысына және Кеңес үкіметі жағына өту себептеріне тоқталады. Сол сияқты осы қозғалысқа қатысқан А.Кенжин өз мақаласында, Алаш тарихын зерттеуде біржақтылыққа ұрынбауды, яғни осы қозғалыс пайда болған кезеңдегі нақты тарихи жағдайларға жете көңіл бөлудің қажеттігін ескертті. Оның ойынша, сол кездегі қазақ өлкесінің саяси-экономикалық жағдайын жан-жақты зерттейінше және Алашорданың барлық құжаттарымен, нақтылы қызметімен толықтай таныспайынша, аталмыш мәселе туралы пікір тек «жорамал мәнге ғана ие болып», тиісті бағасын ала алмайды. М.Тынышбаев басқарған «Түркістан автономиясын» 20-жылдардың басында Н.Төрешұлов зерттеді. Ол «Т.», «Дервиш» деген бүркеншік есімдермен жазған мақалаларында, Түркістан өлкесінің Ресей империясы құрамындағы тарихына қысқаша тоқтала келіп, ұлттық автономиялық қозғалыс, либералды буржуазия мен зиялылардың ғана қолдауына сүйеніп, қалың бұқара арасында тамыр жаймағандықтан, өмірі ұзаққа бара алмады деген пікір білдірді/7/. Оның автономиялық үкіметті буржуазиялық бағыттағы және Кеңестерге қарсы дұшпандық ниеттегі билік деп сипаттаған ойы, кейіннен осы тақырыпқа арналған зерттеулерде, сілтеме жасалмаса да, оның пікірі негізгі тұжырым ретінде қайталанып отырды. Дегенмен Н.Төрешұлов, М.Тынышбаев басқарған Уақытша үкіметтің алғашқы кезде демократия мәселесіне ерекше көңіл аударғанын, мәселен, Түркістан автономиясындағы Халықтық Кеңестің құрамына жұмысшы және диқан өкілдерін кіргізіп, Кеңес үкіметімен қатар өмір сүрудің барлық саяси этикеті мен ережесін түгел сақтағанын көрсеткен болатын. Және ол, осы ұлттық автономияның Брест-Литва келісіміндегі халықтың өз жолын таңдай алатын пункттеріне сүйеніп, Бүкілодақтық Атықару комитетінен өзін өлкенің заңды Үкіметі ретінде мойындауды талап еткенін, бұған Смольныйдың мүлде жауап бермегенін де жазып қалдырды /8/.

«Отаршыл революция (*Түркістан тәжірибесі*)» атты еңбегінде большевиктік зерттеуші Г.Сафаровта Түркістан өлкесіндегі ұлттық қозғалысқа, оған жетекшілік жасаған М.Тынышбаев,

М.Шоқай, М.Қари және т.б. қайраткерлердің 1917 жылғы қоғамдық-саяси қызметіне тоқталады. Тарихи таным мектебінің революцияға дейінгі дәстүрі сақталған бұл зерттеуде, 1905 жылдары басталған ұлттық-мәдени Қозғалыстың біртіндеп, татар және қазақ зиялылары есерімен саяси прогрессивті - ұлттық сипатқа ие болғаны объективті тарихи процесс ретінде бағаланды. Еңбекте сондай-ақ, революциялық қозғалыстың Түркістан өлкесінде негізі болмағандығы, «ақпан төңкерісінің мұнда телеграф арқылы келгені» туралы шындық айтылған болатын. Г.Сафаров Түркістандағы Кеңес үкіметінің отаршылдық сипатын да дәл көрсете білді.

Алаш қайраткерлеріне 20-жылдардың соңынан бастап төнген қатер және сталиндік ойлау жүйесінің «Партия тарихының қысқаша курсы» шыққаннан кейін тарих ғылымында берік орнығуы, Алаш қозғалысын, жалпы Түркістан өлкесіндегі азаттық үшін күрестің тарихын жазудың тағдырын шешті. Енді большевиктік басылымдарда Ә.Бөкейханов, М.Тынышбаев бастаған қазақ интеллигенциясының бүкіл қызметі реакциялық, бұқара халықтың мүддесіне сатқындық деген тұжырым жасалды/9/.

1933 жылы 8-28 желтоқсан аралығында, Қазақ марксизм-ленинизм ғылыми-зерттеу институтында өткен бұл конференция - қоғамдық-саяси қызметтерін, Қазан төңкерісіне дейін бастаған қазақ интеллигенциясы туралы екі топтың арасындағы қызу айтыстартыспен ерекшеленеді. Мысалы, М.Тынышбаевтың қоғамдық-саяси қызметін аяусыз «әшкерелеген» Брайнингке қарсы сөйлеген С.Асфендияров: «Шкапский де, Тынышбаев та 1917 жылы қазақтарға ойран ұйымдастыруы мүмкін емес, мен сол кезде Жетісуда қызмет істегендіктен, М.Тынышбаевтың қазақтарды қырып-жоймағанын дәлелдей аламын» деп, зал ішінде шу туғызған батыл пікір білдіріп, қазақ зиялыларының қызметін объективті бағалауға шақырған топтың (*Мусин, Федоров, Меңдешев*) өкілі болды. Бұларға қарсы Алаш қайраткерлерінің қызметіне тек біржақты пікір білдіріп, қазақ халқының тілін білмесе де, түпнұсқа деректерді өздері оқығандай «дәлелдер» келтірген, еврей ұлтынан шыққан С.Брайнин мен Ш.Шафионың жетегінде кеткен Ә.Жангелдин, І.Құрамысов бастаған топ тұрды.

Бірақ көп ұзамай, С. Асфендияровта осы соңғы топқа қосылуға мәжбүр болды. Оның 1935 жылы жарық көрген «Қазақстан тарихы (көне дәуірден бастап)» деп аталатын еңбегіндегі М.Тынышбаевтың қоғамдық-саяси қызметіне және тарихи көзқарасына берген бағасы тоталитарлық жүйе қысымының көрінісі. Мұнда ол, М.Тынышбаевтың 1916 жылғы көтеріліс тұсында ұстанған бағытын «қорқақтық, сатқындық, маскара» - деп сипаттаған болатын. С.Асфендияров, М.Тынышбаевтың қазақ халқының шығу тегін көне замандардан іздеп, географиялық, лингвистикалық деректер негізінде этникалық шекараның көлемділігін дәлелдеуге талпынған ғылыми ізденісіне де қарсы пікір айтқан еді. Бұл пікірді ол, «буржуазияшыл шовинист», «ұлтшыл» элементтерге тойтарыс беруім»/10/ деп түсіндірген бола-тын. Осылайша ұзақ жылдар бойы М.Тынышбаев есімі кеңестік тарих ғылымында «буржуазиялық-ұлтшылдықтың», «пантюркизмнің» баламасы ретінде ғана жазылып келді/11/. 80-жылдардың екінші жартысынан басталған қоғамдағы оң өзгерістер және 1991 жылы Қазақстанның өз тәуелсіздігін жариялауы отандық тарих ғылымына да игі әсерін тигізді. Тарихымыздың «ақтандақ» беттерін жаңа көзқарас тұрғысынан зерттеген еңбектер жарық көрді/12/.

Енді М.Тынышбаевтың да қоғамдық-саяси қызметіне, жеке өмірінс жаңаша, ұлт мүддесі тұрғысынан қарайтын шынайы жазылған мақалалар шыға бастады/13/. Бұлардың басым көпшілігі, оның 1917 жылғы қоғамдық-саяси қызметіне және өміріне, сол сияқты кәсіби қызметіне шолу түрінде жазылған. Қайраткердің саяси сөздері, қазақ тарихына қатысты еңбектері қайтадан басылып, жұртшылық игілігіне ұсынылды/14/.

Көбісі қазақ тіліне аударылған бұл еңбектер арнайы ғылыми талдау жасалынбай, қазқалпында жарық көргендігін айтсақ, болашақта тынышбаевтануда және тарихнамада атқарылар істің күрделілігін меңзейді.

Алаш қозғалысы қайраткерлерін, М.Тынышбаевты еске алу кештерінде қайраткер-ғалымның өмірі мен қызметіне арналған ғылыми баяндамалар оқылды/15/.

М.Тынышбаевтың шығармалар жинағы алғаш рет 1993 жылы жарық көрді/16/. Кітапты құрастырған профессор Ә.С.Тәкенов пен архивист-ғалым Б.Байғалиев, қайраткер-ғалымның өмірі мен

қызметіне қатысты деректер негізінде алғысөз жазып /17/ және оның табылған еңбектерін жинақтап, топтама етіп шығарды. М.Тынышбаевқа қатысты жаңа деректермен көптеп толықтыруды қажет ететін бұл еңбек, тынышбаевтанудың алғашқы ізденісі болып табылады.

Тарих ғылымының докторы, профессор М.Қ. Қойгелдиев «Алаш қозғалысы» деп аталатын іргелі монографиясында Кеңес үкіметі тұсында барынша бұрмаланған М.Тынышбаевтың Уақытша Үкіметтің Түркістан Комитеті құрамындағы қызметін, алғаш рет бұрын ғылыми айналымға түспеген соңғы деректер негізінде арнайы және нақты зерттеп, шынайы да, лайықты баға берді/18/.

Тарих ғылымының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым. Академиясының мүше-корреспонденті К.Н. Нұрпейісов ХХ ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясының қызметі туралы байыпты еңбегінде, Алаш қозғалысының басқа қайраткерлерімен бірге М.Тынышбаевтың да қоғамдық-саяси қызметіне тоқталып өткен/19/.

Соңғы жылдары жарық көріп жатқан, қазақ зиялыларының жекелеген өкілдеріне арналған зерттеулерде де және олардың өздерінің қайта басылған еңбектерінде де М.Тынышбаевқа қатысты мәліметтер кездеседі/20/. Жазушы Т.Жұртбаев, қазақ зиялыларының бірі - күрделі тағдыр иесі, жазушы М.Әуезовтың істі болу тарихына арналған еңбегінде, Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті Архивіндегі М.Тынышбаевқа қатысты құжаттарды қазақ тіліне аударып, жариялады/21/.

М.Шоқай “1917 жыл естеліктерінен үзінділер” атты шығармасында Түркістан комитеті қызметіне, Түркістан автономиясы тарихына тоқталады. Мұнда оның Түркістан комитетінің түркі мүшелерінің бірі -М.Тынышбаевқа қатысты біржақты пікірін, Кеңестер Одағындағы саяси жағдайға және онда М.Тынышбаевтың қалуына байланысты жасалған сактық деп түсінуге болады. Осы орайда оның, М.Тынышбаевты саяси тұлға ретінде емес, кәсіби маман-білгір инженер/22/ деп бағалауы, оны репрессияның қармағынан құтқаруға тырысқан әрекеті болуы ықтимал.

М.Тынышбаевтың тарихи көзқарасына С.Асфандияровтан басқа, одан ертерек Ж.Ақбаев өз пікірін білдірген болатын. Ол

өзінің “Қазақ халқының шығу тегі туралы” тақырыптағы баяндамасында М.Тынышбаевтың “қазақ” этнонимінің шығуы жөніндегі пікірімен келісе отырып, сонымен бірге бұл сөзді мұқият талдау оның белгілі бір мәні мен мағынасы туралы тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді” /23/ деп жазады.

Кеңестік Қазақстан тарихнамасы туралы еңбегінде Г.Ф.Дахшлейгер, М.Тынышбаев пен М.Дулатовтың қазақ халқының шығу тегін, халық болып қалыптасуын өте ерте заманға жатқызғандығын сынайды/24/.

Қазақстан шыққан тұңғыш техника маманы: Оның алғашқы кәсіби қызметі осы Жетісу темір жолымен байланысты. М.Тынышбаев институтты бітірген жылы Турксибтің болашағы болған аталмыш темір жол құрылысын салу үшін шығарылған зерттеу партиясының құрамында болды.

Негізінде, Орынбор-Ташкент темір жолы салынып жатқан кезде де, Түркістан мен Сібірді Жетісу арқылы жалғау туралы ұсыныстар тоқтаған жоқ болатын. Әсіресе 1906 жылы Орынбор-Ташкент темір Жолы салынып болғаннан кейін, Жетісу темір жолы құрылысын бастау туралы өтініштер күшейе түсті. Нәтижесінде, 1905 жылы үкіметтің жаңа жолдар туралы кеңесінде, бұл мәселе арнайы қаралған еді. Сөйтіп кеңес, жол салынатын өңірді, техникалық және экономикалық жағынан зерттеу үшін инженер О.Струве басқаруымен арнайы экспедиция құру туралы қаулы қабылдайды.

М.Тынышбаев 1908 жылы 1-тамыздан бастап Ашхабад қаласында Жол қызметі дистанциясы бастығының көмекшісі қызметінде болды. 1911 жылы Урсатьевск-Әндіжан станциясының темір жол құрылысы бастығы әрі бас инженері болды. Мұнда жүріп ол, Әндіжан темір жолын, Ходжент тас жолын және Амудариядан өтетін көпір салуға қатысады.

1914 жылдың басынан М.Тынышбаев Жетісу темір жолы құрылысына ауысады. 1917 жылдың күзінде Жетісу темір жолы құрылысын мүлдем тоқтатып тастады.

Кеңес үкіметі жылдарында М.Тынышбаевтың кәсіби қызметі Түркістан республикасында түрлі шаруашылық-техникалық шаралар басшысы ретінде белгілі болды. Жаңа билік тұсындағы қызметі туралы, М.Тынышбаевтың өзі жазып қалдырған дерекке

сүйенсек, ол 1920-21 жылдар аралығында Түркістанда темір жол бөліміне, 1922 жылдан Түркістан Республикасы Су шаруашылығы басқармасына, 1924 жылы Ташкентте Жер Суландыру бөліміне, 1925 жылы Қазақстан Республикасының астанасына айналдыруға байланысты, Қызылорда қаласының үй жөндеу жұмыстарына, 1926 жылы Жетісу губерниялық атқару комитетінің Жол бөліміне басшылық етті. 1927 жылдан бастап, Турксиб құрылысында әр түрлі қызметтер атқарды /25/.

М.Тынышбаевтың 1924 жылы 14 қаңтарда Түркістан Экономикалық Кеңесі төрағасына жазған есеп-жазбасы -"Жетісу темір жолы құрылысының жұмысы" деп аталады. Мұнда құрылыстың салыну тарихы, М.Тынышбаевтың өзінің қызметіде сипатталатындығын тағы да ескертеміз.

М.Тынышбаевтың Қазақстанның Кеңес үкіметі тұсындағы астананың салынуына да үлкен еңбегі сіңгенін деректер көрсетеді.

1925 жылы Қазақстанның жаңа астанасы Қызылорда қаласына ауысатын болды. Бұл мәселеге байланысты үкімет қызу дайындық жүргізеді. Алдымен Қызылорда қаласына астанаға лайықты кескін-келбет беру үшін, құрылыс жұмыстарын жан-жақты жүргізу қолға алынады. 1925 жылдың 10-маусымында сол үшін арнайы Құрылыс комитеті құрылған болатын. Оның техникалық бөлімінің бастығына орынбасарлыққа және қаланың бас инженерлігіне М.Тынышбаев тағайындалады. 1926 жылдың 1-қаңтарына дейін созылған бұл қызметінде, М.Тынышбаев тікелей жаңа астананың құрылыс жұмыстарын басқарған еді. Ол сондай-ақ Перовск станциясынан қалаға дейін темір жол желісін тартуға да бастамашы болды. Қазақ инженері астананы ауыз сумен қамтамасыз етуді де күні бұрын ойластырып, бұл мәселеге байланысты өз ұсынысын қабылдаған еді. Бұл үшін М.Тынышбаев қаладан 17 шақырым жерден көл тауып, Қызылорданың ортасымен арық, су құбырларын жүргізген болатын. Негізінде, қалаға суды Сырдария мен Амудариядан тарту туралы ұсыныс жасалған болатын. Бұған М.Тынышбаев қарсы болып, аса күрделі жұмысты, көп шығынды қажет ететін ұсынысқа келіспеген еді. Сөйтіп ол, осыған байланысты өз ойын дәлелдеп, жоғарыдағы жобасымен қалаға ауыз су тартқан болатын. Ол кездері қала үйлерінің көбісі балшықтан соғылатындығы белгілі. Қызылорданың да осындай үйлері, су құбыры жүргізілгеннен

кейін, су сорып, кейбіреулері құлап та қалды. Мұны Голощекин М.Тынышбаевтан көрді. Оны қастандықпен әдейі істеді деп айыптап, 2 ай абақтыға жауып тастайды /26/. Қазақтың талай азаматтарының жігерін жасытқан Голощекин, М.Тынышбаевтың да сағын сындыруға тырысқан.

Саяси қуғын-сүргін құрбаны: Сталинизмнің идеологиялық аппаратының, тоталитарлық жүйенің орныға бастауымен бірге, ұлттық интеллигенцияның көрнекті өкілдері: Алаш партиясына мүше болғандарға, өлкедегі саяси-экономикалық қайта құрулардың әдістеріне және ұлттық ерекшеліктер мен жергілікті халық мүдделерін көзге ілмеген орталықтың озбыр саясатына қарсылық білдірген республика басқару органдарының басшы қызметкерлеріне (Н.Нұрмаков, Т.Рысқұлов, С.Қожанов, Ж.Мыңбаев, С.Садуақасов, Ж.Сұлтанбеков т.б.) /27/ қарсы бағытталған саяси қуғын-сүргін, 1927-1929 жылдары кең көлемде жүргізіле бастады.

И.Сталиннің 1925 жылдың 29 мамырында Түркістандықтарға “Ақжол” газеті туралы хат жолдауы болды. Қысқаша айтар болсақ, хаттың мазмұны екі мәселені қамтыды. Мұның алғашқысы, И.Сталиннің “Ақжол” газетінде жарық көріп жатқан материалдардан, бұл кезде шетелде эмиграцияда жүрген М.Шоқаймен идеялық ұқсастықтарды “көруі” болса, екіншісі дұрыс партияда (*большевиктер қатарында*) болмаған ұлттық интеллигенцияны партиялық, кеңестік органдардағы жауапты жұмыстардан аластау, оларды жастарды тәрбиелеуге жібермеу мәселесінің күн тәртібіне қойылуы еді. Сталиннің мұндай көзқарасы Алаш қозғалысына қатысушы ұлттық интеллигенцияға аса жайсыз тиді. Егер, М.Тынышбаевтың кезінде осы қозғалыстың белсенді қайраткерлерінің бірі болып ғана қоймай, Түркістан автономиясы басшылығында М.Шоқаймен қызметтес болғанын ескерер болсақ, оның алғашқылардың бірі болып қуғындалары сөзсіз еді. 1928 жылдан бастап идеялық қуғындау, ашықтан-ашық түрмелерге қамауларға ұласты.

Алаш қозғалысы қайраткерлеріне Бүкілодақтық Орталық Атқару комитетінің 1919 жылғы 4-сәуірдегі және 1920 жылғы 15-сәуірдегі шешімімен амнистия жарияланса да/28/, түрлі әдіспен бүркемеленген қудалау ақыры, осылайша И.Сталиннің тікелей

ұйымдастыруымен “Алашорда ісі” атты тергеу ісіне айналды. Өмір бойы отарлық билікке қарсы күрескен екі ірі тұлға Ахмет Байтұрсынов пен Мұхамеджан Тынышбаев “тобы” деген атпен белгілі болған, бұл зобалаңнан аман қалған зиялы қазақ саусақпен санарлық.

Шын мәнінде кеңестік билікті қабылдамау себептері, ұлттық мүддеге қызмет етуден туындағанын айқын түсіне тұрса да, болып-певиктер М.Тынышбаевқа күдіктенгендерін қоймады.

Бүкіл кеңестік индустрияландырудың алғашқы ұлы жеңістерінің бірі - Түркістан-Сібір темір жолы іске қосылып, бүкіл халық болып осы қуанышты тойлап жатқанда, оның басшысы, негізгі салушысы-инженер М. Тынышбаев кенеттен тұтқынға алынды /29/.

Алаш қозғалысы қайраткерлері осындай аумалы-төкпелі кезеңнің өзінде де өздерінің халық алдындағы абыройлы мақсаттарын табандылықпен жүзеге асыруға күш салды, және мәдениет саласында едәуір елеулі істер тындырды. Маркстік қондырғысыз, бұрынғы “алашорданың” идеологиясының негізінде мектепке: Байтұрсынов, Аймауытов, Жұмабаев, Байтасов, Жәленов, Омаров Е., Омаров А., Байсейітов Ә, Әділов, Әуезов, Досмұхамедов Х., Досмұхамедов Ж., Тынышбаев оқулықтар жазды.

Көпшіліктің алдында лекция оқып, баяндама жасағандар қазақтың мәдениеті мен тарихын, өмірін “Алашорданың” идеологиясы тұрғысынан түсіндіргендер: Досмұхамедов Х., Есполов, Қашқынбаев, Жұмабаев, Әуезов, Тынышбаев - бұлар Ташкенттегілер, Орынбордағыларды білмеймін. Қожанов та баяндама жасаған, Асфендияров пен И.Токтыбаев және басқалар да араласты.

1932 жылы 20 сәуірде N2370 іс бойынша РКФСР Қылмыс Кодексінің 58/7, 58/11 және 58/3 баптарының тармақтарымен айыпталған М.Тынышбаев жазасын өтеу үшін, алғаш 1930 жылдан бастап, бес жыл мерзімге концлагерьге қамауға жіберілсе, кейіннен бұл жаза Ресейдің Орталық Қаратөпырақты аймағына (*Воронеж қаласына*) жер аударумен алмастырылды. Мұндай жазаға сонымен бірге, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, Ж.Ақбаев, Ж.Күдерин және т.б. қайраткерлер де кесілді/30/

М.Тынышбаевтың жер аударылу мерзімі 1935 жылдың жазында аяқталады. Ол қуғын-сүргіннің мұнымен тоқтамайтынын жақсы түсінеді. Сондықтан да баласы мен зайыбын Қазақстаннан тыс жерге, Уфа қаласындағы Әмина Ибрагимқызының туыстарына жібереді. Өзі Батыс Қазақстанның территориясы арқылы Ташкентке, үлкен қызы Фатанадбануға келеді.

М.Тынышбаев Ташкентте көп болмай, Қандыағаш-Гурьев темір жолы құрылысына жұмысқа орналасады. Бірақ денсаулығының нашарлауына (жүрек ауруының асқынып, күре тамырдың ұлғаюы және қатты суық тиген) байланысты көп ұзамай, Ташкентке қайтып оралады. Ол мұнда да Ішкі Істер Халық Комиссариатының қармағынан құтылған жоқ. Ауру, әлсіз М.Тынышбаевты үндемес тыңшылар күндіз-түні терезеден аңдитын болған. Ақыры оны 1937 жылдың 21 қарашасында Өзбек ССР-і Ішкі Істер Халық Комиссариаты тұтқынға алады. Бұл жолы оған таңылған басты айып 1917 жылы Қоқан қаласындағы Түркістан автономиясын басқарғандығы болды. Осы “күнәні” арқалаған М.Тынышбаев 1938 жылы 20 сәуірде “атылды”. Бұлай көрсетуіміздің себебі, оның өліміне қатысты бірнеше фактілер бар. Мәселен, Дина Мұхамеджанқызы 50-жылдардың бас кезінде Ташкентке іс-сапарға барған кезінде, әкесімен түрмеде бірге болған азербайжан қартын жолықтырады. Тәуіп молда болғаны үшін сотталған, жасы бірталайға келген қарт М.Тынышбаевтың жұқпалы іш ауруынан (*дизентерия*) көз алдында қайтыс болғанын айтады/31/. Ал Дәулет Мұхамеджанұлы, әкесі қайтыс болғаннан кейін де, анасының ресми құжаттардан оның әлі бір жылдай тірі болғандығы туралы мәлімет тапқанын жазған еді.

Өмірінен үзік сыр: М.Тынышбаевтың алғашқы зайыбы Гүлбаһрам Шәлімбековадан үш баласы (*Ескендір, Фатадан-бану, Динарзада*) болды. 1921 жылы Шымкент қаласында тырысқақ ауруы жұғып, кенеттен қайтыс болып кетеді.

М.Тынышбаевтың тұңғышы - 1909 жылы туылған Ескендір Тынышбаев Мәскеудегі Кинематография институтын бітірген тұңғыш кинооператор - қазақ. Ол 1934 жылы Воронеждегі әкесіне барып қайтқаны үшін “Алашорда тапсырмасын орындаушы” деген айыппен 10 жылға сотталып та кетеді. Бүкіл жастық шағы Сталиннің “толып жатқан” халық жауларына арналған лагерьлер; Д Беломорканалда, Соловкада, Е.Тынышбаев, кейін әкесін

ақтап алуға да көп еңбек сiңiредi. Айдаудан қайтқасын, сүйiктi iсiне оралған Ескендiр Мұхамеджанұлы республикамыздың еңбегi сiңген артисi атағына ие болып, қазақ киноөнерiндегi iрi тұлғалардың бiрi болды. Ол 1995 жылы 1 сәуiрде, 86 жасқа қараған шағында қайтыс болды.

М.Тынышбаевтың үлкен қызы Фатанад-бану Мұхамеджанқызы -әкесiнiң өмiрiнiң ауыр сәттерiнде қасында болды. М.Тынышбаев осы қызының қолында тұтқынға алынды. Ол кiсi 1993 жылы, Алматы қаласында жалғыз қызы-Назифаның қолында қайтыс болды.

М.Тынышбаевтың екiншi қызы - Динарзада Мұхамеджанқызының жолдасын Кеңес үкiметi екi рет, 1937 жылы және 1942 жылы тұтқындады. Жолдасы Айтжан Бутин Ақтөбе лагерiнде 10 жылы өткiздi.

М.Тынышбаев 1925 жылдары Сәдуақас Шәлiмбековтiң жесiрi - Әзиза Шәлiмбековаға үйленiп, одан бiр қыз балалы болады. 1926 жылы дүниеге келген Еңлiк Мұхамеджанқызы ағылшын тiлiнiң маманы болады.

М.Тынышбаевтың үшiншi зайыбы -өзiнiң жақын досы, студентгiк кезiнен бiрге жүрген Дәуд Махмұдұлы Шейхалидын қарындасы-Әмина Ибрагимқызы болатын. Ол М.Тынышбаевпен Воронежде бiрге болды. М.Тынышбаев Әмина Ибрагимқызынан Дәулет есiмдi бiр ұл сүйдi. 1931 жылы ақпанда Алматы қаласында дүниеге келген Дәулет, түрмеде жатқан М.Тынышбаевтың айтуымен, нағашысы Шейх-Алидiң атына жазылған.

М.Тынышбаев екi дүркiн 1958 жылы 28 ақпанда және 1970 жылы 27 ақпанда қылмысы болмағандықтан “ақталды”/32/.

Сәкен Сейфуллиннiң әйгiлi “Тар жолтайғақ кешу” романындағы М.Тынышбаев пен оның серiгi Қоңырқожа Қожықовтың Түркiстан автономиясын большевиктер талқандаған соң, жасырынып жүрген кейiптерiн “ит қуып сандалған бұралқы қасқырларға” теңеуi дер едiк.

М.Тынышбаевтың, жалпы Алаш қозғалысы қайраткерлерiнiң, бүгiнде қатары жылдан-жылға сиреп бара жатқан үрiм-бұтақтарының саясатқа сенбейтiндiгi, үркер, өте сақ болатындығының себебi де осыдан екенi түсiнiктi.

Олардың басындағы қасірет, М.Тынышбаев және оның серіктері туралы шындық тұмшалаулы күйінде Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін сақталып келді. Осылайша, И.Сталиннің тұсында саяси қуғын-сүргін құрбаны болған М.Тынышбаев, Компартияның кейінгі Бас хатшылары тұсында рухани тұрғыдан қудалау құрбаны болды.

Тоталитарлық жүйенің 20 жылдардың ішіндегі жеңілістерінің бәрі М.Тынышбаев тәрізді “тап жауларының”, “қазақ еңбекшілерінің қас дұшпандарының”, тонын теріс айналдырған зиянкестердің – Алаш қозғалысына қатысушы “буржуазиялық ұлтшылдардың” кінәсінен деп түсіндірілді. Мұндай біржақты идеологиялық көзқарас ұлттық апатқа - саяси репрессияның қанды шеңгелінің Алаш қайраткерлерін түгелдей үрім-бұтақтарымен, туған-туыскандарымен қоса құртып жіберуге, және қуғын-сүргінге ұшыратуға алып келді. Сөйтіп, 80 -жылдардың соңына дейін Алаш деген атаудан шошына үріккен, тыжырынған ұрпақ қалыптасты

Мұхамеджан Тынышбаевқа және оның серіктеріне жабылған саяси жаланың арсыздығын бүгінгі тарих дәлелдеп берді, енді оларды қалай ардақтаймыз және қастерлейміз десекте жол ашық. Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қазіргі жүргізіп отырған саясатын, М.Тынышбаев тәрізді қайраткерлік қызметі ұрпаққа өнегелі бабаларымыздың, ерлік ісінің заңды жалғасы деуге де толық негіз бар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тақаров Б. Мектептегі А. - М.Тынышбаев. Отарбадай ағып өткен ғұмыр.// Ана тілі-1992.-9 сәуір.
2. Бутина- Тынышбаева Д. Әкем туралы естеліктер б.2
3. Тынышбаев М. История казахского народа б.-34-35.
4. Қазақ ССР тарихы. - Алматы: Қазақстан Мемлекеттік баспасы,1957. - Т. 1. - 340 б.
5. Егемен Қазақстан 200ж 15 қаңтар.
6. Қазақ тарихы 2000ж №1 49-53б
7. Коммунистическая мысль кн.№2 с 41
8. Турекулов Н. Кокандская автономия. / Сборник к 3-ей годовщине Октябрьской революции в Туркестане. - Ташкент, - 1920. - 150 б./62-63/.

9. Сейфуллин С. Тар жол тайғақ кешу. / Шығармалар жинағы. - Алматы: Жазушы, 1988. -Т. 4. - 448 б
10. Асфендияров С.Д. История Казахстана /с древнейших времен/, 2-ое изд. /под ред. проф. А.С.Такенова. - Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. - 304 б. //1/.
11. Қазақ ССР тарихы 2-ші басылым. А, 1949ж 510б. История Узбекской ССР. - Ташкент: Фан, 1957. - 260 б.
12. Ахмедов Ғ. Алаш “Алаш” болғанда Естеліктер мен тарихи деректер. - Алматы: Жалын, 1996.-224 б.; Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? - Алматы: Ана тілі, 1993.-203б.; Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты.- Алматы: Қазақ университеті,1992.-272б
13. Тәкенов Ә.С. Тынышбаевтың екінші ұлы табылды/ Белгілі қазақ қайраткері, инженер әрі тарихшы М.Тынышбаевтың ұлы Дәулет Тынышбаев туралы// Түркістан.- 1996.- 28-ақпан; Қойгелдиев М., Құлмақанова Л. Мұхамеджан Тынышбаев және қырғыз трагедиясы.//Ақиқат.- 1996.- №5. -б.85-90.
14. Тынышбаев М. Ұлы мәртебелі мырзаға//Қазақ әдебиеті.- 1990.-26-қазан; Сонікі. Қазақ руларының шежіресі//Ана тілі.- 1990.-26-шілде; Сонікі. 17-18-ғасырлардағы қазақтар// Қазақстан коммунисті.- 1990.-№11; Тынышбаев М. Қазақ даласындағы көшпелі халықтың мұқтаждарына орай//Дала дидары.- 1992.- 3-9-шілде;
15. М.Тынышбаевты еске алу кеші //Қазақ әдебиеті.-1997-21-мамыр; М.Тынышбаевты еске алу. //Егемен Қазақстан.- 1997.-28 мамыр; М.Тынышбаевты еске алу. //Жас Алаш.- 1997.- 22 мамыр; Қойгелдиев М. Өткінші шаралардан сақтанайық//Қазақ тарихы.- 1998.- №3.-б.28-31.
16. Тынышбаев М. История казахского народа.- Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993.- 224 б.
17. Такенов А.С., Байғалиев Б. Инженер и историк (о М.Тынышбаеве) //История казахского народа.- Б.3-14.
18. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы.- Алматы: Санат, 1995.- б.264-292.
19. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. -Алматы: Ататек, 1995.- 256 б.

20. Әлихан Бөкейхан. Таңдамалы.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995.- 478 б. Нұрпейісов К., Құлкенов М., Хабижанов Б., Мектепов А. Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы.- Алматы: Санат, 1996.- 176 б. Құл-Мұхаммед. Алаш ардагері. Жақып Ақбаев. - Алматы: Жеті жарғы, 1996. - 224 б..
21. Жұртбаев Т. Талқы. - Алматы: Қазақстан, 1997.- 368 б.
22. Шоқай М., Моқай М. Естеліктер. Атажұрт,1997.-217б.
23. Құл-Мұхаммед. Алаш ардагері. Жақып Ақбаев. Б-119
24. Дахшлейгер Г.Ф. Историография Советского Казахстана. А.; Наука, 1969.-191б.
25. Тақаров Б. Қазақтан шыққан тұңғыш инженер-теміржолшы // Түрксиб тынысы-1994. -15 желтоқсан.
26. Тақаров Б., Мектептегі А. М.Тынышбаев. Отарбадай ағып өткен ғұмыр.// Ана тілі-1992.-9 сәуір
27. Қойгелдиев М. Алашорда //Егемен Қазақстан.- 1992.-18-қаңтар.
28. Нұрпейісов К. Алаш және Алашорда тарихының зерттелуі хақында //Қазақ тарихы. - 1994.- №1.- б.7-15.
29. Қаратаев Т. “Алаш” және “Алашорда”. -Алматы: КазГУ, 1990.-41 б
30. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы.-б.45
31. Тақаров Б. Қазақтан шыққан тұңғыш инженер-теміржолшы// Түрксиб тынысы. - 1994.-15-желтоқсан
32. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Б.-26.

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ЕГЕМЕНДІЛІК ТУРАЛЫ **ИДЕЯЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ: РЕТРОСПЕКТИВТІ** **САЯСАТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ**

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Ресей империясының отаршыл саясаты қазақ халқының тәуелсіз мемлекет құру идеясын орындалмас қиялға айналдыруға бар күш-жігерін жұмсады. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев “Тарих толқынында” атты еңбегінде: “Сырым Датов, Кенесары Қасымов және басқалар бастаған көтерілістер қазақтың ұлттық рухын орнықтыруға, ортақ жау - Ресей патшалығына қарсы күресте қазақтардың барлық күшін біріктіруге талпынған әрекеттер еді”, - деп көрсетуі тарихи ақиқатқа негізделген¹.

Отарлау саясаты жазалау шараларынан бастап, түрлі құйтұрқы заңдар арқылы қазақтардың құқықтары мен бостандықтарын шектейтін іс-әрекеттерге дейін барып, ұлттық мемлекеттілік институтының кез келген көрінісін жоюға тырысты. Соның салдарынан қазақ даласында хандық билік институтының белгілері бір-жолата жоғалып, оның орнына отарлау аппаратының иерархиялық сатыға бағындырылған шенеуніктер жүйесі басқаратын империялық әкімшілік билік орнады. Дәстүрлі билер соты, шешендік сөз бен салиқалы әділ шешімге жүгіну біртіндеп келмеске кетіп, оның орнына паракорлық, билік өкілдерімен жең ұшынан жалғасып ауыз жаласу, сайлау науқандарындағы саяси талас-тартыс, арамза үгіт-насихат сияқты келеңсіз көріністер туындап қана қоймай, үйреншікті құбылысқа айналды. Бір сөзбен айтсақ, сол кезеңде қолданысқа енген заңнама қазақ халқын қанауға бағытталды.

Патшалық Ресей қазақтың кең жазира даласын мемлекет меншігі деп жариялап, «пайдаланылмайтын бос жер» деген желеумен озбырлықпен тартып алып, қоныс аударушыларға

¹ Назарбаев Н. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 1999. -296 б.

бөліп беру орын алды. Әлеуметтік-саяси жағынан алғанда, бұл кезең патшалық Ресей империясының казак даласындағы отарлау саясатының күшеюімен ерекшеленді. Кез келген әрекет өзінің қарсы әрекетін туғазатын табиғат заңдылығы бұл жерде де өзінің айнымастығын дәлелдеді. Отарлау саясаты өрістеген сайын, казак халқының ұлт азаттық күресі, ұлттық мемлекеттілік құру идеясы да құрыштай шындалып, дами берді. Самодержавиеге, отаршылдыққа, жергілікті шенеуніктердің озбырлығына қарсы халық наразылығы өршіді. Осылайша, казактардың жаңаша саяси санасы қалыптаса бастады. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысы дін тазалығын, тіл тазалығын қорғаудан, оқу-ағарту, ұлттық салт-дәстүрлерді қолдаудан басталып, біртіндеп жер дауы, ел дауына ұласты. Яғни, академик М.Қозыбаев көрсеткендей, “Алаштың ұлт азаттық қозғалысы идеологиясының өзегі – отаршылдық наразылық, отаршылдыққа қарсы ұлтшылдық. Олар заңмен шектелген праволық қоғам, конституцияда анықталған кейбір саяси бостандықтар, ғылым мен мәдени даму көлемінде күресіп бақты”¹.

Қазак халқы ұлт ретінде өмір сүру қасиетін сақтап қалу үшін тырысты: аймақтардағы наразылық бас көтерулерден бастап, Мемлекеттік Думадағы депутаттық орынға дейін саяси күрес ісіне тартылып, азаттық қозғалысының арналы ағысына ілесті. Қазактар өлке өміріндегі өзгерістерге, отаршылдық әкімшілік ойлағандай, сырттай бақылаушы ғана болып қалмай, оған белсене араласты. Олар болыс сайлау, партияға жіктелу, дауыс жинау, кандидаттыққа ұсыну, лауазымды қызмет атқару, Думаға сайлану т.б. қоғамдық-саяси істерге белсене араласты. Жергілікті мемлекеттік басқару отарлау әкімшілігінің басқаруымен, ал сайлаулар шалағайлықпен жүзеге асса да, кең байтақ казак даласындағы саяси процестерге халқымыз қызу қатысып отырды. Саяси қатысу казакы дала өлкесінде өзгеше мәнге ие болды. Мұндай әділетсіздік сол кезеңдегі көзі ашық, ұлттық сана-сезімі оянған казактың зиялы азаматтарына серпіліс берді.

М. Құл-Мұхаммед жаңа замандағы казак тарихын, оның ұлт-азаттық қозғалыстарынан туындайтын саяси және құқықтық тарихын төмендегідей кезеңдерге бөліп қарастыруға болады деп тұжырымдайды:

¹ Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты. – Алматы, 1992. – Б. 18.

– Бірінші кезең - XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы Ресейдегі революциялық қозғалыстың өрістеуінен туындаған кезең. Бұл 1905 жылға дейінгі аралықты қамтиды.

– Екінші кезең – Қазақстанда отаршылдық езгі, патша өкіметінің қазақ халқын қанауды одан әрі күшейтуі негізінде туындаған әр түрлі бас көтеру, наразылық акцияларынан бастап, саяси күштердің «Қазақ» газеті төңірегіне топтасуына дейінгі аралықты қамтиды. Бұл – 1905-1912 жылдар арасы.

– Үшінші кезең – «Қазақ» газеті шығуымен ұлттық зиялы қауымның біртұтас саяси күшке айналып, оның Ақпан (1917) революциясына дейінгі азаттық жолындағы күресін қамтитын кезең.

– Төртінші кезең - Ақпан революциясынан бастап, Алашорда үкіметінің құрылуымен аяқталатын (1917 жыл, желтоқсан) - саяси тәуелсіздік жолындағы күрес кезеңі.

– Бесінші кезең – қазақ қауымының саяси жетекші күшін құрайтын Алашорда қозғалысы қайраткерлерінің қуғындалып, қозғалыстың таратылу кезеңі (бұл 1919-1920 жылдарды қамтиды)¹.

Біздің қарастырғалы отырған тақырыбымыз да осы хронологиялық ауқымда болмақ. Алаштың зиялы қауымы қазақ халқының қамын ойлап, елді өркениет көшінен қалдырмау жолдарын іздеді. Оның бірден-бір жолы ғылым-білім мен мәдениетті игеру екендігін халыққа насихаттаған зиялылардың алдыңғы қатарында Алаш зиялылары жүрді. Олар жан-жақты қоғамдық-саяси қызметтер атқара отырып, әмбебап маман ретінде де елге танылды. Оқу-ағарту мен ғылыми-зерттеуді, қазақ тілінде тұңғыш газет-журнал шығару мен әдеби шығармашылықты қатар алып жүрді. Бұл XX ғасырдың басындағы қазақ даласында саяси белсенділіктің қызған тұсы еді.

1905-1907 жылдардағы I-ші орыс төңкерісі өз кезегінде қазақ жеріндегі ұлттық қозғалыстың өсуіне де әсерін тигізді. 1905 жылғы 25 шілде күні Қарқаралы маңындағы Қоянды жәрменкесінде қазақ зиялыларының ұйымдастыруымен митинг өтіп, ол өзіндік қазақ съезі іспетті болды. Жиын нәтижесінде Ресей Министрлер кеңесінің төрағасына арналған әйгілі “Қарқаралы

¹ Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. -Алматы: Ата мұра, 1998. -360 б. –Б. 33.

петициясы” қабылданды. Онда қойылған талаптар 11 тармақтан тұрды: қазақтарға ар-ождан бостандығын беру, тұрғылықты халықты ана тілінде оқытуды ұйымдастыру, қоныстандыру саясатынан бас тарту, жер қорын байырғы қазақ ұлтының үлесіне құқықтық түрде тиесілі ететін арнайы заңды қабылдау, азаматтық және сот іс-қағаздарын қазақ тілінде жүргізуге құқық беру, аудармашылыққа қазақ тілін білетін және қазақша сауатты адамдарды алу, қазақтар өз құқықтарына нұқсан келсе, арызды ана тілінде бере алуы, судьялардың қазақ тілін білуін шарт ету және қазақ даласына присяжной сот жүйесін енгізу, отарлаушы аппараттың шенеуніктер санын қысқарту, генерал-губернаторларды орталықтан тағайындау тәжірибесін тоқтатып, басшылыққа жергілікті жерден лайықты тұлғаны сайлау, крестьян бастықтары мен урядник қызметін жою, қылмыс жасағандар тек сот алдында ғана жауап беретіндей тәртіп орнату, биліктің жоғары сатыларынан бодандық шеткері аймақтардан өкілдер сайлануына квота беру сияқты көкейкесті мәселелерді қамтыды.

Ал петицияға қол қойған адамдар саны жөнінде ортақ пікір жоқ. Мысалы, Қазақстан энциклопедиялық сөздігі мен Қазақстан тарихы оқулықтарында оған 14 500 адам қол қойған деп көрсетіледі. Ал, зерттеуші З. Тайшыбайдың келтірген деректеріне сүйенсек, Қарқаралы петициясына 12 767 адам қол қояды¹.

Алаш қайраткерлері туралы жазған еңбегінде М. Қойгелдиев ХХ ғасырдың басындағы қазақ даласында болған саяси оқиғаларға шолу жасай келіп, патша үкіметінің басқару органына жолдаған Қарқаралы петициясы ерекше екендігін атап өтеді: «нақты Қарқаралы петициясының тарихи орнына келсек, ол құжат авторларының сапалы жаңа даму сатысына аяқ басқан қазақ азаттық қозғалысының ең негізгі талап-тілектерін тұңғыш рет тұжырымдап, қалыпқа салып, патшалық билік алдына қойып, сол арқылы қазақ елінің өз еркіндігі үшін күрес жолына түскендігін ашық-анық білдіруінде еді. Бұл, әрине, сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамы үшін қатардағы оқиға емес-тін. Деректік материалдардың көрсетуіне қарағанда, Қарқаралы петициясын дайындауда

¹ Тайшыбай З. “Қарқаралы петициясы” туралы ақиқат // Ақиқат. -2003. -№ 8. –Б. 80-82.

Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ж. Ақбаев және басқа сол кезеңдегі белсенді қазақ интеллигенттері жетекшілік рөл атқарған¹.

Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, Ж. Ақпаев, А. Байтұрсынов сияқты зиялы қауым өкілдерінің біріккен іс-қимылы нәтижесінде жазылған петиция Қазақ конституциялық-демократиялық партиясының құрылуына серпін берді. 1905 жылдың аяғында “Қарақаралы петициясының” авторлары қазақ өлкесінің бес облысының өкілетті өкілдерінің съезін өткізуге бастамашы болды.

Қазақ халқы Ә. Бөкейхановты ұлттың лидері ретінде ұсынып, ол Мәскеуде 1905 жылы қараша айында өткен Ресей жергілікті және қалалық қайраткерлерінің съезіне қатысады. Съезге Ресей империясының құрамына кіретін барлық ұлттар мен ұлыстардың өкілдері қатысады. Күн тәртібіндегі мәселелер: барлық ұлттардың теңдігі, тең сайлау құқығы, ана тілін қолдануда бостандықтың болуы. Съезде Ә. Бөкейханов баяндама жасап, өзін 4 млн. қазақ халқының өкілі екенін, қазақ жері Оралдан Алтайға дейінгі, Сібір темір жолынан Омбыға дейінгі, бір шеті Ресей, бір шеті Қытай, бір шеті Каспий теңізіне дейінгі атырапты алып жатқанын айтады. Съезд делегаттарына қазақтардың мұқтаж болып отырған бір мәселесі – ана тілін қолдану аясы екенін көрсетіп, жергілікті тілдерді қолдануға қойылатын шектеулерді жою туралы ұсыныстарды толық қолдайтынын жеткізеді.

Көп ұзамай Ә. Бөкейханов 1906 жылы наурызда I Ресей мемлекеттік Думасына Семей қазақтары атынан депутат болып сайланады. Осы кезде “Семипалатинский листок” газеті “Ә. Бөкейханов Мемлекеттік Думада ұлт мүддесін қорғай алатын, қазақтың жоғын жоқтап, тілегін жеткізетін бірден-бір адам екеніне халқы сенсе керек” – деп жазды. Ол депутат ретінде Еуропадағы, Ресейдегі сайлау ерекшеліктерін, олардағы заңдылықтарды, әділеттілік пен түрлі партиялардың саяси күресін талдай келе, мынадай ой түйеді: “... қазақ ішіндегі сайлау параға, малға сатылған, арамдықпен өтетіні айқын. Сайланған адам әділет, бірлік, адалдық жолында күрессе ғана шын мақсат орындалмақ”².

Депутат ретінде Ә. Бөкейханов ұлттық мүддеге қатысты ойларын жалпы мемлекеттік деңгейде айтуға мүмкіндік алды.

¹ Қойгелдисв М. Алаш қозғалысы. (Көмекші оқу құралы). Алматы: Санат. 1995. -368 б. –Б. 98-99.

² Н.Әшкеева. Әлихан Бөкейханов саясат сардары // Саясат. 2002. № 3-4.

Оның Мемлекеттік Думадағы баяндамалары қоныстандыру саясатына, жер мәселесіне қатысты болатын, сонымен қатар далалы аймақтарда білім беру және әлеуметтік-мәдени инфрақұрылымды дамыту мәселелеріне де көп көңіл аударды. Орыс шаруаларына су жағалауындағы құнарлы жерден 15 десятинадан жер бөлу, ал қазақтарға тура сондай көлемдегі жерді сусыз тақырдан берудің әділетсіз шешім екенін айтып шырылдады. Яғни, Ә.Бөкейханов сол кездегі өзге де қоғамдық қайраткерлер сияқты патша өкіметінің саясатын сынады. “Қазақ” газетінің 1913 ж. 30 қыркүйектегі 28-санында жарияланған “Жауап хат” атты мақалаларында “Степное положениенің” 120-бабына қосымшасында: “Қазақтан артық жерді алмақ. Бұлай болғанда, әуелі қазақты орнықтыру керек емес пе? “15-тен алсаң, жер белгілеймін, қазақ болып отырсаң, жерден күнде көшіремін”, - деп, қазақты күнде көшіріп отыр. Осылай жұртты билеген патшалық бар ма екен? Біздің қазақ жерінен күнде көшіретін не жазып еді?” – деп қынжылып тұрып сынайды¹.

1911 жылы 10 қаңтарынан бастап 1915 жылдың қыркүйек айына дейін Троицк қаласындағы «Энергия» баспаханасынан қазақ тілінде үзбей шығып тұрған қазақ халқының тұңғыш журналы - «Айқап» ХХ ғасырдың басындағы халқымыздың әлеуметтік, саяси өмірінде, елеулі роль атқарды. Оның негізін салушы да, авторы да, идеялық қолдаушысы да М. Сералин болды. Басылым араб әрпімен теріліп, басында айына бір рет, кейін екі рет шығып тұрған.

Журналдың “Айқап” аталуын М.Сералин журналдың 1911 жылғы № 1 санында былайша түсіндірді: “Біздің қазақтың “Әй, қап” демей тұғын ісі бар ма? Газет шығармақшы болдық, қолымыздан келмеді. Пұлы барларымыз ынтымақтаса алмадық. Пұлы барларымыз ынтымақтассақ та, ақшасыз істің жөні табылмады. “Қап, пұлдың жоқтығы, қолдың қысқалығы-ай” дедік. Жақсы жерлерімізді қолда сақтар үшін қала салмақ болдық. Басымыз қосылмады. “Қап, ынтымақсыздығымыз-ай” дедік. Болыс, би, ауылнай боламыз деп таластық, қырылыстық. Жеңілгеніміз жеңген жағымызға “ендігі сайлауда көреміз, қап, бәлем-ай” дедік. Осындай біздің қазақтың неше жерде “қап” деп қапы қалған істері

¹ Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. - желтоқсан 1917 ж. Құрастырушылар: Қ.С. Алдажұманов, А.С. Зұлқашева, М.Қ. Қойгелдиев, К. Нұрпейіс, С.К. Рүстемов, Е. Сайлаубай, Ш.Б. Тілеубаев, Е.В. Чиликова. -Алматы: «Алаш», 2004. -Т. 1. -552 бет. -Б. 132-133

көп. “Қап” деген қапияда өткен істеріміз көп болған соң журналымыз өкінішімізге ылайық “Айқап” болды”.

Профессор Б. Кенжебаев «Айқап» журналының бетінде шыққан материалдарды тақырыбы мен мазмұны жағынан мынадай бөлімдерге бөледі:

1. Саяси-әлеуметтік мақалалар.
2. Әдеби шығармалар, әдебиет мәселелері.
3. Қазақ арасындағы оқу-ағарту ісінің жай-күйі және маңызды мәселелері.
4. Ана тілі, әліппе, емле мәселелері.
5. Қазақ әйелдерінің жайы, бостандық, теңдік мәселелері.
6. Дәрігерлік, агротехникалық кеңестер, ғылым табыстары.
7. Ішкі-сыртқы хабарлар.
8. Кітап сындары.
9. Тілші хаттары, жауап хаттар¹.

Тақырып ауқымынан көріп отырғанымыздай, қазақ тілінде тұңғыш шыққан «Айқап» журналында еліміздің саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, рухани өміріне қатысты түрлі мақалалар, бостандық пен теңдік мәселелеріне арналған материалдар жарияланып отырған. Атап айтқанда, Ахмет Байтұрсыновтың “Қазақ өлкесі”, М.Сералиннің “Қазақ қай заманда Россияға қаосылған”, Қ. Бәтешұлының “Қазақ шежіресі”, М. Дулатовтың “Жер мәселесі”, “Екі қыздың мұны” және тағы басқа да мақалалар, әңгімелер мен өлеңдер үнемі басылып отырған.

Ал М. Сералин редактор ретінде “Қазақ халқы отырықшы болу керек пе, әлде көшіп-қонып жүргені орынды ма?” - деген сұраққа жауап іздеу барысында журнал бетінде пікірталастар ұйымдастырып отырған. Өйткені аталған мәселе бойынша халық арасында екі түрлі пікір қалыптасқан еді. Бірі қазақтарды отырықшылыққа шақырып, бірігіп мал, егін шаруашылығын өркендетуге, ол үшін жеткілікті мөлшерде жер алуына үгітесе, екіншілері - қазақ елін жаппай отырықшы етуге болмайды деп бұра тартты. Бұл екі пікір де журнал бетінде кеңінен талданып талқыланды. Қазақ елі отырықшылыққа көшіп, егіншілікпен шұғылданса өнер-білімге жол ашылып, мектеп салуға, емхана ашуға мүмкіндік туатыны

¹ Кенжебаев Б. Қазақ баспасөзінің тарихынан мәліметтер. -Алматы. 1956, -Б. 26-30.

жан-жақгы сөз болады. Сол кездің өзінде 20-30 үйден бірігіп, олардың егіншілікпен айналыса бастағандығы, күн өткен сайын мұндай ауылдар санының көбейе түскендігі қалың жұртқа хабарланып отырды.

XX ғасырдың екінші онжылдығында зиялы қауымның арасына жік түсіруге тылдың кара жұмысына қазақ жастарын шақыруға байланысты патшаның 1916 жылғы маусым жарлығына көзқарас пен 1917 жылғы ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясының нәтижесінде орын алған жаңа саяси ахуал ықпал етті. 1916 жылғы Ресейдің әскерге елден жігіттерді жинау туралы жарлығы шыққанда Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов “Қазақ” газетінің 1916 жылғы № 192 санында “Алаштың азаматтарына” деген атпен өз ойларын халқына ашық айтты. Олар жағдайды талдай келе, әскерге баруды, тыл жұмысын істеуді қолдады. Олай болмаса ел ішіне патшаның жазалаушы әскері шығып, ер-азаматтарды қырып-жоятындығын болжай білді. Кейінірек Ә.Бөкейханов 1916 жылғы дүрбелеңге арналған “1916-1926” деген мақаласында патша жарлығын мойындамай, ереуілге шыққан қазақтардың қаншасы қырылғанын нақты құжаттармен көрсетіп берді.

Ал 1911-1915 жылдар аралығында Ә. Бөкейханов А.Ф. Керенскиймен үш мәрте кездесіп (1916 ж. Уақытша Үкіметтің басшысы болған), саяси мәселелерді талқылайды, онымен саяси билікке ие болған жағдайында Ресей құрамындағы Қазақстан автономиясын жасақтау туралы келіссөз жүргізеді.

Ақпан төңкерісінен кейін Алаш қайраткерлерінің саяси белсенділігі арта түсті. 1917 жылы 20 наурызда Уақытша үкімет ресейлік азаматтардың қандай да бір дінге, ұлтқа қатысты шектеулерін жою туралы саяси шешім шығарды. Сол жылы 7 сәуірде бұрынғы Түркістан генерал-губернаторлығын басқаратын Түркістан комитетін құру туралы қаулы шығарды. Комитет құрамына Ә.Бөкейханов, Н.Н. Щепкина, М. Тынышпаев, А.А. Даулетшина т.б. кірді. Осылайша, алғаш рет эсерлік-кадеттер партиялық блогына кіретін, көзқарастары үндес қазақ зиялы қауымының өкілдері Қазақстанды басқару органының құрамына кірді. Ә.Бөкейханов, М.Дулатов және М.Шоқаев бірігіп, Петроградтан 1917 жылдың 12 сәуірінде жазған “Алаш ұлына” (*Қазақ газеті, 1917. № 87*) мақаласында ақпан революциясының идеяларын қолдап, жаңа өзгерістерге

сай қазақ халқына пайдасы тиетін нақты саяси қадамдар жасау қажеттілігін көтереді.

Алайда, 1917 жылдың шілде айында қазақ зиялылары жердің сатылуын қолдап, ұлт автономиясын мойындамайтын, діннің саясаттан бөлінуін құптамаған кадет партиясынан шығып, Алаш партиясын құруға кіріседі. Ә.Бөкейханов жерге жеке меншік құқығын беру үлкен қателік екенін атап айтады, себебі бұл қазақтар үшін тиімсіз, ұлтқа кесірін тигізетін, қазақтардың жерден айырылуына әкеліп соғады. Сонымен қатар мемлекеттік құрылысқа қатысты мәселелер бойынша да жаңа үкіметпен келіспейтінін көрсетеді. “Мен неге кадет партиясынан шықтым?” атты мақаласында осындай жәйттер жазылған¹. Бұл кезеңде Ә.Бөкейханов мемлекет формасы, жергілікті бостандық негізі, құқық, дін ісі, билік және сот, ел қорғау, салық, жұмысшылар жағдайы, ғылым-білім, жер мәселесі деген он түрлі қоғамдық мәселе бойынша нақты концепцияны демократиялық үлгіде әзірлейді. Бұл концепция қазақ автономиясын жариялаған, елді президенттің билеуін қолдаған, жердің сатылмау принципін ұстанған Алаш партиясы бағдарламасына негіз болады. 1917 жылдың 21-26 шілдесі аралығында Орынборда өткен бірінші Жалпықазақ съезінде “Алаш” саяси партиясы құрылады, оның атқарушы комитеті сайланады. Оның жұмысына 6 облыстан – Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Ферғана облыстары мен Бөкей ордасынан өкілдер қатысады.

Съезде А.Байтұрсынов пен М.Дулатов «автономиялы тәуелсіз қазақ мемлекетін құру» идеясын ұсынса, Ә.Бөкейханов «демократиялық, федеративтік және парламенттік Россия республикасының құрамындағы» қазақтың ұлттық-территориялық автономиясы болуын қолдады. Басым көпшілік Ә.Бөкейхановтың ұсынысын қолдайды.

Сондай-ақ, осы съезде бұрыннан айтылып келе жатқан саяси ұйым - «Алаш» партиясы құрылып, оның бағдарламасын жасау жөнінде қаулы қабылданды. Партияның бағдарлама жобасын Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Ғұмаров, Есенғали Тұрмұхамедов, Ғабдолхамит Жүндібаев, Ғазымбек Бірімжанов бірігіп жасады. Мемлекет қалпы, жергілікті бостандық, негізгі құқық, дін ісі, билік һәм сот, ел қорғау, салық,

¹ Бөкейханов Ә., Шығармалар. А., 1994, 375 б.

жұмысшылар, ғылым-білім үйрету, жер мәселесі деген он бөлімнен тұратын бағдарлама жобасы 1917 жылы 21 қарашада «Қазақ» газетінде жарияланды¹.

«Алаш» партиясы бағдарламасы жобасының негізгі мақсаты – Ресей федеративтік демократиялық республикасының құрамындағы қазақ автономиясын құру болды. Себебі сол кезеңдегі қалыптасқан жағдай бойынша Қазақстанның тәуелсіз ел болуы үшін қажетті шарттар әлі қалыптаспаған еді. Мәні жағынан “Алаш” реакциялық ұлтшыл емес, эволюциялық отаншыл партия еді, ол қазақ қоғамын бірте-бірте өзгерту жолын ұстанды. Ал дін саясаттан ажыратылып, мемлекет зайырлы принципке сүйенетін болуы тиіс деген саяси ұстаным негізделді.

Бағдарлама жобасына қысқаша тоқталатын болсақ, оның бірінші бөлімі «Мемлекет қалпы» деп аталды. Онда Ресей демократиялық, федеративті республика болуы тиіс деп атап көрсетіледі және демократия мен федерация ұғымдарына түсінік беріледі. Демократия - халық билігі, ал федерация өзара тең мемлекеттерге бірлесу. Әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді. Яғни, өзін-өзі басқаратын тең құқықты мемлекеттер одағы. “Алаш” партиясы ұсынған бұл идеяда іргесі бөлек, ынтымағы бір дербес басқарылатын автономиялардан тұратын федеративті әрі демократиялық Ресей туралы қағида енгізілді.

Мемлекеттік құрылыс мәселесінде Үкімет басында - Құрылтай жиналысы, оның аралығында Құрылтай мен Мемлекеттік Дума белгілі бір мерзімге сайлаған Президент тұрды. Құрылтай жиналысы сессия түрінде жұмыс істеп, оның сессиялары арасында билік тұрақты орган Президенттің қолында болады. Ол халықты Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Дума алдында жауапты Министрлер Кеңесі арқылы басқарады. Жоғары өкілді органның екі палаталы құрылымы - парламенттік республика ұсынылды, мемлекеттік құрылыс үшін билік бөлінісі идеясы енгізілді. Заң шығару Мемлекеттік Дума құзырында және атқарушы орган қызметіне бақылау жасау үшін депутаттық сауал салу құқығы бар. Жоба авторлары демократиялық сайлау жүйесін ұсынды. Депутат-

¹ Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. - желтоқсан 1917 ж. Құрастырушылар: Қ.С. Алдажұманов, А.С. Зұлқашева, М.Қ. Қойгелдиев, К. Нұрпейіс, С.К. Рүстемов, Е. Сайлаубай, Ш.Б. Тілеубаев, Е.В. Чиликова. -Алматы: «Алаш», 2004. -Т. 1. -552 бет. -Б. 438-441.

тар тегіс, тең, төте және құпия сайлаумен болады. Азаматтардың сайлау құқығы қан, дін, жыныс айырмашылығына қарамай, барлығының сайлау құқығын жүзеге асыру арқылы бекітіледі. Осы бөлімде бекітілген салықтың өкілді орган - Мемлекеттік Думаның келісімінсіз салынбауы да Алаш қайраткерлерінің заңсыздық пен озбырлыққа жол бермеуге ұмтылысынан көрсетеді.

Бағдарлама жобасының “Жергілікті бостандық” деп аталатын екінші бөлімінде қазақтар мекендейтін облыстарда тұратын барлық ұлттар үшін автономия құру туралы мәселе ең бірінші кезекке қойылады. Мұнда “Алаш” партиясының қазақтың би, болыс, ауылнайлары сияқты орындарда қызмет ететін адамдарының халыққа пайдалы да, адал қызмет ететін механизм жасау жөнінде және оны өмірге енгізу үшін күресетіндігі туралы да сөз болады. Заңды құқықтар мен бостандықтарды қатаң сақтауды мақсат тұтқан “Алаш” партиясы әлеуметтік-әділеттілік саясатын жүргізуге ұмтылды.

“Негізгі құқық” деп аталған үшінші бөлім демократия мен адамгершілікке негізделді. Республикада дінге, қанға қарамай, бар адам тең құқылы болуы, жиылыс пен қауым жасауға, жариялыққа, газет пен кітап бастыруға еркіндік берілуін қолдады. Заңсыз жолмен ешкімді өкімет адамдарының ұстамауы, сот сұрамай, билік айтылмай, тұтқын қылмауы, қылмысты болған адамға судья бар жерде 24 сағат ішінде, судьясыз жерде бір аптадан қалмай қамауға алу туралы санкция ұсыну адам құқығының кепілі. Әрі тергеу орындарының озбырлық әрекеттеріне қарсы бағытталған құқықтық кепілдігі. Азаматтардың табиғи және саяси құқықтарын қамтамасыз ететін мұндай тармақтар бұрын-соңды Ресейдің заңнамасында болмаған екен. “Алаш” қайраткерлері тұжырымдаған либералды демократиялық ұстанымдар өз уақытынан озық болды. Тәуелсіздік жылдары ғана олардың асқақ армандары қолданыс тауып, 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясында өз орнын мықтап тұрып алды.

“Дін ісі” атты төртінші тармақта мемлекеттің зайырлық негізін бекітудің қажеттігі бекітілген. Ар-ождан бостандығы мойындалып, әркім діни сенімі бойынша тең және еркін, діни сенімі бойынша астамшылық немесе дискриминацияға жол берілмейтіні айтылған. Әйелдерге күйеуге шығу құқығы беру, қалың малды жою, молдаларға 16 жасқа толмаған қыздар мен 18 жасқа толмаған

ер балалардың некесін қиюына тиым салынды. Жесір дауы да сотта қаралуы тиіс болды. Мұсылмандық неке құқығының озық жақтары ескеріле отырып неке қию мен ажырасу, балаға ат қою мәселелерін молдаларға беру енгізілді.

“Билік һәм сот” деп аталатын бесінші бөлімде сот билігі және оның ішінде билер соты туралы айтылады. Билік пен соттың әр халықтың тұрмысы мен әдет-ғұрып ерекшеліктеріне қарай жүргізілуіне басты назар аударған жоба авторлары халыққа жат құқықтық нормаларды енгізуге қарсы. Құқықтық нормалар халықтың тұрмысы мен деңгейіне сәйкес болуы керек. Қала мен ауыл арасындағы айырмашылықты ескерген алаш қайраткерлері ауыл, болыс ішінде билік пен сот қазақ билерінің түрлі жиындарда сот істерін шешу кезінде басшылыққа алған дәстүрлі ереже жолымен атқарылғаны жөн деп бекітеді.

Сонымен қатар, би мен судьяның жергілікті халық тілін білуі, аралас халық тұратын жерлерде соттың тергеу-тексеруі мен шешімі сол жердегі көпшілік болып табылатын халық тілінде жүргізілуі, билер мен судьяның тергеусіз орнынан түспеуі, заң мен сот алдында барлық адамдардың тең болуы, құдайдан кейінгі ең күшті би мен судья болып танылып, барлық адам солардың үкімін мойындауы, сот шешімінің дереу орындалуы, ауыр қылмыстардың прижаний сотта қаралуы, олардың казактан алынуы және т.б. адам құқықтарын құрметтеудің нағыз демократиялық идеялары болып табылады.

Жобаның алтыншы тармағы ел қорғау мәселесіне арналған. Әскер жасына жеткендерді жергілікті жерлерде әскер ісіне үйрету және қызмет еткізу ұсынылды. Егемен ел болу үшін әскер жасақтау қажеттігін, әскерлік жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету, әскер табына бөлгенде туысқан табына қарай бөлу, әскерлік міндетін қазақ атты милиция түрінде атқару айтылады.

Жобаның жетінші бөлімі салыққа арналды. Салық салудың пропорционалды жүйесін енгізу ұсынылды: “Салық мал-ауқат, табысқа қарай байға-байша, кедейге-кедейше ғаділ жолмен таратылу”. Бұл ізгі демократиялық қағида болатын. Көріп отырғанымыздай, әлеуметтік әділеттілік мәселесін алаш зиялылары ту етіп көтерді.

“Жұмысшылар” деп аталатын сегізінші тармақта еңбекшілердің құқығын заңмен қорғау қарастырылған. Қазақ жерінде завод-фабрикалардың аз болуы себепті жұмысшылар да аз, сондықтан «Алаш» партиясы жұмысшыларға қатысты социал-демократтардың меньшевик табының программасын жақтайтыны айтылған.

Тоғызыншы “Ғылым-білім үйрету” деп аталатын бөлімде тегін білім алуға баршаның құқығы болуы басты назарда. Мектептерде ана тілінде оқыту, қазақ мектептері мен университет ашу, үкіметтің оқу үрдісіне араласпауы, оқытушылардың сайланбалы болуы, кітапханалар ашу туралы ұсыныстар бар. Білім мен ғылым ісі қай заманда болмасын өзекті, қажетті, болашаққа бағытталған жауапты міндет. Мұны алаш қайраткерлері жете түсініп, келешектегі ұлттық мемлекеттің рухани негізі деп білді. Олардың өткен ғасырда айтқан ұсыныстары бүгінгі күнгі өткір мәселелердің де үстінен дөп түсіп тұр.

Соңғы, оныншы бөлімде қарастырылатыны “Жер мәселесі”. Құрылтай негізгі заң қабылдағанда жерден тиесілі үлесін алдымен жергілікті жұртқа берілуін, өлшеу нормасы жердің топырағы мен шаруашылық түріне қарай жасалу мәселесі қойылды. Жерді қазақтар жеке үй басына иеленбей, ауыл-аймақ, туысқан табына меншіктеп алу, жер заңында жер сату деген болмау, әркім өзі пайдалану керектігі де ескерілді. Ал бұрын қазақтардан алынып, бірақ мұжық қоныстанбаған жерді қазақтарға қайтару керектігі және орналасқан қазақ жеріне мұжық келмеуін ескеру баса айтылды. Үлестіруден артылған жер земства қолында болып, артық жерден халық саны өскен сайын тиісті сыбаға беру, егіншілікпен айналысатын Түркістанда жермен бірге су сыбағасы да кесіліп, өзара әділдік жолмен пайдалану қарастырылды.

Жер байлығы, кен-қазынасы, астығы, өзен-көлдер мен өзге де табиғат байлығы мемлекет меншігінде, билігі земства қолында болуы тиіс екендігі айрықша атап көрсетілген.

Бірінші жалпықазақ съезінде Алаш партиясын тұңғыш ұлттық саяси ұйым ретінде құрылды деп жариялау қазақ халқы үшін елеулі оқиға болды. Алаштықтар халық тағдырына тіке қатысты жалпыұлттық мәселелерді саяси күрестің күн тәртібіне қойды. Саяси күрестің түпкі мақсаты - қазақ халқын отарлық езгіден құтқару, жалпыұлттық мақсат-мүдделер негізінде тәуелсіз елге, ұлттық

мемлекетке қол жеткізу болды. Аталған мақсат оқыған қазақ зиялыларынан тұратын жаңа саяси күш - Алаш қозғалысын ұлт-азаттық күрестің саяси сахнасына шығарып, оны қазақ даласындағы ең белді саяси партияға айналдырды.

1917 жылы желтоқсанның 5-13 аралығында Орынборда екінші Жалпықазақ съезі өтті. Онда бірауыздан мақұлдау нәтижесінде жаңа ұлттық-территориялық бірлік – “Алаш” құрылатындығы жарияланып, оның құрамына Бөкей ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Әмудария, Каспий облыстары мен Алтай губерниясы кіретін болды. Алаш Орданың үкіметі құрылып, оның Орталық комитетін Ә. Бөкейханов басқаратыны бірауыздан мақұлданды. Екінші Жалпықазақ съезінің басты қорытындысы Уақытша халық кеңесі құрылып, оның құрамындағы 25 адамның 10-ы қазақ емес ұлт өкілдерінен сайланатын болып келісіледі. Кеңес бүкіл қазақ қоғамындағы атқару билігін қолына алатын болды. Арнайы тармақ бойынша съезд қаулы қабылдап, онда қазақтардың арасында тұратын басқа ұлт өкілдеріне азшылық құқығы берілетіндігі бекітілді. Алаштың барлық мекемелерінде барлық ұлттар мен ұлыстардың өкілдері пропорционалды түрде қызмет ететіндігі жарияланады. “Алаш” мемлекетінің “Алаш Орда” мемлекеті заң шығарушы билік тармағына тәуелді болды.

Алайда автономияның декларациясын қабылдау мәселесіне келгенде зиялы қауымның көзқарасында екі бағыт туындады. Бірі Жаһанша және Халел Досмұхамедовтер бастаған топ автономияны бірден жариялау қажеттігін ұсынды. Ал Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, А. Байтұрсынов бастаған топ қазақы емес тұрғылықты халықтың пікірін анықтамайынша автономия жариялауды қоя тұру керектігін көрсетеді. Сонымен қатар, олардың ойынша, автономияны жариялау құқығы автономияның құрылтай жиналысында болып табылады. Осы мәселелер бойынша дауыс беруде қалыс қалғандар да болды, солардың бірі - М. Шоқай еді. Орын алған пікірталастың нәтижесінде Батыс және Шығыс Алаш Орда туындап, сәйкесінше олардың басында Ж. Досмұхамедов пен Ә. Бөкейханов тұрды.

1917 жылдың соңында Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына қазақ қоғамынан депутаттар ұсыну сәтінде “Үш жүз” атты социалистік партия туындады. М. Қойгелдиевтің зертеулеріне сүйенсек, ол өзінің негізгі қарсыласы “Алашты” саяси аренадан ығыстыру

үшін түрік-татар қауымдастығына, мұсылман қозғалысына сүйенген Ш.Әлжанов, М.Әйтпенев, К. Тоғысов сияқты қазақ азаматтарының құрған саяси ұйымы. Партияны құрушылардың бірі М. Әйтпенев: “Белгілі кадет Бөкейханов ашқан “Алаш” партиясының программасына қанағаттанбай қазақтар өз алдына “Үш жүз” атты социалист партиясын ашты. Партияның мақсаты федерацияны жақтау һәм түрік-татар қауымдарын біріктіру, Учредительное собраниеге жеке список кіргізу” деп газеттерге жеделхат жіберген екен¹.

Түрік-татар қауымдастығы мен мұсылман қозғалысы басшылығынан қолдау таба алмаған “Үш жүз” енді “Алаштың” шын мәніндегі бақталасы большевиктер жағына шығады. 1918 жылғы 21 сәуірде В.И.Ленин мен И.В.Сталин атына жолдаған жеделхатында К. Тоғысов Батыс Сібір мен Дала өлкесінде “Совет үкіметінің платформасында тұрған және онымен қол ұстасып келе жатқан” “Үш жүз” деген қазақ социал-партиясы барын» және оның “Кадет Бөкейханов басқаратын буржуазиялық “Алаш” партиясына қарсы” екендігін білдіреді. К. Тоғысов жеделхаттың артын ала Сталинмен телеграф арқылы сөйлесіп, “Алашпен” күресте өздерін қолдауды өтінген.

Таптық емес, ұлттық негізде мемлекет құру ниетіндегі “Алаш” партиясына қарсы И. Сталинді К.Тоғысов ұсынысы қызықтырады. И.Сталин тез арада Ә.Жангелдинмен телефон арқылы сөйлесіп, “Үш жүз” партиясына қолдау жасауды тапсырады. Алайда, Құрылтай сайлауына қатысқан кезде ешбір әлеуметтік негізі жоқ, бағдарламасы халыққа түсініксіз, социалистік идеологияға бас ұрған “Үш жүз” партиясы халықтың дауысына ие бола алмай, ойсырай жеңіледі. Бұл саяси тартысқа тоқталып отырған себебіміз, сол кезеңдегі қазақ зиялыларының ұлттық мемлекет құру ісінде екіге жарылып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара алмауын көрсету, өткен тарихтан сабақ ала білу. Идеологиялар мен түрлі ағымдар көп, ал ұлт мұраты, тәуелсіз ел болу мақсаты біреу ғана.

1918 жылғы 5 қаңтарда Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының күшпен таратылуы “Алаш” автономиясын құру ісінің болашағы бұлыңғыр екенін көрсетті. Құрылтай таратылған соң Алашорда-

¹ Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. (Көмекші оқу құралы). Алматы: Санат. 1995. -368 б. –Б. 319.

шылар мен большевиктер арасындағы қайшылық ушықты. “Алаш” партиясына біріккен ұлт зиялылары большевиктерді қазаққа жат саяси идеологияны әкелуші сыртқы күш деп қараса, большевиктер Алашты ұлтшыл, феодалдар мен буржуазияның таптық мүддесін қорғаған контрреволюциялық күш деп санады. Сол жылы көктемде басталған азамат соғысы қазақ қоғамын екіге жарған сына іспетті болды, ұлт зиялылары мемлекеттік құрылыс түрін таңдауда ұлттық және кеңестік бағыт ұстанды.

1917 жылдың күзіне қарай Батыс майдан, Балтық флоты, Қазан, Сібір және Түркістан әскери округының әскерлері большевиктердің ықпалына ұшырайды, сонымен бірге “жер - шаруаларға, завод-фабрикалар - жұмысшыларға, езілген халықтарға - ұлттық теңдік” сарынындағы лениндік төңкерісшіл ұрандарға халық қапыдай сенді, Уақытша үкіметтің жергілікті әкімдеріне бағынудан, алым-салық төлеуден бас тартты. Олар билікті Кеңестердің қолына беруді талап етіп, ұлттық мемлекет құру үшін күресіп жүрген алаш зиялыларына да алабөтен қарай бастады.

Осыған орай, Алаш Орда үкіметі Сібірдегі Кеңестер билігін құлату нәтижесінде туындаған Сібір автономиясымен қысқа уақыт байланыс орнатып, одақтасуға талпынады. Бұл саяси қадамға Алаш Орданың РСФСР өкіметімен келіссөз жүргізуге тырысқан іс-әрекеттерінің де нәтижесіздігі ықпал етті. Сібірмен бірігіп автономия құрудың тиімді жақтарын Ә. Бөкейханов 1917 жылғы 21 қарашада жазған “Жалпы Сібір сиезі” атты мақаласында былай деп көрсетеді: “Сібір автономиясына қазақтың қосылу-қосылмауы екі айырылған соң біз 9 өкіл кеңесіп, Сібір сиезінде мынаны айттық: «Сібір автономия болсын, біздің қазақ ұлты уақытша Сібірге қосылады». Біздің бұл пікірімізге өзге бұратаналар да, бурят, якут қосылды. Сонымен Сібір автономиясының негізгі заңына өз алды бір бап жазылмақ. Қазақ ұлты һәм Сібірде қоныс қылған жерлі жұрт. Сібір автономиясына уақытша қосылады. Өздері біз енді бөлініп, өз алдымызға автономия боламыз деген күні босап, автономия болады деп.

Биыл жаздай болған комитет сайлаулары біздің қазақ өзін-өзі билегенде істеген істерін көрсетіп тұр: іс атқаратын азаматтың аздығын, жалпы жұрттың қараңғылығын. Біз ойладық, әуелі Сібірге сүйеніп, тасмалдап, жалғасып, көшіп кетелік, жіп жалғап зор

мемлекет көрмеуінен құтылып-ап отау болып, соңынан бөлінелік деп.

Қазақ болып автономия боламыз десек, алдымызда шешуі қиын бір жұмбақ бар. Орал, Торғай, Ақмола, Семейде көп мұжық бізбен қоныстас. Бұл облыстарда мұжық пен қазақ қым-қиғаш аралас. Мұжықпен аралас қазақты тастап, ылғи қазақ болып шығамыз десек, қазақ орыста қалады. Қазақты бұл жерден көшіріп аламыз десек, бұл қазақ ата қонысынан көшпес. Көшсе, ақылсыздық болады. Қазақ жерінің ең жақсысы осы мұжықпен аралас отырған жер. Түбінде қазақ ұлты бір автономия бола қалса, іштегі орысты ала кетеміз бе деген үміт. Біздің қазақ ұлтының автономиясы енді тұрмыс халде туысқан автономиясы болар емес, жерге байлаулы автономия болмақ”¹.

Ал автономияны Түркістанмен қосылуға қарсы болуын ол: “Автономия болу өз алды мемлекет болу. Мемлекет болып іс атқару оңай емес. Біздің қазақ іс атқаратын азаматқа жұтап отырған болса, біздің жалпы қазақ қараңғы соқыр болса, Түркістан халқының қараңғылық һәм жәбір адамы жоқтығы бізден он есе артық. Қазақ Түркістанмен бірге автономия болса, автономия арбасына түйемен есекті пар жеккен болады. Бұл арбаға мініп, біз қайда барамыз?”².

1917 жылғы 7-15 желтоқсан аралығында Томскіде төтенше жалпысібірлік съезд өтіп, онда Сібір үкіметі Г.Н. Потанин басқарған Сібір облыстық советі құрылды. Облыстық совет екінші жалпықазақ съезінің Алашорданы құру туралы шешімін қолдап, Совет өкіметін мойындамау жөнінде қаулы қабылдайды. Бірақ Сібір думасының өмірі ұзаққа созылмады. 1918 жылғы 26 қаңтарда Томск советі Президиумының жарлығымен Сібір думасы таратылып, оның басшылығының бір бөлігі тұтқындалады.

Өз кезегінде Ә. Бөкейханов Қазан төңкерісі нәтижесінде билік басына келген, Азамат соғысына түрткі болған большевиктер партиясының саясатын, В.И. Лениннің саяси курсын қабылдамайтындығын ашық айтты. Осындай қайтпас қайсар мінезі мен берік саяси ұстанымы үшін оның өзі де, ұлттық мемле-

¹ Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. - желтоқсан 1917 ж. Құрастырушылар: Қ.С. Алдажұманов, А.С. Зұлқашева, М.К. Қойгелдиев, К. Нұрпейіс, С.К. Рүстемов, Е. Сайлаубай, Ш.Б. Тілеубаев, Е.В. Чиликова. -Алматы: «Алаш», 2004. -Т. 1. -552 бет. -Б. 468-469.

² Сонда, -Б. 469.

кет идеясын ту еткен қасындағы жанындағы үзеңгілес серіктері де Кеңестік билік тарапынан саяси қуғын-сүргінге ұшырайды.

А. Байтұрсынов 1917 жылғы ақпанда Николай II патшаны тақтан тайдырған Ақпан төңкерісі мен оның орнына келген Уақытша үкіметті құлатқан большевиктердің Қазан төңкерісіне қазақ халқының қатынасын теориялық тұрғыдан дәл тұжырымдап берген еді: “Қазақтарға ақпан революциясы қаншалықты түсінікті болса, Қазан (әлеуметтік) революциясы оларға соншалықты түсініксіз көрінді. Олар алғашқы революцияны қандай қуанышпен қабыл алса, тура сондай үреймен екіншісін қарсы алуға мәжбүр болды. Қазақ халқымен таныс адамдар үшін қазақтардың бұл революцияға деген мұндай қатынасы әбден табиғи және түсінікті болатын. Алғашқы революцияны қазақтар тура түсініп, қуанышпен қарсы алса, ол біріншіден, бұл революцияның оларды патша өкіметінің қанауы мен зорлығынан құтқаруында, екіншіден, олардың өзімізді өзіміз басқарсақ деген ескі үмітін нығайта түсуінде еді”, - деп жазды¹.

Сонымен қатар, “Қазақ” газетін 1918 жылғы 30-маусымдағы № 262 санында жарияланған “Аттан, алаш азаматы” атты мақалада Қазан төңкерісіне қарсы идея айқын көрінеді: “...Жауың кім? Жауың большевик. Большевиктің тұқымы құрымаса Ресей мемлекетінде тыныштық болмақшы емес. Өз тізгінім өзіме, жұрт боламын десең атқа мін, қолыңа қару-жарак алып, большевикке қарсы шығып, өзіннің ерлігіңді іспен көрсет.

...Большевик дегендер кешегі байлардың есігінде жүрген, шандыры созылған өңшең малай... Ортақ жау - большевикке қарсы жорыққа аттану кеудесінде жаны, денесінде бабалары түріктің титтей қаны болған алаш азаматына парыз”².

Қазан төңкерісіне қазақтардың үрке қарауын алаштықтар қазақ қоғамында капиталистік қатынастардың жоқтығымен, соған сай таптық жіктелудің әлсіздігімен байланыстырды. Бұл ұлттық еркіндік, осы жолда ұлттық тұтастық идеологиясын ұстанған қайраткердің көзқарасы еді және ол сол тарихи кезеңдегі

¹ Байтұрсынов А. Ақ жол. –А., 1991.

² Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. -Алматы: Ата мұра, 1998. –Б. 163.

қоғамдық-саяси шынайылықтан алыс емес еді. Сондай-ақ, осынау қоғамдық пікірді білдіру арқылы ол большевиктік билік пен ұлт-азаттық қозғалыс арасындағы айырмашылықты дәл белгілеп берген еді. Бірақ В.И. Ленин бастаған большевиктік билік Алаш қайраткерлерінің пікірімен есептеспеді.

К. Нұрпейісов өзінің зерттеуінде Совет өкіметінің де Алашорда жетекшілерімен келіссөз жүргізу барысында екіжүзділік танытқанын көрсетеді: “бұған оның атынан Далалық Қазақ өлкесінің төтенше комиссары болып тағайындалған Ә.Жанкелдинге 1918 жылы мамырдың 14-інде ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының таптық негіздегі Қазақ автономиясын құру мақсатымен Бүкілқазақстандық советтер съезін шақыру міндетін жүктеуі дәлел. Қазан төңкерісі қарсаңында большевиктер атынан “Ұлттардың өзін-өзі билеу құқын” уағыздап келген Лениннің пролетариат диктатурасы орнаған соң бұрынғы айтқанынан бас тартып, оны “Еңбекшілердің өзін-өзі билеуі” ұранымен алмастырғанының, басқа сөзбен айтқанда ұлттық-мемлекеттік құрылыста таптық принципті бірінші кезекке қойғандығының көрінісі болды. Сондықтан да Орталық Совет үкіметі қазақ халқының ұзақ жылдарға созылған ұлт-азаттық күресінің нәтижесінде дүниеге келген Алаш автономиясы мен Алашорда үкіметін іс жүзінде мойындамады, сол сияқты Орта Азияның жергілікті халықтарының заңды мемлекеттігі болған, 1917 жылы желтоқсанның 10-да Қоқан қаласында өткен төртінші жалпымұсылмандық құрылтайда жарияланған Түркістан (*Қоқан*) автономиясын 1918 жылдың ақпанында қарулы күш жұмсап талқандады¹.

Түркістандағы саяси билік пен әскери күш Кеңес үкіметінің қолына шоғырландырылды. Қарулы күшпен талқандалған Түркістан автономиясы өлкедегі ең өзекті мәселе – жергілікті халықтардың өзін-өзі билеу құқығын алға қойып, шешуге тырысқан саяси түзілім еді. Яғни, М.Шоқаев сынды саяси қайраткердің бастауымен жүргізіліп, бағы баянсыз болған Түркістандағы қазақ жұртының саяси тәуелсіздікке ұмтылуының жарқын көрінісі болды.

1918 жылдың жазына қарай азамат соғысы кең етек жайды. Оған шетелдік империалистік мемлекеттердің Совет өкіметін

¹ Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. -256 б. -Б. 162.

құлату мақсатымен интервенция жасап, революцияға қарсы күштермен одақтасуы себеп болды. Көп кешікпей совет өкіметі құлатылған Россияның Қазақстанға жақын кейбір қалаларында советтік билікке қарсы бағытталған және Антанта елдерінің қолдауына сүйенген үкіметтер құрылды. Олардың қатарында 1918 жылғы маусымда Самара қаласында құрылған Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитеті, Омбыда құрылған уақытша Сібір үкіметі, Уақытша бүкілроссиялық үкімет саналған “Уфа директориясы” болды.

Азамат соғысының бастапқы үш айында Алашорда үкіметі автономияны басқару, жер пайдалану тәртібі, салық, сот, дін, әскер істері жөнінде көптеген қаулы-қарарлар қабылдады. Алашорда қабылдаған алғашқы заңдық мәні бар маңызды құжат 1918 жылы маусымның 24-інде Ә.Бөкейханов, М.Тынышбаев және Х.Ғаббасов қол қойған “Алаш автономиясының территориясында уақытша жер пайдалану тәртібі” деген қаулы болды. Онда Бүкілроссиялық құрылтай жиналысы жер туралы заң қабылданғанша Қазақстанда жерге деген жеке меншіктің жойылатыны, жер-су байлықтарын пайдалану Алашорданың рұқсатымен ғана болатындығы, қазақтар мен орыстар арасындағы жер дауын жергілікті өзін-өзі билейтін земстволық органдар шешетіндігі айтылып, жер пайдалануға байланысты басқа мәселелерді шешудің тәртібі көрсетілді. Алайда Сібір үкіметі тарапынан да, Орынбор мен Орал қалаларындағы әскери үкіметтер тарапынан да оларды қолдауға бағытталған ешбір әрекет жасалмады.

1918 жылы қыркүйекте құрылған “Уақытша жалпыресейлік үкімет” ретінде танылған Уфа директориясы 1918 жылы 4 қарашада Алаш Орданы тарату туралы шешім шығарады. Ал ақ гвардияшылардың негізгі күшінің басшысы адмирал Колчак тарапынан Алашордаға сенімсіздік білдіріліп, жау ретінде қарау Алаш қайраткерлерінің өз одақтастарына деген сенімін өшіріп, жаңа күрес жолдарын іздестіруге итермеледі. Бұл өз кезегінде Алаш басшыларының большевиктермен ымыраға келіп, оларға қосылу туралы саяси шешім қабылдауына ықпал етті. Бірақ та аумалы төкпелі азамат соғысы жылдары бұл әрекет те оңайға түспеді. Ел екіге жарылып, дел-сал болған шақта түсініспеушіліктің салдарынан Торғай қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісі жетекшісі А. Има-

нов пен қызыл көтерілісшілер басшысы, Қостанай уездік кеңесінің төрағасы Л. Таранның Торғайда өлтірілуі Алашордашылардың арандатуы деп көрсетілді. Ақтар мен қызылдардың арасында ымыра таппаған Алаш қайраткерлерін біресе ақтар, біресе қызылдар тұтқынға алып, екі жаққа да сенімсіз саяси күшке айналды.

1919 жылы 27 қазанда Қазревкомның кеңейтілген мәжілісі өтіп, ол Қазақстандағы азамат соғысының аяқталуымен тұспа тұс келді, бірақ қызылдарға қарсы күрескен қазақтар мен Алаш қайраткерлеріне кешірім жасау мәселесі қаралмады. Сол жылы 4 қарашада Түркістан майданының революциялық соғыс кеңесі Совет екіметіне тікелей және жанама түрде қарсы күресіп келген барлық қазақтарға тиісті шарттар орындалған жағдайда толық кешірім жасау туралы қаулы қабылдады. Ал Қазревком 31 қарашада ғана Түркістан майданының революциялық соғыс советіне Алашордаға кешірім жасау және оны жүзеге асыру шарттары жөнінде өтініш білдіру туралы қарар қабылдады.

Кешірім жасалғанымен, Алаш қайраткерлеріне деген сенімсіздік жойылмады. 1920 жылы 5 наурызда Қазревком Алашорданы тарату туралы қаулы қабылдап, онда совет өкіметі мықтап орныққанша Алашорданың жауапты жетекшілерін халықтан оқшаулау, меншіктерін есепке алу, оларды ревком мүшелігі мен жауапты кеңестік қызметтерге ұсынбау туралы шешім шығарылды... Алашорда кезеңіндегі атқарған қызметтері мен ұлт-азаттық идеялары үшін қазақ зиялы қауымы келешекте де қуғын-сүргінге ұшырап, репрессия жылдары атылып кетті...

Алаштықтардың ұлттық мемлекеттік құру жолындағы күресін зерттеуші отандық тарихшылар мынадай ғылыми тұжырымдар жасайды: 1) Совет басшылығы қазақ халқына 1918 жылғы көктемде уәде еткен советтік негіздегі автономиядан басқа мемлекеттіктің өзге түрін беруден бас тартты. 2) Азамат соғысының тәжірибесі Алашорданың ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселесінде басқа шешімге (*советтік автономиядан басқа*) қол жеткізу мүмкін еместігін көрсетті. 3) Соғыс барысында ақтар да, қызылдар да Алашордамен қарым-қатынас мәселесіне тек қана соғыс тағдырын шешуге әсер етуі мүмкін фактор ретінде қарады¹.

Қорыта айтсақ, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, А. Байтұрсынов бастаған қазақ ұлтының бетке ұстар саяси тұлғаларының қоғамдық

¹ Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы, 1995. - Б. 209.

қызметінсіз Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің өмірге келуі мүмкін емес те еді. Алаш қозғалысы жетекшілерінің өзгелермен терезесі тең автономия туралы идеялары тар таптық саяси шеңбермен шектелген жоқ, олар ұлттық мемлекет құру мұратын әйгілі 1905 жылғы патша самодержавиесіне қарсы петицияны ұйымдастырудан бастап, Алаштың Жалпықазақтық съездеріне дейінгі аралықта қазақ жерін талаған ресейлік отаршылдық жүйені құрту, патшалық самодержавиені жою, монархиялық басқаруды республикамен алмастыру, Ресей құрамында болса да өзгелермен терезесі тең автономияға ие болу арқылы саяси жүйені түбірімен өзгертуге бағытталған асқақ саяси идеяны ұстанды. Сол кезеңдегі қоғамдық санада ақиқат жол болып көрінген тап күресін мүмкіндігінше қантөгіссіз, бейбіт жүзеге асыруды ұсынды.

Алаш партиясы ұлттық саяси күш ретінде Алашорда үкіметін құрып және Алаш автономиясын жариялап, тәуелсіз қазақ мемлекетін құруды көкседі. Тағдырлары қайғылы аяқталғанына қарамастан, Алаш қайраткерлері елі мен жерінің, қазақ ұлтының қамын жеп, оның жарқын болашағы үшін күресті. Олардың идеялық мұрасы саяси санасы толыққан, тәуелсіздік идеясын ту еткен бүгінгі ұрпаққа аманат, атқарған ерен істері өнегелі өсиет, ал ардақты Алаш азаматтарының есімдері халқымыздың жадында мәңгі сақталады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. -Алматы: Атамұра, 1999. -296 б.
2. Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты. –Алматы, 1992. –Б. 18.
3. Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. -Алматы: Ата мұра, 1998. -360 б. –Б. 33.
4. Тайшыбай З. “Қарқаралы петициясы” туралы ақиқат // Ақиқат. -2003. -№ 8. –Б. 80-82.
5. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. (Көмекші оқу құралы). Алматы: Санат, 1995. -368 б. –Б. 98-99.
6. Н.Әшкеева. Әлихан Бөкейханов саясат сардары // Саясат. 2002. № 3-4.

7. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. - желтоқсан 1917 ж. Құрастырушылар: Қ.С. Алдажұманов, А.С. Зұлқашева, М.Қ. Қойгелдиев, К. Нұрпейіс, С.К. Рүстемов, Е. Сайлаубай, Ш.Б. Тілеубаев, Е.В. Чиликова. -Алматы: «Алаш», 2004. -Т. 1. -552 бет. -Б. 132-133

8. Кенжебаев Б. Қазақ баспасөзінің тарихынан мәліметтер. -Алматы, 1956, -Б. 26-30.

9. Бөкейханов Ә., Шығармалар, А., 1994, 375 б.

10. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. - желтоқсан 1917 ж. Құрастырушылар: Қ.С. Алдажұманов, А.С. Зұлқашева, М.Қ. Қойгелдиев, К. Нұрпейіс, С.К. Рүстемов, Е. Сайлаубай, Ш.Б. Тілеубаев, Е.В. Чиликова. -Алматы: «Алаш», 2004. -Т. 1. -552 бет. -Б. 438-441.

11. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. (Көмекші оқу құралы). Алматы: Санат, 1995. -368 б. -Б. 319.

12. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. - желтоқсан 1917 ж. Құрастырушылар: Қ.С. Алдажұманов, А.С. Зұлқашева, М.Қ. Қойгелдиев, К. Нұрпейіс, С.К. Рүстемов, Е. Сайлаубай, Ш.Б. Тілеубаев, Е.В. Чиликова. -Алматы: «Алаш», 2004. -Т. 1. -552 бет. -Б. 468-469.

13. Сонда, -Б. 469.

14. Байтұрсынов А. Ақ жол. -А., 1991.

15. Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. -Алматы: Ата мұра, 1998. -Б. 163

16. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. -Алматы: Ататек, 1995. -256 б. -Б. 162.

17. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. -Алматы, 1995. -Б. 209.

«НАСЛЕДИЕ АЛАШ МОИМИ ГЛАЗАМИ /АЛАШ АМАНАТЫ/»

В начале XX века вся общественность Российской империи, в том числе и Казахстана, жаждала перемен. Перемены нужны были в сложившемся образе жизни, а также в уже укоренившихся давно сознаниях чиновников, которые теперь стали тормозом для развития общества. На тот момент увеличился разрыв между чиновниками и народом. Из-за своих хищнических действий, чиновники растеряли доверие народа, и теперь народ готов был отказаться от привычного образа жизни и готов был принять новый порядок. В какой-то момент события начали принимать ускоренный характер, из-за чего многие растерялись и не знали, на какую сторону переходить. После революции 1917 года, которая, кстати, с воодушевлением была принята казахским народом, последовала череда крутых поворотов и невиданных ранее коренных переломов в политической жизни всей империи. Колебания, которые происходили в центральной России, доходили и до его окраин. В итоге, жажда перемен привела к самым разрушительным последствиям, которые нам известны из уроков истории. Но не народ был виновником катастрофы, а аппарат чиновников был тому виной. Именно они были виноваты в том, что народ при первой же возможности от них отрекся. Виноваты также потому, что народ слепо пошел за «новыми героями», ибо опять-таки народ держали в неведении, не занимались народным просвещением. Были допущены грубейшие ошибки в руководстве народом. *А история ошибки исправляет на горьком примере.* И последовавшие после этого разрушения не могут быть оправданы никакими последующими достижениями.

Активными деятелями тех времен, борцами за интересы нации были и представители движения Алаш. Они были частью нашей интеллигенции, которая быстро среагировала на коренные преобразования в Степи и подняла вопрос об автономии казахов не с помощью оружия, а путем реформ.

Движение Алаш - начало пробуждения казахского народа в плане политического мышления, его трансформация от норм фе-

одализма в сторону построения «государства всеобщего благосостояния». Лидеры Алаш стремились построить то государство, к какому стремимся теперь мы. Порою, они принимали решения, противоречащие ожиданиям народа. Но эти решения были отчаянными мерами, которых требовал дух того времени и правильность которых со временем показала дальнейшая история. Они были высокообразованными, просвещенными для своего времени, людьми, решившие все свои знания и силы направить на сближение своего народа основам европейского образа жизни.

Наследие Алаш в моем понимании

Я назвал свою статью «Наследие Алаш моими глазами» с целью разобраться для себя, какую роль в истории нашего государства сыграли алашордынцы. Работа будет посвящена поискам на следующие вопросы:

– Что они сделали для нас, для будущего своего народа, и что предстоит сделать нам?

– Какой урок мы должны извлечь из истории Алаш?

А в конце сделаю вывод: чему надо научиться сегодняшнему поколению на примере деятелей Алаш.

В моей работе главной отправной точкой является не именно подробное изучение событий тех лет. Дать правильную оценку поступкам Алаш также не является главным объектом внимания. *Сделать правильные выводы из всего, что произошло – вот залог успешного будущего.* В этом и заключается наследие Алаш моими глазами.

До сих пор идут споры, как именно охарактеризовать движение Алаш. Одни видят в них национальную буржуазию, другие определяют их как монархистов, третьи же считают их эволюционировавшими в политическом плане последователями народных борцов за свободу. И каждая сторона доказывает свою позицию, ссылаясь на неопровержимые источники в виде архивных документов, газетных статей. И все они правы по-своему. Я считаю, что неправильно называть их буржуазией только потому, что они вышли из богатых семей. И то, что они были в тесных отношениях с представителями царской власти, - это результат их обучения

в высших учебных заведениях России и их последующее активное вовлечение в политическую жизнь страны. Из этого они не становятся монархистами, потому что политическая идея Алаш Орды строилась на построении федеративной республики с введением выборной системы. И тут понятия «монархия» и «федерация» никоим образом не переплетаются.

Алаш и наши дни

А теперь вкратце рассмотрим суть движения Алаш. Итак, что было важно для алашордынца и как это отражается на нынешнем этапе:

1. Перспективная инвестиция-вложение в образование. Уже с первого съезда алашордынцы подняли вопрос о необходимости поднятия уровня просвещения простого населения. Для борьбы с неграмотностью была утверждена комиссия и запланирован бюджет на нужды этой комиссии. Для деятелей Алаш важно было просвещение народа, так как именно на неграмотность массы опираются сеятели смуты. Они отчетливо понимали, что неграмотный человек - легкая нажива для всякого рода провокаторов. Только просвещенный человек сможет принять истину, какая бы горькая она не была, и отказаться от сладких обещаний коварного человека. Вложение финансов в образование в наше время также считается перспективной инвестицией. На данный момент Казахстан вынужден прибегать к привлечению зарубежных кадров практически на всех прорывных проектах. Это приводит к росту недовольства не только безработных, но и простых граждан. Эксперты полагают, что дефицит нужными кадрами будет увеличиваться и далее.

2. Налогообложение по благосостоянию. Поскольку на начальном этапе своего существования правительство Алаш-Орды не располагала финансовыми средствами, решено было собирать налоги с населения. И при этом, сумма налога должна была распределяться по благосостоянию каждого жителя. Этот метод налогообложения давно уже укоренился во многих развитых странах. Такая система налогообложения выглядит более справедливой и разумной.

3. Система выборов депутатов и милиции. Представители Алаш в плане организации управления государством были близки к западной цивилизации. Поэтому они внедряли систему выборов должностных лиц уже с первых дней утверждения нового правительства.

4. Улучшение системы власти путем реформ. Ни одна революция, приведшая к смене власти, не оправдала человеческие потери. Трансформация власти должна проходить не революционным, а эволюционным путем, путем реформ. Алашордынцами был выбран именно такой путь.

Для современности эти ценности кажутся элементарными нормами жизни. Но все эти новшества в начале XX века общественностью были восприняты как утопические.

«Кім білер күндер болар мейір канар? Рухым сөнген менің қайта жанар»

В книге «Движение Алаш, 4 том» приводится статья некоего Кенжина, где он в своей работе деятельности партий Алаш упрекает его деятелей в наивности в политическом мышлении и приводит свои доводы. Доводы в целом вполне разумны и обоснованны. Но это была не наивность со стороны алашордынцев, а вера. Вера в свою идею, вера в правильности своих поступков. Именно вера, и не слепая вера, подталкивали алашордынцев к действиям. Кенжин ошибается, считая их политически недалекими. Я склонен полагать, что сами алашордынцы понимали всю тяжесть своего Времени, понимали, что полное осуществление своих целей очень маловероятно. Но они боролись. Они боролись, потому что у них была идея, за которую стоило бороться. Они боролись, потому что они должны были бороться, каким бы ни печальным было их положение.... Осознание такого положения, наверное, ложилось тяжелым грузом на плечи деятелей Алаш: в душе осознавать всю горечь текущего положения, но с каждым днем находить силы бороться.... И тут вспоминаются последние слова алашордынца: «Кім білер күндер болар мейір канар? Рухым сөнген менің қайта жанар».

Время ставит задачи каждому поколению. От решения этих задач зависит судьба этого государства и следующих поколений. Поколение Алаш решало свои задачи так, как того требовал дух того времени.

А какие задачи предстоит решить нам?

...как раньше коммунисты боролись против Алаш, искореняли из разума населения воспоминания про движение Алаш, так и мы должны искоренить коммунизм в нашем разуме. Я говорю не о коммунистической партии Казахстана, не о коммунистах как гражданах со своим политическим предпочтением, я говорю о наследии советского коммунизма в Казахстане. Коммунизм отошел от власти, но наши граждане, и в первую очередь аппарат чиновников, сами того не замечая, до сих пор руководствуются коммунистическими идеями. Как руководят страной нынешние чиновники? Они исполняют приказ и поручения, тем самым от них не исходит инициативы. Печально, но мы должны осознать нашу правду: чиновники наши в идеологическом плане устарели и не отвечают требованиям современности. Из-за этого несоответствия они тормозят регионы, а в целом, всю страну. Стране нужны не исполнители поручений, а умеющие управлять менеджеры, чувствующие ритм жизни своего региона и умеющие в массе существующих проблем увидеть действительно насущные. Увидеть, а затем и решить эту проблему так, как того требует дух нашего Времени.

Коммунизм – не единственная проблема казахстанского общества. Но я затрагиваю его, потому что она старая, и притом до сих пор не решенная. И если мы хотим идти дальше, надо устранить препятствия, тем самым открывая дорогу вперед, а не топтаться на одном месте. Ведь, откровенно говоря, *коммунизм не имеет морального права на существование в Казахстане.*

Алаш и нынешний патриотизм

На чем должно основываться дальнейшее изучение истории Алаш Орды? Или же другими словами, какую пользу можно из-

влекать из истории Алаш Орды? Печальный опыт Алаш Орды показал, что свободу надо завоевывать усердным трудом, а завоевав, бороться за его сохранение. Правительство Алаш Орды в плане экономики и вооружения находилось в зависимости от России. И это обстоятельство заставило Алаш Орду сотрудничать с политическими движениями России.

Изучая историю Алаш, я почувствовал гордость за страну, за свой народ. И даже потерпев поражение, алашордынцы на моих глазах выглядят победителями. Они оставались верными своей идее.

Для страны патриотизм крайне необходим! Патриот – это гражданин, который гордится тем, что он живет в этом государстве и готов защищать его интересы, где бы он ни находился. А казахстанцам есть, за что гордиться за свою страну. Незнание истории приводит к тому, что наша молодежь верит всяким зарубежным СМИ. Но ведь история – это национальное достояние. И потому ознакомлением молодежи с историей должны заниматься наши отечественные историки. Отсутствие интереса молодежи к изучению истории не должно быть оправданием. Как у них может появиться интерес, если их неправильно просвещают? Поясню: впечатление от деятельности движения Алаш, которое у меня сложилось в результате изучения архивных документов, сильно отличается от той, которую я получил от прочтения школьной книги по истории. Если вы будете изучать историю по школьным книгам, то вы встретите лишь сухие цифры, статистику, но саму историю не почувствуете. Изучая историю, человек должен «окунуться» в атмосферу тех лет, почувствовать образ жизни тех лет и понять, ради какого будущего они боролись.

Иными словами, деятели Алаш – пример подражания для нынешней молодежи. Алашордынцы были выходцами из богатых семей, они получали высшее образование, многие из них побывали в Европе. И, познакомившись с европейской культурой, начали стремиться сблизить свой народ основам европейского образа жизни. *В наше время, когда высокообразованная молодежь стремится уехать за границу в поисках лучшей жизни, мысли и поступки алашордынцев были бы очень поучительны.*

И в конце хотел бы напомнить то, о чем написал в начале своей работы. Чего я боюсь? Я люблю историю, и я хорошо знаю историю. Я боюсь повторения истории. И это не пессимизм. Основной проблемой движения стало отсутствие нужных кадров и ресурсов. **Какой бы ни была безупречна идея, жизнеспособность этой идеи всецело в руках его исполнителей.** Сейчас мы обладаем достаточными ресурсами, мы уже приобщились к мировой культуре. Но нам не стоит забывать историю. Не стоит забывать, как мы пришли к сегодняшнему процветанию.

Итог моей работы: наследие Алаш в моем понимании заключается в осознании того, что как бы ни сложились обстоятельства, надо оставаться верным своей идее, то есть самому себе.

АЛАШОРДАНЫҢ БАС ИНТЕНДАТЫ БЕРКІНҒАЛИ АТШЫБАЕВ *ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?*

Елдің елдігі мен бірлігін сақтауда қажырлы күрес пен айбынды намыс көрсеткен алаш қайраткерлерінің шоқтығы биік. Өйткені, олар азаттық үшін арпалысып, халқымыздың қамын ойлады. Түн ұйқыларын төрт бөліп, қазақ халқын сауатсыздыққа емес, сауаттылыққа жетеледі. Осы орайда, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Алаш қайраткерлерінің тарихи қызметіне зор баға бере келіп: «Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдыры да қасіретті болды. Жүз жылдықтың алғашқы жартысындағы қазақ зиялыларының жеке басының қасіретімен қатар өрілген қызметі өзінің бірегей құбылыс ретіндегі тұжырымды деңгейімен ғана емес, азаттық хәм адамгершілік деңгейімен де осы заманмен үндес», - деген еді. Алашшыл азаматтардың қазақ елінің бостандығы жолында жүргізген күрестеріне, тарихи еңбектеріне берілген осынау ғибраты мол тағылымды бағаны әр қазақ әрқашанда жадымызда ұстап, тәуелсіздігіміздің іргетасын нығайта, берік ете түсіп, олардың тарихи тұлғалық қасиеттерін толыққанды зерттеп, бүгінгі және кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге ету біздің киелі парызымыз. Бұл орайда, елімізде ауқымды істер атқарылып, тарихтың ақтандақ беттерінен орын алған тұлғаларымызды халқымызбен табыстырып жатқанымыз ақиқат. Десек те, әлі де жете зерттелмей, қалтарыста қалып қойып жатқан алаш ардақтыларының да бар екені жасырын емес. Солардың бірі – Беркінғали Мұқашұлы Атшыбаев. Ол 1897 жылы Қазыбек болысы, Миялы ауылында туған. Қазақстаннан шыққан тұңғыш мұнайшы. Алашорда қайраткері. 1905 жылы Есболдағы орыс-қазақ мектебін, 1908 жылы Гурьев орыс-қазақ училищесін бітірсе, 1909-1916 жылдары Оралдағы реальдық әскери училищесінде оқиды. Бұл Батыс Қазақстандағы сол кезде қазіргі техникум дәрежесіндегі оқу орны еді. Кейіннен оның негізінде ауыл шаруашылығы техникумы, институт ашылды. 1918 жылы Атшыбаев Жымпитыдағы офицер-

лер даярлайтын алты айлық юнкерлер училищесін тәмамдаса. прапорщик шенінде батыс Алашорданың бас интенданты болды. Сөтіп, ол 1918 жылдың күзінде Ойылдағы әскери мектепті жедел оқыту бағдарламасымен бітірген алғашқы қазақ офицерлері мен әскерлерін және ерікті қазақ милиция жасақтарын соғыс ісіне үйретуге және оларды керекті құрал-жабдықтармен, киім-кешектермен қамтамасыз ету жолында айрықша ынта-жігермен көзге түсті. Жалпы, көнекөз қариялардың айтуынша, Беркінғалидың әкесі Мұқаш орысша, қазақша сауатты кісі болыпты. Үйінде бай кітапхана ұстаған, балалары Беркінғали, Құсайын, Әжіғалиларды Гурьев, Орал қалаларында оқытқан, Орал, Ойыл, Қаратөбеде өткен облыстық съездерге делегат болып қатысып, облыстық Уақытша Үкіметке мүше болып сайланған, Саяси көзқарасы жөнінен Алашордашы, Батыс Алашордасына малдай, қаржылай көмек көрсеткен тұлға болыпты деседі. Тіпті, 1918 жылы желтоқсанда Жымпиты гарнизоны бас көтергенде земство басқармасының қаржы қорын аман алып қалып, Ойылға жеткізген, 1919 жылы күзде Ойыл түрмесінен Калмыковқа айдалып бара жатқан большевик Ә.Ипмағанбетов пен серіктеріне қамқорлық жасаған, Қызылқоғада өткен батыс Алашорда кеңесіне қатысып, 1920 жылдың басында Гурьевтен Форт-Александровск қаласына шегінген генерал Толстовтың Орал армиясының жолындағы елді сақтандырып, көшіріп жіберген, ауылдардан ат, түйе барымталауға шыққан казак жасақтарына қарулы қарсылық ұйымдастырған, соның нәтижесінде, ақтардың үлкен бір тобы армиядан бөлініп, Қызылқоғадағы қызылдарға барып еркімен берілген дейтін де дерек бар.

Тарихтан белгілі, 1918 жылдың 18-21 мамыры аралығында Жымпиты қаласында Орал өңірі қазақтарының кезекті төртінші съезі болып өтті. Таяу арада жалпақ Ресейде бүліншілік тоқталып, большевиктерден басқаның бәрі асыға күткен Құрылтай жиналысы шақырылды, Ресей федеративтік демократиялық республикасы орнап, тарыдай шашыраған қазақтар өз автономиясын алады дегеннен көз жазбаған олар осы съездің шешімімен Қазақстанның бүкіл батыс өңіріне ықпал етерлік ұлттық-территориялық құрылым – «Ойыл уәлаятының Уақытша үкіметін» жариялайды. Оның төрағасы болып Жаһанша Досмұхамедұлы сайланады. Қыркүйек

айының ортасында Кеңес үкіметіне қарсы оппозициялық күштердің Уфа директориясын жариялауға жиналған мәжілісіне келген Алашорда қайраткерлері бұл шешімді мақұлдап, Ойыл уәләятына «Алашорданың батыс бөлімі» деген атпен пәрмен береді. Олар тездетіп қарулы жасақ – Алаштың атты әскерін ұйымдастырады, Самарадағы Комуч үкіметінен қару-жарақ алады. Ұлттық банк ашып, баспахана ұйымдастырып, «Еркін қазақ» газетін жарыққа шығарады. Ең бастысы - Ырғыз бен Маңғыстау арасын мекендеген қалың қазақты ақтың да, қызылдың да, казачествоның да талауына бермей қорғап тұрады. 1918 жылдың аяғы мен 1919 жылдың басында Орталық Алаш үкіметінің қайраткерлері Кеңес өкіметін амалсыздан мойындайды. О бастан большевиктік идеяны қабылдамаған, қызылдармен қарулы қақтығысқа түскен қазақ оқығандарының қыл үстіндегі тағдырын Мәскеуге арнайы барған Ахмет Байтұрсынұлының қажырлы еңбегі бір жолға аман сақтап қалды. В.И. Лениннің 1919 жылы 10 шілде күні «Қазақ өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет» құруы және оның төрағасының орынбасарлығына А. Байтұрсынұлының тағайындалуы – Кеңес өкіметі алдында тізе бүккен Алаш қайраткерлерінің жалп етіп өшкен үмітін қайта тұтатты. Қызылдардың тез арада, үзілді-кесілді берілуін талап еткен шешіміне Батыс Алашордасының басшылары келісе қоймады. Өздерінің халық сайлаған заңды үкімет екендігін алға тартып, Қызылқоғаға бекінген ақтардың қалдығын екі жақтап, бірге талқандау жоспарын ұсынды. Бірақ, Қызыл армия штабы үзілді-кесілді берілу талабынан қайтпады. Осындай сын сағатта 1919 жылдың желтоқсанның 27-сі күні Алаш атты әскері *(Жалты Күнбатыс Алашордасында әр жылдары екі мыңнан үш мыңға дейін тұрақты қарулы қол болған)* таңғы 7-де Қызылқоғаға бекінген Елек корпусының штабын басып алады. Генерал Акутин бастаған офицерлерімен қоса 500 жасақты тұтқындап, көп қару-жарақ олжалайды. Екі күн бойы оларды құтқармақ болған казактармен ұрыс жүргізеді. Алайда, Қызылқоғаға келіп жеткен Қызыл армия бөлімдері Алаш әскері қолға түсірген олжаның бәрін иеленеді. Алаш үкіметі мен жасағын таратады, ал оның басшыларына кешірім беру не бермеу мәселесі талай айлар бойы өз шешімін таппайды. Оған М. Фрунзе бастаған басшыларының Жаһанша мен Халелге нағыз жау деп қараған көзқарас, пиғылдары себепші бол-

ды. Ұзақ дау-дамайдан соң Кирревкомның 1920 жылғы наурыздың 5-де қабылдаған қаулысына сәйкес ұлттық Алашорда үкіметі, белсенді басшылары халықтан окшауландырылып, Жаһанша Досмұхамедұлы, Халел Досмұхамедұлы, Иса Қашқынбайұлы, Кәрім Жәленұлы және Беркінғали Атшыбаев Мәскеуге, Ресейдің орталық губерниясына жіберіледі. Осы тұста, жазушы, журналист Әбілқайыр Спанның «Егіз тағдыр» атты кітабындағы («Ақ жайық» баспаханасы, 2013 жыл) деректерге сүйенсек, бесеудің бірі болып Ресейдің орталық губерниясына жер аударылған Беркінғали Мұқашұлы аталмыш қалада әлгінде айтқан Жаһанша, Халел Досмұхамедовтармен бірге Кеңес үкіметі басшылығына Алашорда қызметінің Кеңес саясатымен үндес, демократиялық сипатын дәлелдеген баяндама хат дайындап, мәмілеге келеді. Сөйтіп, ол аталған жылдың мамыр айында Орынборға оралып, Қазақ әскери комитеті Ішкі істер бөлімінде іс жүргізуші, кейінірек азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің меңгерушісі болады. Бұл орайда, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, тарих ғылымдарының кандидаты Жанат Нұрмұханова «Алаштың асылы еді – Беркінғали» атты мақаласында («Ана тілі» газет, 17 қазан, 2013 жыл) оның орысшаға, немісшеге сауатты екенін айта келіп, өмір жолдарына былайша тоқталады:

«1997 жылы Атырау облыстық Ұлттық Қауіпсіздік комитетінде Беркінғали Атшыбаевтың қылмыстық ісінің маған карап шығуға рұқсат етілген парақтардың ішінде оның Алашордаға қатысы жөнінде бірде-бір құжат болған жоқ. 1928 жылы толтырылған «Выборное обследование административно-технического персонала КРМ предприятия» деген құжатта Беркінғалидың кеңестік кезеңдегі еңбек жолы былайша көрсетіледі (*Құжат оның өз қолымен толтырылған болуы керек*): «КАКСР, Гурев округі. «Эмба-нефть» тресі, Доссор кәсіпшілігі, Еңбек және экономика бөлімі. Атшыбаев Берекеш (*құжатта осылай көрсетілген. Н.Жанат*) Мұқашұлы, жасы 31-де. Атқарып отырған лауазымы – Жұмысшы күшін даярлайтын бөлімшенің меңгерушісі. Бұл жұмыста істегеніне жыл толмаған. Қосымша кәсіптік-техникалық курсқа және қалалық кәсіпшілік училищеге сабақ береді. Айлығы – 169 рубль. Партияда жоқ. Білімі – аяқталмаған жоғары. Москваның Тау-кен академиясының Тау-кен факультеті, мұнай бөлімі. 4-ші жыл,

аяқталмаған. Қазіргі қызметі мамандығына сәйкес емес. Шетелде іссапарда болмаған. Оқытушы. Жергілікті баспасөзге мақала жазып тұрады. 1920 жылдың 12 маусымынан 1921 жылдың қыркүйегіне дейін Орынборда Қазақәскериревкомының Ішкі істер комиссариатында, сосын Ташкентте, Бұқарада ҚазОАК-нің аштықпен күрес жөніндегі төтенше өкілі, 1922 жылдың қыркүйегінен бастап, Орынборда элеуметтік тәрбиешілер даярлау жөніндегі курстың меңгерушісі; 1924-1928 жылдары Москвада «Сантонин» тресінде, сегіз ай Халық шаруашылығының Жоғарғы Кеңесінде (*Высший совет Народного хозяйства – ВСНХ*) – іс басқарушысы, екі рет тексеру комиссиясының мүшесі болып сайланған (*Оқырманға белгілі болар, ВСНХ халық меншігіне айналдырылған (национализация) барлық кәсіпшіліктер мен өндірістерді қатаң бақылауға алып, бір орталықтан басқару үшін құрылған Жоғарғы Кеңес. Н.Жанат*). Тоғыз ай Ақтөбе облысында АКОСКО-ның «Қазақ өлкелік одағында» бақылаушы, одан кейінгі екі жылда Жоғары Соттың жазбаша аудармашысы болып жұмыс істеген. «Мемлекеттік кәсіпшіліктердің әкімшілік және инженер-техникалық персоналын есепке алу карточкасында» бұларға қоса Б.Атшыбаев туралы «Еңбек өтілі – 8 жыл, кадрлар даярлау және кәсіптік-техникалық білім бөлімінің меңгерушісі, неміс тіліндегі техникалық әдебиетті еркін оқиды» деген деректер берілген». Бір айта кетерлігі – Жанат Нұрмұханова Беркінғали Атшыбаевтың жиеншары болып келеді. Ал, оның әкесі, республикаға белгілі ұстаз, өлкетанушы, шежіресі Жанаш Нұрмұханұлы Беркінғалидың туған жиені. Сондықтан, Жанат Жанашқызы Беркінғали туралы деректердің көпшілігін әкесінен алғандығын тілге тиек етеді. Соның бір айғағы ретінде, Жұмаш Нұрмұханұлының мынадай дерегін келтіре кетейік.

«Біз оны жастау кезімізде елдің алғашқы мұнайшысы ретінде аңыз ететінбіз. Сонымен қатар туған бауыры Әжіғалидың Мәншүк Мәметованың екінші әкесі екендігін біліп (*Ахмет Мәметов ұсталып кеткен соң Әминаға үйленген*), өзімізді батыр қызға біртабан жақындатып, мақтанатынбыз да. Беркінғалидың қарындасы – менің әжем Жұмак, біз оның есімін тани бастаған кезде өмірден озып кеткен болатын. Әкем Беркінғали нағашысын соңғы рет 12-13 жасында көріпті. «Ол кезде қазіргі Құлсарының орнында 3-4 киіз ғана болған, мұнай барлаушы геологтардың қосы. Столының

үсті толған қағаз. Кереуетінде «Крокодил» журналы жатыр екен. Содан оқыдым-ау деймін, «Фольклор деген не?» деп сұрадым. «Ол біздің Қыз Жібек, Қозы Көрпеш сияқты жырларымыз ғой. Ертегі, аңыздар... Білесің бе?» Білетін едім, басымды изедім. «Мында кел, – деді сосын нағашым, – мыналар осы жерлердің карталары, – деп картон іспетті үлкен сары қағаздарды көрсетті. Бұл сол кезде геологиялық карта сызылатын балауыз сіңірілген қағаздар екен. – Жер астында көп мұнай бар. Екінші рет дәлелдеп отырмын» деді. Біз отырған киіз үйге бір орыс келіп, екеуі бір шаруалар жайында сөйлесіп кетті. Біз әкелген сәлем-сауқатымызбен нағашыма шай бердік те, ауылымызға кеттік». Бұл 1934-35 жылдар еді. Арада екі-үш жыл өткен соң, Ембі алабының (*Құлсары да бар*) мұнайы игеріле бастады. Соғыс кезінде тар табанды жол салынып, бұл өңірдің мұнайы өңдеусіз тікелей майданға жөнелтіліп жатты. «Мұнайлы Ембі, мұнай бер, Осыны сенен сұрайды ел!» Асқар Токмағанбетов өлеңі сол кезде шықты. Әкемнің тағы бір айтқаны: Мен нағашыма сұраған бір затымды әкеліп бермедің деп, «бүйткен нағашылығың құрысын» деппін. Еркелік қой. Содан кейін нағашымды көрмедім, өзі де ауылға келмейтін болып кетті. Шешемнен «Неге келмей жүр» десем, «Сенің сөзіңе өкпелеп қалған болар» дейтін. Мен көпке дейін осыған өзімді айыпты санап жүрдім. Сөйтсем, оны НКВД ұстап кетіп, көзін жойған екен... Ел оның түрмеге жетпей, жолшыбай өлтірілгені туралы сан-саққа жүгіртіп әңгіме айтатын. Беріректе әкем Алматыға жолы түскенде, Беркінғалидың жары Лидияның үйіне барып, сәлем беріп, артында қалған жалғыз тұяқ Беркінмен жүздесіп келетінін айтып отыратын.» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Республикаға еңбегі сіңген мұнайшы, Геология-минерология ғылымдарының кандидаты Тауымыш Жұмағалиевтің айтуынша, Беркінғали Мұқашұлы мәдени өнерден де хабардар болса керек. Олай дейтініміз – 1926-1929 жылдары Орынбор, Қызылорда баспасынан жарық көрген А.В. Затаевичтің «Қазақтың 1000 ән-күйі» нота кітабында оның Оралдан ән оздырған Мұхит Мералыұлының екі-үш әнін орындағаны жазылды. Соның бірі – «Панкөйлек». Қолда бар деректерге жүгінсек, Беркінғали Мұқашұлы біраз жыл Мәскеуде тұрып, сондағы И.Губкин атындағы мұнай институтына оқуға түседі. Бірақ, сол институттың 4-ші курсында Алашордаға қатысы бар деген айып-

пен оқудан шығарылады. Соған сай, ол елге қайтып келіп, 1936 жылға дейін «Ембімұнай» тресінде қызмет істейді. Ең әуелі геолог болса, кейіннен далалық геологиялық картировка секциясының меңгерушісі болады. Осы кезден оның таза геологиялық қызметі басталады. Бұл туралы мамандар «Ол осы өңірде мұнай барлаудың геофизикалық тәсілдерінен бастап, минеропалеонтологиялық талдау тәсілдеріне дейін қолданып, мұнай болуы мүмкін алаңдарды дәл нұсқады», - деген пікір қалдырады. Міне, соның нәтижесінде, 1931-1933 жылдары Мұнайлы, Алтыкөл, Ескене, Қондыбай кен орындары іске қосылады. Сондай-ақ, 1931 жылы жазда Беркінғалиды Қарашүңгілдің түсірілімін жасап жатқан жерінен Адай көтерілісшілері тұтқынға алады. Олардың ұғымында Кеңес үкіметіне мұнай тауып беріп жүрген адам – жау. Сол себепті, оны өлтірмек болады. Бірақ, сол экспедицияда ұста болып жүрген Қайшыбай Боқанов ара түсіп, құтқарып алады да, түнде екі атпен Гурьевке қашырып жібереді.

- Беркінғали Атшыбаев жасаған Қарашүңгілдің геологиялық түсірілімі ҒА геологиялық институтының құжатхана қорында бар. Маған оның көп жағы жұмбақ. Дегенмен, шұңғылданып түскен ойыс, ортасындағы төбе – бір сөзбен айтқанда Қарашүңгіл аталған, алаптың кескіндік картасы өте шебер жасалыпты. Қасына фотосуреттері тіркелген. Б.Атшыбаев Қарашүңгілден басқа Жолдыбай, Құлсары, Дүйсеке, Төлес алаңдарында да геофизикалық барлаулар жүргізеді. Қазір Маңғыстау-Мақат теміржолы бойында Опорный деген бекетті бәріміз білеміз. Опорный делінуі – 1949 жылы сол жерден алғашқы терең байқау-барлау ұнғысы қазылады, жер атауы содан қалған. Ал, оны ең алғаш геофизикалық тұрғыдан барлаған Б.Атшыбаев. Қазір Опорныйдың Қарашүңгіл жағында қозы көш жерде Қисымбай кен орны мұнай беріп тұр. Ол маң әлі барлану үстінде, - деп жазады жоғарыда айтқан жазушы, журналист Әбілқайыр Спан «Егіз тағдыр» атты кітабында (*«Ақ жайық» баспаханасы, 2013 жыл*). Ал, Л.Бердіғожин «Қазақстандық алғашқы мұнай өндірісі басшыларын дайындау тарихы» атты мақаласында:

«1935 жылы қарашада өткен КСРО Ғылым академиясының жалпы жиынында «Үлкен Ембі» перспективті даму жоспары жарияланып, маман кадрларға деген сұраныс өскен соң Гурьевте арнайы тау-кен академиясын ашу жоспарланды. Осы бағытта 1934 жылы 1

тамызда Ембі мұнай тресті жанынан Құрамысов атындағы мұнай рабфагі ашылып оны басқару педагог Адаев Иманғали Адайұлына (1901-1938) міндеттелді. Мұнай рабфагіне қажетті оқытушылар мен оқушыларды іріктеу жұмысымен трест кадр ісін басқарушы Беркінғали Атшыбаев айналысты. Дегенмен, 1937 жылы күзде трест басшысы С.А.Гутин, кадр бөлімі басшысы Б.Атшыбаев, рабфаг директоры И.Адаевтың жазықсыз нәубет құрбаны болу себепті рабфаг жабылып, мұнайлы ауданға инженер дайындайтын жергілікті жоғары техникалық оқу орнының ашылуы жарты ғасырға кейін шегерілді.» деген дерек келтіреді. Бұған қарап, біз мұнай кадрларын дайындау ісіне де белсене араласқанына да көз жеткіземіз.

Сайып келгенде, алаш атауы ардақты ат. Ол елі үшін еміренген азаматтардың қажырлы еңбегінің арқасында мәңгі жарқырай беретіні хақ. Ал, оны кең көлемде насихаттап, алаш қайраткерлерінің айтулы істерін мұра ету бүгінгі және кейінгі ұрпақтың мұқалмас парызы. Міне, сондай Алаш қозғалысының қайраткері, мұнайшы-инженер Беркінғали Атшыбаев туған елі жолындағы игілікті істерін жария еткені үшін зобалаң жылдардың зардабын тартқан тұлға. Ендеше, оны мәңгі есте қалдырып, жадымыздан шығармау сіз бен біздің абыройлы ісіміз.

АЛАШТЫҢ АРДАҚ ТҰТАР АЗАМАТЫ

Көңілге қалың бұлт тұмшалаған 30-шы жылдардың зобалаңы тарихымызда қанды ізін қалдырды. Сол нәубет жылдарында қазақтың сайын даласының күреңбел төскейін тастап, «елім-айлап» басы ауған жаққа босыған бейкүнә халықтың қан жұтқан кейпін көргенде, лықылдап сыртқа төгілген ащы зар-үнін естігенде жанар жасқа толып, сай-сүйегің сырқырар еді. Ақ пен қызылдың ат ойнатқанына шыдай алмаған ел судай сабылып жатты. Ошақтағы отты дұрыс жақпай жатып қазанның қақпағын қайта-қайта ашып қарай беретін бала тәрізді ақтарға бір, қызылдарға екі қараған қазақ жұрты екі оттың ортасында қалып, халқымыздың тең жартысының қырылуымен тынды.

Әйтсе де болашағына сенім мен үміт арта қараған алаштың зиялы азаматтарының ұлт бостандығы үшін жан аямай күрескені, таптық көзқарас ырқына көнбегені қарақан бастарының қамы емес еді. Біздер жетпіс жыл бойы сол ұлыларымызды «жаңа қоғамның» қас жаулары деп кінәлап, күстаналап келдік. Қанатымен су сепкен қарлығаштай шыр-пыры шығып халқына араша түскенін қаперімізге де алмадық.

Міне, бүгінде сондай асыл арыстарымыздың есімдерін ортамызға оралтып, өшкенімізді жаңғыртып, өлгенімізді тірілтіп жатқан шақта қудалаудың құрбаны болған Әлихан, Ахмет, Міржақып және Мағжандарды қабырғамыз қайысып тұрып еске алудамыз. Осылардың қатарында әйгілі «Алашорданың» шаңырағын көтерісіп, уығын шаншысқандардың бірі, көкшелік жерлесіміз Айдархан Тұрлыбайұлының да бар екендігін бүгін біліп отырмыз.

Айдархан Тұрлыбайұлы бұрынғы Көкшетау облысына қарасты Келлер ауданының Талап ауылында (бұрынғы Жортықай ауылы) дүниеге келген. Біздің қолымыздағы деректер негізінен 1917-1919 жылдар аралығындағы қазақ даласында болған «Ала-

шорда» дүрбелеңінен сыр шертеді. 1902 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетін үздік бітіріп, елге оралған ол Омбы қаласында тұрақтап қалғанға ұқсайды. Ол уақытта Омбы патша үкіметінің Сібірдің «бұратана» халықтарын бағындыру саясатын жүзеге асыруда басты тірегі болғаны тарихтан белгілі. Сонымен қатар Омбы қазақ зиялы қауымының көзін ашып, саяси көзқарасын қалыптастыруда қанат бітірген киелі ордалардың бірі болатын. Айдарханның да Петербург университетін бітірісімен осында келіп, заң орындарында қызмет атқаруы тегіннен тегін емес.



Айдархан Тұрлыбаев

Қазақты бұратана халық деп тағылыққа теңеген патша заманында оқыған қазақтар әр өңірден шықты. Ресейдің іргедегі қалаларын былай қойып, сол кездегі европалық шаһар – Санкт-Петербургтің жоғары оқу орындарында білім алған қандастарымыз аз болған жоқ. Көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың бойындағы басты қасиет – ұлтжандылық еді. Орыстың оқуын оқыса да, патшаға беріліп қызмет етіп кеткен жоқ. Ең алдымен, өзінің туған ұлтын ойлап, қам жеді. Осы Омбыда генерал-губернатор Капцевич кезінде Сібір қазақтарының жарғысын жасап, қазақтарды бөліп алып билеудің жүйесін енгізген. Хандық құрылымды құртып, аға сұлтандар арқылы билеудің дала қазағы үшін түптің түбінде сор болатынын оларда ескермеді дейсіз бе?!

Қазақтың өз ішіндегі алауыздығы да осы кезеңде өрши түсті. Міне, алаштық идеядағы қайраткерлер қазақтың ұлттық тұтастығын сақтаудың негізін қалады. Ел болу үшін біреудің жетегінде жүру ешқашан бостандыққа жеткізбейтінін де түсінді.

Айдарханның да жоғары заң білімін алып келіп, оны өз халқының мүддесіне бағыттауы барша алаштықтарға тән сипат еді. Патша құласымен алаш қозғалысына алғашқылардың бірі болып енуінің астарында да осы жайлар жатыр. Ол сол көзқарастан айнымай өмірден өтті.

Осы ауылдың тумасы Шаяхметов Жастілек деген азамат та жас кезінде ел ақсақалдарынан естігендерін еске алғанда айтқандары мынау еді:

– Бала күнімде ауылымыздың көпті көрген қариялары Айдарханның Омбы қаласында прокурор, адвокат болғандығын, тіпті Айдарханның үйіне бара қалғанда онымен еріп Ертіс өзенінде коньки теуіп, қызықтайтынын ауыздарынан сулары құрып айтатын. Балалық қой, сол кезде жете мән бермегенімізге қазір өкінгендей де болам.

Көкейде Айдарханның артында ұрпағы қалды ма? деген сауал тұр. Бұл ретте оның Санкт-Петербургте тұратын немерелерінің бұрнағы жылдары ата жұртына келіп кеткендігін ұзын құлақтан естігенімізді тілге тиек ете отырып, келешекте олармен байланыс жасаудың жолын қарастыру міндет. Өйткені олардың қолында тың деректердің жатқанында дау жоқ.

Біз Айдархан есімін қайта тірілтуді парыз бен қарыз тұрғысынан алсақ та, оның жоқшысы, жоқтаушысы бола білу әрбір азаматтың, әрбір жерлесінің абзал парызы деп ойлаймыз.

Айдархан арқалы азаматтығын Ақмола губерниясының «Алаш» партиясын басқарып жүргенде анық танытты. Ол 1917 жылы 25 сәуірде Омбыда ашылған Ақмола губерниясы қазақтарының жалпы құрылтайында басшылық жасады. Оны Т.Кәкішевтің «Сәкен Сейфуллин» атты еңбегінен де көруге болады:

«Съезд председатели присяжный поверенный Айдархан Тұрлыбаев, оның орынбасарлары «қазақ» газетінің атынан келген Міржақып Дулатов, Ережеп Итбаев болды» делінеді. (103 бет).

Бұл жиын «Алашорда» қазақ ұлттық үкіметінің дүниеге келуінің алғашқы баспалдағының бірі болса керек, іле басқа өңірлерде де құрылтайлар өткізіліп, онда саяси партия құру мақсат етілді. Және «Жас қазақ» ұйымына біріккен қазақ зиялыларының екінші тобы «Алаш» партиясына қосылмайтындықтарын білдіріп, іргелерін аулақ салды.

Әрине, Омбыдағы «Алашты» Айдархан басқарғанмен Әлихан Бөкейхановтың қазақ жерінің барлық өңірлеріндегі ұлттық партияға басшылық жасап, тізгінін қолында ұстағаны белгілі. Сондықтан «Алаш» партиясын құрудағы еңбегі ерекше зор. Өйткені, оның қолға алуымен 1917 жылы маусым айында «Алаш» партиясы құрылса, ал араға бірнеше ай салып, яғни, желтоқсан айында Орынбор қаласында «Алашорда» үкіметі дүниеге келді. Оның құрылтайына арнайы шақыру алған Айдархан Тұрлыбайұлының осы жиыннан кейін тұлғасы сомдалып, мәртебесі тағы бір көтерілді.

«Алашорда» басшылығына Қазақстанның барлық өңірлерінен он бес адам іріктелініп алынды. Үкімет төрағалығына ұсынылған үш адамның ішінде Әлиханмен бірге Айдархан да бар болатын. Олардың аттары тасқа салынғанда Әлиханнан кейінгі көп дауысты осы Айдархан алғаны қазақ қауымында оның есімі жақсы таныс екендігін аңғартады.

«Алашорданың» құрылу құрылтайына арнайы шақыру алғанына қарамастан Омбыдағы «Жас қазақ» ұйымы өздерінің «Тіршілік» деген газетінде алаштықтардың ұлттық бөлінеміз дейін құптамай, сорпаны судай сапырумен болды. «Қазақтың жауы

казак» деген тегін айтылмаса керек. Сол бір ел басына күн туған дүрбелең кезеңде қазақ зиялыларының осылайша қақ жарылып, екі қайықтың құйрығынан ұстап, бір-біріне ымырасыз ашық күрес жүргізуі жетіскендік емес еді. Мәселен, «Қазақ» газетінде М.Дулатовтың «Үш жүздің қулары» деген мақаласы жарияланып, онда «Алашқа» қарсы «үш жүз» партиясының құрылғандығы, олардың саяси күрестен гөрі, эпербақандық жолмен алаш өкілдеріне сес көрсете бастағанын ашына жазды. «Үш жүз» партиясының орталығы Омбыда болғандықтан жергілікті «Алаш» партиясына, оның ішінде Айдарханға таяқ ала жүгірді.

«...Тұрлыбайұлын тауып әкелуге Әйткенұлы («Үш жүздің басшыларының бірі») өзі шығып, үш «милиционерін» алып іздеп кетті. Отыз, қырық минуттан соң, өзінің «милиционерлерімен» Әйткенұлы қайтып келді...

Топқа айтты: «Тұрлыбайұлы қашып кетті. Бірақ үйіндегі екі иті ұрылды» деді. (біреуі көшір, біреуі аспазшы). («Тар жол тайғақ кешу», 83 бет).

1919 жылы Ақмола губерниясындағы қызылдар билігі көпке ұзамады. Ол құлағаннан кейін оның орнына қолында билігі бар бірнеше «үкіметтер» келді. Әрине, жалпы билік Сібір үкіметінің қолында болды. Мәселен, Т.Кәкішевтің жоғарыда аталған еңбегінде бұл үкіметтердің жай-күйі былайша суреттеледі. (Бұл арада «Алашорда» қазақ үкіметін Сәкендер ұлтшыл үкімет деп танығанын еске сала кетеміз. Автор).

«Октябрьдің ұлы дауылынан кейін «саясат майданы мыс қазандай қайнады. Қартайған дәуір мен жас дәуір белдесті. Талас-тартыс, қайнаған күрес майданы қызды. Совет өкіметін Ақмолада бірден қалтқысыз қарсы алған «Жас қазақ» пен бір-екілі жасырын ұйым ғана болды.

Ақмолада бірнеше «үкімет» бар. Керенскийдің уақытша комиссары Петров әлі де болса қоқиланып қояды, бірақ үрлеп қойған торсықтай сыртын кампайтады. Шен-шекпендерінің үстінде жүргеніне мез. Омбыдағы облыстық комитеттен келген Мұқтар Саматов ептеп ем жасап, жан беруге тырысқан. Қазақ комитеті өлексесін сүйретіп о да жүр. Патша үкіметіне жанын жалдап, жаңалық атаулыға гүрзі сойыл болған қазақ-орыстың басқармасы да торға түскен арыстандай айбат қылады, бірақ бөксесінен шойырылыпты. Құрылтай жиналысының желігімен елді аузыма

қаратсам-ау дейтін земство комитеті ділмәрлыққа басқан» (108 бет) деп анықтама беріледі.

Бұл қосарланған үкіметтердіңымыраға келе алмай, бірі тышқан, екіншісі мысық болып қас-қабақтарын баққан шағы. Әрине, «Алашорда» қазақтың ұлттық автономиялығын алға тарта отырып, кейбір «үкіметтерге» өзінің осал жау емес екендігін анық аңғартып үлгерген. «Жау жағадан алғанда, бөрі етектен тартады» дегендей, «Үш жүз» партиясы да Сібірдің барлық министрлеріне барынша жәрдем көрсетуге даяр екендігін, бірақ үкімет мүшелерінің бірі Бөкейхановқа ғана сенім білдірмейтінін алға тартып, оны қууды талап етті. «Үш жүздің» бұл әрекеті алаштың қамын ойлағандықтан емес, қайта халық қамқоршысы Бөкейхановты аяқтан шалуға ниеттелгенін, оның тізімінде болған Сәкеннің өзі байқамай қалған.

Міне, айналасындағыларға сергек сезімталдық, асқан байыптылықпен қарай білген Әлихан мен Айдархандар халқына пайда тиер іс істеуге тырысты. Бірақ дйттеген мақсаттарына жете алмай қыршын кететінін сезбеген еді. Жалпы, 1919 жылы бүкіл алашордашыларға Ленин декретімен рақымшылық жасалғаны белгілі. Әйтсе де Айдарханның бұдан арғы тағдыры не болғаны, Ахметтер сияқты қызылдар үкіметі жағына шыққан-шықпағаны тағы беймәлім. Тек біздің білетініміз, ол 30-шы жылдардың басында өзінің досы Міржақыппен бірге Карелиядағы Соловки лагерінде айдауда болғандығы. Міржақыппен арадағы достық қарым-қатынасы «Алаш» партиясы төңірегінде ғана емес, айдауда жүрген уақытында тіптен жақындаса түскен сияқты. Оны 1934 жылы Соловкиде түскен суретте де айғақтайды.

«Қазақ әдебиеті» газетінің 1990 жылғы 10 тамыздағы нөмірінде «Жұмсақ па, жамбасыңа жатқан жерің?..» деген көлемді мақала жарияланды. Онда Міржақыптың айдауда жүрген кезеңі, кейіннен өз ажалынан қайтыс болғаны, қабірі әлі күнге дейін сақталғаны және онымен бірге болған белгілі академик Лихачевтің естеліктері берілген екен. Мұнда Айдархан Тұрлыбайұлына да қатысты бірекі ауыз сөз айтылды.

Иә, Айдархан ағамыз бар саналы ғұмырын елінің ертеңіне арнап тынымсыз тірлік кешкенінде сөз жоқ. Ол осыншама қайғы мен қасіретті, қиындық пен қысталанды кесе көлденең кездестірсе де, мойымаған қайсар жан. Өйткені, ол темір тордың аржағында айдауда жүріп халқына қолынан келген еңбегін сіңіре білді. Оны

Міржақыппен бірге Соловки лагерінде істеген істерінен көруге болады. Мәселен, аталған лагерьдің бұрынғы тұтқыны, профессор Ю.Чирков өз естелігінде былай дейді:

«М.Дулатов өзінің бастамасы бойынша лагерьдегі кітапхананың екі-үш сөресін қазақ әдебиетімен толықтырды. Бұл орайда оған көмек көрсеткен Октябрь революциясына дейін Санкт-Петербург университетін үздік бітірген жерлесі, адвокат Айдархан Тұрлыбаев еді (Қазақ әдебиеті) газеті, 1990 ж. тамыз».

Сөзіміздің басында айтқанымыздай Айдархан Тұрлыбайұлын қалың қазақ ұлтының қамын жеген абзал азамат тұрғысында әспеттеуіміз керек. Біздің бұл ой-пікірімізді «Азаттық» радиостанциясының қазақ бөлімін басқарған, «Алаш» сыйлығының иегері, ғалым-жазушы қандасымыз Хасен Оралтай да өзінің «Мұстафа Шоқай және оның шетелдік серіктері» деген еңбегінде тірілткендей болады.

«Оның (Мұстафаны айтады) мұраттас-мүдделес ағалары мен үзеңгілес серіктерінен Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын, Міржақып Дулат, Халел Досмұхамед, Мағжан Жұмабай, Мұхамеджан Тынышбай сияқты кейбір «Алаш» ардагерлері жөніндегі еске алулар, шеттен көзге түсуінің, кезінде оларға аяусыз шабуылдан, Мәскеудің сойылын көтеріп, Сталин жасасын дап арналысып жүргенде өмірлері өшірілген. Сондай-ақ Қошқе Кемеңгерұлы, Жағаниша Досмұхамед, Райымжан Марсық, Жақып Ақбай, Садық Өтеген, Ахмет Бірімжан, Әзілхан Кенесары, Айдархан Тұрлыбай, Сейітқазым Қадырбай және жүздеген басқалар сияқты Мұстафа Шоқайдың да мұраттас-мақсаттас аға-інілерінің тәуелсіз Қазақстанда әлі лайықты түрде аттары аталып, жас ұрпаққа толық таныстырылмай келеді» («Егемен Қазақстан», 1997 ж. 22 қаңтар).

Иә, осындай таныстырылмай, аты атаусыз келе жатқандардың бірі Айдархан Тұрлыбайұлы десек бұл ол жайындағы алғашқы тырнақ алды мақала болғандықтан, келешекте оның өмір жолын терең зерттеу қажет деп санаймыз. Өркен жаяр елдің басын мұнар шалса да, іргесін сыз ала алмайтыны ақиқат. Ендеше осыдан ондаған жылдар бұрын Айдархандардың асыл арманы болған қазақ елінің тәуелсіздігі де қолымызға тиіп, ер есімін ел есінде сақтаймыз деп талпыныс жасап жатқанымызға да шүкіршілік деу керек.

ЕШІМ ЕЛНҰР ОМАРҰЛЫ
Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия Ұлттық Университетіндегі
тарих факультетінің 3 курс студенті

АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫ АЗАМАТЫ ПЕРУАШ КӘРІМҰЛЫ
- САЯСИ РЕПРЕССИЯЛАР ҚҰРБАНЫ: ДЕРЕКТЕРДІ
ТАЛДАУ

Кенес өкіметі жылдарында қазақ халқы «Алашпен байланыста» деп айыпталған ұлттық зиялыларынан айырылды. Солардың бірі – Перуаш Кәрімұлы. Перуаш Кәрімұлы – сол жылдары қазақ даласында болған зиялы, ұстаз, жас болса да білімге құштар, алған білімін ел игілігі үшін жұмсауға тырысқан жандардың бірі еді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнайы мұрағаттарында Перуаш Кәрімұлына қатысты НКВД кезіндегі құжаттар табылды. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнайы мұрағатында Перуаш Кәрімұлының қылмыстық іс құжаттары сақтаулы болды. Осы мәліметтер туралы Перуаштың немересі, Мәжіліс депутаты Азат Перуашевтың атына келген мұрағат құжаттары жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы заңға сәйкес қылмыстық іс материалдарымен танысып шыққан болатын. Сонда Перуаш Кәрімұлының ұрпақтары: «Перуаш атамыз туралы оның көзін көрген туған-туыстарының, жақындарының, ел ішіндегі әңгімелердің шындық екеніне көзіміз жетті», – дейді олар[1]. Кәрім Перуашев 1914 жылы дүниеге келген. Ұлты – қазақ. Әкесі – Кәрім Әмрин, ал әйелі – Ерке Жиеналина, артынан бір ғана тұяғы – Тұрлыбек есімді бір ғана ұлы бар еді.

1930 жылы 16 жастағы Перуаш Қазақстанның социалистік егіншілік техникумына оқуға түсуіне келсек, тек осының өзі Перуаштың мінезі мен мақсаткерлігін айқындап тұр. Перуаш Кәрімұлыты түсіну, сезіну үшін сол кезеңде Қазақстанда қандай оқиғалар орын алғанын еске салу қажет. Осы оқиға қарсаңында, 1927-1929 жылдары голошекиндік «үлкен секіріс» деп аталған солақай саясат жүргізіліп, көшпелі шаруашылыққа тыйым салуға және шаруашылықтарды, әсіресе, үй малдарының басын, жаппай ұжымдастыруға байланысты қазақ ауылдарын күштеп

отырықшыландыру науқаны жүзеге асты. Бұл тарихи даму барысында мал шаруашылығына сүйенген және өзін тамақ өнімімен қамтамасыз ету үшін жеткілікті дәрежеде егіншілік машықтарын меңгермеген қазақ халқының ашаршылықтан жаппай қырылуына әкелді. Аштықтан тұтас ауылдар жойылып кетті, қаныпезер жыртқыштықтың деректері көп, құрбандардың саны миллиондап саналады, сахарадағы тұтастай аудандар қанырап бос қалды[2].

Құжаттарға, куәліктерге сүйенетін болсақ Кәрім Перуашев 16 жасында мұғалім болып, ауылда тұңғыш мектеп салып, сол мектепті 1936 жылға дейін басқарды. 1930 жылы Қазақстандағы егіншілік техникумын, ал 1931 жылы Ақмола педагогикалық техникумын сырттай оқып оқып бітіріп, қазақ мұғалімдерінің курсын үздік бітірді. 1934 жылы Алматыда «аудандық ағарту комитеттері төрағаларының біліктілігін арттыру өлкелік курстарын» аяқтап, сол жылы қазақ мұғалімдер курсын бітірген. Перуаш орыс тілін еркін меңгеріп, математика бойынша, жаратылыстану, география және т.б. пәндерден үздік бағалар алған, кейін 1936 жылы аудандық білім беру бөлімінің мектептер бойынша инспекторы болды.

1937 жылдың басынан - ақ облыстық партия органдарындағы «контр - революциялық әрекеттер» айтыла бастады. Оны 22 қаңтарда өткен БКП (б) Қазақ Өлкелік Комитетінің VII пленумы қаулысы [3, 14-15 б.] әшкерелейді. Қаулыда бүкіл елде жүргізілген әртүрлі тексерулер нәтижесі жарияланған.

Мәселен, Қызыл - Ордада, Шаян, Орал, Орда, Бесқарағай аудандарында партия құжаттарын ауыстыру және тексеру барысында «контрреволюционерлік ұлтшыл элементтер», ал Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарында саясатәрбие жұмыстары жүргізілмегені анықталған. Мәселені шешу мақсатында Пленум партия ұйымдары алдында көптеген міндеттер жүктейді. Оның ішінде, сталиндік Конституцияны насихаттау, мектептерде жұмыс істеу, «қазақ ұлтшылдарымен» күрес, комсомолды күшейту сияқты т.б. мәселелер бар. Дәл сол күні БКП (б) Қарағанды қалалық комитетінің бюросы Қарағанды ГРЭС құрылысында орын алған контрреволюциялық - ұлтшыл топ туралы шешім шығарды.

1937 жылдың 23-30 қаңтарында Мәскеуде «параллелді антикөнестік» деп аталатын орталыққа байланысты ашық сот

үдерісі болды. Сотта Ю.Л. Пятаков, Г.Я. Сокольников, К.Д. Радек және басқа 17 адамның үстінен іс қозғалды. Орталықтың мақсаты КСРО-да Кеңес өкіметін құлату, капитализмді қалпына келтіру, герман және жапон барлау қызметі пайдасына тыңшылық, партия мен мемлекет басшыларына қастандық жасауды даярлау деп түсіндірілді [3, 251 б.]. Бұл КСРО-дағы үлкен қудалау үдерісін бастап берді. Мәскеуден бастау алған сот үдерістері ұлт республикаларын да қамтыды.

Іле-шала, БКП (б) Қазақ Өлкелік Комитеті 4 ақпанда «Антикөпестік троцкистік орталық үдерісінің қорытындысын түсіндіру туралы» шешім [3, 29 б.] қабылдады.

Бұл шешім нәтижесі көп күттірмеді. Бүкіл республикада саяси репрессияларға байланысты науқан басталып кетті. Алғашында орталықтан басталған шаралар біртіндеп жергілікті жерлерге де жетті. Алашқа қатысы бар, барлық қазақ оқыған азаматтары түрмелерге тоғытыла бастады.

Осыдан кейін Қазақстанда Кеңес өкіметіне қарсы тұтас ұйым құрылған делінді. Ұйымның террористік - көтерілісшіл және тыңшылық - диверсиялық бағытта екені айтыла бастады. Т. Рысқұлов, Н. Нұрмақов, С. Қожанов, Ұ. Құлымбетов секілді мемлекеттік қызметте болған адамдар басшылық жасап, бүкіл Қазақстанның облыстарында, аудандарында тұтас жүйе құрған және орталықтағы Троцкий, Зиновьевтермен байланысты болған деген жаланы дәлелдеді. Эмигранттармен (*М. Шоқай, Р. Мәрсекөв*) тікелей байланыста болды дей келе, осы «контрреволюцияшыл ұлтшыл» деген айыпты бірте - бірте троцкийшілдікке апарды. Бұл туралы: «Қазақстанда троцкийлік - фашистік оңбағандар контрреволюцияшыл қазақ ұлтшылдары алашордашылдармен тығыз байланысты» деп дәлелдеді [4].

II ХК өз істерінің дұрыстығын жасаған құжаттарында дәлелдеп көрсеткісі келді. Мәселен, 1937 жылғы 9 маусымда Қазақстан Ішкі істер халық комиссары Л. Залин БКП (б) Қазақ өлкелік комитетінің және ревизиялық комиссияның есебі бойынша КП (б) К I съезінде сөйлеген сөзінде: «Қазақстанда жапон - герман агентурасының істері ашылды» [3, 14-15 б., 59-58 б.], - деп хабарлады. Бұл республикадағы саяси репрессиялардың негізделуі болатын. Оны әртүрлі контрреволюциялық, троцкистік, оңшыл, ұлтшыл және әртүрлі тыңшылар жұмыстарынан көреді. Л. Залин «фашистік

бандылар Қазақстанның халық шаруашылығына өлшеусіз зиян келтірді, соғыс басталған жағдайда үлкен қауіп тудырады» дейді. Ол Қазақстан ағылшын және жапон - герман интервенттерінің қызығушылығына айналғанын бірнеше фактормен дәлелдейді: олар, республиканың Қытаймен шекаралық жағдайы, Түрксиб сияқты темір жол жүйесі, өнеркәсіпті өндірістер мен заводтар болуы. Осының бәріне контрреволюциялық жұмыстарды жүргізетін кадрлардың барлығы әсер етті дейді.

Зиянкестік әрекеттерді Л. Залин өнеркәсіптердегі саяси, экономикалық, әскери тыңшылық диверсиялық жұмыстардан, ал террористік актілерді Қазақстанның басшылығына қарсы террорды даярлауынан көреді. Комиссар бірнеше басты ұйымдарды әшкерелегенін келтіріп кетеді: олар, Риддерде, Ащысай құрылысының бастығы Кельмансон бастаған ұйым, бұған елдегі барлық өнеркәсіп орындарын енгізеді; мыс қорытушы Балқаш комбинатындағы ұйымы, оны Қарағандымен байланыстырады; Түрксиб теміржолындағы құрылған ұйым; Алматы және Шығыс Қазақстанның шекаралық аймағындағы ұйым. Географиялық тұрғыдан қарасақ, ІХК күдігі республиканы толық қамтыды. Интеллигенцияға қарсы қудалау орталықпен ғана шектелмей, партия мен кеңес жұмысында жүрген барлық қызметкерлер ілігетінін құжат айғақтап тұр.

Елді түгелдей қамтыған науқанға мектеп мұғалімдері де ілікті. 1937 жылы 14 наурызда Перуаш Кәрімұлы революцияға қарсы халық арасында әдебиеттерді тарату мен іріткі туғызу жұмыстарын жүргізді деп айыппен тұтқынға алынып, жарты жыл түрмеде тұтқындалды. Кейін Перуаш Кәрімұлы Қарағанды облыстық сотының шешімі бойынша қыркүйек айында қамаудан босатылды. Арада көп уақыт өтпей бір айдан кейін Қазақ КСР Жоғарғы сот төрағасының жеке талабы бойынша қайтадан қамауға алынды. Сонымен қатар, түрмеден босағаннан кейін тағы 3 жыл сыртқы дүниемен байланысуға тыйым салынды. Бір сөзбен айтқанда, барлық құқықтарынан айырылады. Тарихшы мамандардың айтуы бойынша, қиыншылық жолдар тудырмасын, ізсіз-түзсіз кетсін деп қасақана жасалған, шын мәнімен қарайтын болсақ, мұндай өкім адам үшін өлім жазасымен тең еді. Осындай жазамен кесілгендер тірі қалмайды деп есептелген. Осылайша қатаң жазалармен жаза-лап отырған.

1938 жылдың 15 қаңтарындағы Қарағанды облыстық сотының үкімімен РСФСР ҚК 58-10-бабы бойынша *(Кеңес өкіметіне қарсы насихат жүргізу)* бас бостандығынан 5 жылға айырылған, өз жазасын қатаң режимдегі мекемеде өтейтін болған.

Енді, Перуаш Кәрімұлының сотталған бабының мазмұнын дерек ретінде талдайық. Алдымен аталған баптың мазмұнын талдалық. Дәл мәтінін келтірелік, 58-10 - мазмұны бойынша арнайы қорғалатын мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтерді шетелдік мемлекеттерге, контрреволюциялық ұйымдарға немесе жеке тұлғаларға беру мақсатында жинау немесе ұрлау, беру, шпиондық. 58-10 бабының екінші бөлімі *(мазмұны бойынша арнайы қорғалатын мемлекеттік құпияны құрамайтын, заңның тікелей тиым салуы немесе мекеме, кәсіпорын, ведомство басшысының өкімі бойынша жариялауға жатпайтын экономикалық мәліметтерді аталған баптың I бөлігінде көрсетілген (шетелдік мемлекеттерге, контрреволюциялық ұйымдарға немесе жеке тұлғалар) ұйымдарға немесе тұлғаларға ақысыз немесе ақыға беру мақсатында жинау немесе беру)* 58-2 бабымен санкциясымен *(контрреволюциялық мақсатта кеңес территориясына қарулы отрядтар мен бандылар кіруі немесе қарулы көтерілістер ұйымдастыру, сонымен бірдей орталықта және жергілікті жерлердегі өкіметті жаулап алу немесе РКФС – дан оның қандай да болсын территориясының бөлігін зорлап бөліп алу мақсатында қандай да болсын әрекеттерге қатысу)*[5, 10-12 б.]. Талай қазақ зиялысының түбіне жеткен атышулы бап қарапайым азаматтың да тағдырына әсер етті.

РСФСР Қылмыстық Кодекстің 58-10 бабының Алаш қайраткерін қудалауға қаншалықты дәйекті екенін қарастырайық. Иә, осы аталған бапқа сәйкес талай алаштың азаматтары сотталып кетті. Мысалға, Әлихан Бөкейхан, Мыржакып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, ал кейінгі жүргізілген репрессияда Ермұхан Бекмаханов та осы баппен сотталды. Қайраткердің бұл баппен сотталуы қаншалықты дәйекті болып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, Перуаш Кәрімұлына тағылған айыптар негізсіз деп толығымен есептеуге болады. Себебі, Қылмыстық Кодекстің 58-10 бабына сәйкес тыңшылық айыптар тағылған. Айыпталушы өз өмірінде шетелдерге мүлде шығып көрмеген. Осыны ескерсек, әрдайым ауылда

ұстаз болып қызмет атқарған адамның тыңшылық жасауы еш негізсіз деп толығымен есептеуге болады.

Контрреволюциялық қылмыстар туралы заңдардың қырларының бірі - бұл Кеңес мемлекетінің репрессивті жазалау саясатының ядросы болды. Қылмыстық жазалау шарасын жүзеге асыруға қолданылған шектен шыққан қаталдық екенін мойындау керек. Мәселен, 1926 жылғы РКФСР Қылмыстық Кодексінің негізгі бөлігінің 1 –бөлімінің қарастырған 17 контрреволюциялық қылмысының нақты құрамының 12-сі жоғары жазалау шарасын ағуды қолдауды ұсынды. Азаттығынан айыруымен бірге халық жауы етіп, жариялау және мемлекеттен қуу, мүлігін тәркілеу, қатаң оқшаулаумен еркінен айыру және т.б. жазалау шаралары кеңінен қолданылды. Қатыгездік дәрежесі бойынша контрреволюциялық қылмыстар туралы заңдар ортағасырлық инквизицияның шіркеулік-қылмыстық заңдарымен, сонымен қатар фашистік заңдармен бақталаса алатын еді. Жасаған іс әрекеттің ауырлығына жауапкершілік шарасының құбыжықтық көлемсіздігі айыпкерді және сотталушыны шектен тыс ауыр жағдайға қойды. Бұл жағдайда олардың құқығын сақталу мүмкіндігі туралы тек қана үлкен дәрежедегі шарттылық деп айтуға болады [6, 154 б.].

Кәрім Перуашевтің ұрпақтары «Атамыз Кәрім Перуашевпен қоса әжеміздің өмірі де өте қиын болды. Ерке Жиеналина әжеміз де Алжир лагерінде азап шеккені туралы әңгімелер бар, әжеміздің де одан арғы тағдыры біз үшін белгісіз, әлі де анықтай түсу қажет», - дейді.

Бұл туралы біз өз уәжімізді келтірелік. «Халық жауларының» қаптап қамалуы әйелдер мен балалардың ұсталуына әсер етті. Оның заңдық негізі 1937 жылғы 15 тамыздағы №00486 Ішкі істер халық комиссарының жедел бұйрығы [5, 83 б.] бойынша қаланған болатын. Бұйрықта «осы бұйрықты алғаннан соң 1936 жылдың 1 тамызынан бастап бірінші және екінші категория бойынша Әскери алқа және Әскери трибуналда айыпталған оңшыл-троцкистік, тыңшылық - диверсиялық ұйымдар мүшелері, отанын сатқандар әйелдерін репрессиялауға кірісіңдер» деп ашық айтылды. Бұл «халық жаулары» деп ұсталған азаматтардың әйелдері мен отбасы мүшелеріне үлкен шабуыл еді. Сонымен қатар, бұйрықта жиналатын материалдар негізінде мына құжаттар құрастырылды: а) отбасыға нақтыланған жалпы анықтама, онда көрсетіледі: от-

басы басшысының фамилиясы, аты және әкесінің аты, қандай қылмыс, қашан, кім және қандай айыпқа тартылды; отбасы құрамының атаулы тізімі (*сотталғанның қарауына тұрған және онымен бірге тұрған барлық адам - дарды қоса*), отбасының әр мүшесіне нақты мәлімет; сотталғанның әйеліне қаралаушы материалдар; 15 жастан жоғары балалардың әлеуметтік қауіптілік дәрежесіне қатысты мінездеме; отбасында өзінің физикалық жағдайына байланысты қарауды талап ететін ата - аналар мен қарттар барлығы туралы мәліметтер; б) 15 жастан жоғары әлеуметтік қауіпті және антикөнестік әрекетке қабілетті балаларға жеке қысқаша анықтама; в) 15 жасқа дейінгі мектепке дейінгі және мектептегі жастағы балалардың атаулы тізімі. Анықтамаларды республикалардың Ішкі істер халық комиссарлары мен өлкелер мен облыстар ІХК басқармалары басшылары қарастырып, шешім шығарды.

Сондықтан да П. Кәрімовтің әйелі Е. Жиеналина да басқа әйелдер секілді Ақмоладағы «Отанын сатқандар» әйелдерінің лагеріне жіберілуі әбден мүмкін. Деректерді анықтау уақыттың еншісінде деп білеміз.

1961 жылы Қазақ КСР Жоғарғы соты Президиумының қаулысы бойынша Перуаш Кәрімұлы жолдастарымен бірге ақталды. 23 жылдан кейін ғана бұл кісінің ісі қаралып, өз шешімін тапты. Әкесінің түрмеде құрбан болғаны ұлы – Тұрлыбекке хабарланған еді. Арада 50 жыл өткеннен кейін немерелерінің қолына атасының қылмыстық іс құжаттары тиіп отыр. Бірақ та, Перуаш Кәрімұлының өмірінің соңғы кездері қалай болды, жастық кезі қалай өтті: кімнің қолынан қаза тапты, қалай бұл дүниеден өтті, неден қайтыс болды және бұл кісінің сүйегі қайда екені, осының барлығы да ұрпақтарына белгісіз болып келді. Осылайша атасының сүйегі қайда жатқан жерді анықтауды ұрпақтарының мойнына жүктелген аманаттық парызы деп санап отыр.

Жалпы, КСРО-да саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау 1954 жылы басталып, бұл үдеріс 1960 жылдардың басына дейін жалғасқан. Ал П.Кәрімовке қатысты қылмыстық істің 1961 жылы наурыз айында тоқтатылғанын осы жылымық кезеңге ілігуімен түсіндіруге болатын секілді.

Өйткені, одан кейін бұл үдеріс тежеліп, тек қайта құру деп аталған кезеңде – 1980-жылдардың соңына қарай қайтадан басталғаны мәлім. Осылайша Перуаш Кәрімұлының сотталғаннан кейінгі тағдыры беймәлім калпында қалып, артындағы жалғыз ұрпағы – Тұрлыбектің әке – шешесін іздеген әрекеті еш нәтижесіз аяқталды.

Қазіргі ұлттық тарихымыз қайта зерделеніп жатқан тұста қатты ойланатын жайт, бұл. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Мемлекет тарихын, даңқты бабалары жүріп өткен жолдың бұраланы мен бұлтарысын, қилы кезеңдері мен тағдырлы шешімдерін, ақтаңдақ беттері мен дара тұлғаларының кайраткерлік өнегесін біліп өскен ұрпақ қана өзіне тиесілі замана жүгін діттеген межесіне абыроймен жеткізе алады» деп атап көрсетті.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнайы мұрағаттарында қалың көпшілікке белгісіз батырлар туралы талай құжаттар сақтаулы. Халық арасында ешкім де, ешқашан да ұмытылмауы тиіс. Бұл тек бір отбасы үшін ғана емес, барлық қазақ ұлты үшін құнды дүние. Қазіргі ұрпақ үшін халқы мен Отанына мінсіз қызмет етуде жоғары азаматтылық пен отаншылдықтың үлгісі болып табылатын Қазақстан тарихындағы көрнекті тұлғаны көпшілікке таныту өте маңызды. Перуаш Кәрімұлына қатысты талай құжаттар әлі де құпия болып қалуда.

Ал, біз Алаштың тағы бір ардақты азаматының табылғанына қуаныштымыз. Ендігі мақсат оның репрессияланғанына қатысты беймәлім деректерді ашу болып табылады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. www.qazaquni.kz
2. www.baq.kz
3. Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг. Сборник документов / Отв. редактор Л.Д. Дегитаева. - Алматы: Казахстан, 1998. - 336 с., 14-15 б.
4. Приговор народа // Большевик Казахстана. 1937. №2.
5. Сборник законодательных и нормативных актов о репрессиях и реабилитации жертв политических репрессий. – Москва: Республика, 1993.-С.10-12.
6. Козыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размышление и поиски. Алматы: Ғылым. 2000. 388 с. с.154

**АЛАШ
САРБАЗЫ
– ПЕРУАШ
КӘРІМҰЛЫНА
100 ЖЫЛ**

Кітапты құрастырушылар түсініктемесі – Астан алар тағылымдар.

Жас ізденушінің зерттеу нысанына болып отырған алаш сарбазы Перуашка 2014 жылдың 6-шы қыркүйегінде Павлодар облысының Ерейментау өңірінде айында Ас берілді. Ас беру – қазақ халқында ежелден қалыптасқан игі дәстүрлердің бірі. Ата-баба рухына тағзым ету - халыққа кашанда рухани күш берген. Яғни, қазақ даласында көшпелі тұрмыс кезінде астан үлкен шара болған емес, сондықтан оның халықтың араласуына, бір-бірін жақын білуіне, сонымен бірге жыр, бәйге, көкпар, күрес сияқты сайыстарда жарысқа түсуіне мүмкіндік берген. Ас беру арқылы марқұмның ұрпақтары өздерінің байлығын ғана емес, қолдарынан ұланғайыр іс келетінін, ағайынның ұйымшылдығын паш еткен. Астан елдің бірлігі мен байлығы, мырзалығы, біліктілігі сынға түскен. Мәселен, Абылай ханның асы, Құнанбайдың әкесі Өскенбайдың асы, Керей Сағынайдың асы, дулат Сыпатай батырдың асы және осы Ерейментау өңіріндегі Қанжығалы Шауыпкел батырдың асы бүкіл елге мәлім болып, аңызға айналған. Ас беру дәстүрі еліміз егемендігін алғаннан бері қайтадан жанданды. Талдықорғандағы Қаракерей Қабанбай батырдың, Ақмоладағы Қанжығалы Бөгенбай батырдың, Торғайдағы Алаш арыстары - Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының астары қазынасы мол халықтық дәстүрлердің - тәрбиелік, ұлттық, рухани байлығымыздың қайта оралғандығының айқын белгісі болды.

Қабырғалы қазақ елінің белестері мен бұраланы мол тарихында ХХ ғасырдың басындағы Алаш қозғалысының алар орыны ерекше. Осы тарихи кезеңде Алаш қайраткерлері бастаған қазақ зиялылары қазақ қоғамындағы саяси, рухани, және мәдени ахуалға зор ықпалын тигізгені де ақиқат. 100 жылдығы аталып өткен Перуаш Кәрімұлының сонау кеңестік кезеңде еңсесі түскен Ерейментау өңіріндегі қалың бұқараны

ерен елдікке, өрелі бірлікке, әлеуметтік белсенділікке ұлттық топтасуға үндеген жанкешті азаматтарымыздың бірі болғаны және сол жолда құрбан болғаны, оның ұрпақтарының ұзақ жылдар бойы жүргізген іздеулерінің арқасында бәрімізге де белгілі болып отыр. Бізді қазір Тәуелсіздігіміздің арқасында аты қалың көпшілікке мәлім болған Алаш қайраткерлерімен қоян-қолтық жүріп, уағыздарын тыңдап, тапсырмаларын орындап, әдебиеттерін таратып, істерін жалғастырған ұландар бұрынғысынша «халық жауы», «тап жауы», «әлеуметтік қауіпті элемент», «шетел барлау қызметінің тыңшысы» т.с.с. болып қала бере ме деген сұрақ та толғандырады. Перуаш Кәрімұлы дәл осындай, тағы да басқадай жалалар жабылып, саяси айып тағылған 105 мыңға жуық елім деп еңіреген боздақтардың, канаты қайрылған сұңқарлардың бірі. Олардың әрқайсысын тарихтың қалың қатпарынан аршып алып, бүгінгі ұрпаққа табыстай алсақ артық па? Алаш идеялары үшін күрескен Алаш партиясының мыңдаған қатардағы мүшелерін, жақтастарын, Алашорда үкіметі әскерінің сарбаздарының әрқайсысын ақтауға күш салғанымыз абзал. Олар барлық адам баласына тән ең қымбаттыларын – отбасын, материалдық игіліктерін, жеке перспективаларын құрбандыққа шалып, біздің бүгінгі тәуелсіздігіміз үшін жандарын да, кандарын да аяған жоқ.

«Әруақты сыйлаған ел азбайды, әулиелер көп жатқан жер тозбайды». Перуаш сынды ар-намысты ту етіп, өмірден өткен ұлының әз басын ұлықтаған туған жері – туған төрі ел иесіз, жер киесіз емес екендігін дәлелдеп аталмыш шараға шынайы пейілдерімен үлкен үлесін қосты. Ерейментау елінің азаматтары бірлікті уысынан шығармай, асылын қадірлей білді. Осы астың барысында да ел-жұртының құрметіне Перуаш Кәрімұлының лайықтығы ешқандай шүбәсіз дәлелденді. Ас Алаш ұстанымы жолында адалдық танытып, құрбан болған Перуаш Кәрімұлын жан-жақты танып, білуге зор ықпалын тигізді, ол сөз жоқ, ел-жұртының құрметіне лайық жан.

Перуаш ендігі жерде Азат Тұрлыбекұлы Преуашевтың ғана атасы ғана емес, ол Ерейментау өлкесінің, қарға та-мырлы қазақтың, алашшыл ортаның рухани болмысын байытатын тұлғасына айналды.

Ал тұтастай алғанда, Перуаш Кәрімұлының биыл 100-ге келгеніне арналған Астың – жеке бір адамның, бір отбасының шеңберінен аясы әлдеқайда кең, ұлт үшін қажетті иманды іс болғанын айту لازم. Одан алар тағылымдар көп. Перуаш ұрпақтары Перуаш атасына, Перуаштың жары – Ерке әжесіне, Перуаштың жалғыз тұяғы - әкесі Тұрлыбекке, бабасы Кәрім Әміреұлына, үлкен әжесі Қайша Садыкқызына және мыңдаған басқа да белгілі де белгісіз Алашшыл азаматтарға арнап ескерткіш – Құлпытас орнатты, оған ежелгі дәстүрмен таңба түсіріп, Құлтегінше құлтелі жыр жолдарын жазғызды. Малтабар ауылының мектебіне сол мектепті кезінде өзі ашқан, ағартушы-мұғалім болған, Алаш идеяларын көпке таратқан Перуаш Кәрімұлының аты берілді. Мектептің алдына ескерткіш белгі орнатылды. Онда да тек Перуаштың аты ғана емес, Ерейментау жерінен саяси қуғын-сүргінге ұшыраған 50-ге жуық азаматтардың аты-жөндері, тектері тасқа қашалып жазылды. Перуаш Кәрімұлының цензурадан айласын асырып, түрмеден кір киімдерін ораған газеттің бетіне сүтпен жазылып, ол күйемен тазаланып, пайда болған өлеңі ел арасында жатталып, сақталған. Мұны шын мәнінде оның туып-өскен Қоржынкөлі мен кіндік қаны тамған – Малтабарымен, туған елімен қоштасу жыры деп атасак болады. Перуаштың сол кездегі 12 жастағы оқушысы, бүгінде 92 жастағы Бикүл Мұқанова Перуаштың немересі Азат Преуашевқа бұл жүрек тебіренерлік жырды өз ауызымен айтып берді. Мұшайраға қатысқан ақындар да «өнер алды – қызыл тілмен» алаштың ардақты азаматы, ақын Перуаш Кәрімұлына өлең-жырларымен өз ескерткіштерін орнатты. Ол «Бір мені балаушы еді бір тайпа елге» деген атпен кітап болып шықты. Кітаптың аты – Перуаш өлеңінің бір жолынан алынған. Осының өзінен

Перуаштың ел-жұртына қадірлі болғаны көрінеді. Астың ең басты мағынасы, ол - жары Еркеге жазған «Мен де аман келермін» деп айтқанының орындалғаны. «Барсакелмес» сапарына кететінін де білген Перуаштың бұл сөздері де оның ақындығын анық байкатады, сонымен бірге рухының табандылығы мен қуатын көрсетіп тұр. Алаштың арда туған ұланы сол зұлмат заманның тар қалыпына сыймаған. Ақылды ұрпақтың арқасында оның айтқаны келді. Жалындап өткен жас ғұмырдың оты қайта маздады. Тірі кезінде болмаса да, өлі кезінде, 77 жылдан кейін, 100 жасында есімі еліне мақтан етуге лайық ер ретінде қайта оралды.

Азаттық деп аңсаған асыл армандары елес болып, алдан көрікті өмір белесін көре алмай кетті-ау Перуаш сынды жас оғландар. Біздің борышымыз – олардың ғұмырнамаларын зерделеу жолында еңбек ету. Алаштың батырларын, дүлдүлдері мен сұңкарларының мақсаттары мен мұраттарын жас ұрпаққа жеткізе беру, Алаштың асыл рухын өшірмеу, сол арқылы қазақ елінің іргесін берік етіп, күш-қуатын күн санап арттыра беруге халықты жұмылдыру.

Сол бағытта өткен ізгі шараның жекелеген фрагменттерін ұсына отырып, кітапты құрастырушылар оқырмандардың мұны аласапыран заманның зарын тартып, тағдыры тәлкекке түскен Перуаш Кәрімұлы тәрізді ерлердің есімдері туған жұрты барда ешқашан өшпейтіндігінің бір белгісіндей қабылдайтындықтарына сенім білдіреді.



Серік Рысбекұлы Молдабеков,
халықтық ақындар орталығының жетекшісі,
айтыскер-ақын, әнші-композитор
Семей қаласы

Асқа арнау

Тұлпарлар топқа келіп дүрліккендей,
Қалың ел қанатты сөз жыр күткендей.
Ассалаумағалейкум арда қазақ,
Жаратқан ынтымақ пен бірлік бергей.
Ағайын пейілдерің ыстық екен
Ертістің қатқан мұзын жібіткендей.
Алаштың арысына жыр арнайды,
Кеудесін шабыт керген жігіт мендей.
Бұл жерден талай мықты шыққан екен
Бір басын арман, қиял, үміт керней.
Солардың бірегейі Перуаш бабам
Жүрегін жұрты үшін жұлып бергей.
Келгендер шындық ойды аршып айтып
Болмайық ақиқатты іріккендей.

Малтабар ердің тойын жасап жатыр,
Ақсарбас көк қасқасын жығып терлей.
Дүркіреп той өткізген текті ұрпағы
Тарихын бабасының тірілткендей.
Ақын қалай ақиқатқа бойламайды,
Шын асыл шың басына ой қалайды.
Безбүйрек кері кеткен кер қоғамда
Аспандағы аяулы жойған айды.
Тарихта Махамбеттің басын кесіп
Арсыздар шімірікпей сойды Абайды.
Сібірге арыстарды айдап салып,
Қазақты апармады қайда қайғы.
Арландай арға берік Перуаш ер,
Ойламаған қара басы, пайда жайлы.
Жұлдыздай ағып өткен жасын ғұмыр
Жиырма үш жасқа келіп тайғанайды.
Есімін жаңғыртайын ел алдында
Тілімді бүгін ешкім байламайды.
Бір ғасырлық батырдың тойын көріп
Қалайша бұлбұл көмей сайрамайды.

Тұрамын елім барда жаси неден,
Кеудемде қара Ертістей тасиды өлең.
Тағдырдың тақсіретін естігенде,
Іштен тынып күрсініп рас именем.
Атылған арыстарды еске алғанда
Жаутандап жанарына жас үйді өрен.
Бөрідей өз жарасын емдеп жазған,
Бабалардан тектілікті рас игерем.
Атамыздың өмірі үлгі өнеге
Қорғақтық қорлануға бас имеген.
Ұлты үшін бәйге қылып алтын басын
Тұлпар ед тұяғымен тас илеген.

Жан баба айғайыңнан мұныңды ұқтым,
Болашақ ұрпағыңнан дүбір күтгін
Ардақты ұстаз болып шәкірттерге

Білімнің кәусарынан тұнық жұттың,
Бірлігін Алашымның арман еттің,
Шындығын түру үшін шымылдықтың.
Ұранын Алашымның тұғыр қылдың,
Кесілгенін қаламай туырлықтың.
Түнерген қара аспан, қара тұман
Елім деген ерлердің тілін жұттың.
Түрмеде сүтпен жазып өлмес жырды,
Қалдырған асыл жарға сырынды ұқтым
Арасынан нұр сәуле төктің елге
Қаптаған қара түнек зұлымдықтың.

Еркін елміз атып тұр таңдар алдан,
Ерлер барда өткенбіз бар қамалдан.
Бүгінде шындықты іздер мұрағатта
Құпия құжаттар көп қордаланған.
Ібілістер қаптаған сұр заманда
Түнекке әділдік пен ар қамалған.
Арыстар азаттық деп құлаш ұрып
Қорықпаған тамұқ менен жандаралдан.
Алаштың өр тұлғалы асылдары-ай
Ұлтым деп ақ алмасын қанға малған.
Дәл біздей ұрпақтармен жалғасады
Бабалар артындағы қалған арман.

Құт жайлап қазағымның кер даласын,
Білетін абыз елміз төр бағасын.
Айбынын өр Алаштың асқақтатып
Дүрілдеген той өтті Арқада шын.
Ерейментау төрінде мерейленіп
Азаматтар ой айтып шалқаласын.
Әлихан, Ахмет пен Міржақыптай
Тамырын жалғандықтың балталасын.
Біртуар Кәрімұлы Перуашты
Толықтай танып жатыр алты Алашым.
Тұрлыбектей өр ұлдың орны бөлек,
Әкедей биік қойған ар бағасын.

Азаттай ағамызға алғыс айтам
Тәңірім жамандықтан қалқаласын.
Атқарған сауапты ісін көрген кезде
Кеңейіп сала берді арқа, басым.
Ақ Жолыңыз ақ жолдан айнымасын,
Мойындатқан қазақтың бар қаласын.
Тірлігің текті жұртым баянды боп,
Бірлігің мен берекең тарқамасын.



Шынар Түйешиева



Ақылбек Исамбергенов



Дина Ахмеджан

Перуаш бабамызга арнау

«Ақ жол» демократиялық партиясының ресми сайты

Сөзі: Шынар Түйешиева

Әні: Ақылбек Исамбергенов

Орындаушы: Дина Ахметжан

Бүгінде тәубе еткенмен,
Алашым, не көрмедің?!
Жанардың жасы кепкенмен,
Жас ұрпақ, сенер ме едің?!
Даламның құты қашқан,
Кез еді қасіретті.
Елім деп құшақ ашқан
Арыстың басы кетті...

Кайырмасы

Жүректі сыздатқан-ды,
Көңілге мұң қатқан-ды.
Енді ешкім көрмесінші
Мұзды акпанды...
Арман ғып нұрлы, ақ таңды,

Жырлаган қозғап жанды.
Ей, халқым, ұмытпандар,
Боздақтарды!

Туылып елдің бағына,
Жан қиған арысым-ай,
Қас қылған пейіл- жанына,
Заманның тар ішін-ай!
Жаңғыртып есімінді,
Ұрпағың етті ән - аңыз,
Жалғаймыз хош үнінді,
Перуаш бабамыз!

"Перуаш бабамызға арнау"

Әні: Ахмедбек Исмаиловтың
Сөзі: Шығар Түйшевтің
орындаушысы Дана Ахмеджан

Andante

The musical score is written in a single system with a treble clef and a key signature of two sharps (F# and C#). The tempo is marked 'Andante'. The score consists of eight staves of music, with measure numbers 6, 13, 19, 23, 27, 33, and 39 indicated at the beginning of their respective staves. The music features a mix of quarter, eighth, and sixteenth notes, with some triplets and rests. The piece concludes with a final double bar line on the eighth staff.

Алаш идеясы үшін құрбан болған ағартушы
ұстаз Перуаш Кәрімұлының
100 жылдығына және Алашорда үкіметінің
97 жылдығына байланысты
«Бір мені балаушы еді бір тайпа елге» атты
республикалық мүшәйра жырлары

БАС БӘЙГЕ

Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері

АЗАТТЫҚ АЛАШЫМНЫҢ АРМАНЫ ЕДІ...

(Поэмадан үзінді)

*Алаш идеясының құрбаны –
Перуаш Кәрімұлының рухына бағыштаймын.*

Ерейментау ертегісі

Ежелден Ерейментау ел – мекені,
Шежіресін шертіп қалсаң шер кетеді...
Шырқырап,
Құлагердің құлын даусы –
Ақанның ашы зары тербетеді.

Ақынның айтар болсаң қиялымен,
Бір сәтке сыр бөліссең зиялымен.
Тарихы бұл даланың тасқа түскен –
Бөгенбай тұлпарының тұяғымен.

Үдеген уақыттың қарқынымен,
Айтылып арман сөзі ар тілімен.

Түскен жыр ақ қағазға,
Қалам емес,
Бөгенбай қылышының жарқылымен.

Батырдың бет қаратпас сұсыменен,
Басқаның бәрін басып мысыменен.
Түскен жыр ақ қағазға,
Қалам емес,
Бөгенбай найзасының ұшыменен.

Жазған жыр Ақан сері мұңыменен,
Өлшенбес құлагердің құныменен.
Талай жыл ұйқтап жатқан Ерейментау,
Оянған Иманжүсіп үніменен.

Болмаған батыр бекер, ақын ада,
Ерліктің кір келтірмей атына да.
Астында Абылайдың ақ туының,
Тамызған тілдің майын Тәтіқара.

Қуат бар батырлардың ұранында,
Ойнаған тұлпарлардың құлағында.
Әлихан – әлем жүгін арқалаған,
Шербина шеруінің құрамында.

Осыған куә мынау қиыр далам,
Кеудесі кербез жердің күй ұрлаған.
Ежелгі Ерейменнің әр шоқысын,
Алаштың арыстары шиырлаған.

Ақтарып, ақ қағазға сызып өлең,
Жырлардың назар салып жүзіменен.
Көрейін мен де жерін,
Кел, оқушым –
Перуаш Кәрімұлы ізіменен.

Перуаш – Алаш перзенті

Дүниенің кім білмейді жалғандығын,
Байдан да, патшадан да қалғандығын.
Пеураш күні-түні еңбек етті,
Көтеріп иығымен арман жүгін.

Өзі де қасиетті жердің дәні,
Кеудесі – шешілмеген шер құндағы.
Алаштың арманына үлес қосып,
Күні-түн ойлағаны елдің қамы.

Деді де, не болса да халқым үшін,
Бар күшін аямады, бар тынысын.
Мал бағып,
Маң далада жүре бермей,
Қалады –
Оқу-білім талпынысын.

Осылай өркенді істі өзі бастап,
Ұстаздық ұлы жолды етті мақсат.
Білімнің биігіне шығып алып,
Өнердің өлмейміз деп, отын жақсақ.

Ерінбей елдің ішін аралады,
Кедергі, қиындыққа қарамады.
Жұмсады білек емес, жүрек күшін,
Батырдай жалғыз өзі даладағы.

Кірді де комсомолдың қатарына,
Арманның түсіп кетті сапарына.
Сенді ол,
Туған елде нұрлы таңның
Жарқырап бір күндері атарына.

Етпеді ісін онша дау-дабыра,
Сөз емес қар, жаңбырдың жауғаны да.

Салдырды талай мектеп өз қолымен,
Ақмола – Еркіншілік ауданына.

Шиырлап туған жерді әрлі-бері,
Қаумалап,
Қадірледі қауым елі.
Атақты арғы атасы – Ер Бөгенбай,
Әкесі – Әміреұлы Кәрім еді.

Ереймен тауларындай өркеші ірі,
Қашаннан берік еді ер кесімі.
Тұрлыбек – жаңа туған жас сәбиі,
Үйінде жан жары бар,
Ерке – есімі.

Алаштың таңдаған соң нұрлы жолын,
Үзген жоқ болашақтан бір күдерін.
Иесі шаңырақтың болады деп,
Төкен деп еркелетті Тұрлыбегін.

Ол кезде еңбек еті ауыр еді,
Сонда да ел көңілін тауып еді.
...Соңына түсті бір күн НКВД,
Аралап жүргенінде ауыл-елді.

Ісінде болмаса да ағат, кінә,
Талғамай шортанды да, шабақты да.
Елі үшін еңіреген есіл ерді,
Апарып тықты ақыры абақтыға.

Хаттар сөйледі

Сәбиін, жарын сағынды,
Жүректің сырын жасырмай.
Түрмеден хаттар ағылды,
Төгілген көздің жасындай.

Сарғайып жатып түрмеде,
Жанары талған кезі бар.
«Алданып қалып жүрме!» деп,
Жарына жазған сөзі бар.

Заманның зауал түрі бар,
Бұл күнде мүлде жол басқа.
Онан да оқып біліп ал,
Қатарыңнан қалмасқа.

Сылтау ғой,
Көзім көрсе деп,
Толқыды талай ой тағы.
«Шашымды алып берсе» деп,
Әкеге сәлем айтады.

Жеткенше қалам қарымы,
Жазады көзден жас тамып.
Көзінің нұры – жарығы,
Төкенін жиі еске алып.

Кеткендей бойдан бір еркі,
Төкені жанға тыныс боп:
- Жөргегін маған жіберші,
Жатайын жастап иіскеп.

Өзінше ойнап бетімен,
Күн бойы таппай тынымын.
Қоштаса алмай кетіп ем,
Нағып жүр екен құлыным?!

Жақсыға жоры мұны тек,
Көңілге қаяу салмашы.
Құдайдан тіле, үміт ет,
Ұрпақ қой – өмір жалғасы!

Қараймын жиі қақпаға,

Осындай күйде нар көкен.
Ақмола...
Қайран Ақмола,
Көретін күнім бар ма екен?!

Төкенім, өзің барсың деп,
Сол ғана үміт-арманым.
Әуелі жаным қалсын деп,
Көрерміз сосын, қалғанын.

Осылай хаттар тізіліп,
Төгілген көздің жасындай.
...Бұл күнде соның өзі үміт,
Атадан қалған асылдай.

Мен – келемін!

Бауырлар!
Бәріңді де тең көремін,
Тек қана сәл шыдаңдар,
Мен – келемін.
Даланың еліменен амандасып,
Даланың желіменен емделемін.
Бауырлар, сәл шыдаңдар,
Мен – келемін!

Жанына жамандықты жолатпаған,
Адаммын көңілге күй қонақтаған.
Жолдағы бәле-жала бәрі қалып,
Суындай таза бұлақ –
Әлі ақталам.

Алдымда қуанышым,
Бақ – таланым,
Бойымда – сағынышым сақтағаным.
Бауырлар!
Сәл шыдаңдар, тағат тауып,

Мен ертең, көп ұзамай ақталамын.

Шыдаңдар, тағат тауып, мен ақталам,
Қырандай қия-шынға қанат қағам.
Өлімім шаһит болса арманым жоқ,
Алайда өмір сүру керек маған.

Ел үшін өмір сүрем, балам үшін,
Әке үшін, асыл текті – анам үшін.
Сағыныш жырын толғап жаза берем,
Сынғанша қолымдағы қаламұшым.

Сендерді жыр жазамын жоқтап қанша,
Кеудемді жалын қаулап, от қапқанша.
Сағыныш жырын толғап жаза берем,
Соғуын сүйген жүрек тоқтатпаса!

Сеніңдер бұл сөзіме, шын келемін,
Көтеріп жеткізеді күн дерегін.
Бакыт боп,
Махаббат боп,
Абырой боп –
Мен әлі-ақ, алдарыңа мың келемін.

Өзімді алдамаймын, өзгені де,
Сеніңдер адал айтқан сөздеріме.
Атаның өзі болып, көзі болып,
Ұрпақ боп ораламын өздеріңе!

Азаттық – Алашымның арманы еді...

Азаттық – Алла берген әміріндей,
Келіп тұр сымбаты мен сәні бірдей.
Ортада Акорда боп орнап қалған,
Астана – Сарыарқаның тәңіріндей.

Астана –
Азаттықтың нақ тұрағы,
Дос түгіл үйренгендей жат құлағы.
Айналып тұғырына еркіндіктің,
Қанатын қырандардың қақтырады.

Өмірде ғажайыптар аз ба мына,
Оралдым өз мекенім, өз бағыма.
Ажары Астананың айқындалды,
Алаштың түскеннен соң ақ жолына!

Тұрғандай бой көтеріп Бәйтерегі,
Таңданып жау да басын шайқар еді.
Өзгеріп өткен күннің өне-бойы,
Жаһанның жанданғандай қайта реңі.

Тілегін туған елдің қабыл алып,
Ашады Астананың бағын әлі.
Қазақтың кереметін көрі үшін,
Ел ертең «ЭКСПО»-ға да ағылады.

Нұр тарап Сарыарқаның аймағына,
Есілдің тасып-толқып қайнары да.
Бар әлем Астанаға көз тігеді,
Қызығып Қазақстан байрағына.

Ақынның мен де бүгін ардагері,
Дауысым бар әлемді шарлап еді.
Келеміз Рухымен өмір сүріп,
Азаттық – Алашымның арманы еді.
Тарихтың жазып кеткен хаты ғажап,
Қуанып жер жүзінде заты қазақ.
Алаштың арманымен өсіп-өнген,
Жасасын, Тәуелсіздік,
Аты – Азат!

БІРІНШІ ОРЫН

Ибрагим ИСАЕВ,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

ЕЛІН СҮЙГЕН ЕР

*«Алаш» қозғалысын қолдаушы,
23 жасында халқы үшін құрбан болған
Перуаш Кәрімұлының 100 жылдығына*

Біреулердің санасы
ерте оянар елі үшін,
Сол арқылы өзінің
кеңейтеді өрісін.
Елін сүйген ерлерді,
дұшпандарға тең көрді,
Қай кезде де
түлкінің
жамылғандар терісін.

Әр заманның өзіне
лайықты заңы бар,
Сол заманның адамы
тек сол заңға бағынар.
Тұлпарларға жол бермей,
жалпылдайды жабылар,
Сұңқарларды торитын
жапалақ та табылар.

Арландарды азайтса,
кеңітіндей өрісі,
Қабаттасып жүреді
әр заманның бөрісі.
Алаяқтар тасанда
өмір сүрер қашанда,
Ақылы бар адамнан

ажыраса ел іші.

Елін сүйген ерлерді,
тастадық та жазалап,
Таппай қалдық содан соң.
«Елім» дейтін азамат.
Жеткен жоқпыз әлі де,
тамырына шындықтың,
Біткен жоқпыз тарихтың
шаңын әлі тазалап.

Ақиқаттың жолына
жатып алып көлденең,
Адалдардың қанына,
арамзалар шөлдеген.
Тарылған соң өрісі,
азып, тозып ел іші,
Ақылдының көбісі
ажалынан өлмеген.

Жүретұғын ел ішін
дүрліктіріп,
қан ғылып,
Қол шоқпары биліктің,
қай кезде де әнгүдік.
Осы үрдіс өзінше
салтанат пен сән құрып,
Өзгеріссіз жалғасып
келе жатыр мәңгілік.
Кететіндер кетті енді,
өсиет қып өткенді,
Қарап тұрсаң, бұл да бір,
өзгермейтін заңдылық.

Арыстардың соңынан
ерген не бір боздақты,
Сұм заманның соққысы
жайпап тастай жаздапты.
Ақылды ұғ пақ олардың
атын қайта тірілтіп,

Ақылды ұрпақ олардың
отын қайта маздатты.

Қанша қымбат болса да,
қарапайым халыққа,
Арыстары «Алаштың»
сыймады тар қалыпқа.
Көрсететін олардың
болашаққа сенгенін,
Мақсатын да,

мұратын,
жеткізейік халыққа!

Ей, жас ұрпақ, аяла Алаш атын!

Алаш,

Алаш болғалы не істемеді!

Ынтымаққа ұмтылды көшкен елі.
Саясына ел-жұрты саялайтын,
Бәйтерек боп кезінде өскен еді.

Алаш

Алаш болғалы не көрмеді!
Бір кездегі тамыры тереңде еді.
Неге деме,
тамыры қырқылған соң,
Келе-келе бәйтерек төмендеді.

Біз көрмеген Арыстар сөзі құтты,
Табанына заманның езіліпті.
Өз бағасын қазақтар өзі құртты,
Өз жағасын қазақтар өзі жырты.

Түнереді Алаштың неге аспаны?
Неге осы атпайды Алаш таңы?
Қайдан жұққан әдет бұл қазақтарға
Қалған-күтқан әйтеуір жақ ашпады.
Шортик кигізгендей ғып жалаңбұтқа.
Алдық қайта қоғамды жаңартып та.

Елін сүйген кешегі Арыстардан,
Жемқорлардың бүгінгі жаны артық па?

Қараңғыдан ұмтылды жарыққа да,
Өткеніміз – бүгінге анықтама.
Ардақтысын аялай алмайды әсте,
Еретеңіне сенімсіз халық қана.

Кетті өзгеріп әлемнің түрі бүгін,
Барады жер жоғалтып жылылығын.
Таныта алмай келеміз әлі күнге,
Арыстардың кешегі ұлылығын.

Алысқа да сын ғой бұл,
жақынға да,
Бізге үлгі болмады батыр баба,
«Халық қашан оянат», деп, Алаштың,
Жүрміз қазір аялап атын ғана.

Аты ғана осынау «Алаш» деген,
Қоламтаға ұқсайды әлі өшпеген.
«Алаш» деген

біздегі тоғышарға,
Әзірейлі сияқты елестеген.

Талай, талай құлады арман күзға,
Шынымен-ақ меңіреу боп қалғанбыз ба?
«Алаш» деген,

ұқсайды бұл заманда,
Өз еліне төркіндеп келген қызға.

Өзгертпеуге тиіспіз дала салтын,
Топастық қой түсінбеу «Алаш» атын,
«Алаш» деген – өз халқың,

өз намысың,
Ей, жас ұрпақ,
ертеңге жол ашатын,
Ардақтауға тиіссің «Алаш» атын!

АДАШ АПТАЛЫҒЫ

АЛАШ АПТАЛЫҒЫ

(Қазақ үні №49 (657) 8 маусым, 2014)



XX ғасырдағы бүкіл қазақ қоғамының көшбастаушысы болған аса ірі мемлекетшіл ұлттық қозғалыс – Алашты тану «Ақ жол» партиясының басты бағыттарының бірі болып табылады. Алаш мұраты мен мұрасына адалдықпен батыл көңіл бөліп отырған партия ағымдағы жылдың 5 желтоқсаны күні елордамыз Астана қаласында халқымыздың абыройын асырып, рухын көтеретін бір биік межесі - «Алаш апталығын» бастады. Бұдан бұрын партияның белсенділері 2012 жылдың 5-13 желтоқсаны аралығында Алаш ұлт-азаттық қозғалысының, Алаш партиясының, Алаш Орда үкіметінің және Алаш автономиясының құрылғанына 95 жыл толуын ұлықтау үшін, Отанымыздың іргелі мекендерінің бірі саналатын қазақ ақыл ойының эзиз бесігі, кезінде «Алаш қаласы» атанған - Семей шаһарында қалалық әкімдікпен бірлесе отырып, тұңғыш рет «Алаш апталығын» өткізген болатын. Биылғы жылы Алаш ұлт-азаттық қозғалысының 97 жылдығы құрметіне орай иманды да, ғибраты мол жобаға бұқаралық сипат беру мақсатымен республика көлемінде іске асыруды қолға алды. Аталмыш іс-шара Шығыс Қазақстан облысының Семей, Оңтүстік

Қазақстан облысының Шымкент, Маңғыстау облысының Ақтау қалаларында да жалғасын табуда. «Алаш апталығын» келесі жылдан бастап, барлық облыс орталықтарындағы партиямыздың филиалдары дәстүрлі түрде өткізетін болады. Ең маңыздысы, апталықтың жұмыстарын жүргізуге ғалымдар қауымының мүдделі болып, басшылық жасап отырғандығының өзі бір ерекше абырой.

Кітапты құрастырушылардың фототүсініктемесі.

Алаш апталығының ресми түрде басталғанын, Алаш апталығының бірінші күніне жиналғандардың «Қараөткел қорымында жерленген Кенесары ханның 255 сарбазы мен Алаш арысы Смағұл Сәдуақасұлының» бейітіне зиярат етуінен кейін, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің гуманитарлық институтының директоры, Тарихшылардың Ұлттық Конгресінің ғылыми хатшысы Зиябек Қабылдинов пен ЕҰУ-нің «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының директоры Сұлтан Хан Жүсіп жария етті.



Суретте: т.ғ.д., профессор З.Қабылдинов және PhD С.Жүсіп апталықты ашып тұр.

2014 жылғы **XXI ғасырдағы АЛАШТЫҢ АҚЖОЛЫ** ғылыми жинағының екінші шығарылымының, тұсаукесері



Еуразия Ұлттық университетінің кітапханасына **XXI ғасырдағы АЛАШТЫҢ АҚЖОЛЫ** кітабы тарту етілді. Оны кітапхана ұжымына «Ақ жол» ҚДП Орталық кеңесінің хатішысы Сәбит Байдалы табыстады.



Мұхтызар Тутақовтың Алаш өміріне арналған «Ақ жол» партиясының тапсырысымен жазылған **«Мұрат үшін майдан»** пьесасының екінші тынысын ашқан жазушы, драматург Өтен Ахметпен болған дөңгелек үстелді Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің проректоры, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, ф.ғ.д., профессор Дихан Қамзабекұлы жүргізіп отыр.



*«Алаш апталығының» аясында «Ақ жол» партиясының
Маңғыстау филиалының бастамасымен
«Жалау Мыңбаев» кітабының таныстырылымы болып
өтті.*



*Алдыңғы қатарда отырғандар ішінде
Ақтаулық қонақтар да бар*

*Жиналғандар сондай-ақ Алаш арыстарының өлеңдерін
мәнерлеп оқыған жастардың өнерлерін тамашалады.*



МАДИЯР ТҰРАПОВ

(№48 мектеп-лицей, Астана қаласы)

Мағжан Жұмабаевтың өлеңі:

САҒЫНДЫМ

Абақтыда айдан, күннен жаңылдым,
Сарғайдым ғой, сар даламды сағындым.
«Қарашығым, құлыным», - деп зарлаған
Алыстағы сорлы анамды сағындым...

Алтын күнді, қара жерді сағындым,
Жан жолдасым – жүйрік желді сағындым.
Асау тайдау еркелетіп өсірген –
Ағайынды, туған елді сағындым...

Бостандықта өткен күнді сағындым,
Желдей заулап кеткен күнді сағындым.
Жыл құсындай ұшсам, қонсам ерікті –
Ойдағыны еткен күнді сағындым...

Ойыны бір кұрдастарды сағындым,
Тілегі бір жолдастарды сағындым.
Келешекке бірге жоспар құрысқан –
Сырласатын жан достарды сағындым.
Уға толы жас жүрегім, жабықтым,
Таныс дауыс ести алмай зарықтым.
Не дегенін, не істегінін біле алмай,
Қоры болдым ғой азат жүрген халықтың!..



ҚҰНДЫЗ НАЙМАНБАЕВА

Ахмет Байтұрсынұлы:

АНАМА ХАТ

Қарағым, дұғағөйім, қамқор анам!
Арнап хат жазайын деп, алдым қалам.
Сені онда, мені мұнда аман сақтап,
Көруге жазғай еді Хақ тағалам!
Бара алмай, өтірікші болып әбден,
Семейдің түрмесінде отыр балаң.
Мал ұрлап, кісі өлтірген айыбы жоқ,
Өкімет, өр зорлыққа не бар шараң!
«Үмітсіз шайтан болсын» деген сөз бар,
Жолдар көп жаннатқа да тарам-тарам.
Оқ тиіп он үшімде, ой түсіріп,
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам.
Алданып тамағыма, оны ұмытсам,
Болғандай жегенімнің бәрі харам.
Адамнан туып, адам ісін етпей,

Ұялмай, не бетіммен көрге барам?!
Көп айтпай, қысқасынан сездіретін –
Балаңның мінезі бар сөзге сараң:
Кетер деп «суға құлап, отқа түсіп»,
Қайғы жеп, менің үшін болма алаң!
Отырмын абақтының бөлмесінде,
Бұйрықсыз көз жетеді өлмесіме.
Есіктің құлпы мықты, күзетші көп,
Ажалдан басқа ешкім келмесіне.
Қоршаулы айналасы, биік қорған,
Берік қып салған темір терезесіне.
Қалайша мұны көріп көңіл сенбес
Аттанып жау келсе де бермесіне.
Қаламда лаухұл-махбуз ұмытқан ба,
Жазбапты бұл орынды көрмесіме.
Қаңбақпен салмағың тең бұл бір заман,
Блаж жоқ жел айдаса ермесіңе.
Тайпалған талай жорға, талай тұлпар
Тағдырдың кез болып тұр кермесіне.
Солардан жаным-тәнім ардақты емес,
Орынсыз күйзелейін мен несіне!



ФАРИЗА БЕКАЙДАРОВА

Мағжан Жұмабайұлы:

ҚАЗАҒЫМ

Қазағым, таянды ғой қылта мойын,
Жер, мал кетіп, бос қалды біздің қойын.
Қарашы өзіңе-өзің көз жүгіртіп,
Жаратпас бұдан былай күлкі-ойын.
Жетті енді қам жер мезгіл, жатпа бекер,
Ойламай келешекті түпке жетер.
Надандық қоршап алған тұс-тұс жақтан
Жан қорқып, дене тітіреп, есің кетер.
Тасталық болыстыққа таласуды,
Таласып жаман көзбен қарасуды.
Мың-мыңның төгілуі жетер енді,
Ізделік аққан бұлақ – қара суды.
Бар жерді күннен-күнге алып жатыр,
Біреулер алып қала салып жатыр.
Қырылысып өзді-өзімен қазақ сорлы,
Жерінен аузын ашып қалып жатыр,

Кел, қазақ, қолдағыдан құр қалмайық,
Отырайық жиылып, ондалайық.
Мың жылғы өткен қуам де пата заңды,
Өнерден кеш қалармыз, ойланайық.
Жер қалар, біз жиылып қала салсақ,
Қайдағы онды жерді таңдап алсақ,
«Ауыл болсаң, қоғам бол» - деген сөзбен
Бұлтармай ертеңді-кеш жүріп барсақ.
Сол шақта көп түкіріп көл де болар,
Көлде толқын айдаушы жел де болар,
Мектеп, медреселер көп салынып,
Ағайын тату-тәтті ел де болар.
Жиылмай, өнерге аяқ баса алмаспыз,
Нық сіңген надандықтан қаша алмаспыз.
«Заман түлкі болғанда, тазы болмай»,
Биік қырдан алдағы аса алмаспыз!

*Кезек өз өлеңдерін оқыған ақындарға да тиді. Мүшайра,
Жыр додаларында бәйгеңің алдын бермейтін ақиық ақын
Серік Тұрғынбеков Әлихан, Ахмет, Міржақып, Тұрар,
Сұлтанбек, Сәкен, Ілияс, Бейімбет болып сөйледі.*



СЕРІК ТҰРҒЫНБЕКОВ

МОНОЛОГТАР

ӘЛИХАН:

– Парызың көп Тірілер,
Өмір-күрес, жанталас.
Заман туса бірігер
Басыңды қос, алты Алаш.
Қазағымның әр үйін
Қуат беріп қолдаған.
Әли десең - Әлиің,
Хан десеңіз - Хан болам.
Ұлдар туар Ержүрек,
Атар әлі таң - нұрың.
Бөлінсеңдер бөрі жеп,

Тәлкек болар тағдырың,
Аспан әлем - нұрланса,
Жау шықпайды тасадан.
Алаш туы бір болса,
Бауыр – бүтін, Бас – аман!

АХМЕТ:

– Түбім – түрік,
Мен өзім,
Ахметпін – қазақпын.
Болмай қалса керегім,
Отына сал тозақтың.

Білім деген – бір тұма,
Көзін ашпас аса көп.
Ұйықтап жатқан ұлтыма
Ызындадым Маса боп.

Алған беттен таймаса,
Қайран Ерлер – өркеуде.
Жұрт бүгінін ойласа,
Менің ісім – Ертеңде.
Белді бекем буған соң,
Бар азапты көрдім мен.
Қазақ болып туған соң,
Қазақ болып өлдім мен!

МІРЖАҚЫП:

Жемісі мол ағаштан,
Ел керегін алғанша,
Аянбадым Алаштан,
Жалғыз жаңқам қалғанша.

Бұлтсыз өмір - жазғы аспан,
Кіршігі жоқ қарашы...
Барлық қазақ қаз басқан
Бір атаның баласы.

Аз өмірде әуре боп,
Көп тартқанмен азапты.
Санасына сәуле боп,
“Оятып” ем қазақты.
Кем кетігі толды ма,
Болса әлде де, керегім,
«Оян, қазақ» орнына,
“Ойлан, қазақ!”- дер едім!

ТҰРАР:

Мен Тұрармын, Тұрармын,
Қос қанатты қыранмын.
Қайырмасы секілді
Айтылмаған бір әннің.

Азып - тозып аз күнде – ақ,
Елім кетті азғындап.
Қамын ойлап халқымның,
Сталинге жаздым хат.

Тарттым өмір азабын,
Көрдім ғұмыр ғажабын.
Сол хат менің арым да,
Сол хат менің ажалым!

Қызығым көп жоғалған,
Шаттығым көп тоналған.
Халқы үшін атылған
Азаматта жоқ арман!

СҰЛТАНБЕК:

Мен Сұлтанмын, Сұлтанмын,
Өз еліме ұлтанмын.
Әуелден - ақ білгенмін,
Ататынын бір таңның.

Шешен десең шешенің,
Көсем десең көсемің.

Кесіп тастай алмадым,
Замананың кеселін.

Орындалмай тілегім,
Сокпай қалды жүрегім.
Өз халқымнан кіші едім,
Сталиннен ірі едім!

Көшпей қойды бастан бұлт,
Елге жасап қастандық...
Қайтып келді бәрібір,
Мен аңсаған Бостандық!

СӘКЕН:

Мен – Сәкенмін!
Сейфолланың баласы,
Жазылмаған жүрегінің жарасы.
Мен құдайдың ажалынан өлгем жоқ,
Мені өлтірген адамдардың наласы.

Он жетіде ту ұстадым қолыма,
Мақтанышпен мадақтадым оны да!
Қыран едім, қанатыммен соғылып,
Өзім түстім қастандықтың торына.

Көжегіне ұксамадым қоянның,
Қатарымнан тым ертерек ояндым,
Қызыл туды жырлап едім армансыз,
Ақырында, қызыл қанға боялдым.

Бостандықтың күте - күте әр таңын,
Енді соның шын азабын тартамын!
Мені атқан адамдардан қорықпаймын,
Елін сатқан адамдардан қорқамын!

ІЛИЯС:

Ілияспын!Өлеңге мұрагермін,
Иесімін мынау ел, мынау жердің.

Құлагерді жазып ем жүрегіммен,
Тағдырына тап келдім Құлагердің.

Жетісұмын,
Алтаймын,
Сары Арқамын,
Жарылмады жүректе жанартауым.
Түгел көріп, қайтейін кете алмадым,
Қазақстан жерінің бар алқабын.
Туған елдің туымын, айбарымын,
Жетісудың менде бір қайнарымын.
Жауларыма сұстымын – алмас қылыш,
Жайшылықта жайсаңмын, жайдарымын.

Басылды дау - дабыра,
Өзеніме иемін, тауларыма.
Егеменді ел болып қайтардыңдар,
Менің кеткен кегімді жауларыма!

БЕЙІМБЕТ:

Жазам, жазам әлі де, бір тынбаймын,
Қонса - дағы бір күн бақ, бір күн кайғың.
Амангелді, Жалбырға жан бітірген,
Бейімбетпін - Досымын Мырқымбайдың.

Шұға – менің өз мұңым,
Туған елден жоқ менің өзге асылым.
Құрымбайдай жігіттің құрдасымын,
Аштан өлген Күлпәштың көз жасымын.

Мінген атым астымда тепектеген,
Белсенді көп бұйрықты екі етпеген.
Көкбазарға сатуға бара жатыр,

Көк сиырын Дайрабай жетектеген.
Тәуелсізсің, айналдың өркенді елге,
Қаптап, қаулап гүл өсті өртеңдерге
Кеше жаздым мұңымды, бүгін жазам.
Мен сендермен біргемін ,Ертеңде де!



ҚАЙЫРБЕК КЕМЕҢГЕР

БАБАМ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Тарих – теңіз, тағдыр – толқын болғанда,
Жеткен емес адам арал-арманға.
Кемеңгердей кемемізді көп соқты
Асау толқын аласапыран жалғанда.

Туып-өскен алтын бесік ұяны,
Тастап қай жан ескі жұртын қияды?
Толқын қуған кеме кетті шалғайға,
Кетті бірге тектілердің тұяғы.

Барды бабам не себепті Шұбарға?
Бұл сұраққа берер жауап бір Алла.
Білсе адам өлер жерін біледі,
Білмес адам қай жер болар туарда.

Жатсынбады Омбы бізді көп бөтен,
Салт сақтаған ата-бабам мықты екен.
Баянаула – Атамекен қалғанда,
Омбы болды Қошке атама құт мекен.

Қоныс қылған кәрі Ертістің жағасын
Омбы оқытты талай қазақ баласын.
Мағжан, Сәкен, Қошке менен Смағұлдар
Армандады көркейтем деп алашын.

Армандады сақтаймыз деп елдігін,
Салт-санасын, жердің дарқан кендігін.
«Бірлік» атты ұйым құрып, бірлесіп
Қазағының армандады теңдігін.

Ұлттың қамын ерте ойлағты ол Омбы,
Жазды Мағжан: «Алашым», - деп өленді.
Жазды Қошке «Алтын сақинасы» мен
«Қазақ тарихынан» зерттеу көлемді.

Оқығанға үмітпенен қарады ел,
Жазды Смағұл «Жастарына жаңа жол».
Жас талпынды барлығы да сезгендей
Ерте қоныс болатынын қара жер.

Қатал тағдыр Қошке атамды сынады,
Үзілердей болды асыл жыр-әні.
Қаламына тыныштықты беретін
Қала Ташкент болды ендігі тұрағы.

Бір бас емес, қамын ойлап бар елдің,
Қандай сыбаға білмей тартар келер күн,
«Ақ жол», «Сана», «Талап» жаққа талпынды,
Тілектесі болып Жақып, Халелдің.

Күрт өзгерді аласапыран заманы,
Алты жыл тек жазды қайран қаламы.
Алты жылда алты кітап шығарып,
Алты Алашқа ардақты аты тарады.

Отыз төртте жазған қалам жай қалды,
Отыз төртте ғазиз жүрек қайғы алды.
Бастан кешіп абақтының қорлығын,
Украина аймағына айдалды.

Бастан кешіп түрме, қуғын-сүргінді,
Тыныш күнін ол аңсады бір күнгі.
Елге оралып ақырында айдаудан,
Ағайынмен бір жылады, бір күлді.

Шыдай алмай азабына қайғының
Қарт анасы қайтқан екен ай бұрын.
Тым болмаса топырақ та сала алмай,
Жалғандағы ол жоғалтты байлығын.

1937. Тамыз күн.

Бақылауда болған кезі әр іздің.
Абзал әке, аяулы жар, қаламгер
Мәңгілікке кете барды. Қарыз кім?!

Қырық бірінде қиды жанын қорғасын,
Қырық бірінде имей өтті ол басын.
«Аруағың, баба, бізді қолдасын!», -
Деп жырлайды бүгін сенің жалғасың.



БАУЫРЖАН ҚАРАҒЫЗҰЛЫ АҚЫН РУХЫМЕН СЕРТТЕСУ

*Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты –
Мен жасстарға сенемін!*
Мағжан Жұмабаев

Кереқарыс маңдайынан ғарышқа жол салып,
Шаһиттік Ер ғұмыр шалқыған!
Сұңғыла сертінде бодандық булығып,
Дұғалы сөзінде азаттық аңқыған!
Арыстан жүректі, абадан мінезді асылым!
Ажалды жылатып, айбынды от жырың,
Жалғанды жұбатты періште пәктігің.
Жан мұңын сөйлетіп,
Ар құнын құлпыртып,
Алаштың демінен Жұмақтың суретін билетіп,
Кешегі кереуіз сатқынды састырып,
Бүгінгі сорауыз жалтаққа қастығып,

Көңілдің көгінде қырандай сусылдап,
Жүректің қобызын күңіретіп,
Қош келдің біздерге, Ақ Сәуле – АқтықҮн!
Тәңірі тірілтіп, Тәңірі қолдаған,
Бес күндік өмірдің өзегін жалғаған,
Ер Баба тілінен өр, дана Рухың нәр алып,
Сегіз қыр Сөзіңнен сегіз нұр таралып,
Күншығыс көзінен күрең нұр қара өлең лаулатып,
Күнбатыс көгіне Күн болып жаралып,
Алашқа Алланың Самалын естіріп,
Қош келдің бұл жерге, қаһарман хас Ақын!

Қош келдің, Жанарым!
Туған жер топырағын толғатып,
Жібектей желімен сырласып,
шөбімен, аңымен, құсымен мұндасып,
Түбі бірТүркі үшін,
Алтайдай құлазып,
Арқадай аңырап,
Тұранның төсіне жұлдызды ойлары жамырап...
Қаламның ұшынан Әлемнің сезімін түрленткен ҰлыАқын!
Қош келдің Тәуелсіз Түркіге!
Қош келдің Тәуелсіз Қазаққа!

Даланың көшпелі Обалын ойлаған –
Сананың мәңгілік Шырағы.
Ойының киелі тұмары,
Рухы сусаса сусындар қасиет бұлағы –
Сендегі Аңсардың зарымен,
Үміттің қанымен көктеген жазбалар,
Қазақтың Есінде Дес болып жайқалып,
Жусандай бұрқырап тұр әлі!

Сен сендің Жастарға,
Сен сенген мына Мен –
Сөзіммен шайтанды шошыттым!
Өзіммен кәпірді жасыттым!

Желтоқсан желінде Қайрат боп қаһарым жұлқынып,
Ажалға жүгірдім кегіммен ұмтылып!

Содан соң...

Кірпіктің ұшында қуаныш мөлдіреп,
Көзімнің ішінде КөкТуым желбіреп,
Арқаның төсіне айбарлы Астана орнатып,
Алаштың мерейін тасыттым!

Сен сенген мына – Мен,

Е-е-хе-хе-ей!!!!

Қарашы, адамның аспан тек баласы!

Иманым жүзімнен жыр болып шашырап,

Күн болып шаттанып, шалқақтап күлемін!

Білемін,

Көмейден күй сынды сұңқылдап тілегім,

Ел үшін жұлыным жұлынса өкінбен!

Хас Ақын,

Мен саған Ант етем!

Алланың жұпарлы Атымен Ант етем!

Әлемге сүйгізем Қазақтың хұсни жүрегін!

*«Алаш апталығында» ЕҰҰ ғылыми кітапханасы
«Алаш идеясы – мәңгілік елдің ұйытқысы» атты кітап
көрмесін ұйымдастырды.*



Алаш апталығы дәстүрге енген «Ақ жол» партиясының
«XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» атты
Жалпыұлттық байқауының қорытындысын шығаруға
арналған ғылыми-тәжірибелік конференциямен аяқталды.



Алаш апталығына Астананың ғылыми ортасының өкілдері, студенттермен қатар Алаш арыстарының ұрпақтары да белсене қатысты.



Светлана Тыныбекова



Жамбыл Кәмелов



Бисенова Роза



Құралай Кәмелова

**АЛАШ
ТАҒЫЛЫМ-
ДАРЫ**

Ғылыми жинақты құрастырушылар түсініктемесі

«Ақ жол» демократиялық партиясы былтырғы 25 ақпаннан «Алаш тағылымдары» дәрістерін бастағаны белгілі және оны тыңдармандар жылы қабылдауда. Бүкіл республикаға он-лайн режимінде таратылатын бұл дәрістерді елімізге белгілі алаштанушы ғалымдар мен зерттеушілер жүргізуде. Ғылыми жинағымызға солардың үлкен жауапкершілікпен дайындаған зерттеу еңбектерін енгіздік, олардың оқырмандар тарапынан да лайықты бағасын алатына шүбәміз жоқ. Сондай-ақ біздің осы кітаппен жұмыс істеп жатқанымыздан хабардар (ғылыми жинақтың үшіншісін шығарып отырмыз ғой) болып қалған Алаш тақырыбына қалам тартып жүрген жекелеген азаматтардың жинағымыз үшін арнайы жазған Алаш қайраткерлері туралы материалдарын да назарларыңызға ұсынып отырмыз.



ҚАЙРАТ САҚ

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті Журналистика
және саясаттану факультетінің деканы,
профессор, Алаштанушы.

АЛАШ КӨСЕМСӨЗІНІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ МЕН ӨМІРШЕҢДІК МӘНІ

Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсап-армандаған ел егемендігіне қол жеткізіп, өз алдына дербес, Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің іргетасы қалана бастағанына биыл жиырма төрт жыл толады. Бұл тарихи өлшем таразысына салғанда қас қағым сәт көрінгенмен де, адам өмірімен салыстырып қарағанда едәуір уақыт. Бұдан жиырма төрт жыл бұрын дүниеге келген сәби – бұл күнде есі кірген ер жігіт. Соған ұқсас осы мезгіл ішінде халқымыздың ой-санасында да үлкен-үлкен өзгерістер болуда. Ең бастысы, бірнеше ғасырға созылған отаршылдық езгі салдарынан қанымызға сіңе бастаған құлдық психологиядан арылуға деген талпыныстың өзі - үлкен жетістік. Соның нәтижесінде халқымыз ұлт ретінде өзін-өзі танып қана қоймай, сонымен бірге жасампаздық қырымен сыртқы елдерге танылуға мүмкіндік туып отырғанын бөле айтқанымыз ләзім.

Тарихы жоқ ел болмайды. Елдің ертеңі бүгіннен басталады десек, ол – дау жоқ, кешегінің жалғасы. Ендеше ел болашағын ойлауды өткенімізді біліп, бүгінімізді танудан бастағанымыз құба-құп. «Тарихты бірін өзіміз ұнатып, құптайтын, ал келесісін «жағымсыз» санап, бойымызды аулақ салатын үзік-үзік оқиғалардың жиынтығы деп пайымдамау керек. Яғни өткенімізді тұтас күйінде, ешқандай боямасыз, қоспасыз, қаз-қалпында қабылдағанымыз ләзім. Ал өткен жылдар шежіресін үнемі әрі бұрмалаусыз зерделеп отырудың

жөні бөлек. Мұның өзі өткендегі тәжірибенің жақсысынан үйрену үшін, ескі қателіктерді қаулата бермес үшін, жаманнан жирену үшін қажет», - дейді бұл турасында Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Жадымызда жатталсын, татулық дәйім сақталсын» деген тарихи еңбегінде.¹

Баспасөз қай уақытта да қоғамдық өмірдің айнасы, шығып тұрған заманының шынайы шежіресі екендігі белгілі. Оған Алаш басылымдарының тағдыр тауқыметі мен көтерген көкейкесті мәселелерін тарата талдау барысында тағы да көзіміз айқын жетті. Айталық, «Қазақ» газетінің XX ғасыр басындағы қазақ қоғамдық өмірі тарихынан алар орны – өз алдына бір төбе. Ол әдебиетіміз бен мәдениетіміздің гүлденіп дамуына ғана емес, ұлттық ойсананың бұр жарып, азаттық идеясының лаулап жануына, ел тәуелсіздігі жолындағы ғасырларға ұласқан ұлы күрестің қанат жайып, ақырында жеңіске жетуіне қосқан үлесі орасан зор басылым. Бұл – ешқандай дәлелдеуді тілемейтін, таласы жоқ, тарихи шындық.

Кезінде «қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газетінің»² ең алдымен, тарихи құны жоғары.

Біріншіден, газет материалдары XX ғасырдың алғашқы жиырма жылында қазақ даласында көрініс тапқан қоғамдық үрдістердің деректемелік көзі ретінде аса қымбат.

Екіншіден, ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалысының қалыптасып, даму арнасында дүниеге келген басылым ел бостандығы жолындағы күрес идеологиясының ұясы болуымен де бағалы. Ендеше екі жақты қыспаққа – отарлық езгі мен феодалдық мешеулікке қарсы күресте шынығып, шыңдалған қазақ зиялыларының ұстанған жол, мақсат-мұраттарын анықтауға «Қазақ» материалдары мүмкіншілік береді деген сөз.

Үшіншіден, Алаш көсемдерінің там-тұмдап жинаған өмірлік мәні зор бай тәжірибелері мен тәлім-тәрбиесінен өнеге алу үшін де бүгінгі ұрпақтың басылым мұраларымен танысуы ауадай қажет.

¹ Назарбаев Н.Ә. Жадымызда жатталсын, татулық дәйім сақталсын // Егемен Қазақстан, 1998, 16-қаңтар.

² Әуезов М. Ахаңның елу жылдық тойы // Ақ жол, 1923, 4-ақпан.

Төртіншіден, газет тігінділерін парақтау арқылы бүгінде ұмытыла бастаған халқымыздың ықылым заманнан келе жатқан ата салт, озық дәстүрлерін жете біліп, терең игеруге мүмкіншілік туады. Ол, сөз жоқ, соңғы кездері рухани жұтаңдыққа ұшыраған ой-сананың қайта көктеуіне, бүр жарып, қанат жая өркендеуіне септігін тигізетініне сеніміміз мол. Осы қырынан келгенде, «Қазақ» бір ғана ұлттық баспасөз тарихын білу үшін, яғни журналистерге ғана қажет басылым емес, ол – берісі, тарихшыларымыз бен әдебиетшілерімізге, керек десеніз, барша жұртымызға жете білуді керек ететін асыл қазына.

Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов және М.Дулатов сынды халқымыздың біртуар ұлдары басшылық еткен басылымға сол кездегі қазақ оқығандарының, көзі ашық, көкірегі ояу зиялы азаматтарының үн қатпай қалғаны некен-саяк. Осыдан-ақ газеттің арқалаған жүгінің қаншалықты ауыр әрі жауапты болғандығын аңдау қиын емес. Алдымен, патша үкіметінің, кейін келе кеңес өкіметінің газет соңынан тал түсте шырақ ала түсіп, ізін андуы, жөн-жосықсыз айыпқа тартуы, ақыр соңында үні жұрт құлағына жетпестей тар қапаста «құлыпталып» ұсталуы бекерден-бекер емес-тін. «Қазақ» кезінде халқының көзі, құлағы һәм тілі қызметін атқарды. Ал осы үшеуі аман тұрғанда халықтың ақыл-есін жаулап алу босқа төгілген термен тең екендігін жақсы ұғынған отаршыл пиғылдағы елдің «көсемдері» «Қазақ» секілді ұлттық басылымдар мен оларға сөз жазушы азаматтардың үнін өшіру арқылы ойлаған мақсаттарына қол жеткізуге тырысып бакты. Белгілі бір дәрежеде ол армандары орындалды да. Қазіргі, мәңгүрттік дертінің ел ішінде дендеп тұруы, тіліміз бен дініміздің нашар халі, керек десеніз, ел тәуелсіздігіне деген жұрт ынта-жігерінің енжарлығы сол сепкен ұрықтың жемісі демегенде, не дейміз?!

Аурудан құлан-таза айығудың амалы – оның неден болғанын біліп, соған қарай ем қолдануда екенін «Қазақ» қаламгерлері оқырмандарына жиі ескертеді. Олай десек, кезінде соқыр саясат салдарынан жөн-жосықсыз жабылып қалған ұлттық рухани бұлақтардың көзін ашып, шөліркеген жұртына сусынын қандыра қызмет етуіне мүмкіншілік туғызсақ, ел рухының тірілуіне септігін тигізерінен үмітсіз емеспіз, сеніміміз мол.

Мұрағат материалдарына жүгінсек, алаш азаматтары «Қазақ» газетін шығаруға сегіз жылдай дайындық жұмыстарын жүргізгендігі байқалады. Оған сонау 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы айқын дәлел. Сол арыз-тілекте қазақ тілінде бейресми газет шығаруға рұқсат ету жөнінде патша үкіметінен арнайы талап етілген бап бар екендігі бұрыннан белгілі жай. Белгісіз болып келгені – халқымыздың азаттық жолындағы күрес тарихынан ойып тұрып орын алатын осынау наразылық құжатты Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов және Ж.Ақбаев сынды ардақты алаш азаматтары ұйымдастырғаны. Бұл жөнінде Ә.Бөкейхановтың «Семипалатинский листок» газетінің 1905 жылғы 8-желтоқсанда жарық көрген Ресей мемлекеті земскі және қалалық қоғам қайраткерлерінің съезінде жасаған баяндамасында нақты мәліметтер келтірілген. Ендеше кейіннен «Қазақ» қаламгерлерінің ұйытқысы болған тап осы топ сол кезден бастап-ақ жалпы ұлттық газет шығару идеясының жетегінен ұстап, соны жүзеге асыру жолында көп ізденісте болған деуімізге толық негіз бар.

«Қазақ» газетін ХХ ғасырдың алғашқы жиырма жылындағы қазақ қоғамдық өмірінің шынайы шежіресі, ұлттық сананың ұйытқысы және жана үлгідегі қазақ баспасөзінің негізін қалаған энциклопедиялық басылым деп бағалауға әбден болады. Аталмыш кезеңде «Қазақтың» жеті өлшеп, бір пішер шешімінсіз, басылым басқармасының жетекшілігінсіз бірде-бір уақиға болмады десек, ол – соның дәлелі. «Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың әруақты аты» өшпесін әрі «киргиз» болып шатаспасын деген мақсатта «Қазақ» деп ат қойған газеттерінде алаш азаматтары «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара» халқының қамы үшін аянбай қызмет етті. Олардың «білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген аталы сөзді алдарына тұтып, бақша баққан бағбандай, тер төге еткен еңбектері зая да кеткен жоқ. «Қазаққа» деген игілік нәрсені енгізу жолында» қызмет еткен, «Сырттан жамандық болса, күзетші орнына жұмсалған» газет өз заманында халықты қараңғылық қамауынан адастырмай жарыққа алып шыққан бағдаршам дәрежесіне көтерілді. Оған халқымен қауышуды күтіп, мұрағаттарда сарғайған газет тігінділерінің кез келген бетін тілге тиек ету арқылы көз жеткізу аса қиын емес. Олардың әрқайсысы

тарихымызды «ақтандақтардан» арылтып, ұлт руханиятының алтынмен жазылар бір-бір парағы болуға әбден лайық.

Әрине, бұдан «Қазақ» тек тарихымызды танап білу үшін ғана керек басылым екен деген ұғым тұмауы керек. Оның бай мұрасынан бүгінгі тірлігімізбен үндес, әлі де қоғамдық мән-маңызын жоймаған көптеген дүниелерді кездестіруге болады. Олардың ішінде ел егемендігінің іргетасы қаланып жатқан бүгінгідей алмағайып заманда жолсыздан адаспай, өз соқпағымызды тауып жүріп кетуімізге жол көрсетіп, ақыл қосатын құндылары да көп. Сөзіміз жансыз еместігін білдіру үшін бір ғана мысал келтірейік. Газеттің 1917 жылғы 226-санында «Ел еркі өзінде» деген бас мақала жарияланған. Авторы көрсетілмесе де, сөз саптау мәнеріне қарап, мақаланың М.Дулатов қаламынан туғандығын айыруға болады. Онда айтылар ойдың бүгінгі күнмен үндес, әлі де құнын жоймағандығын дәлелдеу үшін мақаланың өзін сөйлетіп көрейік: «Хакімдердің айдауынан, хакімдердің түрткісінен басқа түк көрмеген біздің қазақ не берсе, хакім береді, не істесе, хакім істейді деп мұрнын тескен тайлақтай жетекшіл болып қалған. Әлі де болса әркімнің жетелеуіне қараса, онда бостаншылықтың игілігін дұрыс көре алмайды. Өз тіршілігін өзі істеп, өз шаруасын өзі жөндеп, өз күнін әркім өзі көрген сияқты бостаншылық болған соң әр жұрт өзіне керек істің бәрін өзі істеп керек».

Міне, алаш азаматының халқына арнау сөзі, артында қалдырған аманаты. «Айтылған айтқан жерде, жазылған жазған жерде құр сөз күйінде қалып, іс жүзінде көрінбесе, онан түк өнбейді». Осыны жадымызда ұстап, «бұл бостаншылық - көп жұрттың ер жетіп, іс білген-білмегеніне емтихан» екенін ұмытпаған жөн шығар. Ал «жібекті ұстай алмаған жүн етеді» дегендей, ұстай білмесек, жақсы нәрсе жаманға айналуы оп-оңай екенін естен шығаруға, есте де, болмайды.

Елбасының 2013 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында елімізді бәсекеге қабілетті дамыған отыз елдің қатарына қосу идеясы көтеріліп, оны жүзеге асырудың нақты жолдары белгіленіп берілді. Бәсекеге қабілеттік еліміздің саяси-экономикалық жағынан ғана емес, рухани, мәдені өсуімен де қамтамасыз етілуі тиістігі өзінен-өзі түсінікті. Осы орайда, ХХ ғасыр басында халқымыздың азаттығы жолындағы ұлы күресте қаламын қару еткен алаш

зиялыларының ой-толғамдары ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру идеясымен өзектес екенін есте ұстағанымыз жөн. “Білекті бірді, білімді мынды жығатын” уақыт туғанын ұққан алаш көсемдері заманына қарай амалын іздестіріп, емге дауа ретінде Абай жолын қазақ даласына біржола орнықтыруға ұмтылғанын ұмытпауымыз керек. Ол – білім, ғылым, өнер жолы. Бұл ретте Елбасының бәсекеге қабілеттілікті арттыру жолында білім мен ғылымды дамытуға аса мән беріп отырғанын алаш зиялылары дүниетаным, көзқарастарымен біртұтас байланыста қарастыруға болады.

Өкінішке қарай, Кеңес дәуірі кезінде Алаш көсемдерінің ұлт мұраты жолындағы ұлы идеялары әдейі ұрпақ санасынан жуылып-шайылып, біржола өшірілуі үшін ұмыт қалдырылып, құнды мұралары қолданыстан мақсатты шығарылып тасталғаны белгілі. Оған еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана қолымыз жете бастады. Алайда өтпелі кезеңнің қиындықтары кесе-көлденең тұрып, көп іс атқарылмай қалды. Алаш зиялыларының құнды мұралары, соның ішінде мерзімді баспасөзде жарық көрген бүгінгі күнмен өзектес көсемсөздері толық жинақталып, жүйеленіп, талданып, жариялануы тиіс еді. Рас, бұл бағытта ішінара жұмыстар жүзеге асырылғанын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ, ол тым жеткіліксіз екенін айтуға тиістіміз. Оған төмендегі дәлелдермен айқын көз жеткізе аламыз.

“Айқап” журналы мен “Қазақ” газеті жарияланымдары іріктеліп бір-бір кітап болып шығуы еліміз рухани өмірінде, отандық қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар салалары үшін қандай олжа болғанын көзі қарақты оқырман жақсы біледі. Олардан қаншама ғалымдар өз тақырыптары бойынша құнды мәліметтер алып, отандық ғылым көкжиегін кеңейтуге пайдаланғаны дәлелдеуді тіленбейді. Ал сол кітаптар аталған басылымдар жарияланымдарының үштен бірін ғана қамтығанын екіншісі біле бермейді. Ол газет-журнал тігінділерін түгендеген де кісі жоқ. Сол үшін де отандық және шетел мұрағаттарынан шарқ ұрып іздестіру жұмыстарын жалғастыру ауадай қажет. Бұл да күн құрғатпай қолға алуды тіленіп тұрған мәселе. Олай етпесек, тозып, жоғалып кету салдарынан құнды жәдігерлерімізден біржола айырылып қалу қаупі айқын сезіледі. Осындай тынымсыз ізденістің нәтижесінде

аталған басылымдар жарияланымдарының қосымша жинағын шығару – күн құрғатпай қолға алуды күтіп тұрған өзекті мәселе. Мұндай тез арада жарыққа шығаруды тіленіп тұрған басылым жарияланымдары жеткілікті.

Қазақтың жалпыұлттық демократиялық бағыттағы төл басылымдары – “Қазақ газеті”, “Серке” газеттерінің еліміздің мәдениет тарихындағы, өркениет көшіндегі орны орасан зор екеніне ешкім дау туғыза алмайды. Бірақ сол аса құнды жәдігерлеріміздің түпнұсқасын іздеген кісі жоқ.

Еліміздің және шетелдердің архивтерінен там-тұмдап жинап, араб әліпбиіндегі мәтіндерін қазіргі жазуымызбен сөйлетіп, ғылыми айналымға енгізу - аса зәру міндет екені талас туғызбайды. Екінің бірінің қолы жете бермейтіндіктен, оны жүзеге асырмай, ұлттық идеяның мазмұны мен құрылымын байыта түсетін аса құнды жәдігерлеріміз ел игілігінен тыс қалып қоя ма деген қауіміз бар. Оған жол бермеу үшін аталған іс-шараларды күн құрғатпай қолға алу аса қажет деп есептейміз.

Сонымен бірге Алаш көсемдерінің өнегелі өмірлерін, шығармашылық шеберліктерін жан-жақты ашып көрсететін ғылыми еңбектер жазу, белгілі бір тақырыптағы құнды мұралары негізінде хрестоматиялық оқулықтар даярлау, олардың басылып шығып, оқырман сұранысын қанағаттандыруын күнттау міндеті тұр алдымызда.

Алаш көсемдерінің мерзімді баспасөз беттерінде, түрлі ғылыми басылымдарда жарияланған құнды мұраларында ұлттын бәсекеге қабілеттігін арттыру идеясы жинақталған. Соны ғылыми айналымға енгізу, зердеге тоқып, ұрпақ санасына сіңіру уақыт талабы деп білеміз.

Жаһандану кезеңінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани-мәдени тұрақты дамуының ұлттық моделін жасауда сөзсіз ескерілуге тиіс сөз өнерінің көркем әдебиетпен тығыз байланысты салмақты бір саласы – қазақ көсемсөзінің Алаш публицистикасы атты нақты бір кезеңіне терең зерттеу жүргізу қоғамдық мән-мазмұнымен маңызды.

Алаш публицистері араласпаған мәселе, олардың еңбектерінде қамтылмаған тақырып жоқ десек артық айтқандық болмайды. Бір сүйсінерлігі және өнеге алуға болатындығы, не туралы жазса да

ұлттық мүдде бірінші орынға қойылады. Ұлт саясаты, ұлт экономикасы, ұлт идеологиясы: тілі, ділі, діні, ұлт өнері мәселелері туралы ой-толғам, пікірталас, көзқарастары бүгінгі күнмен өзектес, өміршеңдігімен ерекшеленеді. Мәселені көтеріп қана қоймай, оны жүзеге асыруға ұйытқы бола білулерінде де үлгі, өнеге мол. Кезінде қазақ жастарын жаппай оқуға ұмтылдырып, білім-ғылым жолына салып, өнер үйренуге жетелеген алаш көсемсөзінің негізгі мұраты – ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру идеясы болғаны дәлелдеуді тіленбейді. Ол өз жемісін бергені де белгілі. Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Мұхтар Әуезов т.б. әлем мойындаған таланттардың ғылым, өнер көгіне көтерілуі – зердеге тоқып қарасаңыз, сөзіміздің жаны бар екенінен сыр шертеді. Бұл жөнінде Мұхтар Әуезовтің өзі былай деп нақты жазады: “Қазақ” газетінің сүтін еміп өскен бір буын осы күнде пікір-білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жас буын Ахаң салған өрнекті біліп, Ахаң ашқан мектепті оқып шыққалы табалдырығынан жаңа аттап, ішіне жаңа кіріп жатыр”. Бұдан түйетініміз, алаш публицистикасы мектеп болып қалыптасып, қазақ жастарының рухани өсіп, кемелденуіне негіз болғандығы айдай анық. Өкінішке қарай, кешегі кеңестік тотолитарлық қоғамда сол мектептің есігі тарс жабылып, бітеулі болды. Тек ел Тәуелсіздігі жария етілгеннен кейін ғана Алаш азаматтары ілімі негізінен ішінара сусындауға қолымыз жете бастады. Ендігі жерде сол асыл қазынамызды ұрпақ қажетіне толық жарату аса көкейкесті мәселе деп білеміз.

Алаш публицистері ұлт азаттығы, қазақ елінің бостандығы жолында қаламды қару етіп, ұлы күрестің көрігін қыздырды. Өздерінің от жалынды шығармалары арқылы ұлт рухын тірілтті, қалың ұйқыдағы ұлттық сананы сілкіп оятты, жас ұрпақты білім, ғылым, өнер жолына бастап, рухани өрлеу даңғылын айқындап берді.

Қазақ даласында Абай мектебін қалыптастырған – Алаш публицистикасы. Сол мектептің үздік шәкірті М.Әуезовтің шығармашылық ізденісіне негіз болған, ұлы суреткерлік жолға жетелеген – Алаш мектебі. Бұл жай айтыла салған сөз емес, жүйелі негізі бар ғылыми қағида. Ендеше, Кеңес дәуірі кезінде саяси, идеологиялық мақсатпен әдейі жабылған Алаш мектебінің есігін айқара ашып, бай қазынасын ел мұратына жарату көкейкестілігі

ешқандай талас тудырмауы керек. Әсіресе, бүгінгідей ұлттың бәсекеге қабілеттігін арттыру идеясы өзекжарды болып тұрған уақытта сол идеяның қайнар көзі есебінде де зәрулігі айшықтала түседі.

Бүгінгі таңда журналистика мен публицистиканың теориялық, тәжірибелік, ғылыми әдістемелік мәселелері сындарлы түрде қайта талқыдан өткізуді қажет етеді. Кешегі кеңес дәуіріндегі көптеген қағидалар қазір жарамсыз болып қалды. Жаңа теориялық ілімдер туа қойған жоқ. Шет елдер ғалымдарының ғылыми тұжырымдарын ешқандай електен өткізбей, көшіріп қажетімізге жарату тәуелсіз еліміздің рухани әлеміне кейде қайшы келіп жатады. Сондықтан оған бой үйрете беру қауіпті. Көзсіз еліктеу түбі - өкініш. Алаш публицистикасы қазақ көсемсөзінің дінгегі болып табылады. Алаш баспасөзі – қазіргі Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдарына үлгі. Осыны теориялық жағынан тарата талдау, дәйекті тұжырым түйю, дәлелді байламдар жасау - уақыт талабы.

Алаш публицистикасын тарата талдау, ең алдымен, қазақ көсемсөзінің табиғатын ашуға мүмкіндік береді. Ол өз кезегінде қоғамдық пікір тұтқасын қолында ұстаған ел игі жақсыларына дұрыс шешім жасау үшін бағыт-бағдар бола алады. БАҚ қызметкерлеріне бағдаршам міндетін атқарады. Болашақ журналистер даярлайтын жоғары оқу орындары профессор-оқушылары үшін аса қат оқу-әдістемелік құралға айналады. Сонымен бірге Алаш публицистикасының тек журналистер мен көркем әдебиет өкілдеріне ғана емес, қазақ ғылымының басқа салалары мамандарына да берері мол. Сонымен бірге қарапайым оқырманға рухани азық ретінде де тигізер пайдасы орасан зор.

Сонымен бірге ел тарихында айшықты орын алатын Алаш қозғалысы кезеңін зерттеуде ХХ ғасыр басында жарық көрген қазақ баспасөзі мен көсемсөзінің рөлін ешбір ғалым жоққа шығара алмайды. Солай бола тұра саликалы жиындарда Алаш баспасөзі мен ондағы көсемсөздің мән-маңызын бағалау жағы қалыс қала беретіні түсініксіз. Ал, шын мәнінде, қазақ көсемсөзінің тегеурінді күшінсіз Алаш қозғалысы соншалықты кең ауқымды тарихи нәтижелерге қол жеткізе алар ма еді? Әрине жоқ. Біз бұлай дегенде Алаш қозғалысы мен Алаш көсемсөзін таразының екі басына салып, қайсысының салмағы артық екенін өлшеп-пішуден әрине

аулақпыз, керісінше бірін екіншісінен ажыратуға болмайтын бір бүтін құбылыс екеніне көз жеткізу мұратын көздеп отырымыз.

Алаш қозғалысын зерттеуші ғалымдар оның тарихы 1905 жылғы қазақ даласының түкпір-түкпірінен Ресей патшалығы озбырлығына қарсы жазылған арыз-тілектен (петициядан) бастау алатындығына тоқталады. Мәселен, алаштанушы ғалым М.Қойгелдиев өзінің «Алаш қозғалысы» атты тарихи еңбегінде осы тұжырымды сол қозғалыстың басы-қасында болған Алаш зиялыларының көсемсөздеріне жүгіне отырып, дәлелді түрде дәйектейді. «Ұлттық интеллигенцияның дербес саяси күш ретінде белсенді қоғамдық күреске араласуы 1905 жылдан басталады», - деп жазады аталған еңбегінде көрнекті тарихшы ғалым. – Ол жөнінде Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, Х.Ғаббасов сияқты қайраткерлердің кезінде айтқан пікірлерін келтіруге болады. Бірақ біз бұл мәселенің дау туғызбайтын шындық екендігін ескере отырып, тек М.Дулатовтың айтқан пікірімен шектелуді жөн көрдік. Ол «Қазақ» газетінде 1913 жылы былай деп жазған еді: «1905 жылдан бері біздің қазақ жұрты да бас пайдасын қолға ала бастады. Сол бостандық жылдарында Семей облысының оқыған басшылары көзге көрікті іс қылып, жұртқа көсемдік пен жөн-жоба көрсеткені үшін алды абақтыға жабылып, арты айдалып, қалғандары сенімсіз болып қалды».¹

Осы тарихи тұжырымын көрнекті ғалым аталған кітабының екінші парағында бұлтартпас деректермен тапжылмастай етіп шегелейді. «Сонымен, 1905 жыл қазақ азаттық қозғалысының өрлеу, жана сапаға көтерілу кезеңін бастап берді, ал саяси күрес болса, ең алдымен, патшаға, орталық билікке петиция жазып тапсыру түрінде көрінді. Отарлық тәуелдіктегі қазақ елінің мұқтажын білдірген арыз-тілектер батыста Оралда, орталықта Қарқаралыда, оңтүстік-шығыста Жетісуда, басқаша айтқанда, кең қазақ даласының барлық аймақтарында жазылды. Жетісу облысы Лепсі уезі қазақтары дайындаған петицияға 1000 адам², арнайы делегация арқылы Петербургтегі үкімет орындарына тапсырылған Орал

¹ Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы: – Алматы: Санат, 1995, 92 б.;

² Тынышпаев М. История казахского народа. – Алма – Ата, 1993, стр. 27;

және Торғай облыстары қазақтары жазған петицияға 44 адам¹, ал белгілі Қоянды жәрменкесінде өмірге келген Қарқаралы петициясына 14,5 мың адам² қол қойған еді».³

Жоғарыда келтірілген дерек, дәйектерге жүгінер болсақ, қазақ зиялыларының басшылығымен пәрмен алған Алаш қозғалысы Ресей патша үкіметінің зорлық-зомбылығын әшкерелеген петициялардан бастау алатынына көз жеткіземіз. Бұлай дегенде, аталған арыз-тілектердің тарихи мән-маңызын айқындау каншалықты қажетті болса, олардың жазылу ерекшеліктерін, басқаша айтқанда, шығармашылық болмысын, яғни жанрлық, пішіндік табиғатын айқындау да соншалықты құнды. Өйткені, сонда ғана ұлтымыз үшін теңдесі жоқ жауһар жәдігердің қымбат бағасы толық берілері хақ.

Осы орайда, ғылыми талдау желісін жана арнаға бұрып, мәселе мәнісін терең андатуға қам жасап көрейік. Тарих ғылымы секілді кешегі кеңестік тоталитарлық қоғамда публицистикатану ғылымы да қағажу көріп, белгілі бір өлшемдер аясынан шықпай, аяғы тұсалған аттай, қадамын жаза алмай, тар өріске қамалып келді. Оның себебін сұрасаңыз, жауабымыз дайын. Белгілі публицистикатанушы ұстазымыз, профессор Т. Амандосов: «Публицистика - өмірдің сырлы суреті. Публицистика арқауы - шындық»,⁴ - деген ой түйеді. Бұдан мынадай ғылыми тұжырым жасауға болады. «Публицистика арқауы - шындық» болғандықтан оны зерттеу – қоғамдық өмірдің ақиқатын ашумен бірдей деген сөз. Ал кешегі кеңестік әкімшілік-әміршілдік жүйе шындықтың салтанат құруына пейілді болмағандығын тарихшы қауымға айтудың өзі артық. Осы себептен қазақ публицистикасына, әсіресе, Алаш публицистикасы кезеңіне объективті түрде жан-жақты ғылыми талдау жасап, тарихи бағасын беру мәселесі жабулы қазан қалпында қалып келді. Еліміз егемендігін алып, сөз және баспасөз бостандығы Ата

¹ Қараңыз: 1905 жылы Орал хәм Торғай облысының Петерборға депутат болып барған изгу ишанларының хәм биларының, дин хәм жер туғрасындағы хәр министрларға ұсынған сузларидур. – Орал: К.М. Тухватуллин баспасы, 1905, 28-30 б., 42-43 б.;

² Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории Алаш – Орды. – Алма – Ата – Москва, 1935, стр. 96;

³ Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы: – Алматы: Санат, 1995, 94-96 бб.;

⁴ Амандосов Т. Публицистика – дәуір үні. – Алматы, 1979, 7 б.

заңымызда нақтыланғаннан кейін ғана бұл бағытта тыңғылықты зерттеулер жүргізуге қадамдар жасала бастады. Тыңға түрен салғандай жаңа ғылым саласының қордаланып қалған мәселелері біз күткендегіден әлдеқайда көп екені біртіндеп қылтиып бой көрсетіп келеді. Публицистиканың теориясына, әдістемесіне, тарихына қатысты әлі анықталмаған, айқындалса да әлі көмескі, кешенді түрде егжей-тегжейлі зерттеуді тіленіп тұрған мәселелер жетіп артылады.

Осы жерде жоғарыда әңгіме өзегі болған Алаш қозғалысының бастау көзі болып табылатын кең байтақ қазақ даласының әр өңірінен қалың бұқара қол қойған арыз-тілектер жай-жапсарынан әңгіме өрбітсек, сөзіміздің жаны бар екеніне көзіңіз жете түседі. Біріншіден, тілге тиек еткен арыз-тілектер мәтіні осы күнге дейін толыққанды қолымызға тимей келеді. Қоянды жәрмеңкесі петициясы мазмұнымен азды-көпті таныс болғанмен, 14500 адам қол қойған түпнұсқасын қолмен ұстап, көзбен көрген кісі жоқ. Ал, Орал, Жетісу жұртының арыз-тілектерінің мазмұнымен таныс та емеспіз. Ал олар ұлттық мұрағатымызда көздің қарашығындай сақталып тұруға тиісті құнды ұлттық мұра екендігіне ешкімнің дауы болмауы керек. Ендігі жерде сол қымбат жәдігерлеріміздің түпнұсқасын Ресей мұрағаттарынан шарқ ұрып іздеп тауып, елімізге алдырту елдігімізге сын болғалы тұр.

Екіншіден, аталған арыз-тілектердің шығармашылық табиғатын айқындау күн тәртібінде қала бермек. Біздіңше, олар – публицистикалық өнер туындылары. Олай деуге публицистика туралы ғалымдар тұжырымдары тірек бола алады.

Халықаралық терминдердің қазақша баламасын жасауда шашасына шаң жұқтырмайтын шоқтығы биік тұлға Ахмет Байтұрсынұлының көсемсөз деген баламасы «публицистика» терминінің табиғатын толық ашып бере алады. Көсемсөздің алғашқы анықтамасын берген ғұлама ғалым: «Көсем сөз әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізетін сөз болғандықтан да көсемсөз деп аталады. Көсем сөз кезіндегі әлеуметке керек іске мұрындық болып істеу ыждағатымен айтылады. Әлеуметтік, шаруашылық, қазыналық, мектептік, соттық, саясаттық тағысын тағы сондай қоғамшылық істерін түзету, жаңалау, өзгерту керек болған кезінде халықты соған көсем сөз арқылы ұйытып, көбінің миына

қондырып, көңіліне сіңіреді»,¹ - деп публицистика табиғатынан терен сыр тарқатады.

А. Байтұрсынұлы анықтамасын негізге алсақ, әңгіме өзегі болып отырған арыз-тілектер көсемсөз жүгін арқалайтындығына ешқандай күмәніміз қалмайды. Публицистиканың ішіндегі эпистолярлық жанрдағы туындылар деп қорытынды жасауға әбден болады.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келгенде, асылы, Алаш қозғалысы мәселелері көтерілген жерде Алаш баспасөзі мен Алаш көсемсөзіне тоқталмай өту тарихи қиянаттық болатынын түсінетін мезгіл жетті. Тарихшыларымыз баспасөз жарияланымдарын құнды дереккөз ретінде пайдалану үстінде сол бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық мән-маңызын ашу, ұлт тарихындағы орнын анықтау жағын ұмыт қалдырмаса екен деген тілегіміз бар. Бұл қырынан келгенде тарихшы ғалымдармен бірігіп жүзеге асыруды қажет ететін кезегін күткен мәселелер шаш-етектен. Айталық, қазан төңкерісіне дейін жарық көрген қазақ баспасөзі тігінділерін толық түгендеген күні бүгінге дейін тірі жан жоқ. Оны айтасыз, «Серке» газеті секілді ұлттық баспасөзіміздің алғашқы қарлығаштарының түпнұсқасын қолмен ұстап, көзбен көрген ғалымды біз білмейді екенбіз. Ал қолымыз жетпей жүрген газет-журнал нөмірлерінде құнды деректердің жарияланбағанына кім кепіл? Олай екен, алтыннан да бағалы ұлттық мұраларымызды түгел жинақтамай жанымыз жай таппауы тиіс. Жай жинап қана қоймай, академиялық кітап етіп құрастырып, хрестоматиялық оқулық түрінде қалың оқырманға ұсыну, жүйелі ғылыми талдаулар негізінде құнды тұжырымдар жасау арқылы тарихтан бүгінгі ұрпақтың сабақ алуын қамтамасыз ету – ұлт болашағын ойлаған, еліне қалтқысыз қызмет етемін деген ғалымдар алдында тұрған басты парыз.

¹ Байтұрсынов А. Шығармалары – Алматы: Жазушы, 1989, 223-224 бб.

АЛАШ БАСПАСӨЗІ МЕН КӨСЕМСӨЗІН ЗЕРТТЕУ ӨЗЕКТІЛІГІ

Елбасының 2007 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында елімізді бәсекеге қабілетті дамыған елу елдің қатарына қосу идеясы көтеріліп, оны жүзеге асырудың нақты жолдары белгіленіп берілді. Бәсекеге қабілеттік еліміздің саяси-экономикалық жағынан ғана емес, рухани, мәдені өсуімен де қамтамасыз етілуі тиістігі өзінен-өзі түсінікті. Осы орайда, ХХ ғасыр басында халқымыздың азаттығы жолындағы ұлы күресте қаламын қару еткен алаш зиялыларының ой-толғамдары ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру идеясымен өзектес екенін есте ұстағанымыз жөн. “Білекті бірді, білімді мыңды жығатын” уақыт туғанын ұққан алаш көсемдері заманына қарай амалын іздестіріп, емге дауа ретінде Абай жолын қазақ даласына біржола орнықтыруға ұмтылғанын ұмытпауымыз керек. Ол – білім, ғылым, өнер жолы. Бұл ретте Елбасының бәсекеге қабілеттілікті арттыру жолында білім мен ғылымды дамытуға аса мән беріп отырғанын алаш зиялылары дүниетаным, көзқарастарымен біртұтас байланыста қарастыруға болады.

Өкінішке қарай, Кенес дәуірі кезінде Алаш көсемдерінің ұлт мұраты жолындағы ұлы идеялары әдейі ұрпақ санасынан жуылып-шайылып, біржола өшірілуі үшін ұмыт қалдырылып, құнды мұралары қолданыстан мақсатты шығарылып тасталғаны белгілі. Оған еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана қолымыз жете бастады. Алайда өтпелі кезеңнің қиындықтары кесе көлденең тұрып, көп іс атқарылмай қалды. Алаш зиялыларының құнды мұралары, соның ішінде мерзімді баспасөзде жарық көрген бүгінгі күнмен өзектес көсемсөздері толық жинақталып, жүйеленіп, талданып, жариялануы тиіс еді. Рас, бұл бағытта ішінара жұмыстар жүзеге асырылғанын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ, ол тым жеткіліксіз екенін айтуға тиістіміз. Оған төмендегі дәлелдермен айқын көз жеткізе аламыз.

“Айқап” журналы мен “Қазақ” газеті жарияланымдары іріктеліп бір-бір кітап болып шығуы еліміз рухани өмірінде, отандық қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар салалары үшін қандай олжа болғанын айтып жатудың өзі артық. Олардан қаншама ғалымдар

өз тақырыптары бойынша құнды мәліметтер алып, отандық ғылым көкжиегін кеңейтуге пайдаланғаны дәлелдеуді тіленбейді. Ал сол кітаптар аталған басылымдар жарияланымдарының үштен бірін ғана қамтығанын екінің бірі біле бермейді. Ол газет-журнал тігінділерін түгендеген де кісі жоқ. Ол үшін де отандық және шетел архивтерінен шарқ ұрып іздестіру жұмыстарын жүргізу қажет. Бұл да күн құрғатпай қолға алуды тіленіп тұрған мәселе. Олай етпесек, тозып, жоғалып кету салдарынан құнды жәдігерлерімізден біржола айырылып қалу қаупі айқын сезіледі. Осындай тынымсыз ізденістің нәтижесінде аталған басылымдар жарияланымдарының қосымша жинағын шығару – күн құрғатпай қолға алуды күтіп тұрған өзекті мәселе. Мұндай тез арада жарыққа шығаруды тіленіп тұрған басылым жарияланымдары жеткілікті.

Қазақтың жалпыұлттық демократиялық бағыттағы төл басылымдары – “Қазақ газеті”, “Серке”, “Қазақстан” газеттерінің еліміздің мәдениет тарихындағы, өркениет көшіндегі орны орасан зор екеніне ешкім дау туғыза алмайды. Бірақ сол аса құнды жәдігерлеріміздің түпнұсқасын іздеген кісі жоқ.

Қазақстанның тұрақты дамуына кепіл болатын ұлттық идея қалыптасуына “Абай”, “Сана”, “Жас Түркістан” журналдары мен “Сарыарқа”, “Жас азамат”, “Бірлік туы”, “Ақ жол”, “Қазақ тілі” т.б. газеттер бетінде жарияланған көсемсөз үлгілерінің де қосар үлестері орасан зор. Өкінішке қарай, “Жас азамат”, “Бірлік туы”, “Қазақ тілі” басылымдарының материалдары осы күнге дейін жеке жинақ болып жарық көрген жоқ. Олардың тігінділерін де түгендеген кісі жоқ. Еліміздің және шетелдердің архивтерінен там-тұмдап жинап, араб әліпбиіндегі мәтіндерін қазіргі жазуымызбен сөйлетіп, ғылыми айналымға енгізу аса зәру міндет екені талас туғызбайды. Екінің бірінің қолы жете бермейтіндіктен, оны жүзеге асырмай, ұлттық идеяның мазмұны мен құрылымын байыта түсетін аса құнды жәдігерлеріміз ел игілігінен тыс қалып қоя ма деген қаупіміз бар. Оған жол бермеу үшін аталған іс-шараларды күн құрғатпай қолға алу аса қажет деп есептейміз.

Сонымен бірге Алаш көсемдерінің өнегелі өмірлерін, шығармашылық шеберліктерін жан-жақты ашып көрсететін ғылыми еңбектер жазу, белгілі бір тақырыптағы құнды мұралары

негізінде хрестоматиялық оқулықтар даярлау, олардың басылып шығып, оқырман сұранысын қанағаттандыруын құнттау міндеті тұр алдымызда.

Алаш көсемдерінің мерзімді баспасөз беттерінде, түрлі ғылыми басылымдарда жарияланған құнды мұраларында ұлттың бәсекеге қабілеттігін арттыру идеясы жинақталған. Соны ғылыми айналымға енгізу, зердеге тоқып, ұрпақ санасына сіңіру уақыт талабы деп білеміз.

Жаһандану кезеңінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани-мәдени тұрақты дамуының ұлттық моделін жазауда сөзсіз ескерілуге тиіс сөз өнерінің көркем әдебиетпен тығыз байланысты салмақты бір саласы – қазақ көсемсөзінің Алаш публицистикасы атты нақты бір кезеңіне терең зерттеу жүргізу қоғамдық мән-мазмұнымен маңызды.

Алаш публицистері араласпаған мәселе, олардың еңбектерінде қамтылмаған тақырып жоқ десек артық айтқандық болмайды. Бір сүйсінерлігі және өнеге алуға болатындығы, не туралы жазса да ұлттық мүдде бірінші орынға қойылады. Ұлт саясаты, ұлт экономикасы, ұлт идеологиясы: тілі, ділі, діні, ұлт өнері мәселелері туралы ой-толғам, пікірталас, көзқарастары бүгінгі күнмен өзектес, өміршеңдігімен ерекшеленеді. Мәселені көтеріп қана қоймай, оны жүзеге асыруға ұйытқы бола білулерінде де үлгі, өнеге мол. Кезінде қазақ жастарын жаппай оқуға ұмтылдырып, білім-ғылым жолына салып, өнер үйренуге жетелеген алаш көсемсөзінің негізгі мұраты – ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру идеясы болғаны дәлелдеуді қажет етпейді. Ол өз жемісін бергені де белгілі. Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Мұхтар Әуезов т.б. әлем мойындаған таланттардың ғылым, өнер көкжиегіне көтерілуі – зердеге тоқып қарасаңыз, сөзіміздің жаны бар екенінен сыр шертеді. Бұл жөнінде Мұхтар Әуезовтың өзі былай деп нақты жазады: “Қазақ” газетінің сүтін еміп өскен бір буын осы күнде пікір-білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жас буын Ахаң салған өрнекті біліп, Ахаң ашқан мектепті оқып шыққалы табалдырығынан жаңа аттап, ішіне жаңа кіріп жатыр”. Бұдан түйетініміз, алаш публицистикасы мектеп болып қалыптасып, қазақ жастарының рухани өсіп, кемелденуіне негіз болғандығы айдай анық. Өкінішке қарай, кешегі кеңестік тотолитарлық қоғамда сол мектептің есігі

тарс жабылып, бітеулі болды. Тек ел Тәуелсіздігі жария етілгеннен кейін ғана Алаш азаматтары ілімі негізінен ішінара сусындауға қолымыз жете бастады. Ендігі жерде сол асыл қазынамызды ұрпақ қажетіне толық жарату аса көкейкесті мәселе деп білеміз.

Алаш публицистері ұлт азаттығы, қазақ елінің бостандығы жолында қаламды қару етіп, ұлы күрестің көрігін қыздырды. Өздерінің от жалынды шығармалары арқылы ұлт рухын тірілтті, қалың ұйқыдағы ұлттық сананы сілкіп оятты, жас ұрпақты білім, ғылым, өнер жолына бастап, рухани өрлеу даңғылын айқындап берді.

Қазақ даласында Абай мектебін қалыптастырған – Алаш публицистикасы. Сол мектептің үздік шәкірті М.Әуезовтің шығармашылық ізденісіне негіз болған, ұлы суреткерлік жолға жетелеген – Алаш мектебі. Бұл жай айтыла салған сөз емес, жүйелі негізі бар, ғылыми қағида. Ендеше кеңес дәуірі кезінде саяси, идеологиялық мақсатпен әдейі жабылған Алаш мектебінің есігін айқара ашып, бай қазынасын ел мұратына жарату көкейкестілігі ешқандай талас тудырмауы керек. Әсіресе, бүгінгідей ұлттың бәсекеге қабілеттігін арттыру идеясы өзекжарды болып тұрған уақытта сол идеяның қайнар көзі есебінде де зәрулігі айшықтала түседі.

Бүгінгі таңда журналистика мен публицистиканың теориялық, практикалық, ғылыми әдістемелік мәселелері сындарлы түрде қайта талқыдан өткізуді қажет етеді. Кешегі кеңес дәуіріндегі көптеген қағидалар қазір жарамсыз болып қалды. Жаңа теориялық ілімдер туа қойған жоқ. Шет елдер ғалымдарының ғылыми тұжырымдарын ешқандай електен өткізбей, көшіріп қажетімізге жарату тәуелсіз еліміздің рухани әлеміне кейде қайшы келіп жатады. Сондықтан оған бой үйрете беру қауіпті. Көзсіз еліктеу түбі - өкініш.

Алаш публицистикасы қазақ көсемсөзінің діңгегі болып табылады. Алаш баспасөзі – қазіргі Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдарына үлгі. Осыны теориялық жағынан тарата талдау, дәйекті тұжырым түйю, дәлелді байламдар жасау - уақыт талабы.

Алаш публицистикасын тарата талдау, ең алдымен, қазақ көсемсөзінің табиғатын ашуға мүмкіндік береді. Ол өз кезегінде қоғамдық пікір тұтқасын қолында ұстаған ел игі жақсыларына

дұрыс шешім жасау үшін бағыт-бағдар бола алады. БАҚ қызметкерлеріне бағдаршам міндетін атқарады. Болашақ журналистер даярлайтын жоғары оқу орындары профессор-оқушылары үшін аса қат оқу-әдістемелік құралға айналады. Сонымен бірге Алаш публицистикасының тек журналистер мен көркем әдебиет өкілдеріне ғана емес, ғылымының басқа салалары мамандарына да берері мол. Тарихшылар, саясаттанушылар, экономика ғалымдары, әлеуметтанушылар, заңгерлер т.б. өздерінің зерттеу тақырыптары бойынша бай тарихи мәліметтер жинақтауына мүмкіндік алады. Сондай-ақ қарапайым көпшілікке рухани азық ретінде де тигізетін пайдасы орасан зор.

Алаш қозғалысы тарихын зерттеуде ХХ ғасыр басында жарық көрген қазақ баспасөзі мен көсемсөзінің рөлін ешбір ғалым жоққа шығара алмайды. Солай бола тура салиқалы жиындарда Алаш баспасөзі мен ондағы көсемсөздің мән-маңызын бағалау жағы қалыс қала беретіні түсініксіз. Ал, шын мәнінде, қазақ көсемсөзінің тегеурінді күшісіз Алаш қозғалысы соншалықты кең ауқымды тарихи нәтижелерге қол жеткізе алар ма еді? Әрине жоқ. Біз бұлай дегенде Алаш қозғалысы мен Алаш көсемсөзін таразының екі басына салып, қайсысының салмағы артық екенін өлшеп-пішуден әрине аулақпыз, керісінше бірін-екіншісінен ажыратуға болмайтын бір бүтін құбылыс екеніне көз жеткізу мұратын көздеп отырмыз.

Алаш қозғалысын зерттеуші ғалымдар оның тарихы 1905 жылғы қазақ даласының түкпір-түкпірінен Ресей патшалығы озбырлығына қарсы жазылған арыз-тілектен (петициядан) бастау алатындығына тоқталады. Мәселен, Алаштанушы ғалым М. Қойгелдиев өзінің Алаш қозғалысы атты тарихи еңбегінде осы тұжырымды сол қозғалыстың басы-қасында болған Алаш зиялыларының көсемсөздеріне жүгіне отырып, дәлелді түрде дәйектейді. Ұлттық интеллигенцияның дербес саяси күш ретінде белсенді қоғамдық күреске араласуы 1905 жылдан басталады, - деп жазады аталған еңбегінде көрнекті тарихшы ғалым. – Ол жөнінде Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, Х.Ғаббасов сияқты қайраткерлердің кезінде айтқан пікірлерін келтіруге болады. Бірақ біз бұл мәселенің дау туғызбайтын шындық екендігін ескере отырып, тек М.Дулатовтың айтқан пікірімен шектелуді жөн көрдік. Ол Қазақ газетінде 1913 жылы былай деп

жазған еді: 1905 жылдан бері біздің қазақ жұрты да бас пайдасын қолға ала бастады. Сол бостандық жылдарында Семей облысының оқыған басшылары көзге көрікті іс қылып, жұртқа көсемдік пен жөн-жоба көрсеткені үшін алды абақтыға жабылып, арты айдалып, қалғандары сенімсіз болып қалды¹.

Осы тарихи тұжырымын көрнекті ғалым аталған кітабының екінші парағында бұлтартпас деректермен тапжылмастай етіп шегелейді: Сонымен, 1905 жыл қазақ азаттық қозғалысының өрлеу, жаңа сапаға көтерілу кезеңін бастап берді, ал саяси күрес болса, ең алдымен, патшаға, орталық билікке петиция жазып тапсыру түрінде көрінді. Отарлық тәуелдіктегі қазақ елінің мұқтажын білдірген арыз-тілектер батыста Оралда, орталықта Қарқаралыда, оңтүстік-шығыста Жетісуда, басқаша айтқанда, кең қазақ даласының барлық аймақтарында жазылды. Жетісу облысы Лепсі уезі қазақтары дайындаған петицияға 1000 адам², арнайы делегация арқылы Петербургтегі үкімет орындарына тапсырылған Орал және Торғай облыстары қазақтары жазған петицияға 44 адам³, ал белгілі Қоянды жәрмеңкесінде өмірге келген Қарқаралы петициясына 14,5 мың адам⁴ қол қойған еді⁵.

Жоғарыда келтірілген дерек, дәйектерге жүгінер болсақ, қазақ зиялыларының басшылығымен пәрмен алған Алаш қозғалысы Ресей патша үкіметінің зорлық - зомбылығын әшкерелеген петициялардан бастау алатынына көз жеткіземіз. Бұлай дегенде, аталған арыз - тілектердің тарихи мән – маңызын айқындау қаншалықты қажетті болса, олардың жазылу ерекшеліктерін, басқаша айтқанда, шығармашылық болмысын, яғни жанрлық, пішіндік табиғатын айқындау да соншалықты құнды. Өйткені, сонда ғана ұлтымыз үшін теңдесі жоқ жауһар жәдігердің қымбат бағасы толық берілері хақ.

¹ Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы: – Алматы: Санат, 1995, 92-б

² Тынышпаев М. История казахского народа. – Алма – Ата, 1993, с. 27;

³ Қараңыз: 1905 жылы Орал хәм Торғай облысының Петерборға депутат болып барған изгу ишанларынын хәм биларының, дин хәм жер туғрасындағы хәр министрларға ұсынған сузларидур. – Орал: К.М. Тухватуллин баспасы, 1905, 28-30 б., 42-43 б.;

⁴ Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории Алаш – Орды. – Алма – Ата – Москва, 1935, с. 96;

⁵ Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы, 94-96 б.;

Осы орайда, ғылыми талдау желісін жаңа арнаға бұрып, мәселе мәнісін терең аңдатуға қам жасап көрейік. Тарих ғылымы секілді кешегі кеңестік тоталитарлық қоғамда публицистикатану ғылымы да қағажаяу көріп, белгілі бір өлшемдер аясынан шықпай, аяғы тұсалған аттай, қадамын жаза алмай, тар өріске қамалып келді. Оның себебін сұрасаңыз, жауабымыз дайын. Белгілі публицистикатанушы ұстазымыз, профессор Т.Амандосов: Публицистика - өмірдің сырлы суреті. Публицистика арқауы - шындық,¹ - деген ой түйеді. Бұдан мынадай ғылыми тұжырым жасауға болады. Публицистика арқауы - шындық болғандықтан оны зерттеу – қоғамдық өмірдің ақиқатын ашумен бірдей деген сөз. Ал кешегі кеңестік әкімшілік-әміршілдік жүйе шындықтың салтанат құруына пейілді болмағандығын тарихшы қауымға айтудың өзі артық. Осы себептен қазақ публицистикасына, әсіресе Алаш публицистикасы кезеңіне объективті түрде жан-жақты ғылыми талдау жасап, тарихи бағасын беру мәселесі жабулы қазан қалпында қалып келді. Еліміз егемендігін алып, сөз және баспасөз бостандығы Ата заңымызда нақтыланғаннан кейін ғана бұл бағытта тыңғылықты зерттеулер жүргізуге қадамдар жасала бастады. Тыңға түрен салғандай жаңа ғылым саласының қордаланып қалған мәселелері біз күткендегіден әлдеқайда көп екені біртіндеп қылтиып бой көрсетіп келеді. Публицистиканың теориясына, әдістемесіне, тарихына қатысты әлі анықталмаған, айқындалса да әлі көмескі, кешенді түрде егжей-тегжейлі зерттеуді тіленіп тұрған мәселелер жетіп артылады.

Осы жерде жоғарыда әңгіме өзегі болған Алаш қозғалысының бастау көзі болып табылатын кең байтақ қазақ даласының әр өңірінен қалың бұқара қол қойған арыз-тілектер жай-жапсарынан әңгіме өрбітсек, сөзіміздің жаны бар екеніне көзіңіз жете түседі. Біріншіден, тілге тиек еткен арыз-тілектер мәтіні осы күнге дейін толыққанды қолымызға тимей келеді. Қоянды жәрмеңкесі петициясы мазмұнымен азды-көпті таныс болғанмен, 14500 адам қол қойған түпнұсқасын қолмен ұстап, көзбен көрген кісі жоқ. Ал, Орал, Жетісу жұртының арыз-тілектерінің мазмұнымен таныс та емеспіз. Ал олар ұлттық мұрағатымызда көздің қарашығындай

¹ Амандосов Т. Публицистика – дәуір үні. – Алматы, 1979, 7-б.;

сақталып тұруға тиісті құнды ұлттық мұра екендігіне ешкімнің дауы болмауы керек. Ендігі жерде сол қымбат жәдігерлеріміздің түрнұсқасын Ресей архивтерінен шарқ ұрып іздеп тауып, елімізге алдырту елдігімізге сын болғалы тұр.

Екіншіден, аталған арыз-тілектердің шығармашылық табиғатын айқындау күн тәртібінде қала бермек. Біздіңше, олар – публицистикалық өнер туындылары. Олай деуге публицистика туралы ғалымдар тұжырымдары тірек бола алады.

Халықаралық терминдердің қазақша баламасын жасауда шашасына шаң жұқтырмайтын шоқтығы биік тұлға Ахмет Байтұрсынұлының көсемсөз деген баламасы публицистика терминінің табиғатын толық ашып бере алады. Көсемсөздің алғашқы анықтамасын берген ғұлама ғалым: Көсем сөз әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізетін сөз болғандықтан да көсем сөз деп аталады. Көсем сөз кезіндегі әлеуметке керек іске мұрындық болып істеу ыждағатымен айтылады. Әлеуметтік, шаруашылық, қазыналық, мектептік, соттық, саясаттық тағысын тағы сондай қоғамшылық істерін түзету, жаңалау, өзгерту керек болған кезінде халықты соған көсем сөз арқылы ұйытып, көбінің миына қондырып, көңіліне сіңіреді¹, - деп публицистика табиғатынан терең сыр тарқатады.

А.Байтұрсынұлы анықтамасын негізге алсақ, әңгіме өзегі болып отырған арыз-тілектер көсемсөз жүгін арқалайтындығына ешқандай күмәніміз қалмайды. Публицистиканың ішіндегі эпистолярлық жанрадағы туындылар деп қорытынды жасауға әбден болады.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келгенде, асылы Алаш қозғалысы мәселелері көтерілген жерде Алаш баспасөзі мен Алаш көсемсөзіне тоқталмай өту тарихи қиянаттық болатынын түсінетін мезгіл жетті. Тарихшыларымыз баспасөз жарияланымдарын құнды дереккөз ретінде пайдалану үстінде сол бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық мән-маңызын ашу, ұлт тарихындағы орнын анықтау жағын ұмыт қалдырмаса екен деген тілегіміз бар. Бұл қырынан келгенде тарихшы ғалымдармен бірігіп жүзеге асыруды қажет ететін кезегін күткен мәселелер шашы етектен.

¹ Байтұрсынов А. Шығармалары – Алматы: жазушы, 1989, 223-224 б.

Айталық, қазан төңкерісіне дейін жарық көрген қазақ баспасөзі тігінділерін толық түгендеген күні бүгінге дейін тірі жан жоқ. Оны айтасыз Серке газеті секілді ұлттық баспасөзіміздің алғашқы қарлығаштарының түпнұскасын қолмен ұстап, көзбен көрген ғалымды біз білмейді екенбіз. Ал қолымыз жетпей жүрген газет-журнал нөмірлерінде құнды деректердің жарияланбағанына кім кепіл? Олай екен, алтыннан да бағалы ұлттық мұраларымызды түгел жинақтамай жанымыз жай таппауы тиіс. Жай жинап қана қоймай, академиялық кітап етіп құрастырып, хрестоматиялық оқулық түрінде қалың оқырманға ұсыну, жүйелі ғылыми талдаулар негізінде құнды тұжырымдар жасау арқылы тарихтан бүгінгі ұрпақтың сабақ алуын қамтамасыз ету – ұлт болашағын ойлаған, еліне қалтқысыз қызмет етемін деген ғалымдар алдында тұрған басты парыз.



СУЛТАН ХАН АККУЛЫ
директор Общественного фонда
«Алашорда», PhD

КАК СОЗДАВАЛАСЬ АРМИЯ ГОСУДАРСТВА АЛАШ

(Қазақ үні №04 613 ,28 қаңтар, 2014 жыл)

Создать национальную армию лидер казахского освободительного движения «Алаш» Алихан Букейхан стремился еще с 1905 года. Но добился этой цели лишь после Февральской революции 1917 года.

На переговорах с «Омским правительством» во главе с адмиралом Александром Колчаком в феврале 1919 года в Омске по вопросу о признании автономии 6 миллионного казахского народа лидер Алаш-Орды (Алаш-Орда – букв. «Государство Алаш». Прим. автора) Алихан Букейхан отстаивал право казахов на национальное самоуправление. Он поставил «всероссийское правительство» перед фактом существования казахской национальной армии: «В вопросе о милиции вы меня не поняли. Милиция наша – это войско. Оно уже фактически существует...».

Царский капкан: из подданства в колонию

Это был уже 1919 год. Но исторические факты свидетельствуют, что национальную армию лидер казахов пытался сформировать еще в период первой русской революции 1905-1906 годов, но на пути к этой цели стоял ряд непреодолимых преград. Первой из них оказался закон от 1834 года, освободивший казахов от воинской повинности. «Почему раньше казахи не призывались в солдаты? – задавался вопросом Қырбаласы (или Сын степей – псевдоним

А.Н.Букейхана) в 1913 году в статье в одном из первых номеров газеты «Қазақ», и сам же ответил. – Есть закон, освободивший казахов от повинности: 42-я статья Устава о воинской повинности гласит: «Население Туркестана, а также казахи Акмолинской, Семипалатинской, Семиреченской, Уральской и Тургайской областей освобождены от воинской повинности».

Главной же преградой являлся собственно страх самих казахов перед рекрутской службой в чуждой русской армии. В то время среди казахов бытовало расхожее мнение с подачи мулл из татаров, что русские служат в армии полжизни.

Здесь возникает важный вопрос: с какой целью лидер казахов стремился обязать свой многомиллионный полукочевой народ, доведенный хищнической колонизаторской политикой России до крайней нищеты и оказавшийся на грани исчезновения, нести еще и воинскую службу в регулярной армии колониальной империи наравне с русскими и другими подневольными народами? Ответ на него следует поискать в трудах самого А.Н.Букейхана.

Подробно исследовав все архивные документы, касающиеся процесса принятия Казахскими Малым и Средним жузами русского подданства в 1731, 1781 годах и ближе к середине XIX века присоединения Старшего жуза, а также проследив все исторические события, последовавшие за этим подданством, А.Н.Букейхан приходит к однозначному выводу, что Российская империя, злоупотребляя правом сильного, односторонне и грубо нарушила условия принятия Казахскими ханствами ее подданства и превратила их в свою колонию. Уставами о сибирских и оренбургских киргиз-кайсаках 1822-1824 годов был ликвидирован ханский институт государственного управления в Малом и Среднем жузах и внедрен институт «старшего султана», что, по убеждению А.Н.Букейхана, явилось грубым и односторонним вмешательством России во внутренние политические дела подданных, вассальных казахских ханств и фактической ликвидацией казахской государственности.

Объявление всех казахских территорий собственностью русской казны и внедрение института «волостных управителей» вместо «старших султанов» по «Степному положению от 21 октября 1868 года», на взгляд лидера казахов, было ничем иным, как аннексией и окончательным уничтожением казахской национальной государственности.

Убедившись в нарушении Россией условий принятия казахи русского подданства, А.Н.Букейхан решает посвятить себя целиком борьбе за возврат казахам их исконных территорий и восстановление их национальной государственности в пределах прежних границ, сперва хотя бы в составе русской империи. А также изучив печальный опыт самой масштабной вооруженной борьбы казахов во главе с последним казахским ханом всех жузов Кенесары Касымулы в 1837-1847 годах, А.Букейхан избрал для своего народа мирный и легальный путь борьбы за освобождение.

Добиваясь введения в Казахском крае земства, А.Букейхан видел «будущее казахской степи в сознательном претворении западной культуры – в самом широком смысле этого слова» и планировал строительство современного демократического казахского государства с надежного фундамента – с развития местного или общественного самоуправления и инфраструктуры.

Борьба за отмену царских законов

Не менее важной целью для Сына степей являлась отмена закона 1834 года, отлучившего казахов от военной службы, который изначально был воспринят как благо, особенно после кровопролитной вековой войны с джунгарами, поставившей весь казахский народ на грань исчезновения. Однако более полвека спустя, особенно вследствие осуществления Россией реформ 1867-1868, 1886 и 1891 годов, целью которых была поэтапная колонизация Казахского края (позже Степного и Туркестанского краев), это благо обернулось для казахов сущим злом. Казахи невольно оказались «инородцами» на собственных землях, аннексированных в 1868 году и которыми теперь вольно распоряжались колониальные власти.

Например, генерал-губернатор Степного края Иван Надаров, который в 1906 году на требование делегации казахов, насильственно выселенных из родовых земель, прекратить этот произвол, заявил: «казахи никогда равноправия не получают, так как они наравне с другими не несут военную службу» (!), «казахская земля не есть собственность казахов, а государственная, следовательно,

если она нужна будет государству, то будет отобрана у казахов по мере потребности».

Настойчиво добиваясь воинской повинности для своего народа, А.Н.Букейхан имел две цели. Одна из них явная, остро необходимая для текущего момента, как равноправие с другими народами, прежде всего с казаками, которые собственно и служили главным орудием и опорой незаконной по сути колонизации казахских степей, вторая – скрытая, но с дальней перспективой.

Лидер казахов предпочел не рекрутскую службу, какую, например, несли финны, рекруты которых могли быть передислоцированы в любой край Российской империи. Он упорно добивался формирования из своих джигитов добровольных кавалерийских полков, причем с самостоятельным командованием, в чем как раз заключался скрытый смысл его цели. Он предвидел, что в недалеком будущем казахам придется отстаивать право собственности на свои же исконные земли и бороться за священное право на самоуправление с оружием в руках.

Алихан Букейхан планировал сформировать современную казахскую армию исходя из принципа «армия должна быть организована наподобие казачьих войск с самостоятельным войсковым управлением».

И в июле 1906 года А.Н.Букейхан, будучи депутатом Государственной думы I-созыва, отправился в Петербург с уверенностью принять ряд законопроектов, среди которых был и проект закона о введении воинской повинности для казахов. Однако эта реальность в один миг превратилась в мираж. А.Н.Букейхан прибыл в Петербург лишь 8 июля 1906 года утром – буквально накануне насильственного роспуска Государственной думы I-созыва.

Все же Сын степей не терял надежду, поскольку впереди ждал второй созыв Думы. Однако Алихана постигло еще большее разочарование. После 102 дней работы с 20 февраля по 2 июня 1907 года, II-созыв был также разогнан. Одновременно с указом о роспуске Думы II-созыва 3 июня 1907 года было подписано новое Положение о выборах в Думу, по которому 5 миллионный казахский народ был лишен избирательных прав и отстранен от парламентской трибуны. Более того, в декабре того же года А.Н.Букейхан осужден к 3-месячному тюремному наказанию за подписание «Выборгско-го воззвания», а также лишен права занимать общественные долж-

ности. Отбыв наказание в Семипалатинской тюрьме не 3 месяца, а целых 8, он был выслан в Самару.

Находясь в ссылке с 1908 по март 1917 года, он продолжал борьбу за права и национальные интересы казахов, в том числе за право нести воинскую службу в кавалерийских войсках, внеся в Думу III-созыва через фракцию депутатов-кадетов соответствующий законопроект. Но снова без видимых успехов.

Тем временем с созывом в 1912 году IV-й Думы, появилась новая возможность одобрения законопроекта об изменении «Устава о воинской повинности». Параллельно в 1913-1917 годах А.Н.Букейхан на страницах газеты «Қазақ» разворачивает открытую дискуссию о неизбежности несения казахами воинской службы, сам по ходу предлагая и разъясняя удобство службы в конно-кавалерийских войсках.

Маневры в стане русских чиновников и военных

Однако колониальная власть не разделяла энтузиазм лидера казахов, явно опасаясь нового, еще более масштабного, восстания казахов против своей незаконной колонизации Казахстана. Была еще свежа память о восстании хана Кенесары. Остается добавить важный штрих, что русское военное искусство и оружие оказались бессильными в войне против беспримерных наездников хана Кенесары в течение 10 лет.

И о серьезности опасений Российской империи говорит тот факт, что в период I мировой войны, особенно в 1915-1916 годы, неся колоссальные людские и материальные потери, она не решилась обязать казахов нести воинскую повинность.

На переговорах в Петербурге лидер казахов акцентировал внимание своих собеседников на заверении самих колониальных властей, озвученном перед вступлением России в I мировую войну: «Мы воюем не за рынки, не для обогащения капиталистов, а за свободу, за самоопределение всех народов и национальностей». И мы теперь требуем, чтобы нам дали то, что обещали, – настаивал А.Н.Букейхан.

А.Н.Букейхану предсказывало политическое чутье, что этот вопрос положительно решится в ближайшее время, и оно не об-

мануло. Император России 25 июня 1916 года издал указ о «реквизиции коренных жителей», то есть о мобилизации «инородцев» Степного и Туркестанского краев, как того меньше всего желал лидер казахов, на тыловые работы.

Еще большей неожиданностью для А.Н.Букейхана стало стихийное восстание казахов, вспыхнувшее вслед за указом «25 июня», которое лишь усилило опасение колониальных властей России предоставить казахам права сформировать свои конные войска. И самое главное, восстание, тем более стихийное и фактически безоружное, не входило в планы и стратегию лидера движения «Алаш», если точнее – прямо противоречило этой стратегии.

Обсудив причины и последствия указа 25 июня 1916 года и его практической реализации, частное совещание казахов приняло постановление, состоящее из 18 пунктов, в первом из которых говорилось о «необходимости отсрочить призыв рабочих для северных уездов до 1 января 1917 года, а для южных уездов – до 15 марта 1917 года», а в последнем пункте – «об изложенном... ходатайствовать перед правительством».

Князь Львов обязался взять казахов, мобилизованных на тыловые работы, под опеку ЗЕМГОРа. После ряда встреч с лидером движения Алаш до и в период народных волнений 1916 года, 10 сентября того же года, А.Керенский выступил в Думе с докладом о своей поездке по Степному краю и Туркестану, в котором возложил вину за кровавое подавление народных волнений на царское правительство, обвинил министра внутренних дел в превышении полномочий и т.д. В то время он как раз возглавлял комиссию IV-й Думы по расследованию причин и последствий событий 1916 года в Казахских Степном и Туркестанском краях, изучив события на месте. С инспекционной поездкой в Казахский край он ездил по настоятельной просьбе А.Н.Букейхана, который в сопровождение ему отправил Мустафу Шокая, своего молодого соратника, служившего в то время секретарем бюро мусулманской фракции IV-й Думы.

После выступления в Думе Керенский, а также Караулов и Ефремов пообещали Букейхану отправить телеграмму царю Николаю II, находящемуся на фронте, с просьбой отсрочить мобилизацию казахов с 15 сентября на более поздний срок. По настойчивой

просьбе лидера Алаш, Андрей Шингарев 8 сентября обратился лично к военному министру Дмитрию Шуваеву с вопросом: когда и в каком порядке казахи будут призваны на военную службу и предоставят ли им те льготы, которые они просили? В ответ Шуваев заявил: решение о призыве казахов на службу принимает министр внутренних дел, лишь затем вопрос о службе казахов переходит на рассмотрение военного ведомства. «Теперь же мы ищем депутата, который мог бы положительно решить наш вопрос с министром внутренних дел. Трудно предугадать что-либо, действуем словно слепые. Поддержи нас Бог!» – писал в очередном письме из Петрограда Қырбаласы.

Похоже, что Сыну степей удалось найти того, кого искал, доказательством чего явился приказ военного министра Дмитрия Шуваева от 14 октября 1916 года, текст которого был немедленно опубликован в одном из ближайших номеров газеты «Қазак».

Однако настоящий приказ снова не оправдал надежды лидера Алаш. В нем речь шла не о формировании казахских конных полков с национальным командованием. В приказе предусматривалось нечто иное: Полномочия по набору инородцев, добровольно изъявивших служить в казачьих войсках, передаются наказным атаманам казачьих кавалерийских войск; Добровольные инородцы будут приняты в ряды конно-кавалерийских войск, участвующих в военных действиях и, в случае необходимости, они могут быть направлены в распоряжение запасных сотников для прохождения боевой подготовки; Инородцы, принятые добровольцами в казачьи части, обязаны явиться на службу в своем обмундировании (казачьей форме), со своим оружием и конем; Добровольные инородцы несут службу рядовым казаком; Добровольные инородцы после окончания войны немедленно освобождаются от службы и отправляются по домам.

Вместо восстания – на тыловые работы

«Наше войсковое командование, – писал А.Н.Букейхан чуть позднее, – должно состоять исключительно из собственных кадров. В ином случае чужой офицер, вместо боевой подготовки нашего воина, будет гонять его за малейшую провинность, сажать

безвинно в каталажку. Если же кадровый офицер из своих казахов, воин пройдет соответствующую боевую подготовку, будет хорошо обучен и политически грамотен. Командир, не знающий казаха, его язык, культуру и ментальность, будет лишь наказывать его».

Добившись отсрочки мобилизации казахов на тыловые работы до окончания сельскохозяйственных работ в Степном и Туркестанском краях, А.Н.Букейхан вместе с соратниками по движению Алаш немедленно отправился в регионы для разъяснительной работы среди простого народа. Сам выбрал самую «горячую» из них – Прикаспийскую область.

Как позже напишет в своих воспоминаниях Смахан-торе Букейхан, родной младший брат лидера Алаш, вожди рода Адай встретили Алихана восторженно, со знаменем, и провозгласили: «Явился наш хан!» В ответ Алихан потребовал прекратить бунт.

Его аргументы были убедительными. Во-первых, фактически безоружное восстание против современных регулярных войск воюющей империи, да еще несущей тяжелые потери в I мировой войне, не только непродуктивно, но губительно для народа. Во-вторых, казахов призывают не на войну, а на тыловые работы. И, в-третьих, молодежь увидит совершенно иной мир, другой уровень жизни и хозяйства, современные виды оружия и условия войны. Этот опыт казахам пригодится в самом ближайшем будущем, – разъяснял своим соплеменникам национальный лидер. И убедил их подчиниться указу русского царя и отпустить джигитов от 19 до 35 года на фронт, пообещав им быть вместе с ними.

И в конце 1916 года А.Н.Букейхан действительно отправился вслед на Западный фронт, где с целью обустройства на службе, обеспечения быта и защиты прав своих молодых соплеменников, заодно и всех остальных «инородцев» из кыргызов, сартов, калмыков и других, открыл и возглавил «Инородческий отдел» ЗЕМГО-Ра, ответственного за обеспечение тыла.

После Февральской революции в середине марта 1917 года А.Н.Букейхан срочно отозван Временным правительством в Петроград. 20 марта назначен комиссаром новой демократической власти по Тургайской области, о чем информировал газету «Казак» телеграммой, а также назначен членом Туркестанского комитета по управлению краем.



Рождение национальной армии

Казахский лидер посчитал, что наконец-то появился реальный шанс для организации национальной армии и приступил к ее созданию основательно, но все же осторожно, официально именуя ее «милицией». Т.е. А.Н.Букейхан приступил к созданию армии Алаш до вероломного захвата власти большевиками в октябре 1917 года и создания ими в феврале 1918 года кровавой «Красной армии».

В июле 1917 года А.Н.Букейхан вышел из ЦК и рядов кадетской партии и немедленно приступил к организации первой национальной партии «Алаш», о чем информировал I-й Всеказахский съезд, состоявшийся 21-28 июля того же года по его инициативе. В VI-пункте программы партии «Алаш», озаглавленном как «Защита отечества», было предусмотрено: «Для защиты отечества армия не останется в нынешнем виде. Молодежь, достигнув призывного возраста, боевую подготовку и воинскую службу несет в родных местах; молодежь вправе служить в родах войск по призванию: воинскую службу казах несет в конной милиции».

И одно из первых законодательных постановлений Народного совета (правительства) Алаш-Орды, принятое между 11-24 июня 1918 года за подписью Алихана Букейхана, касалось как раз вопроса о создании армии Алаш: «Образовать при Алаш-Орде военный совет из трех лиц, возложив на него функции военного министерства и предоставив ему открывать областные и уездные военные

советы при областных и уездных отделах Алаш-Орды. На военный совет возлагается обязанность призывать джигитов для борьбы с большевиками».

Выясняется, что к этому моменту первые казахские кавалерийские отряды были уже сформированы и они были готовы к защите отечества, о чем свидетельствует заметка в омской газете «Свободная речь» от 21 июня 1918 года под заголовком «Прибытие казахского отряда»: «18 июня в полдень в Алаш прибыл вновь сформированный в степи отряд казахской (в ориг. киргизской) конницы в 500 человек с офицерами-инструкторами. Отряд был встречен всем населением Алаша... Отряд обучен военному искусству и вооружен».

Редакционная заметка следующего номера газеты сообщила новые подробности о том, как «на площади возле Никольской церкви была устроена им торжественная встреча, куда «прибыл известный национальный деятель Букейханов, в честь которого по предложению подполковника Тохтамышева всадники произнесли «Алла». «На знаменах белого цвета на казахском языке были начертаны лозунги: «Да здравствуют Всероссийское и Сибирское Учредительное Собрание!», «Да здравствуют верные сыны Родины!». От речей, сказанных на встрече, веяло патриотизмом», – говорилось далее в заметке.

И к середине лета 1918 года Алихану Букейхану удалось создать не только боеспособную дивизию государства Алаш из нескольких кавалерийских полков, но и открыть юнкерскую и офицерскую школы по подготовке национальных кадровых офицеров. По сведениям омской газеты «Свободная речь», некоторые из отрядов Алаш уже принимали активное участие в боевых операциях на Южном фронте в Семиреченской области. «О действиях казахских добровольцев, – отмечает далее омская газета, – правление Алаш-Орды постоянно извещает находящегося в настоящее время в г. Омске казахского премьер-министра А.Н. Букейханова. Так, им недавно получена из Арката следующая телеграмма: «Муса присутствовал при взятии г. Сергиополя, приехал и лично отрубил головы девяти красным. Большевики убежали в Урджар. За ними послан отряд Габидханова. Управляющий делами [премьер-министра Алаш-Орды] С.Акаев».

Священная цель

В телеграмме, отправленной 12 сентября 1918 года членам своего правительства в г. Алаш (Заречная Слободка, Семипалатинск) из Уфы, где вел переговоры с Комитетом членов Учредительного собрания (Комуч) по вопросу признания казахской автономии, ее председатель А.Н.Букейхан уже открыто упоминает о национальной армии: «Все силы направить на формирование национальной армии. Россию спасут национальные армии. Алаш – одно из союзных государств России, поэтому одна из опор России – армия Алаш. Алашский полк обеспечить всем необходимым и не распускать. Необходимое снаряжение покупайте даже в долг. Купите достаточное количество оружия. В Уральском, Тургайском отделениях Алаш[-Орды] отряды спешно проходят боевую подготовку. В Уральске будем готовить офицеров».

В феврале 1919 года, в ходе переговоров с Омским правительством адмирала Колчака, премьер-министр Алаш-Орды А.Н.Букейхан заявил об успехах своей армии: «Милиция наша – это войско. Оно уже фактически существует: 700 наших джигитов находятся на фронте в Семиречье, 540 человек у Троицка, 2000 человек в Уральской области. Когда вы читаете сообщения об успехах на семиреченском фронте, то знайте, что эти успехи достигнуты благодаря нашим отрядам...».

Ради одной, священной цели – отстаивать право своего народа на самоуправление, добиться признания и политической легализации автономного государства Алаш на территориях 9 областей, Букеевской орды Астраханской губернии и смежных казахских волостей Алтайской губернии, Алихан Букейхан в 1917-1920 годах действовал руководствуясь извечным принципом «политика есть искусство возможного». Создавая армию Алаш, А.Н.Букейхан готовился не к войне ни с большевиками, ни с кем другим, а стремился отстаивать национальную автономию и сохранить хрупкий мир. «Милиция остро необходима потому, что сейчас выживет тот, кто силен, вооружен и на коне», – писал он в очередной статье.

Поскольку стало очевидно, что в разгар гражданской войны в России не осталось иного выбора, как заключить союз с одной воюющей стороной, чтобы противостоять другой, или наоборот.

Но, выслушав условия Алаш-Орды по признанию Советской власти, вожди большевиков обязались дать окончательный ответ в ближайшее время и надолго пропали.

А.Н.Букейхан был вынужден искать признания и союзника в противоборствующей стороне, где, однако, одну самопровозглашенную всероссийскую власть сменяла другая каждые несколько месяцев. И перед каждой новой «всероссийской властью» глава Алаш-Орды А.Букейхан упорно и аргументировано отстаивал право казахов именно на эти земли и территории, заявляя, что «Автономия Алаш объединяет 6-ти миллионное казак-киргизское население Казакского Края, никогда не входившего в состав Сибири и Туркестанских областей; Автономия Алаш... занимает территорию, имеющую форму почти круга, составляет крупную, с 10 миллионным населением политическую единицу».

P.S.: От своей цели создать национальную армию бывшие лидеры Алаш-Орды не отказались даже после установления в Казахстане Советской власти. Об этом писал Турар Рыскулулы в своем известном письме Иосифу Сталину. Один из видных алашординцев, Миржакып Дулатулы, в своей программной статье, опубликованной в ташкентской газете «Ақ жол» в 1924 году, предлагал руководству республики сформировать казахскую национальную Красную армию под командованием казахских офицеров, ссылаясь на постановление ВЦИК. Но вожди Советской власти испытывали перед алашординцами еще больший страх, чем царское самодержавие...



МАРАТ ӘБСЕМЕТОВ
ҚР Ұлттық мұрағатының бас дирек-
торы, тарих ғылымдарының докторы,
профессор, Міржақыптанушы

МІРЖАҚЫПТЫҢ АҚЫНДЫҚ ШЕБЕРЛІГІ

XX ғасыр басындағы қазақ жұртының бостандығы мен тыныштығы, мәдениеті мен теңдігі жолында күрескен айтулы тұлға, Алаш қозағылысы көсемдерінің бірі Міржақып Дулатұлының жаңа бір дәуірге өкілдік ете алатын лирик ақын екендігін өлең сүйер қауым да, тіпті кейбір әдебиеттанушылардың өздері де көп біле бермейді. Көпшілік оны ең алдымен публицист, отарлық езгіге қарсы күрескен қоғам қайраткері ретінде біледі. Бүгінгі қазақ әдебиетшілері поэзия биігін Абай, Мағжан, Қасым, Мұқағали есімдерімен белгілеп жүр, бұл өте дұрыс, заңды нәрсе.

Бірақ олардың аралық шегіне иық тіресіп тұрған, махаббат жырының шеберлері – Ақан сері мен Біржан сал, күрескерлік поэзиясының шыңы – Махамбет, кітаби ақындар аталып жүрген Шортанбай, Мұрат, Дулат, әлеуметтік тақырыпты тереңнен қозғайтын Мәшһүр-Жүсіп, Ақмолла, Шәңгерей, Нармамбет, Шәкәрім, Ахмет, Ғұмар Қараш тәрізді талант иелері көбіне көзден таса қала береді. Шындығына келсек, қазақ поэзиясының қазан төңкерісіне дейінгі тарихы осылардың шығармашылығымен өлшенеді. Қазан төңкерісі қарсаңындағы қазақ поэзиясының шок жұлдыздарының ішінде Міржақып есімі ерекше. М.Дулатұлы Мағжан сынды ұлы ақынның ұстазы, тәлімгері ғана емес, сонымен қатар қазақ поэзиясына өмірді жаңаша тану мәнерін әкелген поэтикалық тілдің мүмкіндігін кеңейткен романс, баллада сияқты көп салалы жанрлық түрлерін дамытуға орасан үлесін қосқан ақын.

Оның ғасыр басында Лазарев атындағы шығыс тілдері институтынан басылып шыққан өлеңдері, белгілі түрік ғалымдарынан жоғары баға алды.



Міржақыптың поэзиясы күрделі де, көп қырлы. Ол бірде махаббат романтикасына бой ұрса, енді бір өлеңдеріне уақыт жүгі, заман талабы, халықтың мұң-зарын арқау етеді. Сезім сырларын ақтарған өлеңдерінде ақын жан толқынысына беріліп, ішкі күй тереңіне бойлайды. Жүрек түкпірінде жатқан тұңғыық сырларын, тәтті мұңдарын өзгеше қырынан, басқалар айта бермейтін шебер де шешен тілмен жеткізе біледі. Ал әлеуметтік, саяси лирикаларында сол кезеңде болып жатқан түрлі де күрделі қоғамдық оқиғаларға өзгеше көзқарастарымен қатар өзіндік үнін қосады. Ұстаздық қызыметі барысындағы ұрпақ тәрбиесіндегі елінің болашағына деген сенімділігі жолындағы жанын сала жасаған талпыныстары, тырнақ астынан кір іздеп, бас көтергенді құртуға әрекет жасаған

зұлым саясатын жүргізген патшаның абақтысында көргендері мен куә болғандарын көңіл сүзгісінен өткізіп, отарлық билеудің зардаптарын әшкерелеп, Алаш қозғалысын дәріптейді. Кезінде қазақ әдебиетінің төңкеріске дейінгі тарихындағы қазақ жазушыларын Әлихан Бөкейхан түркішілдер мен батысшылдар деп екі топқа бөлген еді.

Кейінірек (1918 жылы) М.Әуезов пен Ж.Аймауытов бұл әдеби процестің айқын картинасын береді: «...Сезімге әсер берерлік суретті өлеңдер көбінесе Мағжан, Міржақып, кейде Сұлтанмахмұт Һәм Ахмет Мәметтікі. Бұлардың өлеңдерінде өзгеше бір маңыз бар. Бұлар – сыршыл (лирик) ақындар. Екінші жіктің өлеңшілері – Ахмет Байтұрсынов, Сәбит Дөнентаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Бекет Өтетілеуов. Бұлардың өлеңі сырты төгілген, сұлу, тілі кестелі, анық, халықтың ұғымына, оқуына жеңіл, тәтті. Бұлардың өлеңінің сезім мен қиялға тәрбие-әсері аз, ақылға азығы бар. Бұлар – халықшыл (народник) ақындар. Ана ақындардан бұлардың сөзі халыққа бір атасы жақын тұрады... Алғашқы айтылған төрт ақынның ішінде Мағжан, Ахмет, Сұлтанмахмұт бөлек, Міржақып бір бөлек...».

Бұл айтылған өлеңшілердің ішінде өзінің ақындық беті күшті, тұр тапқыш, аса еліктегіш емесі – Міржақып. Кенеттен киліккен оқиганы тез сезіп, тез сіңіріп, тез жауап қайырғыш, жүйрік қиялды өлең Міржақыптан шығады. Сүлеймен Біржановтың, Қазі Нұрмағаммедовтың өлімдеріне шығарылған «Жұт», «Қайда едің?» деген өлеңдері. Жүрекке әсер беретін өлеңдері «Сағыну», «Қиял», «Шәкір», «Қажызған көңіл», «Айырылу», «Жамалдың зары».

Осы өлеңдерінде адамның жүрегіне тиетін қасіретті, зарлы, салмақты әсер бар. Міржақып өлеңдерін кей жерлерінде тілді тұтып қалып отыратын сөз, буынында не артықтық, не кемдік болып отырады. Мәселен, «Айырылу» деген өлеңінде:

Жүректің қасіретін жаспен жуып,
Келіпсің жаным сезіп қайтып жуық.
Рахат рухына тілеп хақтан
Хош айтып кетпес пе едім көңілім суып,

– дегендегі «рахат рухына тілеп хақтанның» бір буыны басқаларынан кем. Бұл – сөздің маңызын қуғандықтан. Міржақыптың ... ақындық күші соңғы сыршылдыққа айналған өлеңдерінде көріне бастады...». (Ж.Аймауытов, М.Әуезов. Абайдан соңғы ақындар. «Абай», 1918, 5-сан.)

М.Әуезов пен Ж.Аймауытовтың атап көрсеткеніндей М.Дулатұлының романтикаға толы поэтикалық таланты кейінгі өлеңдерінде біржола ашылады. Әсіресе «Азамат» жинағы (1913) сезім сырларына толы. Бұл ақынның алғашқы жинағынан мүлде өзгеше. Ақынның өзі де 1914 жылы академик Гордлевскийге жазған хатында «Азамат» жинағына байланысты: *«Менің шығармаларым сипаты жағынан лирикаға жатады»*, – деп атап көрсетіп, өлеңдеріндегі стильдік мәнін айқын аңғартады.

Мұнда, ақынның бұрынғы шығармаларындағы күрескерлік рух нәзік лирикалық күйге, өткір, ащы сатира, табиғаттың тамылжыған суретіне айналады. Халық тағдыры жөніндегі мазасыздық ақын сезімдерінің көп қырлы табиғатын ашатын ішкі толғанысқа ауысқан. Сыртқы түр мен ішкі мазмұнның қауышып келетін лирикалық айшықтары тұтас лиро-эпикалық баяндауға ұласады. Бұған жинақтағы «Таза бұлақ», «Сағыну», «Қанатталды», «Айырылу», «Алашқа», «Сұлу қызға», «Арманым», «Я, Алла», «Сырым», «Шағым» атты өлеңдер айғақ.

Міржақып Дулатұлы – қазақ әдеби тілінің өзгеге ешқашан ұқсамайтын телегей мүмкіндігін жете пайдаланып, сөздерді түрлендіре колдануда ерекше мағына, қосымша поэтикалық нәр беруде өз жаңашылдығымен танылды. «Оян, қазақ!» кітабынан көнерген сөздерді колданып, оның мағынасын толық ашуға ұмтылысы, архаизмдерді қайта жандандырып, жаңа мазмұнмен байыта қолдануға талпынысы байқалса, «Азамат» жинағынан фольклор тілін бар сарқа пайдаланған Міржақыпқа тән қайталанбас ерекшелік байқаймыз. Қазақ ауыз әдебиетінің мәйекті де құнары мол сөз байлығын игере отырып, оны дамыту, жаңа өрге көтеру – Міржақып Дулатұлы мен оның ұстазы әрі досы, үзеңгілес сырласы Ахмет Байтұрсынұлы екеуінің алдына қойған үлкен мақсаттың бірі болатын. Бұл төңіректе олар тынбай ізденіп және осы жолда аянбай ащы терін төкті. Олардың шығармаларында бүгінгі оқырман талғамына сәйкесе қоймайтын, тіпті сөлекеттеу көрінетін тілдік

колданыстар да жоқ емес. Бірақ оның өзі сол кезеңдегі қоғамдық ортадағы өз орнын тапқан және жемісін берген ортақ ізденістің, қажымас талпыныстың нәтижесі еді. Абу-Фирас, Пушкин, Лермонтов, Крылов, Шиллер сияқты ұлы ақындардың еңбектерін аударып оқырман қауымға жеткізуі Міржақып Дулатұлының осы мол мүмкіндіктерді қаншама қиыншылықты елең ғұрлы көрмей орынды да ұтымды пайдалана алуының зор нәтижесі еді. Ол жоғарыдағы аталған және басқа ақындардың шығармаларын оқи отырып, араб поэзиясының өршіл рухын, Пушкин поэзиясындағы раушан гүлінің жұпарын, Лермонтов Казбегінің күрсінісін, Крыловтың ащы мысқылын, Шиллердің нәзік лиризмін анық сезінесіз. Міржақып поэзиясы жайлы сөз еткенде, оның өлеңдеріндегі табиғат суреттерінің адам жанын тебіренер көрінісін еріксіз көз алдыңызға алып келгеніне айырықша әсерленбей тұра алмайсыз. Міржақып лирикасындағы пейзаж философиялық мәнге ие. Бұл сипат оның прозасына да тән. Оның табиғатқа қаншалықты көңіл аударғанын, оны жан-тәнімен сүйіп зерттегенін аңғару қиынға соқпайды. Бұл жайында Жақаңның өзі де былай деп еске салады:

«...Кез келген орта сияқты, қазақ даласы да жүздеген жылдар бойы өзінің табиғатына лайық перзенттерін туғызып келеді. Егер Еуропаның алуан түрлі тамаша табиғаты Ньютон, Маркс, Толстой, Рафаэль сияқты ғылым мен өнердің өкілдерін өмірге әкелсе, Азияның табиғаты Темучин, Темірлан, Кенесары, Сырым тәрізді қаһармандарды туғызды» (М.Дулатов. Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов (биографический очерк). Труды и общества изучения Киргизского края. Вып. III. Оренбург, 1922).

Міне осы бір жолдарға қарап отырсақ ақын түсінігіндегі табиғат – адам тағдырының тұтқасы, кез келген адам туып өскен ортасына тартатындығына, адам жаратылыс әлемінің үзілмес тамырмен байланған біртұтастыққа ие екендігіне шүбәсіз иланадырады.

Живопись және поэзия. Яғни, бейнелеу өнеріне етене жақындық әр кезеңдегі сөз зерделеріне тән құбылыс. Ол Міржақып қаламына да жат емес. Ол өлеңдерінде Рафаэль қылқаламына ғана ілінетіндей шеберлікпен қазақ өмірі мен туған табиғатының суретін әсем өрнектейді:

*Тағы да көз алдымда бір жиын той,
Үй тіккен, ошақ қазған, сойылған қой.
Ат шапқан, палуан түскен, серке тартқан
Шаттанған, күлімдескен, толқыған ой.*

Зер салсаңыз осы төрт жол өлеңнің өзінде қазақтың халықтық мерекесінің тамаша көрінісін айшықты да жан жақты беріп, көз алдыңызға бейне бір экрандағыдай жан құмары қанбас іңкәрлікпен тамашалайтын көріністерді алып келеді.

Немесе философиялық сауалмен аяқталған мына таңсәрілік пейзажға назар салсаңыз сәредегі саф ауасының жұпар шашқан шағындағы бейғам да беюаз мүлгіген тыныштықтың таңмен бірге ояна бастағандағы жанды көрінісін сұлу да сиқырлы суретпен бере келіп, осынау бір атқан таң кімдерге не береді деген сауал тастау арқылы адамдарды әрбір атқан таң сайын жақсы да бейбіт өмір келе берсе екен деген ойды түюге және талпынуға жетелейді:

*Жарық болды, бозарып бір таң атып,
Биік тауға сәулесін тегіс таратып.
Үнсіз тоғай көгере жана бастады,
Айнадай суға көлеңке түсіп тағы атып.*

*Шілденің күні ыстығымен қыздырып,
Құстар қонды қамысты көлді жаратып.
Дуадақ пақыр шөлден жалғыз қайтпайтын,
Қалыңға кеп бекітті аңдар жан атып.*

*Кімге пайда, кімге зиян атқан таң,
Алмақшымын оқушыға санатып?*

Көшпелі салтты ұстанған, тек, мал шаруашылығына сүйенген қазақ даласында мал атаулыны ақ сүйекке айналдырып, жан біткеннің барын жайпап, тұрмысын тұралатып кететін нәубет – жұт. «Жұт жеті ағайынды», «Бай бір жұттық» деген сияқты терең мәнді тәмсілдерімен-ақ оның зардабын бейнелеген ұлтымыз тарихатн бергі алысып келе жатқан табиғи апатты зобалаң ретінде санап келген-ді. Ақын өлеңінде ол өзінше құбыжыққа айналады:

*Үскірік аяз, боран араласқан,
Екі үйдің арасында жан адасқан.
Қабағын түйіп келген қаһарлы жұт,
Салды ойнақ, сахараға уытын шашқан.*

Байтақ даладағы көшпелі елге өлім сепкен жұттан құтқаратын күш жоқ. Ақын түсінігінде бұл апаттан құтқаратын бір-ақ нәрсе, ол жер – ана. Жер төсіне тырмалап егін егіп, құнарлы алқапқа дорбалап дән сеуіп, арбалап жинап, тер төккен жан қалайда тығырықтан құтылады деген көзқарасын білдіреді:

*Қара жер анамыз ғой бізді тапқан,
Өлгенде тағы қайта қойнын ашқан.
Қол үзіп, сол анадан айрылмасақ,
Өлтірер бізді тіпті қалай аштан?!*

Болашақ ақынның рухани әлемі қаймағы бұзылмаған, мамыражай тірлік пен қойын құрттап, айранның ұрттап отырған қазақ ауылында қалыптасты. Сондықтан да оның бүкіл дүниетанымы далалық еркіндік пен таза табиғат аясынан, ауыр тұрмысынан, далаға тән ерлік пен серілік, мәрттік, жүйрік ат, қыран бүркіт, ұшқыр тазы, сұлу қыз, түзу мылтық сияқты қазақы түсініктен бастау алып жатады. Міржақыптың өлең сөзге деген құмарлығы ерте оянды. Ол туралы өзінің өмірбаянында былай деп жазады: «Менің өлеңге деген құмарлығым бала жастан басталғанмен, жиырмаға келгенге дейін ден қойып, маңызды ештеңе жаза қойғам жоқ. шындығында біраз өлеңдер жазған да едім, бірақ оған жете мән берген емеспін, сондықтан олар сақталған жоқ. Менің алғашқы өлеңім 1906 жылы Петерборда шыққан «Серке» газетінің тұңғыш санында жарияланған». Егер анығына келсек, оның «Жастарға» атты өлеңі тұңғыш рет 1907 жылы наурыздың 28-і күні жарияланды. Онда:

*Найзамен тұртсе де,
Жатырсың, қазақ, оянбай.
Мұнша қалың ұйқыны
Бердің бізге, ой, Алла-ай!*

– деп ақын күйіне ұран тастап, ұйқыда жатқан қазақ даласн селт еткізіп оятқысы келеді және оны көп нәрсеге мән бере бермей-

тін бейғам жұрттың айыптарын өздеріне айту арқылы намысын жануға ұмтылады.

Енді бір өлеңінде 1905 жылы төңкеріс толқынынан рухтанған бар үмітін жастарға артып жырлайды, онда ақын қазақ жастарының белсенді болып, ел ертеңіне бүгіннен бастап араласуы керектігін ертерек ескертеді:

*Кешегі дұшпан қаһарлы,
Ертең қор боп жай қалсын.
Ұраныңды шығармай,*

Жас қазақтар, қайдасың! Мына жолдар ақынның өмірлік кредосындай естіледі. Туған халқы үшін жүрегін суырып беруге дайын ұқданды ұл қазақ үшін туып, қазақтың бостандығы жолында құрбандыққа дайын текті де теңдессіз ерлігін көрсетеді:

*Көздеген оқ, сермеген қылыш болса да,
Тәуекел деп қасқайып көз жұмарым.
Кім үшін тусам, сол үшін өлу борышым.
Міндет қылып қосқаны маған құдайдың.*

Міржақып халық поэзиясының дәстүрімен жазған мына бір шумақ өлеңінде күннің көзін көлегейлеген қара бұлтты алпауыт күштердің символы етіп алып, дәрмені аз қазақтың мүшкіл хал-ахуалын аяй түседі және оның болашағының нұрлы болуын армандайды:

*Жаудың бетін қажып тұрмыз бұра алмай,
Бұрмақ түгіл шыдап қарсы тұра алмай.
Күннің көзін қара бұлт жасырып,*

Күлімсіреп нұрын шашып шыға алмай. Ол өз халқының қайғы-мұңын тек қазақ жерін отарлаумен ғана байланыстырмайды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы ел арасындағы шерменделікті де егіле жазады. Абай сатирасын үлгі тұтқан ақын қазақтың күйкі мінезін сын нысанасынан түсірмейді:

*Қазағым, саспайсың,
Ілгері баспайсың.
Арамнан сейіліп,*

Сескеніп қашпайсың... Абай бейнелейтін, даушармен елдің берекесін алған қазақтың сараң байы Міржақып өлеңдерінде тағы да бір қырынан көрініс табады:

*Бай болсаң мақтанып,
Тыраитанып баптанып,
Басқаны жау көріп,
Өзінше сақтанып.*

*...Бір мақсаты алдыңда,
Ұрлық, құлық, барымта.
Шақырам деп тәртіпке*

Момынды сорады салтында. Қазақ даласына жаңа қоғамдық-экономикалық дағдының кіруі, мектептердің ашылуы, газет-журналдар мен кітаптардың басылып шыға бастауы қазақ өмірін түбегейлі өзгертті, жұртшылық біртіндеп оқу-білімнің қадырын түсіне бастады, осындай жаңаша болашаққа бет алғанда қарадүрсін ойлар мен жалқаулықты тастап ұмтылыс жасау керектігін еске салады. Ақын еркіндік пен бостандыққа ие болып, әркім өз арбасын өзі айдауға мүмкіндік алудың даңғыл жолы – жалпақ жұрттың жаппай мәдениет пен білімге қол жеткізуінде де деп есептейді. Ол жалқаулық, құр босқа көпірген, бекер уақытты зая кетіретін даурықпалықтың қас жауы:

*Қолы бос қазақ жұмыстан
Қара қарға секілді.
Шуылдасып тұс-тұстан*

Бастарын қосып алыстан... Қазақ қоғамында бұрын-соңды бір ортаға ұйысып білім алу деген бола бермеген шаруа, тек баласын сауаттандырғысы келгендердің көбісі дін оқуы мен азынаулақ есеп білсе болды деп қарап келді, мұның өзі аңғарсақ жеке бастың күйін күйттеп, баудың жолын көздеген мақсат қана. Міне осы жағдайларды ой елегінен өткізе келіп ақын халқына күннен күнге алға кетіп бара жатқан өзгелер сияқты қазақтың жаппай білім алуға үрке қарамауын, ертеңге деген көзқарастың ашық болуын дәріптейді әрі уақыт пен барлық қажыр-қайрат, бақ-дәулет Отан пайдасына, өнер-білімді игеруге жұмсалуды шарт деп түйеді:

*Игілік жолдан тартынба,
Бекерге де шашасың.
Өнер-білім тістей ме,
Шегініп неге қашасың?*

Міржақып өзінің философиялық-публицистикалық өлеңдерімен қазақ поэтикасын азаматтық пафоспен байытып қана қоймай жан сезімнен тулап шыққан ынтызар жүректің қылдай нәзік пернелерін шерткен сазды да мұңлы махаббат романтикасының тылсым ырғағын, айбаты айға шапқан ерлік пен салтанаты сақарада сән құрған сегіз қырлы серілікке, ішкі толғанысы телегей, иірімі орасан, ойлар орамды да мұңға толы құпиясы мол, өзінше поэтикалық әлемін жасады. Белгілі әдебиетші Қ.Кемеңгерұлы Міржақып шығармашылығын Грибоедов шығармашылығымен салыстырады. Мұның да өзіндік негізі болса керек. Бірақ Міржақыпты Грибоедовтың көлеңкесінен іздеу дұрыс емес. Қазақ ақынының кейде Грибоедовтен принципті түрде ірге ажыратып, өзінше жоғары өре танытатын тұсы да бар. Грибоедов орыс оқырманына араб поэзиясының өкілі Мутаннабиді таныстырса, Міржақып арабтың баһадүр ақыны Абу Фирастың өлеңдерін қазақ оқырмандарына тарту етеді. Әлемдік поэзияға үлкен үлес қосқан бұл екі тұлға, Х ғасырда Хаяб сарайында ғұмыр кешкен, Әл-Фарабидің маңайында болған. «Әбу Фирас – деп жазады араб поэзиясының білгірі А.Крымский – ғұзырлы князь, баһадүр ақын, ерлігі елге аңыз болған, ақ жүрек жауынгер, сонымен қоса сезімтал да нәзік жанды жан. Оның өлеңдері шындықты, ақынның өз басынан өткен көңіл-күйді негіз етіп, болмысты қаз-қалпында баян етеді – сондықтан да ол бізге ақынның поэтикалық күнделігі тәрізді әсер қалдырады» («Восточный сборник», М., 1914, 23-б.).

Міржақып поэзиясына байланысты да осы сөзді қайыра айтуға болады. Әбу Фирастың поэтикалық кредосы Міржақыптың жүрегіне жол тауып, өзінше шығармашылық түрге енгенін байқаймыз:

*Жүргенім жалғыз тым артық,
Арыстандай жортқан құмдарда.
Болганиша жолдас опасыз,
Қатын жүрек құлдарға.*

«Әбу Фирастың есімін Мутаннабимен қатар атау – олардың Сейфедовли айналасында жүріп бір-бірімен поэтикалық үндестік табуынан емес, қайта керісінше, – деп жазады Н.Крымский, –

бұлар бір-біріне мүлде қарама-қарсы тұлғалар. Мутаннаби – сарай ақыны. Ол өленде билеушілердің қалауына орай, өзі көрмеген шулы оқиғаларды (мысалы, әлдеқандай бір шайқасты) ойдан шығара жырлайды». Осы орайда Мутаннаби – Грибоедов пен Әбу Фирас – Міржақып көзқарастарынан әлдеқандай үндестік табуға болатындай. Грибоедов Мутаннаби рухымен Кавказды жаулаушы Ермоловты жырға қосады. Атақты «Ақылдың азабының» авторы осы Ермоловты дәріптей жазады: «патриот, кемеңгер, ойы мен қабілеті мемлекеттік дәрежедегі адам» деп оның Ресей империясының қолшоқпары, отарлаушы, басқыншы екендігін мүлдем естен шығарады. Міржақыпқа Кавказды жаулап алушы «орыс патриоты» Ермоловтан гөрі, қазақ халқының шынайы досы, қарапайым орыс адамы, нағыз ғалым жиһангер Григорий Потанин әлдеқайда жақын да, ыстық көреді. Бұл арада қарасақ ақынның бүкіл адамзаттық көзқарасы көрініс береді, бір ұлтты оның ішінен шыққан жекелеген өзімшіл, кері бағыттағы тұлғаларға қарап бағалауға болмайтындығын, жокқа шығауға болмайтындығын аңғарта келіп, әр халықта жақсы адамдардың көп екенін ұмытпауды ескертеді. Сол арқылы әркімнің ашық та абзал көзқараста болуы керек деп есептейді:

*Саған жақын Сібірдің бар елдері
Жат емес: тау мен тасы, көлдері.
Сені ұмытпас, мәңгі атың паш етер,
Мәдениет шашқан тұқым жерлері.*

*Сұлу мінез, ақ жүрекпен артық ең,
Қазақ атын шылбырдан сан тартып ең.
Біз ұмытсақ, өлмес айғақ тарих бар,
Атамыздай болған сабаз қартым ең.*

Әйел затының көз сүріндірер сұлулығы, айдай ажар мен тұңғыық та сырлы мөлдір көзділердің әдемілігі, көркіне ақылы сай болған, дүйім жұртты тамсандырар арулар ықылым заманнан бері қарай бүкіл әлем ақындарының ғұмыр бойы жырлап келе жатқан мәңгілік тақырыбы. Шығыс әдебиетіндегі – Шаһризада, Шырын, Ләйлі, Баян, Жібек. Батыс әдебиетіндегі – Хлоя, Изольда, Васи-

лиса Прекрасная бір-бірінен дара тұрған сұлулық символдары. Сол сияқты бұл тақырып та Міржақып поэзиясында ерекше орын алған.

Қазаққыздарының бойындағы бар жақсылықты бойына сіңірген «Бақытсыз Жамалдағы» Жамал образы мүлдем оқшау тұрмақ. «Жамал қазақ қыздарының бірнеше ұрпағына үлгі-өнеге болған бейне деп», - С.Мұқанов әділ атап көрсетеді. Жамал бейнесінің тууына өмірдегі шынайы жағдай мен көрген ортасындағы нағыз көріністер себеп болса, ол Міржақып өлеңдерінде асқақ поэзиялық түрге еніп, қолға түспес әйелдік асыл қасиеттер елес береді. Кейде сұлу «Тұманды қоңыр бір күнде» көз жаздырып та кетеді:

*Тұманды қоңыр бір күнде,
Жоғалып шықты сұлу қыз.
Қараңғы түн және өтіп,
Таң атып болды һәм күндіз.*

... Ұрлады зой өлім деп,
Қайғырып жастар қылды сөз.
Іздесе де жабылып,
Болмады бұған ешкім кез... Қас сұлудың көркем бейнесі ақынға тіпті түсінде де елес беріп, қол созым қалғанда жалт етіп құбылатын суреттер жүрегіне асқан інкәрлік пен тәті мұң сияйды:

*Ұйықтап жатып көрдім тус,
Таңқалғандай бұл бір іс.
Серуен етіп аралда,
Жүреді екен екі құс.*

*Құс түлкідей құлпырды,
Ілемін деп ұмтылды.
Ілемін деп іле алмай
Жүрекке қайғы толтырды.*

...Сұлу бейнесі ақынға қашанда маза бермейді, ол тіпті қолға түспес асылдай көрінді. Тіл жетпес портреттегі аруды сұңқар құсқа теңеп барған сайын оны биіктете түседі, сол арқылы асқақ арманына айналдырады:

*Не қылам айтқан сөзім ем болмаса,
Сұңқар мен сұқсыр үйрек тең болмаса.
Сен үшін мұнша қапа болмас та едім,
Алды-артым бәрі қысқа кем болмаса.*

Қалай дегенмен «Сұлу қызға» арналған өлеңінде лирикалық қаһарман өз періштесін тауып, тамсандырар тәтті жан ләззатына малынып, қиялының қырқасында кеудесін аңқыған жұпарға тосып табиғаттың құшағында шексіз арманға беріледі:

*Сұлу қыз, қалың елден сені таптым,
Көрдім де тамашаны белден баттым.*

Майысқан алтын айдар еркесісің,

Оянған ұйқысынан табиғаттың. Сүйіктісін жолықтырғанмен кездесу соңы қиялға айналады, енді жете бергенде дидарын ғайып қылған аққу құс айдынын тастап көз жетпес аспанға самғап кетеді:

Бола алмай дидар нәсіп қол созғанмен,

Қызығын көре алмадым рақаттың.

Сыланып тоты құстай қыр көрсетіп,

Аққудай биікке ұшып қанат қақтың. Сонда да сүйген жүрек үмітін үзбейді, әр сәті сағынышқа толы қимас сезімнің салмақты күрсінісіне толады. Оны күнде жолына қарап тосудан еш жалықпайды, жүрегінде жағылған ғашықтық оты алаулай түседі де:

Жолынан тосатұғын жалғыз өзің

Сөнбестей жүрегіме бір от жақтың, – деп жалынын сыртқа шығарады. Дәрменсіздігіне мойын ұсына отырып, лирикалық қаһарман лапылдаған сезімін ауыздықтауға тырысып, жәрдемді «Аққуынан» күтеді.

Сұлуым, қазы да сен, төре де сен,

Мұңымды қайта айналып саған шақтым.

Ақын көңілдің көк дөненіне мініп қиялдауға, риясыз сезіммен ырғақты романтикаға берілуге әркез бейім, оны өзі де мойындайды:

Бір жерде көп отырсаң жалғыз өзің,

Көрмесе көңіл ашар жанды көзің.

Кейде ащы, кейде тәтті қиял билеп,

Кететін бар емес не, бір мінезің? Лирикалық күшті

толғанысқа, орамды ойға, кейде тәтті кейде ащы мұңға берілу оның «Қажыған көңіл», «Қиял», «Арманым», «Мұң» сияқты өлеңдерінде айқын көрініс табады. Бірақ акынның асқақтығы аспанға ұласқан арманы, жүрегін шымырлатқан шытырман мұңы, аңқасын кептірген аңсауы мен тұғырлы тұжырымдарға толы топқа тастар толғанысы әрқашан өз халқының тағдырымен тонның ішкі бауындай жымдасып жатады. Әдемілік пен асқақтық, қаһармандық пен шер (трагедия) жөніндегі эстетикалық идея оның «Бақытсыз Жамал», «Сағыну», «Айырылу» сияқты романстарында менмұңдалап тұрады. Романс жанры музыкалық әлемде өте кең таралған жанр түрі болса да, қазақ поэзиясында ХХ ғасырдың басында жоқтың қасы еді. Міржақып алғашқылардың бірі болып, осы салаға да түрен салды. Бұл жанрдың табиғатына келсек, Л.Тимофеев пен С.Тураевтың әдебиеттану терминдері сөздігінде былай деп анықталады: «Романс – аспапқа қосып, жеке орындалатын, шағын өлеңді, музыкалық шығарма. Бұл атаудың өзі роман тіліндегі елдерден шыққан. Испан романсы орта ғасырлық азаттық күреске байланысты туса, француз романстары сүйіспеншілікті жыр етеді, ол ХVIII-ХІХ ғасырда орыс әдебиетінде де осы сипатта бой көрсетті. Орыс әдебиеті мен музыкасының шеберлері ХІХ ғасырда романсқа қоғамдық идея нәрін сіңірді, ол дәстүр кеңестік романста айқын танылды».

Осы тұрғыдан келгенде, Міржақып Дулатұлының ХХ ғасырдың басында жазылған «Бақытсыз Жамал», «Сағыну», «Айырылу» сияқты музыкалық лирикалық шығармаларын алғашқы қазақ романстарының қатарына жатқызуға болады (*Зерттеушілердің айтуы бойынша алғашқы қазақ романстарының үлгісі Абай шығармаларында кезігеді.: А.Нұрқатов, С.Қасқабасов*). Егер махаббат романтикасына толы орыс романстарынан француз романстарының әсері сезілсе, Міржақып шығармаларында қаһармандардың романтикалық сарыны басым. Қазақ халқының бостандық күресін жырға қосқан оның романстары мазмұны жағынан испан романстарымен үндес келеді. «Бақытсыз Жамал»,

«Сағыну», «Айырылу» сияқты әнге қосылып айтылатын шағын өлеңдерінің музыкасы табиғаты жағынан классикалық Европа және орыстың қалалық (городской) романстарына сай келеді. Формасы жағынан қайырмасыз келетін, белгілі әуенге бағындырылған, ұйқасты өлең «Сағыну» романсында еркіндіктің лебі еседі, ақын көңілі қазақтың ұшы-қиырсыз кең даласын шарқ ұра самғап, шарықтай шарлап, жоғалтқан бостандығын аңсайды, баяғыдай мамыражай тіршілік пен қазақтың осынау сахарасындағы «қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған» күнді сағынады:

*Айт шыныңды, көңілім, қайда барасың?
Қаңғырудан қандай пайда табасың?
Тоқталатын келген жоқ па мезгілің?
Дамыл таппай күні-түні шабасың...*

*Басыл енді күлкі болмай көңілім,
Жүрегімнің шаны берме жарасын.
Дейді көңілім сонда маған мұңайып,
«Сарыарқаның сағынамын даласын».*

*Ең болмаса емін-еркін кезейін,
Есіл, Нұра, Еділ, жайық саласын.
Бой көтеріп жүріп сайран етейін,
Орал, Алтай, Тянь-Шань тауы арасын.*

*Қандай күйде жатыр екен көрейін,
Ер қазақтың еркін өскен баласын.
Баяғыдай еркіншілік бар ма екен,*

Өз көзімен ерке көңілім қарасын... Бұл романс 1914

жылы орыс тіліне аударылып, мадияр ақыны Шандор Петефидің еркіндік сүйгіш өлеңдерімен бірге Міржақып арқылы казак елінің рух жарқылын, биік жігерін дәлелдеп, Мәскеу баспасында басылған болатын. Міржақып әнге, ойын-сауыққа, музыкаға да жасынан құмар болған. Ол – Торғай орыс-казак училищесіне түсерден бұрын, Римский-Корсаковтың шәкірті С.Рыбаковтың назарына шалынады. Тоғыз жыл уақытын Торғайда өткізген оның осы кезеңдегі қазақ әндерін жинаудағы сенімді серігі жас Міржақып

болады. 1897 жылдың күзінде, Міржақып шағын домбыралық оркестрдің құрамында Ресей географиялық қоғамының этнографиялық бөлімінде Петерборда өнер көрсетеді. Халық арасына кең тараған «Бақытсыз Жамал», «Сағыну» романстары, «Таза бұлақ», «Қанатталды», «Қайда едің» сияқты көңіл сазының қоңыр қазын ұшырып әуелете айтылатын әндері мен термелері оның композиторлық талантының да жоғары екендігін танытты. «Сағыну» романсы баспа бетін 1913 жылы көргенмен, алғаш 1907 жылы Санкт-Петербургте Абайды еске түсіруге арналған кеште орындалады. Ол өз әндерін домбырамен қоса гитарамен сүйемелдеп те орындаған.

«Айырылу» романсы бірінші дүниежүзілік соғыс кезеңіне арналған. Оны 1915 жылы Орынборда қазақ жауынгерлерінің құрметіне ақынның жұбайы – Гайнижамал өзінің серігі Жаңыл Қадырбайкелінімен бірігіп орындаған. Ол жөнінде «Оренбургская жизнь» газеті (1916, №370) былай деп жазады: *«Кешке ел көп жиналды, билет қолдан-қолға тимеді, театрда ине шаншар жер қалмады... Қазақ ханымдарының нөмірі жұрт көңілін шалқытты. Гайнижамал мен Жаңыл ұлттық киімде сахнаға шыққан еді... Ханымдардың әнді тамаша салғаны сондай, оның әсерін жазып та, айтып та жеткізу қиын. Жас ханымдарды ел дүрліге қол шапалақтап қарсы алып, шығарып салды».*

Міне осыған қарап отырсақ Міржақып талантының жан-жақты екенін, яғни сегіз қырлы, бір сырлы азамат екенін көреміз. Осыншама көп жұртшылықты тамсандырып ауыздан-ауызға аңыз болып таралу дегеніңіз мөлшерлей берсеңіз қаншалықты биіктікте екенін аңғартып-ақ тұрған жоқ па? Міржақыптың жүрек түкпірінен тулап шыққан шынайы көңіл-күйінің күрсіністері мен алып ұшқан сағыныштарының, далалық асыл қасиеттерінің айқын көрінісін көз алдыға алып келетін романстарының қысқаша тарихы осылай еді.

Міржақып шығармалары ақынның рухани әлемінің төрт құбыласы тең, соншалықты бай екендігін танытады. Іштей астасып жатқан әуезділік, көркемділік, шынайылық, біртіндеп философиялық толғанысқа ауысатын жүйрік ойлылық пен қиянды шалатын қиялшылдық оның поэзиясының тұтас рухани әлемін құрайды. Адамгершілік-эстетикалық категория – ақын

музасының дiңгегi. «Бүркiт кегi» деп аталатын балладада аспан тағысының өз иесiне деген махаббаты мен шынайы берiлгендiгi асқақ жырланады.

Көшпелi халықтардың таным-түсiнiгiнде қыран бүркiт – батылдықтың, батырлықтың, мықтылықтың, қайсарлықтың, еркiндiктiң белгiсi. Осы балладада Мiржақып Дулатов бүркiтпен аңға шығатын қазақтың көне дәстүрiн жыр етедi.

*Есетке еркiн билеттi,
Баулып Есет үйреттi
Бабын тауып қайырып,
Алғыр құс әбден атанды
Алып түрлi жат аңды,
Кеттi даңқы жайылып.
Қашпаса түлкi амал жоқ,
Қыранға мұнан заман жоқ,
Көрiнсе бiрақ алған-ды.
Аң алдынан құтылып
Кеткен емес сытылып,
Содан Есет малданды.*

– дей келе Есет есiмдi иесiне адал қыранның ерлiгi, құс та болса адамға бергiсiз опалылығын тамсана жырға қосады.

*Бiр уақытта тамаша...
Бұрылып Есет қараса,
Баймырза келед қасына.
Тегiн емес - жанжалмен,
Салды бетке қанжармен,
Қансырап Есет құлады.*

Бұл бүркiттiң атағы алысты шарпыған қырандығына қызыққан Баймырза сұрап ала аламасын бiлген соң құс иесiн аңдаусызда жазым етедi.

*«Мендiк балдың, қыран», - деп.
«Тау тағысын қырам», - деп,
Жақындап жанай бередi.*

*Есетке қыран бір қарап,
Екі көзі қанталап,
Баймырзаға төнеді.
Беттен бүріп алған соң,
Демі құрып аздан соң,
Тұншығып төре өледі.*

Өзімен ұзақ жыл дос болған мейірімді иесіне қаскөйлік жасаған адамның өзіне түсіп, иесінің кегін алған бүркіттің ерлігі мен ақылдылығын сүйіне отырып, сол бүркітпен ғасырлар бойы етене жақын болған қазақ ұлтының қыран құстай ерлігін, опалы қайсарлығын балладаның өн-бойына жасырын сіңіріп жырлайды.

Ал ақынның «Таза бұлақ» өлеңінде моральдық тазалық мәселесі көтеріледі:

*Жұрт құмар бұлақ таза болғандықтан,
Жазудан мағынам сол менің ұққан.
Көңіліңді бойыңменен таза сақта,
Пәктікпен артыларсың сонда жұрттан.*

Ақын адам жүрегіндегі пәктіктің қайнарын таудан аққан мөлдір бұлақтың тазалығымен салыстыра отырып, әрқашан маңындағыларға үлгі болып, адамгершілікке жетелеп, адалдыққа баулитын өнеге әркімде болуы керек екендігін тамаша жырға қосып өзінің мәні терең иіріміне тарта түседі.

Міржақыптың «Қарақұс пен адам» атты лирикалық шығармасы философиялық жағынан американ жазушысы Эдгар Поның шығармаларымен үндес келеді. Өлім мен өмірдің тайталасқанын бейнелейтін бұл өлең қара құстың салтанат құруымен аяқталады. Адам мен құстың тілдесуінің соңғы жолдарын мысалға келтірейік:

*Адам:
Жазбен бірге жаңғырып,
Көңілге нұр, жан кіріп,
Біз біткенше қаңғырып,
Жоғаларсың сен өзің. Қарақұс:
Біз де тойда болармыз,
Кеудеңе барып қонармыз.
Қарақұс біткен тоярмыз,*

Мейлің тула, мейлің төз! М і р ж а қ ы п
шығармашылығының шоқтығын биік көтеретін басты мәселе –
халық алдындағы жауапкершілік, ар-ұждан, парыз. Ол өлеңдерінде
өзін езілген халықтың тағдыры қатты күйзелтетінін, азаттық пен
елдікке жету жолдары толғандыратындығын жиі айтады. Елдің
ертеңгі тағдыры тынымсыз ойландырады, аландатады, оған
шын күйініп, халқын риясыз беріле сүйгендігі соншалық, оның
өлеңдерінің көбі елмен сырласу сарынына құрыла келіп, өте биік
өредегі суреткерлікпен шебер өріліп, ішкі әлемінің күрделілігін,
терең де тұңғыық сырларға толы екендігін айқын танытады.
Ақынның ішкі сезімі, жан жарасы «Елім-ай» өлеңінен анық
байқалады:

*Ем таба алмай дертіңе мен ертеден,
Сол бір қайғың өзегімді өртеген.
Тырп етпейсің бас көтеріп көрпеден,
Еңсең неге түсті мұнша, елім-ай!*

*Мұны құр бос өлең десең, өзің біл,
Жұрт болмаймын, өлем десең өзің біл.
Не болса да көнем десең өзің біл,
Босағада жүрген құлша, елім-ай!*

Дегенмен, ақын өз халқының жарқын болашағына, отарлық
пен қорлықтың қырсауынан құтылып, қабындаған қараңғылық
пен басыбайлылықтан күні ертең құтылып, көкірек кере дем алып,
бостандық самалына кеудесін тосатынына берік сенеді:

*Сол күніңді көрсем – менің арманым,
Жоқтамас ем өзге тілек қалғанын...* Ақынның шер-
ге толы бұл арманынан өз халқына деген шексіз сүйіспеншілігі,
ешқашан еңсесін түсірмейтін азаматтық биік тұлғасы
менмұндалайды. 1916 жылғы патшаның қазақтардан әскер
алу жөніндегі 25 июньдегі жарлық ел назарлығына ұшырап, ақ
патшаға қарсы дала көтерілістері басталады. Ел тарихында қанмен
жазылып қалған Торғайда – Әбдіғапар, Амангелді, Ақмолада –
Рахымжан батыр, Жетісуда – Бекболат батыр т.б. бастаған халық
толқулары біразға жалғасады. Ақ патша салған бұғауға көңісі кел-

меген қазақтардың мұндай көтерілістері көпке дейін басылмайды.

Ақ патшаның жасаған күштеп көндіру әрекетін Міржақып халық қайғысы ретінде қиналыспен қабылдайды. Ол «Қазақ» газетіне халықты осынау қанды апаттан қалай алып қалу жөнінде үндеулермен мақалаларын ашық жариялайды, Әлихан Бөкейхановтың тапсырмасымен Минск қаласына барып, әскерге шақырылған қазақ жігітерінің жағдайларымен танысады.

«Жауыз үкіметтің жауыздығы мен 25-ші июнь жарлығынан қазақ халқы қан жылап, әсіресе қырғыз бауырларымыз қырғынға ұшырады. Күні бүгінге шейін сол қырғыз бауырымыздан көп ел Қытай жерінде босқындықта, ашаршылықта, қырғында: жас балаларын шелек бидайға, бір тоятын тамаққа сатып, қатын-қыздарын бір қойдың нұлына айырбастап, естиярлары мойындарына дорба салып, тіленші болып кеткендері мағлұм болып тұр», – деп халық басына келген зор зобалаң мен аштықты, ауру жайлаған елді қыспаққа ала түскен патшалықтың асқан жауыздығын, жалғыз жанын сақтап қалу үшін шекара асып босып кеткен адамдардың күйзелісті халін ащы өкінішпен жазады.

Ақынның бұл толғанысы «Обалы кімге?» атты өлеңге айналады:

*Қой үрікті,
Қайыру бермей дүрлікті,
Тағдырын білмей,
Басшылардан көріпті.
Үркітуші мол,
Мұндайлыққа қол,
Азғырғыш көп емес пе?
Бөлінген қойға
Обал болар демес пе?
Дос көріп қапшты,
Зор әбілет басты,
Кім арқалап көтерер,
Төгілген мұнша жасты?*

Қазақ даласына жан төзбес қайғының уын бүріккен, ауылдарын қызыл қанға бөктірген 1916 жылғы трагедия ақынның туған жер жөніндегі асқақ қиялын жермен-жексен етіп, күңіреніске толы

қасіретке батырып, жүрегін қан жылатты. Зор зобалаң қазақ даласын қисапсыз қырылған өлік пен пана таба алмай, тіпті тіске басар талшыққа зар болған босқындарға толтырды. Қазақ аспанын өлексеге тоятпаған қарға құзғынның үрейлі шуылы мен егіле жоқтау, ботадай боздаған қайғылы үндер кернеді.

Даланың мәңгілік симфониясы – кобыздың мұңға толы үні ақынды «Алашқа» атты рекем жазуға итермеледі. Үлкен төңкеріс алдындағы көңіл күйді анық сезінген ақын патриархалды Қазақ ұлысының азасын шығарғандай үн қосты:

*Көк майса бетегелі жерің қайда?
Күмістей толқындаған көлің қайда?
Ың-жың боп жер қайысқан төрт түлікпей,
Жөңкіліп, көшіп қонған елің қайда?*

*Көтерген ақ киізге ханың қайда?
Қизаш қас, бидай өңді ханым қайда?
Түнерген сыртқа айбынды іргең бүтін,
Бір кезде басқа қонған бағың қайда?*

*Қақ жарған қара қылды биің қайда?
Ақ орда би түсетін уйің қайда?
Салтанат Сары-Арқада құрған қазақ,
Толықсып жүрген кеше күнің қайда?*

*Шаң жұтқан текежәуміт атың қайда?
Қалдырмас жауға тастап жақын қайда?
Ұшқыр ат, тұзу мылтық, болат найза,
Киінген көк дулыға батыр қайда?*

*Қамығып қанға толған жүрек қайда?
Бұрқ еткен бір ауыздан тілек қайда?
Жаяуға ат, жалаңашқа киім болып,
Қарасқан нашарыңа көмек қайда?*

*Бермейтін ел намысын ерің қайда?
Сүйенер қысылғанда белің қайда?
Өйткені айтқаны екі болмайтұғын,
Асыл зат артық туған бегің қайда?*

*Шалдырмас топтан тура шешен қайда?
Ұлықпен ел бастаған көсем қайда?
Қазағым, қазақшылық қалтың менен
Даңғыл жол сайрап жатқан көшең қайда?*

*Кемеңгер дұғалы ауыз кәрі қайда?
Дертіңе шипа болар дәрі қайда?
Масайрап кімге сеніп қарысасың,
Жауап бер, осылардың бәрі қайда?*

*Жауап сол: еткен дәурен қайта келмес,
Қаншама өксігенмен тағдыр көнбес.
Бұл күнгі қарашыл қарт, парашыл би
Өткендер келгенмен де орын бермес.
Сөйткенмен, қазақ көшін оңға бастап,
Жүруді өздігінен тағы білмес.
Мейлің көн, мейлің, жыла соңғыларға,
Қайтсын-ай, қамықты-ау деп, көзіне ілмес.*

*«Ішкен мас, жеген тоқтың» заманы бұл:
Ашыққан, ащынғаның түкке жүрмес.
«Мал құмар, малдың қолы» деген ақын,
Кім қақса «жемтігінен» соған күндес.*

*Алашым, айтқанды алсаң, без бұлардан:
Еш нәрсе тәуіп бермес, білгенге ермес.
Қой бағып қасқыр қашан опа қылған,
Көре бер өз бетіңмен күніңді өлмес.
Қайраған қолдан келмес іске әуре боп,
Қорлыққа, тілімді алсаң, болма кездес!*

Қазақтарды майданның қара жұмысына алу, қарсыласқан елді аямай қырып-жою Романовтар династиясының соңғы тұяқ серпер қанды қырғынының бірі болды. Февраль төңкерісі халықтар түрмесі болған Ресей империясын түбірімен құлатты. Бұрынғы империя халықтарының құрылтай жиналысы уәде еткен еркіндік негізінде қазақ зиялылары біртұтас саяси ұйымға біріге баста-

ды. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы құрған «Алаш» партиясының бағдарламасы тәуелсіз қазақ мемлекетін құруды мақсат тұтты.

1917 жылғы Самарханның көк тасын еріткен, жас өркен жер бетін жарып шыққан уақыт, қазақтың асыға күтетін өз наурызы тек жыл басы ғана емес, тың беталыс пен халықтың үмітін оятқан жаңа өмірдің де басы болды. Бұл үлкен қуанышқа елге танымал, ардақты ақын ретінде Міржақып «Алаш» партиясының атынан қазақы қасиетті бата үлгісінде жазылған «Жаңа тілек» өлеңін арнады:

*Бүгін халықтың қуанышы кең күні,
Күнменен түн – таразының тең күні:
«Құт-береке болмаса екен кем күні»,*

Деп тілелік, қолың жай-ау, Алашым? Қазақ халқы «Алаш» көтерген бостандық идеясына белсене үн қосты. Қазақ депутаттарының Орынбордағы құрылтайында көтерілген «Алаш автономиясы» жөніндегі шешімі большевиктердің біразын үркітті. Алаш үкіметі мен Алаш әскері құрыла бастады. Ол жөнінде Жақан:

*Бейнетті қанша көрсем де,
Іздеймін жолын Алаштың.
Дұспанменен таластым
Бермейміз елді қорлыққа,
Көнбейміз бекер зорлыққа...*

– деп жазды.

Жетпіс жыл бойы азамат соғысының тарихы біржақты түсіндіріліп келді. Алаш әскері орыс халқын немесе оның жерін жаулап алуды ешқашан мақсат етіп қойған емес. Ол өзінің панасыз, теңдігі теңселіп, шаңырағы шайқалған, аш та жалаңаш, барған сайын торғай тозы шығып бара жатқан халқын қорғауды мақсат тұтты. Қазақ халқына большевиктердің әкелген таптық күресі де жат еді. Таптық күрестің жолында қазақ даласы да күйді, өз алдына қойын құрттап, айранын ұрттап отырған халық жазықсыз жарға жығылып, құнсыз қандары төгіліді, елім деп еңіреген талай боздақтардың елі үшін жасаған орасан еңбегі жоққа шығарылды, оларды халықты теріс жолға бастаған кері бағыттағы адамдар деп қаралап, соған жұртты сендіргісі келді, сол қитұрқылықтардың бірі

үстем тап өкілдері ретінде Абай, Шоқандардың аттары өшірілді. «Дін – апиын» деген ұранмен қазақ ұлтының ұрпақтары діни сауатын ашып, сол арқылы енді-енді біртіндеп білімденіп келе жатқан ортасы болған мешіт, медреселер қиратылды, діни кітаптар өртелді, қазақ ортасынан шыққан оқыған көзі ашық азаматтар, ел-жұртқа шынайы жаны ашитын діни қайраткерлер, мысалы Науан Хазреттер бастаған игі жақсылар ит жеккенге айдалды.

Осы сияқты толып жатқан сойқан әрекеттер Міржақып сынды азаматтарды әбден ашындырды. Өз халқын қорғау жолында күрес жүргізуге мәжбүр етті. Елдің жауы – қазақ байы да, кедейі де емес, қазақ халқының жеріне көзін тігіп, еркіне қол сұғушылар екенін айқын сезінді.

Міржақып өз үндеулерінде халықты күреске, Отанды қорғауға шақырды. Ол: *«Азамат, қазірде тұрмыстың толқыған кезі, дүниенің теңселген шағы. Ат басына күн туып ауыздықпен су ішер, ер басына күн туып етігімен су кешер шақ. Қазірде ел күңіреніп, ер қажып, жер теңселіп, жасу жетті дейтін шақ. Қазірде, ел еркіндігі үшін батыр батылдығына, данышпан ақылдылығына, елім деген азамат ерік қайратына сүйенетін шақ. Ел қорғау, Отан қорғау ісі оңай іс емес. Жұмылған күшің, қажусыз білектің қайратында болатын іс. Бұл жолда қан төгіліп, ер кетпекші, ел күңіреніп, не жетпекшіі»*. (Түлік Титақұлының стенограммасынан).

Міржақыпты «Кер заман» өлеңі қаналған алаш елінің гимніне, маршына айналуы да жайдан жай емес еді. Бұғаулы елге осынау еркіндік идеясын жалынды жырға айналдырып, *«тұлпар мініп, ту ұстап»*, күреске шығуға жігірлендірген еді.

Ақынның жақын туысқаны, мадияр Байеке Жұмабайұлы: *«Есімде қалғаны, Алаш әскерінің аттарының құйрығы келте кесілген. Жігіттер меншікті атын өздері күтетін, жал-құйрығын сүзіп, тарақпен жалтыратып тарайтын да жем салып, мезгілімен суаратын. Жақаң әскерлерін сапқа тұрғызып ауылдан алысырақ жерге жеткізіп, қару-жарақты қалай тұтынуды үйретіп оқытатын. Жаттығудан соң ауылға беттегенде, оларға Алаш маршын (Кер заман) салдыратын, дауыстары жер жаратындай екпінмен айтатын»*.

Белгілі музыкант Затаевич бұл өлеңді өзінің *«Қазақтың 1000 әні»* жинағына енгізе отырып: *«Қазақтың ақыны Міржақып*

Дулатовтың сонау патша кезеңінде жазылған, қазақтардың санасын оятуға шақыратын «Кер заман» деген жорық жырына айналған өлеңі бар», – деп жазды. (Затаевич А.В. Қазақ халқының 1000 әндері және күйлері. Алматы: Дайк-Пресс, 2004, 397 б.).

Затаевичтің терендей зерттеу жұмыстарына Міржақыптың жұбайы Ғайнижамал Дулатова да көп көмек көрсетеді. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы қатарлы Алаштың үш ірі көсемдеріне арналған «Үш дос» өлеңін, соған қоса «Кер заман» өлеңі туралы толық мағлұмат пен деректерді оған береді. Сондықтан Затаевич: «Ғайнижамал Дулатова, қазақтың белгілі жазушысы және тарихшысы Міржақыптың жұбайы, менің еңбегіме шынайы жанашырлық танытқан», – деп ризашылығын білдірген еді. (Бұл да сол кітапта. Затаевич А.В., 405 б.).

Кер заман

*Кез болған соң кер заман біздің баққа,
Жау жарағын асынып, міндік атқа.
Ел бастайтын ерлерге бұл бір зор сын,
Жаңа талап, жас ұлан, қарап жатпа.
Заман-ай!*

Қайырмасы:

*Азаматы Алаштың,
Аттанатын күн туды.
Тұлпар мініп, ту ұстап,
Баптанатын күн туды.*

*Ел бастайтын қайдасың көсемдерім?
Сөз бастайтын қайдасың шешендерім?
Тәуекелге бел байлап, бастап топты,
Тигізбесін жұртқа жау кеселдерін.
Замана-ай!*

Қайырмасы.

*Бай, қайдасың, ортаға малыңды сал,
Азды-көпті аямай барыңды сал.*

Жаны тәтті жақсылар, қайдасыңдар?

Мұсылманның жолына жаныңды сал.

Заман-ай!

Қайырмасы.

Ел қорғайтын қайдасың, батырларым?

Өлең, күйдің шебері ақындарым?

Азаматтың міндеті елді қорғау,

Төнгелі тұр басына күшті толғау.

Заман-ай!

Октябрь төңкерісі, пролетариат диктатурасы қазақ халқына көптеген құрбандық алып келді. Бұл аянышты тағдырлар ақын шығармашылығына үлкен түрткі болды. Февраль төңкерісінің нәтижесінде туған үміт пен сенім біртіндеп мұңға ауысады. Бұл кезде ақын өлеңдерінде «жоқтау» сарыны мол. Халық ерлерін жоқтаған ол жырларында философиялық терең ой бар. Ақын пайымдауында жер құшқан әрбір қазақ жауынгерлерімен бірге «еркін ел боламыз» деген халқымыздың арманы да сөніп бара жатқандай.

Большевиктердің қолынан қаза тапқан алаш жауынгері Қазі Торсановтың зираты басында тұрып шығарған қоштасу жырында былай дейді:

Алаштың бұл құрбаны –

Аяулы жолдас Қазі жас.

Қош, бауырым, жолдасым,

Армансыз сенің өз басың.

Қабыл болып құрбаның –

Алашты құдай оңдасын!...

Колчак билігін талқандап, ақтарды жеңіп, біртіндеп күш алған Кеңестік қызыл империя алғашқы уәделерін бұзып, «Алаш-Орда» үкіметіне да ауыз салды. Ұлт қайраткерлерінің мақсат-мұраты, Қазақ елінің жеке мемлекет болып құрылып, өз билігі өзінде болса деген ұлы арманы діттеген жеріне жете алмады. Бүкіл Ресейге кеңінен қанат жайған қызылдардың билігі енді құрылған, қуаты әлсіз Алаш үкіметін тыпыр еткізбей нокталап, көсемдерін дәрменсіз жағдайда қалдырды. Ел серкелері қанша тырысқанымен

қазақ даласының сол кездегі әлеуметтік хал-ақуалы, қоғамдық белсенділігі төмен еді.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, 1919 жылы Алаш партиясы мен Алашорда үкіметіне кешірім жасағанымен, оларды жасырын қуғындау басталды. Қызылдар әбден күш алған соң, алашордашылардың ұлт үшін жасаған қиянқескі күресін ешқашан ұмыта да, кешіре де алмады. Сан түрлі сұмдықпен суарылған қудалау ақыры, Алаш зиялыларын жаппай қырғынға ұшыратқаны одан кейінгі тарихтан белгілі.

Ел басына күн туған, ер басына құрық ілінген осындай ауыр күндерде Міржақып: *«Қамқоры елдің қария! Хақтан тілеген ақ батаң қабыл болмай қалғандай?! Не жазып ең тәңірге! Еңіреген ел үшін жанын салған азамат! Көрінгенге табына керегіңді бергендей тұнжыраған түбектей түнеруге айналдың!*

Қара түнді жамыла келдім жаныңа. Сарыарқа сары бел дедік, белдегі біздің ел дедік. Жеткіземіз деп желпініп, жетерлік жерге келмедік. Жерді жауға, елді дауға беріп бас сауғалауға айналдық. Көңреміз деген күн емес еді, көр дегенсоң амал не? Сондықтан, қамыққан қайран қариям! Қан жұтқан қажып азамат! Жол біреу-ақ – өзіне қауіп төнген алаш азаматтары алды бүгіннен, арты ертеңнен қалмай Семейді қалдырып таю керек. Кім қайда барып, қалай жан сақтаймын десе ерікті!» (Түлік Титакұлының стенограммасынан).

Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы бастаған Алаш көсемдері қазақ халқының арғы-бергі тарихында, әсіресе, XVIII-XIX ғасырларда өмір сүрген хандар мен сұлтандардың, соның ішінде Абылай хан, Кенесары қатарлы тұлғалары мен батырларының ерлікке, ізгілікке толы жолдарын көп зерделеген. Олардың қазақ елінің азаттығы жолында жанын пида қылған, жауға жерін бермеген, даласын сатпағаны үшін пір тұтқан, рухына сыйнған. Өздерінің алдағы өмір асуларына шамшырақ еткен болатын.

Алаш қайраткерлері сол ірі тұлғалар туралы айта жүріп зерттеу мақалаларын жариялады, ел ауызынан деректер жинап ерлік дастандарын жазды.

Мысалы, ол жөнінде біраз сөз қозғай кетсек, Алаш көсемі Әлихан Бөкейханұлы Ағыбай батырдың ауылында жиі болатын.

Ел ауызында ол кісінің 1885 жылы 83 жастағы Ағыбай батырмен қалай кездескендігі туралы әңгіме сақталған. Жас Әлихан аңыз кейіпкеріне айналған батырдың аузынан хан Кенесарының қазақ халқының бостандығы және тәуелсіздігі үшін болған соңғы ірі күресі туралы аса қызығушылықпен тыңдайды, аса тебіреністі сезімге бөленеді. Атақты батырдың өз ауызынан Хан Кенемен оның төңірегіндегі баһадүр сардарларын жан сүйіндірер ерліктері мен сұрапыл шайқастарынан терең әсер алады. 19 жасқа енді толған бозбала, жас Әлихан қазақ даласының бостандығы жолында қан кешкен Кенесары бастаған ерлердің ізгі тарихына терең үңіліп, өзінің болашақ күрес жолына мол күш-қуат алады, жігерін жаниды, асқақ арманының қайнар көзі ашылады.

Ағыбай батыр дүние салған соң, қазақ даласының белгілі адамдары жиналған үлкен ас берілді. Асқа қатысқан Әлихан Бөкейханұлы былай дейді: *«Қарқаралы уезінде соңғы он жылдың көлемінде өткен үлкен ас, Кенесарының үзеңгілестерінің бірі Ағыбайдың асы»* (Ә. Бөкейханов. Қырғыздардың еске алулары хақында, Дала уалаятының газеті, 1900, №7).

Сол кездері Ахмет Байтұрсынұлы да дала көкжалдары жайлы көптеген деректерді тауып, қалам тартқаны мәлім.

Ал Міржақыптың ақындық шеберлігі хақында баян еткен азды-көпті мағлұматтарымыздан кейін айта кететін Жақанның тағы бір ірі шығармасы – «Ағыбай батыр» атты тарихи поэмасы туралы сөз болмақ. Оқырман қауымға түсінікті болуы үшін оның жай-жапсарын толығырақ баян етпекпіз.

Сол аласапыран заманда Міржақып Дулатұлы Ақжолтай Ағыбай батырдың ауылдарында үш мәрте болады, атап айтсақ – Семей губерниясы Қарқаралы уезі Сарыбұлақ (Шұбыртпалы) болысында. Бұл барлық сапарларының мақсаты – Алаш қолын жасақтау және оған қажетті жылу жинау, сол арқылы ұлттық әскер күшіне сүйене отырып әділеттілік орнату, қазақ ұлысының өз шаңырағы, өз ошағы бар жеке мемлекет болып қалыптасуына негіз қалау болған. Ол сапаралыр: бірінші рет, 1918 жылы Шәуешекке (Қытай) сапарының уақытында, екіншісі, қыста 1920 жылы Алаш-Орданы қайта құру жұмысын бастағаннан кейін және үшінші рет 1922 жылдың жазында халық судьясы ретінде.

Жақанның сол ауылға 1918 жылғы алғашқы сапарында Ақмұхаммед Омарұлы Ақмурзинге (Тоқа, Жаңа-арқа жерінен) Көнек тауының баурайында кездескенде жазып берген өлеңінің шумақтарынан мысалға келтіретін болсақ мынадай жолдар бар:

*Ақмұхаммед, заманның,
Түрі осылайша болып тұр.
Іле алмай сұңқар құр маңғаз,
Тұғырға құзғын қонып тұр.
Ақ жүрек талып, жауыздық
Егіні пісіп өніп тұр.
Жайған торға жауызды
Бір құдай, өзің жолықтыр.*

Шұбыртпалы болысының белді азаматтары Дүйсен Бектемірұлы және Сейткамал Аманжолұлы (Ағыбай батырдың немересі) Міржақыппен Қытайға ілесіп, Шәуешек қаласына барып, біраз уақыт сапарлас, дәмдес жолдастар болып, бірлікте көп жұмыстар тындырады.

1919 жылдың төртінші сәуірінде пролетариат көсемі В.И.Ленин Алашорданың бұрынғы басшыларына кешірім жариялап, білікті маман ретінде оларды жаңа жұмысқа белсенді пайдалануды ұсынды. Бірақ бұл ұсынысты жүзеге асыруға жергілікті өресіз басшылардың асықпағандығын ақын ашына жазады:

*Бұрынғы қолдағы істің бәрі қалды,
Біртіндеп, төл мінезді заман азды.
Асылзат шахыбаздар шабыт таппай,
Шөлге ұшып сайын далада қанатталды.*

Жақанның 1920 жылы әлсіреген Алаш-Орданы қайта қалпына келтіру үшін ел-елді аралап, оқыған азаматтермен кездесіп, Ағыбай батыр ауылына жасаған екінші сапарында да бұл елде біраз уақыт болады.

Алаш сарбазы мадияр Байеке Жұмабайұлы естелігінде: «Ахаң Торғайды бетке ұстап, Мәскеу барады дегенді естідік, Міржақып Атбасар жаққа аттанарда өз қолынан қару-жарақ үлестірді, әр

жігітке бір мылтық, бір қылыштан берді. Ауыл-аймақ шуласып қоштасып қалды», – деп тамсана жазады.

Жоғарыда айтылғандай, Торғайдағы оқиғадан кейін Ахмет Байтұрсынұлы кеңес үкіметімен соғыстың еш нәтижесі жоқ екенін түсініп, Ленинмен кездесуге Мәскеуге барады. Ал Міржақып Дулатұлы үзенгілес тобымен Атбасар қаласына аттанады. Мұнда ол кісіні Алаш-Орда бөлімінің мүшелері Сейілбек Жанайдаров және Сыздық Мешінбаев қарсы алады. «Оян қазақ!» кітабының авторына қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрестен кейін, саяси және шығармашылық қызметінде қолдау қажет болды. Атбасарда Міржақып Дулатұлын жақсы танитын және сүйіп оқитындар тым көп еді. 1915 жылы тұрғылықты әртістер «Бақытсыз Жамал» романы бойынша музыкалық-драмалы пьеса қойған болатын. Бұл қойылым Қазақстандағы ұлттық театр өнерінің дамуына жасалынған алғашқы кадамдардың, табысты еңбектерінің бірі еді.

Міржақып Дулатұлы ары қарай Қорғалжынға (Ақмоланың маңында), Қоқан автономиясының төрағасы, Алашордалық Хайретдин Болғанбаевтың ауылына бет алды. Бұл жерде оны Құлтума және Үмбетей жыраудың ұрпақтары қарсы алды. Осы ауылдан Міржақып Дулатұлы алғаш рет халық әуендері мен оның белгілі сақтаушысы Ауфик Мықтыбаевтың ұлы, талантты қобызшы Дәулеттің орындауындағы Қорқыт пен Кетбұғаның (Жошы ханның өліміне) ескі әуендерін тындады.

Көптеген әндер мен әуендердің авторы ретінде Міржақып Дулатұлы Дәулет Мықтыбаевтың шеберлігіне жоғары баға береді және өзіне жол жолдас болып ілесуді ұсынады. Өнер десе ішкен асын жерге қоятын азаматтар бірден жан жақындығымен араласып кетеді, көкірегіндегі байланған шер-мұңдары үндесіп, қиялының құсы бірге самғап кете барады. Ұшы-қиырына көз жетпес қазақ даласының төсінен еңдей өтіп, талай ғасырлар сырын сімірген түз жолындағы ұзақ та маңызды сапар жолында жас қобызшы жақсы жолсерік және ескі аңыз әңгімелерді майын тамыза шертетін білері көп көрегенді азамат болып шықты. Міржақып Дулатұлы алғыс ретінде Дәулет Мықтыбаевқа келесі өлең шумақтарын арнайды:

*Талай елді аралап,
Талай жерді саралап,*

*Біз келеміз бұл күнде,
Елге үлгі шапқандай,
Дұшпанның көңілін басқандай,
Айбарлы едік бұл күнде.
Толықсыған заманға,
Қаратылған амалға,
Елден ауып көшкен соң,
Ұшырап сапар шеккен соң,
Не демес көк ми надандар?
Серпіліп тұман ашылар,
Қамыққан көңіл басылар.
Бейнетті қанша көрсем де,
Іздеймін жолын Алаштың,
Дұшпаменен таластым.
Бермейміз елді қорлыққа,
Көнбейміз бекер зорлыққа,
Соны көктеу түрі бар.
Шырағым Дәулет, сен дағы,
Біздің жолға ер-дағы,
Талаптың мін тұлпарын.
Саған болсын бұл нұсқа,
Бұл нұсқаны берік ұста,
Алғырдан туған сұнқарым.
Түзелмес заман жайланып,
Басқа дәурен айналып,
Сонда бізге ерерсін,
Не қызықты көрерсін.
Кешеден бергі қызмет
Еткеніне рақмет,
Қайырлы болсын талабың.*

Абылай ханның белгілі батырларының ұрпақтарының ауылдарында Жидебай, Жарылғап және Байғозыда болғаннан кейін, алашордалықтар Кенесары ханның үзеңгілесі, атақты Ақжолтай Ағыбай батырдың ауылына бет алды. Бұл ауылда Алаш-Орданың көсемі Әлихан Бөкейханұлының бұйрығы бойынша қару-жарак қоймасы орналасқан еді.

Кеңестік қызыл жендеттер ержүрек көшпенділердің орыс басқыншыларына атадан қаны қарсы екенін ескере отырып, сол көшпелілер рухының соңғы жарқылындай болған, тарих бетінде даңқты ізі қалған шұбыртпалы Ағыбай батырдың ауылын Алаш-Орданың уақытша тұрағы ретінде шабуды таңдаған еді. Себебі атағы жер жарған Хан кене мен Ағыбай батырдың рухы өрлік пен ерлікке толы ұрпақтары империяның іргесін солқылдатып, болашағына қауіп төндіреді деп есептеген. Бұл факті құжаттық мәліметтермен де дәлелденеді. «Өте құпия» белгісімен жиналған тергеу іс-қағаздарында Міржақып Дулатұлына көмек және қолдау көрсеткен Ағыбай батырдың немерелері Ахмет, Ыбыш, Тұрысбек және Әбдрахман Аманбаевтар туралы айтылады: «Қазақ тарихындағы белгілі Ағыбай батырдың (Кенесары ханның үзенгілесі) ұрпақтары болып табылады, сол себепті, бүкіл Балхаш өңірінде үлкен билікке ие. Аманбаевтардың ауылы (Аманбай-Ағыбай батырдың ұлы), бірінші азаматтық соғыс кезінде атырап далада үнемі көшіп жүргендіктен, сол жерге бой тасалап жүрген Алаш-Орданың барлық көсемдері, атап айтсақ: Дулатұлы Алашордалықтарға кешірім туралы декреттің шыққанына дейін паналады. 1922 жылы Аманбаевтарда Алаш-Орданың белгілі қайраткері ақ эмигрант Марсеков Раимжан жасырынды және осы ауылда Ақпаев Жақып бой тасалап, содан кейін Түркістанға қашпақшы болады. Сол жылы Аманбаевтар ауылынан ЕТБ (ерекше тағайындалған бөлім) жасаағымен оқ-дәрі және қару-жарақтардың қоймасы тәркіленді, кейбірінің тегі белгісіз қалды». (Іс № 154 «Аманбаев Ахмет байдың шаруашылығын конфискілеу және Қарқаралы округі, Четск ауданынан қуу туралы»).

Міржақып Дулатұлы және оның үзенгілестері Бетпақдалада болған кездері, яғни, 1920 жылдың қаңтарынан шілдеге дейінгі кезеңі оқырман назарын өзіне аударары сөзсіз. Бұл аралықтағы сапар барасын тіпті де тереңдей зерттеуге жетелейді.

Жақан өмірінің сол кезеңі туралы былай жазады: *«Енді, таяуда Қызыл Әскердің шабуылы басталды, күйреген оңтүстік әскері қашуға айналды. Торғай және Атбасар уездерінде біраз уақыт тұрақтаған Алаш – ордалықтар тобы (Есболов, Сейдаллин, Беремжанов, Тоқтабаев, Қадырбаев, Шонанов және мен) қаңтар айында Семипалатинск уездіне (губерниясына) келіп, сол жерде*

қыстады. Сол уақытта маған алаш-ордалықтардың, бірақ олар Кеңес үкіметіне қарсы күрессе де, БОАК – мен кешірілгені мәлім болды. Мен 1920 жылдың қыркүйегінде Омск қаласына келдім және губерниялық атқару комитетінде болдым. Осы сәттен бастап менің Кеңес үкіметі платформасындағы үздіксіз жұмысым басталды» (ҚР ҰҚК мұрағаты. Іс № 011494, т.6, с.).

Хамит Мауленов ақсақалдың естелігі бойынша Міржақып Дулатұлы қысқы уақытын Керегетас елді мекеніндегі Шу өзенінің бойында өткізеді. Мұндағы Айжігіт мешітінде ұлы ақын және ағартушы, көшпелі халықтың ұсынысы бойынша оқу ұйымдастырып, біразына өзінің «Оян, қазақ!», «Бақытсыз Жамал», «Азамат» және өзге де кітаптарын таратты.

Осы кездесулерде Тәттімбет және Итаяқтың (Қыздарбек, Әбди және Сембектің ұстазы) күйлері орындалды.

Міржақып, Әбікен Хасеновтың домбыраны ғаламат шерткеніне көңілі толып, күй құдіретінің тереңіне бойлап, құлақ құрышын қандырған дәулескер күйшіге алғысын білдіреді.

Алаш-Орданың көсемдері Ахмет Аманбаев (Ағыбай батырдың немересі), Дүйсен Бектеміров және Бижамбек Тұрабаевтарда кезекпен қонақ болды. Міржақып Дулатұлы және оның үзеңгілестеріне Қарқаралылық Алаш-Орда бөлімінің мүшелері Еркебек Дүйсенов, Жұмажан Сопин, Әбсемет Байымбетов және Түлік Титақұлы (Ағыбай батырдың жиені, руы Қояншы-Тағай), сонымен қатар күйші Әбікен Хасенов, кобызшы Дәулет Мықтыбаев және Тарғын Өскембеков Бетпақдала жолымен еріп жүрді. Ақын қырда өзімен көп уақыт өткізген серіктеріне алғысын білдіріп мынадай өлең шығарады:

*Еркебек, Жұмажан, Әбсемет,
Тілеймін жұртқа берекет.
Текті ерлерім тұрғанда,
Болашақ болар керемет.*

*Көрсеткен талай ерлігін,
Шертіскен достар шер-мұңын.
Бетпақты кесіп бірге өттік,
Тұлпардың алып терлігін.*

*Құдайдан жаусын рақмат,
Пәледен елімді аман ет.
Пайғамбар берсін шапағат,
Атаның салты аманат!*

*Аралап жердің жүзін көп,
Еленер еткен қызмет.
Ел үшін туған ерлердің,
Ғұмырын Алла ұзын ет!!!*

Міржақып Дулатұлын Ағыбай батырдың ерлікке толы өмірі өзгеше ойға батырады. Көнекөз қариялар ақынға батыр туралы тамаша әсермен әңгімелеп, көптеген хикаяларды шертеді. Сол кезден ел ішінде «Ханның бәрі Абылай емес, батырдың бәрі Ағыбай емес» – деген мақал тарап кеткен болатын. Батырдың бар болмысы, шынайы істері ауыздан ауызға тарап ертегілік сипатқа ие болды, жұрттың пір тұтар айбынына айналады. Халық аңыздарында батыр айдаһарлармен алысады, ертегілік образға айналады.

Батырдың тікелей ұрпақтары Тарғын Өскенбеков және Әбілқасым Аманбаевтың куәгерлігі бойынша, батырмен бірге жорықтас болған көзі тірі ақсақалдардың айтқан әңгімесі негізінде Міржақып «Ағыбай батыр» атты тарихи поэмасын шығарады. Ақын батыр бейнесін, ерлігін жазуда ел есінде сақталған әңгімелерге, аңыз боп кеткен ақиқатқа сүйенеді:

*Бұл сөзді оқып едім жазған хаттан,
Тексертім өзгерістен табиғаттан.
Өтірік ертек сөзді өлең қылып,
Ақын көп бет алдына еткен мақтан.*

*Әлеумет, бұл сөз анық ертегі емес,
Таралған үлкендерден осы кеңес.
Кездескен шежіреде ердің сөзін,
Құлағын естігенде қағады елес.*

Поэманың негізіне Ағыбай батырдың Кенесарының жарлығы бойынша қазақ даласынан шайқасқа мінуге жарамды жылқыларды

іздеу барысы өзек етіп алынған. Жақсы арғымақтар өзінің жерін қорғайтын көшпенділердің қанаты мен қаруы. Поэма хан Кенесары шайқастарының тарихи мәліметтерінен басталады:

*Атақты ер Ағыбай шұбыртпалы,
Белгілі сарбаздардың шұбыртқаны.
Ағыбай, Қошқарбай мен ер Бұқарбай,
Бұларды соңына ерткен Кене ханы.*

*Мал үшін бұлар ерлік құрған емес,
Салғаны жанды ортаға елдің қамы.
Солардың біреуінен сөз бастаймын,
Әлеумет құлақ салса бұған тағы.*

*Жау шабу мұрас қалған Абылайдан,
Бұл әдет Кенесары, Наурызбайдан.
Кененің жауға шапқан бас батыры
Бастайын аз әңгіме Ағыбайдан.*

*Батыры Кенекеңнің өңшең саңлақ,
Әр елден жүйрік атты алған таңдап.
Арқаның алтыс тарау бойын өрлеп,
Жақсы атпен жігіттері жүрді алаңдап.*

*Дұшпанға анталаған ұстатпады,
Кенекең талай шапты, бір шаппады.
Аруақты Кенесары, Наурызбайға,
Жортқанда, қарсы келіп жан батпады.*

*Ағыбай аға батыр үлкен жасы,
Жөн айтар Кенекеңнің замандасы.
Қай жерде жақсы ат болса «жый» деп еді,
Барады бастан асып жау айласы.*

*Жігітін жаман атқа мінгізбеген,
Кенекең Алты Алаштан ат іздеген.
Аттанып бір жорыққа Ағыбайы,
Ат іздеп жасақ үшін күн-түн кезген...*

Міржақып Ақауыз атты айшықтап, бітім-болмысын, тұлғасын, шайқас барысында ерге нағыз серік боларлық қасиетін баса суреттейді:

*Біреуі сол тоғыздың Ақауыз ат,
Порымы жануардың жылқыдан жат.
«Сауға!» деп ер Наурызбай сұрап алды,
Жүрісі, сүйегімен бәрі де ұнап.*

*Сол кезде бұл тұлпардың төрт-бес жасы,
Дәл бір кез қырым ет жоқ кесер басы.
Қақпан бел, қамыс құлақ белдемелі,
Ағаштың бөлігіндей қабырғасы.*

*Төрт елі қабырғасы, ені жалпақ,
Шіреген шақпақ еті бұты талтақ.
Үстіне кісі мінсе қоразданып,
Қарайды жан-жағына жалтақ-жалтақ.*

*Шапқанда қанды көбік алдын жауып,
Қояды басын тартсаң шайқап-шайқап.
Сыртылдап шын қызғанда құйысқаны,
Лоқымас жар, су келсе онан тайқап.*

*Шапқанда құс секілді көрінеді,
Алдынан оның қарап тұрсаң байқап.*

.....

*Өзге аттан жүріп кетсе адымы алыс,
Қанаты қабырғада кере қарыс.
Екпіні пысқырғанда үй жыққандай,
Танауын десең болар бейне талыс.*

Міржақып Кенесарының бауыры Наурызбай батырдың образына ерекше тоқталады. Оның ерлігі жайында аңыздар таралды. Наурызбай батырдың құрметіне Міржақып кіші ұлын оның есімімен атады. Әр түрлі айтушыларда да Наурызбай батырдың образы бірдей болып келеді. Ол барлық жерде шешімді тез қабылдайтын

және ержүрек батыр. Наурызбай поэмада жүректі сарбаз және батыр, қарапайым халықтың сүйіктісі ретінде суреттеледі:

*Кез келген иесіне Ақауыз ат,
Арқада ер Наурызбай жүрді ашақтап.
Ежелгі ата-баба кегі үшін,
Жортатын Абылайлап, ұранын сап.*

*Жортқанда Ақауызды аңқылдатып,
Қолында ақ семсерін жарқылдатып.
Зәресін алған талай сұм дұшпанның,
Асықтай өшіккенде аспанға атып.*

*Ақауыз Наурызбайдың серігі еді,
Сауга қып ер Ағыбай беріп еді.
Астында Ақауыз ат жүрген шақта,
Ер Науан жеңілмейтін берік еді.*

*Ақауыз жау оғынан мерт болыпты,
Жанына ер Науанның шер толыпты.
Қапыда жаман атпен қолға түсіп,
Қырғыз ұстап, ер Науан сонда өліпті.*

«Ағыбай батыр» поэмасы қырық құбылған қауіпті кезеңде, азаматтық соғысы тұтанған тар уақытта туындады. Сол себепті, Міржақып былай деп жазады:

*Тарқаттым Ағыбайдың мына тойын,
Шу қылған қызықпенен Шудың бойын.
Аманат жан ұяда тыныш тұрса,
Аудармақ баспасөзге ендігі ойым.*

*Ағыбай сан ажалдан кеткен аман,
Ат қойған «Ақжолтай» деп барлық ғалам.
Жамиғат, айтушыны айып етпе,
Осымен сөз аяғы бітті тамам.*

Міржақып Дулатұлының репрессияға ұшырауына байланысты және оның сталиндік лагерде қайтыс болғанынан кейін поэма өзінің авторлығынан айырылды. Бұл шығарма ұзақ уақыт ХІХ ғасырдың халық жыры боп есептеліп келді, соның ішінде шұбыртпалы руының қожасы, молдасы, ақын Шортанбай Қанайұлына телініп келді. Бірақ «Аманат жан ұяда тыныш тұрса, аудармақ баспасөзге ендігі ойым» деген шумақтарда жаңа кезеңде пайда болған «баспасөз» деген сөз жаңа термин Жақаңа тән стиль екенін анық аңғартады. Өйткені, алғаш жарық көрген қазақ баслымдарының ел ішіне тарала қоймаған шағы еді. Осы негізден қарасақ ең далада мал бағып, ел ішінде діни жолда бала оқытып, далалық табиғатта ғұмыр кешкен Шортанбай ақынның мұндай терминдерді қолдана бермесі мәлім. Иә, сонымен қатар поэмадағы «Кенекең Алты Алаштан ат іздеген», «аманат», «қанағат», «жамият», «әлеумет», «тамам» сөздері де Міржақып Дулатұлының стиліне тән. Жақаңның барлық шығармаларында кездесетін сөздер екені зерттеушілер мен оқырмандарға белгілі жайт.

Бұл керемет шығармаға өз кезінде Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхтар Әуезов сияқты ұлт зиялылары жоғары баға берген болатын. Иса Байзақовтың Ағыбай батыр туралы «Қойшының ертегісі» деп аталатын тарихи поэмасын жазуға Міржақыптың жоғарыда аталған «Ағыбай батыр» шығармасы ықпал жасағанын көреміз.

Қырдағы уақыт тез өтті. Алашордалықтарға Ахмет Байтұрсынұлының Ленинмен болған келіссөзінің нәтижесінде олар түбегейлі кешірілді және еңбек етуге толық құқылы деген хабар жетті. Қазақ қайраткерлері Ресей империясының бұрынғы колонияларына құқық пен бостандықты жариялаған жаңа үкіметпен диалог жүргізуге бел буды.

Міржақып Дулатұлы 1922 жылдың жазында Ағыбай батыр ауылына үшінші рет ат басын тірейді. Осы елде жатып бүкіл кеңес еліндегі саяси жағдайдың аужайын бақылап қабағын бағады. Дегенмен, ел үшін еңіреп туған ерлердің басына бір зұлматтың жақындап қалғаны белгілі еді. Алаш-Ордалықтардың кешірілгеніне қарамастан Ақмолалық ЕТБ (ерекше тағайындалған бөлім) басшылығы Алашордалықтардың Ағыбай батырдың ауылына келгенін естіп, қарательді жасағын жібереді. Осы уақытта қазақ

қайраткерлері Семипалатинск және Орынборға кетіп қалған болатын. Чекистердің заңсыз әрекеттерінен жазықсыз ел жапа шекті. Сотсыз және тергеусіз қарсылық көрсеткендер атылды.

Меңіреу даладағы қанды былық ширек қоғамға жария болды. Бұл бассыздық назардан тыс қалмады. Қарақшылық фактісі бойынша тергеу ісімен Семипалатинск губерниясы халықтық сот Төрағасының орынбасары Міржақып Дулатұлы және Семипалатинск гувревкомының төтенше өкілеттісі Мұхтар Әуезов айналысты.

1922 жылы Міржақып Дулатұлы Қазақстанның ресми органдарына Ақмолалық ЕТБ қызметкерлерінің хайуандық істерінің жантүршігерлік фактілері айшықталған «Тоналған елдімекен» хатын жолдайды: *«Былтырғы және оның алдындағы жылдары Қарқаралы уезінің шекаралық болыстары Ақмола қаласынан шыққан отрядтың қарақшылық шабуылына душар болды... Жақында ғана тағы да сорақылықтар жасалды. Қарқаралы уезі Сарыбұлақ болысына 25 маусымда Ақмоладан 25 адамнан жасақталған жасақ келіп, өздерін коммунистіктерміз деп атады. Жасақ басында атақты Дорошенко, Зайцев және Колесниковтар болды. Келістерінің мақсаты - қару-жарақтарды тартып алу. Жасақ басқа уез және басқа губерниядан. Жасақтың Сарыбұлақ болысындағы істерін қараңыз. Дүйсен Бектеміровтың ауылында атыс жасап, үрей туғызды, ату және жоюмен қорқытты, алғаш көздеріне көрінген қырғыздардың барлығын өлгенше соққыға жықты. Соққыға жығылғандар: Дүйсен Бектеміров, Еркебек Дүйсенов, Саттыбек Бектеміров, Құллан Аманов, Мақтабек Дүйсенов, Ахмет Бектеміров, Жүсіпбек Аманбаев, Қазақбай Алькин, Жұмажан Сопин, Мәуке Сопин, Мұстафа Сопин (Сопы – Ағыбай батырдың ұлы), Әлімқұл Сейтқамалов, Ескендір Белгібаев, Ақұлбек Түгелбаев, Айнабек Баймараев, Әбділдә Баймараев, Ақсыбай Қизанбаев, Үсен Мырзанбетов, Түлкібай Құлтанов. Олардың арасында соққыға жығылған әйелдер бар. Қорқыту үшін пулеметтан оқ жаудырды. Осыдан кейін жасақ елді тонауға кірісті. 40 шақты қой және тайға дейін алды, оның 20-сын қайтарып, 30 саба алды. Тоналған заттар: 1/2 жүп бұғы мүйіздері, 7 жастық, 7 көрпе, 7 шекпен, 15 білезік, 5 жүзік, 5 күміспен көмкерілген ертұрман, 2 күміс қасық, 2 қап ұн, 20 күміс ақша, 5 алтын монета, 4 кілем, 2 тон және т.б. көптеген заттар.*

Ағыбай батырдан «Нар-Кескен» аталатын қылыш қалған. Ол қылышты да тауып алды. Ағыбай батырдың келіні, Сопының әйелі (Зере, 80 жаста) былай деп зарын төкті: «Барлық затты ал, тек атамның көзі – қылышты қалдыр», - бірақ оны соққыға жығып, қылышты тартып алды. Соққыға жығылғандардың көбісі өлер халде... Мадияр. (ҚР ОММ, қ. 66, тіз. 1, іс. 41, б. 87).

Кезінде, бұл аты шулы наркескен қылыш 1896 жылы Нижний Новгородтағы бүкілресейлік көрмеге қойылған еді. Қылышты тапсырған Әлихан Бөкейханов. «Күміс жүзді қылыш мұра ретінде Шу болысының қырғызы Аманбай Ағыбаевқа Кенесарының үзенгілесі Ағыбай батырдан өткен. Қайтарылуга жатады», - деген дерек Омбы облысының мемлекеттік мұрағатында сақтаулы (қ. 86, тіз. 1, іс. 52, б. 78). (Қабылсаят Әбішевтің деректерінен).

Жоғарда көрсетілген хаттың мазмұнынан көрініп тұрғандай қызыләскер жасақтары тонау мен қарақшылықты 1920 жылы Алаш-Орда көсемдері паналаған ауылдарда жасаған.

Алдауға түсіп қалған қазақтардың жағдайына қатты алаңдаулы. Осы мақалада осыдан бір ғасырдай бұрын жазылған емес, күні кеше жазылғандай әсерде қаласыз.

«Онысы әлі тұра тұрсын, мына биыл сатқан жердің бір шеті ауылдың іргесіне тиіп тұр. Жұрттың осы күні аз да болса, қарақұрасы бар. Бүгінге шейін сол аз малдарын осы сатқан жерлеріне жайып отыратын еді. Енді мұнан соң қозы- лағына шейін арқандап бақпаса, қалай бағады?»

Құдды бір ана жылдары қазақ жерінің тағдырын бірінші оқылымда – ақ шешіп тастаған халық қалауларына арнап жазғандай.

Тандана отырып, ары карай оқи түсемін. Қазаққа жан ашу – осындай-ақ болар!

«Орынборда биыл өткен жалпықазақ съезі (осыны ескеріп) ... бастауыш мектептер ана тілінде оқытылсын және де «Қазақ» (газетті айтады – Т.Ы.) емлесі қолданылсын деп қаулы шығарды»

Шіркін-ай! Білім саласындағы шенеуліктер бір сәт назар аударса ғой, осы жазбаларға тек ана сүтін емізе отырып оқытайық деп отырған жоқ па, қайран Хайретдин ағалар!!

Ал біз ше? Біз балалардың миын сынақ алаңына айнадырдық. Тықпалап жатырмыз-ау, тықпалап. Ағылшынша білмесең, қараң қаласың. Не деген парықсыздық?! Кеңес кезінде орыс тілін білмесең, аштан өлесің деуші Хайретдин Болғанбаев ағалардан алған тағылым қайсы, кәне?

Тағылым демекші, өзім білетін, көзін көрген, әңгімелерін естіген, «Сарыарқаның абызы» атанған Жайық Бектұровтың «Ұлы ханның ұрпақтары» деген мақаласын оқып отырмын.

Кезінде орыс ақыны «Русские женщины» деген поэма-сын оқыған едік. Декабристердің әйелдерінің тіршілігіне риза болатынсың. Сөйтсек нағыз ерлік пен әрліктің мысалы Рахима аналарымызда жатыр екен ғой!

Әй, бұл тектілік дегенді қой. Тектінің тұяғы болмаса, Рахима шешеміз бала-шағасын ертіп, ерінің шарасыз тағдырын бөлісуге, жер аяғы қиян Архангельскіге бара ма?

Рахима апаның үрім-бұтақ, жау жүрегін әдемілеп тарқатып-ақ берген Жайық ақсақалдың тағдыры да оңай болмаған. Сібір ормандарында қаншама жыл ағаш құлатып, қайғы-қасірет шегіп, бейнет көрген. Өзінің өлеңмен жазған «Тайбурылдың өлімі» атты романында:

«Арпалыс, жанталаста сүрдік өмір, киім не, адамға да болып жебір. Жататын орын болмай, ішер ас жоқ, кәрі-жас шұбырған бір, таңдай кебір. Құрысын бүйтіп көрген қорлық өмір, қабыл боп қара қарғыс, күлкің көмір, көзделіп маңдайдан ақ, не желкеден. Босқан көп, өкшесіне кіріп шөгір», деген болатын шерлі қарт, шежіре-қаламгер.

Мен Қарағандыдағы өз оқуымды (ҚарМУ) аяқтап, елге келдім. Сабындыда Гүлнар апайға кезіктім. Жағдайымды естіп, ризашылығын білдіріп еді. Баласы достықпен қызметтес болдық десе болады. Тіпті Гүлнар апай айтып отырған «Өмір даңғыл емес, 1959 жылы бір азаматқа орын керек болды да, Тұяқ (ері) себепсіз қызметтен босады» деп жолдасының әділетсіздіктің құрбаны болғанына ренжи жазып еді. Сол «бір азаматты» да жақсы білуші едім. Өкінішке орай, таптауырын болған бұрынғы Қызыл империя тұсындағы көзқарастан айрылғысы келмейтіндер арамызда әлі де толып жүр. Аудан көлемінде әжептәуір басшы қызметте болған бір азаматпен әңгімелескенім бар еді. Әрине, әңгіме тақырыбы Хайретдин Болғанбаев жөнінде болған. Мен: «Досым, сен Хайретдин аға туралы білуші ме едің,» - дедім. Ол білетінін айтты. Дегенмен, Хайретдин Болғанбаев туралы екі ұдай пікір бар екенін де жасырмады. Бүтіндей бір ұлттың болашағы үшін жанын құрбандыққа шалған адам туралы ешқашан екі ұдай пікір болуы мүмкін емес деген қағиданы ұқпағанына қарыным ашқанын жасырып қайтейін.

Ал енді бір мәселенің басы анық ашық. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тассын» дегенді осындайда айту керек шығар. Бүкіл Қазақ елі түгіл, Қорғалжындық ақын Мұқан Сағымбекұлы айтқандай, «Қырандай желге қарсы ұшқан», өз Қорғалжыны анық біле білмеген есімді ел есіне жеткізген ғылым-ініміз Дихан Қамзабекұлына деген алғысымыз шексіз.

Көрдік біздер небір қара беттерді,

Кеудемізді керемет бір кек керді.

Замандастың бәрі иілді заманға,

Біз тік тұрдық.

Бізді ол сонсоң жек көрді, - деген ақын Серік Аңсұңқарұлының өлең жолдарымен «тәмәм-тәмәм» демекпін.

ТІРІ ТАРИХ КЕЛМЕСКЕ КЕТТІ

(АЛТАЙ №16 (149), АҚПАН 2015 жыл)

Алаш ардақтысы Міржақып Дулатовтың қызы, асылдың сынығы Гүлнар Міржақыпқызы 98 жасқа қараған шағында дүние салды. Арыстарымыздың көзін көріп, тәрбиесін алған аяулы жан гасырға жуық ғұмырын тәмамдап, пәниден бақиға аттанды.

Республикалық «Алтай» газетінің редакциясы Алаштың ордасы болған Семей жұртшылығының атынан бүкіл қазақ халқына және апамыздың артында қалған ұрпақтары мен ағайын-туыстарына көңіл айтады.



Газетіміздің осы санында Гүлнар апамыздың ақын Шөмішбай Сариевпен 1999 жылы болған әңгімесін- өзінің «Алаштың сөнбес жұлдыздар» атты кітабынан алып, ұсынып отырмыз.

... «1992 жылы Алашорда үкіметіне 75 жыл толуына орай Семейге барған сапарымда сөйлеген сөзімді айтып берсем қалай болады?»- деп аз-кем кібіртіктеген Гүлнар апай әңгімесін бастап кетті:

– 1992 жылы Алашорда үкіметіне 75 жыл толған , қазір, яғни, биыл 82 жыл. Сол, 1917 жылдың 27-нші маусымында Семей қаласында ұлт-азаттық қозғалысының алғашқы көсем басшылары: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Ахмет Бірімжанов, Елдес Омаров, Халел Ғаббасов, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Саматов, Тұрағұл Абайұлы Ибрагимов, Айдархан Тұрлыбаев, Мағжан Жұмабаев сынды азаматтар бас қосып, «Алашорда» партиясының бірінші құрылтайын ашып, Алашорда мемлекетінің құрылғанын әлемге жариялады. Алаш көсемдерінің негізгі мақсаттары- қазақ елін Ресей империясының бодандығынан азат етумен қатар, елінің жоғары міндеттерін көздеген еді. Күрескерлерге азаттыққа жету жолында жандарын аямай , түрме азабын тартып, итжеккенге айдаулары да бөгет жасай алмаған.

...Сол Алаш үкіметінің алғаш құрылғанына 75 жыл толуы Семейде аталып өтті. Бұл күн- дүниежүзіндегі қазақтар үшін үлкен мереке. Осы тойды атап өтуді ұйымдастырушылар Семей облыстық ұлттық-демократиялық «Азат» партиясының төрағасы Рахат Алтай мен «Алашорда» газетінің бас редакторы, ақын Жұмаш Айтжұманұлы Кенешбайдың (Көкбөрі) ұйымдастыруымен маусым айының 27-сі күні Алашорда көсемдерінен қалған бір топ ұрпақтарының бастарын қосып, Семей қаласына шақыртқан еді. Шақырту қағазында : «Алаш азаматы! Сізді 1992 жылы 27 маусымда өтетін «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің құрылғанына 75 жыл толу мерейтойына қадірлі қонақ болуға шақырамыз. Салтанатты жиын Алаш (Жаңа Семей) қаласындағы Алаш аралында сағат 10:00-де басталады» деп жазылған.

Мерейтойға қатысып, Семей жұртшылығымен дидарласуға Құран-кәрімді қазақшаға аударған Халифа Алтай қажы зайыбымен , Ахметтің қызы Шолпан Байтұрсынова және мен, Гүлнар Міржақыпқызы, Мұстафа Шоқайдың туысы Байдрахман Садықұлы , Мағжан Жұмабаевтың жырын жырлап өскен, белгілі ақынымыз Хамза Абдуллин , ғалым, міржақыптанушы Марат Әбсеметов , Жастар одағының арнайы сыйлығының иегері, кино қайраткері Халила Омаров, жәрдемшісі Борис пен жұртқа жақсылығын аянбай қызмет атқаратын Мардан Байділдаевтармен бас қосып, Семейге поезбен жеткен едік.

Үйден шыққаннан жатсам-тұрсам ойымнан бір сәт шықпай, көз алдымда елестеп тұрып алған- қазақ поэзиясының алыбы Абай, дана ақын Шәкәрім аталарым, қазақтың біртуар ұлы, ғұлама ғалым Мұхтар ағам. Шыңғыстау бұлдырап көрінгендей бола ма қайтеді? Бұл жерлер өзіме таныс, балалық шағым Абай атамның, Өміртай Ақбердиндердің ауылдарында өткендіктен шығар, Семей, Шыңғыстау өлкесі маған ыстық көрінеді де тұрады.

Қазақ халқының атақты зиялыларының бас қосқан жері – Семей мәдениет ошағы десек те артық болмас.

Өз басым Семейде соңғы рет болуым-1926 жыл. Ол кезде жасым он бірге толмаған шақ. Арада көп жылдар өтсе де, Шыңғыстауды сағындым да жүрдім. Енді дәм бұйырып, Семейге келе жатқаным мен үшін үлкен қуаныш. Шыңғыстауды бір көріп оралу- алдағы мақсаттарымның бірі.

Аңсап, сағынған Семейге де келіп жеттік-ау. Вокзалға жете бергенде поезд жүрісін бәсеңдетіп, ақырын жылжып, вокзалдан сәл өтіп тоқтады. Оған дейін шыдамым таусылып, өзімді баяғы балалық дәуірді кешіп тұрғандай болдым. Қуанғаным сонша, жүрегім алып-ұшып, аттай тулап, еңтіккен демімді баса алмай әуреленіп, денем бір қызып, бір суынып, біртүрлі өзіме-өзім келе алмай, әуре күйге түстім де қалдым. Оны айтып жеткізе алу қиын. Вокзал басы ығы-жығы, у-шу, радио саңқылдап келуімізбен құттықтап жатыр. Алдымыздан шыққан қыз-жігіттер, сәнді киінген бүлдіршіндер, үлкендерінің қолында алып шыққан дәм-тұздары бар. Барлығы ізетпен иіліп сәлем беріп, гүл шоқтарын табыс етті. Күтулі тұрған машиналарына отырғызып, көп қабатты әсем «Ертіс» қонақүйіне түсірді.

Рахат баламыз ертеңгі мереке жайлы, басқа да шаралармен таныстырып, жаны қалмай бәйек болып, міндетін тынымсыз атқаруда. Бәрі орынды, бәрі жақсы. Дегенмен, көңілімізде ұялаған ойларды сыртқа шығару дұрыс шығар. Бұл сапарда көргенімізді іште сақтап, түк білмегенсіп, үндемей, айтпай кетудің жөні бола қояр ма екен?! Қазақем «алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қарт сәлем берер» демейтін бе еді? Ақ түйенің қарны жарылып, халқымыз еңсесін көтеріп, кешегі өткен аяулы ұлдарын, көсем тұтқан азаматтарын естеріне алып, құрмет көрсетіп жатқанда ел басқарып отырған (атамай-ақ қояйын) облыс әкімдерінің төбе

көрсетіп, сәлем беруге жарамай, бұғыл , тым-тырыс күй кешулерін қалай түсінеміз?! Дұрысы, осы тойды өздері өткізіп, жастарға үлгі-өнеге көрсетулері керек еді ғой. Бұл жолы жастар басқарып, сый-құрмет көрсетіп қызмет атқарғанда, басшыларға жөн болсын, тығылып қалулары түсініксіз. Басшылардың бірі өзі көрінбей , маған арнап кітабын жіберіпті, онысына рахмет.

«Түсініксіз» деп сыпайылап отырғаным ғой. Шынында, бұлар-кешегі қызыл коммунистер, бүгінгі тізгінге ие болған әкімдерді жазғырып, кінәлаудың өзі обал. «Алашордашылар, ұлтшылдар, Совет үкіметінің жаулары» деп 70 жыл бойы санасына құйып, қандарына сіңірген уы бойларынан, ойларынан әлі де болса та-рамай, сондықтан алашордадан сескеніп, жалтақтаулары қалмай, «заман өзгеріп, ертең не боларын кім білген?» деген пиғылдың шырмауынан құтыла, тазара алмағандары шығар байғұстардың.

«Ел-жұртты басқарушылар сендер болсаңдар, халқымыздың көсегесі қаншалықты көгерер екен?» деген ойдан арыла алмадық. Міржақып: «Оян, қазақ!» деп ұран тастаса, енді «Ойлан, қазақ!» дер едім. Дербес, егеменді еліміз берік екенін ұмытпаған жөн!

...Маусымның жиырма жетісінде Алаш қаласының (Жаңа Семей) ең көрікті жері- Ертістің бойындағы «Шағала» ресторанының қарсы алдында қонақтарға арналған киіз үй тігіліпті. Сол арадан әрірек жердегі стадионға жұрт жинала бастады. Аспан шайдай ашық, Ертістен соққан салқын самалына жанымыз рахаттанып, ортадағы үстел басына жайғастық. Жиынды басқарушы Рахат Алтай мәжілісті ашып, құттықтау сөзін жеткізді. Алаш қозғалысына қатысушыларды, олардың көсемдері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов туралы көлемді мағлұмат беріп, Алаш үкіметінің осы Семейде құрылғанына 75 жыл толуымен халықты құттықтады. Алматыдан келген қонақтардың аты-жөнін айтып, таныстырып өтті. Ата-бабаларымыздың рәсімі бойынша Халифа қажы Құран оқыды. Содан кейін Халифа мырза өзінің 1960 жылы Ыстамбұлда шыққан кітабын жоғары көтеріп көрсетті.

...Кезек Шолпан Ахметқызына келді. Шолпан әкелерімізді еске түсіріп, өз ойын әсерлі түрде жұртқа жеткізіп, қатты толғану үстінде қуанышпен жиналған жұртты мерекемен құттықтады.

Енді өзімнің сөзімді келтірейін: «Сіздерді және бүгінгі түркі тілдес халқын бүгінгі мерекемен құттықтаймын! 1917 жылы

Алаш автономиясын құрушы Әлихан Бөкейханов басшылығымен құрылған «Алашорда» үкіметі аталғаны белгілі. Алаш қозғалысына белсенді қатысушылар: Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай, Халел Ғаббасов, Мұхамеджан Тынышпаев, Жалел Досмұхамедов, Ахмет Бірімжановтардың сіңірген еңбектері ұшан-теңіз. Алашүкіметі ақпан, қазан революцияларымен ұштасып, ұзақ өмір сүре алмады, сәтсіздікке ұшырап, жойылды. 1925 жылы Голощекин Қазақстанды басқаруға келгеннен кейін алашордашылардың артына түсіп, шетінен құдалауға кірісті. 1928 жылдың желтоқсанында алдымен, менің әкемді –Міржақыпты тұтқынға алды, одан 1929-30 жылдары қалған қазақ зиялыларын жинап, Мәскеудегі Бутырка түрмесіне қамады. Бәріне бірдей Совет үкіметінің жаулары, қайдағы бір «шпиондар» деген жалған айып тағып, екі жылдай темір торлы қапаста отырғызып, он жылдан Солловкиге, көпшілігін 5 жылдай Ресей қалаларына жер аударады.

Жазаларын өтеп елге оралғандар қайтадан 1937-38 жылдары түрмеге қамалып, атылды. Ол жылдарды халық «қаралы жылдар» деп атайтын. Бұл күнге дейін бәріміздің басымыздан қорқыныш үрейі кетпей-ақ қойды, естен шықпай келе жатыр. Құдай есіркеп, ондай қасіретті жылдар қайталап соқпасын деп тілеймін.

Осыдан бір жыл бұрын дүниеге келген тәуелсіз Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еліміздің сипатын көрсетіп, аз уақыттың аралығында шет мемлекеттік басшылармен кездесіп, келіссөздер жүргізіп, дипломатиялық қатынас орнатты. Бұл күнде Қазақстан Республикасы бүкіл әлемге жайылып, іргесі берік егеменді ел болып отырғанымызды мақтаныш көреміз. Қазіргі өтіп отырған мереке- соның куәсі» дедім.

...Алаш үкіметінің 75 жылдығына орай Семейге барғанымда әр көшесінен, әр бұта, ағашынан, әрбір үйінен әкемнің туыстан артық бауырларын жадыма алдым. Семейде болмағанымға тура алпыс алты жыл өтіпті. Семей бұрынғыдай емес, көп өзгеріпті, үлкен қалаға айналған.

Асфальт төселген көшелерінің екі жағында биік әсем үйлер қатарласып бой көтеріпті. Ертістен өтетін үлкен көпір көрініп тұрды. Қаланың сәулетін көруге Халила Омаровпен лифтімен ең жоғарғы қабатына көтеріліп, балконнан төңірекке қызыға

қарап тұрдық. Қаланың шет жағында баяғыдан сақталып қалған ескі, бөренелерден қиыстырып салынған аласа үйлер біртүрлі көзіме ыстық көрінді. Ертіс еркесі- шағалалар бізге сәлем бергендей қанаттарын қағып, қиқулап, төңіректің сәнін келтіріп ұшып жүрді. Семейде аз күн болуымызды ескеріп, тарихи орындарды, мұражайларды аралап көруге асықтық.

Рахат мырза саяхаатымызды ең алдымен Абайдың Әдеби-өлкетану музейінен бастағанды дұрыс көрді. Мейрамханадан шығысымен, оқтай тура көсіліп жатқан кең көшеге түстік. «Мына келе жатқан жолымыз-Міржақып Дулатов атындағы көше»,-деп, Рахат мақтанышпен айтты. Төңірекке көз тастап, танысу үшін жүргізушіге машинасын асықпай айдауын ескертті. Міржақыптың Семейде болуы- ХХ ғасырдың алғашқы жылдары болатын. Әкемнің басып жүрген жерімен, қалдырған ізімен жасым сексенге қараған шағымда жүрсем-ау деген ой менде болып па?! Басыма қонаған бақытты кеш көрмеймін. Арманым орындалғанына Құдайға шүкірілік айтамын.

Заматта музейге де жеттік. Музей бірнеше бөлмеден тұрады екен. Жетекші қызметкер бізді әр бөлмені аралатып, қойылған экспонаттарын көрсетіп, таныстырып шықты. Маған ең қымбат көрінгені- Абай атамның жеке заттары, беліне салған күміспен нақышталған кіселі белбеуі, тоғызқұмалақ тақтасы. Ауылдан келген өздерінің тұтынған үй жабдықтары. Абай әулетінің шежіресін оқып, көп нәрсе есіме түсті...

Осыдан соң тобымыз екіге бөлінді. Менің жанымда қалғандар: Марат, Халила, Борис. Халиланың бар мақсаты- арыстарымыздың жүріп-тұрған жерлерін, қала ішіндегі тарихи ескерткіштер, ескіден қалған үйлерді киноға түсіру қамында жүрді. Менің көргім келгені- Комиссар көшесіндегі үй. Білетіндерден сұрастырып, үйдің барын білдім. Бұл кезде ол Абай музейінің бір бөлімшесіне айналыпты. Үйдің иесі Әнияр Молдабаев деген кісі болған. Ескі заманнан бері келе жатқан бұл қадірлі үйге кімдер келіп, кімдер кетпеді дейсіз? Абай атамыз қырдан Семейге келгенде түсетін мекен жайы осы үй болғаны белгілі. Тұс-тұстан Семейге жер аударылып, құғын-сүргінге түскен оқымысты орыс зиялыларымен танысқан Абайдың бас қосып, кеңес құрағыны осы жер болғаны тарихтан белгілі. 1921-1922 жылдары Әнияр осы үйін босатып, Әлихан мен

Міржақыптың отбасына берген еді. Өзімнің ең қуанышты балалық шағым осы үйде өткендіктен, бұл үй маған барынша ыстық көрінеді де тұрады. Сағынып іздеуімнің де сыры осында.

...Қасымдағылар қойылған экспонаттарды көрумен жүр, мен болсам, көңілім басқа жаққа ауып, бір жерден қозғалмай тұрып қалдым. Жоғары қарасам, төбенің дәл ортасында аспалы шам ілініп, баяғы дөңгелек қоңырау да сол қалыпында сақталыпты.

Қуанғанымнан жүрегім аттай тулап: «Дәл өзі, осы өзіміз тұрған бөлме бұл» деп дауысым қатты шыкса керек, естіген, мені білмейтін қызметкерлер бір-біріне қарасып, ақырын иықтарын қиқаң еткізіп: «Мұнысы қалай?» дегендей таңғалулары, мүмкін сөкет көрулері де ғажап емес, онда менің шаруам қанша?

Жоғалғаным табылғандай күй кешіп, сағынышпен көріскен бөлме қабырғаларын жылап жүріп қолыммен сипап өттім. Қиял шірікін алыста қалған жылдарды, осы үйде тұрған қымбаттыларымды көз алдымнан бір-ақ шығарды. Алқынған демімді басып, өз-өзіме келуімді күтіп-баққан жанымдағы серіктерімнің бірі қолтықтап терезе алдындағы орындыққа жайғастырды. Сонымен бір арманым осылай орындалған еді..

ҚҰНАРЛЫ ТОПЫРАҚТЫҢ ЖЕМІСІ

МАҚСАТ ЖАҚАУ

«АҚ ЖОЛ» ҚДП Төрағасының Кеңесшісі,
саясаттанушы.

Қайым Мұхамедханов саналы ғұмырында атақ үшін емес, ұлы Абай үшін қатал заманның қағидаларына мойынсұнбай азаматтығын сақтай білген, өткен ғасырдың ары, бүгіннің заңына айналған ұлы тұлға. Ол 1916 жылы 5 қаңтарда Ертіс өзенінің сол жақ жағалауындағы «Заречная Слободкада» (қазіргі Жаңасемейде) дүниеге келді.

Есейген ортасының рухани құнарлы болуы - адам болашағының ғибратты болмағының кепілі. Қайым Мұхамедхановтың әкесі Мұхамедхан Сейітқұлұлының шаңырағы зиялылардың бас қосып кездесетін ордасы болды. Ауқатты әке Семей қаласында шығып тұрған газет-журналдарға демеушілік қызмет жасаған. Бұл жөнінде Қ.Мұхамедханов естелігінде былай дейді: «Әкемнің сол жағалаудағы еңселі шатырлы үйі халқымыздың арғы-бергідегі бетке ұстар қаймақтары Әлихан, Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек, Мағжан, Шәкәрім, Көкбай, Иса, Әміре, Мұхтар, Халел Ғаббасов, Мәннан Тұрғанбаевтар жатып, кеңесетін думанды отау болды».

Қ.Мұхамедханов 1924 жылы Жаңасемейдегі бастауыш қазақ мектебінде білім алады. Алғаш хат танытқан ұстазы Тұрлықан Қасенұлының ұлағаты да жас таланттың талабының ұшталуына негіз болады.

Сен маған сегіз жастан танытқан хат,

Өмірде мынаны сүй, мынау деп жат.

Талпынтып мені әлпештеп өсірген сен,

Баулығын балапандай темір қанат

- деген жас Қайымның тырнақалды туындысы ұстазына арналды.

1928 жылы дәулетті әке мүлкі кәмпескеленіп, қуғын-сүргінге ұшырайды. Бұғанасы бекімеген бала Қайым жетімдік,

мұқтаждықты басынан кешіреді. Талан-таражға түскен әке үйі мектепке айналдырылады. Қ.Мұхамедханов 1929-32 жылдары колхоз жастары мектебінде, 1932-35 жылдары әр түрлі мекемелерде техникалық жұмысшы болып істейді.

1940 жылдардан өнімді шығармашылық жолы басталған Қ.Мұхамедханов «Абайдың әдеби мектебі» деген жалпы атпен Ақылбай, Мағауия, Әубәкір, Әріп ақынның өмірі мен шығармашылық жолдарын зерттеп жазған мақалаларын баспасөз беттерінде жариялай бастайды. 1947 жылы Семейдегі Абай мұражайының директоры қызметіне тағайындалады. Бұған дейін Мұражай үйінде Абай шығармашылық мұрасының жиналу, насихатталу,




*Мать Мухамедханова Қайыма Ма-
қыпжамал (г. Семипалатинск, июнь 1940 г.)*

зерттелу ісі ретті тәртіпке түспей, керісінше қызыл қоғамды дәріптеу басты орында тұрған еді. Қ.Мұхамедхановтың көреген басшылығымен Ұлы ақынның шәкірттерінің мұраларын жүйелеп, әдеби айналымға енгізуде қыруар жұмыс атқарылды.



*Супруга К. Мухамедханова Фархинур
(г. Семипалатинск, июнь 1940 г.)*

Рухани ізділіктің тар жолы



Мұхамедханов Қайым и Ауэзов Мұхтар

(Семипалатинск, 1940 год)

*Talantta, talapta jym
Qaimta
Suzremeluk aqa kdzil-
men Mukhtar
1941. 6/II. - Alma-Ata.
Auezov*

Памятная надпись, сделанная Ауэзовым М. на фото (Ауэзов М. и Мухамедханов К.) на казахском языке (прифу датский употреблена в 30-40 годах XX столетия).

"Талантливому младшему брату Қайыму с любовью и братским сердечным чувством - Мұхтар Ауэзов"

6 февралі 1941 г.
Алма-Ата

Кәкең ұлы Мұхтар Әуезовтің ең жақын досы. Алаш көсемдерінің тізесінде отырып ержеткен ол, жас алшақтығына карамастан дана Мұхтармен досжар болып, жақсы мағынада "жанторсығы" атанды. «Абай жолы» эпопеясына байланысты көп деректі Мұхан Кәкеңнен – Қайым Мұхамедханұлынан алған екен. Сөз арасында «Абайдың ақындық мектебі» дегенді жиі айтатын. Қайым аға ғұлама ұстазының пікірін тұмар тұтып, осы тақырыпты зерделей зерттеді.



*Қайым Мұхамедханов и внучка Абая Мақен Шұрағұлқызы
(г. Алматы, 1990 г.)*



*Слева-направо: Гүльнар Дулатова, Қайым Мұхамедханов
и Мугайша Аүззова (г. Алматы, 1992 г.)*



*Шоқен Ибрагимов, Қайым Мұхамедханов и Мурат
Ауэзов (г. Алматы, 1992 г.)*



*Зоя Қедрина, Қайым Мұхамедханов и Лейла Ауэзова
(Семипалатинская обл., Борли, 90-летие М. Ауэзова, 1987 г.)*



*Қайым Мухамедханов возле первого здания
музея АБАЯ, открытого в 1940 году. (г. Семей)*

1951 жылы 7 сәуірде М.О.Әуезовтің жетекшілігімен «Абайдың әдебиет мектебі» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғайды. Диссертацияға жиналған жұрт «Е, жарар» дей салған жоқ, қызу айтыс-тартыспен қабылдады. Ол кезде бірінің аузын бірі бағып, әлдеқалай іс болар екен деп бұқпантайлап жүретіндер жиі кезігетін еді. Бірі атып, «Пушкин мектебі» деген жоқ, «Толстой мектебі» деген жоқ, «Абай мектебі» дегенді қайдан шығарып жүрсіндер?, - дегенді бастады. Тигені Қайым ағаны, тимегені жерді сабалап жатты. Тіптен ұлы Мұханның өзіне де тас лақтырып, таяқ сілтеген гөй-гөйлер табылмай қалмады. Әсіресе, сол кездегі жазушылардың серкесі деп саналған Сәбит Мұқановтың айыптау сарынындағы талас пікірлері жұртты түңілдіре түсті. Сөйтіп, үш-төрт сағатқа созылған Абай мұрасын зерттеу жөніндегі айтыстың нәтижесі, Қазақ КСРО Ғылым Академиясы мен Қазақстан Жазушылар Одағы Президиумдарының «Қазақ әдебиетінің классигі А.Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығын ғылыми жолмен зерттеу жөніндегі айтыстың қорытындысы туралы» біріккен

қаулысында диссертант еңбегі теріс бағалануымен аяқталды. Аз болғандай, ұлтшылдық - буржуазиялық концепцияны көздеген деген желеумен Қ.Мұхамедхановты 25 жылға бас бостандығынан айырады. Бұл күндері тағылған айыптың көбі Мұхтар Әуезовке бағытталған еді. Елуінші жылдары Мұхтар Әуезов дер кезінде Мәскеуге кетіп қалып тұзаққа түспеген, Қайым Мұхамедханов болса 1951 жылы 1 желтоқсанда ұсталып, 1952 жылдың 31 мамырында «53» бап бойынша 25 жылға сотталады.

«Антикеңестік ұлтшылдық қызметі үшін» деген айыпталғандар ішінде Қайыммен бірге, Ермұхан Бекмаханов, Есмағамбет Ысмайылов, Бекежан Сүлейменов, Қажым Жұмағалиевтер де болды.

1954 жылдың 9 желтоқсанында Қазақ ССР Жоғары Сотының Қаулысы бойынша Қ.Мұхамедхановқа қатысты сот үкімі күшін жойса да, саяси тұтқынды босатуға асықпады. Тек 1955 жылы ғана азаттық алып, еліне қайтып оралады.

Айтқаныңның барлығы саяси қалыпқа салынып, «өз халқынды мақтан тұтқаның үшін ұлтшыл атанатын заманда» Абай мұраларына қайыра ден қоюы Қ.Мұхамедхановтың ерік-жігерін танытады. Түрмеден жаңа босаған Қайымнан Мұхаң «Енді немен айналысасың?» деген сұрағына, «Әрине, Абайдың шәкірттерін зерттеймін, кітап жазамын», - депті. Неғылған табандылық, өжеттік?!

Бастаған ісін жалғастырып, 1959 жылы «Абай төңірегіндегі ақындар» тақырыбындағы диссертациясын сәтті қорғап шығады. Осы ғылыми еңбегінде ғалым Абай мұрасын, әдеби мектебін ұлттық мүдде тұрғысынан қарап шықты.

Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам...

Табиғи дарын иесі Қайым Мұхамедхан Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы гимнінің авторы екендігін бірі білсе, барша жұрт біле бермес. Сол жылдары Әуезовтің кеңесімен гимн жөніндегі байқауға қатысып, жеңімпаз атанғанда оның жасы небәрі 27- де ғана болатын.

Дегенмен гимннің әуені бір ғана автор Мұқан Төлебаевқа тиесілі болса, оған саяси мақсатпен еврей Е.Брусилковский, татар Л.Хамиди қосақталды. Дәл осындай тәсілде Ғ.Мүсірепов, Ә.Тәжібаевтар да авторлыққа ортақтасып шыға келді. Жабық

бәйгеде жалғыз жеңіп шыққан Қайым ағаның шумақтарында «тағдырлас» деген сөзді «ұрандас», «ер» сөзіне «біз» дегенді өзгерткеннен өзге ештеңе бітірмеген.

Қайым аға мұндай жымысқы әрекетпен келіспейтіндігін бірден білдірген. Сөзге де келген. Алайда, гимннің нұсқаларын Мәскеуге бекітіруге Ғабит Мүсірепов апарып, дегендерін орындап, есесіне жүз мың сом қаламақыға қол жеткізіпті. Осылайша, дүниеге келіп, қырық жылдай қазақ аспанында қалықтаған гимн кейінірек, Қайым ақсақалдың әділеттілікті іздеуде - Жоғары сотқа арыз түсіріп, еңбегінің ақталуын талап етудің арқасында, сот «Қазақ КСР-ы мемлекеттік гимннің авторы бір ғана - Ғабдулқайым Мұхамедханов» деген шешім жариялы түрде шығарады. Осыдан барып, ақиқаттың көп жылғы бет пердесі ендігі кезде жабылмастай айқара ашылды.

АЛАШТЫҚТАРДЫҢ ТАҒДЫРЫН БАСЫМНАН КЕШІРСЕМ, АРМАНЫМ ЖОҚ...

Егемен ел атанып, тәуелсіздікке қол жеткен шақта кешегі Алаш көсемдері туралы өндірітіп жазған да осы Қайым ағамыз. XX ғасыр — қазақ халқы үшін, бір жағынан шер мен мұңның да ғасыры

болды. Елім, жерім дегендер қамалған, “Абай” дегендер Қарлаг түрмесіне түскен, б а с т ы л а р ы атылған, тектілері тентіреген заман болды. Бұл зобалаңнан Қайым Мұхамедханда құтыла алмады. Ол өз естелігінде:



Мұхамедханов Қайым в Семипалатинском областном историко-краеведческом музее (г. Семипалатинск, апрель 1964 г.)

“...Тергеушілер бір күні мені жеке бөлмеге қамап кетті. Ішінде еш нәрсе жоқ. Тек қана ортасында турник құрулы тұр. Бұл не, мені турник ойнасын деп қойған ба деп таңдандым. Байқасам, бір уақтарда бөлмем қатты жылынып, бірте-бірте ысып барады. Табаным күйіп барады. Саса бастадым. Не қыларымды білмей, жан қысылған соң, құрулы тұрған турникке асыла кеттім. Көп тұруға қолым шыдамай барады. Турниктен қолымды жіберейін десем, табаным ыстыққа тиіп күйетінін сезіп тұрмын. Жандалбасамен турникке асылып, қолым қарысып қалыпты. Бір кезде өздері келіп мені босатып алды. Тағы да есім кірген соң, “қол қойдың” астына алды. Көнбедім. Екі-үш күн өткен соң кешегі бөлмеге тағы апарып қамап қойды. Бірақ турник жоқ. Енді үй ысыса не лаж табамын деп ойланып тұрғанда, бөлменің суи бастағаның сездім. Бөлме суығы үдеп барады, тісім тісіме тимей қалтырап барамын. Өлместің қамын жасап, үйдің ішінде зыр жүгірдім. Тоқтасам қатып қаламын. Жүгіре-жүгіре, талып түссем керек. Ес-түссіз жатқанда тағы да өздері сүйреп алып шықты. Шамасы сырттан бақылап тұрса керек. Әрең дегенде есімді жиып, басымды көтергенде тағы да қағазды алдыма қойды... Таңертең тағы да тергеу басталды. Тергеуші түлкі бұлғаққа салды. Жылы сөйлеп: “Өз басыңды, балашағанды ойласаңшы” деп, қамқорси түсті. “Мына қағазға қол қой да, бізбен қоштасып үйіңе кетсеңші”, — деп қағазды нұсқады. Менің қоймайтынымды білгенде, белгі беретін түймесін басып қалып еді, еңгезердей екі жігіт келді де, резина қапшықты басымнан аяғыма қарай кигізіп жіберді, мені құлатып, қапшықтың аузын байлап тастады. Үшеуі таяқпен жабыла ұрды. Есімнен таңдым... Тағы тергеу, мақсаттары — қол қойғызу. “Мына қағазға қол қой, сенің бізге керегің жоқ, қолыңды қой да, үйіңе кете бер. Бізге керегі — Мұхтар Әуезов” дейді. Қол қоймаған Қайым Мұхамедхановты Қарлағқа 25 жылға қамауға алады. Азап та, тозақ та ұлтын сүйген ұлы жүректі тұншықтыруға шамасы келмеді. Келмейді де...

Түрменің тозағынан құтыла салысымен Мұхаңның үйіне барады. Мұхаң қатты қуанып қарсы алып, қауышып, бейбіт қалыпқа түскеннен кейін, - Әй, Қайым, түрмедегі жағдайларың қалай болды? – деп сұрады. Сонда Қайым аға қарсы сұрақ қойды.

– Сізді 1930 жылы Ташкентте ұстағанда жағдайыңыз қалай болған еді?



Президент РК Назарбаев Н. и Мұхамедханов К. после церемонии вручения Госпремий РК в области литературы и искусства (Алматинская резиденция Президента, декабрь 1996 г.)

Мұқаң бір күрсініп, қоңыр дауысымен: «Онда біздер, ұлтшылдар Ахмет, Міржақып, Ілияс, Жүсіпбек бәріміз бір үйде жатамыз, төсегіміз таза, тамағымыз уақытылы, бір-бірімізбен еркін әңгімелесіп, кеңесіп отыратынбыз. Аздаған қысымдар мен қытымырлық тергеулер болып тұрды», деді. Бұған Қайым аға:

- Мұқа, онда Сіздер жұмақта болыпсыздар ғой, ал, біздер нағыз тозақтың отында күйіп-жанған ақырзаман пенделеріне ұқсаған екенбіз.

Осы түні, Мұхаң рухани інісіне бұрын-соңды ешкімге тіс-жармаған сырымен таныстырды. Қуғын-сүргін жылдары, алаш көсемі Ахмет Байтұрсынов абақтыда жатқанда, «Абайды халқыңа беріп кетем десең, Мұхтар, басыңның амандығын тіле. Біздің шаруамыз бітіп, талқанымыз таусылған адамбыз. Партиядан кешірім сұра», деп кеткен екен.

Міне, осындай мыңмен жалғыз алысқан ... сөз патшасына кінә қоюшыларға қасқая қарсы шыққандардың балағына сүрінігіп, етектерінен ұстап, солардың соңғы тұяғы аталып, Абайдың әдебиет мектебін ашып беру жолында бар ғұмырын арнаған, осы жолда іштегі дерті қозғалып, жылап, көзден жас ағып, омырауы қанға боялып, түрменің де дәмін татқан Қайым Мұхамедханұлының ұлы ерлігі - келешек ұрпаққа мәңгі үлгі болып қала бермек.

НЫҒМЕТ НҰРМАҚОВ:

...«Орталық» ұлт тағдырын өз еркінше шеше берсе, болашақта Қазақстанның сақталып қалуы мүмкін емес!

МАҚСАТ ЖАҚАУ

«АҚ ЖОЛ» ҚДП Төрағасының Кеңесшісі,
саясаттанушы

(Болашақ жастар газеті №15 (164), 24 сәуір, 2015 жыл)

Тәуелсіз еліміздің ырысы артып, мерейі өсе беруінде - кешегі қайсар ұрпақтың халық үшін жасаған ерлігімен қатар, ұлы мақсат жолында азап шеккен жандардың табандылығы мен жан түршігерлік қайғылы тағдырын бүгінгі және келешек ұрпақ ешқашан ұмытпауы тиіс.

«Мезгілсіз, мерекесіз өткендердің әруағы бізді де айт деп сыбырайды» деп ақын Иса Байзақов айтқандай, жалған жала құрбанына айналып, нақақтан жазаланған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Нығмет Нұрмақов жайлы сыр шертпекпіз.

Өткен ғасырдың қасіретіне - Кеңестік солақай саясаттың салдарынан республикамызда 118 мың адам қуғын-сүргінге ұшырап, азаптау лагерлерінде ұсталғандығын, қазақ халқы және осы жерде мекендеген өзге ұлттарды қосқанда 25 000 адам жалған жаламен атылғандығын айтпай кетпесе болмас.

Сталиндік сұрқия жүйенің арқасында мыңдаған отбасының шаңырағы шайқалып, әйелдері жесір, балалары жетім қалды. Әкелері ұсталып, жер аударылды, шешелері лагерлерге жіберілді, ал ұрпақтары «халық жауының» баласы атанды. Солардың бірегейі асыл азамат Нығмет Нұрмақовтың тағдырына да жазылған еді.

Нығмет Нұрмақов 1895 жылы сәуірдің 25 жұлдызында Қарағанды облысы

Егіндібұлақ ауданы, Сарыадыр ауылында дүниеге келді. Ауылында 2 жылдық орыс-қазақ училищесін бітіріп, 1911 жылы Омбыда мұғалімдер семинариясына қабылданады. Осы қалада жас

Нығмет Нұрмақовтың туғанына - 120 жыл!



Нығмет Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаевпен танысып, өзімен бірге оқитын Сәкен Сейфуллин, Мағжан Жұмабаевтармен «Бірлік» деген жасырын ұйым құрады.

«Бірлік» ұйымы жастар арасында мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізу, қазақ тілінде кітаптар шығару сияқты мақсатты көздеді. Осы бағытта 1916 жылы «Балапан» атты журнал шығарып, өздерінің көкसेген мақсаттарын осы журнал арқылы насихаттап отырады.



Азаматтық адал міндет

Н.Нұрмақов қазақ мәдениетінің өрлеуіне көп үлесін қосқан қайраткер. Ол Қызылордадағы қазақ театрының ашылуына, әйгілі әнші Әміре Қашаубаевтың Парижге баруына қол ұшын берген азамат. Сондай-ақ, А.Затаевичтің «1000 ән-күйлерінің» басылып шығуына қаржымен қамтамасыз етуге нұсқау берген деседі.

Заң саласында жүріп, халқымыздың ана тілін көтеру, тіл мәртебесін биіктету жолында қыруар жұмыс жүргізді. Мәселен, *сот ісінің қазақ тілінде журуін талап етті. Нәтижесінде, көптеген аудандарда тергеу және сот істері қазақ тілінде жүргізілген* болатын. Ал, әлеуметтік салада жоғарғы орындардан губерниялық сот бөлімшелерін қысқартпауын және заң саласындағы қызметкерлердің жалақысын көбейтуді ашық көтеріп жүрді.

Сонымен қатар, Нығмет сот ісіндегі қайшылықтарды жоюға, кейбір әділетсіз жазаланған азаматтардың ақталуына ықпал жасай-

ды. «Ұлтшыл буржуазия» өкіліне жатқызылып қудалана бастаған Жүсіпбек Аймауытовтың ақтығын сот процесінде қорғағандардың да бірі болды.

1924 жылдың қыркүйегінен 1929 жылдың сәуірі аралығында Нығмет Нұрмақов - Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағалық қызметін атқарады.

Бүгінгі күнге дейін Үкімет төрағасы болып қызмет атқарған жиырма бір адам болса, Нұрмақов солардың қатарындағы ерекше тұлға. Өйткені, ол кез жаңа республиканың құрылу кезеңінің күрделі уақытына сәйкес келді. Қазіргі тілмен сараласақ, *Нығмет Нұрмақов қазақтың төртінші Премьер-министрі*.

Нұрмақовтың тікелей өзінің қатысуымен - Қазақстанның тұңғыш Конституциясының жобасын жасауға ұйтқы болды, Ата заңның дүниеге келуінің басы-қасында жүрді. Және де, алғашқылардың бірі болып, шығыс халықтарының әліпбиін құрастыруға атсалысып, Қазақстанның астанасын Орынбордан Қызылордаға көшіруге елеулі септігін тигізді.

Қарсылық...

Сол жылдары Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінде Ақтөбе губерниясының Елек ауданын Орынбор губерниясына беру туралы шешім қабылданған еді. Осы шешімді Бюрода талқылау барысында Нұрмақов, Мыңбаев, Меңдешев сияқты қайраткерлер Орталықтың Елек ауданын, тұрғындарының басым бөлігі орыстар, сондықтан да оны Орынбор губерниясына беру керек дейтін сынаржақ шешіміне үзілді-кесілді қарсы тұрады. Қазақ Халкомы кеңесінің төрағасы Н.Нұрмақов «егер Орталық жеке аудандардың тағдырын оның ұлттық құрамына қарай өз еркінше шеше беретін болса, онда болашақта Қазақстан республикасының сақталып қалуы мүмкін емес» деп ашық айтты. Осы пікір-сайысты қорыта сөйлеген Голощекин жолдас, өзіне тән демагогтық әдіске салып сөзін былайша аяқтайды: «Мен, Қырғыз (Қазақ) республикасы иемденетін автономия біздің партия тарапынан бұзылған жоқ деп ойлаймын. Егер, қайсыбір мәселелер бойынша шешімдер, мәселен Орынбор губерниясына

жер бөлу және басқа жайлар сіздерді қанағаттандырмаса, онда олар Қазақстан пайдасы тұрғысынан ғана емес, ССР Одағы пайдасы тұрғысынан шешілуі мүмкін ғой...!».

Артынша, Голощекин басшылықта отырған тәуелсіз пікірдегі Нұрмақов бастаған қазақ қайраткерлерінен қалай құтылудың жымысқы әрекетіне көшуді ойластыра бастады.

Атуға бұйрылған...

Жалпы Н.Нұрмақовтың ұлтжандылық қасиеті, Кеңес үкіметіне қарсы құрылған ұлттық пантюркистік қоғамды ұйымдастырушы басшылардың бірі болды деген жалған айыптың құрбаны болуға негіз болды.

Ол 1937 жылы 3 маусымда Мәскеудегі пәтерінде тұтқынға алынды. 27 қыркүйектегі айыптау сотында Нығмет Нұрмақовқа «1921жылы пантүрікшіл орталықтың басшылық құрамына тартылды, Қазақстанда партияға қарсы зиянкестік әрекеттермен шұғылданды» деген айыптаулар тағылып, «атылсын» деген үкім шығарылады. Мәскеу қаласында атылып, 1956 жылы толық ақталды. Нығметтен кейін әкесі Нұрмақта «үштіктің» қаулысымен атылып, інісі Құрманғали Воркутаға жер аударылып, сол жақта қайтыс болады, ал кіші інісі Жәмел еңбек армиясына айдалады. Балалары Ноян мен Тамара Пенза, Саратов облыстарының балалар үйлеріне жіберілді. Жұбайы Зуфнун Мәскеудің Бутырка, Карело – Фин АССР-нің лагерлеріне және АЛЖИР-де 17 жылын өткізіп, 1956 жылы ақталып шықты. Ұлы Ноян балалар үйінен соғысқа аттанып, 1946 жылы офицер атағын алып, бірнеше орден, медальдармен марапатталып елге оралған. Міне, сұм саясаттың арқасында бір отбасының шаңырағы осылайша шайқалды.

Нығмет салған сара жол өз халқының жүрегінде ақтаңдақ ізбен қалды. Небәрі 42 жыл өмір сүріп, оның өзін толассыз күреспен өткізіп, ұлтының бақыты үшін басын бәйгеге тіккен марқасқа боздақтың есімі Алаш тарихында мәңгі сақталмақ. Нығмет Нұрмақовтың мұраларын зерттеу, теңдессіз еңбектерін паш етіп, ашылмаған ақиқаттарын жария ету – бүгінгі жас ұрпақтың парызы.

АЛАШТЫҢ РУХЫ ЖАҢҒЫРҒАН КҮН

(Қазақ үні №37 (644) , 23 қыркүйек 2014 жыл)

«Ұлты үшін құрмет қылмай, бас қамын ойлап жүрген азаматтардың елі артта қалып отыр. Ұлтшыл жүрттар, әне, Германия, Жапония, Англия, Түркиялар, олардың баласы жасынан «ұлттым» деп өседі», «Естеріңізде болсын: қара халықтың мәдениетті болуынан мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын, баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу керек!»

Жүсіпбек Аймауытұлы



Құдайға тәубә, Тәуелсіздіктің арқасында 2014 жылғы 19 қыркүйекте тағы бір асыл текті Алаш арысының рухы елге оралды. Бұған да шүкір!

Таяуда ғана Павлодар облысының бір шоғыр зиялы қауымның өкілдері Ресейдің Мәскеу қаласына барып, қазақтың ардақты ұлы, елінің елдігі үшін аянбай қызмет еткен қайраткері, ұлт мұраты жолында күрескен арда азаматы Жүсіпбек Аймауытұлының тағдыр жазуымен жат жұртта жерленген жеріне туған елдің топырағын

апарып, керісінше ол жердің топырағын туған жері Баянауыл ауданы, Қызылту ауылына жеткізді.

Қазақтың басы қайда қалмады десеңші... ең соңғы ұлы ханымыз Кенесарының да басы елге қайтарылған жоқ. Сондықтан бұл – саяси және адамгершілік жағынан әрі мұңды, әрі тәубе дейтін үлкен іс болды. Қазақта әдемі сөз бар: «су сүзілмейді, сүйек үзілмейді» деген. Ал, Жүсіпбектің сүйегінің де біздің мыңдаған ақтаңдақтарымыздың мәйіті секілді христиан қорымында жатуы, тіпті біздің мұсылман ғұрпымызға да қиғаш келеді. Әмбе, әділеттілікті орнату үшін, сол бір боздақтарымыздың рухын туған топырағына қайтару міндеті бүгінгі біздердің мойнымызда екендігі де ақиқат. Арада 84 жыл өткеннен соң, еліне оралған Алаш ақиығының рухына тағзым барлық жөн-жоралғысымен, ұрпаққа ой салып, тағылым беретіндей мән-маңызымен атқарылғаны көңілге қуаныш ұялатады.



Дәл осы күні, Жүсіпбек Аймауытұлының ескерткішінің салтанатты ашылуы болып өтті. Ескерткіш Ж.Аймауытұлы атындағы қазақ музыкалы драма театрының қас бетіне орын тепті. Мүсін қоладан құйылған, биіктігі 3,6 метр, астындағы тастұғырын есептегенде, жалпы биіктігі 7,6 метрге жетеді. Авторы – Ермек Тоқтаров. Композицияда Ж.Аймауытұлы тік тұрған күйінде бейнеленген. Оның үстіндегі киімдері – бешпеті, пальтосы өзі өмір сүрген

тұстағы кезеңмен сәйкестендірілген. Тас мүсіннің ашылу салтанатына облыс әкімі Қанат Бозымбаев, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Вице-министрі Асқар Бөрібаев, Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасы төрағасының бірінші орынбасары Ғалым Жайлыбай, ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жазушы-драматург Әкім Тарази, ҚР Мемлекеттік сыйлығының және тәуелсіз «Платиналы Тарлан» сыйлығының лауреаты, ҚР Еңбек сіңірген өнер қайраткері Әшірбек Сығаев, ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР Еңбек сіңірген өнер қайраткері Ерсайын Тәпенев, академик Ғарифолла Есім, Жүсіпбек Аймауытұлының немересі Римма Бектұрқызы Аймауытова, сонымен қатар, «Ақ жол» ҚДП Орталық аппаратының өкілдері Павлодар облыстық филиалының төрағасы Ербол Арынов бастаған жергілікті партия активі және тағы басқа да өңірлерден келген сыйлы қонақтармен шығармашылық интеллигенция қатысты. Түстен кейін, С.Торыайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде Жүсіпбек Аймауытұлының 125 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция және Алаш ардақтысының шығармашылығы қойылған кітап көрмесі өткізіліп, деректі фильм көрсетілді. Ал, кешкі сағат 18.00-де Ж.Аймауытұлы атындағы қазақ музыкалы драма театрында «Ар алдаспаны - Аймауытов» атты спектакль тамашаланды. Соңынан, Баянауыл баурайында «Жүсіпбек- алаш ардақтысы» атты ауқымды мерекелік іс-шара жалғасын тапты.

Қазақ халқының ұлттық психологиясын бойына сіңірген, зиялы азамат болып ел басқарған, ақтық демі таусылғанша жұртының намысы, бостандығы, азаттығы жолында өз өмірін сарп еткен арысымыздың рухы туған топырағына оралды. Мұсылман дәстүрі бойынша, әркім өлген соң, оның денесі қара жер қойнына берілуі тиіс. Өйткені, Алла тағала бізді топырақтан жаратты, топыраққа барамыз және топырақтан қайта тірілеміз.

Ағайындар-ау, тағдырлары тәлкекке түскен Алаштың обалын кім көтереді. Тарихи, саяси сауатсыздықтың, қансыздықтың дертінен арылатын кез келді емес пе? Ащы шерді, ащы умен қашанға дейін қуыра бермекшіміз. «Бәрін жақсы» деп ататқызып, дауысымызға өксік араластырған дүлей дауыл, соқыр құйындай саяси науқан да түбі бір бітер. Ұлт мәселесіне байланысты жеңіл-желпі қарап жүргендердің де туы бір жығылар. Сол кезде, бүгінгі

егемендігіміздің басында тұрған Алаштықтардың қай тұлғасы да құрмет пен марапатқа шексіз кенелер. Ең маңыздысы - ұлттық тәуелсіз мемлекет құру үшін, қарумен де, қаламмен де күрескен Алаштың қасқа мен жайсаңы елдік, ұлттық мүдде ұранын ұрпақ санасына ұялатып үлгерді.

Ертеңгі күні тағы басқа да белгісіз болып келген алтын асықтай аймаңдай азаматтарымыздың сүйегі табылып жатса, оларды бір жерге қойып, қайта жерлесек, сол жерге адамдардың жиі келіп, тағзым етіп тұруы үшін «**ұлттық пантеон**» ашқан ыңғайлы болар еді.

Айдын ЫРЫСБЕКҰЛЫ
алаштанушы

**АЛАШ
ПЬЕСА-
ЛАРЫ**

Құрастырушылар түсініктемесі.

Кітапқа біздің былтырғы «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» (Астана - 2014) ғылыми жинағымызға бір бөлігі енгізілген «Мұрат үшін майдан» пьесасының биыл толық мәтінін енгіздік. Оны «Ақ жол» партиясының тапсырысымен жазушы-драматург Өтен Ахмет Мұқтызар Тұтақовтың 1937 жылы саяси қуғын-сүргінге ұшырап, аяқтай ала алмаған пьесасын жандандырып, толыққанды пьеса етіп шығарды. Оның тұсаукесері Еуразия ұлттық университетінде жасалып, оған ғылыми, әдеби ортаның өкілдері жоғары баға берді. Қазіргі таңда осы пьесаны оның басты кейіпкерлерінің бірі - Әлихан Бөкейханның 2016 жылдың наурызына дейін - 150 жылдық туған күні қарсаңында сахналауға бағытталған әрекеттер жасалуда. Мұны Алашорда үкіметінің 100 жылдығы мен оның төрағасы Ә.Бөкейханның 150 жылдығына арнаған зор тарту деп санасақ артық емес. Сондай-ақ осы автордың «Александра - Бәдрисафа» атты екі бөлімді драмалық элегиясын да кітапқа енгіздік. Ондағы мақсат Алаштың рухани көсемі болған Ахмет Байтұрсынның жары Бәдрисафаның, біздің пікірімізше, сәтті жасалған образы театр режиссерлерінің назарына ілігіп, Алаш қозғалысының 100 жылдығы қарсаңында сахналанып жатса, бұл да саяси қуғын-сүргінге ұшыраған Алаш қайраткерлерінің әруақтарын ырза етер тірлік болар еді деген тілектен туындады.

МҰРАТ ҮШІН МАЙДАН

(Екі бөлімді оптимистік трагедия)

Қатысатындар:

Әлихан Бөкейхан,
Халел Ғаббасов,
Міржақып Дулатов,
Мағжан Жұмабаев,
Қазы Нұрмұхамедов,
Сұлтанмахмұт Торайғыров,
Шәкәрім Құдайбердиев,
Хамит Тоқтамысов,
Казак атаманы Афонов,
Қисық – Косой – большевиктер жансызы,
Мұсатай бай,
Қаршыға – гимназист,
Нұрбибі – Қаршығаның шешесі,
Қытай шенеунігі,
Кеңсе күзетші,
Дауыстар,
Көпшілік.

Спектакльдің музыкалық өзегіне Ж.Аймауытұлының «Алаш маршы» алынды.

Бірінші бөлім Бірінші көрініс

Әлихан Бөкейхановты күткен Семейліктер. Нұрбике, оның қасында гимназист баласы Қаршыға. Ол ақын Сұлтанмахмұтты айналықтап жүр. Қылыш асынған казак атаманы Афонов, большевик жансызы Қисық - Косой, Мұсатай бай, милиция бастығы Қазы Нұрмұхамедов.

Қаршыға. Ағасы, мен сізді таныдым.

Сұлтанмахмұт *(ақырын жөтеліп қойып).* Танысаң, мені бұрын бір жерден көрген шығарсың, балақай.

Қаршыға. Көрдім. Суретіңізді. Сіз әйдік ақынсыз.

Сұлтанмахмұт. Өйдөйт дегенің!

Қаршыға. Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып күн болам!
Қараңғылықтың кегіне –
Күн болмағанда, кім болам!

Сұлтанмахмұт. Ой, пәлі! Бұл менің жасымнан қиялымды тербеткен, жаныма қанат бітірген мұратты ойым, асыл арманым, балақай. Сол күннің таңы міне, жаңа туып келеді.

Қаршыға. Алақай! Жарқырай түс, арайлы жаңа күн!

Сұлтанмахмұт. Жеңеше!

Алаш туы астында,

Күн сөнгенше, сөнбейміз.
Енді ешкімнің Алашты
Қорлығына бермейміз.
Өлер жерден өттік, біз,
Бұл заманға жеттік, біз. *(Жөтеледі).*

Нұрбике. Аллаға шүкір! Тек қуаныш арты баянды болғай, қайным.

Афонов. Көксау... «Өлер жерден өттік біз», дейді еше.

Қисық-Косой. Не дедің?

Афонов. Пшол, вон!

Қисық-Косой. Жынданба, шелтеңбай козак. Мыналарды меңзеген болсаң, шұрқ етпе, дымың ішінде болсын.

Афонов. Сен не, большевик? Байқа, голодранец, ана қауақ басың менің мына қылышыма тап келіп жүрмесін...

Қисық-Косой. Тсс... Алаш десе, менің де қаным қайнап кетеді. Ух... Бәрін бір жерге жинап қойып, пулеметтің астына алып, тра-та-та, та-та-та...

Қаршыға. Өй, мыналар... не пәле ойласып жүр өздері?

Нұрбике. Тиыш. Ұрынарға қара таппай тұрған кәпірлер сияқты.

Сұлтанмахмұт. Қорықпаңыз, женеше, дәурені біткен құр міскіндер.

Нұрбике. Әй, білмеймін. Бұларға сенім жоқ...

Қаршыға. Апа-ау, қарашы өзің дұрыстап. Бұрын осындай жұрт жиналған жерде, қазақты былай тұр деп қамшы астына алып сабайтын пристав, стражник дегендерді көремісің қазір?

Нұрбике. Қарасы өшкен бе, шынымен...

Сұлтанмахмұт. Бұлар енді алжыған кәрі қасқырдай қыржалаңдаса да, бұрынғыдай қан шығарып қаба алмайды, тіс жоқ.

Қаршыға. Әне, біздің милиция. Тиісіп көрсін.

Нұрбике. Иншалла, айтқандарың келсін, айналайындарым.

Ысылдап-пысылдап пойыз келіп тоқтағаны естіледі. Кейбіреулер алға қарай ентелесіп, жұрт толқи бастайды.

Қазы. Халайық, ентелемендер, сабыр сақтаңдар. *(Афонов пен Қисық-Косойды кеуделерінен итеріп, кейін шегіндіреді).*

Афонов. Ух... Жабайы жаман қазақтың кір қолы жағама тигенін қарашы...

Қисық-Косой. Миың қайнап, аузыңа құйылып кеткен жоқ па?

Афонов. Кетші әрі... Қолымда күш билігім бар деп жүр-ау өзінше.

Қазы. Сен маған бірдене дедің бе?

Афонов. Жо-жоқ, жәй... Міне, аузым жабылды, командир мырза.

Қазы. Сүйт. Жап. Шыбжындай берсең, көрген жұрт, мынаның артынан тышқағы келіп тұр екен деп ойлап қалар...

Қисық-Косой. Тағы алдың ба сыбағанды, шелтеңбай козак? Тойған шығарсың?

Афонов. Ну, погоди, калбит...

Әлихан, қасында Міржақып пен Мағжан, өзін қарсы алып тұрғандардың ортасына келеді.

Дауыстар: - Қош келдіңіз!

- Аяғың асты ақ жол болсын!

Нұрбике. Сүйікті басшымыз, еңбегің жанды. Міне, көрдіңіз, ұлтымыз жандана бастады.

Міржақып. Уа, әлеумет! Әлихан Бөкейханұлы тағдыр басқа салған бар тауқыметті халқымен бірге көріп, көптен бері тайғақ та тар жолдың үстінде ел көшін бастап жүрген ардақты көсеміміз. 1905 жылы сіздердің аттарыңыздан Ресейдің бірінші думасына депутат боп сайланғаны естеріңізде шығар. Содан бері көргені қуғын-сүргін. Павлодар мен Семей түрмелеріне қамалды. Сібірге де жер аударылды...

Нұрбике. Әй, ерім-ай, әй, сабазым-ай, соның бәріне шыдай білген, кара нардай қасқайып.

Әлихан. Әлеумет! Қуғын көрген, тар қапаста отырып қорлық көрген жалғыз мен бе екенмін. Біз көппіз. Халқымыз бытыраңқы, жеріміз шалғай болғандықтан Алаш қайраткерлері қазір бірі батыста, бірі теріскейде, енді бірі Түркістан жағында дегендей, қазақты дербес автономиялы ел қылу қамына кірісіп жатыр.

Дауыстар: -Білеміз.

-Алла жар болсын бәріңе де!

Әлихан. Әлеумет, біз көрген тауқымет бостандық жолында жүздеген жылдар бойы арпалысып қан төгіп, атылып-асылып кеткен алдымыздағы аталарымыз бен әкелеріміздің көргенінің қасында түкке де тұрмайды. Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын деген едім. Сол уәдем – уәде, ардақты халқым.

Мұсатай бай. Уәде артында тіреп тұрған күшің бар ма? Болмаса...

Қазы. Күш неге жоқ, бар. Милиция жасақталып жатыр.

Әлихан. Милицияны қолға алған Қазы батыр сіз екенсіз ғой... Іске сәт, жас ноян.

Қазы. Айтсын, аға. Алаш мұраты жолында керек болса, жаным құрбан.

Мұсатай бай. Жамиғат! Елде болса, ерінге тиеді демей ме. Мен айтсам, жиған-терген мал-мүлкіміз ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетіп, талан-таражға түсе ме, оны кім қорғайды деп қауіп қылған соң айтып тұрмын.

Әлихан. Мүсекең сөзінің жаны бар. Орыстың жері кең, бір шеті мен бір шетінің арасы 12 мың шақырым. Бұл кең жердің әр тұсында 105 тілде сөйлейтін халық тұрады. Олардың әр қайсының күн көрісі, ойлауы, дүниеге, шаруаға қарасы әр түрлі. Мен сіздерге бір қарапайым мысал айтайын... Қазақпен қоныстас мұжық егініне қазақ малы аяқ басса, онан үлкен кінә жоқ деп ұғады, сол үшін қазақтың басын қағып тастауға дейін барады. Ал қазақтың жеріне мал түссе, оны үлкен кінә деп мұжық ұққандай ұқпайды.

Мұсатай бай. Тура айтасыз, Әлеке, біз, қазақтар, баяғыша жер Құдайдікі, ортақ қазына деп әлі жүрміз сандалып.

Әлихан. Бұл тіршілік үлкен талас, бір бәйге: жүйрік озады, еріншек езге сыбаға, мүше жоқ. Қазіргі жағдайда малды да, жанды да өзіміз қорғай алатындай болуымыз керек. Алдымен басты

құралымыз - милиция мен әскер жасақтап, оны күшейткенде ғана аталарымыз армандаған шын тәуелсіздік күнге қолымыз жетеді, ағайын.

Афонов. Қарайгөр, бұларға да тіл бітейін депті.

Қисық-Косой. Шұрқ етпе. Үрген қауақтай біраз ісіне тұрсын. Жаруын біз жарамыз. Пыш дегізіп.

Афонов. Сол күнді жақындатуымыз керек... Мына қылыш не үшін?

Қисық-Косой. Ну, да. На войне, как на войне.

Қазы. Сендер... бірдене дедіңдер ме?

Қисық-Косой. Иә, сұрағым бар. (*Әлиханға*). Сізді мырза дегенім дұрыс шығар. Мырза, орыс мұжығы қазаққа күн бермей келген болса, большевиктер бәріңді теңестіріп, бірдей ұстаймыз деп жатқан жоқ па?

Әлихан. Бостандық, теңдік, туысқандық қай құлаққа да жағымды естілетін саф алтындай таза пікір. Бұл үш ұраннан бөлек адам баласының бақыты мен махаббатына басқа жол жоқ.

Қисық-Косой. Демек, мырза, большевиктердің айтып жүргендері ақылға қонымды сөз болды ғой.

Әлихан. Жок. Бәлшебектер революция берген бостандық, теңдік деген қасиетті сөздердің өңін айналдырып жіберді. Бәріңді бір шыбықпен айдап, бір ізге саламыз деп барлық жерде бүлік шығарып жатыр. Тіршілік шаруасын күйттеген қарапайым әлсіз жандарды қырғын талауға түсіріп, өштік пен дұшпандықты күшейтіп жатыр.

Нұрбике. Сонда қалай болғаны, жаңағы 105 тілде сөйлейтін жұрттар қол қусырып қарадан қарап отыратын болса, аштан өлмей ме?

Әлихан. Жок! Торғайдың ақ үрпек балапанынша ауызды ашып, біреуге жалынып жалпая бергеннен түк өнбейтінін түсінген жұрттар күш жинап, дербес ел болу қамына кірісіп те кетті, ағайын.

Қаршыға. Айтыңызшы, аға, олар қай жұрттар?

Әлихан. Олар украиндар, беларустар. Балтық теңізі жағалауын жайлайтын фин, литва, латвия, эстон дейтін халықтар, Кавказ жұрты. Өзімізбен көршілес башқұрттар, қоқандықтар. Біз, қазақтар да, осы бүліншілік лаңынан аман өту үшін өткен жылғы желтоқсанның 13 күні қазақтың байырғы қаласы Орынборда Алаш Орда үкіметін құрдық.

Міржақып. Бөкей Ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, Ферғана, Самарқанд облыстары, Амудария, Закаспий облыстарындағы қазақ уездері және Алтай губерниясындағы қазақтар қазақ автономиясына кіреді деп шештік.

Дауыс: - Пай-пай, жер дүнианы түгел алып жатыр екенбіз ғой!

Әлихан. Алаш Орданың орны – Семей қаласы болсын деп шештік.

Қаршыға. Е, бәсе! Біз сонша тоқалдан туыппыз ба, ұлы көш бәсекеден құр қалатындай. Баяғы Ер Түріктің ұрпағы емеспіз бе біз деген?!

Мағжан. Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?

Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?

Көкте – бұлыт, жерде желмен гулеген,

Жел еркесі – желдің жөнін кім сұрар?!

Нұрбике. Ой, дүние-ай! Кешегі аузы апандай арамза Николайдың құлдығынан құтылды деп, «әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып», еркіндік келді деп, тап бұлай бөркімізді аспанға ата қуанармыз деп кім ойлаған. О, Жаратқан ием, құдыретіңнен айналдым.

Әлихан. Уа, әлеумет! Өз күшіне, өз қуатына сенбеген адам да, халық та ғұмыр жүзінде бәйге алмайды. Сондықтан қазіргі уақыт бәріміздің тастүйін боп бірігіп, бір кісідей қимылдайтын кезіміз. Мақсатымыз – жерсізге жер, аштарға нан, сауатсызға білім, білімдіге қайрат, ықтыярынан айрылған қазақ халқына ерік пен теңдік алып беру.

Дауыс. Қолдау бізден, жол бастау сізден.

Афонов. Автономия алмаққа жармасады. Надо же.

Қазы. Әй, сендер... Кәне, жолдан былай тұрындар!

Қазы Әлиханның алдынан жол ашып, олар кетеді. Жиналған жұрт тарқай бастайды.

Екінші көрініс

Әлдебір қағазға үңілген Халел жалғыз. Әлихан, Міржақып, Мағжан, Сұлтанмахмұт келеді.

Әлихан. Милиция жасақтауға қызу кірісіпсіздер. Бәрекелде.

Халел. Командирі қызба мінезді тым жастау. Байқаған шығарсыз.

Әлихан. Иә, жігерлі көрінді. Құлшынып-ақ тұр.

Мағжан. Жер жүзіне ер атағым жайылған,

Жан емеспін оттан, судан тайынған.

Қайраты мол, қандыбалақ қыранмын,

Күн болған жоқ жаудан жүрек шайылған...

Тәуекелшіл һәм жүректі болмаса, Абылай хан он сегіз жасында қалмақ батыры Шарышты найза ұшына ілер ме еді, сасық күзендей шыңғыртып.

Әлихан. Ой, жарықтық-ай десейші... Алайда адам өмірі қазіргідей жалғыз оққа байланған ессіз есер уақытта алды-артты бажайлап, сақ болғанымыз да жөн, мырзалар.

Халел. Иә, дүниеде бар болу мен жоқ болу жұмбағының алдында тұрғандаймыз.

Әлихан. Күрес жаңа қызғалы жатқанда, бүйгіп тым ерте жасымаңыз,

Халел мырза. Бұл дүниеге Алаш ұрпағы жоғалу үшін келген жоқ.

Сұлтанмахмұт. Алаш туы астында,

Күн сөнгенше, сөнбейміз!

Әлихан. Міне! Ол үшін бізге қазір керегі, мырзалар, фабрика, зауыттар, темір жолдар, игілік шаруа қожалықтары. Осы аталған орындардың бәріне қазақтан оқыған кісілерді тауып орналастыру керек. Тездетіп.

Халел. Әй, бірақ халқымыз әлі де марғау, өз басының пайдасы болмаса, ұлт пайдасы дегеннен хабары жоқ.

Әлихан. Бүгін мені қарсы алғандар ішінен ер адамға бергісіз бір жүректі әйел затын көрдім. Айтқан сөзінен байқағаным, қырдағы ел империяның жүздеген жылға созылған қатал езгісінен шошып, жасып қалса да, дербес жұрт болу үмітін бір сәтке де үзбепті. Ер жетіп қалған гимназист баланы көрдім. «Тәуелсіздік келді» деп, риясыз қуанып жүр. Қабағынан қар жауған казак атаманын көрдім, ішінде ит өліп жатқандай, кәпірдің. Халық дегеніміз күткені де, түсінігі де, үміті де міне осындай ала-құла ел. Сондықтан бізге керек қазіргі екінші нәрсе, оқу жағы. Оқымай мәдениет жоқ. Мәдениетсіз алға қарай қадам басып жылжу да жоқ.

Міржақып. Және осындай жер-суға, ел-жұртқа қатер таянып тұрғанда серпіліп атқа мініп, адам қатарына кірмесек, ерленбесек,

ширамасақ, шаң жұтпасақ, қазақ еріншек, ез, керенау жұрт, жуырда ел қатарына кіре алмайды, өнер таба алмайды деген дұшпан табасына қаларымыз да хақ.

Халел. Шаруа жағында жүруге қабылетті маман қазақтарды жарияға жар салып, іздестіріп-ақ жатырмыз. Бірақ олар саусақпен санарлықтай тым аз. Ал жат жұрттан жалдаған қызметкер... ішіп кетер, жеп кетер...

Мағжан. Орысты неміс солай қып, ондырмай келген. Тіпті Ленин немістің шпионы, Ресейді былықтырсын деп көп ақша-қаражат беріп, әдейі дайындаған адамы деген де сөз бар.

Әлихан. Ондай масқара қорлық пен мазакты қайталамас үшін Ахан, өзіміздің кемеңгер Ахаң не дейді? «Біз бай, білімді һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға – оқу керек! Бай болуға – кәсіп керек! Күшті болуға – бірлік керек!» – дейді.

Халел. Сол керектерді жуық арада іске асыра алсақ...

Әлихан. Күмәніңіз тым көп екен, тегі... Уайым айта бересіз.

Халел. Сіз ше, күмәнданбайсыз ба?

Әлихан. Бәлі дегенің, осы күні көңілінде күдік-күмәні, уайым-қайғысы жоқ адам бар ма екен, сірә... Мұсатай байда да бар. Байлығымды қайтсем сақтап қалам деп, кімге сенерін білмей, оның да ойы он саққа қашып жүрген болар... Уайым менде де бар.

Халел. Алаш мұратын айтамысыз?

Әлихан. Алаш мұраты – тағдырым. Сонымен бірге, қарапайым адами өмірді де аңсаймын. Жорға мініп сардаланың төсінде таза ауа жұтып жортып келсем деймін. Үйімнің төрінде еркін отырып, ақырын толғап домбырада күй шертсем деймін... Есіңізде ме, Мықа?

Міржақып. А, иә, 1916 жылдың жазы еді ғой. Сіз, Әлеке, Самара түрмесінен босап, Орынборға келдіңіз. Жайықтың арғы бетіндегі Қарасу деген жерге екі үй тіктірдік. Бірінде «Қазақ» газетінің редакциясы орналасты. Екіншісінде отбасымызбен бірге өзіміз тұрдық.

Әлихан. Менің Лизам он үште, Сергейім – Үгітайым он бірде, сенің Гүлнарың әлі кішкентай, әпіл-тәпіл аяғына жаңа ғана тұрған кезі.

Міржақып. Сергей мен Үгітай тәй-тәйлатып Гүлнарды қастарынан бір елі тастамайды. Жайыққа шомылуға барғанда ке-

зектесіп, арқалап алып кетеді. Мына жақта шешелері жүрер еді шыр-пыр боп, суға кетіп қалмаса деп қорқып.

Әлихан. Иә, ол күндерде жас бала үшін қауіпті аққан судың қорқыншы болмаса, дүниеден бәле-жәле атаулы жоғалып, құдды бір қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман орнап қалғандай боп та тұрушы еді-ау айналамыз.

Міржақып. Қазір көбіміздің отбасымыз қасымызда жоқ. Бұл уайым емес пе, Халеке?

Әлихан. Дүниеде адам баласы айналып өтпес екі-ақ көпір бар: бірі – өлім, бірі-махаббат. Біз ұлтқа қызмет қылуды таңдадық. Ұлтқа қызмет еткен адам ғана ұлтқа ие бола алады. Бұл күрес өлу үшін емес, жену үшін. Алайда бұдан жеке бастың адами қызығын кейінге ығыстырып қойдық деген сөз тумаса керек. Махаббатымызды әрқайсымыз өз түсінігімізше өз жүрегімізге бөлеп алып жүрген болармыз. Сондықтан дәл қазір көп жалтақтайтын кез емес. Елеулі ел боламыз десек, өз сыбағамызды аламыз десек, алатын уақыт. Алғанда да белдесіп, теңдесіп отырып алатын уақыт.

Халел. Бір сенгеніміз Колчак еді... Қайыр жоқ.

Міржақып. Олай деменіз. Колчак атаман Анненковқа генерал атағын беріп, Жетісуды большевиктерден тазарт деп тапсырды. Біздің Анненковпен бірге болуымыздың басты себебі міне осы, өзіңіз де жақсы білесіз.

Әлихан. Халел мырза, көп уайымды қойып, Мәскеуге, бәлшебектердің орталық үкіметіне Алаш автономиясын мойындаңдар деп телеграмма дайындаңыз. Сөздің тоқ етері, енді бізге алған беттен кері қайтар жол жоқ.

Үстеріне шелек, түйіншек көтеріп, Қаршыға кіреді.

Қаршыға. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын, ағайлар.

Міржақып. Әй, мына пысық бала...

Қаршыға. Шелекте – көже. Ал мынау шеке. *(Шекені Әлихан алдына қойып, шелектегі көжеден кеселерге құйып, кісілерге тарата бастайды).*

Әлихан. Мына құлақты...

Халел. Маған беріңіз. Ауылда тұрған күндерін сағына ма, біздің үйде қашан қой сойылады, қашан құлақ жейміз деп інім де, ұлым да жарыса қыңқылдап қоймаушы еді. Екеуіне бөліп беріп, ауыздарын жаба қояйын.

Әлихан. Әне, бұл да сіздің бір уайымыңыз *(бәрі күледі)*.

Мағжан. Наурыз көженің мәніне менің біраз көңіл бөлгенім бар еді. Қысқаша былай: Сүт қосқан көже келе жатқан жазбен ұшырасып, адамдардың ас ішу ретінің аққа көшкендігін білдіреді. Ал көжеге шеке, бас салып асып жеу, қыс тамағы қызылмен қоштасуды білдіреді.

Әлихан. Қазақтың жаңа жылы... Ойдағы, қырдағы ел бір-бірімен көрісіп, амандықта кездескендеріне қуанысып, шат-шадыман... Бұл күнді ұлт болып бұрынғыша жаппай тойлайтын да күн туар әлі-ақ.... Жастарың құтты болсын, ағайын.

Мағжан. Мен милиция жасағы алдында өлең оқушы едім. *(Кетеді)*.

Басқалар да тарқай бастайды. Сұлтанмахмұт қозғала беріп, қатты жөтеледі.

Әлихан. Ақын інім, күйің онша болмай жүр-ау деймін.

Сұлтанмахмұт. Ештеңе етпес, Әлеке.

Әлихан. Бірер күн күтінсең қайтеді?

Сұлтанмахмұт. Әлеке... Кешіріңіз. *(Кетеді)*.

Әлихан. Қайсар. Әй, бірақ... Жоқ, болмас, еліне қайтару керек. Ақын өлмесін. Ақын деген елінің қараңғыда жол көрсетер сөнбейтін шымшырағы. *(Ойланып тұрып қалады)*.

Үшінші көрініс

Алаң. Қазы милиция құрамын жаттықтыруда. Өзі көрінгенмен, жасақ көрінбейді. Қазының «оңға», «солға», «тік тұр», «мылтық кезе», «ат» деген бұйрықтарына сәйкес жасақтың тарпылдатып аяқ басқан қимылдары естіледі.

Мағжан мен Қаршыға келеді.

Қаршыға. Аға, аға деймін, мені милицияға алшы. Оллаһи-биллаһи, мынауский деген жауынгер болам. Алшы, аға, алшы деймін.

Қазы. Қоя тұршы! Мағжан ағамыздың бір керемет өлеңі бар деп естігем. Соны тыңдайық, оқып берсе.

Қаршыға. Ой, оны менен сұрамайсың ба? Мен-ақ айтып берейін.

Мағжан. Әуелі Қазыға деп әкелген Наурыз көженді бермейсің бе, пысығым?

Қаршыға. Кешір, аға. Есілдертім басқада болып... *(Қазыға көзге құйып ұсынады).*

Қазы. Піссімиллә, ауызды ақтан жарылқасын (тартып жібереді).

Қаршыға. Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!

Жылы, тәтті у тарады қаныма,

Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін

Патша тағы, бүкіл дүние малына...

Мағжан. Неге тоқтадың?.. Жарайды, қысылып тұрған шығарсың...

Шашың –қара, денең – ақ бұлт, жүзің – Ай.

Тісің – меруерт, көзің, сәулем, құралай.

Ләззат, рақат, бақыт – бәрі қойнында

Сұрамаймын енді ұжымақ – жақсы жай!

Қазы. Менің де жарым... Тұңғыш кішкентайымыз бар. Бірақ мен қанша толғансам да... Сіз сияқты... Қатты сүйген екенсіз.

Мағжан. Әрине, күйіп-жанған соң... Жұбайым аты – Зейнеп. Ауылда қалдырдым. Аяғы ауыр еді.

Қазы. Сағынатын шығарсыз?

Мағжан. Айтпаңыз... Қой, босансымайық. Мұндайымызды көрсе, әлекендер құптай қоймас.

Қаршыға. Аға, мылтық бермесең де, қасыңда қолбала болуға жараймын ғой. Аға, деймін...

Қазы. Тағы бастадың ба? Бойың сырықтай болғанмен, қару ұстауға саған әлі ертерек, балақай.

Қаршыға. Жасым он үште. Жасы он үшке толғанды отау иесі дейді атам қазақ. Қыз құшақтап, отау иесі болуға жарағанда, қару ұстауға жарамаймын ба...

Қазы. Қап, тілінің шақпасын-ай мынаның...

Мағжан. Қазеке, жауынгерлерге оқысам деп арнап әкелген елеңімді өзгертсем, қарсы болмассыз. Қаршығаның қайсарлығына сүйсініп, көкейімде басқа өлең туып кеткені.

Қазы. Еркіңіз білсін, ақын аға.

Мағжан *(Оқиды):*

Арыстандай айбатты,

Жолбарыстай қайратты,

Қырандай күшті, қанатты –

Мен жастарға сенемін!

Мен сенемін жастарға;
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда,
Мен жастарға сенемін!

Жасақ. Жасасын, Отанның адал ұлдары!

Қаршыға. Мағжан аға, Қазы ағама айтыңызшы. Мені жасағына алсыншы. Сізді тыңдайды ғой.

Мағжан. Аяқ-қолың балғадай... Жауынгер таңдау жағын Қазы ағаң өзі біледі де *(кетеді)*.

Қазы. Жасақ! Бүгінгі жаттығу бітті. Жатын орындарыңа қайтып, демалыңдар ертеңге шейін. *(Жасақтың аяқ басқан дыбысы біртіндеп баяулап ұзай береді)*.

Қаршыға. Мағжан ағам айтты ғой жаңа, аяқ-қолың балғадай деді ғой.

Қазы. Түһ, шешен не дейді. Әуелі шешенмен келісіп алу керек шығар...

Тасадан Афонов пен Қисық-Косой шыға келеді.

Афонов *(қол шапаттап)*. Пах! Пах! Әскерінің түрін-ай!.. Осындайлардан жиналған жасақсымағына қазақ тілінде бұйрық бересің еше, ә?

Қазы. Бергенде қандай! Мысалы, мына сен «қазақ» едің, «казак» болдың. Біздің «жасауыл» деген сөзімізді «есаул» деп алдыңдар. Біздің жасы да, орны да үлкен кісімізге айтатын «ата» деген сөзімізді «атаман» деп өзгерттіңдер. Сондықтан таңғалма, тамыр.

Қаршыға. Сендер әскер тәртібін, әскерге бұйрық беруді әу баста кімнен үйренгендерінді білесіңдер ме?.. Алтын Ордадан.

Қисық-Косой. Қолдарын қалай-қалай сермейді-әй мыналар.

Афонов. Бокмұрын баланы қойшы. Мына командирді көрмеймісің. Тіпті маған ақыл айтпақ өзінше.

Қазы. Әй, сендермен мылжыңдасып тұрар жайым жоқ.

Қаршыға. Әйда, марш! Пашол атсуда!

Қисық-Косой. Сен не, командир, бізбен сөйлескенінді міндетсіп тұрмысың?

Қазы. Афонов өзіміздің семейлік, ал сен біреуге жөн айтқандай кімсің өзі, кімнің итаршы құлысың?!

Қисық-Косой. Біліп қайтесің. Көп білсең, өз басыңа зиян деген.

Қаршыға. Сендерге өзі не керек, ә? Не керек?!

Афонов. Әй, бала, қыс артыңды.

Қисық-Косой. Кет былай, аяққа оратылмай! *(Итеріп жібереді).*

Афонов *(Қазыға).* Сен... кір қолыңмен жағамнан ұстап, кеудемнен итердің. Мына мені, казак атаманын?

Қисық-Косой. Өзіңнен даражасы үлкендерге қол көтергенің дұрыс болмады, командир.

Қазы. Жоғалыңдар! *(Қарманып бойынан қару іздейді).*

(Афонов жарқ еткізіп қылышын суырып алады, екеуі алыса кетеді. Қазыға көмектеспек болған Қаршығаны Қисық-Косой әдіс қолданып ұрып, есінен тандырып тастайды. Бұл кезде Қазы Афоновты жеңе бастаған. Жығып салып, төсіне мініп, жерден оның түсіп қалған қылышын ала бергенде, Қисық-Косой нағанымен тез көздеп, атып жібереді. Қазы құлап түседі).

Қисық-Косой. Бога нет, царя не надо,

И без них мы проживем.

У нас есть товарищ Ленин,

Защищать его пойдем.

Олар тайып тұрады. Мағжан мен Сұлтанмахмұт келеді.

Мағжан. Тарап кеткен бе...

Сұлтанмахмұт. Күні бойы бір тыным жоқ, «Алға», «оңға», «солға», «тік тұр» деп... Шаршаған шығар.

Қаршыға *(басын көтеріп).* Ағайлар...

Мағжан. Қаршыға, батырым-ау... Мына түрің не?

Қаршыға. Жасағын демалуға жіберген еді, Қазы ағам...

Мағжан. Әй, тәжірибесіз аңқау жастық-ай... Қап, әттеген-ай...

Сен жарақаттан амансың ба?

Қаршыға. Аман сияқтымын. Ал Қазы ағам...

Сұлтанмахмұт. Бәлшебектердің алдауға ерген қандыкөз жалдамалы құлдары. Шетінен надан, тас кеуде, шаш ал десе, бас алатын содырлар...

Қаршыға құлап жатқан Қазыны көріп, жүзгіріп барып құшақтай алады.

Қаршыға. Ағатайым-ай... Демі жоқ. Атып кетіпті.

Мағжан. Қапыда қалған-ау жас боздақ.

Қаршыға. Ағатайым-ай... Мен сорлы саған араша түсуге де жарамадым... Ант етемін. Осыны істемесем, жер басып тірі жүрмейін. Қара жер, сен куә бол. Көк аспан, сен куә бол. Қайтарамын аға, кегінді, қайтсем де қайтарамын.

Сұлтанмахмұт. Болды. Сұрт көзінді.

Олар Қазыны иықтарына көтеріп, сахнаны бір айналып өтіп, алаң ортасына әкеліп қояды.

Төртінші көрініс

Қаралы жиын. Әлихан. Міржақып, Сұлтанмахмұт, Шәкәрім.

Әлихан. Әлеумет! Бәлшебектің содыры тимеген ел, таланбаған дүние, талқан болмаған қала қалған жоқ. Міне, бізге де жетті.

Сұлтанмахмұт *(алға шығып, тық-тық жөтеліп қойып).* Мына телеграмманы Қызылорда қаласынан Алаш қайраткерлері жіберіпті. *(Оқиды):*

– «От жанды, ұлт қанды, есіл қыршын жас Қазының арманы жоқ! Ұлт жолында тұңғыш құрбан болды. Біздер Қазының және оның үлгілі жолын ұмытпасқа Құдай алдында, ар алдында уәде бердік».

«Бірлік» ұйымы атынан Смағұл Сәдуақасұлы, Қошке Кемеңгерұлы, Ғаббас Тоғжанұлы, Асхат Сайдалыұлы.

Шәкәрім. Мынау жатқан кім, білесіңдер ме? Бұл ұлты үшін шыбын жанын құрбан қылған Алаш азаматының тұңғышы, мұны өлді демендер, бұл күнгі һәм мұнан соңғы ұлтым деген азаматтар мына мен сияқты болып ұлтым деңдер деп өзінің ұлтшылдығын сөзбен емес іспен көрсетті. Марқұмның аты да Қазы еді. Қазы – би деген сөз. Қазы билігін айтып кетті...

Қарағым, Қазы, өліміңе өкінбе! Құдай алдында да, жұрт алдында да орның бөлек... Қабірің нұрлы болсын.

Міржақып. Қош, бауырым, жолдасым!

Армансыз сенің өз басың.

Қабыл болып құрбаның –

Алашты құдай қолдасын...

Жұрт толқып көздеріне жас алады.

Шәкәрім қажы құран қайырады.

Қаралы жиын тарқап, Әлихан, Шәкәрім, Қаршыға қалады.

Әлихан. Қажыеке, қайғыдан қабырғамыз қайысып тұрғанда жанымыздан табылып, көңіл білдіріп, демеу жасағаныңыз үшін сізге шексіз ризамын.

Шәкәрім. Жас болсам, Алаш мұраты жолында мен де ойланбастан қолыма қару алар едім. Әттең...

Әлихан. Сіз онсыз да қызу майдан ішіндесіз. Ешқашан жеңілуді білмейтін ажалсыз әскеріңіз бар.

Қаршыға. Қарумен қанша қатты ұрса да,
Сөзіме жанның әлі келмейді.
Бұл дүние шыр айналып тұрса да,
Ғаскерім қартаймайды, өлмейді.

Алмаймын патшалықты берсең де,
Қайтейін, өлім тартып алады.
Мен-дағы ажал жетіп, өлсем де,
Ғаскерім ақ қағазда қалады.

Шәкәрім. Бәрекелде, балам...

Әлихан. Жалпақ жұрттың көкірегінде жақсылық болмаса, жұрт-жұрт боп тіршілік қылып жүрмек емес. Мына бірбеткей өжет бала да, жұрт ісін түс көрмей, жаяу жүріп іздеу керегін білген екен. Қандай ғанибет. Жаттап алып, жақсылардың сөзіне ағып тұр. Абайды да білетін шығарсың, пысығым?

Қаршыға. Білемін. Айтайын ба?

Әлихан. Рахмет, қалқам. Басқа бір орайы келген жерде айтарсың.

Шәкәрім. Әлеке, Абайға ерекше құрметпен қарайды екенсіз. Ол кісі дүниеден өткенде «Абай Құнанбаев» деп таңбалап қазитке қазанама жаздыңыз... Әнеубір жылы Семей түрмесіне қамаларыңызда ел азаматтарына тапсырған аманатыңыз туралы да естігенмін.

Әлихан. Иә, менің портфелімде Абай шығармаларының қолжазбасы бар, соны сақтауға тырысындар, оның құны бес мың рубль деп айтқан болатынмын.

Шәкәрім. Жарықтық, хакім Абайдың орны бөлек қой.

Әлихан. Абай поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы. Жақында оқуға жүрерінде, ұрпақ үшін, Мұхтаржан, Абайды жаз деп нықтап тұрып тапсырдым мен оған.

Шәкәрім. Омархан молданың Мұхтары ма? Одан шығады. Әріден ойлап, құлашты кеңге сермеп жүрген талапты жастың бірі.

Әлихан. Иә, Абай айтқан «нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек» әр қазаққа ең басты керек қасиет. Сондай асыл рухқа жеткен күні қазақты шеттен келер ешбір жау ала алмас еді, дариғай... Сондықтан, қажыеке, ажалсыз әскеріңізді баптай да, бастай да беріңіз.

Шәкәрім. Қаруың – қаламың десеңіз, аянып қалмаспын... Өлеңімді қасиеттеп жатқа айтатын мынадай жалындап тұрған жас қырандар барында.

Әлихан. Ал онда қайыр қош, қажыеке.

Шәкәрім. Алла не жақсылық тілесек, сол тілекке жеткізсін бәрімізді де.

Екеуі төс түйістіріп қоштасады.

Бесінші көрініс

Халел. Қолында жедел хат. Әлихан, Міржақып келеді.

Халел (*Күбірлеп оқиды. Үнтаспа*). «Қазақ-орыс қалалары һәм ауылдарын бәлшебектер тобымен құртып жіберді. Үржар қаласы да талқандалды. Бір мыңдай қазақты өлтірді. Бәлшебектер қолы он мың әскер. Бізде қару-жарақ жоқ...»

Әлихан Қайран момын халқым-ай, әбден қиналдың-ау... Әскердің дайындығы қалай боп жатыр?

Міржақып. Иншалла, жаман емес. Командирі Хамит Тоқтамысов тәжірибелі офицер. Омбы қазағы. Капитан шенін патша заманында алған.

Әлихан. Қазыны өлтіргендер... ұсталды ма?

Міржақып. Басшылары орыс-казак атаманы Афонов және бәлшебектер жансызы Қисық-Косой деген біреу екен.

Әлихан. Иә?

Міржақып. Қашып, із жасырып үлгеріпті иттер... Қалғандарының біразы...

Әлихан. Бұл іспен кім еді айналысқан?

Міржақып. Полковник Тоқтамысов.

Осы кезде Тоқтамысов бастаған Алаш жауынгерлері тұтқындарды топырлатып ортаға алып келеді.

Нұрбике. Өңшең қарабет! Мына көпшіліктен ұялып тұрғаным-ай. Әйтпесе дамбалымның ауын иіскетіп, бастарыңа сиіп тастасам сауап болар ма еді, қаннан безген арсыздар... Сендерден өлім де жиіркенді, тірі өлік боп масқарасы шығып жүрсін деп. Тіпә, сендерге! Тіпә!

Басқалар да беттеріне бір-бір түкіріп өтеді, қара күйе жағады.

Бірінші бөлімнің соңы

Екінші бөлім Алтыншы көрініс

Майданға әскер аттандыру. Нұрбике, Қаршыға, Әлихан, Халел, Мағжан, Қытай жандаралы.

Халел. Ойда да, қырда да бәлшебектер. Жазықсыз жандардың қанын қанша төгіп ішсе де, тояр түрлері жоқ...

Әлихан. Торғайда Міржақып... Әлгі Степнов – Жангелдин деген қаңғыбас, Лениннен алған мандатқа сүйеніп, Амангелдіден қызыл командир жасамақшы...

Халел. Дүние қанды жарадай әбден ұшығып тұр. Бірденені болжап айту қиын қазір...

Мағжан. Халеке, туымыз жығылған жоқ. Қаруымыз мұқалған жоқ.

Еркін ырғып шыққам асқар Алтайға,
Қырда тұрып садақ тартқам Қытайға.
Талай тайғақ, тар кешуде таймаған,
Батыр жүрек, қайрат енді алдай ма?!

Әлихан. Бәрекелде. Еңсе түсіретіндей әзірге еш себеп жоқ. Әскеріміз дайын. Соны білгендей Сарысүмбіден қытай жандаралы да келе қалыпты.

Халел. Тамырымызды басып көріп, әу-жайымызды байқап кетпек қой, сірә.

Мағжан. Несі бар, байқаса, байқасын. Бес қаруын асынған сақадай сай айбынды әскерімізді көрсін...

Қытай жандаралы.

Әлихан. Қош келдіңіз, жандарал мырза. Жайлы кабинетте кең отырып қарсы алмағаныма ренжи қоймассыз.

Қытай жандаралы. О, не дегеніңіз. Қарбалас шак. Түсінемін. **Әлихан.** Сарсүмбiде отырып, Қытайдың Алтай округін билейтін жоғары мәртебеңізге сырттай жақсы қанықпын. Өздеріңізде қалай, еліңіз тыныш па?

Қытай жандаралы. Тыныш. Бірақ бәле әдеттегідей Ресей жақтан келе ме деп алаңдап отырамыз.

Әлихан. Халықтар түрмесі атанған алпауыт Ресей берекесіздікке ұрынғасын, біз де міне, өз үлесімізді алып қалу үшін майданға түстік, жандарал мырза.

Қытай жандаралы. Иә, қан кешпей оңай келер тәуелсіздік жоқ... А, иә, көрші отырсақ та бұрын өзара қарым-қатынасымызды жөнді дамыта алмай келдік.

Әлихан. Солай болғанына бізді кінәлай қоймассыз... Ал негізінде сіздің патшалықта біздің қазақ аз емес. Мұсылман халқы да көп.

Қытай жандаралы. Сондықтан сіздің халық пен біздің мемлекет жұртының достығы алдағы уақытта жанданып, жаңа сипат алар деп үміттенеміз. Тәуелсіздіктеріңді бекіте алсаңыздар, әрине.

Әлихан. Қазір Алаш ғаскері Жетісу майданына аттанбақ. Қаласаңыз...

Қытай жандаралы. О, бұл мен үшін үлкен құрмет. Әлбетте, әлбетте...

Нұрбике баласы Қаршығамен қоштасуда.

Нұрбике. Тентегім-ай, қабырғаң қатып, бұғанаң әлі бекіген де жоқ. Қой деген тілді алмадың қасарысып. Әкене тартыпсың. Ол да өзінше намысқой қырсық еді. Сол мінезі ақыры түбіне жетті, байғұстың.

Қаршыға. Апа-ау, әкем қайдағы бір қотыр тай үшін барымталасам деп жүріп өз туысының қолынан өлді. Ал мен қазақ деген ел үшін, Сарыарқадай ата қоныс жер үшін аттанамын мұратты ұлы майданға.

Нұрбике. Құлыным-ай, енді қайтейін... Қайып ием қырық шілтен, жар болагөр балама...

Қытай жандаралы. Жауынгер қатарына кірген бе?

Әлихан. Иә.

Қытай жандаралы. О, қазақ – қайсар, қайсар. Бір көтерілсе, тоқтату қиын... Қиын.

Полковник Тоқтамысов. Болды, жеңеше, болды.

Қаршыға сапқа тұруға кетеді. Нұрбике көпшілік ортасына шегінеді.

Полковник Тоқтамысов (*Әлиханның алдына келіп*). Мәртебелі Бас қолбасшы! Алаш әскері сап түзеп болды.

Әлихан (*жақын келіп*). Жасасын Отанның адал ұлдары!

Әскер даусы. Жасасын! Жасасын! Жасасын! (*Марш әуенімен әндетеді*).

Анненков – атаман

Қолдайгөр, жасаған!

Алашпыз жауынгер,

Қорықпаймыз жауыннан.

Біз шақар арыстан

Долданса қоймайтын.

Алға ұмтыл, ер Алаш,

Елің бар қорғайтын!

Әлихан, Әлихан –

Алаштың серкесі

Ер қамын ойлайтын!

Қытай жандаралы. О, қазақтар атқа қонса, ұйпалақтатып жер дүниенің астан-кестенін шығаратын бет қаратпас қара дүлей дауыл ғой.

Әлихан. Иә, қазақтан Тоқтамысовтай оқыған әскер басыларымыз көп болса ғой, шіркін...

Қытай жандаралы. О, егер оқысаңыздар, өнер ұстасаңыздар, онда тіпті... Біздің жадымыз бен тарихымызда сонау көне замандарда батыр бабаларың қалдырған бедерлі іздер баршылық. Тасқа басып, мөрлеп, жазып қойғанбыз ұмытпас үшін. Қытай қорғанын да топан суындай қаптайтын атты әскерлеріңе тосқауыл болсын деп салдырғанбыз-ды.

Әлихан. Біздің жадымыз да, жандарал мырза, ештеңені ұмытқан жоқ. Алтын Орда болғанымыз... Керей мен Жәнібек хандар орнатқан қазақ хандығын... Әттең, бүгінгі соғыс қылыш пен найза ұстап, садақ асынып ат мінген жауынгердің майданы емес. Алыстан қопарып ататын от қарудың майданы.

Қытай жандаралы. Әгәрәки тәуелсіздік алсаңыздар...

Әлихан. Ондай күнге жетсек, жеріміз тұнып тұрған қазба байлық. Не жоқ дейсіз, қорғасын, мыс, мырыш, көмір, мұнай... Айта берсек, таусылмайды.

Қытай жандаралы. Иә, өз жер байлығының игілігін өзі көрген халық әманда бақытты болмақ. Бірақ сол мол байлықтан мен де алсам деп көз алартып кім қызықпайды дейсіз. Әрине, сауда-саттық жолымен бөлісудің жөні бір басқа. Солай емес пе, мәртебелі мырза.

Әлихан. Әлбетте. Сондықтан жерімізге, жеріміздің асты-үсті байлығына арам ойлы бөтен жұрттар көз алартпасын деп белді бекем будық, жандарал мырза...

Қытай жандаралы. Иә, әскерлерің жігерлі екен, сізді де ән арасына қосып жіберіпті. Қазақтар басшыларын құрметтей біледі екен. Қытайлар, біз де сондаймыз.

Әлихан. Сынықтан басқаның бәрі жұғады деген. Өздеріңіздей инабатты үлкен жақсы көршіден неге үйренбеске...

Қытай жандаралы. О, иә, жер кіндігіндегі алып ел болсақ та, момынбыз. Орыстар сияқты әлсіз елдердің жерін күштеп тартып алмаймыз. Егер игермейтін болса, сонша көп жер не үшін керек? Түсінбеймін.

Әлихан. Біздің майдан, жана өзіңіз айтқандай, ата-бабаларымыз аттың жалында жүріп ақ білектің күшімен, ақ алмастың жүзімен, ақ найзаның ұшымен қорғаған, артындағы ұрпағына мирас еткен өз жеріміз үшін болып жатқан қасиетті майдан, жандарал мырза.

Қытай жандаралы. Көріп тұрмын. Жас балаға дейін атқа қоныпты.

Тоқтамысов. Мәртебелі Бас қолбасшы! Әскер сіздерді тыңдауға дайын.

Әлихан (*Қытай жандаралына*). Сіз...

Қытай жандаралы. О, егер қарсы болмасаңыз...

Әлихан. Мархабат.

Халел. Құрметті бауырлар! Ресейді қызыл қырғын жайлады. Бүкіл Сібір өлкесіне «Әзіреті Ғалидай үкім жүргіземін» деген Колчактан да мән кетті.

Мағжан. Бірақ үмітсіз емеспіз, ол - Жетісу фронты. Бұрын «Сарыарқа жеріміз бар, Сарыарқада қалың қазақ еліміз бар»

деп, теңдікті құрғақ сөзбен күтсек, енді қолдарыңа қару алып, ел намысын көкірекке түйіп, тікелей қан майданға кіресіңдер. Бостандықты күшпен алып, іргелі жұртшылықтың іргесін қалауға жол ашасыңдар... Жасайды жұртың, көркейеді елің, өркендейді Алашың!

Әскер даусы. Жасасын Отанның адал ұлдары!

Полковник Тоқтамысов (*әскерге*). Полк тік тұр!.. (*Әлиханға жақындап, әскери рәсіммен*). Мәртебелі Бас қолбасшы! Алаш әскері майданға аттанып кетуге дайын.

Әлихан. Арыстандарым менің! Сендер, бабаларымыз Абылай мен Кенесарыны естеріңе түсіріңдер. Олар өз халқы үшін айқасқа шыққан батырлар. Сендерге, нағыз ер жүрек қаһармандарымызға, Алаш жолында аталарың «Абылайдың ақ туын» көтеруді сеніп тапсырдық. Егер, жауды жеңсендер, халқымыздың гүлденген өмірін көресіңдер. Егер, жеңілсендер, сендердің жандарың Құдай алдында таза. Біз сендерге ақ жол тілейміз. Жасасын біздің батырларымыз! Жасасын туған халқымыз! Жасасын туған жеріміз! Жасасын Алаш!

Әскер даусы. Жасасын Отанның адал ұлдары!

Қаршыға. Аға, мен сөйлейінші...

Әлихан. Ал сөйлей ғой, жас батыр.

Қаршыға. Мен Мағжан ағамның өлеңін оқимын. Мағжан аға, ұрықсат па?

Мағжан. Өлеңді жастар оқысын, жағтасын деп жазамыз ғой. Ұрықсат.

Қаршыға. Қыранымын сары сайран даланың,
Қос қанатым – алтын Алтай, Оралым,
Еркін дала ардақтысы, еркесі –
Бетім қайтпай өскен батыр баламын.
Тұлпар мініп, туды қолға алайын,
Суырып қылыш, қан майданға барайын.
Жердің жүзі кім екенін танысын,
Жас бөрідей біраз ойын салайын!

Әскер даусы. Жасасын Отанның адал ұлдары!

Қытай жандаралы. Иә, жастары өжет ел арман еткен ойлаған мақсатына түбі қайтсе жетпей қоймас. Жетпей қоймас...

Әлихан. Атты әскер! Мұрат жолындағы қасиетті майданға...
Алға!

Дүниені жаңғырықтыра тұтаса қозғалған ат тұяғының дүбіріне қалың әскердің ұранды әні қосылады.

Анненков – атаман
Қолдайгөр, жасаған!
Алашпыз жауынгер,
Қорықпаймыз жауыңнан.

Біз шақар арыстан
Долданса қоймайтын.
Алға ұмтыл, ер Алаш,
Елің бар қорғайтын!
Әлихан, Әлихан –
Алаштың серкесі
Ер қамын ойлайтын!

Ат тұяғының дүбірі, ұранды ән біртіндеп ұзап, ақырын баяулай береді.

Жетінші көрініс

Халел, қолында бір бума телеграф лентасы, күйзеле ойланып қалған.

Мұсатай бай (даусы). Шырағым, бөгеме жолымды.

Кеңсе күзетші (даусы). Тәртіп бұзбаңыз. Кім дейін?

Мұсатай бай (даусы). Мұсатай бай деңіз. О, Құдайым-ай, қайдағы бай. Болғанмын. Енді кім екенімді өзім де білмеймін.

Халел. Жібер. Кірсін.

Мұсатай бай (кіріп). Төрем-ау, мына дүние не боп кеткен өзі? Не үйде, не түзде басымызда бір маза жоқ.

Халел. Сабыр, Мүсеке.

Мұсатай бай. Талтүсте апай-топайымды шығарып тонап кетсе, қайдағы сабыр.

Халел. Тонады... Кімдер?

Мұсатай бай. Балшабек қанішерлер. Біреуі Чоннанмын деп, алақанға сап әлпештеп отырған жас қызымды... Біреуі кедейлер комитетіненбіз деп, дүкенімді... Енді келсе, кеудемнен шыбын жанымды алатын шығар шырылдатып суырып...

Халел. Байске, заман беті көтінен кері бұрылды. Бізден күш кетуге айналды. Сонда да көмектесіп көрейін. Әй, бірақ...

Мұсатай. Әй... Онан да ана зорлықшыл иттен өз қызымды өзім ұрлап - ап, бұл елден біржола безе қашқаным дұрыс шығар.

Халел. Қашқанда... Барлық жерде бәлшебектер.

Мұсатай. Сендердің үміт артқан ақтарың да балшабайлардан кем түсіп жатқан жоқ. Жазықсыз жандардың аяқ-қолын шабу, ойып көзін ағызу, қарнын жару... Адам сенбес сұмдықтар.

Халел. Кольчактың бәлшебектерді аямауға берген бұйрығы бар. Дегенмен...

Мұсатай. Әй, бүйткен мәймөңкең құрысын сенің. Шүршітке ме, сібірдің орманына ма, бір елеусіз қуыс табылар, қашамын. (Кетіп бара жатып). Жан сауға, жан сауға...

Әлихан келеді.

Әлихан. Кім анау сонша қатты күңіреніп бара жатқан?

Халел. Мұсатай бай. Қызын зорлап тартып алып, мал-мүлкін тонап кетіпті... Елден безбекші...

Әлихан. Әй, шарасыздық-ай... Баяғы қалмақ шапқыншылығындай ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама болып, тағы да жан сауғалап ел ауама деп қорқамын...

Халел. Иә, шыр айналған тұрлаусыз пәни дүние сол қауіпті межесіне тағы да таяп қалды-ау деймін...

Әлихан. Солай де. Тек қолдағы суық қару мұқалса да, рухымыз сынбаса екен. Рухымыз сынбаса, жерге түсіп кеткен қаруды бір айналып келіп қайта көтерерміз... Сөйлесе алдың ба?

Халел. Сол баяғы жартас бір жартас...

Әлихан. Кәне, тағы бір көрші.

Халел (*селекторды қосып*). Ало, Кремль ме? Кремль, Алаш Үкіметін мойындау туралы талап қойып, бұған дейін екі рет жеделхат жіберген едік. Жауап жоқ. Не себеп?

Сталиннің даусы. Сендердің «Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды» деген мақалдарың бар ғой...

Халел. Түсінбедім.

Сталиннің даусы. Түсіндің. Мемлекет біреу, билік біреу, екі партияға қатар орын жоқ. Себеп осы.

Халел. Өз ұлттық партиямыздың болғаны дұрыс деп есептейміз.

Сталиннің даусы. Ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін большевиктер шешеді. Бүкіл дүние жүзіне біздің билік орнағанда, сендер автономия боп қыстырылып оның қай жерінде жүрмексіңдер?.. Сендерге амнистия жарияладық. Немене, большевиктердің берген рақымын пайдаланғыларың келмей ме?!

Әлихан. Ескерту емес, қорқытқаны ғой.

Халел. Оралда Алаш қайраткерлері дәл біздегідей атты әскер құрды. Ағайынды Досмұхаммедовтер батыстық өр мінезбен тікелей дігерлеп Лениннің өзіне де барды. Олардың да жігерін құм етті сауатсыз, топас бәлшебектер...

Әлихан. Дариға-ай, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, қай істе де тұтасқан бір қазақ болып қимылдайтын күн қашан туар екен...

Халел. Әрине, ерте ме, кеш пе, ондай күн қайтсе де туады. Бірақ қазір...

Әлихан. Сіз математиксіз. Дерекке, нақтылыққа көбірек мән бересіз. Халел мырза, сіздің қазіргі тоқтаған түпкі ойыңыз қандай?

Халел. Турасын айтсам, амнистияны пайдаланғаннан басқа жол қалмаған сияқты. Тек, Әлеке...

Әлихан. Күмілжімеңіз, дұрыс түсіндім.

Халел. Торғай жақтан жеткен сыбысқа қарағанда...

Әлихан. Маған сыбыс-өсектің керегі жоқ. Міржақыптың өз аузынан естігенше, басқа ештеңеге сенбеймін.

Халел. Бәлшебектер... бәрінді тең ұстап, бәрінді бірдей мол бақытқа белшелеріңнен батырамыз деп уәдені үсті-үстіне үйіп-төгіп жатыр.

Әлихан. Иә, біртіндеп елдің береке-бірлігін кетіріп, ақырында халықтың түбіне жетіп тынатын аярлық осы – бәрінді теңестіремін дейтін өзәзіл сөз.

Халел. Сендерді қанап келген байларды құртсақ, саналарынды апиындай улап келген дінді жойсақ... Бұл дүниеден есесін ала алмай жүрген қай сорлыға жақпайды дейсіз мұндай аярлық сөз.

Әлихан. Сұлтанмахмұтты еліне қайтарғанымды білесіз. Даланың таза ауасын жұтып, дәмді тамағын жеп, денсаулығын күтсін, бірақ қаламын қару етсін деп. Болашақ үшін.

Халел. Алла шипасын берсін.

Әлихан. Сізді де... Сонымен, сіз Алаштың идеялық бітіспес

жауы бәлшебектермен ымыраға келуге бел будыңыз ба шынымен?

Халел. Қарап отырып жан бере салу да оңай емес, Әлеке.

Әлихан. Солай де... Қазақ жерінің тұтастығы үшін күрестің. Милиция, әскер құруға, өндірісін қалыптастыруға күш салдың. Білім қабылетінді аямадың. Кім біледі, бұл шешімнің де дұрыс шығар. Еркіңіз білсін. Ұстамаймын.

Халел кетеді. Әлихан ойланып, оны көзімен ұзатып салады.

Сегізінші көрініс

Бұталы жыраға жасырынып, жол тосып Афонов отыр. Салы қосып нан жеп, құтысынан самогон ішеді.

Афонов. Что - то солнышко не светит,

Над головушкой туман.

То ли пуля в сердце метит,

То ли близок коммунар...

Тамағын жеп таяттап, сақтық жасап, қылышын ұстап отырған күйі қалғып кетеді. Осы кезде Қисық –Косой үстіне қарғып мініп, есін жиғызбай қолындағы қаруын тартып ала қояды.

Қисық-Косой. Тсс...

Афонов. Сс... сенбісің?.. Ққ... қайдан жүрсің?

Қисық-Косой. Мұны сенен әуелі мен сұрауым керек шығар (қылышын жаландатып қояды).

Афонов. Тт... Тоқтамысовты аңдып...

Қисық-Косой. Оу, ондай көт саған қашаннан бері бітіп жүр. Әлде?..

Афонов. Адамдарымды тасаға қойғам. Байқа, маған тап бергенінді көрсе, олар сені аямайды.

Қисық-Косой. Көрсен де ендігі арттарын қысып қалған болар.

Афонов. О, Тәңірім, сен екеуіміздің мүддеміздің айналып кеп тағы бір тоқайласқан жерін қарашы.

Қисық-Косой. Өзіңе дұрыс көрінсе, ойлай бер солай деп, шелтеңбай козак.

Афонов. Иә, мен казакпын! Ақ патшаға адал болуға ант бергенмін. Атаманмын!

Боже, царя храни!

Сильный, державный,
Царствуй на славу намь!

Қисық-Косой. Әй, сен патшаң барда казак едің. Ол құлады, пшик. Қазіргі патша – большевик. Ленин!

Афонов. Большевик деген қандай халық өзі? Тілі, діні бар ма? Мысалы, менің дінім православие.

Қисық-Косой. Большевик ол - большевик. Біз ұл-мұлт, дін-пін деп бас қатырып жатпаймыз. Бәрі тең болады.

Афонов. Орыс пен негр ше?

Қисық-Косой. Оны білмедім.

Афонов. Түріңе қарасам, қазаққа ұқсайсың. Тілін де білетін секілдісің.

Қисық-Косой. Қозы бағып жүргенде орыстар мені ұрлап әкеткен. Сосын суық суға батырып шоқындырған. Қисық деген атымды Косой деп өзгерткен... Қазынаның қарамағына алып оқытқан, тамақ та тегін, киім де тегін. Шпион боласың деп тәрбиелеп, қазақ арасына жұмсасақ, Қисық атыңмен жүресің деген.

Біреу келе жатқаны сезіледі.

Афонов (ақырын). Жап аузынды...

Екеуі жым бола қалып, дыбыс шыққан жақты барлайды.

Полковник Тоқтамысов дөңестеу тұсқа көтеріліп, артына бұрыла қарап тоқтайды.

Полковник Тоқтамысов. Ерлерім! Сендер Алаштың қас жауы балшабайлармен болған шайқастарда арыстанның айбатын, жолбарыстың қайратын көрсеттіңдер. Бірақ олар көптігін істеді... Топтанып жүрсек, көзге түсіп арандап қалуымыз мүмкін. Сондықтан бір мен үшін қапыда қан жұтқандарыңды қаламаймын. Осы жерден білдірмей тарап-тарап кетіңдер. Бұл менің соңғы бұйрығым.

Қаршыға шыға келеді.

Қаршыға. Ағатай, мен сізбен қалайыншы. Өлі де бір кәдеңізге жарармын. Ағатай...

Полковник Тоқтамысов. Ұланым, сен енді маған емес, болашақ ел кәдесіне керексің. Бұйрықты орында.

Полковник жаулары жасырынған тұсқа қарай аяңдайды. Жақындай бергенде, Афонов қылышын жалаңдатып, Қисық-

Косой наганын кезеп екеуі екі жағынан шыға келеді. Тоқтамысов қаруын алып үлгермейді, Қисық-Косой оны аяғынан атып жібереді. Ақсаңдап қалған Тоқтамысовтың беліндегі наганды Афоннов жұлып алады. Бұл көріністі Қаршыға алыстан аңдап, бұқантайлап қарап, байқап жүреді.

Афонов (наганның оқпанын ашып қарап). Фу, оғы жоқ.

Қисық-Косой. Черкасск түбінде атаман Анненковпен бірігіп біздің қызыл әскерді қырып салғанда, оғын аямай жұмсаған ғой қарша боратып.

Афонов. Бұл менің жеке өзімнің қас жауым. Олжа менікі. *(Қылышын сермеуге оқталады).*

Қисық-Косой. Тоқта! Бұған полковник деген атағына лайық құрмет көрсетуіміз керек. *(Қол бұлған белгі береді. Жасырынын жатқандардың бірі күрек әкеліп, Тоқтамысовтың қолына ұстама қояды).* Тәнім ит-құсқа жем болмасын десен, полковник мырза, өз көрінді өзің қаз.

Тоқтамысов *(Күрекке сүйеніп).* Мына аспанның сонша қатты түнеруін-ай... Жер бетін жайлап алған жауыздыққа қапаланып күйінгені ме екен, Жаратқанның...

Қисық-Косой. Талқаның бітіп тұрғанда, бос сөзді қайтесің. Қаз онан да көрінді тездетіп...

Полковник Тоқтамысов. Уа, Жаратқан ием, ештеңе етпейді. Бәрі дұрыс. Өз жерім, өз топырағым. *(Көрін қаза бастайды).*

Афонов. Бәрібір жазасы менен. Қылышым қан сұрағалы көп болған еді. Тек өз дінінде кәлимасын қайыруға мұрсат беремін де, содан кейін...

Қисық-Косой. Большевиктер ұлт-мұлт дегенді білмейді, құдайға сенбейді деген жоқпын ба жаңа мен саған..

Тоқтамысов. Безсең, сен шығарсың безген. Орыс діннен безбейді.

Афонов. Дұрыс айтады. *(Шоқынады)* О, господи, Исусе Христосе... Эх, дүниенің кендігіне не жеткен. Мына далаға қарашы. Ұшы-қиыры жоқ.

Қисық-Косой. Не қиялдап, не бөсіп кеттің, шелтеңбай козак?

Афонов. Мынадай ұлы дала бөлінбейді деймін. Байлық бөлінбейді деймін. Дала да, байлық та күштінікі. Бұл даланың иесі қашаннан біздер, орыс-казактармыз.

Қисық-Косой. Өй, мылжың... *(Тоқтамысовқа жақындап)*. Жарайсың, полковник мырза. Жақсы соғыстың. Көріңді де жақсы қаздың... Жарайсың.

Афонов. Мен, менікі... Жазасын өзім берем. Былай тұр, былай! *(Қылышын оңтайлаймын дегенше, Тоқтамысов күрекпен қағып, қылышын ұшырып жібереді де, күрекпен екінші сілтеп Афоновтың басын жарып, көрге құлатады)*.

Полковник Тоқтамысов. Қош келдің, казак тамыр.

Қисық-Косой тез көздеп Тоқтамысовты атып салады. Ол құлайды.

Қисық-Косой *(шалажансар боп ыңырсып жатқан Афоновтың үстінен төніп)*. Түбі осы жерде есеп айырасатынымызды сен де білдің, мен де білдім. Бірақ мен емес Тоқтамысов берді сазайынды. Дүние күштінікі деген едің әлгінде. Ол сенен күшті болды... Однако, я тебя добыю. *(Атады)*.

Эх, шарабан мой,
Американка,
Не будет денег,
Возьму продам-ка!
Омск заняли,
Иркутск отняли
И с шарабаном
Колчака забрали.

Осы кезде күн қатты күркіреп, найзағай жарқ-жұрқ ете қалады да, жаңбыр құйып кетеді. Қаршыға тасадан шыға келіп, жерде жатқан Афоновтың қылышымен Қисық-Косойды бастан шауып жібереді.

Қаршыға. А твою башку, шарабан, Қаршыға отняли болганский...

Қаша жөнеледі. Артынан түскен қуғыншылар дабылы естіледі.

Тоғызыншы көрініс

Әлиханның қасына Қаршығаны ертіп Мағжан келеді.

Әлихан. Ә, жаужүрек жас арыстаным! Келші. *(Құшақтап, маңдайынан иіскейді).* Полковник Тоқтамысов... қайран ер, онан да айрылдық па...

Қаршыға. Ақсуаттын Кіндікті деген жерінде... Жастығын ала кетті, атаман Афановтың басын жарып.

Мағжан. Ал біздің жаужүрек Қаршыға Қисық-Косойдың басын шауып, сілімтік неменің соңғы демін бітіре салыпты сол жерде.

Қаршыға. Қазы ағамның кегі үшін.

Әлихан. Қаршыға десе каршығасың-ау, бала батыр... Қатыгез заманың ғой сені бұлай тез есейтіп жіберген.

Қаршыға. Полковник Тоқтамысов бастаған әскер керемет қатты соғыстық. Сарканд жерінде бірде 98 жауынгер жау қоршауында қалдық. Артымыздан көмек келгенше, бес күндей кескілестік, Осы шайқасқа Абай атамиздың баласы Тұрағұл да қатысты. Біз қарсы жақтан үш жауынгерін өлтіріп, көптеген қару-жарақ олжалап, 11 адамын тұтқынға түсірдік.

Мағжан. Тұрағұл өзі аман ба?

Қаршыға. Аман, дін аман... А, айтпақшы бірде мынадай да қызық болды. Қызылдардың тас-талқанын шығарып, Черкасск деген жерді алғаннан кейін, қолбасшымыз Анненков жеңіс құрметіне деп палуан күрес ұйымдастырды. Аяғөздік бір сарбаз белдескенде бәрін жығып салды. Сонда Анненков «Сенде тоғыз аттың күші бар екен, мұнда бір оққа ұшып кетесің» деп, үйіне қайтарып жіберді әлгі палуан жігіті.

Әлихан. Құбылмалы мінезді, күрделі адам... Жазықсыз қазақ ауылдарына қырғидай тиіп, малын талап алған кезі де аз болған жоқ... Бәрін білдік, біліп жүрдік. Хакім Абайдың досы болған орыс жазушысы Достоевский айтқандай, басымыздағы екі сордың кішілеуін таңдауымызға тура келсе, қайтерсің... Иә, аласапыран бұлғақ заманның бұл да бір бұлтартпас анық шындығы.

Сырттан дауыс естіледі.

Нұрбике (даусы). Әй, қарағым, мен Алаштың құрбанына бала берген адаммын. Жолымнан былай тұр, былай!

Кеңсе күзетші (*даусы*). Бәрібір, шешей, тәртіп бұзбаңыз.

Нұрбике (*даусы*). Әй, сол балам кан майданнан аман кеп, осында отырса, тәртіп-мәртiбiңдi қайтейiн мен сенiң. (*Жұлқынып берi шығады*).

Қаршыға. Анашым, апатайым!!!

Шеше мен бала құшақтасып көріседі.

Нұрбике. Құлыным-ай, Алаш мұраты жолында шейiт боп кетсең, қайғырмаспын деушi едiм... Тiлек батамды қабыл алып, Алла сенi маған тiрi көрудi жазған екен. Мың шүкiр, жаратқанға. Мың шүкiр...

Әлихан. Келiнжан, құтты болсын қуанышыңыз.

Мағжан. Ұзағынан сүйiндiрсiн, жеңеше.

Нұрбике. Жауынды жастанып өлмей, неге тiрi келдiң деп ұрсып жатқан жоқсыздар ма, әйтеуiр?

Әлихан. Жоқ, келiнжан, балаңыз нағыз жаужүрек қаһарман екен.

Мағжан. Артымыздан осындай болат топшы жас қыран өсiп келе жатқанда Алаш мұраты ешқашан құламақ емес, жеңеше.

Нұрбике. Қайдан бiлейiн, ел iшi гу-гу... Әненкоп қытайға қашқан дей ме. Бәлшебектер бiржола жеңген дей ме...

Әлихан. Иә, қазiр ел ынғайы қалай өзi, iштен келдiңiз?

Нұрбике. Ел дегенде, кашан да кiм күштi, халық сорлы соның ығына қарай жығыла салады ғой. Оның үстiне бiресе қызылға, бiресе ақтарға таланып әбден ығыры шыққан жұрт. Әйтеуiр, мына қырғын тезiрек басылып, елде тыныштық болса екен дейдi. Со-сын бұрынғы оқығандардың, байлар мен бектердiң дәуренi өттi, жарлы-жақыбай, кедей-кепшiктiң күнi туды дегесiн бе, ауылда желiк күшейiп тұр. Әуелi қатындар алға түсiп, елден бұрын солар құтыра бастады.

Мағжан. Құтырғанда не дейдi сонда олар?

Нұрбике. Тоқалдық жойылатын болыпты, кiмдi ұнатсаң, сонымен болатын заң шығады екен десiп, топтанып, ауыл арасын шаңдатып, өлеңдетiп жүр, антұрғандар.

Мағжан. Өлеңдетiп?.. Қызық екен.

Нұрбике. «Ендi шалға тимеймiн, сақалына симеймiн, тайра-райра-тайра- ра» деп... Жарайды, мен кетейiн баламды ертiп.

Қаршыға. Жок, апа, мен осында қаламын.

Әлихан. Майдан әлі біткен жоқ. Бірақ ендігі майдан мылтықсыз майдан болмақ. Оған басқаша дайындық, айла-тәсіл керек, жас арыстаным.

Қаршыға. Мылтықсыз майданға дайын болуым үшін не істеуім керек, аға?

Әлихан. Ол үшін оқуың керек. Білім – алмас қылыш. «Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз» деп, Абай өсиет еткен жолмен жүруің керек.

Қаршыға. Гимназияда үзіліп қалған оқуымды әрі қарай жалғастырсам болмай ма?

Нұрбике. Жок, балам, енді сенің бұл жерде қалуың қауіпті. Елге кетейік, тау-тас, қалың жықпылдың арасынан сені ешкім індетіп іздей қоймас.

Әлихан. Келінжан, саясат деген бетпе-бет тұрып соғысқаннан да жаман нағыз жексұрын бәлекет. Саясаттың құрығынан жердің жарығына тығылсаң да құтылу жоқ. Сондықтан бұл батыр баланы Ресейдің елеусіз ішкі қалаларының біріне оқуға жібермекпіз. Ақылдасып, солай шештік.

Мағжан. Алаштың келешегі үшін, жеңеше.

Нұрбике. Апырмай, апырмай, өз еркіммен Құдай алдында құрбандыққа байлап берген балам бір ажалдан аман келді деп қуанып жүрсем, бұларың не тағы, ардақты жайсандарым-ау?

Қаршыға. Апа-ау, мен мұратты жолын адаспай тура тапқан алғыр балаң емеспін бе?!

Нұрбике. Алла-ай, енді не істедім? Не істедім мен енді, а?

Әлихан. Қиналмаңыз, келінжан, онан да балаңыздың азамат болар алдағы үлкен келешегін ойлаңыз... Қаршығаның оқуға аттанып кетуіне не керектің бәріне Мағжан ағасы көмектеседі.

Нұрбике. Апырмай, енді қайттім, ауыл үйдің босағасына емес, ел тізгінін ұстау үшін түзге жаратылған балам болды ғой, бұл тентек.

Нұрбике, Қаршыға кетеді.

Оныншы көрініс

Әлихан мен Мағжанның үстіне Міржақып келеді.

Міржақып. Әлеке...

Әлихан. Қолыңыз таза ма?

Міржақып. Әлеке?!

Әлихан. Жер кең. Қатынас қиын. Бас біріктіру одан да қиын. Амангелді... Текті батыр... Қалай болды өзі?

Міржақып. Ахмет екеуміз бірге жүріп Ақтөбе, кейіннен Қостанай уездеріне барып жасақ құрамына жігіттер қабылдадық, қаржы жинадық. Біз Қостанай уезінде жүргенімізде «Алашорда» үкіметін жою туралы жарлық түсті. Әрине, біз бұл бұйрықпен келіспедік.

Әлихан. «Алашорда» үкіметі төрт күрсаудың - большевиктердің, Колчактың, Самара үкіметі казактарының, чехословак корпусының қоршауында қалды ғой, әттен... Иә, айта беріңіз.

Міржақып. Бірде қолымызға Амангелді бізді тұтқындағалы жүр деген мәлімет түсті. Соған байланысты Амангелдіні және оның үйінде жасырынып жатқан Таранды тұтқындадық та, өзіміз жасақтың бір бөлігін ертіп Торғайға беттеп келе жатқан отрядтың қарсы алдынан шықтық. Бұл – Таранның партизандары екен. Бет-бет келдік...

Әлихан. Сосын?

Міржақып. Сосын, біз партизандарды қарусыздандырып, өз еркімен қоя бердік. Келесі күні Торғай қаласына кештетіп жеткен соң білдік, бізден бөлініп қалған жастар аласапыран кезінде Амангелді мен Таранды мерт етіпті.

Әлихан. Торғайдағы «Алашорда» жасағына ең басты қауіп төндірген ақтар да, қызылдар да емес, беу, жалған дүние-ай, өз ішімізден шыққан бәлшебектер - Жангелдин мен Амангелдінің әскері болды ғой...

Міржақып. Ашығын айтсақ, ағайынды қос рудың бірі қызылдар әскерін, екіншісі алашорда әскерін жасақтады. Бір ауылға бәлшебектер түстеніп кетсе, біз, алашордашылар, қоналқаға барып, орналасып жүрдік.

Әлихан. Жалғыз Торғай өңірі ме? Ойыл мен Жымпитыдағы, Қызылқоға мен Үстірттегі, Созак пен Сарысудағы қазақ

бәлшебектері мен алашордашылардың арақатынасы, әттең-ай, сол рушылдыққа негізделіп құрылды емес пе...

Міржақып. Иә, бірде шоқынып, бірде мұсылманданып жүрсе де Степнов – Жангелдиннің өзі де рулық түйсігінен шығып кете алған жоқ.

Әлихан. Біздер, алаштықтар енді, сірә, тарих қойнауына кететін шығармыз... Кейінгілер, уақыт өте келе, бәлкім, біз туралы да айтар, жазар.

Мағжан. Тарих деген кәрі сайқал, қашаннан күштінің ығына қарай жығыла салады қылымсып.

Міржақып. Иә, тарих деген киелі ұғым әлі талай-талай саудаға түсер. Қолдан қолға көшер. Кім ұстаса, сол өзіне қолайлы көрінген сөзді шындық осы деп шимайлай салар, ежелден бар қитұрқы ғой.

Әлихан. Сол кезде біздің басымыздан өткен небір ауыр да азапты хикмет рушылдық тұрғыдан талданып, елін сатқан азғынды батыр, ал, керісінше, ел-жұртын қорғаған хас батырды сатқын демесе болар еді кейінгілер. Рушылдық араласқан жерден шындық қашатынын білсе ғой, кейінгілер...

Міржақып. Анненковты Қытай большевиктердің қолына бермекші көрінеді. Маршал Фэн Юйсян деген...

Әлихан. Солай, қарулы күрес аяқталды. Тәмам.

Мағжан. Екі түйе сүйкенсе... Ресей мен Қытай түбінде бір-бірімен қайтсе де сүйкеніспей тұрмас.

Әлихан. Бірақ біз екі түйе ортасында қалатын шыбын бола қоймаспыз... Өйткені біз жарты әлемді уысында ұстаған атақты Алтын Орданың мұрагеріміз! Алаштың рухани көсемі Аханның, Ахмет Байтұрсынұлының мына бір сөздері естеріңде шығар. Қалай еді? Иә.

Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ,
Теңізде жүрмін қалқып, кешпесі жоқ.
Жел соқса, құйын қуса жылжи беру –

Болғандай табан тіреу еш нәрсе жоқ... Бұл - бәріміздің басымыздағы ортақтағдыр, ортақахуал болатын. Соған қарамастан, аспанда Алла өзі көріп тұр, жерде халық куә, қазақты жұрт қылып автономия алу үшін қолдан келгеннің бәрін жасадық. Әуелі Сібірге сүйеніп, тасымалдап, жалғасып көшіп кетелік, жіп жалғап, зор мем-

лекет күрмеуінен құтылып-ап, Отау болып соңынан бөлінелік деп шештік. Колчак пен анненковтардың қазақ үшін емес, империяның тұтастығын сақтап қалу үшін жанталасқанын біз, әрине, жақсы білдік. Сонда да барымызды салдық, барынша қармандық.

Мағжан. Ахаң не дейді?

Әлихан. Ахаң да бәлшебектер билігін мойындаған боп, бірлесіп жұмыс істегенді жөн санайды.

Міржақып. Сосын екен ғой Халелдің арамыздан ертерек жылыстап кеткені.

Әлихан. Әйел бала-шағасын ойлап, қорыққан білем. Туған жері Шаған болысы жағында қашып жүр деп естідім.

Міржақып. Ендігі қасарысу мен қарсыласуда мән жоқ деп шешкен болар.

Әлихан. Жалғыз жүрген өз басын қорғаса, бәледен құтылады деген сөз бар. Құтыла алса, құтылсын... Ал көп мақсаты иін тіресіп, тізе қосып бір жүрсе ғана табылады. Біз Алаш - көппіз. Сондықтан бұдан былай мұрат жолындағы жауларымызбен басқаша қасарысып, басқаша қарсыласатын боламыз. Болашақ үшін.

Мағжан. Мен дұрыс түсінсем...

Әлихан. Дұрыс түсіндің. Әрине, бәлшебектер бізді біразға дейін алдап, алдарқатып ұстаулары мүмкін. Мылтықтарын шошандатқан қара тобырды былай қойғанда, көсемдері де шетінен сауатсыз. Сондықтан олар біздің біліміміз бен білігімізді пайдаланып қалуға тырысады.

Мағжан. Ұрандатып, шулатып жазатындардың көз түрткісі болып жүрмесек...

Міржақып. Олар бірдеңені түсініп, білгенше халық санасын ағартатын, Алаш жүрегінде мөр боп қалатын жайларды ақырын-ақырын қозғай береміз ғой.

Әлихан. Солай, достар, Алаш үшін ең ұлы қорғаныс ұясы, ең ұлы көмек көзі – ұлтымыздың кеудесі. Ұлтымыздың кеудесі аласармас үшін, оны ешкімге бастыртпау үшін рух майданына кіреміз.

Мағжан. Қараңғы болса қанша түн,
Жұлдыз сонша жарқырар.
Бұлт басса да Алтын күн,

Бір шығар, жерді жарық қылар.

Әлихан. Қазақ жұртына өз бетінше дербес ел болудың дәнін ектік. Енді сол дәннің, бәлшебектер үстінен қанша жаншып тапта-са да, жер тоңын жарып шығып көктей беруіне, қайсымыз қай жер-де жүрсек те, елге керек сөзді сорғалатып өз қанымызбен жазсақ та, осы алған бетімізден қайтпауға бекінеміз.

Міржақып. Қазақ оянды. Ояттық. Аз уақыт тұрса да Алаш Үкіметін орнаттық.

Мағжан. Не көрсем де Алаш үшін көргенім,
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім...

Әлихан. Иә, бәріміз бұл сұм дүниеге қонақ. Ақтық деміміз біт-кенше Қазақтың Мәңгі еркін ел болуы үшін рух майданын бастай-мыз. Серт осы болсын, мұраттастарым.

Бәрі. Серт! Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш!

«Алаш маршы» асқақтап барып бітеді.

Соңы.

1935 – 2014 ж.ж.

Мұқтызар Тұтақов – 1935 ж. Семей.

Өтен Ахмет – 2014 ж. Астана

ӨТЕН АХМЕТ

АЛЕКСАНДРА – БӘДРИСАФА

(Екі бөлімді драмалық элегия)

Қатысушылар:

Александра – Бәдрисафа – жас кезі

Бәдрисафа – қартайған кезі

Ахмет

Қапиза

Перизат – Қапизаның қызы, 13 - терде

Перизат – қартайған кезі

Атсыз

Садық

Еркек

Әйел

Бейтаныс

Нұрсая – Перизаттың немересі, 13 - терде

1, 2- полиция

Дауыстар

Бірінші бөлім

Түн. Үйдің алакөлеңкелеу бұрышында жасы он үштердегі Перизат түс көргендей мазасыздана ұйықтап жатыр. Қызының шашынан сипап қасында шешесі Қапиза отыр. Үйге Бәдрисафаны ертіп бейтаныс біреу кіріп келеді. Қапиза орнынан ұмтыла тұрып, оларды табалдырық аузында қарсы алады.

Бейтаныс. Қорықпаңыз, Қапиза, сіз жақсы адамсыз. Сондықтан да мына кісіні өзіңізге әдейі әкеп тұрмын. Қолыңыздан келгенше дұрыстап күтіңіз. Елге сыйлы бір ағамыздың әйелі. Абай болыңыз, жансыздар біліп қоймасын, біліп қойса не атады, не айдап әкетеді. Аямайды. Көзіңізден таса қылмай ұстаңыз. Аты – Александра.

Қапиза. О-орыс па?

Бейтаныс. Ал жақсы, сіз мені көрген жоқсыз (Кетеді).

Қапиза. Сізді Александра деді ме...

Бәдрисафа. Болғанмын.

Қапиза. Қазақшаңыз тәуір екен.

Бәдрисафа. Қазақ азаматының зайыбы болған соң, әрине, қазақып... Бәдрисафа -менің шын атым.

Қапиза. Кешіріңіз, көңіліңізге тиіп кетсем... Дегенмен, біртүрлі жұмбақтау жан екенсіз өзіңіз, артыңыздан түскен қуғыншы барына карағанда...

Александр. Сондай боп көрінем бе?.. Қиын болды ғой...

Қапиза. Жоқ, жарайды, сізді жасырына тұратын онаша жерге апарайын(Қабырғадан үлкен ескі тонды алып). Тас үңгір іші суықтан азынап тұрған шығар. Сіз де мына қалың көрпеше мен жүн жастықты ала жүріңіз (Олар шығып кетеді).

Ұйқылы-ояу жатқан жасөспірім қыздың көз алдында елестер пайда болады. Аппақ ақ көйлек киіп, басына ақ орамал салған жүзі ақ қағаздай періште тақылеттес сұлу өңді әйел. Қара киімді, басындағы телпегінің маңдайында қып-қызыл бесжұлдыз жарқыраған біреу оны өкшелеп аңдып жүргендей. Періште әйел одан қорқады, қорғанады, қашады, жасырынады. Жанын қоярға жер таппай қиналған әйел ақырында есіктен бе, терезеден бе, бір мезгіл зып беріп гайыпқа ұшып кеткендей болады, оның ізін аңдыған қара киімді артынан қалмай ол да бірге кетеді. Жасөспірім қыз бастырылығып, шошып оянады.

Перизат. Апа, апа...

Қапиза (*сырттан асыға кіріп*). Не болды? Бірденеден шошыдың ба? Не боп қалды?

Перизат. Ақ апа ұшып кетті... Ұшып кетті, ақ апа...

Қапиза. Не айтып отырсың, қарғам-ау. Қайдағы ақ апа... Ұшып кеткені несі... Денең қызуы әлі қайтпаған ба?

Перизат. Қызуым жоқ, жазылдым, апа.

Қапиза. Жазылсаң, сандырағың не, қайдағыны айтып.

Перизат. Ақ апаны... Ол осында болды ғой, мен көрдім ғой оны.

Қапиза. Әй, адам емес шығар көргенің. Адам деген құс емес қой ұшатын.

Перизат. Көрдім. Қара киімдіні де көрдім. Телпегінің маңдайында қып-қызыл бес жұлдыз. Ол ақ апаны қуды. Ақ апа кашты. Сосын олар жоқ боп кетті. Ақ апаны аядым (Кемсеңдейді).

Қапиза. Не деп кетті мына қыз өзі... Онан да мә, жаңа піскен ыстық сүт, ішіп жібер, жазыласың.

Перизат. Жазылдым дедім ғой.

Қапиза. Ішіп ал деймін қырсықпай.

Перизат (*сүттен ұрттан*). Апа, неге сендер ылғи дабірденені жасырып, бірденеден қорқып, үрейленесіңдер де жүресіңдер? Сендер қорыққасын, балалар, біз де қорқамыз.

Қапиза. Соғыс деген бір сұмдық бәле жүріп жатыр емес пе, бүкіл жер дүниенің астан-кестенін шығарып.

Перизат. Соғыс ол ана жақта -алыста ғой. Мен картадан көрдім. Немістер бізге жете алмайды.

Қапиза. Айырплан деген шайтанымен ұшып келсе ше?!

Перизат. Ақ апа немістен қашқан жоқ, маңдайында бадырайған қып-қызыл бесжұлдызы бар қара киімді кісіден қашты. Иә, сүйтті. Мен анық көрдім.

Қапиза. Әй, мынау... Ақ апа, қара киімді деп, не айтып отыр өзі қояр да қоймай...

Перизат. Жансыздар біліп қойса, көзін құртады, не атады, не айдап әкетеді деген сөзді де анық естідім. Ақ апа туралы ғой, солай ғой?

Қапиза. Әй, сені ме... Болды деймін, тағыбіраз тыныш жатып демал, шыбжындай бермей. Шыбжындай берсең, айтпады деме, менен таяқ жейсің. Ұқтың ба?!

Перизат. Ұқтым, апа...(Қапиза кетеді).

Перизат та дереу тұрып, білдірмей шешесінің артынан еріп отырады. Қапиза қолында түйіншек, жан-жағына сақтана қарап қойып, өзенге төнген жар жиегінде қармақ сап жатқан Бәдрисафаға келеді.

Қапиза. Тым ерте тұрып кеткенбісіз. Жатқан жеріңіз жайсыз болды ма?

Бәдрисафа. Жоқ-ә, «Қара тас мамық болар ұйқың келсе» демеі ме... Жарықтық қара тонның арқасында суықты да, сызды да түк сезгем жоқ... Бірақ, шынымды айтсам, ұйқым онша емес. Әбден шаршап талықсып кеткендеғанабірауық көзім ілінгендей болады, сол демеу...

Қапиза. Е, мына жер-дүниенің апшысын қуырып тұрған қатыгез заманға қылар амалымыз барма, жоқ қой... (Қолындағы түйіншекті ұсынып). Қарныңыз ашып қалған шығар.

Бәдрисафа. Несіне сонша әуре болдың... Өздерің...

Қапиза. Сиырын сауып, малының боғын күреп, күні-түн қалқоз жұмысында жүрмін ғой қаратабан боп. Бізді аштан өлтірмес.

Бәдрисафа. Мен өзенге қармақ сап, балық ұстап жесем деп...

Қапиза. Судағы балық, бәлкім ұстатар, бәлкім ұстатпас...
Ұстатқан күннің өзінде нансыз құр өзі тамақ бола ма...

Бәдрисафа. Онсыз да ішіп-жемнен тарылып отырғандарыңда мойындарыңа қосымша салмақ болдым-ау...

Қапиза. Қолда барды бөлісеміз ғой, ештеңе етпес. Менің қорқатыным, осында жасырынғаныңыздыбәле аңдыған біреу-міреу біліп қойса...

Бәдрисафа. Алла бұл көргенімді аздық етсе, басыма тағы не салса да, көріп алармын.«Жазмыштан озмыш жоқ» деген...

Қапиза. Ұйықтап жатқан сияқты еді, қызымды айтам, бірдеңе сезіп қойды ма, ақ апа, ақ апа, ақ апа ұшып кетті деп сандырақтап...
Сол бүлдіріп жүрмесе деп те қорқамын.

Бәдрисафа. Ақ апа дей ме? Мені айта ма?..

Қапиза. Әсілі, оған аузыңа ие бол деп ескертіп қойғаным дұрыс шығар. Қалай ойлайсыз?

Бәдрисафа. Ақ апа дей ме?

Қапиза. Иә. Қайдан шығарғанын.

Бәдрисафа. Қорықпа сен одан. Қызыңның жүрегі жылы, жақсы бала екен. Аты кім?

Қапиза. Перизат.

Бәдрисафа. Қандайғана сүйкімді есім... Бақытты болғай, бақытты болғай...

Қапиза. Жарайды онда, ұрықсат етсеңіз, мен кетейін. Сіз тек жар басы биік жерге шыға көрмеңізші, өтінемін. Мал қайырған біреу-міреу байқап қалса, бұ кім деп сезіктеніп жүрер. Қазір ауызда сөз тұрмайтын заман ғой(Кетеді).

Бәдрисафа қармағын дайындап, суға тастайды. Ақырын ыңылдап «Екі жирен» әнін сызылтады. Тасадан қарап тұрған Перизат ән әуенін сүйсіне тыңдап қалады да, кенет байқамай түшкіріп жібереді.

Бәдрисафа. Мынау... андушым емес пе... Жоқ, түшкірген бала даусы... Әй, мен сені білемін. Жасырынбай, бері шық, бері... Сен Перизатсың?!

Перизат (*тасадан шығып*). Ақ апа, сәлеметсіз бе? Қалай біліп қойдыңыз, мені бұрын көрген жоқсыз.

Бәдрисафа. Сен де... бұрын көрмесең де маған «ақ апа» деп ат қойып алыпсың. Солай ма?

Перизат. Сіз көзіме елестедіңіз... Ұшып жүрдіңіз...

Бәдрисафа. Ұшып... Паһ, шіркін, ұшып жүре алсам ғой қанатты құстайеркін самғап... Оқисың ба?

Перизат. Иә. Анда-санда мұғалім апайдың жұмыстан қолы босағанда оқимыз...

Бәдрисафа. Оқысаң, Павлик Морозов дегенді білетін шығарсың?

Перизат. Бізде кітап жоқ. Дәптер де жоқ. Кәзитті жапырақтап қиып, соған жазамыз. Бірақ, иә, есіме түсті, Павлик Морозов деген баланың суреті басылған кітап бар бізде. Бар ондай кітап.

Бәдрисафа. Сен сол Павлик Морозовты жақсы көресің бе? «Менің әкем бай-қулак» деп өз әкесін милицияға ұстап берген бала ғой.

Перизат. Шынымды айтсам, мен ол балаға онша түсінбедім. Неге өз әкесін ұстап береді? Әкесі атылып, өзі жетім қалу үшін бе?

Бәдрисафа. Дұрыс айтасың, ақылды бала өз әкесін өзі милицияға ұстап бермейді... Жақсы, жауабың маған ұнады. Мен туралы ешкімге тіс жармайтын шығарсың деп сенемін. Солай ғой?

Перизат. Ақ апа, мен сізді аяп, бірден жақсы көріп кеттім.

Бәдрисафа. Мені аяп... Не үшін?

Перизат. Жаңа айттым ғой, телпегінің маңдайында қып-қызыл бесжұлдызы барқара киімді біреу артыңыздан қуып, қалмай қойды деп. Сіз қашып, ақырында құс боп ұшып кеттіңіз деп.

Бәдрисафа. А-а, Атсыз ғой ол. Атсыз деген арсыз жексұрын.

Перизат. Атсыз... Астында мінетін аты жоқ адам ба?

Бәдрисафа (күліп). Аты да жоқ, заты да жоқ. Бірақ соған қарамастан, оның жүрмейтін де жері жоқ. Қораның ішінде, шөптің арасында, тау-тастың қуысында, тіпті мектептегі оқушылардың арасында да, әлгі өзің білетін Павлик Морозов сияқты бәле іздеп, тіміскіленіп жүре береді.

Перизат. А-а, енді түсіндім. Біздің ауылда да сондай біреу бар. Аяғы ақсақ, бір көзі жоқ соқыр. Барымта дей ме, баяғыда бір ауылдан жылқы ұрламақ болғанда таяқ жеп, содан кемтар боп қалған

дейді. Бірақ сонда да жұрт одан қатты қорқады. Апамдар оны жек көреді, затсыз неме дейді кейіп.

Бәдрисафа. Ел оны затсыз десе, атсыз дегені. Адам емес, аты жоқ, әйтеуір, жүргенбір қуыс кеуде... О, пісіллә, қармағым қапты. Шортан. Әлгінде алабұға ұстағам. «Өзен жағалағанның өзегі талмайды» деген осы, Перизат. Енді жақсылап бір сорпа қайнатып жіберсек... Анау бақыраш астына от тұтата ғой. Мен оған дейін балық тазалай берейін.

Перизат (пешке от тұтатып жатып). Ақ апа, жаңа сіз ыңылдап бір әдемі ән сап отырдыңыз. Біздің ауылда қазір ешкім өлең айтпайды. Бәрі томсырайып, ренжіп жүреді ылғи.

Бәдрисафа. Ей, періштем-ай, қырда емін-еркін жайлап, мал бағып, әуелетіп ән шырқап жүрген момын халықты зар жылатып қойған тар заман болды ғой бұл заман...

Перизат. Ал, сіздің жас кезіңізде өмір көңілді болды ма, ақ апа?

Бәдрисафа. Қайдағы, адамзаттың басына бақ орнатамыз деп жүріп, әлгілер...

Перизат. Атсыздар ма?

Бәдрисафа. Иә, солар. Өмір гүлін жұлып, кіл тікенін қалдырды. Қайда барсақ та табанымызға шөнге қадалып, денемізді сояуға тырнатып жүріп, ақырында осындай халге ұшырадық...

Перизат. Ал бізге «Октябрь таңы атып, қазақтың күні туды» деп үйретеді... Соғыс та бітетін шығар бір күні, біте ме, ақ апа?

Бәдрисафа. Әрине, Перизат, дүниеде бітпейтін нәрсе жоқ. Тікен орнына гүл шығады әлі-ақ. Жақсы адамдар өздері өлсе де артына ізгілік ұрығын сеуіп кеткен. Сол ұрық күндердің бір күнінде, бәлкім, сен оны көрерсің, өскін беріп гүлдейді. Сондай ұлы диқаншының бірі - жаңағы мен ыңылдап айтқан әнді шығарған адам еді.

Перизат. Мектепте бізге жақсы адамдар туралы жиі айтады. Олардың аты-жөндерін жаттап алындар дейді.

Бәдрисафа. Мысалы?

Перизат. Мысалы, Ленин, Сталин, Дзержинский, Ворошилов, Буденный, Киров, Орджоникидзе...

Бәдрисафа. Көбін-ай өздерінің... Ал өлең ше, өлең жаттайсындар ма?

Перизат. Иә, жаттаймыз.

Бәдрисафа. Айта ғой біреуін. Жақсысын.

Перизат. Анау тұрған тау,
Тау басында бау.
Алып бер маған қылышты
Келіп қалды жау.
Жауға қарсы барайын,
Басын кесіп алайын,
Қоржыныма салайын,
Сталинге барайын,
Ленин орден тағайын...

Бәдрисафа. Ой, шіркін-ай деген... Бірақ сендерде, балаларда не жазық... Ал жаңағы мен айтқан адамның арманы мүлде басқаша еді, Перизат. Өзіндей жас өрендер алғыр, білімді, кемелді боп өссін деп, ол артына көп жақсы кітап жазып қалдырды...

Адамдық диканшысы қырға шықтым,
Көлі жоқ, көгалы жоқ – қорға шықтым,
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көмейін көгертуге құл халықтың...

Перизат. Ол кісінібіз, жастар, неге білмейміз, ақ апа? Кітаптарын неге оқымаймыз?

Бәдрисафа. Себебі, оның өзі де, сөзі де жерге көмілген...

Перизат. Көмілген? Неге?

Бәдрисафа. Неге екенін өскен соң түсінесің... Бір анығы, олар көмілген күйіндетұншығып ұзақ жатпайды. Өйткені ол – Күн! Аспанды қанша жерден қаптаса да қара бұлт арасын бұзып, жарқ етіп бәрібір күн шығады емес пе?! Ол да сүйтеді. Сәт сағаты туғанда жерді жарып жарқ етіп шығады да, әлемге нұр сәулесін шашады қайтсе де.

Перизат. Сіз о кісіні көрдіңіз бе, ақ апа? Таныс болдыңыз ба онымен, ақ апа?

Бәдрисафа. Кішкентай ғана періштем-ай, егер сен болмасаң, бұл құсалы мұнымдымен бәрібір мына айнала керіліп жатқан мопмақан кер далаға, анау мүлгіп тұрған қожыр тасты шоқыларға, булығып аққан мына үнсіз өзенге айтпас па едім... Әрине, айтар едім... Күбірлер едім, сыбырлар едім. Әйтеуір, қалай да үнсіз қалмас едім... Түсінемісің мені, ақылдым?

Перизат. Түсіндім, ақ апа, түсіндім...

Қарқаралы. Терезеден сыртқа қараған Ахмет ыңылдап «Аққұм» әнінің ырғағына сап тұрады да, кенет шырқап жібереді:

Аққұмның бір қызы бар Іңкәр атты,
Сөзі бар алуа– шекер, балдан тәтті.
Адамның өзім көрген абзалы екен,
Айтайын өлең қылып перизатты...

Осы кезде күтуші қызметшісі Александра подноспен шай алып кіреді де, бір жағы ыңғайсызданып, бір жағы сүйсіне сасқалақтап, подносты үстелге қоямын дегенде кесе-аяқты сылдыратып алады. Ахмет өлеңін доғарып, дауысқа жалт қарайды.

Александра. Кешіріңіз, төрем, есік қағуға қолым бос болмай...
Кешіріңіз.

Ахмет. Ештеңе етпейді. Ән айтқан әбестік емес. Тек менде дауыс жоқ қой әнге лайық.

Александра. Ал маған ұнады даусыңыз.

Ахмет. Шын айтасыз ба, рақмет. Қазақ әніне тап бұлай ықыласты екеніңізді бұрынырақ білгенімде ғой.

Александра. Иә, төрем, ықыластымын.

Ахмет. Соны айтамын, сізге оңашада әндерімді тындатар ма едім, қайтер едім дегенім ғой.

Александра. Әлі де кеш емес, төрем, тыңдатсаңыз.

Ахмет. А, иә, айтпақшы, сіз өзіңіз... ас іштіңіз бе?..

Александра. Ішем ғой, төрем, сосын.

Ахмет. Жоқ, қазір екеуіміз бірге отырып ішейік. Мақтадыңыз ғой.

Александра. Мақтағанымның ақысы үшін бе?

Ахмет. «Жалғыздан екеу жақсы» деген бар...

Александра. Сіз жалғыз емессіз, төрем.

Ахмет. Иә, жалғызбын, сүр бойдақпын.

Александра. Сіздің дархан жүрегіңізге қазақ деген халық тұтасымен түгел сыйып жүр емес пе?! Сіз жалғыз емессіз, төрем.

Ахмет. Бәлі, сіз...

Александра. Сондықтан, төрем, мұны мен қайғысы ортақ сол көптің ішінде мені де бар деп есептеңізші?

Ахмет. Сізді...

Александра. Маған орыс деп қарайсыз-ау деймін, төрем. Орыстар туралы «Иваны не помнящие родства» дейтін бір ащылау сөз

бар ғой. Соның астарында ұлттық болмыс, халықтық діл жатқан сияқты ма, қалай...

Ахмет. Қызық екен.

Александра. Мысалы, мен Орал тауының жоғарғы жағында туыпшын.

Ахмет. Иә, айта беріңіз.

Александра. Орыс патшалығы бодан халықтың талайын өз діндеріне шоқындырғаны белгілі. Оларға жаңа ат беріп, бұрынғы ата-тектерін өзгерткен. Солай емес пе?

Ахмет. Солайы солай-ау. Өйткені, орысты тырнап қалсаң, аржағынан татар шыға келеді деп бекер айтылмаса керек-ті.

Александра. Менің шыққан тегімнің де сондай күш-зорлыққа ұшырауы мүмкін ғой.

Ахмет. Мүмкін. Әбден мүмкін. Мұндай оқиға, әдетте, отбасылық аңыз әңгімелерде сақталып қалуға тиіс.

Александра. Анығын әке-шешем тірі болса, сұрап алар едім, әттең...

Ахмет. Түсіндім. Қамықпаңыз. Арғы тегім татар, не башқұрт, не қазақ шығар демексіз-ау. Ендеше...

Александра. Иә, басыма тап сондай бақытты күн туып жатса, қазақ болудан қашпас едім дегенім ғой...

Ахмет. Им... Бұдан былай түскі асымызды, екеуміз осылай, бірге ішіп жүрсек, қалай қарайсыз?

Александра. Дұ-ұрысс қараймын... Мен онда бар өнерімді саламын, аянбаймын, төрем.

Ахмет. Мен үшін бе? Әлде, өзіңіз үшін бе?

Александра. Қуанып кеттім, төрем. Қуанғаннан айтқаным ғой.

Ахмет. Беу, дүние-ай десейші, бұл жалғанда әйел мен бала қуанышынане жеткен... Олардың бақытынан артық қазына жоқ қой. Жоқ!

Александра. Сіз... сіз Іңкәр дегенқызға ғашық болдыңыз ба, ән шығарыпсыз.

Ахмет. Ғашық болдым... Жан азабын тарттым... Күйзелдім... Жүрегімнен осы өлең шыққасын барып қана жеңілдедім. Ол ауылдың қарапайым ғана жаны нәзік, бейкүнә қызы еді. Мен болсам:

Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ,
Теңізде жүрмін қалқып, кешпесі жоқ.
Жел соқса, құйын қуса жылжи беру-
Болғандай табан тіреу еш нәрсе жоқ... –
деп, білек сыбанып, жанымды шүберекке түйіп, күрес жолын-
да жүрген адаммын...

(Ақсаңдай басып, басын жиі шұлғып, көзіне қара шүберек таңып алған Атсыз кіріп келеді.)

Атсыз. Пай-пой, жұбы жазылмайтын қос көгершіндей уілдесе қалыпсындар ғой тегі... Ау, жабайы қазақтарға орысша үйретудің орнына, алдыменөзің қазақша үйреніп, құны жоқ арзан сөзді жақұттай көріп, аузыңды ашып, көзіңді жұмып бұл отырысыңа жөн болсын сенің, бикешім.

Ахмет. Қызметшімді өз жайына қалдыр да, келген шаруанды айт. Жай жүрмеген боларсың (Александра ыдыс-аяқты ала шығып кетеді).

Атсыз. Әрине, әрине, жай жүргем жоқ.

Ахмет. Ендеше, тым алыстан орағытпай, бірден төтесінен тарт, бауырым. Өтірік мәймөңкеңнің керегі жоқ.

Атсыз. Қалағаның сөздің турасы болса, мақұл... Солай етейін. Иә, бұл ел сенің істеп жүрген ісіңе наразы. Қатты наразы.

Ахмет. Бұл ел деймісің?

Атсыз. Бабамыз Қазыбектің қандай адам болғанын білесің. Оның Бекболаттай айбынды ұрпағы кезінде Абылайханның өзіне де дес бермеген әрі батыр, әрі би болғанын білесің... Бізге сырттан келген келімсек көсем бола алмайды деп отыр бұл ел.

Ахмет. Мені айта ма келімсек деп?

Атсыз. Әрине... Балаларымызға сауат үйретсін, көзін ашсын деп осы Арқадағы оқу орнының төрін ұсынған едік, ал ол ел сенімін ақтаудың орнына алдымен өзі қауіпті теріс жолға түсіп кетті деп ренжиді саған.

Ахмет. Таңдаған жолымның қара басыма, иә, қауіпті екені рас, бірақ теріс жол емес. Менің ойым... Қазыбектей бабалардың кейінгі біздерге аманатқа қалдырған өсиеті, яғни, басымыз ноқтасыз, еркін ел болсақ деген арманы, басқа түк те емес.

Атсыз. Сонда қалай, сен өзіңді осы заманның Қазыбегі санайсың ба?

Ахмет. Баба аруағын орынсыз қозғап, күнәһар болма, Атсыз мырза.

Атсыз. Мен неге күнаһар болады екем.. Әкімет - біреу, ел - біреу. Бәріміз де ақ патса ағзамға бағынамыз. Соны біле тұра, елге іріткі салып, бүлік іздеп жүрген күнаһар мына сен шығарсың, алдымен.

Ахмет. Бағыну деген - мәжбүрлік. Адам баласы үшін қасырет.

Атсыз. Қателесесің. Бағындық деп аржағында Әбілқайыр хан, бержағында Абылай хан бастаған қазақтың ел тұтқасын ұстаған игі жақсылары ақ патсамыздың алдында ант су ішкен жоқ па еді?! Немене, олардың ақылы сенің ақылыңнан кем болғаны ма сонда?

Ахмет. Бағынғанда олар құлың боламыз деген жоқ. Еркіндігіміз өзімізде қалады, тең болайық деген-ді. Айтарыңды дұрыстап айт, бұрмаламай.

Атсыз. Күшті мен әлсіз, бай мен кедей тең болмайды ешқашан. Сондықтан малын бағып, тыныш жүрген қара халықты босқа дүрліктіріп керегі жоқ. Бейшара қазаққасен сияқты мына менің де жаным ашиды.

Ахмет. Жаның ашыса, жақында жер мәселесі нұсқауын жариялап, қазақтарға тиесілі жер жан басына шаққанда 15 десятинадан аспасын деп көрсетті ғой ақ патсаң. Бұл – малды құрту, малмен бірге жанды құрту емей немене? Оқымадың ба?

Атсыз. Ақ патса жарлығы талқыланбайды, бұлжытпай орындалады. Білмейсің бе?

Ахмет. Егер халық наразы болса ше? Үндемей тұншығып өлулері керек пе? Лак екеш лак та бауыздаларында бір бақырып өледі ғой.

Атсыз. Міне, міне! Жай жатқан жыланның құйрығын басқан жерің. Бүкіл әлемді аузына қаратқан ақ патсаға қарсы шығу... Мықтымсынған Кенесары мен Махамбеттің кесілген бастары қайда қалды, айтшы, оқығансың ғой?

Ахмет. Олардың өздері өлсе де, аты мен ісі өлген жоқ. Есімдері халықтың жүрегінде, рухтары елімен бірге.

Атсыз. Е, мен де солардың жолымен Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаев дегендерді төңірегіме үйіріп, ақ патсаға қарсы петиция ұйымдастырып, ел ішін әдейі дүрліктірдім десейші.

Ахмет. Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,

Сахара – көлге қонып салқындаған.

Бір өртке қаулап шыққан душар болып,

Не қалды тәнімізде шарпылмаған?!

Атсыз. Ақ патсаның алды кең, бұзақылық жолдан бас тартсаң, кешіреді. Сондықтан «Мен бұқтым – жаттым, сен бұқтың – жаттың, кім істемек қызмет?» деп, төңірегіңе топ жинағаныңды доғар. Бүйгіп ел арасын арандата берсең, арты жақсы болмайды. Орыстың от қаруын өзің де жақсы білесің. Бір кезенсе, қырып салмай тыншымайды.

Ахмет. Келгенде өзді-өзіңе мықты-ақсындар,

Қайтейін, өзге десе көнгішінді...

Атсыз. Шорту, орыстан қазақты, қазақты орыстан айырмақ ойың бар ма шынымен?.. Осы Қарқаралыдағы өзің басқарып отырған мектепті де орыс салып берген, ол саған ойыншық па? Ал сенің бар ойлағаның кек қайтару... Жоқ деші?

Ахмет. Жоқ. Біз қазақты кемсітіп, тарылтып ұстап отырған заң низамға наразымыз.

Атсыз. Торғай уезінің нәшәндігі Яковлевті сабағаны үшін әкең мен немере ағаң Ақтас он бес жылға сотталған. Соны кек тұтып жүргенің өтірік пе?..

Ахмет. Тек менің әкем мен ағаларым ғана ма әділесіздіктің зардабын тартқан. Бүкіл қазақ нешеме ғасыр бойы басынан ерік, қолынан билік кетіп қан жылап жүрміз..

Атсыз. Жоқ. Ерік біреу – ол патса ағзам, билік те біреу, ол да патса ағзам.

Ахмет. Ол сенің жеке өз түсінігің. Жалдамалы құл екенінді айтпасаң да білемін. Ал мен басқа қазақпын, басқа адаммын.

Атсыз. Меніқұл, өзіңді төре дегенің бе бұл?

Ахмет. Қалай түсінгеніңді өзің білесің де. Бірақ, бері кара, сен мен барда ғана барсың. Алдымен осыны ұқ, тым аса шелтендей бермей.

Атсыз. Менің қаныма тартып, жаным ашып айтқан ескертуіме берген жауабың осы болса...

Ахмет. Басқа жауабым жоқ. Ісім адал, сөзім шын. Мен ақ жолдың үстіндемін.

Атсыз. Ендеше өз обалың өзіңе. (Долдана шығып кетеді.)

Ахмет. Обал, сауап дейді ғой. Қарашы, өзі ұқпайтын сөзге үйіріп... (Ахмет ойлана тұрып қалады).

Ас қамдап жатқан Александраның қасына ақсаңдай басып, жымсиып Атсыз келеді.

Атсыз. Оу, ақ тоқаш, сен өзі күннен күнге әдеміленіп барасың ба деймін жауқазындай құлпырып.

Александра. Соны ана ақшиған жалғыз көзіңменшын көріп тұрсың ба?

Атсыз. Аяғым ақсақ болғанмен, таяғым мықты. Таяғым тастай. Жалғыз көзім дүрбіден де әрідегіні көреді.

Александра. Байқа, таяғыңа салмақ сала берсең, бір күні ол да сынар. Сол жерде тоңқалаң асып, жалғыз көзіңе бұтақ кіріп, ағызып алмасыңа кім кепіл...

Атсыз. Аяғым мен көзіме орыс-жапон соғысында оқ тиген. Мен ақ патсаға еңбегі сіңгенадал құлымын.

Александра. Соқ өтірікті. Қоянды жәрменкесінде мас боп, жұрт шырқын бұзғаның үшін Карбушовканың казактары бір аяғыңды сындырып, бір көзіңді шығарып сабап кеткенін осы ел түгел біледі.

Атсыз. Әй, сен де бір... Сен өзі, немене, Ахметкекүң болғансың ба?

Александра. Міндетті қызметім. Бықсыма бекер.

Атсыз. Күңі емеспін, бірақ қожайыныма борщ пісіріп жатырмын де.

Александра. Борщқа нан салмайды, бесбармақ асып жатырмын төреме, жылқы етінен.

Атсыз. Тыраштан. Тыраштан. Ол бүгін қожайының, мүмкін ертең, мүмкін одан да ертерек...

Александра. Ертеңін өзіндей есектер-ақ қайғырсын, ал бүгін төреммен пісірген бесмармақты сүйсініп жеп, тиыш ұйықтап шықса болды маған.

Атсыз. Ай, Александра, Александра, Қоянды жәрменкесінде әркімнің кірін жуып, күлін шығарып жүруші ең сүмірейіп. Сені осында, тамағы тоқ жылы жерге орналастырған кім, ұмыттың ба?

Александра. Өмірде не болмайды. Өтті, кетті...

Атсыз. Орыс нәсілі деп сол көрсеткен жақсылығымның өтеуіне көңіліңді маған бір бұрсайшы деп өтіндім, бетімнен қақтың. Рас, басында көп күлді бадамның бірі шығарсың деуші едім. Кейін байқасам... сұлуланып, жайнап... Қысқасы, қазір саған көңілім қатты ауып жүр.

Александра. Түсінбедім.

Атсыз. Не түсінбейтіні бар, маған қатын бол. Қадірлеп, үйімнің төрінде ұстаймын.

Александра. Әйелің бар емес пе?

Атсыз. Қазаққа екі-үш қатын көп болмайды.

Александра. Мен қатын үстіне қатын боп тимеймін.

Атсыз. Айттым ғой, үйімнің қақ төріне шығасың, бәйбішем боласың. Басқа қатыныма қарай тіпті аяқ баспайын, қаласаң.

Александра. Жарылқайды екенсің... Жоқ, бәрібір болмайды.

Атсыз. Неге? Маған қояр шартың бар ма? Болса, айт.

Александра. Менің дінім бөлек.

Атсыз. Әй, онда тұрған не бар.

Александра. Демек, шоқын десем, шоқынасың ғой. Солай ма?

Атсыз. Негізі өйтуге де болады. Бірақ...

Александра. Не бірақ?

Атсыз. Бұл әңгіме ойға-қырға тарап кетсе, бүкіл үрім-бұтағымның масқарасы шықпай ма. Әйтпесе...

Александра. Сондықтан басынды бос әзуреге сап қайтесің. Турасын айтсам, көңілім сенде емес.

Атсыз. Білемін, кімді мегзеп тұрғаныңды. Ол ақ патса ағзамның сенімінен кеткен адам. Сен онымен көгермейсің.

Александра. Кіммен көгеру өзімнің еркімде шығар.

Атсыз. Ол саған сүйеніш те, қорғаныш табада алмайды. Оның күні бүгін болмаса, ертең батады бәрібір. Сол кезде, сол кезде көрсем мен сені, ашынаң болайыншы деп қалай жалынар екенсің.

Александра. Жақсы көргендегі әдебің осы ма маған көрсеткен?..

Атсыз. «Иба», «инабат» – биліктің алдында именіп жүрсін деп әлсіз адамдар үшін шығарылған сөздер. Түкірдім мен ондай мәдениетіңе, білдің бе?

Александра. Ендеше бері қара, менің орыс екенім рас болса, егер тиісті орындарға арыздансам, олар алдымен екеуміздің қайсымызды тыңдайды деп ойлайсың? Сені ме, мені ме?

Атсыз. Әй, тәйт! Тым әріге барыспайық та.

Александра. Олай болса, алды-артына дұрыстап қарап-ап, байқап сөйлейтін бол бұдан былай. Аямаймын.

Атсыз. Әу, ақ тоқаш, ақ тоқаш-ай... Жарайды, бұл жолы сен жеңдің. Бірақ мұнымен күрес әлі біткен жоқ... (Кетеді. Мұнайып қала берген Александра ас қамына қайта кірісе бергенде, Ахмет келеді).

Ахмет (*өтіп бара жатып*). Сізге не болған, қобалжып тұрғандайсыз ба...

Александра. Төрем, онсыз дабастан асқан шаруаңыз бар, мені қайтесіз...

Ахмет. Жоқ, болмайды. Анау ай қабағыңызға көлеңке түсірген кірбенді көре тұрып...

Александра. Төрем-ау, сіздің жағдайыңызды ойлап...

Ахмет. Егер әңгіме маған қатысты өсек жайында болса...

Александра. Жәй өсек емес, одан зоры ма деп қорқамын, төрем.

Ахмет. Шынымен... мен білмейтіндей жағымсыз бірдеңе естігенбісіз?

Александра. Әлгі Атсыз деген...

Ахмет. Атсыз... Ол сіздің алдыңызда жасырын құпиясын ашып жүр ме? Қызық екен...

Александра. Сол... сыртыңыздан бір жаманшылық ұйымдастырып қойғанға ұқсайды, төрем.

Ахмет. Бәсе, ескерттім, ертең басыңа қара бұлт төніп жатса, өзіңнен көр деп бірдеңені бықсытқандай еді. Маған жасаған астыртын жаулығын өзінше бүркемелеген түрі екен ғой аярлықпен.

Александра. Төрем, осыдан басыңызға қандай ауыр іс түспесін, қасыңыздан табылып, тап келген қиындықты өзіңізбен бірдейтең бөліссем деймін... Әлде, бұл орындалмас құр қиялым ба?

Ахмет. Көкірегіңізде маған деген, бірақ айта алмай жүрген сөзіңіз барын сезетінмін. Соны ойлап өзім де қиналушы ем іштей...

Александра. Мен сізге ұнаймын ба, төрем?

Ахмет. Әңгіме онда емес қой. Онда емес.

Александра. Енді ше?

Ахмет. Ер жігіттің әйел алдындағы ең басты міндеті - оны бақытты ету, ал менің тағдырым қалт-құлт еткен желқайықтың үстінде. Қасыма алған адамым, қайық аударылса, су түбіне өзіммен бірге кетеді ғой, обалына қаламын ғой деп қорқамын.

Александра. Мен жетімдік тауқыметімен жастай ширығып, өзімді-өзім қорғап өскен адаммын. Жүрегімнің қалауындағыдай лайықты адам тапсам, оған масыл болмай, керісінше, сыр ашар жан серігі, шаруасының бір жағында жүретін таянышы болсам деп армандайтынмын.

Ахмет. Алдымда не күтіп тұр, бақ па, сор ма, білмеймін... Айттым ғой, мойныма алып жүре алмайтын жүк артып, біреудің обалына қалғым келмейді деп.

Александра. Төрем-ау, бірін-бірі ұнатқан жандар өмірдің ыстық-суығында бірге болып, қиындықты бірдей тең бөлісу үшін үйленеді.

Ахмет. Ол жайшылықта ғой. Ал мен елімнің еркіндігі жолына басымды бәйгеге тіккен адаммын. Мен шыдағанға, алған жарым шыдай ма?.. Бір жағы күрес жолы - майдан, бір жағы сүйген жардың көңілі мен жағдайы деп екі ортада жалтақтап жүрсем, не өндірем, ойлағанымның бәрі далада қалмайма шашылып...

Александра. Егер алған жарың ... (Сау етіп үстеріне екі полицай кіріп келеді. Оларға ілесе келген Атсыз бұларға анадайдан жымсия қарап тұрады.)

1-полицай. Ахмет Байтұрсынов деген сіз шығарсыз, әлде біз жаңылдық па?

Ахмет. Иісшіл иттерің бастап келгесін қалай жаңыласыздар. Жаңылған жоқсыздар. Иә, мен боламын Ахмет Байтұрсынов.

2-полицай. Сіз... тұтқындалдыңыз, губернатор Троницкийдің жарлығымен.

Ахмет. Не үшін, білуге бола ма?

Атсыз. Не үшін деп сұрайды еше...

Александра. Немене, айызың қанып тұр ма?

Атсыз. Кілікпе, ақ тоқаш, тиыш тұр. Сенімен әңгіме кейін.

1-полицай. Ұлы император ағзамның заңдары әділ. Бұратана халықтарға қыр көрсетпейді, тізе батырмайды.

Ахмет. Ұзақ жырғап қайтесіз. Тоқетерін... (Бірінші полицай екіншіге иек қағады, ол қағаздан судыратып оқи жөнеледі.)

2-полицай. Байтұрсынов мектеп оқушыларына ұлтшылдық пиғылда теріс тәрбие берумен айналысады.

Былтыр генерал-губернатор Қарқаралыға келгенде, орыс балаларының санын арттыру туралы берген тікелей нұсқауына қарамастан, олардың қатарын қасақана көбейтпей отыр.

Орыс-жапон соғысы кезінде патриоттық іс-әрекет көрсетудің орнына осындағы Бөкейханов, Ақбаев дегендермен бірігіп, қазақтарға айрықша жеңілдіктер сұрап, патша атына қарсылық петиция ұйымдастырды...

1-полицай. Жетер... Бәлкім, қылмысына куә болғандарды да білгің келетін шығар?

Ахмет. Керегі жоқ.

1-полицай. Мына қағазда аты-жөндері көрсетілген. Бәрі де өз ағайын-қандастарың. Олар сіз ойлағандай патша ағзамнан қыспақ көріп жүрміз демеяді, керісінше, сізді ел арасына іріткі салушы, бүлікші деп есептейді.

Атсыз. Мен де солай дегем. Ескерткем. Патша ағзам сені өзіне қарсы шыққаның үшін емес, халыққа қарсы шыққаның үшін жазалайды дегенмін.

Ахмет. Қайран, момын да аңқау қазағым-ай... Кім алдап, кім арбамай жатыр сені. Көзіңді ашып, қашан оянар екенсің...

(Бұл екі ортада Александра зыр жүгіріп Ахметтің киім-кешегін, жол азығын түйіншектеп дайындап қояды.)

2-полицай. Оқыған зиялымын, қашып кетпеймін дейтін шығарсың (Қолына кісен салады). Сен сүміреймесең, біз едіреймесек, жабайы елді қорқытпай қалай ұстаймыз, а?

(Александра түйіншекті Ахметтің қолтығына қыстырады.)

1-полицай. Что ты делаешь? Ты же русская, а он...

Александра. Он господин! А не жалкий холоп, как вы все тут...

1-полицай. Цыц! Раскудахтался.

2-полицай. Айда, пошли, шагай. Семейге дейін жол алыс, жаяу тартасың.

Ахмет. Қош, Александра.

Александра. Уа, қасиетті Қарқаралы! Талтүсте, көз алдында Ахметтей арысыңды байлап-матап жатқанда сен қалай ғана үнсіз тұрсың түнеріп? Жаның ауырып қынжылған түрің осы ма?.. Тау жағалай өскен ақ балақ аққайындар-ау, құзар шыңды бойлаған кербез сұлу шыршалар-ау, сендерге не болған, негеселт етпейсіндер? Бұтақтарыңды жайып, жапырақтарыңды шашып, неге сыңсып жыламайсыңдар? Ел жастарының көкірегіне білім дәнін сепкен адамдық диқаншысы Ахмет ұстаз жазықсыздан жазықсызжапа шегіп, Семейдің түрмесіне жалғыз айдалып бара жатқанда бұл неғылған жым-жырттық?!

Атсыз. Байы өлгендей зарлауын... Әй, болды енді. Сенің әлгі төресымағың ақ патсаға қарсы шығамын деп түрмеге қамалып, бит пен бүргеге таланып, суық пен аштықтан бұратылып құрып кеткендердің алды да соңы да емес. Осымен шаруасы бітті оның. Сененді бұдан былайменің қамқорлығыма көшесің. Естимісің? Менің!

Александра. Сенің бе?

Атсыз. Тіпті бар ғой, егер шоқыну керек болса, осы қазір-ақ шоқынайын... Шын айтамын, маған шоқына салу түк емес.

Александра. Шоқынбақ түгіл, шошқа боп қорсылдап кет, малғұн... (Кетеді).

Атсыз. Қап, орысқа келгенде қолымның тым қысқалығы-ай. Қазақ қызы болсаң ғой, бұрымыңнан ат көтіне байлатып, сүйреткізер едім дененді тас пен бұтаға жыртқызып, ойбайлатып, шіркін-ай... Ау, алайда, көз жазып қалмайын мен одан. Төріме шыққысы келмесе, көріне апарып тығайын мен оны шырылда-тып...

Бірінші бөлімнің соңы.

Екінші бөлім

Қапиза қызы Перизатпен таңғы шайға қамданып жатыр. Жарымжан аяғын сылти басып, соқыр көзіне қара байлап алған Атсыз үн-түнсіз кіріп келеді.

Қапиза. Астапыралла! Бұ жүрісің қай жүріс мезгілсіз, зәремізді ұшырдың ғой. Аяғың сықырламаса да, таяғыңды тықылдатпайсың ба, ең болмаса келе жатқаныңды білдіріп.

Атсыз. Дұшпанды сыбдырынды білдірмей кеп, қапыда бас салу керек. Қапыда. Ес жиғызбай.

Қапиза. Бәсе, аяғың сынып, көзің шығып жүргені осындай ептілігіңнің арқасы екен ғой.

Атсыз. Оттама! Мен өкімет үшін қан төккен адаммын. Төңкеріс кезінде бандыларды қуамын деп... Олар көп еді. Мен жалғызбын. Содан...

Перизат. Қойыңызшы, аға. Сізді жасында көрші ауылдан ат ұрлайтын барымташы болған дейді ғой. Сондай ұрлық үстінде таяқ жеп, өлім аузынан қалыпсыз...

Атсыз. Жауларымның өсегін қайталап не деп тұр-әй мынау?!
Тоқта, тоқта, сен өзі нешедесің?

Қапиза. Он үшке енді ғана шығады. Әлі бала ғой.

Атсыз. Советтік әділ заң бойынша, қылмыскерон екі жастан бастап сотқа тартылады, білесіндер ме?.. Сен болсаң, әй қыз, өкімет адамына, мына маған, тіл тигізіп, заң бұздың. Бұл бір. Екінші, жасың он үшке шықса, балиғатқа толыпсың. Демек, ұлы сөзде ұят жоқ, сені солай, нетіп жіберсек те болады екен...

Қапиза. Атсыз-ау, мұның бойы сырықтай болғанмен әлі жөнді ес кірмеген бала емес пе. Оны қайтесің, онан да жалғыз сиырдан жинаған екі күнгі қаймағым бар еді, соны жеп кетсейші.

Атсыз. Әкел (Қапиза алдына қаймақ әкеп қояды). Мына өзен жақтан бір түтін шыққан сияқты ма?

Қапиза. Ойбай-ау, ол жақ мүлде иесіз ғой. Анау бұзылған үй мен қораны жын-шайтандар жайлап алған дей ме. Сол маңда үйірлі қасқыр жүр дей ме. Осы жақында ғана ауылдағы Дәндібай қасқаның күн көріп отырған қаңғыбас әңгі есегін жарып жеп кеткен дей ме... Ал түтін деп отырғаның өзеннің буы шығар. Күн бұзылса таңертен, кешке түтін сияқты шиыршықталып бусанады да жатады ғой өзен үсті.

Атсыз. Соғыстан, түрмеден қашқан дезертирлер жүрмесін жасырынып...Әй, қыз, сен барып, бакылап келші. Сүйт. Әйтпесе...

Қапиза. Ойбай, екеумізді бірдей атып кетсең де, ол жаққа қарай аяқ баса алмаймыз. Қасқырға таланып қиналып өлгенше, онан да сенің атқан оғыңнан өліп, тіл тартпай-ақ кетейік осы жерде.

Атсыз. Әй, сендерді ме... Өкіметке тіреу болмақ түгіл, сеп болатын түрлерің жоқ... Қаймағыңды жинап қой. Тағы келемін (Кетеді).

Қапиза. Қап, мына жалмауызды-ай. Бәдрисафаға деп сақтағанымды түтін қоймай жеп кеткенін қарашы... Сен де қызым, жәй отырмай, аузың қышып сөйлей қойдың.

Перизат. Бандыны кудым деп өтірікті соққасын, жыным келіп...

Қапиза. Әй, әділетшіл аңқау балам-ай, өз қазағымыздың белгілі мінезі емес пе. Бұрынғылар ата-тегін айтып мақтанады екен. Қазіргілер төңкеріске қатыстым, совет өкіметін өз қолыммен орнаттым деп мақтанады... Жарайды, сармайға бұқтырған жент,

сүт бар, таба нан пісіргем, апарып бере ғой бәрін ақ апана. Балық аулағанын қоя тұрсын, жасырынған жерінен шықпасын. Атсыз бірденеден сезік алған сияқты деп қадап айт... мен айтты деп, жарай ма?

Перизат. Жарайды, апа, жарайды. Қам жеменіз.

Қапиза. Алды-артынды бақылай жүр сақтанып, арсалаңдамай (Перизат кетеді). О, жаратқан ием, жазықсыз, панасыз, әлсіз пенделеріне жар бола гөр бір өзін.

Перизат бұқпантайлап Бәдрисафа жасырынған жерге келеді.

Перизат. Сәлем бердік, ақ апа, қалайсыз?

Бәдрисафа. Сәлемат бол, ақылдым... Семей, Бутырка, Соловки түрмелерінің қасында бұл жер жәннат жұмағының төріндей ғой. Өздерінде тыныштық па?

Перизат. Атсыз деген тыңшы... Тіміскіленіп...

Бәдрисафа. Мен өлмей ол сорлыға да тыныштық жоқ. Иә, солай...

Перизат. Бұзылған қораны жын-шайтан жайлаған және осы жақта үйірлі қасқыр жүр деп апам оны қорқытып қойды, бұл жаққа келмесін деп.

Бәдрисафа. Оның өзі де адам емес, нағыз жын-шайтан ғой. Мейлі енді... Сүт әкелсең, бере ғой, пысығым, әңгіме айтар алдында таңдайымды жақсылап бір жібітіп алайын. Кешеден бері біртүрлі жайсыздауымын (Перизат ұсынған шиша аузынан Бәдрисафа бірер ұрттап сүт ішеді).

Перизат. Жайсызданып отырсаңыз, ақ апа, әңгімеңізді кейінге қалдыра тұрсаңыз қайтеді. Мен асықпаймын ғой.

Бәдрисафа. Кейін дегенің, ақылдым, біреуге бар, біреуге жоқ. Өйткені өмір деген қас-қағым... Кімнің жаны қай жерде, қалай үзіледі, оны бір Алладан басқа ешкім білмейді... Сондықтан құлағыңды тоста жақсылап тыңдап ал, айналайын...

Семейдің түрмесі. Ахмет алақандай үстел басында жазу жазып отыр. Өңі де, үсті де жүдеулігіне қарамастан, бойынан ұқыптылығы мен жігерлілігі аңғарылады. Сырттан шу шығады. Ахмет жазуын доғарып, шуга құлақ түреді.

Дауыс. Асықпа деймін, қарап, тексеріп болғам жоқ.

Александра. Нан ішіне мылтық тығып қойды деймісің. Сындырма нанды, бүлдіресің.

Ахмет. Александра... Соның даусы...

Дауыс. Ерегістірме мені. Ішке кіргізбей қоярмын.

Александра. Түрме бастығынан рұқсатым бар, жібермей көр осыдан.

Дауыс. Әй, баршы енді, бар. Өзің бір қырсық екенсің.

Қолына түйіншектерін ұстап, аяғын асыға басып Александра кіріп келеді.

Александра. Төрем.

Ахмет. Александра... Өңім бе, түсім бе?

Александра. Көзіңізге сенбесеңіз, қолыңызбен түртіп, ұстап көріңіз.

Ахмет. Қандай ғана өжетсіз, Александра...

Александра. Өмір үйретті ғой, төрем... Кірлеп кеткен шығарсыз, таза ішкіім дайындап әкелдім (Дорбасынан шығарып, ұсынады).

Ахмет. Пейіліңіз-ай сіздің осы мына аппақ ақ матадай кіршіксіз. Таза жатып, бүгін бір рахаттанып тұрып ұйықтайтын болдым ғой.

Александра. Өзіңіз ұнататын дәмді тамақтан да әкелдім. Шамалы қазы және бір құты қымыз.

Ахмет. Әкелші, қазыдан бір асап, қымыздан жұтып жіберейін. Сағындым ғой қазағымның асыл тамағын (Бәдрисафа өз қолымен қазыдан бір кесегін асатып, кесеге қымыз құйып береді. Ахмет қымызды рахаттана сіміреді). Осының бәріне қыруар ақшаны қайдан алғансыз, өжетім-ау?

Бәдрисафа. Қасыңызда күтуші-қызметшіңіз боп жүргенде сіз берген ақшаның басын бұзбай жинастырып қоятынмын. Оның үстіне осындағы бір татар байына жалданып...

Ахмет. Мен үшін осынша шашылып, жаныңызды қинап... Тіпті, не дерімді де білмеймін.

Бәдрисафа. Қиналып жүргем жоқ, төрем. Сіздің бір кәденізге жарағаным үшін қайта өзімді бақытты сезінемін. Кіріңізді жуып, ылғи да өстіп сүйген тамағыңызды әкеп беріп тұрмақпын. Сол үшін келдім осында. Ендігі бар арманым, төрем, түрмеден босап еркіндікке шыққаныңызды көру.

Ахмет. Олай болса, олай болса, түрмеден босап, басыма азаттық алсам, онда... онда мен...

Бәдрисафа. Маған үйленесіз ғой, төрем? Үйленесіз бе?

Ахмет. Иә, үйленемін.

Бәдрисафа. Серт.

Ахмет. Серт.

Бәдрисафа. Төрем, сіз мені қазір дүниедегі ең бақытты әйел еттіңіз.

Ахмет. Қашан жанып шам-шырақ,

Сәуле беріп жарқырап,

Болар жарық төрт тарап?

Қашан маған іздеген,

Күліп жылы жүзбенен –

Болар серік бақ қарап? – деп жүруші ем, сіз менің жаныма шуақ болып кірдіңіз... (Олар құшақтасады).

Александра. Жазу жазуыңызға ұрықсат берген бе?

Ахмет. Иә, дауласып, айтысып жүріп...

Александра. Не жазып жатқаныңызды білсем бола ма?

Ахмет. Анама арнап өлеңмен хат жазған ем.

Александра. А, солай ма... Қандай ғанибет.

Ахмет.

Қарағым, дұғағәйім, қамқор анам!

Арнап хат жазайын деп алдым қалам.

Сені онда, мені мұнда аман сақтап,

Көруге жазғай еді хақ тағалам!

«Үмітсіз шайтан болсын» деген сөз бар,

Жолдар көп жәннатқа да тарам-тарам.

Оқ тиіп он үшімде, ой түсіріп,

Бітпеген жүрегімде бар бір жарам.

Алданып тамағыма оны ұмытсам,

Болғандай жегенімнің бәрі харам.

Адамнан туып, адамның ісін етпей –

Ұялмай, не бетіммен көрге барам?...

Бәдрисафа. Анаңызға ғана емес, бүкіл елге берген антыңыздай скен, төрем. Жүрегіңіз қандай қуатты еді.

Ахмет. Сосын бір ән...

Александра. Жаңа ән бе?

Ахмет. Иә. Сізді ойлағаннан шыққан ән еді.

Александра. Мені ойлап?..

Ахмет. Менде де жүрек бар ғой. Жаңа ғана өзіңіз мақтаған жүрек.

Александра. Төрем...

Ахмет. Сөздері қарапайым, жеңіл. Қайырмасын айтайын. Қосылып көр (Бастайды. Александра ақырындап қосылады).

Ахау, екі-ау жирен,

Жалын түйген.

Жалғанда ғашығымсың-ау, жаным сүйген...

Дауыс. Кездесу уақыты аяқталды. Шығыңыз.

Александра. Шіркін-ай, ұрықсат берсе, сізге күніге үш мезгіл келіп тұрсамда, шаршадым демес ем.

Ахмет. Жарайды, түрме күзетшілерін ашуландырып қайтеміз. Бұлардың менен айырмашылығы жоқ. Тор қапастың мен ішінде болсам, олар сыртында тұрады қалшынып. Сосын да байлаулы қабаған иттер сияқты ашулы шетінен... Енді бұдан былай көз алдымда келбетің, құлағымда «төрем» деген лебізің тұратын болады, өжетім.

Александра. Төрем... (Олар бір-бірін кимай қоштасады).

Татар байы Садық үй алдындағы сәкіде отыр зарланып. Қасында көршілері: әйел, еркек.

Садық. Жалғзым-ай, көзімнің ағы мен қарасы болған. Орыс дәрігердің де, казак тәуіптің де ем-домы қонбады, қайтейін. Жаратқанның ісіне қылар амалым бар ма... Жомарт, аңғал қазақтың ортасында саудамен тапқан мына байлықты енді кімге қалдырамын.

Әйел. Е, тура келген ажал кәрі - жасына қарамайды деген осы. Сабыр, байеке, сабыр.

Еркек. Бауыр еті баласын өлімге қиған кім бар дейсің, байеке. Жаси бермеңіз, өзіңізге ауыр тиіп жүрер.

Ақсаңдай басып, жымсыып Атсыз келеді.

Атсыз. А, ептәшім, халың қалай?

Әйел. Халын сұрап қайтесің. Көрмеймісің? Жан дегенде жалғыз қызынан айрылып қайғыдан қан құсып отырғанын.

Атсыз. Бой жеткен бе еді?

Әйел. Қызы ма? Иә, бой жетіп, толықсып-ақ отырған.

Атсыз. Қап-ай, тым болмаса күйеу қызығын да көрмеген екен, байғұс.

Еркек. Әй, найсап! Сен немене, құда түсе келдің бе? Не танып тұрсың өзі?!

Садық. Астапыралла! Қалай ғана дәл бұлай күпір сөйлейсің, Құдайдан қорықсаң етті. Мұсылман емессің бе?!

Атсыз. Мұсылман-пұсырмананды қоя тұр. Мен өкімет адамымын. Маған бәрі можно... Общым, ептәшім, жеке басыңның гөй-гөйін, кәне, токтата тұр, маңыздырақ шаруа шығып қалды.

Садық. Онсыз да басым қатып отырғанда ол тағы неменесі еді?

Атсыз. Үйіңе қызметші ұстайсың ба?

Садық. Бір жетім орыс қызын... Иә, жалдадым.

Атсыз. Міне, сені Құдайыңның тас төбеңнен ұрған жері.

Әйел. Мынау өзі кім сонша, кісіні жағадан алып, әзірейілше тергейтіндей зіркілдеп?

Еркек (әйелге). Тегін кісі таз болмайды деуші еді. Дәуде болса, адамдардың жүрген-тұрғанын, аузындағы сөзін андитын жерден-ау, мен білсем...

Әйел. Үйбай-ай, бетім-ай, ендеше бізге де бәлесі тиіп жүрмегей...

Садық. Үйге қызметші ұстағанда тұрған не бар?! Тамағы тоқ. Көйлектігін де кешіктірмей беріп тұрамын.

Атсыз. Аңқаусыма, ептәшім. Менен бәрібір ештеңе жасыра алмайсың. Мен бәрін білемін.

Садық. Маған неге сонша шүйліктің, өкімет адамы болсаң? Салған тиесілі салығын төлегенмін. Құдайға болмаса, өкіметке қарызым жоқ.

Атсыз. Қарызым жоқ деймісің?.. Сенің ақ патсаға қарсы шығып жүрген қылмыскер Ахмет Байтұрсынұлы дегенмен астыртын байланысың ше? Үйіңе кісі ұстап, сол арқылы оған тамақ, киім жіберіп тұратының ше?

Әйел. Ахмет Байтұрсынұлы...

Еркек. Ой, әлгі анау Қоянды жәрәңкесіне жиналған халыққа, петиция дей ме, сондай бір қағазға елдің қолын қойғызып алған ер азамат ше...

Әйел. Иә, ол өзі көп оқыған кемеңгер кісі деуші еді, карапайым халықтың мұңын мұндап, жоғын жоқтап жүрген. Мына албастының одан ала алмай жүрген не өші бар екен...

Садық. Менің жалшымды, орыс қызын айтамысың?

Атсыз. Біліп тұрып сұрайсың,ә, татар қу?

Садық. Ойбай-ау, оның ішке бүккен қандай жасырын сыры барын мен қайдан білейін... Күнін көрсін бейшара дедім, аядым.

Атсыз. Егер шынымен де білмеген, алданған болсаң, онда қатенді түзет.

Садық. Сонда... не істе демексің сен маған?

Атсыз. Ит терісін басына қапта да қуып шық үйіңнен. Кетсін қаңғып.

Садық. Қуып... Жарайды, кусам қуайын. Ол өз еркім ғой. Өз еркім.

Атсыз. Сүйт. Әйтпесе, итжеккенге айдаласың. Итжеккенге. Білдің бе?! Империяның тыныштығы мен айбыны үшін біз жауларымызды аямаймыз, кім болса да. Ешқашан! (Кетеді).

Әйел. Ии, байғұс қызды үйіңнен шынымен қуасың ба енді?

Еркек. Жәй, алдаусыратып шығарып салған сөзі шығар. Солай ма, байеке көрші?!

Садық. Жалғыз талшық шырағым сөніп, ақылымнан алжасып отырсам... Бір аяғы ақсаңдап, бір көзі ақсаңдап... Айтқанына өтірік көнген боп бас шұлғи салмасаң, оңайлықпен кете ме ол ит. Әрине...

Әйел. Әй, қараң батқыр-ай десейші. Өстіп тіміскіленіп жүргенде сүрініп өлмейді екен бір жерде, қараң қалғыр.

Александра келеді.

Александра. Сүйінші, аға, сүйінші.

Әйел. Тыныш. Сүйіншінді қоя тұр даурықпай.

Еркек. Естімедің бе?

Александра. Кешіріңіздер... Түрменің тәртібін білесіздер ғой, ұрықсат алып, өйтем-бүйтем дегенше... Ағай, қызыңыздың жаны жәннатта болсын. Қайғыңызға ортақпын.

Садық. Үйден кет, сол болсын маған жасаған жақсылығың.

Александра. Аға-ау, маған кету қиын ба, түйіншегімді қолтығыма қыстыра салсам болды ғой.

Садық. Ана абақтыда отырған... Ұлықтар өзін қатты жек көреді екен. Дұшпанымыз дей ме. Сенің сонда барғаныңды, менің көмектескенімді қылмыс деп білетін секілді.

Александра. Ұлық деп отырғаныңыз Атсыз деген арсыз емес пе, тың тындап, бәле іздеп жүретін?

Әйел. Иә, тап соның өзі. Сөзінің ызғары жаман кәпірдің.

Еркек. Итжеккенге айдатып жіберемін деп қорқытып кетті байекенді.

Садық. Онсыз да қалт-құлт еткен жүдеу жанымның үрейін ұшырып...

Александра. Оның міндеті ғой ел ішінде үрей туғызып, бықсытып жүру.

Садық. Дұрыс айтасың, ол бықсытады. Ал жоғарыдағылар бықсықтың шоғын үрлеп, отын қоздатады. Сосын мына біз сияқты жазықсыздар мен әлсіздерді сол отқа салып күйдіреді.

Әйел. Ойпырмай десейші, қарапайым момын халыққа дегенде тістері неге пышақтай екен солардың. Жерінен қуамын десе, қуады. Абақтыға қамаймын десе, қамайды.

Еркек. Баста еркі жоқтардың күні ғой бұл әлмисақтан.

Александра. Аға, мен сізді түсінемін. Жалғызыңыздан айрылып күйініп те, күйреп те отырсыз.

Әйел. Оның рас енді. Қаламыздағы пейілі кең, рақымшыл мұсылманның бірі осы кісі ғой.

Еркек. Иә, біз сияқты кедей-кепшік көрші –қоланына қысылғанда азық беріп, аштан өлтірмей, жақсы қарайласады байекен.

Әйел. Алмақтың да салмағы бар деп біз де қарап қалмаймыз, жұмысын істейміз. Солай ғой, байеке?

Садық. Қарағым-ай, адамның өз жаны өзіне қымбат демей ме...

Әйел. Ойбай-ау, бұл саған өз қызыңдай боп кеткен жоқ па еді?!

Еркек. Пысық, елгезек өзі, айналайын. Қазақ-мұсылман салтын да жақсы біледі.

Садық. Айтқандарыңыздың бәрі рас. Әй, қуа алмайтын шығармын. Дәтім бармайды. Мұны қусам, өз қолымды өзім кескен болам ғой.

Әйел. Бәсе...

Еркек. Семейдің ірі байы деген атағы бар, бүкіл қалаға қадырлы байекем кімнен қорыққандай еді.

Ахмет келеді.

Ахмет. Ассалаумалейкум, Садық аға.

Садық. Уаликумассалам. Танымадым ба, кім боласың?

Александр. Жаңа сізге сүйіншілеп келгенде айтпағым осы кісіге байланысты болатын.

Садық. Тоқта, Ахметпісің?

Еркек. Он жеті мың адамға қол қойғызып, ақ патсаның өзіне қарсы петиция жазған Ахмет?

Александра. Иә, қазаққа еркіндік пен теңдік берілуін талап еткен Ахмет, менің төрем осы кісі...

Әйел. Бәрекелде! Мына біздің Александра қыз артыңнан жүгірсе, жүгіргендей-ақ екенсіз. Қош келдіңіз.

Ахмет. Қош көрдік. Ықылас-қошаметтеріңіз үшін рақмет... Садық аға, жолай естіп-біліп келдім. Қаза артының қайырын берсін... Сіз рухы күшті, Құдайына қараған мейірімді жан екенсіз. Александра арқылы түрмедегі маған да тамақ, киім жеткіздіртіп тұрдыңыз, қамқор болдыңыз.

Садық. Алғысыңды Аллаға, сосын мына Александра қызыма айт, інім. Әйел затында тап мұндай табанды, өжет, еңбекқор жанды мен бұрын көрмеппін.

Ахмет. Жұрт мақтаған жігітті, қыз жақтайды деуші еді. Жұрт мақтаған қызға жігіт қалай қараса екен, аға?

Әйел. Көп қарап тұрмайды, үйленеді (Бәрі күледі).

Садық. Түрмеден біржола шықтың ба босап?

Ахмет. Иә. Тар қапастың ішінде бақандай сегіз ай жаттым қамалып.

Садық. Әлгі Атсыз деген...

Ахмет. Ол да осында ма, жеткен екен ғой...

Садық. Әлгінде келіп-кетті, қорқытып, үркітіп...

Әйел. Бірақ біздің байекең ол ақсақ - соқырдың қоқан-лоққысынан пәлендей ыға қойған жоқ.

Еркек. Момын жұртты қорқыту, үркіту ақ патшасынан ақша алатын қызметі, қайтсін байғұс.

Садық. Жоқ, ағайын, қорықпадым десем, жалған болар. Қорыққанда қандай. Жүрегім өкшеме кете жаздады... Итжеккен деген жақсы жер емес.

Ахмет. Дәл қазір енді одан қауіп жоқ, қайсымызға да. Мен түрмеден босандым ғой.

Садық. Аумин.

Бәрі. Аумин.

Садық. Лайым солай болғай. Уһ, жаралы жаным бір жеңілденіп қалды-ау... Ал енді не істемек ойың бар, інім?

Ахмет. Не істеу керегін жаңа өзіңіз айттыңыз емес пе, аға.

Садық. Не деппін, есімде жоқ.

Әйел. Үйлен дегенсіз.

Александра. Мен мұсылман дінін қабылдайтын болдым, аға.

Садық. Әп, бәрекелде, інім. Орысқа үйлендің деп кекетіп-мұқататындардың аузына құм құятын болыпсың. Жарайсың.

Ахмет. Ондайларға берер жауабымды да алдын ала дайындап қойдым.

Садық. Қане, айтып жіберші, не демек екенсің.

Еркек. Біз де естиік.

Әйел. Иә, біз де естиік.

Ахмет. Есімі Александра Ивановна,

Құдайдың ризамын қиғанына.

Бір кәпірді мұсылман қып сауаптасам,

Тұрмай ма он қазақтың иманына.

Садық. Әп, бәрекелде... Некелерінді мешітте, молдаға қиғызатын шығарсындар?

Ахмет. Әрине, аға.

Александра. Мен басыма салатын орамалымды да дайындап қойдым, аға.

Әйел. Мен мұсылманша етіп орамалды жақсы байлаймын, қызым. Маған байлатқызатын бол.

Александра. Болсын тілегіңіз, апа. Басыма орамалды сіз салыңыз.

Садық. Бәрекелде... Кейде адам өмірдің осындай әдемі қалыбын көріп те жұбанады екен. Қызымның мезгілсіз қазасынан кейін түсіп кеткен еңсем қайта көтерілместей көрініп еді. Сендердің қуғын-сүргінде жүрсендер де өмірге деген құштарлықтарыңа сүйсінгеннен сол жаралы қам көңіліме қазір көктем кіргендей боп көңілденіп қалдым, қарақтарым. Қиналғанда қасымнан табылғандарың үшін, көршілерім, сендерге де ризамын.

Александра. Айта беріңіз, аға.

Ахмет. Тілегіңіз болса, іркілмеңіз, айтыңыз, аға.

Садық. Бір тілегім бар. Мұсылмандықты қабылдарда қалыңдықтың Александра деген аты өзгереді. Менің өлген қызымның атын алсын. Бәдрисафа болсын. Қызым өлген жоқ, есімі жақсы адамға ауысты деп көңіліме демеу етіп жүрейін. Қалай, бола ма?

Ахмет. Болсын аға, тілегіңіз... Әлде, сіз...

Александра. Жо-жок, қарсы емеспін. Қарсы емеспін. Тек қандай мағынасы бар бұл есімнің, аға, білуге бола ма?

Садық. Бұл есім, қарақтарым, арабшадан аударғанда Бәдрун – толық ай, Сафа – кіршіксіз таза деген ұғымдарды білдіреді.

Ахмет. Өзі де тап сондай... менің қалыңдығым.

Александра. Төрем, ұялттыңыз ғой.

Садық. Ал қарақтарым, олай болса, әуелі үйге кірейік.

Еркек. Иә, кірейік. Кіріңіздер. Мен құран оқып жіберейін.

Садық. Сосын пісміллә деп той дайындығын бастап жіберсек те болады...

Әйел. Байекем-ай, әріден ойлайтын әулие екенсіз ғой. Өлгені тіріліпті деп осындайдан шығарып айтқан болар бұрынғылар. Тек ұзағынан сүйіндірсін Алла. Ұзағынан.

Бастапқы көрініс. Бәдрисафа мен Перизат.

Перизат. Ақ апа, сіз қандай бақытты болғансыз.

Бәдрисафа. Қазір де бақыттымын. Бір рет бақытты болған адамның сырт келбеті жүдеулік көргенмен, сол тапқан бақыты жүрегінде мөрленіп, өле-өлгенше жан дүниесін шуақтандырып тұрады, ақылдым.

Перизат. Ол кісіні қазір ел біле ме, ақ апа?

Бәдрисафа. Оқыған үлкендер жағы әдейі білмеген болады, бірақ біледі. Кейінгі жастар сендерге ғана әзірше беймәлім.

Перизат. Балаларыңыз болды ма, ақ апа?

Бәдрисафа. Мен балаларымның аттарын Ахметке ұқсатып Махмет, Рахмет, Нығмет, Ісмет деп шұбыртып қоя берсем деуші едім... Бірақ Семейдің түрмесінен кейін де көп айдау көрдік. Денсаулығым нашарлады.

Перизат. Қандай аянышты. Мұнайып кеттім ғой.

Бәдрисафа. Аяма мені. Біз, әсіресе, Ахмет төрем, аяушылықтан жоғары тұрмыз!

Перизат. Кешіріңіз, ақ апа. Енді мұнаймаймын. Міне, көзімдегі жасты сүртіп тастадым.

Бәдрисафа. Ақылдым-ай, кіршіксіз ақ жүрегің кірлемей өссең ғой, шіркін... Иә, мұратты үлкен жолдың үстінде бірге жүріп, бірін-бірі шын сүйген жандар түрмеде де бақытты болады екен. Мен соны білдім, ақылдым.

Перизат. Ақ апа, түрме деген есік-терезесі тышқанның ініндей үңірейген, жарығы, ауасы жоқ қараңғы көр сияқты болады дейді ғой үлкендер.

Бәдрисафа. «Адам үш күннен кейін көрге де үйренеді» демеі ме сол үлкендер. Алғаш Ахметпен бірге ұстап, абақтыға қоса қамағанда бірден ауырып қалдым. Сонда төрем түрме бастықтарына: «Менің әйелім – Бәдрисафа қазір қатты ауруға шалдыққан. Мені сонда ауыстырсаңыздар, денсаулығына қарасамын» деп, хат жазып, ақыры дегеніне жеткен еді. Иә, сүйтіп біз жаңа өзің суреттеген жаман түрменің ішінде де жұбымызды жазбай бірге отырғанбыз. Ойлап қарасам, төрем екеуіміздің ол да бір бақытты сәттеріміз екен шынында.

Перизат. Ақ апа, шаршатып алған жоқпын ба сізді көп сөйлетіп. Біртүрлі жайсызданып кеттіңіз ғой.

Бәдрисафа. Кеше өзендегі ұйықтан балық ұстаймын деп, салқын суда көп жүріп қалдым ба, сірә, содан бойыма суық тиген-ау. Аздап сүт ысытып жіберсең кайтеді, ақылдым?

Перизат. Ақ апа-ау, от жақсақ түтін шығады ғой.

Бәдрисафа. Сәл ғана дыз еткізерсің. Біреу көретіндей түтін шыға қоймас.

Перизат. Ақ апа, Ахмет көкем көп кітап жазған дейсіз. Қандай кітаптар, білуге бола ма?

Бәдрисафа. Крылов дегенді оқисыңдар ма?

Перизат. Оқимыз. Мынадай бір өлеңін білемін:

Жүк алды шаян, шортан, аққу бір күн,

Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін.

Таргады аққу көкке, шаян кейін,

Жұлқиды суға қарай шортан шіркін. – Күлкінді келтіреді.

Қызық.

Бәдрисафа. Қызық деймісің?

Перизат. Үшеуі үш жаққа тартады. Жүк орнынан қозғалмайды. Түк білмес, берекесіз надандардың ісі емес пе. Мұндайға қалай күлмейсің.

Бәдрисафа. Осы мысалды қазақшаға кім аударғанын айтты ма мұғалімдерің?

Перизат. Жоқ.

Бәдрисафа. Ендеше мұны аударған Ахмет көкең. Сендердің кітаптарыңның ішіне ақылды біреу әдейі білдірмей кіргізіп қойған ғой... Демек, қанды қол жендеттердің оның атын да, еңбегін де жерге көмдік дегендерінен бәрібір түбінде түк шықпайды. Өйткені ол ел жақсыларының жадынан өшкен жоқ, өшпейді де ешқашан. Айттым ғой, ол – Күн, сәт сағаты туғанда жарқ етіп шығып, шапағат нұрын шашады елі менен жеріне... Мен оның бір өлеңін қағазға жазып қойғам саған деп. Сен оны ешкімге көрсетпей оңашада тез жаттап ал да, сосын қағазды жыртып таста, жарай ма?

Перизат. Жарайды, ақ апа... Сүт ысыды, мінеки, алыңыз (Бәдрисафа қағазды Перизатқа беріп, сүттен бір-екі ұрттап қана ішеді).

Бәдрисафа. Біртүрлі ештеңеге зауқым жоқ бүгін.

Перизат. Ақ апа, сіз ауырып қалдыңыз-ау деймін?

Бәдрисафа. Жоқ. Мен түрмені жеңген адаммын. Ауырмаймын. Тек төремді сағынып кеттім. «Төре демалып жатыр», «Төре жазу жазып отыр», «Төре біледі» деп өзім сүйсініп айтатын сөздерімді сағындым... Төремді соңғы рет 1937 жылдың 8 тамызы күні ұстап әкеткен еді, ал мені үш күннен соң, 11 тамыз күні тұтқындады. Содан бері мен төремді көргем жоқ... Мен осы жерді, өзеннің мына биік жарын бекерден бекер таңдалды деймісің. Осы биіктен анау алдымдағы кең көсілген Торғай даласына қараймын. Бұл дала менің төремнің табан іздерімен өрнектелген. Егер ол жүрген жолдың бір ұшынан аяқ бассан, жарты дүниені шарлап өтесің. Ақтөбе, Қарқаралы, Семей, Томбы, Орынбор, Ташкен, Қызылорда, Алматы боп жалғаса береді, жалғаса береді... Сен де қарашы, жассың ғой, көзің өткір.

Перизат. Ақ апа-ау, кеш түсті ғой, дала тас қараңғы.

Бәдрисафа. Қараңғың не, ақылдым-ау, дұрыстап қарасайшы. Өне, дүбір естіледі, ат дүбірі. Менің төрем ғой. Өне, ол ақбоз аттың үстінде отыр, алдындағы қараңғылықты қақырата тіліп, құйғыта шауып барады қазақтың кең даласын бетке алып. Төрем, төрем...

Перизат. Ақ апа, ақ апа, сіз... сіз ауырып қалдыңыз. Қатты ауырып отырсыз (Бетіне қол тигізіп). Айттым ғой, ыстығыңыз көтеріліп кетіпті. Біраз жатып демалыңызшы, өтінемін. Мен үйге тез барып келе қояйын, дәрі іздеп... (Кетеді).

Қапизаның үйі. Тәрде шоқыып Атсыз үлкен кеседен қаймақ жеп, Қапиза оған қызмет көрсетуде.

Атсыз. Ана жақта қырғын соғыс. Солдаттарға нан жетпей жатқанда сендер қаймақ жейсіңдер, ә.

В середине 80-х годов соответствующие ведомства решили было передать Казахстану исторические и культурные ценности, в том числе и череп последнего казахского хана, как в декабре 1986 года грянули известные декабрьские события, после чего российская сторона отказалась от своего намерения. Об этом и о том, почему 170 лет голова Кенесары хана — внука хана Аблая, которую он в буквальном и переносном смысле положил на борьбу за восстановление единого казахского национального государства, не может вернуться на родину, в преддверии празднования 550-летия Казахского ханства мы решили поговорить с исследователем истории национально-освободительного движения и Автономии «Алаш», директором Общественного фонда «Алашорда», доктором PhD Султан Ханом Аккулы.

– Султан Хан, расскажите, что побудило тогда еще советскую верхушку отказаться от намерения передать культурные и исторические ценности, в том числе и череп Кенесары хана, Казахстану?

Султан Хан Аккулы: После того, как в 1986 году в Алматы грянули декабрьские волнения казахской молодежи и студентов, в недрах КГБ СССР появляется докладная записка под грифом «совершенно секретно», завизированная председателем КГБ СССР Виктором Чебриковым. В ней, в частности, говорилось: «Запретить запланированную передачу республиканским министерствам и ведомствам исторических и культурных ценностей досоветской эпохи; ряд экспонатов, теоретически способных подтолкнуть рост

«национального самосознания», засекретить и передать из хранилищ общедоступных музейных фондов в ведение научно-исследовательского института происхождения человека при РАМН СССР». Среди экспонатов, перечисленных в приложении записки, как раз значились и мумифицированный череп хана Кенесары, а также многие другие предметы, так или иначе связанные с его именем. Эти экспонаты были переданы в научно-исследовательский институт происхождения человека - один из секретных подразделений КГБ СССР. Руководителем его являлась профессор Лидия Ахундова - аж с 1972 вплоть до его упразднения в 1992 году. «Я сама лично сдавала экспонаты по описи. А на следующий день меня с почетом проводили на пенсию», - признавалась впоследствии Лидия Георгиевна.

Различные исторические документы, касающиеся восстания хана Кенесары периода 1837-1847 годов, его переписка с российскими колониальными властями и многое-многое другое, а также «дело о возмутителе султана Кенесары Касымове», действительно хранятся в российских архивах – в Омске, Москве, С.-Петербурге, Российской государственной библиотеке и т.д. В Гохране России с 1992 года находятся еще и несколько трофейных мечей, подлинники книг девятнадцатого столетия, боевые знамена войска хана Кенесары и, собственно, его голова, точнее, его мумифицированный череп.

И очень важно подчеркнуть, что теперь череп хана Кенесары уже не спутать ни с каким другим аналогичным фрагментом человеческого тела, коих в российских архивах и музеях хранятся тысячи. Исходя из одного важного документа, обнаруженного в июне прошлого года в Государственном историческом архиве Омской области (ГИАОО), он имеет особую отметку – «казённую печать на его лобной части». Под «казённой печатью» имелось в виду, по всей видимости, печать самодержавной России до 1917 года. А документом, в котором было найдено это утверждение, является две пожелтевшие тетрадные страницы с рукописным текстом, написанным простым карандашом, имеющиеся в личном архиве Андрея Палашенкова, известного среди омских краеведов как «Фонд Палашенкова». В этой рукописи безусловную ценность представляют следующие строки (приведу дословно): «Среди

многочисленных архивных связок, хранившихся в Главном управлении Западной Сибири, здесь в канцелярии, как пишет литератор Сергей Марков, чиновники держали дело о возмутителе султана Кенесары Касымове. «Дело» имело при себе необычайное «приложение» – пожелтевший от времени крепкий человеческий череп С КАЗЁННОЙ ПЕЧАТЬЮ НА ЕГО ЛОБНОЙ ЧАСТИ. Это – голова султана Кенесары Касымова, внука Аблай-хана...».

Помимо всего, в упомянутом выше ОГИК музее в Омске находится ружьё хана Кенесары. Оно является экспонатом музея уже более века! Ружьё было преподнесено в подарок первому генерал-губернатору Казахского степного края Герасиму Колпаковскому в 1882 году – спустя 35 лет после трагической гибели хана Кене. Генерал Колпаковский подарил его в том же году музею Западно-Сибирского отдела ИРГО. Прошлогодней научной экспедиции, которую можно условно назвать «Омской», удалось выяснить имя этого «щедрого» дарителя. Им оказался казах по имени М.Дусентаев...

– Почему уже больше полувека казахам не удается вернуть ставшей уже сакральной голову своего хана на историческую землю?

Султан Хан Аккулы: Это нелепый и возмутительный факт. Некоторые архивные дела о Кенесары хане по сей день хранятся под грифом «для служебного пользования», или сокращенно – ДСП. Это сильно ограничивает доступ к архивным документам. Например, ряд исторических дел, имеющих более полуторавековую историю – относящийся к периоду восстания хана Кенесары – первой половине XIX столетия, где речь идет о его попытках установить, точнее – восстановить былые дипломатические отношения с Китаем, в Омском областном архиве до сих пор хранится под грифом ДСП и выдается лишь с личного разрешения директора архива. Что это означает, я думаю, не надо долго объяснять.

Требования о возврате останков хана Кенесары поступали в Кремль периодически, начиная с 50-60-х годов прошлого века, еще с советского периода. Причем как от государственных учреждений – министерств, научно-исследовательских институтов Казахстана, так и от частных лиц. Подобные требования зачастили особенно

в годы независимости. В 2009 году я лично видел письмо консула Казахстана в С.-Петербурге с подобной просьбой, адресованное директору петровской Кунсткамеры. В тот раз я в С.-Петербург приехал с одной единственной целью: убедиться либо опровергнуть устоявшееся мнение, что останки хана Кенесары хранятся или в Кунсткамере, или Эрмитаже. И убедился в том, что останков хана Кене там уже давно нет.

Не далее как в прошлом году группа лиц из Алматы отправила президенту России Владимиру Путину открытое письмо с требованием вернуть голову хана Кенесары. Какой ответ последовал на это письмо и вообще дошло ли оно до адресата, мне не ведомо.

Встреча с писателем, журналистом-исследователем, ныне покойным Амантаем Сатаевым, посвятившим немало времени изучению восстания хана Кене (в частности, поиску его головы), в корне изменила моё отношение к этой легендарной исторической личности. Подчеркну, что покойный Сатаев свои исследования и поиски вёл в советское время, в 60–80-х годах, серьёзно рискуя попасть в немилость всевидящего ока и коммунистического режима и КГБ, что чаще всего заканчивалось для любого смельчака, по крайней мере, «психушкой». Мне же, волею обстоятельств, но уже в годы национальной независимости и при полной свободе действий, приходилось возвращаться к этой теме лишь эпизодически. Признаюсь, что продолжение дела покойного Амантая Сатаева велось параллельно с исследованием истории национально-освободительного движения «Алаш» начала XX века и его лидера Букейхана. Последняя экспедиция в Омск, состоявшаяся в июне 2014 года, не стала исключением.

В Омском государственном историко-краеведческом музее (ОГИК музей), особенно в государственном историческом архиве Омской области (ГИАОО), где потрудились экспедиция, их руководители пытались убедить нас в том, что информация о нахождении черепа султана Кенесары Касымулы в ОГИК или ГИАОО – не более чем легенда, неизвестно кем распространённая, но не имеющая под собой никаких оснований.

Особо подчеркну, что, интересуясь дальнейшей судьбой останков хана в Омске и Санкт-Петербурге в 2009 году, члены экспедиции не ставили своей целью непременно найти сам предмет пои-

сков, сколько искали ответы на не менее важные вопросы: когда, куда, кем, кому – до революции 1917 года или после – и по чьему приказу или распоряжению он передан?

Мне, имеющему более чем 20-летний опыт работы в архивах России, пришлось впервые за эти годы столкнуться с этим наследием советского прошлого. К примеру, архив КГБ СССР образца 1991 года, архив КГБ Казахстана образца 1992 и ФСБ РФ образца 1995 года (в 1995 году ещё ФСК – федеральная служба контрразведки) – самых закрытых государственных ведомств – показались более открытыми и доступными, нежели «гражданский» ГИА Омской области образца 2014 года. Поскольку в ГИАОО все дела, отмеченные грифом ДСП, выдаются только исключительно с разрешения первого руководителя учреждения. Тогда как спецслужбы СССР, Казахстана и России по первому же письменному обращению предоставляли настоящие копии документов из некогда «совершенно секретных» дел. А КГБ Казахстана образца 1992 года вообще допустил к работе в архиве без лишних формальностей.

Не менее странным показалось и то, что грифом ДСП были отмечены дела, имеющие более полутораветковую историю – к периоду восстания хана Кенесары – первой половине XIX столетия.

Директор ГИАОО, к кому мы обратились за разрешением, к сожалению, буквально на следующий день после нашего визита в архив отправилась в заслуженный летний отпуск. Несколько виноватые ответы рядовых сотрудников ГИАОО, вроде «как нам сказали, так мы и сделали: обращайтесь к руководству», а ответ и.о. директора о том, что «разрешение может дать только сама директор после выхода из отпуска» лишь усилило наше недоумение. Судя по всему, это явление возникло недавно. И очень похоже, что оно – не плод собственной инициативы руководства ГИАОО, а последствия указания откуда-то «сверху».

Ничего приятного не было и в грифе «ОЦ» (очень ценное), который при заказе копий необходимых архивных документов чувствительно ударил по карману без того небогатых учёных из Астаны.

– **Что говорят и думают о Кенесары хане в России?**

Султан Хан Аккулы: Немного предыстории. Русская императрица Анна Иоановна грамотой от 12 февраля 1731 года согласилась принять казахов в подданство России на условиях, содержа-

щихся в письме-просьбе хана Младшего жуза Абулхаира. Этот акт юридически заложил начало вхождения Казахстана к России. 10 октября 1731 года хан Абулхаир принял присягу в верности императрице от имени, как свидетельствуют последние материалы из российских архивов, не только подвластных ему казахов Младшей орды, но и всех трех жузов, что явилось обманом.

Тем не менее окончательно уточненными условиями соглашения о добровольном подданстве Казахстана являлось следующее: казахи обязывались сохранять верность императрице и ее наследникам, согласились на ограничение внешнего суверенитета ханства, обязывались нести воинскую службу, не нападать на торговые караваны и других подданных России, вернуть пленных, платить подати или налоги, выделять аманатами детей ханов и султанов.

В свою очередь, принимающая в свое подданство сторона в лице Российской империи обязалась - обратите внимание - «охранять своих новых подданных от внешнего нашествия и притеснения». Очевидно, что в условиях соглашений не предусматривалось правомочие русской империи вмешиваться во внутреннюю политическую жизнь казахов, не говоря уже о покушении на их земли и территорий. Переговоры носили добровольно-договорной характер, пусть даже при фактически неравноправном положении договаривающихся сторон. В итоге Казахстан вошел в подданство Российской империи, юридическим признанием чего явились торжественные клятвы ханов, султанов, родовых вождей, народных биев и батыров [тарханов] в верности ей.

С государственно-правовой точки зрения, по условиям соглашений формой зависимости Казахстана от России являлся протекторат. Юридическим критерием протектората является ограничение суверенитета протектируемого государства, в частности, Казахские ханства потеряли самостоятельность во внешней политике, перестали быть субъектом международно-правовых отношений. Но, в то же время, я подчеркиваю, протекторат предусматривал сохранение для государства-протектората внутреннего самоуправления, тогда как уставами 1822 и 1824 годов, не говоря уже о более поздних политико-административных реформах 1867-1868 годов, а также положениях от 1886 и 1891 годов, русская империя грубо и безапелляционно нарушила односторонне все условия вхождения Казахстана в подданство.

Юридически отношения ханств Младшего и Среднего жузов с Россией до 1822-1824 годов именовались «подданством», но в соглашениях нет ни слова о превращении казахских ханств и их территорий в неотъемлемую часть и собственность России. Казахские ханства существовали как вассальные государства, как, например, Австралия относительно Великобритании, и русская империя вплоть до 20-х годов XIX века все сношения с казахскими правителями осуществляла через свою коллегия иностранных дел.

Дальнейшие реформы, проводившиеся русской империей в Казахстане, имели конкретную задачу: «добиться слияния киргизских степей с прочими частями России». Между тем ликвидация ханского института государственной власти в Среднем и Младшем жузах уставами 1822 и 1824 годов было ничем иным как ликвидацией казахской национальной государственности. Это явилось вопиющим, грубым и односторонним нарушением Российской империей условий присоединения Казахстана и своих же вышеупомянутых обязательств по двусторонним соглашениям. Так была грубо и незаконно прервана история Казахского ханства, 550-летие образования которого мы празднуем в этом году.

В очерке **«Исторические судьбы Киргизского края** (замечу, что под «киргизским» и «киргизами» подразумевались Казахский край и собственно казахи - вплоть до 1925 года) и культурные его успехи», который был издан в 1903 году в Санкт-Петербурге в многотомном сборнике **«Россия. Полное географическое описание нашего отечества»** мы найдем такие строки: **«В сороковых годах XIX века Киргизская степь в последний раз вспомнила старину. Внук Аблай-хана Кенесары Касымов, затмивший в народных сказаниях славу своего популярнейшего деда, собрал несколько тысяч наездников из представителей недовольных и, объявив себя восстановителем былого величия киргизского народа, пытался поднять под свое знамя весь киргизский народ... Благодаря этому обстоятельству Кенесары В ТЕЧЕНИЕ 7 ЛЕТ ПРОДЕРЖАЛСЯ ГОСПОДИНОМ КИРГИЗСКОЙ СТЕПИ, которую исколесили его приверженцы ОТ ОРЕНБУРГА ДО КАРКАРАЛОВ, ОТ ПЕТРОПАВЛОВСКА ДО ТУРКЕСТАНА».**

Кенесары Касымұлы пытался не просто восстановить единое-неделимое казахское национальное государство с изжившим свой век ханским институтом государственной власти, а с вполне современными структурами государства, как система налогообложения, казна (государственный бюджет), регулярная армия и т.д. В этом можно убедиться, прочитав труды историка Ермухана Бекмаханова о восстании казахов под предводительством Кенесары, переизданные в последние годы.

Другой исторический факт в том, что регулярная, профессиональная и вооруженная современными видами стрелкового оружия армия могущественной русской империи оказалась бессильной на протяжении 10 лет – с 1837 по 1847 годы – перед полководческим талантом Кенесары. Например, один из русских офицеров, И.Ф.Бабков, в своей книге «Воспоминания о моей службе в Западной Сибири. 1859-1875» (стр. 29), изданной в 1912 году в С.-Петербурге, писал о нем следующее: **«Онъ возмечталъ возстановить ханское званіе въ Северной орде и для осуществленія этой цели, выступилъ открытымъ врагомъ Россіи и вновь введеннаго въ киргизской степи русскаго управленія. Отличаясь решительностью, энергіей, мстительностью и жестокостью къ победеннымъ, Кенисара успелъ въ короткое время собрать около себя значительныя скопища. Всегда щегольски одетый въ бархатный бешметъ съ эполетами, съ знаменщикомъ позади, окруженный джигитами и наездниками съ длинными копьями, Кенисара гарцовалъ все года впереди своей многочисленной свиты... Кенисара былъ невысок ростом, черты лица напоминали калмыцкій тип, узкіе глаза сверкали умом, энергіей и лукавством. В своих набегах Кенисара былъ подобенъ всеокрущающему урагану: он не останавливался ни перед какими бы то ни было препятствіями и пользовался безграничною до самоотверженія, преданностью своих сторонников».**

Русский географ, известный исследователь истории и этнографии казахов тургайского края А.Добросмыслов также не смог удержаться от похвалы: **«Этотъ султанъ былъ человекъ энергичный, решительный, обладавшійкъ тому же недюжиннымъумомъ».**

Еще один русский исследователь, краевед Семипалатинской области, депутат I и II Государственной Думы Николай Коншин не скрывал своего восхищения личностью хана Кене: «После гибели в Туркестане султана Касыма Аблайханова и его сыновей Саржана и Исеньгелды во главе киргизскаго движенія стали их братья Кенесары Касымовъ. Это был выдающійся во всех отношеніяхъ человекъ, стоявшій много выше своихъ сподвижниковъ, навсегда умевшихъ выйти изъ узкой сферы личныхъ и родовыхъ отношеній. Только въ лице Кенесары мы встречаемъ въ истинномъ смысле національнаго киргизскаго «героя», мечтавшаго о политическомъ объединеніи всехъ киргизь».

Британский ученый, исследователь истории казахов середины XIX века Т.-В. Аткинсон утверждал следующее: «Кенесары готовил из киргизов прекрасных бойцов. Многие говорили мне, что именно необычайная ловкость в обращении с копьем и боевым топором позволяла джигитам Кенесары столь успешно воевать с превосходящими силами противника. Имея хороших офицеров, киргизы могли бы составить лучшую кавалерию в мире».

Хана Кенесары достало не русское оружие, как следовало бы ожидать и что выглядело бы логичным, он пал по нелепой и трагической случайности, каких примеров немало в истории легендарных исторических личностей. Он пал по нелепой и трагичной случайности, каких немало в истории легендарных исторических личностей. Хан Кене, как его называли в многочисленных народных песнях, преданиях и легендах, погиб из-за предательства своих близких соратников, тайно ушедших из его войска со своими отрядами под покровом ночи. Он был окружен и пленен, когда остался с небольшим отрядом, и казнен издевательски, а его голову передали в дар русскому князю Горчакову в 1847 году в Омске. Среди дарителей вместе с киргизами фигурировали те самые предатели. Дальше что стало с головой последнего из казахских ханов, вы уже знаете...

И после своей трагической гибели имя Кенесары, его бескомпромиссная борьба за свободу и независимость, его выдающийся талант государственного деятеля и полководца, его непоколебимый дух и воля к свободе, преданность интересам своего народа

и страны, его яркий патриотизм и беспримерная храбрость воодушевляли благодарных потомков продолжать его дело и сотни лет спустя, спустя века. Даже его поражение послужило горьким, но столь же необходимым уроком в борьбе за восстановление национальной государственности и независимости уже новому поколению казахов – лидерам движения «Алаш» в начале XX века.

– Что нужно сделать, чтобы голова казахского хана вернулась на свою историческую землю и была похоронена согласно обычаям предков?

Султан Хан Аккулы: Скажу прямо и без обиняков: ученые, журналисты, отдельные граждане, равнодушные к судьбе отечественной истории и лично к судьбе хана Кенесары, общественность и даже ряд государственных учреждений Казахстана сделали все возможное, чтобы розыскать, где находится останки легендарного хана. Достаточно достоверные источники сообщили мне, что остальные фрагменты тела покойного Кенесары, кроме черепа, похороненные на территории Киргизии после казни, уже найдены и находятся в надежном месте. Требуется определенные денежные средства для проведения тщательной экспертизы, чтобы развеять любые даже мало-мальские сомнения относительно принадлежности этих фрагментов к Кенесары.

Ну а последнее слово в возвращении черепа хана Кене - за государственной властью, а именно за Президентом – лидером нации Нурсултаном Назарбаевым. Он, имея непререкаемый авторитет на всем постсоветском пространстве и мире, этот вопрос может решить одним словом, подняв его перед президентом России Владимиром Путиным.

– Какой смысл возвращать голову Кенесары хана в Казахстан? И что это нам даст?

Султан Хан Аккулы: Если государственная власть действительно заинтересована в пробуждении и подъеме национального самосознания казахов, как государствообразующей нации, то она предпримет все меры, чтобы вернуть останки хана Кенесары Касымулы. Поскольку он является воплощением свободлюбивого и вольного духа степного народа, ярким примером патриотизма, искренней любви к земле отцов и бескорыстного служения отчизне, подлинным символом свободы и независимости страны казахов.

Ведь, согласитесь, что укрепление суверенитета, территориальной целостности, обороноспособности страны – это не только усиление армии, спецслужб и других силовых ведомств государства, а, прежде всего, укрепление духа, воли народа, подъем его национального самосознания, возрождение его исторической памяти. Возвращение останков хана Кенесары может и станет мощным началом возрождения исторической памяти нашего народа, его великого духа и воли. Образ Кенесары мог бы стать примером для воспитания нашей молодежи. К сожалению, у нас телеканалы заполнены всякими зарубежными боевиками, турецкими и прочими сериалами, а почему бы не снять современный фильм про Кенесары, пусть даже в стиле боевика? К примеру, фильм «Храброе сердце» в свое время поднял национальный дух всей Шотландии.

– **В Казахстане намечается празднование 550-летия Казахского ханства.**

Султан Хан Аккулы:Здесь я еще хочу особо подчеркнуть: празднование 550-летия Казахского ханства будет далеко-далеко неполным, недальновидным - и исторически, и политически - актом, если не вернуть останки КенесарыКасымулы - последнего казахского хана всех трех жузов, на родную землю, в родную страну, за свободу и независимость которой он боролся до последней минуты своей короткой, но яркой жизни. И вернуть именно в год 550-летнего юбилея Казахского ханства. И именно в период правления первого президента Независимого казахского государства. И похоронить в национальном пантеоне в Астане с почестями, соответствующими его статусу главы единого Казахского ханства. Этим актом президент Н.Назарбаев стал бы зачинщиком доброй традиции, традиции народа чествовать и почитать своих славных правителей.

– **Спасибо за интервью.**

Лица Калиева

Источник: Информгентство «7News.kz».

АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН АТАНЫҢ АРДАҚТАЛУЫ

Кеше (25.02.2015) Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Қазақ елінің қаһармандық тарихы және Кетбұқа тұлғасы» тақырыбында дөңгелек үстел өтіп, оған белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері мен ғалымдар қатысты.

(«Егемен Қазақстан», 21 ақпан 2015 жыл)



Қазақ баласында кішкентайынан «Ақсақ құлан» күйінің шығу тарихы мен хан баласының өлімін Кетбұқа баба күймен естірткенде, домбыраның шанағына қорғасын құйылыпты, домбырадағы тесік содан қалған екен деген аңызды естімеген жан жоқ шығар. Бала қиялын сонау әлмисаққа тартатын, көңілінің көгінде күй күмбірін төгілдіретін, алыстағы арманға қол сермететін осынау күй-аңыз қазақ даласын ғасырлар бойы тербеген.

«Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің қолға алуымен жарыққа шыққан «Абыз тұлға, аңыз тұлға - Кетбұқа» жинағын таныстырып, баба жайындағы ғылыми ортаның ой-пікірін жинақтауға құрылған дөңгелек үстелді ашқан ЕҰУ проректоры Дихан Қамзабекұлы: «Биыл қазақстан халқы Ассамблеясының, Ата Заңымыздың 20 жылдықтары және Қазақ хандығының 550 жылдығы үлкен мемлекеттік деңгейде аталып өтпекші. Осының барлығы біздің елімізді бірлікке, ынтымаққа, тарихымызды білуге шақырады. Кетбұқа болса, карапайым халыққа аңыз түрінде және ғалымдар ізденістерінде табылған дерек түрінде келіп жетті», дей келіп, оны тарихтың қойнауына жасырынған тек аңыз бейне деп қана емес, тарихи тұлға ретінде тәуелсіздігіміздің керегіне жарату қажеттігіне тоқталды.

Жиналғандарға аталы сөзін, баталы сөзін бағыттаған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Өмірбек Байгелди халқымыздың өткен өмірінде терең ізін қалдырған, еткен ерлігі аңызға айналған, ұлы тұлға – Кетбұқа туралы әңгімеге жиналып отырған қалыпты сауабы мол, маңызы телегей тіршілік деп ойлайтынын жеткізіп: «23 жылдың жүзінде 300 жыл бойына шашылған, бұрмаланған тарихты жинақтау оңай іс емес. Кеңес өкіметі алғаш орнаған жылдары арабша жазылған кітаптардың барлығын «Құран» деп жинап, өртеткенде, ішінде тек діни емес, барлық рухани дүниелер де тегіс жойылды. Сөйтсек, оның бәрі тарих екен. Солардың барлығын жинап, ешкімнің үйінде қалдырмай кырнап, тазартқанның артында халықтың тарихи жадын жоғалтатын сұрқия саясат жатқан екен. Сонау ертедегі бабасынан қалған, ұрпағына жеткен дулыға, қылыш, семсерлерді де неге жинайды десек, оның да ар жағында санасына ештеңе қалдырмау керек, тарихынан ештеңе білмесін деген терең саясат жатыпты. Сондықтан да, тарихымызға

қатысты дүниелер өздігінен жоғалған жоқ, жалпы, ештеңе ізім-қайым жоғалып кетпейді. Издеген табады. Кетбұқа жайлы деректерді жөнін тауып, ретін тауып іздестіруіміз керек», десе, ғалым Тұрсын Жұртбай абыз ағаның сөзін тірілтті. Сонау кеңестер тұсында, осыдан 35 жыл бұрын асылдарымызды зерттеп, одан «Дулыға» атты қос том шығарып, түркілік тұлғатанудың бастауында болған ғалым, Кетбұқаға қатысты деректердің француз, араб-мәмлүк мұрағаттарында жазылғанын айтып, аңыз бабаны зерттеуде қателіктерге бой ұрмай, екшеп, зерттеп барып ғылыми айналымға түсірудің маңызын қадап айтты.

Фольклортанудың көзі тірі корифейі, академик Сейіт Қасқабасов Кетбұқаның Жошы өлімін Шыңғыс ханға естіртуін дала заңдылығына жатқызды. Өйткені, қай кезде де, өмірден айтулы тұлға озғанда оны естіртетін адам да толымды болуы тиіс. Мәселен, Абылайға Үмбетей жыраудың Бөгенбай қазасын естірткені тәрізді деп, сонау ықылымнан жеткен дәстүрдің көнермей бүгінгі санаға дейін жетуін мысал етті.

Дөңгелек үстелге қатысқан дәулескер күйші Жанғали Жүзбаев «Ақсақ құлан» күйінің де, аңызының да әлденеше нұсқасы барлығын айта келе, жиналғандар назарына сол күйді ұсынды. Ал белгілі тарихшы Жамбыл Артықбаев: «Тарих ғылымы тәпсірлеуді (интерпретация) қажет етеді. Сол тәпсірді кім қалай жасайды, ол қалай жарық көріп, айналымға түседі, солай тарихи түсініктер қалыптасып жатады. Кетбұқаға қатысты қолымызда көп дерек жоқ, негізінен қазақ, иран, араб мұрағатында, ал соның ішінде қазақ аңыздары тәпсірлеуді қажет етеді. Мысалы, жаңа орындалған күйдің Орталық Қазақстанда жыр түрі де бар ғой. Алаша хан, Жошы хан деп басталатын осы жырдың нұсқасында неге Шыңғыс хан мен Жошы хан жайында емес, неге Алаша хан, Жошы хан? Бұл да белгілі бір дәрежеде идеология деп ойлаймын. Сосын біздер үшін Бейбарыс пен Кетбұқа тұлғаларын қарастырғанда алдыңғысы тарихи тұлға ретінде мойындалды да, ал Кетбұқаға келгенде олай болған жоқ. Сондықтан осындай тұлғаларды дұрыс тануға күш салып, алдымен деректерді барынша жинастырып, сүзгіден өткізу маңызды» деген ойын айтты.

Дөңгелек үстел отырысында «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Төлеген Бүкіров, «Ақ жол» демократиялық партиясы Орталық кеңесінің хатшысы Сәбит Байдалы зиялы қауымға, ғалымдарға Кетбұқадай аңыз да абыз тұлғаны танудағы жасалған қадамдарға қолдау көрсеткен жандардың барлығына алғыстарын айтты.

«Абыз тұлға, аңыз тұлға - Кетбұқа» жинағы Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Шахмұрат Ибадатовтың құрастыруымен «Фолиант» баспасынан 3000 таралыммен жарық көріпті.

Анар ТӨЛЕУХАНҚЫЗЫ

Кітапты құрастырушылар түсініктемесі.

Өмірін халқының азаттық алып, еркін ел болуына арнаған өз заманындағы қазақтың бетке ұстарларының бірі болған, абыз тұлға, аңыз тұлға Кетбұғаның бізге шежіре арқылы жеткен халық жадындағы тарихи есімі бұрмаланып, тіпті Ата-шежіреден де кездеспейтін лақап есім – Кетбұқаға айналып кетпей ме деген күдікті ойдың шырмауы бізді бұл мәселеде бөлек ойы бар автор іздеуге мәжбүрледі. Оны таптық та. Кейінгі кезде Ата тарихымызды асқан қажырлылықпен қайыра қонарып, оның ілгерінді-кейінді оқиғалары мен деректерін зерттеп-зерделеп жүрген өлкетанушы ғалым, шежіреші, дінтанушы, ақын, Әлем халықтары Жазушылар одағының мүшесі Тоғанбай қажы Құлманұлының «Кетбұға ма, әлде Кетбұқа ма?» атты мақаласын шежіре-тарихты түгендеу жолында қателеспейік деген ниетпен жұртшылық назарына ұсынамыз.

КЕТБҰҒА МА, ӘЛДЕ КЕТБҰҚА МА?



Биыл еліміз Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өту үстінде. Алайда, халқымыздың тарихи тамырының одан да әріде, тым тереңде жатқанын бәріміз жақсы білеміз. Әйтпесе, көптеген жатжұрттықтар біздің тәуелсіз елдің ширек ғасыр ішінде әлемдегі озық ойлы елдер қатарына шығып кеткенін ақылдарына сыйғыза алмай, былайша айтқанда, іштарлықтан түрлі қаңқу сөздерді қоңырсытып та жүр. Сол себепті өткенімізді түгендеп, сол кезеңнің жарқын тұлғаларын зерделеп, жастарға дұрыс ұғындыру әрбір саналы азаматтың парызы.

Мен, кездейсоқ жайға бола көңілді алаңдата беретін жастан әлдеқашан өтіп кеткен адаммын. Сондықтан да, тәуелсіз Қазақ Елінің азаматы ретінде заң мен заңдылықтардың, ұлттық салт-дәстүрлердің бұзылуына жол бермеуді әркез адал борышым деп санаймын.

Тарихты бүгінгі күн тұрғысынан түсіндіруде методологиялық мәселелердің назардан тыс қалмауы үшін, гуманитарлық ғылымдар кешенді тұрғыда ат салысуы қажет. Өйткені, Қазақстан тарихын дәуірлеу (периодизация), деректану, тарихнама мен зерттеу әдістерінің заңдылықтарын қадағалауда туындайтын теориялық және методологиялық мәселелері жетіп артылады. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Жамбыл Артықбаев «... Қазақ этногезі проблемасын ғылымның антропология, генетика сияқты салаларынсыз шешу мүмкін емес», деген тұжырымды ұзақ жылдардан бері айтып келеді.

Халық даналығы: «Толған ел – тарихын таспен жазады, тозған ел – тарихын жаспен жазады», – дейді. Сол себепті «қазақ ұлтының рухын жандандыру үшін ең алдымен, өзіміздің шынайы тарихымызды, мәдениетіміз бен дінімізді терең пайымдап, сезінуіміз» керек. Егер аяқ басқан сайын тарихи оқиғаларды саясиландырып, тұлғалар есімін «бұрмалау» тәсілімен шежіреден шығарып тастап,

тамыры жоқ, тегі жоқ, ойдан құрастырылатын «кино кейіпкеріне» айналдыратын болсақ, онда елдік деңгейдегі тарихи тұлғалар бейнесін қалай қалыптастырамыз? Жат жұрттықтарға «бабамның есімі қалай жазылатын еді», соны түсіндіріп берші деуіміз керек пе? Сонда қазақтардың арғы атасы болып табылатын түріктердің «сына» жазуы «кирилл» жазуынан 15 ғасыр, «грузин-армян» жазуынан 10 ғасыр бұрын пайда болды» дегенге күдік келтіреміз бе? Жоқ, оның реті келе қоймас. Қайта ата-бабалардың өнегесін дұрыс қабылдап, ұрпаққа дұрыс мағлұмат беруге күш салайық. Мен айтып отырған бұл пікір соны емес, оны әркім-ақ айтып жүр. Тіпті, дуалы ауыз ағаларымыз ғылыми еңбектеріне де енгізді. Бір жерлесіміз, ұзақ жыл Жезқазған қаласы облыс орталығы болған кезінде арамызда жүріп, облыстық кәсіптік-техникалық білім беру басқармасын басқарған, кейінірек республикалық деңгейде қызмет атқарған, ҚР Білім министрінің орынбасары болған, ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған, Халықаралық ақпараттану Академиясының академигі, Ресей кәсіптік-техникалық білім беру Академиясының академигі, Қазақстан педогогикалық ғылымдар Академиясының толық мүшесі, п.ғ.д., профессор, Болат Әбдікәрімұлы айтқан мына бір ғылыми тұжырым әр жүрекке қозғау салуға тиіс, яғни намысты жанның көкірегіні оятқан бұлқыныс тура бағыт ұстануға ұмтылтады деп сенемін: «...кезінде бабаларымыздың тасқа таңбалаған мұраларын бізге Батыс ғалымдары оқып берді. Енді өзіміз оқуымыз керек. Өйткені, Орхон-Енесай жазбаларынан бастап, талай мұраларымызды сөйлетуде орасан қателіктер бар екенін біле бастадық. Біз өз мұрамызға өзгелердің көзімен қарап үйренгенбіз. Сол әдеттен арылып, бұл мәселеге өзіміз шындап кірісетін уақыт жетті. Өз ұлттық құндылықтарымызды азаматтық мұраға айналдыруға өзіміз күш салуымыз қажет». (*Фибратты сұмыр: Тұлға. Ұстаз. Ғалым*), (*құраст. А.М.Әбдіров, В.В.Егоров, Қ.А.Сарбасова*), Астана, «Жасыл Орда» баспасы, 2015 жыл, 92-бет).

Қашаннан тағдырымыз бір болған «қарға тамырлы қазақтың» қай баласы дана болса, сол елге ортақ құт – бақыт. Солай болған, бола да бермек. Олардың ерлігі- үлгі, тарихы -елдіктің көрінісі. Сол үшін көзі қарақтылар тарихи тұтастықты құрайтын ел-шежіресін жазған. «Тарихи шежірелерге патша өкіметі саяси мән

беріп, жергілікті орындардан жинатып отырған», – деп Әлкей Марғұланның да атап өткені есімізде жүрсе де, соның астарына кейде мән бермейміз. Кеңес өкіметі ол істі індетте түскені мәлім. Сонда олар қазақ халқына жанашырлық жасап, ұйыстырайын деп пе еді? Сол қармаққа түсіп қалғандықтан әлі күнге таптаурын жолдан шыға алмай шиырлап жүргендердің бары анық. Халық жадында сақталған тарихи мәлімет әрқашан құнды, пайдалы болғанын профессор Мақсат Алпысбестің «Қазақ шежіресі: тарихнамалық-деректанулық зерттеуінде (Астана: «BG-Print», ЖК, 2013 жыл): «Шежіре – қазақ халқы тарихының тарихи-этнографиялық дерек көзі». «Шежіре қазақтың қадірлі ұлттық дәстүрінің біріне айналған», – деп орынды атап көрсетеді. Шежіреге енгізілген теріс пікір тұтастай тарихи оқиғаларға, тұлғалар есіміне нұсқан келтіретіні анық. Ол тарихымызды бұрмалауға әкеліп соқтырады. Сол себепті мұндай істе аса сақтық қажет. Дәлел негізді болуға тиіс.

Бар ғұмыры тартысқа құрылған Кетбұға есімін ертеден-ақ елі ұлықтады. Өйткені ол шын мәнінде әлемдік деңгейдегі бірегей тұлғалардың бірі еді. Оның өресі Шыңғыс ханмен де иыктасқан. Сол себепті оған таласатындар да, өзіне жақын тартатындар да, оның атына қара күйе жағуға ұмтылатындар да табылуы заңдылық. Содан барып оның бүгінге дейінгі өмірбаяндық ғұмырнамасы әр қилы құралып, тарау-тарау болып қалыптасып жатса таңырқауға болмас. Дегенмен де бүгінгі көзі қарақты саналы ұрпақ тарихи тұлғаларға қиянат жасау обал екенін ескеруі ләзім.

«Тіліміздегі кісі есімдері – мәдени-тарихи мұра, ұлттық құндылық. Бұл атаулардың өн бойына ел тарихының, халықтың болмысы мен дүниетанымының, табиғат құбылыстары мен кәсібінің, салт-санасы мен әдет-ғұрпының қат-қабат сырын сақтаған», – деп жазады. «Қазақ есімдерінің анықтамалығын» құрастырушылар профессор, ф.ғ.д., Телғожа Жанұзақ, және ф.ғ.к., Ғарифолла Әнес (Алматы, 2009 жыл, 3-бет) – Егерде есімдердің дәуір, қоғам өміріне қарай даму, толысу, өзгеру сырына ден қойып, айрықша зер салсақ, онда ұлтымыздың әр кезеңдегі тарихи дәуірлердегі рухани және мәдени өмірінен мол мағлұматтар аламыз». Осыны ескерген Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев 1996 жылы 2 сәуірде «Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу туралы» Жарлық шығарды. Оның бірін-

ші бабында «...тегі мен әкесінің атының түбірлік негізі сақталуға тиіс» деп атап көрсетілген. Осы мәселеге қатысты Қазақстан Үкіметі жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының «Қазақстан Республикасындағы ұлты қазақ азаматтардың аты-жөнін реттеудің Тұжырымдамасы қабылданды. Қыруар жұмыстар жүргізілуде. Оған білікті мамандар мен ғалымдар ат салысуда. Тілдік ахуал – қоғамдағы тіл саясатының нақты қолдануының көрінісі. Ол Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы» заңның жүзеге асуының бір көрінісі, яғни оның құқықтық негіздерін баян етеді. Сол себепті бұл мәселеге жүрдім-бардым қарауға ешкімнің ешқашан еш себебі жоқ.

Реті келгенде айта кетерлік бір жайт, кейінгі кезде Кетбұғаны тарихтың сан тарау оқиғасына да киліктіріп, руы мен атауын өзгертіп, ойдан құрастырылған кітап кейіпкерлеріне айналдырып – «Кербұға», (*ғылыми терминге негіздеме неітпен*) «Кет Бұқа», «Кетбұқа», «Кет-Бұқа», «Керт бұғы», «Кетбуқа», «Кит Бұғы» болып қалыптасу етек алып барады. Ертеректе ол білместіктен болған жайт еді. Қазіргі ұстанымды қалай ұғуға боларын біле алмадым... Дұрысы, Кетбұға баба есімі қалыптасқан, яғни ауыз-екі айтылу ретімен қазақи ұғымға лайық «Кетбұға» болып қала бергені жөн. Ол пікірлерімді, дәлелімді сан мәрте жазып келемін. Сонымен қатар осы және басқа да ұқсас мәселелерді бірізділікке түсіру 1996 жылғы Жарлықта қарастырылған. Десекте, ғалымдар арасында әлемге танымал Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев (*Абайды – Ибраһим, т.б.*), т.б. тұлғалардың есімдерін жазғанда «алғашқы ресми» нұсқасы сақталып қалмаса, өзге елдің ғалымдары көз жазып қалады екен. Бұл да ақылға қонымды десек, онда өз жастарымыз арасында қосымша түсіндіру жұмыстарын жүргізейік.

Әуелі Кетбұғаның ұлты қазақ, діні мұсылман, соңында ұрпақтары бар екенін ажыратып алуымыз керек. Әйтпесе, аңыз тұлға жайлы сөз шексіздікке созылып кете бермек.

Ғалым Тұрсын Жұртбай ертеректе: «...киелі хайуанаттардың атын кісінің есіміне қосып айтатын ежелгі түркі дәстүрі бойынша «Кет-бұқа» атанды», – деп жазды. Әлгінде мен айтқан мәселелерге тұңғыш түрен салып басын ашуға мұрындық болған да Тұрсын ағамыз. Оған әлі сан ораламыз. Түрсекең көрнекті қазақ ғалымы, оған талас жоқ. Өзіміз де сол ғалымның еңбегіне сілтеме жасап

басшылыққа алатынымыз рас. Әлгі жазбаны оқыған сайын баба есіміне қатысты ойлар санада ширыға береді де, «ежелгі түркі дәстүрі бойынша «Кет-бұқа» атанды» деп әуел бастағы «Кетбұға» есімі жатжұрттықтар арасында солай аталып кеткенін айтса керек деген ойға орала беремін. Өйткені «Азан шақырып қойған есімі» деп тұрған жоқ қой. Сондай-ақ, Түрсекеңнің досы марқұм Ақселеу Сейдімбек ағамыз да пір тұтатын ғалымдарымыздың бірегейі. Ол екеуінің дос екені де баршаға аян. Соған байланысты ойланарлық тұсымыз: «Бұқа» мен «бұға» сөзі қазақтар арасында қолданыста ілгері замандарда да болған-ау!» дегенге саяды. Осы екі сөздің мағынасына үніліп зер салған жан бар ма? Олардың пікірі қандай?

Шежірелердің бір тармағындағы көпшілікке беймәлім оқиғалардың, Найманның шығу тарихының сонау Ноғайлы заманынан да әрі жатқанына жол сілтейді. «Найман елі – Қытай тарихында – VIII-IX ғасырда белгілі болған. Оқыран өзенінің басы Мұңғолдан Ертіске дейін қоныстанған. Найман руының алғашқы патшасы Нарқыш Таян, Инаш қаған, Бұқа хан, Табұға, Бұйрық хан және үлкен рулардың басшылары Тоқпан, Елата, Өкіреш, Кетбұға, Төлекатай, Сүгірші болған», – деп жазады. (*«Найман – Қаракерей Жаңбырышы руының шежіресі» кітабы, Алматы, 2001 жыл*). Осындағы «Бұқа хан», «Табұға» есімдері анық жазылғанан аңғармау мүмкін бе? Демек, «бұқа» мен «бұға»-да айырма бар. Ол нені көрсетеді? Ол жайлы ғалымадар нақты тұжырымын өздері айта жатар.

ДАТ (*далалық ауызша тарихнама*), яғни ауыз-екі шежіре бойынша Жанарыстан – Карашор туады. Сонау шежіре басында тұрған тұлғалар өз балаларын қалай атауды білмеген деп күмәндануға бола ма?! Зер салайық: Қарашордан – Тұлпар батыр – Алшын – Семізбұға – Жұмыр – Жұртбай – Жүндібай – Кененбай – **Сары** (Сармантай) – Шал – Ер Қаптағай – **Найман**, Наймантай. Найманның сегізінші атасы (бабасы) – **Семізбұға**. Назар аударыңыз Семіз Бұқа емес – Семізбұға! Шамамен Кетбұғанын он екінші бабасы – Семізбұға! Демек, Семізбұғаны да, Кетбұғаны да қолдан бұқаландырудың қажеттігі жоқ!

Түбі Кетбұға бабаға қатысты «бір шикілік туындай қалса, ойымды біле жүрсін» деді ме екен, кім білсін, жарықтық данагөй Ақселеу ағамыз 1993 жылы мынадай түсінік береді:

«...Кейбір шежіре бойынша Серікбайдан – Келбұға, Кетбұға атты екі ұл туады. Келбұғадан – Балталы, Кетбұғадан – Бағаналы тарайды дейді. Сөз орайында Кетбұға жырау әйгілі Шыңғысханның оң тізесін басып отырған би болғанын, «Ақсақ құлан» сияқты күйді тудырған ұлы күйші екенін айта кеткен жөн». «Қалың Найманның еншісін бөлу билігі жас та болса ақылы кемел Кетбұғаға беріліпті. Кетбұға тоғыз Найманға енші бөліп, таңба таратады. Сонда еншілес Келбұға мен Кетбұғаға таңба жетпей қалып, таңбаларын жылқының сол жағына басады. Содан олар «Теріс таңбалы» атанса керек. Найманның ұрпақтарының еншісін дау-дамайсыз бөлгені үшін Кетбұға «Нокта ағасы» атанады» (*Тарақты Ақселеу (Сейдімбек А.), «Балталы, Бағаналы ел, аман бол», (шежіре), Алматы, 1993 жыл, 91,92-беттер*).

Ғылыми тұжырымы тиянақты болған соң Тұрсекеңе ден қоярымыз анық. Дегенмен қазақтың ежелден қалыптасқан, құлағымызға әбден сіңісті болған бабамыздан қалған құнды мұра шежіреміз де бар ғой. Шежіренің еңсесін көтеріп, ғылыми айналымға қосқан профессор Мақсат Алпысбесұлының еңбегіндегі: «Қазақ халқының шежіресі – тарихи тамыры, оны құраған ру-тайпалардың талайының тарихи тағдыры», – деген тұжырымы езіле бастаған көңілімізге қуат бергені рас.

Кетбұға баба өмірде болған. Ол шежіреде анық көрсетілген, ұрпақтары жайлы дерек келтірілген. Бір гажабы «Кетбұға» шежіреде жоқ! Демек, оның өмірде болғаны, бар-жоғы күмәнді. Міне қайшылық! Сонда барды жойып, жоқтан бар жасай алмау қаупі тумас па екен?

Кетбұға – күрделі тұлға, сол себепті оның төңірегінде сан түрлі лақап әңгіме, жорамал, болжам өте көп өрбіген.

Енді мына бір жайға да назар аударта кетпекпін. «Махамбет Өтемісұлының өмірі мен шығармалары туралы зерттеулер» атты жинақтағы, Бекқайыр Аманшиннің «Махамбеттің бабалары мен ұрпақтары» еңбегінде «Махамбеттің «Айналайын Ақ Жайық» деп басталатын атақты толғауына қатысты кейбір зерттеуші-ғалымдардың пікірімен келіспейтіндігін ашық білдіреді:

«Керт бұғыдай билерден

Ақыл сұрар күн қайда? (1962, 31-бет) –

деген жолдар бар. Ақынның барлық кітабында осылайша

жазылған да, оған «бұғының бір түрі» деген түсінік беріледі. «Бұл – өте жаңсақ және жазылуы қате. Дұрысы – Кет Бұғы. Кет Бұғы – кісі аты. Профессор С.Аманжоловтың көрсетуі бойынша, қазақ шежірелерінің бірінде: Найманның Токпан, Ел-Ата, Өркеш деген үш ұлы болады. Ел-Атадан – Келбұғы, Кетбұғы тарайды. Кетбука (Кит-Бука) деген XIII ғасырда жасаған тарихи адам да болған. Ол – Монғол империясының Хулагу ханы тұсындағы армиясының штаб бастығы Найман Кит Бұғы. Буга, Бука, Буке сөздері түркі-монғол халықтарының тарихындағы кісі аттарында жиі кездеседі. Махамбет ақынның атап отырған Кет бұғысы кім? «Кетбұғыдай билер» дегеніне қарағанда, тарихи немесе аңызға айналған атакты билердің біреуі болса керек. Қорыта келгенде, Махамбет өлеңдеріндегі Кетбұғы сөзі – біріншіден, Керт Бұғы емес, Кет бұғы, екіншіден, бұғының бір түрі емес, адам аты», – дейді. (103-бем). (ikitar.kz).

Әңгіме барысында аңғарғанымыздай тұжырым сан тарау, бірақ кім, қандай пікір білдірсе де, «Кетбұға» – Кетбұға қалпында қалары анық. Өйткені өркениетті елдер дәстүрінде өзге жатжұрттықтар кез-келген атауды, есімді қаншалық бұрмаласа да, қалыптасқан өз тегінің қанына тартып, өз қалпынан айнамайды. Әу бастағы өз ұстанымын берік сақтап қала береді. Алысқа бармай-ақ іргеміздегі Ресей елін алып қарайық. Жат жұрттықтар елінің астанасын – «Moskay», «Мәскеу» деп жазсақта. Өз дегенінен қайтпай «Москва» дейді. Кезінде «Алма-Ата», «Медео» дегеннен әрең арылғанымыз естен шықты ма? Біздің Астана қаласындағы «Кенесары» көшесі өзгелерге ұғынықты болу үшін «Kenessary str» деп таңбаланады. Соған қарап келешекте Кенесары хан деген қате, дұрысы «Кенес-Сары» деп түзетуіміз қажет пе?

Сонымен қатар, шет елдіктер қазақтың қазіргідей дербес мемлекет, тәуелсіз тұтас ел болғанын, онымен қоймай, әлемдегі жетілген елдердің алдыңғы санатында болуға ұмтылған қарқынды қимылына іші жыли қоя ма? Осыны неге пайымдамаймыз? Қазақ халқынан шыққан ұлы тұлғаларды, ғалымдарды, ойшылдарды, шет елді билеген кеменгер басшыларды оп-оңай мойындап, атағы әлемге жайылған данышпандарымыз алдында бас ие қояр деп елді несіне алдарқатамыз? Одан да, елдігімізді нығайтатын кез-келген шарапатты іске қолдау жасап, ілгері алып кетуге тал-

пынуымыз керек қой. Ендеше, сондай бір игі істегі – «Кетбұға бабамызға ескерткіш орнату» қажеттігін сонау жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде көтерген Алдияр Әубәкіровтің бастамасы құптарлық еді.

Шет елдің ғалымдары, қаламгерлері есімнің кітаптарына енгізгеніне қуануымыз керек. Өйткені ол кезде біз заман аужайына алаңдап оны лайықты құрметтей алмағанымыз шындық қой.

Л. Гумилев: «XII ғасырдағы бірден-бір кемеңгер қолбасшы – КетБұқа», – деп жазғаны үшін (*Л. Гумилев, «Черная легенда» кітабы, 56-бет*) оған алғыстың орнына «кезінде «бұға» деп жазуың керек еді» деуіміз бізге лайықсыз болар.

Ұлы бабамыз жайлы деректі Тұрсын Жұртбай «Дулыға» (*II том*), «КетБұқа», Мұхтар Мағауиннің «Қобыздың сарыны» кітаптарында және зерттеуші ғалымдар Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхамбетжан Тынышпаев, Ақселеу Сейдімбек, т.т. еңбектерінен айқын аңғарамыз.

Абай атамыз: «Болмасаң да ұксап бақ» демей ме, Кетбұға нағыз «сегіз қырлы, бір сырлы азамат». Ел билігін араласу, қамқор абыз болу, домбыра мен кобызда елінің зарын дастанға айналдыру, т.б. өнері кімге де болса үлгі емей не? Әлі де қарастырып зерттесе, сан тарау сырдың беті ашылар...

«Күні бүгінге дейін күйшілер Кет-Бұғаның Жошы өлімін естіртуі деп «Аксақ құлан, Жошыхан» атты күй тартады. Қазақ шежіресінің айтуынша, Найманның бір бұтағы Балталы – осы Кет-Бұғадан тараған ұрпақ. Халық өлеңдерінде Кет-Бұға ескіде өткен батағөй аксақал ретінде еске алынады...», – дейді Мұхтар Мағауин «Қобыз сарыны» еңбегінде. Дұрыс, бірақ көптеген деректер Кетбұғаның Бағаналы екендігіне куәлік етеді. Жошы өліміне қатысты нұсқаны әркім әр қилы баяндаса, біздің елдің көне көздерінің сарынымен «Қобыз сарыны» өте үндес келері анық. «Алайда тарихтан белгілі, Шыңғысханның үлкен ұлы Жошы аңда жүргенде қаза болған. Мазары Қарағанды облысының Кеңгір өзенінің бойында тұр... Алайда айтылған хикая парсы тілінде жазылған «Шаджарат аль-атрак» (түрік шежіресі) атты кітапта да (XV ғ.) ұшыратамыз. Мұндағы Шыңғыс ханға Жошының өлімін естіртушінің аты – Ұлығ жырышы (ұлы жырышы, үлкен жырышы)». (*Мұхтар Мағауин «Қобыз сарыны», Алматы, «Мектеп»,*

2003ж., 11-бет). Бұл көне шежіре Кетбұға беделін өсірмесе, кемітпейді. Оның еліміздің ұлы жыршы, ұлық би болғаны аян. Мұхтар ағаның да сол үшін келтіргені белгілі. Бір ғана айырма, Қлытау елінде сақталған нұсқаларда хан қазасы домбырамен естірілді дейді. «Қобыз сарыны» қобызды алға тартады. Ұлы күйшінің қобызды да, домбыраны да күңіреңткеніне дау бар ма? Өйткені, ел басына қатер төніп, тұтас дала аза тұтты емес пе?

Осындайда Қазақ Ұлттық музыка академиясының ұстазы-күйші Жанғали Жүзбайдың: «Күй шежіресін білмей тарту домбырашыны жарға жығады, – дегені еске оралады. – Қазақ «Күй иесі – Қорқыт» дейді, оғыз тайпасынан шыққан бабамыз күй атасы болып есептеледі. «Күй атасы – Кетбұға» деген де сөз бар. Қорқыттың заманы XI-XII ғасыр болса, Кетбұғаның заманы Ұлытауға Жошы ұлысының, Шыңғыс ханның Дешті Қыпшақ даласына келуімен тұстас жылдар. Өздеріңізге мәлім, Палестинаға дейінгі жорыққа қатысқан Кетбұға би, абыз, күйшідан «Ақсақ құлан» деген күй қалды. Бұл – Алтын орда кезең».

Осы ойлар желісін түйіндей келіп Жанғали: әр күйдің астарында «рухынды жоғалтпа, елін мен жеріңді менше сүй» деген өсиет бар. Марқұм Акселеу ағамыз «Күй деген – адамның күйінуі» деп айтушы еді. Демек, күй – күйіктен шығады. Қорқыттың заманын алыңыз, Кетбұға, Асанқайғы, Тәттімбеттің «Бес төресін» алыңыз, қайсысы болса да зар төккен күйініштен шыққан», – дейді. Шындығында күйші – қарапайым жандар емес әр кезең, әр дәуірдің тарихын күймен жазып қалдырған ірі тұлғалар. Ендеше олардың күйлеріне де, есімдеріне де құрметпен қарай білуіміз қажет.

Ел аузындағы, ғалымдар зертеулері мен түрлі басылымдарды мақалалардың ішіндегі түйінді жиынтықтай келе, көкейге қонымдысы «Керей» ақпараттық порталында жарияланаған «Күй атасы – Кетбұға» деген Мұрат Әбуғазының мақаласы. Соған ден қоямын. «Қазақ тарихында Кетбұғаның есімі қабырғалы би, ержүрек батыр, дәулескер күйші ретінде белгілі. Әйгілі «Ақсақ құлан» күйінің авторы. Осы уақытқа дейін Кетбұғаның өмір сүрген кезеңі жөнінде әртүрлі деректер айтылып келеді. Белгілі ғалым-зерттеуші Акселеу Сейдімбектің «Қазақтың күй өнері» атты еңбегінде: «Атадан балаға жалғасып жеткен ауыз әңгімеде де,

жазба деректерде де Кетбұға Шыңғыс ханның замандасы ретінде мәлім. Яғни, шамамен 1150-1230 жылдар аралығында ғұмыр кешкен адам. Ауызша-жазбаша деректерде Кетбұға ұлы жыршы, дәулескер күйші, көріпкел бақсы, тіптен Шыңғыс ханның хат таныған шежірешісі ретінде баяндалады»(*А.Сейдімбек, «Қазақтың күй өнері», Монография, Астана: Күлтегін, 2002.жыл*) делінген. Осы мәлімет энциклопедияда, басқа да дереккөздерде жиі ұшырасады. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Мұхтархан Оразбайдың «Қазақ әдебиеті» газетінің 2007 жылдың қараша айының № 45 санында «Кетбұға күйшінің тарихи суреті табылды» атты мақаласындағы деректер қазаны кобызбен естірткен деген бір жақты тұжырымды өзгертіп, Кетбұғаның домбырашы екендігін айғақтай түсті. Ал, қазақ даласында сақталаған аңызда Кетбұғаның есімі әйгілі «Ақсақ құлан» күйімен тығыз байланысты болып келеді. «Ақсақ құлан» десе – Кетбұғаның, Кетбұға десек – «Ақсақ құланның» қосарлана айтылатындығы белгілі. Қаһарлы Шыңғыс ханның заманының тірі куәсіндей болып жеткен «Ақсақ құлан» қазақтың күй тарихындағы ескі күйлердің бірі болып саналады. Күйдің анызы бойынша Шыңғыс ханның баласы Жошының қазасын естіртуге байланысты болса, кейде Жошы ханның баласы аң аулап жүріп мерт болғанда осы қайғылы хабарды күймен естірткен болып айтылады. Көршілес Қырғыз халқында «Кетбұқа» деген елдік күй бар және күйдің анызында Шыңғыс ханның баласы Жошы ханның өлімін күймен естірткен деп келеді. «Ақсақ құлан» күйіне қатысты маңғыстаулық күйші Мұрат Өскенбаевтың айтуы бойынша аңыз былайша баяндалады:

«Бұрынғы өткен заманда Жошы деген ханның қырық жігітке келіп:

– Уәзірдің айтқан жеріне біз де барып, көзімізбен көріп қайтайық, – дейді. Қырық жігітті көндіріп, құлан жайылып жүр екен. Ханның баласы қызыл шекпенін киіп, мылтығын қолына алады да, құландарға қарай жүреді. Сонда көп құланның ішінен бір ақсақ құлан үйірінен бөлініп шығып, одағайлап келіп жер тебініп, пысқырып қалғанда айналаны қап-қараңғы тұман басып кетеді. Мергендер бір-бірінен көз жазып қалады. Бір кезде тұманның арасынан: «Қу шақайлыдан каша жүріңдер, қызыл шекпендінің үстін баса жүріңдер» деген бір дауыс естіледі. Жігіттер тұман

сейілгеннен кейін қараса, құландар да, ханның баласы да ізім-ғайым жоқ болып шығады. Олар үш күн бойы іздеп жүріп хан баласының жалғыз шынашағын тауып алады. Үстінен шұбырып өткен көп құлан оны таптап кеткен екен. Мергендер елге келеді. Баласын жоғалтқан хан қайғыдан қан құсып, басын көтермей жатып қалады.

– Кімде-кім менің алдыма балаң өлді деп келетін болса, соның құлағына қорғасын құямын, – деп жарлық етеді. Мұны естіген халық ханға баласының өлімін естіртуге қорқады. Сөйтіп, ел-жұрт мұның еш амалын таба алмай, дал болады. Сонда ноғайлыдан шыққан Кербұқа деген домбырашы тәуекелге бел буып, хан сарайына келеді. Ол келе домбырасын тарта бастайды. Сонда домбыраға алғаш салғаны құланның жүрісі екен. Хан басын көтерместен жата береді. Домбырашы әрі қарай толғайды. Домбыра «Балаң өлді, Жошы хан» деп күңіренеді. Сонда хан басын көтеріп алып:

– Әй, сенің тартар күйің емес, менің естір күйім емес екен бұл, «Балаң өлді, Жошы хан» деп тұр ғой мына күй, – дейді. Сол уақытта Кербұқа:

– Тақсыр-ай, баланыздың өлгенін өзіңізден естіп тұрмын, – дейді. *(Райымбергенов А, Аманова С. «Күй қайнары», Алматы: Өнер, 1990 жыл).*

Біздің бала кезімізден естіп өскен аңыз да осылай дейтін. Тіпті Қумола өзені бойындағы Иттұмсықтағы моланы да «баланың моласы» дейтін. Айырма Кетбұға атауында. Бірақ ол ғылыми тұжырым емес, аңыз желісі ғой.

Біздің бала кезімізден естіп өскен аңыз да осылай дейтін. Айырма «ноғайлыдан шыққан Кербұқа» яғни Кетбұға атауында. Сосын «құлағына қорғасын құямын», біздің елде «көмекейіне» десетін. Бірақ ол ғылыми тұжырым емес, мифтік-аңыз желісі ғой. Тіпті Қумола өзені бойындағы Иттұмсықтағы моланы да «баланың моласы» дейтін, «жалғыз шынашақ та» өзгеріссіз қолданылып тұр. Бұл – ел тағдырының ортақтығына негіз болмақ. «Ақсақ құлан» күйінің астарында не бар, шындық қайсы, Жошыхан өлімінің сыры неде? – деген сауалдар ашық күйінде қалып келеді. Кетбұғаның әкесі туралы да даулы пікірлер қалыптасуда. Демек, сол кезеңнің құпиясы көмулі қалпында жатыр.

Тарихи деректер бойынша «Алтын топшы» кітабында: «1223 жылдары Орта Азия елдерін Шыңғысхан өзіне түгелдей қаратып Самарқанд қаласында тұрады. Үш ұлын жинап, ақылын айтып, Монғол үстіртіне қайтып кетудің қамына кіріседі. Сол кезде, үлкен ұлы Жошы қайтып келмей қояды. Шыңғысхан ашу шақырып, Жошыны шақырып келуге үш дүркін шабарман жібереді. Бұл екі арада Жошы аң аулап жүріп тосыннан мерт болады. Жошының өлімін ешкімнің Шыңғысханға естіруге жүрегі дауаламайды. Осы кезде атағы жер жарған күйші Кетбұға «мен Жошының өлгенін ұлы ханға естірем» дейді. Сол бойынша, Қаһарлы Шыңғысханның алдына барып «Ақсақ құлан» атты күйін шертіп береді», – деп жазады. Демек, күй аңызында да, тарихи деректің арасында аса алшақтық жоқ, ортақ сарын Шыңғысханның баласы Жошының қазасын естіруге байланысты болып келеді. «Ақсақ құлан» күйі Қазақстанның Алтай мен Маңғыстау түбегіне дейінгі байтақ далада дерлік тартылып күні бүгінге дейін жеткен. Монғолияның Баян-Өлгей қазақтарында, еліміздің Шығыс Қазақстан, Семей, Сыр бойы, Ақтөбе, Орал, Атырау, Маңғыстау өңірлерінде «Ақсақ құлан» күйінің бірнеше нұсқалары бар. Күй теріс бұрауда (квинта) орындалады. Кетбұғаның өзінің тартқан нұсқасы дәл сол қалпында жетті деу қиын. Қазақ күйлеріне тән импровизациялық үрдіс тән екендігін ескеретін болсақ, 800 жылда күйдің түрлі нұсқаларының пайда болуын табиғи құбылыс деп қараған жөн. Бірақ бір нәрсенің басы ашық, ол «Ақсақ құлан» күйін алғаш шығарып, орындаған Кетбұға екендігі анық. Тарбағатайлық домбырашы Бағаналы Саятөлековтың, Сыр бойының күйшісі Нәби Жәлімбетовтың, Маңғыстаулық күйші Мұрат Өскенбаевтың орындауындағы «Ақсақ құлан» күйіндегі ортақ сарын «Балаң өлді, Жошы хан» – деп келетін естірту ретінде домбыраның сөйлейтін тұсы. Дей тұрғанмен де, домбыршы Қамбар Медетовтың жеткізуіндегі нұсқасын айрықша айтуға болады.

Әлемдік энциклопедияларда және ғаламторда Кетбұға бабамыз жайлы мағлұматтар көптеп кездеседі. Алайда, қайда жерленгені туралы ешқандай дерек жоқ. Сөйте тұра, неге екені белгісіз мәз біреулер «Кетбұғаның әкесі Жошы маңындағы көне мазардағы Домбауыл» деген долбарды тықпалап жүр. Оның негізсіз екенін, әрі Домбауыл туралы ой-тұжырымымды, яғни ол мазардағы тұлға

Түрік қағанатының үшінші қағаны Мұқан қаған болуы мүмкіндігін «Имандылық кеңістігі» кітабымда таратып жазғанмын. Мені елең еткізген деректің бірі – Камал Абдрахмановтың «Хан батыры Қаракерей Қабанбай» деген кітабындағы «Мұса пайғамбардың мінәжатханасында ап-анық, айқын да ашық түрде «1249-1260. Кетбұқа» деп жазылғаны, яғни он жыл сол елде билік жүргізгені, Кетбұқа ноянның Израил елінің тарихынан орын алғаны.

Ел ішіндегі үстірт ойлап, жеңіл мінезділік пен данқ құмарлыққа салынғысы келгендердің бірі ойлап тапқан «Кетбұғаның әкесі – Домбауыл» екен деген қауесет тарағанын жоғарыда айттық. Оны мәз біреулер шындық ретінде қабылдап, баспасөзге жарияланған фактілер де кезігуде. Бұл жаңылыс түсінік Н.Мыңжанның «Қазақтың қысқаша тарихы» кітабындағы: «Теріс таңбалы тайпасының аты – Домбауыл екен» дегенін теріс пайымдаудан туған сыңайлы...

«Ұлан есімі – ұлағат бесігі» анықтамалықта: «1236 жылы Кеңгір өзенінің бойындағы мекенінде жарық дүниемен хош айтысыпты», «Жезқазған қаласынан 54 шақырым жерде... осы кесенеде жатқан адам – Серікбайұлы Домбауыл... тарихи тұлға», «Кет-Бұқа би шамамен 1194-1195 жылдары... дүниеге келген. Домбауыл бидің екінші ұлы», – деп жазады.

Кетбұғаның Бағаналы екеніне дау жоқ, әйтсе де, оның әкесі «Домбауыл» екені зерттеуді қажет етеді. Басқаны айтпағанда, Кетбұға заманында Домбауыл кесенесі қасқайып тұрғаны қайда! Ол көне заман куәгері – Түркі қағанаты кезінде бой көтерді емес пе?! Ол туралы тарихи негіздерге сүйеніп ертеректе мен де «Имандылық кеңістігі» кітабымда өз пікірімді кеңейте жазғанмын. Сондықтан қысқаша атап кеткім келгені Қойшығара Салғарин зерттеуі ақылға қонады. Бұл ойды Ш. Уәлиханов, Ә. Марғұлан, Т. Жұртбай, т.б. ғалымдар саралап, қисынды пікір қалдырды. Сондықтан Домбауыл кесенесі Бірінші Шығыс Түрік қағанатының үшінші қағаны – Муган, яғни Мұқан қаған құрметіне тұрғызылса керек.

Әбілғазы Баһадүр-хан «Түрік шежіресінде» моңғолдардың (сиуннулардың) Түрік мемлекетінен бөлініп, жеке хандық ретінде өмір сүре бастауының түріктің Аланша ханының тұсында болғанын, олардың Ертағы мен Кертағыны жайлап, қыста Сырдария мен Қарақұмды мекендегенін жазатыны бар ғой. Түрік қағанатының іргесін қалаған, шаңырағын көтеріп, айбынын

асырған алғашқы қағандар – Бумын қаған, Істіми қаған, Мұқан қағандар мен Қорқыт атаны оның замандастары болған аңыз кей-іпкерлерін тағдырлас, сырлас етуі де мүмкін ғой. Міне, біз енді осы мәселеге зер салмақпыз. Қорқыт атаның тұстасы, замандасы болған – Домбауыл күйші, мерген. Ал «тастан өріп жасаған биік дың архитектурасының жиі кездесетін жері Орталық Қазақстан, оның ішінде Ұлытау ауданы... Ең сәулетті дың – Домбауылдың кешені...» (Ә.Марғұлан). Ол Жошыхан күмбезінің іргесінде тұрғаны анық. Домбауыл есімі, оқиғасы құланға қатысты өрбіп, әр саққа жүгіреді. Ал, қай қазақ, қай хан, қай қаған ит жүгіртіп, құс салып, саяткершілік құрмады? «Кентаврлар» – арғымақпен желдей есуімен, асауды бас үйретуімен, тағы жылқы, құланды қолға үйретуімен ерекшеленеді емес пе? Демек, сонау сақ, ғұн, түрік, қазақ дәуірі де ат-тұлпарсыз болған емес. Демек, Домбауыл есімін Шыңғысхан мен Жошыхан дәуірінен әрі апарғанымыз жөн болар. Себебі Жошыханды құлан шайнап өлтіруіне байланысты Домбауыл «құл-сақшы» ант-су ішіп, «құланды қырып» тастауы ақылға сыйыңқырамайды, сол «қызметі үшін» VIII-IX ғасырда қалақтастан «кешене тұрғызуы» қисынға келмейді және оны «Құлдың тамы» десе жараспас па?

Осы ретте ғалым Тұрсын Жұртбаевтың «Кетбұқа» тарихи әфсанасындағы мына бір жолдар назарға ілігеді. «... Сол Жошыхан мазарын өлгеннен кейін де қорғап жатқысы келгендей, дәл жанында Домбауылдың кешені асқақтайды». Бұл аталмыш дыңның бұрыннан бар екенін қуаттаған тағы бір ірі ғалымның пікірі. Сондықтан дәл берілген баға іспеттес. Неге десеңіз? Жошытағдыры – қиын да күрделі тағдыр. Ол Шыңғыс қағанның үлкен ұлы бола тұра, қағандыққа, мұрагерлікке ілікпеген, іші шерге толы, сөйте тұра, біртұтас қазақ хандығының негізін салушы, тарихи тұлға, жұмбақ тұлға. Ал, соның нақ жанында жүрген Дешті Қыпшақтың Ұлық биі Кетбұға болса, Шыңғыс қағанды, тақ мұрагері Огедей, Мөңке қағанды көзімен көрген, қай қайсысының да ішқұса сырларын білген жан. Сондықтан да ол Жошыханның рухани жанын ұқты, екеуі бірлесе ел мүддесіне хал-қадірінше қызмет етті. Ажалды да ат үстінде, «құлан қуған – саятшылық кезінде» қарсы алатынын Кетбұға білген. Қаһарлы қағанға көңіл айтуға – «Ақсақ құлан» күйін арнады. Бұл да досы, бәлкім, құрдасы, сырласы Жошыға де-

ген құрмет, мәңгі мұра, сол сияқты 1228 жылы «...келер жылы жазда Жошыханға Кеңгір өзені бойында күмбез салдырғаны анық».

Осы жерде сәл шегініс жасап ой жүгіртер болсақ, қадірі «өткен ханды Алашахандай ардақтымыздың қасына жерлеп, күмбез орнатудың орнына (*«кейін Домбауыл құл-мергенді әкеліп кесене салармыз» дейтіндей*) кеменгер Кетбұға ақылынан ауысқан ба?» деген күдік қалмас үшін ой безбеніне салған жөн. Мұнда басқа бір терең сыр болса керек. Сондай-ақ, «Кетбұға абызды ілгері-кейінгі дәуір естелігінен, хан, қаған өмірінен хабарсыз болған» деп тұжырым жасауға хақымыз бар ма? – деген сауал да бой көтереді. Оның сонау Заратуштра, Тұман, Мұде, Бумын, Істеми, Мұқан қағандар өмірінен, мол дерегінен бейхабар болуы мүмкін емес. Өйткені оның санасында Күлтегіннің арғы-бергі тарихы сайрап тұр. Ол Тата-тұнғаны тектен тек жақын тұтып, Шыңғысхан төңірегіне әкелген жоқ. Бұған дау бар ма? Ал, хат таныған көзі ашық бұл бабаларымыз әлемді таңқалдырса, Кетбұға сауатсыз еді деуге ауыз бара ма? «Қазақтың қысқаша тарихы» кітабында атақты білгір Н.Мыңжан: «Тоғыз таңбалы Найман дегеніне қарағанда, бұрын осы рулардың барлығында да айырма таңба болған сияқты, шежірешілер: «Теріс таңбалы тайпасының – аты Домбауыл» екен, Найманның нөқта ағасымын деп, басқа Найман тайпаларына (*сегіз тайпаға*) таңба үлестіріп, өзіне таңба жетпей қалғандықтан... теріс таңбалы аталыпты», – деп жазады. Мұнда да Домбауыл тегі тереңнен сыр тартады. Осының бәрін Кетбұғы баба білген, санасында сан зерделеген. Осы ойларын ұрпаққа сабақтауды ойлаған. Ұлытау киесін бағалаған. Демек, Домбауыл кесенесі Жошыханға дейін бар, оның рухы «Жошыны жеп» жүрсін, тірісінде қол жетпеген тақ мұрагерлігі, қағандыққа, бақида жетсін, – деген ниетпен әдейі әкеліп жерлеген, күмбез тұрғызған. Сөйтіп, Домбауыл мен Жошыхан кесені «ансамбль» құрған. «Қорқыт жырының бір тарауы – «Дока Қожаұғлы ер Домрул». Қазақ әфсаналарында «Тоқаұлы Домбауыл, қият тайпасынан». (Ә.Марғұлан).

Сонымен Домрул – Дизабул – Домбауыл қаған Ұлытауда (*Жошыхан күмбезі маңындағы, сонау замандағы Домбауыл қаласының маңына*) жерленген деуге тұрарлықтай ой мезгейді. Әлбетте, бұл мәселені тарихшылар тереңдетер деп есептейміз.

Ал, біз өз тарапымыздан Ұлытау төңірегінде небір заманның куәгері болған балбал тастар көп болғанын білеміз, оның белгілі бір оқиғалар тұсында әр тараптан жиналып келген өкілдердің ұлы тұлға құрметіне белгі ретінде қалдырғанынан да хабардармыз. Осы хақында да бірер ой тастағымыз келеді. «Мұқан қағанның әлемнің тең жартысын жаулап алып, Қытай, Парсы, Рим империяларымен елші алмасқаны мәлім ғой. Олай болса, Домбауыл кешені маңындағы ұзын-ұзын алып балбал тастарды «кездейсоқ тастар» деп айта аламыз ба? Ондай көзқарас қалыптастыру обал болмас па екен? Аты әлемге әйгілі қаған дүниеден өткенде әлемнің әр түпкіріндегі мемлекеттерден келген аза тұтушылардың қаған құрметіне балбал тас қашап кою дағдысы бар емес пе еді? Оның Мұқан қағандар дәуірінде дәстүрлі жағдай екені тарихтан белгілі. Әрі ұзыннан-ұзақ сап түзеген балбал тастар қатары сол елдердің сан межесін аңғартады ғой». (Т. Құлманұлы «Имандылық кеңістігі», 188-бет).

Демек, Кетбұғаның әкесінің аты Домбауыл емес, басы ашық мәселе ол Жошыхан маңындағы кесене иесі емес.

Найман тайпасы жат дінде деген ұғымды «тарихқа таңба» басқандай шегелеген саясат салқыны оның ақ-қарасына зер салуға мүмкіндік берер емес. Ол «солай ғой» деп, әлдеқашан жазылып кеткен жазбаларды алдына тоса береді. Мұндай сорақылықтың бір көрінісі ретінде Кеңес кезінде әнге қосқан «Ақ көгаршын» әнін атауға болады. Оны көкейімізде «өшірілместей» жаттап, «бей-бітшілік» символы ретінде өн бойымызға «сіңіріп» алдық. Оның «қасиетті Иса пайғамбардың көкке ұшқан рухы» деп білетін христиан дінінің символы екенінде қайсы бір қазақтың еш шаруасы жоқ. Тарихты мұндай бұрмалау, тарихи тұлғанының «өңін айналдыру кімге тиімді?» дегенге ой жүгіртуге кейде «уақытымыз болмай жатады-ау!» деймін. Соның бір мысалы 2005 жылғы «Жұлдыз» журналының қараша айындағы санында жарияланған «Құлагер трагедиясы: қауесет пен қиянат» мақаласында да келтіріледі:

«Ақан мен Құлагер трагедиясында да таптық тарихтың сорақы іздері сайрап-ақ жатыр. Алайда, санаға сіңірілген тұжырымдары өзгерте кою, мидан сылып тастау өте қиын. Иә, «Моцартты, Салльери, Пушкинді – Дантес, Қозыны – Қодар, Төлегенді – Бекежан өлтірді» дейміз. Алайда аңыз өзінше, ақиқат өзінше өмір сүріп

жатыр. Ал ауыз әдебиеті деген құдыреттің күшіне ешкім төтеп бере алмайтын. Тарих бейбак: «Төлегенді өлтірген Бекежан емес, Қарабалта деген карақшы, Бекежан Жібектің рулас ағайыны, ағасы» деп қаншама зар қақсаса да «Қыз Жібек» дастаны, «Қыз Жібек» операсы мен киноэпопеясы оған құлақ аса алмады. Өйткені тарих аңыз бен ақиқат қоспасы арқылы түзіліп, миллиондар санасына сіңіп үлгерді. Ал король сарайының бас концертмейстері болған Сальеридің «Моцартты у беріп өлтіргенін» ешкім ештеңемен дәлелдей алған жоқ. «Солай екен» делінуі мұң екен, тұжырым тастүйін жасалып, тарады да кетті. Құлагердің өлімі де сондай», – деп жазады әлгі мақала авторы Серікбай Алпысұлы. Бірақ...

Дегенмен қазіргі егемен елдің тарихи мәселеде де өз тұжырымы болуы керек. Мұрағат деректері қанша қажет десекте, онда да әр кезеннің өз саясат салқыны сақталады. Ол шындық.

Бағаналы көне заманнан-ақ іргелі ел екені мәлім. Оның қас батырлары халық ауыз әдебиетінің ертеден-ақ кейіпкері болған. Шоқан Уәлиханов, Әлкей Марғұлан зерттеу-еңбектерінде «Манас» жырындағы Ер Қосай, Ер Үрбінің шыққан тегі Найман, оның ішінде Ұлытау, Кішітау бойын жайлаған Бағаналы екендігі дәлелдеген. Құлағу әскерінің құрамында аты мен аспабына дейін жез құрсанған, жез окты Бағаналы батырлары бөлек жүргенін тарих шежіресі жазып кеткені мәлім. Алғаш рет Батыстағы Қоқан хандығын басып алған да Бағаналы әскері, Кетбұға қолы екенін екінің бірі біле бермейді.

Құтыздың қолына түскен Дешті Қыпшақтың ұлық биі Кетбұғаға құрметпен қараған Бейбарыстың дұшпаннан кек алғаны мәлім. Сондықтан да ол араға уақыт салып атамекенмен байланыс орнатты. Демек, Кетбұға ұрпағына да қолынан келгенінше қолғабысын аямады деген сөз. Соның арқасында олар да таршылық көре қоймаған да болар. «Найманның бір баласы – Бағаналы» шежіресінің 4-бетінде: «Найманбайдан – Ел ата – Серікбай – Кетбұға – Қызғыш, Құсша», – екендігі тарқатылған. Тарихтың қатал үкімі бабалардың ұрпақтарын небір қиын-қыстау заманның сынағына салғандықтан үзіктің орын алуы заңдылық. Сол үзікті жалғастыруда Ұландықтар жинаған Кетбұға ұрпақтары жайлы деректерге ризашылығымды білдіремін. Маған «Ұлан есімі – Ұлағат бесігі» кітабын тарту еткен Қазақ ССР-ның еңбегі сіңген әртісі, профессор Бекболат Байсағатов бабалар ұрпағын зертеуде

сіңірген еңбектері туралы тұшымды әңгімелеп берген-ді. Кітапта Кетбұғадан тараған батыр бабалар мен Мәмбет би, Ақтана би, Боқбасар би, Бөрі би, Шоқай би, Рысқұл би, Ахмет-Әлі би, т.б., бірқатар есімдердің келтіруі көңілге демеу. Дегенмен ғылыми тұжырымда байсалдылық қажет.

Сол сияқы Кетбұғаның дініне де шұбамен қарайтындар табылуда. Сөйтіп, оны кәпір ретінде қарастыру, шеттету ұғымын қалыптастыруға талпыныс байқалуда. Ол пиғылдың «Мұса пайғамбардың мінәжатханасында ап-анық, айқын да ашық түрде «1249-1260. Кетбұқа» деп жазылғаны...» (*Камал Абдрахманов, «Хан батыры – Қаракерей Қабанбай» кітабы*) – деген Камалдың дерегіндегі адал ниетті теріс пайдаланғысы келетіндердің қылығы. Мұсылман қауымы Алла тарапынан түсірілген төрт қасиетті кітапқа сенеді. Пайғамбарларға күман келтірмейді. Күмәнді жан мұсылман саналмайды. Тұрсын Жұртбайдың «Тоғыз хатун – несториандық сенімде болған шығар, бірақ Кет-бұқаны дәл сол кезде оған жатқызуға болмайтын. Өйткені, Жошыхан дәрегейіндегі ұлысын мұсылмандардың Одағы деп жариялап, өзі де сол дінді қабылдаған. Оның Ұлығ бии – Кет-бұқаның одан сырт қалуы мүмкін емес. Дешті Қыпшақ дерліктей Мұхаммед үммедіне көшкен», (*Тұрсын Жұртбаев, «Қазақ әдебиеті», газеті, 12-наурыз, 1993 жыл, 14-бет*) – деген ғылыми дәлеліне неге қайта-қайта күмән келтіре беруге әуеспіз?

Кетбұғаның ұлық істері мен ішкі рухани дүниесінің адалдығына күмәнді сейілтп, туған халқына арналған берекелі еңбегін жоққа шығаруға ұмтылысты тию қажет. Оның ендігі жерде лайықты бағасын алғаны жөн. Осы ретте Жезқазған қаласында көше аттарын беруді қолға алғаны, Ұлытау ауданында ескерткіш орнатқаны бабаға арналған құрмет белгісі. Ол өгейсімейтін ұлы тұлға. Қайта ұрпағы оларға лайықты бола білейік.

Кетбұға абыздың туған елі, мекені, жайлау қоныстары хақында Қазақ энциклопедиясында былай дейді: «Кетбұға Орта жүз Найман тайпасының руы. Ол көбінесе «Бағаналы» деген атпен мәлім. Өйткені, Кетбұғаның рулық таңбасы – Бақан болған... Тарихи деректерге қарағанда Шыңғысхан Наймандарды талқандағаннан кейін, Кетбұға жоғарғы Ертіс пен Алтайдағы өз қоныстарын тастап, Батысқа қарай жылжыған. Кетбұғалар қыста Сарысу, Шу

өзендерінің төменгі сағасын, Қаратаудың батыс бөктері мен Сыр-дария жағасын мекендеп, жазда Ұлытау, Арғанаты таулары мен Қаракенгір, Сарыкенгір, Жезді өзендерінің алқаптарын жайлаған». «Төрт Төлекатайдың ұрпақтары қазір Семей, Жетісу өңірінде... Сөйтіп, Кетбұға мен Келбұға ұрпақтары Ұлытау мен Шу өзенінің арасын ертеден қоныс етіп келеді». (*Материалы по киргизскому землепользованию, 9-том, С-Петербург, 1905 г.*)

Шығыс Қазақстан облысының қазақтары айтатын бір нұсқада «Сарманай атты кісіден Арғын, Найман атты екі ұл туған екен» дейді. Бұл әңгімедегі «Арғын – аға баласы, Найманмен бірге туған» деген қисынға айналып соғатынын байқаймыз.

«Арғын ұрпағы өсіп, алты ауыл болғанда, Найман бір-ақ ауыл болып қалып қояды. Мұның себебі, Найман шалдың Тоқпан атты жалғыз ұлы болыпты. Оның өзі де 26 жасында дүниеден өтіпті. Бұл бір кез Найман ақсақал 96 жаста екен. Жесір қалған келіні Ақсұлу атасын жас қызға үйлендіреді де, оны атымен атамай «Қыз еней» атапты дейді. «Қыз еней» жүкті болып, ұл туыпты. «Құдайға шүкіршілік еттім» деп Найман ақсақал нәрестенің атын Шүкірше қойыпты. Сол Шүкіршеден Ақсұлу екі ұл туады. Сол ұлдардың біріне – Келбұға, екіншісіне – Кетбұға деген ат қойылыпты». Мұндағы «Шүкірше» мен Ұлытаулықтар шежіресіндегі «Сүгіршінің» дыбыстық қана айырмашылығы аңғарылады. Сондай-ақ, Келбұғаның жасы Кетбұғадан үлкен екенін айғақтай түседі.

«Найман ақсақал өлген соң «Қыз енейді» Сарманайдың тағы бір шөбересі Елатаға қосады. Ол Найман атаның орнына қалған «Ноқта аға» атанады. Елатадан – Балталы, Бағаналы деген екі ұл туады. Қазіргі кезде Ұлытау маңын қоныстанған наймандар солардың ұрпақтары», – дейді.

Көкейге кептелетін бір түйін: көпшілік айтатын әңгімелердегі «Найман шал» сөзі шартты түрде алынбай ма екен? Оның астарында Найман патшалығының, Күшілік ұрпағының шашыраңқы келбеті көмескіленбей ме? Олай болар себебі, Найман сөзінің ілгеріден бары анық, Рубасы Найман бабамыз да 83, яки 93 жасында қасірет құшып, Алланың демеуімен ұрпағын қайта жалғапты деседі. Кей әңгіме 130 жасағанын айтады. Бұл ұзақ ғұмырда оның алған орны қайсы? Тарих қай тұстан мүлт кетті? Бәлкім,

ол, шынында да, зерттеуші-ғалымдар тұжырымдағандай, Найман патшалығы хандарының тікелей ұрпағы, заңды жалғасы шығар? Әйтпесе, Тата тұнға, Кетбұға сынды ұлылар ғылымға, ел басқарған билікке қалай жақын бола алған? Кетбұғаға Шыңғыс ханның сенім артуында, Ұлы Дешті Қыпшаққа Ұлық би болуында не сыр бар? Мұны анықтау тәуелсіз қазақ елінің тағы бір қырын аңғартарына күмән жоқ.

Сондай-ақ, кейбір деректе Найман атаның Құлманай деген жиырма жасар баласының он бесінші ғасырда қайтыс болып, Қызеней анамыздың ақылды шешімімен бүгінгі ұрпақтың аман қалғаны айтылады. Әйтседе бұл деректердің қисынға келетін-келмейтін тұстарына пікір білдіре кетпекпіз. Пікір-талас көбіне «Найман ру ма, әлде тайпа ма, әлде патшалық па?» дегенге саяды. «Найман тарихы ілгеріректен бе, әлде баласы қайтыс болғаннан соңғы тірліктен ғана бастала ма?» деген сауалдар төңірегінде өрбиді. Таластың өзі осыған орай әр қилы құрастырылады. Егер XV ғасырда тоқсандағы Найман атамыз Қызеней анамызды алып, одан туған бала он жетіге толғанда оны Жезетек анамызға әперіп, Сүгірші туса, одан Төлекатай ұрпағы өсіп-өнсе, уақыт қай кезеңге келіп қалғаны? 1185 жылы туған Кетбұға атамыз қайда қалды? Қайсыбір деректерде кезігетін Қаражал-Жәйрем төңірегіндегі Қытай атамызды қай кезеңнен іздейміз? Бағаналы мен Балталыны қай ғасырға теліміз?

Шыңғыс қаған туралы әлі күнге бір тұжырымға келе алмаған тарихи деректер әр қиырды шарлаумен жүр. Сол себепті оның баласы Жошыхан жайлы да әр түрлі дұдамал жорамалдар таралып келді. Демек, оның тұтастары хақында да осыны айтамыз. Солардың қатарында Кетбұға абыз, Бағаналы, Найман туралы да қисынсыз мәліметтер етек алды. Ғалымдар тұжырымына сенсек, Монғолдың 38 ханы ішінде тек бесеуі ғана хандардың ханы, яғни «Ұлы қаған» атаныпты. Солардың қатарына Жошыханның баласы әлемді дүр сілкіндірген Баты хан кірмегені қалай?! Мұның астарында Жошыханның қазақ жерінде өз ұлысын құруы, салт-дәстүрін ұстануы, үшінші ұрпағынан бастап мұсылмандықты қабылдап, қыпшақ тілінде сөйлеуі жатқанын аңғару қиын емес.

Жошыханның қырық ұлының ішінде Қырым мен Орта Азия жерлерін, Алтын Орда мемлекетін билеген он төртінің ғана есімі тарихта белгілі.

«Жошы-қыпшақ ұлысының» негізі кімдер дегенге келсек, әлбетте бұрынғы Көк бөрінің ұрпағы – Көк Түрік хан әулеті екені даусыз. Ендеше, Ертағы, Кертағыны жайлаған жұртты қазақ тарихынан бөле-жарып ала алмаймыз, дініне де күмән келтірудің қажеттігі шамалы.

Халық санасына ертеден орныққан киелі орындарды бағалай білу, ел үшін қасық қанын аямаған ата-бабаларымыздың құт мекендері жайлы кеңірек білуі ұрпақ көкірегіне ұлттық сананың берік орнығуының кепілі. Өз жақыны, қазақ батырларын, елдің камын жеген арда бабалардың ісін сыйлап өскен жас қатыгездіктен, безбүйректіктен, имансыздан ада болары анық. Қай өлкеде болмасын қазақ хандары мен батырларына, ақындары мен жазушыларына, қоғам қайраткерлеріне ізет білдіруге дағдылануымыз керек. Ол үшін қазақ тарихы мен шежіресін ажырағысыз тұтас дүние ретінде қарастырып, насихаттаудың маңызы зор.

Біздің кейбір ғалымдарымызда, саясатшыларымызда, өлкетануға құмартушылардың да қазақ тарихын әр елден табылған мұрағат, мұражай деректерімен шектеп тастауға, яки соларды негізге алуға басымдылық беруге ұмтылысы байқалуда. Ол ойдың ә дегенде жалпы оқырмандарды елеңдетіп тастайтыны да рас. Әйтседе, ол «қандай дерек, оны жазған кім, оның ғылыми деңгейі қандай, қандай оқиғалар, қай кезеңдегі саяси бағыттан хабар береді, қандай мақсатта жазылды, оның көздегені не еді?» деген сауалдарды сұрыптап, сараптауды да ескеру қажет.

Ол деректер мен елдегі шежіре-аңыз, халық жадында сақталған мәлімет сәйкес келе ме, жоқ па? Жат жұрттық жазған қорытынды дұрысқа саналатын болса, еліміздегі дуалы ауыздардың дәйектемелерінің құнсыздану себебін анықтап, жалпы қауымға түсіндіру қажет. Содан соң ғана ғылыми тұжырымдар жасалуы керек.

Жат елден келген бай мұра еліміздің сол дәуірде-ақ көпке танымал болғандығын айғақтауымен құнды. Оқиғаның уақыт мөлшерін нақтылауға септігін тигізеді. Сонымен қатар елдегі қалыптасқан жайды шежіре қалай тарқатады? Мұны білу саясиленған тұстағы оқиға астарының қалай құбылғанын білуге де мүмкіндік береді. Міне, бұл ақ-қараны сараптауға ең қажетті дәйек. Кейінгі жылдары шежіреге назар аударудағы көзқарас ғылыми тұрғыдан жонге келді. Бұл өте дұрыс шешім. Мұнда бір назар аударарлық тұс, әр кезеңде

шежірені көшіріп басушылар тарапынан кететін жаңғалақтық, яки қасақана бұрмалау мәселесі. Мен бұл жерде біреуге нақактан күйе жағудан аулақпын. Дегенмен өзімнің куә болған жайларымда ондай фактілер жиі кезіккені рас. Солардың бір қатарын жинастырып кітаптарымда азды-көпті түсінік бердім. Сол себепті салыстырмалы, зертеу жұмыстарының жіті жүргізілуіне мұқият болу шарт. Қазіргі тәуелсіздік жылдарындағы мүмкіндікті баса пайдалану қажет. Бірақ асығыстыққа бой алдырмағанымыз абзал. Қарапайым мысал, ғылымдағы жаңалықта кішкентай ғана екен деп «атом, ядро бөлшектерін елеусіз қалдырсақ не болар еді?», көз алдыңызға елестетіңізші «атом, ядроны» табиғи-жаратылыстан алып тастасақ не болмақ?..

Демек, елдегі бұрыннан қалыптасқан, елмен бірге ғұмыр кешкен, басынан сан қиындықты өткерген ауыз әдебиеті, шежіре, аңызды елеусіз қалдыру яки, сыртқа сырып тастап, оны ғылыми айналымнан шеттету жаңсақтық болмақ. Қарапайым бір мысал: қазақ еліне жайлы қоныс, алаңсыз бақытты ғұмыр кешуге лайық орын іздеген Асан қайғы бабамыз бұл мұратын «Жер ұйық» деп атапты. Ол жайында Әлкей Марғұлан түйініне назар аударайық: «Асан қайғының Жәнібек пен Керейді ертіп Қытайға барып Моғолстаннан жер алуы тарихта белгілі фактінің бірі. Ол іздеген «Жерұйық» – шырайлы қоныс қана емес, елін, жұртын сыртқы жаулардан қорғайтын жол, жаңа қоғамның үлгісі, – қазақ халқын тарих сахнасында сақтап қалу бағдарламасы». Кетбұға да осы ойдың жаршысы, жүзеге асыруға ұмтылушы, сол жолда басын қаймықпай қатерге тіккен ірі тұлға.

Ол шындық, өйткені, Түркі халықтарының тарихында көшпелі қоғам өркениетінің өкілдері арасында Асан Қайғыға тең келетін тарихи тұлға жоқ. Ол шын мәнінде, шынайы өмірден адам нанғысыз аңыз кейіпкеріне айналған данагөй. Ондай жандар қазақ сахарасында аз емес. Сондықтанда Асан қайғының «Жерұйықты» іздеуін «мифтік құбылыс» деп қарастыруға, яғни ойдан құрастырылған аңыз ертегілер қатарына жатқызуға болмас. Ел болашағын ойлаған, халқымен бірге қайғырған дана баба көкейін тескен арманын хан мен билермен, ойшылдармен бірлесіп жүзеге асырмаққа талпынды.

Сондай жандардың тарихымыздан орын алмай қалуы мүмкін бе? Ендеше, шежіре жазған, жинаған, насихаттаған жандардың ар-

ман, мұраты не еді, оларды өз халқына кім деп таныстырғанымыз жөн? Сол шежіреге ілікпей қалудың қаншалық қасірет екенін жат жұрттықтар біле ме екен? Білсе, неге бұрмалайды? Немесе, жат жұрттықтың жазғаны мен шежіренің қабыспауынан қандай нақты қорытынды шығарамыз? Бұған бүгінгі ғалымдар дайын ба екен? Шежіреге ілікпей қалу, болмаса, қасақана алыңып тастаудың өзінде қандай саясат барына барлау жасасақ, артық па? Шежіреге қайта енгізіп, тарихи тұлғамыздың абыройын қайтара алсақ, ұтыламыз ба? Өйткені ол да өз кезеңіндегі саясаттың құрбаны еді ғой. Ол қудалаудың өз заманынан асып, дәуірі тұрмақ, бүгінгіге жалғасуы қалай? Оларға тоқтам бола ма, жалпы саясат ауыздықтала ма? Сол себепті тәуелсіздігімізді ардақтай білген абзал!

Мен бір нәрсеге назар аударма кетпекпін, рас, талас жоқ ақиқаттың бірі Найманның тотемі – Бұқа! Бірақ, ол одан тараған ұрпақтардың бәріне шегеленіп берілген таңба емес қой. Ғылыми еңбектер «бұқа – түркі тотемі» дейді. Ендеше, неге шежіредегі Бағаналыдан тарайтын Серікбай баласы Кетбұға есімі, жат жұрттықтардың айтуы бойынша, ғылыми түрде «Кетбұқа» деп аталуы заңдылыққа айналуға тиіс? Әлде бұл оны шежіреден шеттету ме, яки Бағаналы Кетбұғадан басқа, «Ақсақ құлан» күйін тартқан өзге «Алаштың Кетбұқасы» бар ма? Онда ғылыми түсінік берейік. Осы екі оқиғаның қатар өрбуін ғылым қалай қабылдайды, ғалымдар немен түсіндірмек? Қазақтың яки біздің бұрынғы бабаларымыздың «қ» қаріпіне тілі келмегендіктен «ғ» деп атаған ба? Ол «дыбысталу заңдылығы ғой, бір әріпте тұрған не бар?» дегенді де естідім. Егер әлдекім Асан қайғы бабамызды да бір күні айды аспаннан шығарып, «Асан қайғы» демесіне кім кепіл?!

Осы бір әріпке мән бермеуден қазақтың сөз қорына зиян келіп жатқан жоқ па? Қарапайым ғана арбаның доңғалағы деген сөз болушы еді, оны бүгінде машинаның «дөңгелегі» дейтін болдық. Орыстар неге оны «шина», «колесо» деп арнайы бөліп атайды, олар дөңгелек пен доңғалақ дегеннің не екенін білмей ме? Демек, әр нәрсенің өз орны бар, ендеше Кетбұға болып неге жазыла бермейді? Сонау Шыңғыс кезеңінде «Кетбұқа» деп айтылған шығар дейді, бірақ қағанды кінәлауға негіз жоқ, өйткені Шыңғысхан тұқымы Арықбұға есімі еш өзгеріссіз сақталғанына уақыттың өзі куә.

Бір қарағанда, «бұқа» болсын, «бұға» болсын, әйтеуір, Кетбұға бабамның өмірге, діні мұсылман, өзі қазақ болып танылып, өз ортасына қайта оралғанына аса қуаныштымын, шүкір дейміз ғой.

Бірақ, талассыз бір ақиқат заманының, тіпті дәуірінің алып тұлғасы бола білген баба өз есімін тарихқа әлдеқашан жазып кеткен. Оны тек былғанған жаладан ғана аршып ала алуымыз қажет. «Данышпан – өз мөлшерін білетін ақыл иесі» деген екен Француз философы А. Камю. Сол сөздің Кетбұғаға да тікелей қатысы бар. Бәлкім, оның есімінің «қалай жазылуы» басты мақсат емес те шығар... Тым болмаса, ресми орындар жаздырмай жатса, (*оған күмәнім бар*) «Кетбұқа (*Кетбұға*)» десе де болушы еді. Өкініштісі, бұрынғы өткен Доспанбет сияқты жырауларға да «Кетбұғадай билерден, Кеңес сұрар күн қайда?!» дегенін өзгертіп, «Кетбұқадай билерден, Кеңес сұрар күн қайда?!» деп жазуды ұсынып отыр. Бұл қалай? Доспанбет жырау «Кетбұқа» деп айта алмаған ба, әлде оған да ендігі жерде Кетбұға деп айтуға болмай ма?

2005 жылы Алматы қаласында «Эверо» баспасынан Жезқазған қаласының 50 жылдық мерейтойына орай Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің ұйымдастыруымен шығарған «Жезқазған» энциклопедиялық анықтамада: «Кетбұға» деп анық жазылған. Сол кездегі ғалымдар парықсыз ба еді? «Он бір-он екі жасында Кетбұға Құба-тегінің күйлерін тыңдап, оны айнытпай қағып алып, өзіне қайта шертіп беретін болған. Оған ырза болған Құба-тегін кейіннен кара домбырасы мен құлжа қобyzын сыйлаған» (*274-бет*), – деп жазған болатын. Кітаптың алғы сөзінде: «Латын нақылындағы: «Мен жасадым, өз қолымнан келгенді, жетпегенін қосарсың дос, сен де енді», – деген ойды жазып, алдағы күнге зор үміт артып еді.

Жазушы, баспагер, «Өнер» баспасының директоры Әшірбек Көпештің басшылығымен жарық көре бастаған «Қазақ халқының тарихи тұлғалары» қысқаша анықтамалық кітаптар есімдері көне дәуірлер қойнауынан бүгінге дейін жеткен халқымыздың тарихи тұлғаларының өмірдеректерін толық қамтыған құнды еңбек.

Осында Ер Тарғын, Кетбұға абыз, Доспамбет жырау жайы да қамтылған. Тарихи тұлғаны жұлмалудың қажеттігі жоқ, олар онсыз да өмірде аз соққы көрген жоқ, сондықтан дерегін жинап, ұрпаққа жеткізу парыз.

«XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың алғы ширегінде жасаған Доспамбет жырау Кетбұға биді құрметпен ауызға алады, оның сөздерімен өзінің таныстығын білдіреді. Халық өлеңдері мен аңыз әңгімелерде де Кетбұға ел қамқоры, дана ақсақал ретінде бейнеленген. Ол туралы аңыздар қырғыз фольклорында да бар». (*«Қазақ халқының тарихи тұлғалары» қысқаша анықтамалық, 2-кітап, Алматы, 2013 жыл, 19-бет*).

Кіші Ноғай ордасында қолбасшы болған, Қырым ханының жағында көптеген жорықтарға қатысқан батыр, жырау Доспамбет қазақ халқының қалыптасу кезеңінде ғұмыр кешті. «Азау маңын мекендеген Кіші орданы билеуші әскери шонжарлар тұқымынан шыққан болашақ жырау заманы мен ортасының талабына сай тамаша тәрбие алып өскен сияқты» (*«Бес ғасыр жырлайды», екі томдық, Алматы «жазушы», 1989 жыл, 30-бет*).

1989 жылы жарық көрген «Бес ғасыр жырлайды», екі томдығындағы (33-бет):

...Айналайын Ақ Жайық,
Ат салмай өтер күн қайда,
...Кет-Бұғадай билерден

Кенес сұрар күн қайда... – дейтуғын ел ағасы болған данагөй жырау Дешті Қыпшақ жұртының Ұлық биі Кетбұғаның есімін білмеді дегенге көңілім сенбей-ақ қойды. Екеуінің өмір сүрген кезеңінің арасы да онша қашық емесін бажайлап көрейікші. Кетбұға 1260 жылы өмірден озса, Доспамбет жырау 1490 жылы дүниеге келіпті. Арасы бар-жоғы екі-ақ ғасыр.

Ал біз бүгін араға дәуірлер салып өз заманының озық ойлы ардасы Доспамбет жырау «Кетбұқаны білмей, Кетбұға» деп қате айтты деген тұжырымға келіп тұрмыз. Осымыз қалай болар екен? Сонда қалай көзі қаракты Доспамбет жырау да бейсеубет сөйлей беретіні ме? Өзге ұлттың өкілдері қазақ есімін «тілін бұрап» айта-тыны әлі күнге сабақ болмағаны ғой, сірә?..

Өркениетті елдер дәстүрінде өзге жат-жұрттықтар кез-келген атауды, есімді қаншалық бұрмаласа да, қалыптасқан өз тегінің қанына тартып, өз қалпынан айнымайды. Әу бастағы өз ұстанымын берік сақтап қала береді. Алысқа бармай-ақ іргеміздегі Ресей елін алып қарайық. Жат жұрттықтар елінің астана-асын – «Moskay», «Мәскеу» деп жазсақта. Өз дегенінен қайтпай «Москва» дейді. Кезінде «Алма-Ата», «Медео» дегеннен әрең арылғанымыз

естен шықты ма? Біздің Астана қаласындағы «Кенесары» көшесін өзгелерге ұғынықты болу үшін «Kenessary str» деп таңбалады. Осыған қарап келешекте Кенесары хан деген қате, дұрысы «Кенес-Сары» деп түзетуіміз қажет пе?

Дана жыраулар сөз қадірін білмесе, кім біледі? Жат жұрттықтар ма?

Өкініштісі, кез келген сауатты жан Бағаналы шежіресін ақтарып қарағанда оның тарихи орнын сипап қаларымыз анық, сөйтіп, шежіредегі реттік қатары, ұрпақтарының бабасы екендігі тағыда тұңғыыққа жол тартып, жоққа шығады. Бабасыз қалған Кетбұғаның тікелей ұрпақтары Ұландық бауырларымызға мұны кім, қалай түсіндірер екен? Оны осы ғасырға дейін ел-жұрты көзінің қарашығындай сақтап келіп, нақ тәуелсіздік жылдарында жойғанымыз ақылға сыймайды.

Жоғарыдағы шежірелерге көз салсақ, (*мәселе қазіргі қалыптасқан шежіремен сәйкестігі жайында емес*) Бағаналы, Кетбұға бабаларымыздың тарихта болғанына еш күмәніміз қалмайды. Ендеше оған тәуелсіздік алған тұсымызда (бұрында да солай ғой) оларды жоққа шығаруға соншама шүйілүіміз қалай? Шежіре бойынша Бағаналы да, Кетбұға да, Төлекатайда ірі тұлға болғаны анық. Дегенмен Дешті Қыпшақ кезеңінде Бағаналының ру болып қалыптасуы ерекше болғаны күмән келтірмейді. Сол себепті **«Кетбұғадан – Бағаналы ру болып қалыптасқан»** деген тұжырым шындыққа жақын деп білемін. Бірақ кейінгі кезде Кетбұқа («Кетбука»)-ны қалайша «Кетбұға» деп жазуға жол бердік деп таңырқайтынымызға жол болсын!!! Мен біраз жылдардан бері Кетбұға бабаға қатысты пікірлерімді жазып келе жатырмын. Дегенмен 2014 жылы жарық көрген «Абыз тұлға, аңыз тұлға – Кетбұқа» деген кітапта менің жазғандарымды пайдалану кезінде көзқарасымды «өндеп басқанына» түсіне алмай қалғаным анық.

Зер салайық: «Ертағы, Кертағыны жайлаған жұрт» кітабымда: «Кейінгі кезде оны тарихтың сан тарау оқиғасына да киліктіріп, руы мен атауын өзгеріп ойдан құрастырылған кітап кейіпкерлеріне айналып, «Кербұға», ғылыми терминге негізде-мек ниетпен «Кет Бұқа», «Кетбұқа», «Кет-Бұға», «Керт бұғы», «Кетбука», «Кит Бұғы» болып қалыптасу етек алып барады» (*«Ертағы, Кертағыны жайлаған жұрт», Астана, 2012 жыл, 19-бет*), – деп жазғаным анық-ты, бірақ, аякасты ол көз қарасымның

«өңі» өзгеріп, «Реті келгенде айта кетерлік жайт, Кетбұқа баба есімі халық қалыптасқан, яғни ауыз-екі айтылу ретімен қазақи ұғымға лайық «Кетбұқа» болып қала бергені жөн. Әйтпесе, кейінгі кезде «Кетбұға» болып қалыптасу етек алып барады» (*Абыз тұлға, аңыз тұлға – «Кетбұқа», кітабы, 347-бет*), – деп басылыпты. Неге? Неге менің көзқарасым өзгеріп шыға келді, дұрысы өзгертілді? Оны кім істеді? Не қажеттігі болды? Менің «мұнафиқтық танытар екіжүзділігім» кімге қажет болды? Әлде тарихты осылай бұрмалауымыз әлдекімдерге қажет болды ма? Біз тәуелсіз елде өмір сүріп жатқан жоқпыз ба? Қазақтың кез келген тұлғасы – халықтың төл баласы. Кетбұға замана желі теріс соғып тұрған кезеңде Дешті Қыпшақтың Ұлық биі, абызы, данагөйі, басына іс түскенде пана болған қорғаны, кемеңгерлігіне қоса, атағы жер жарған Шыңғыстай қаһарлы қаған алдында «Ақсақ құлан» күйін төгілткен ел аузындағы күйшіміз емес пе еді? Бүгін нағып әлдекімге жақпай қалып, атын атауға именіп қалдық?

Қазір шүкір тәуелсіз елміз, «Мәңгілік ел» жасау үшін «Нұрлы жол» бағдарламасын табысты жалғастырып келеміз. Енді туған елдің тарихын түзетіп жазып, әлдекімдерден кеткен қателіктердің орнын толықтырып жүрміз. Ғалымдарымыз шежірені де ғылыми жолға қоюды қолға алды. Елден олардың жұрнақтары там-тұмдап жинақталуда. Шежіре ғылыми айналымға енді. Ендеше олардан тарихи тұлғаны алап тастауымыз қалай болмақ? Сонда сонау ғасырлардағы көз майын тауысып, тірнектеп жиналған еңбектер босқа кетіп, «шежірешіге» кінә артамыз ба? Олар өз әкесінің, бабасының атын білмейтін, хатқа түсіре алмайтын, ауызша тарата білмейтін шетінген топастар, сауатсыз, надандар еді дейміз бе?.. «Бұрынғыны» «бүгінгінің» себепсіз, дәлелсіз, қисынсыз шежіреден шығарып тастауы қалай?

Көкейімде кептеліп тұрған тағы бір ой – күй құдіретіне қатысты. Оны кейінгі ұрпақ қаншалық қадірлейтіні жайында. «Күй – күйші – тағдыр – домбырашы – зертеушілер» өмір жалғастығын сезініп қызмет етушілер деген ұғым көкірек көзімізді түбегейлі аша түседі. Ендеше оны жастардың есіне неге жиі жаңғыртып салмасқа?! Илья Жақанов ағамыздың 1979 жылы жазған қазақ композиторлары мен әнші-күйшілерінің творчестволық өмірін әр қырынан ашуға арналған «Бірінші концерт» атты деректі әңгімелер мен эссе кітабында «Ақсақ құлан» күйі, күйдің құдіреті,

оның орындаушыларының асқақ сезімі жайлы шебер суреттелгені мәлім. Қазақ жеріне, Алматыға жат елдің музыканттарының арнайы осы күйді өз құлағымен естіп, орындаушысын көзімен көруге келгенінің өзі ғажап құбылыс емес пе? Мәскеуден «ИЛ-62» ұшағымен келген музыкант, халық музыкасының зерттеушісі, радиода қызмет атқаратын Венгерлік Ласло Мадер мен оның аудармашысы, венгерлік акқұба сұлу келіншек Юлиананы әуежайда қарсы алған сәтінен бастап, әңгіме арақауы «Ақсақ құлан» күйі, оның тарихы төңірегінде құрылуының өзі-ақ жан-дүниенді баурап алады. Бұл әңгімеде қазақ күйлерін қадір тұтып, қастерлейтін, киесінен именетін атакты домбырашы Рүстембек Омаров бейнесі қалай жарқырап көрінген десеңізші! Нағыз өнер адамы, өнерді бағалау осындай болса керек!

Әуежайдағы қысқа-қайырым әңгіме тұсында қадірлі меймандар келген басты шаруасының жайынан хабар беріп үлгереді. Бұл да асқақ сезімнің дүмпүіндей естілері анық. Елге, жерге деген махаббатты ауыздықтап тұру оңай емес екен-ау!

Қазір ойлап отырсам, мен ертеректе бұл кітапты оқыған тұсымда, тіпті, Илья ағамызды кезіктіріп, әңгімесін тыңдап жүрген кезімде де күй парқына жете бойлай алмаған екенмін, сірә?! Соны қазір ғана зерделеп отырмын. Ласло да, Илья ағамыз да «Ақсақ құлан» күйінің байыбына барғысы келгендер үшін, мен үшін кітабында мына сөздерді әдейі арнапты:

«Ласло еліне қайтар күні маған кішкене пленканы көрсетіп:

– Рүстемнің бұл «Ақсақ құланын» бойтұмардай қастерлеп, көзімнің қарашығындай сақтармын. Күйдің не екенін, күйшінің не екенін білгісі келген венгерліктерге мен әр кез осыны көрсететін боламын. Мендегі бір ізгі үлкен олжа осы. Шабыт өз құдіретін қалай-қалай танытты! Керемет! – деді.

Бұл сөзге менің мерейім тасыды». *(Илья Жақанов, «Бірінші концерт», Алматы, «Жалын», 1979 жыл, «Ақсақ құлан», 147-150-беттер).*

Осы кітапта менменсінген талай күйшісымақтың «Ақсақ құлан» күйін тартуға өресі жетпейтіні ғажап суреттеледі. Оны тартатындар санаулы ғана болса керек. Илья Жақанов ағамыздың айтары осы. Сондықтан кез-келген бұл күйді батып тарата аламайды. Ой астары соған мезгейді. Ол шындық.

Жалпы еліміздің бай мұрасын қадірлі азамат-тұлғалары, мәдени мұра, құндылықтар тәуелсіз еліміздің заңдарымен қорғалуда. Сол шеңберде жүзеге аса бермек.

Осының айғағындай, жаңа жылда көңілімді қуанышқа бөлеген жайдың бірі – Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанғали Жүзбайдың құрастыруы, ғылыми түсініктемесімен «Ақсақ құлан. Кетбұға бидің күй-мұрасы» деген қомақты ғылыми еңбектің жарық көруі. Кітап Қазақ хандығының 550 жылдығы қарсаңында, «Қазіргі заман музыкасы» жобасы бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігі, Ғылым комитеті 2012-2014 жылдарға арналған ғылыми-техникалық бағдарламалармен жобаларды гранттық қаржыландыру шеңберінде шығарылды.

Бұл кітап Кетбұға күйші мұрасының ноталарымен аңыздары топтастырылған. Кетбұға абыз туындыларының аудиожазбасы қосымша құрал ретінде ұсынылуы – қобыз бен домбыра күйлерінің ұлыстық мектебінің негізін салған Алтын Орданың ұлы жыршысы, ұлы күйшінің мұрасын жастарымызға кеңінен насихаттауға жол ашады.

Елінің жарқын болашағын көкसेген ұлы тұлғалардың бірегейі – Кетбұға абыз бабамыздың өзінің бар болмысымен жарқырап көрінетін шағы туды. Оның есімі ұлықталып, күйлері еркін таралып, жастар өнегесінен үлгі алатын болды. Мұның бәрі «Мәңгілік елдің» жасампаз саясатының арқасында қол жеткен еркіндік деп бағалаймыз!

**ӘЛИХАН
БӨКЕЙХАН-
НЫҢ
ТУҒАНЫНА
150 ЖЫЛ**

АЛАШ КӨСЕМІ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ

150 жылдығын ӘЛЕМ АТАП ӨТПЕК

20 мамыр, 2015



ЮНЕСКО-дан жеткен бұл қуанышты хабар Алаш қайраткерлері мен ұлт мүддесіне байланысты істерге мұрындық болып жүрген «Ақ жол» демократиялық партиясы үшін де маңызды оқиғаға айналып, бүгінгі өткен партия фракциясында еліміз бойынша алғаш атап өтті.

Франция төрінен сүйінші хабар жетті. Яғни, Париждегі ЮНЕСКО Атқарушы кеңесінің 196-шы сессиясында 2016-2017 жылдары Ұйымның қатысуымен аталып өтетін ағартушы тұлғаларға арналған еске алу-мерейтой шаралары мен тарихи және мемлекеттік маңызы бар айтулы мерекелер Қазақстан үшін де олжалы болды. Үстіміздегі жылдың қараша айына белгіленген ЮНЕСКО Бас конференциясының 38-ші сессиясында қабылдау үшін жіберілген ұсыныстар ішінде 2016 жылы қоғам және мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейханның туғанына 150 жылдығын және Алматы қаласының құрылғанына 1000 жыл толуын ЮНЕСКО көлемінде атап өту жайы қарастырылып отыр.



Бұл қуанышты хабар Алаш қайраткерлерінің ғұмыр жолын зерттеп, ұлт мүддесі жолындағы еңбектерін паш етуде көптеген істерге мұрындық болып жүрген Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы үшін де маңызды оқиғаға айналды. Сол орайда бұл сүйінішті оқиғаға байланысты еліміз бойынша алғашқы шара болған бүгін өткізілген партияның фракциясында сөз алған партия төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев мұның барша қазаққа маңызы зор үлкен жеңіс екендігін атап өтті. Ал Әлихан Бөкейхановтың 150 жылдығының ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтуіне себепкер болған Л.Гумилев атындағы ЕҰУ «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының директоры, белгілі тарихшы ғалым Сұлтанхан Аққұлы көрнекті қайраткерді зерттеу жолында табылған құнды деректерімен бөлісті.

Айта кеткен жөн, Қазақстанның ұсынысын мақұлдауда Әзербайжан мен Түркия өкілдері белсенділік көрсетіпті.

Сонымен қатар, Атқарушы кеңестің 196-шы сессиясында Түркия ұсынған (Қазақстан, Әзербайжан және Қырғыстанның қолдауымен) Қожа Ахмет Яссаидың дүниеден өткеніне 850 жыл толуына байланысты іс-шара естелік даталар күнтізбесіне енгізілді.

Жоғарыдағыны ескере 2016 жылы аталып өтетін Әлихан Бөкейханның туғанына 150 жыл және Алматының 1000 жылдығы мерейтойларына қатысты іс-шаралар жоспары дайындалуы қажеттігін тілге тиек еткен Сұлтанхан Жүсіп алдағы жылы Ә.Бөкейхановтың бейнесі бар монеталар шығаруды Ұлттық банкке тапсыру жайын айтса, «Ақ жол» партиясының төрағасы Азат Перуашев ұсынысты толықтырып, «Қазпоштаның» тұлға бейнесі бар маркаларын шығаруды Парламент Мәжілісінде көтеретіндігін айтты. Сондай-ақ жиын барысында партияның өзге өңірлеріндегі филиалдарымен онлайн-әңгіме жүргізіліп, атқарылып жатқан істер таныстырылды.

Сәтжан Қасымжанұлы,
qazaquni.kz

**ЮБИЛЕЙ АЛИХАНА БУКЕЙХАНА БУДЕТ ОТМЕЧАТЬСЯ
ПОД ЭГИДОЙ ЮНЕСКО**



**Әлихан Бөкейхан – 150 жыл
(1866-2016)**

Құрастырушылар түсініктемесі

Ғылыми жинақты құрастырушылар аталған халықаралық ұйымның осы шешіміне түсініктемені орыс тілінде беруді «Алаш Орда» қоғамдық қорының директоры, алаштанушы, Әлихантанушы ғалым Сұлтан Хан Жүсіптен сұрадық. Оның себебі Алаш дегенде елімізде тұратын басқа ұлттардың өкілдері осы қозғалысты ұлтшылдық бағытта деп қана пайымдап, оған күдікпен қарау әлі күнге дейін кездесіп қалады. Күдіктің көбіне білместіктен туатыны аян. Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның саяси, азаматтық, ағартушылық, ғалымдық көзқарастарының және қызметінің ЮНЕСКО критерийлеріне сай болуының өзі оның халықаралық деңгейдегі ірі тұлға екендігін көрсетеді.

В 2016 году юбилей казахского национального лидера начала XX будет отмечаться с участием ЮНЕСКО. 196-я сессия этой международной организации приняла решение рекомендовать Генеральной конференции, чтобы ЮНЕСКО приняла участие в мероприятиях, связанных с 150-летием Алихана Букейхана - основателя и лидера казахского национально-освободительного движения начала XX века, главы Автономии «Алаш», выдающегося ученого-энциклопедиста, публициста. 38-я сессия Генеральной конференции ЮНЕСКО намечена на ноябрь текущего года.

Очередная 196-я сессия Исполнительного совета ЮНЕСКО завершила свою работу 23 апреля текущего года в Париже. От Казахстана на рассмотрение этой сессии поступили два предложения о памятных датах, которые могли бы отмечаться с участием ЮНЕСКО в 2016-2017 гг., в частности празднование 150-летия Алихана Букейхана и 1000-летие города Алматы. Еще одна памятная дата, связанная со 100-летием образования Автономии Алаш Орда, не нашла поддержку со стороны Национальной комиссии Республики Казахстан по делам ЮНЕСКО и ИСЕСКО, как не отвечающая действующим критериям отбора ЮНЕСКО.

Нужно отметить, что по состоянию на 6 февраля 2015 г. Секретариат Исполнительного совета ЮНЕСКО получил от 32 государств-членов 58 запросов, 41 из которых был утвержден в соответствии с установленными критериями.

Важно подчеркнуть, что до начала этой сессии, Исполнительный совет утвердил пересмотренный вариант программы празднования памятных дат, призванный усилить ее воздействие, в том числе обеспечить улучшения методологии, финансирования, географической и гендерной сбалансированности, мониторинга и оценки, периодичности и других соответствующих критериев. В соответствии с пересмотренной программой предлагалось, в частности, рекомендовать государствам-членам ограничить количество памятных дат предпочтительно двумя предложениями (!) на двухлетний период, при этом желательно, чтобы государства-члены представляли свои предложения, заручившись поддержкой по крайней мере двух других государств-членов и/или региональной группы. Отмечу, что к 196-й сессии постоянное представительство

Казахстана при ЮНЕСКО явилось предварительно заручившись поддержкой Азербайджана и Российской Федерации. Исполнительный совет ЮНЕСКО также принял решение о первом применении данной пересмотренной программы празднования памятных дат с участием ЮНЕСКО в ходе предстоящего двухлетнего периода - 2016-2017 гг.

Применение новых критериев и новой процедуры привело к сокращению общего количества предложений по сравнению с предыдущим двухлетним (2014-2015) периодом практически на две трети, а именно 58 предложений вместо 159. Каждое из предложений отбиралось с жестким требованием, чтобы **«предлагаемая памятная дата должна иметь неоспоримую связь с идеалами и целями Организации в области образования, науки, культуры, социальных и гуманитарных наук и коммуникации, а также способствовать сближению народов, поощрению толерантности, идеалов мира, диалога между культурами и взаимопонимания»**. Предпочтение отдавалось памятным датам, имеющим отношение к новой, пересмотренной программе и приоритетам ЮНЕСКО, и, по возможности, увязанным с уже запланированными мероприятиями высокого уровня (регионального и международного).

Помимо того памятная дата должна была касаться **«выдающихся деятелей подлинно всемирного масштаба, в отношении которых предложения представляются только посмертно, а также к событиям, имеющим общемировое или региональное значение, бесспорно известным за пределами самой страны, что отражало бы идеалы, ценности, многообразие культур и универсальный характер Организации»**. И, наконец, памятной дате должны были быть посвящены общенациональные, региональные или международные мероприятия, которые должны были уже запланированы и на организацию которых в государстве-члене или государствах-членах, напрямую в них заинтересованных, уже выделены достаточные финансовые средства.

В этой связи возникает ряд вопросов. Запланировал ли Казахстан празднование юбилея государственного и общественного деятеля, ученого и публициста подлинно мирового масштаба Алихана Букейхана, деятельность которого имеет поистине и общемировое,

и региональное значение? Вопрос пока остается без ответа. И готов ли Казахстан выделить достаточные финансовые средства на празднование этого юбилея, сказать сложно. В письме министерства культуры и спорта Казахстана от 2013 года сообщалось, что в бюджете на 2014-2017 годы на 150-летие Алихана Букейхана предусмотрено 15,9 миллионов (!) тенге. Достаточно ли этих средств или нет, можно судить по тому факту, что на 550-летие Казахского ханства выделяется... 23 миллиарда тенге.

Между тем 196-я сессия Исполнительного совета ЮНЕСКО на своем заседании от 17 марта 2015 года решила рекомендовать Генеральной конференции, чтобы в 2016 году ЮНЕСКО приняла участие в мероприятиях по случаю (22 пункт протокола сессии цитирую дословно) **«150-летия со дня рождения государственного и общественного деятеля, ученого Алихана Букейхана (1866-1937 гг.)»**.

Остается лишь добавить, что Генеральная конференция ЮНЕСКО, которая состоится в ноябре текущего года, рекомендацию сессии Исполнительного совета отклоняет в исключительных случаях. Следовательно правительству Казахстана, еще до Генеральной конференции ЮНЕСКО, необходимо принять соответствующее постановление об организации, планировании и проведении в 2016 году юбилейных торжеств в связи с 150-летием Алихана Нурмухамедулы Букейхана с участием ЮНЕСКО и предусмотреть достаточные финансовые средства.

Султан Хан Аккулы
директор ОФ «Алаш Орда»

**«АҚ ЖОЛДЫҢ»
АЛАШ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

«Ақ жол» ҚДП ОК идеологиялық жұмыс бойынша хатшысы Сәбит Байдалының партияның Орталық Кеңесінің Пленумында жасаған «Ақ жол» демократиялық партиясының 2015-2020 жылдарға арналған Алаш қозғалысы қайраткерлерінің идеялық көзқарастарын зерделеу және тарату жөніндегі Бағдарламасы туралы баяндамасы.

2015 жылдың 26 қыркүйегі

Астана қаласы

Құрметті әріптестер!

2014 жылдың 13-інші желтоқсанында, тура Алашорда үкіметінің құрылған күнінде, Партияның Орталық кеңесінің Пленумы өтіп, аса маңызды шешім қабылдағанын еске салғым келеді. Онда «Ақ жол» демократиялық партиясының 2015-2020 жылдарға арналған Алаш қозғалысы қайраткерлерінің идеялық көзқарастарын зерделеу және тарату жөніндегі Бағдарламасының жобасы» негізге алынған. Оның аса маңызды құжат екендігі ескеріліп, ол барлық партия ұйымдарында кеңінен талқыланғаннан кейін, партияның жоғары басшы органдарының бірімен қабылдануы үшін ұсынылған болатын.

Осындай маңызды шешім қабылданғанша Бағдарламаның жобасымен жұмыс жасау үшін Партия төрағасы Азат Перуашев жұмысшы тобын құрған болатын. Жұмысшы тобының құрамына бүгінгі таңда сенімді серіктесімізге айналған Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің алаштанушы ғалымдары: Дихан Қамзабекұлы, Зиябек Қабылдинов, Сұлтанхан Жүсіп кіріп, нақты ұсыныстарын берді. Топтың жұмысын үйлестіру, басқару жауапкершілігі Партияның Орталық кеңесінің идеологиялық жұмыс бойынша хатшысы ретінде маған жүктелген болатын. Бүгін біздің Пленумның жұмысына Сұлтанхан Аққұлы Жүсіп, сондай-ақ аталған университеттің Сұлтанхан мырза басшылық ететін Алаш институтының ғалымдары: Сағымбай Жұмағұлов, Қайырбек Кемеңгер қатысып отыр. Партияның ОК мүшелерінің атынан Сіздерге осы мәртебелі мінберден шын жүректен ризашылығымды білдіруге, алдағы уақытта да ортақ іс үшін жұмылып, ынтымақтастықта болатынымызға сендіруге рұқсат етіңіздер.

Бағдарламаның жобасы «Ақ жолдың» сайтына орналастырылды, «Қазақ үні» газетінде, оның сайтында жарияланды Яғни, бағдарлама жобасын оқып, танысуға партия активінің толық мүмкіндігі болды. Бағдарлама жобасы облыстық филиалдарда талқыланды. Ондағы айтылған ұсыныс-пікірлер ескерілді. Тұтастай алғанда, жыл бойы (біздің партия ішінде ғана емес, басқа да жерлерде) өткен әртүрлі деңгейдегі жиындарда бұл туралы айтылып, негізінен жұртышылықтың, әсіресе ғылыми орта өкілдерінің қолдауына ие болды.

Өткен аптаның соңында тағы да бір рет қарап, нысықтап, талдап, осы бүгінгі Пленумда талқылауға қатысуға дайын болып келулеріңіз үшін Бағдарлама жобасын филиалдар төрағаларына жібергенбіз.

*Менің ең бірінші баса айтқым келетіні: Алаш жөніндегі бағдарламаны Партияның Саяси бағдарламасының ажырамас, құрамдас бөлігі деп санауымызға толық негіз бар. Өйткені, Саяси бағдарламамызда **біздің партия ұлттық мемлекеттілікті қалыптастырудың іргелі негіздерін қалаған, ұлттық мүдделерімізді әлемдік өркениеттің үздік жетістіктерімен ұштастыру негізінде, қазақ қоғамын еуропалық жолмен жаңғыртуды өзінің мақсаты еткен «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының ізбасары болып табылатыны** атап көрсетілген. «Алаш» қозғалысының базалық құндылықтары – ұлттық дербестік, либерализм, демократия, жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтары, өнімді нарықты экономика, этностар мен діндердің теңқұқықтылығы - біздің бағдарларымыз болып қызмет етуін жалғастыратыны мәлімделген.*

Ал екінші жағынан алғанда бұл іс жүзінде Партияның жаңа Саяси бағдарламасымен қатар Алаш тақырыбы бойынша жеке Бағдарлама қабылдау деген сөз. Жеке, өз басым үшін, Алаш жолын өмірімнің мән-мазмұнын байытып тұрған ерекше құрамдас бөлігі ретінде санайтын азамат ретінде, бұл бағдарлама біздің Саяси бағдарламамыздан маңызы кем емес құжат. Біздің дәстүрге енген Жалпыұлтты байқауымыздың, оның қорытындыларымен шығып жатқан кітаптар сериясы тіпті де тегіннен тегін «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» аталып отырған жоқ. Алаштың Ақ жолы XXI ғасырда да, одан кейін де жалғаса беретін мәңгілік

жол. Алаш біз үшін өткен шақ қана емес, ол біз үшін осы шақ және келер шақ. Бізге Алаш тарихына жаңаша көзқараспен қарап, атқарып жатқан істерімізді дамыта отырып, Алаш идеяларын, бастамаларын, құндылықтарын бүгінгі және келер күндердің кәдесіне жаратуға бағытталған, замана талабына сай кешенді іс-шаралардың жиынтығын қамтып тұжырымдау керек болды. Соны әл-қадарымызша жасадық.

Бағдарламаның құрылымдық түзілімі туралы айта кетейін: әуелі Бағдарлама қабылдаудың мақсаты және қажеттілігі дәйектелген. Оны Сіздер менің осы айтып тұрған сөздерімнен де байқадыңыздар деп ойлаймын. Одан кейін Бағдарламаның тұжырымдамалық негіздерін үш бағытта жүйелеуге тырыстық. 1. «Алаш» қозғалысы идеяларының мемлекет құрылысындағы, демократиялық құндылықтардағы және қазіргі Қазақстан қоғамының еуропалық жолды таңдаудағы сабақтастығы; 2. «Алаш» қозғалысы көшбасшыларының еңбектеріндегі экономикалық көзқарастарының өзектілігі, қоғамды әлеуметтік жаңғыртудың мәселелері және осы идеяларды қазіргі заманғы Қазақстанда дамыту; 3. Алаштың рухани-мәдени тәжірибесінің, ұлттық құндылықтарға көзқарастарының қазіргі заманғы Қазақстан үшін өзектілігі. Бұл тұжырымдамалық негіздердің тақырыптары, өзіміз осыған дейін өткізген іс-шаралардағы баяндамалардан, сөздерден, өзіміз тұжырымдаған тезистерден алынды. Мұны дұрыс ұстаным деп санаймын. Өйткені, ондай іс-шараларды не үшін өткіземіз, егер оны одан кейін қызметімізде пайдаланбайтын болсақ. Мейлінше сығымдалып жасалған (Алаш мұрасы – тым ауқымды мұра) тұжырымдамалық негіздерге сүйене отырып, Бағдарламалық міндеттерімізді жарияладық. Оның діңгегін 2016 жылы туғанына 150 жыл толатын «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының негізін қалаушы әрі саяси жетекшісі Әлихан Бөкейханды және 2017 жылы құрылғанына 100 жыл толатын «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысын лайықты ұлықтау бойынша жасалған нақты ұсыныстар құрайды. Ол түсінікті де. «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының қызметі, жалпы Алаш идеясы – қазақ қоғамын еуропалық жолмен жаңғыртуды басты бағыттарының бірі ретінде ұстанып, сол замандағы нақты жағдайларға бейімдеп, ұлттық мемлекеттілікті қалыптастыруға ұмтылғанын

жұртышылық байыптап келеді. Париждегі ЮНЕСКО Атқарушы кеңесінің биыл қараша айына белгіленген осы ұйымның Бас конференциясында қабылдау үшін жіберген ұсыныстарының ішінде 2016 жылы қоғам және мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейханның туғанына 150 жылдығын ЮНЕСКО көлемінде атап өту жайы қарастырылып отырлғаны осының айғағы.

Франция төрінен жеткен бұл хабардың маңызы Президентіміз Н.Назарбаевтың бастамасымен Қазақ хандығының 550 жылдығы аталып өтіп жатқан тұста тіпті еселеп арта түседі. Сондай-ақ бұл Алаш мұрасын жалпы адамзаттық құндылықтар ретінде әлемдік деңгейге шығарып насихаттаудың таптырмайтын мүмкіндігі. Елбасы жария еткен «Мәңгілік ел» мұраты да Алаш жолын елімізде де, халықаралық деңгейде де зерделей түссек, баянды бола түспек. Алаш қайраткерлерінің мемлекеттің құрылысына, экономикалық-саяси мәселелерге, демократиялық, ұлттық-мәдени құндылықтарға қатысты көзқарастарының Ұлы Даланың ұландары үшін бүгін де, ертең де қажеттілігі күмән тудырмайды.

Бағдарламадағы 2016 және 2017 жылдарға ұсынылған кешенді шаралардың жиынтығын орындаудың алғышарттары 2015 жылдан бастау алуы тиіс болатын. Сондықтан да биылғы жылы біз бастамашылық жасаған және атқарған істердің негізгі бағыттарына ғана қысқаша тоқталсақ. Қазіргі таңда жыл сайын «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» атты Жалпыұлттық байқауын өткізіп, финалдық сатысын ғылыми-практикалық конференциямен қорытындылап, оның материалдарын негізге ала отырып, ғылыми жинақ шығарып тұру жүйелі сипатқа ие болды. Тіпті осы жинағымызға енгізуді сұрап, арнайы материалдар әзірлеуші авторлар пайда бола бастады. Мәселен, Хайреддин Болғанбаевтың туысы Жамбыл Кәмел, Қазақстан Республикасының халыққа білім беру ісінің озық қызметкері, №68 мектепте Алаш мұражайын ашамын деп тірлік жасап жүрген зейнеткер ұстаз Тлеубек Ысқақов, саясаттанушы Мақсат Жақау тағы басқалар Алаш қайраткерлері жайлы біздің ғылыми жинағымыз үшін арнайы жазған мақалаларын ұсынды.

Жалпы, «Ақ жол» партиясының Алаш мұрасын зерделеу және тарату бойынша іс-шаралары бұл байқаумен шектеліп

отырмағанын баса айтқым келеді. Әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде Интернет-сайттарда биыл Омбы ғылыми экспедициясы туралы көптеген материалдар жарық көрді. Қазақ халқының тарихы үшін Ресей мұрағаттары, соның ішінде елімізбен шекаралас облыс-өңірлерінің сирек кездесетін мұрағат қорларының деректері аса маңызды болып табылады. Ұлттық тарихымыздың ақтаңдақ беттерін ақтарып ашу үшін құнды айғақ-деректер—бір кездегі қазақтың атамекені, бүгінгі Ресей Федерациясына қарайтын Омбы қаласында мольнан жинақталған. Осыны ескеріп, біздің партия былтыр ЕҰУ-нің бір топ алаштанушы ғалымдарының Омбы қаласына ғылыми экспедициясын ұйымдастыру үшін қаржылай көмек көрсеткен. Оның құрамында «Алаш» мәдениет және рухани институтының директоры, ф.ғ.к., PhD Сұлтанхан Жүсіп, «Еуразия» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, т.ғ.д., профессор Зиябек Қабылдинов, доцент, т.ғ.к., Сұлушаи Құрманова, осы университеттің докторанты Еркін Рахметуллин болды. Олар Алаш қайраткерлерінің XX ғасырдың басындағы қоғамдық қызметі тығыз байланыста өрбіген осы қаладағы мұражайлар мен мұрағаттардың құжаттары мен артефактыларымен жұмыс істеп, соның нәтижесінде үлкен тарихи олжаға кенелді. Әлихан Бөкейханның бұрын еш жерде жарияланбаған жаңа фотосы табылып, соны қазалап зерттеудің арқасында Алаш көсемінің өмірінен тың деректер ашылды. Сұлтанхан Жүсіптің авторлығымен «Омбы экспедициясының» нәтижелері туралы қазақ және орыс тілдерінде сериялы материалдар шықты, Зиябек Қабылдиновтің Кенесары хан туралы «Всесокрушающий степной ураган» атты публицистикалық мақаласы жарияланды. Ғылыми зерттеу арқауына негізделген жұмыстардың елімізге қашанда игі шарапатын тигізіп, зор жетістіктерге жетелейтіні анық. Осы тұрғыда, ұлт руханияты мен тарихын алға сүйрейтін, жауапкершілік жүгін арқалап жүрген алаштанушы ғалымдарға, оның ішінде бүгін Пленумымызға қатысып отырған алаштанушыларға табыстар тілейміз. Сондай-ақ бүгінгі салихалы отырысымызға ЕҰУ-інде Дихан Қамзабек бас болып, тұсауы кесіліп, ғылыми ортада тарихи жәдігер саналып үлгерген «Мұрат үшін майдан» атты пьесасының авторларының бірі жазушы Өтен Ах-

метов қатысып отыр. Ол «Ақ жол» партиясының тапсырысымен 1937 жылы саяси қуғын-сүргінге ұшыраған Алаш сарбазы Мұқтызар Тұтақовтың аяқтай ала алмаған пьесасын жандандырып, толыққанды пьеса етіп шығарды. Қазіргі таңда осы пьесаны оның басты кейіпкерлерінің бірі - Әлихан Бөкейханның 2016 жылдың наурызына дейін - 150 жылдық туған күні қарсаңында сахналаудың жолын қарастыруымыз керек. Мүмкін, бұл мәселеге байланысты Партиямыздың төрағасы Азат Тұрлыбекұлы Мәдениет министріне арнайы хатпен шығуы керек шығар? Қалай болғанда да ақылдасып, мәселенің шешімін табу қажет. Бұл әрине «Ақ жол» партиясының Алашорда үкіметінің 100 жылдығы мен оның төрағасы Ә.Бөкейханның 150 жылдығына арнаған зор тартуы болар еді.

Партияішілік ағарту жұмысын дамыту мақсатында «Ақ жол» партиясы парламенттік фракциясының апта сайын өтетін онлайн бейнеконференциясының аясында, ай сайын ашық есік жағдайындағы барлық партия филиалдары қатысатын «Алаш тағылымдары» дәрістерін өткізуді тәжірибемізге енгіздік. Мұны тоқтатпай, жалғастыруымыз керек.

Жыл сайын 5-13 желтоқсан аралығында республика көлемінде «Алаш апталығын» өткізу тәжірибесін өмірге енгізе бастадық. Былтыр біз бұл шараны Астанада ЕҰУ-нің Отырар кітапханасында өткіздік, сондай-ақ Шығыс Қазақстан (Семей), Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан филиалдары бұл шараға белсенді қатысты. Биыл бұл шараны бүкіл республика көлемінде өткізуді қамтамасыз етсек дұрыс болар еді. Біздің осындай қадамдарымызды басқалар да қолдап, жыл сайын желтоқсан айында оқу орындарында, мемлекеттік органдар мен әскери бөлімшелерде, мұрағаттар мен кітапханаларда «Алаш тағылымдары» тақырыбына Алаш оқуларын: бұқаралық лекциялар, сабақтар, дәрістер, конференциялар, жиналыстар, көрмелер т.б. шаралар өткізіліп, Алашты ұлықтап, құрметтеу үдерісіне тың сұрлеулер салынып кетіп жатса тіпті ганибет болар еді. **Біздің мақсатымыз – Алаш арыстарының құнын қайтаруға жасалған қадамдарымызды көбейтіп, оған бұқаралық сипат беру болуы тиіс.**

Бұл менің, Сіздерге әзірше Бағдарлама жобасындағы, 2015 жылға белгіленген бағыт-бағдарларымыздың негізінен жүзеге

асып жатқанынан хабардар ету үшін және оны келер жылдары тиянақты түрде жалғасын табуына осы бүгін қабылданатын Алаш бағдарламасы – бізге Жол картасы сияқты қызмет ететініне сендірмек үшін қысқаша есеп бергенім деп санауларыңызды сұраймын.

Тұтастай алғанда, 2015 жылды лайықты аяқтап, 2016-2017 жылдары Бағдарламада көрсетілген алға қойылған міндеттерді орындай отырып, Алаш арыстарын ардақтаудың биік деңгейіне қол жеткізуге тырысуымыз керек. Ол жәй ғана той тойлаумен емес, ой ойлаумен, артынан із қалатын, ұлтымыздың рухын көтеретін мазмұнмен өтуі тиіс. Біз жақсы түсінеміз, біздің қолымыздан тікелей келетін іс бар, біз қоғамдық пікір тудыру арқылы ықпал етуге тырысатын іс бар. Партиямыздың көшбасшысы Азат Тұрлыбекұлы Партияның Орталық Аппаратына **Ә.Н.Бөкейханның 150 жылдығына байланысты Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің атына фракцияның депутаттық сауалының жобасын дайындауға тапсырма берді.** Онда әрине Бағдарламада көрсетілген бірқатар ұсыныстарымыз болатын шығар. Бірақ ең бастысы сол ұсыныстардың бәрін іске асырудың тетігі болуы керек. Айтылған ұсыныстар айтылған жерде қалмауы тиіс. Азат Тұрлыбекұлы биылғы жылдың төртінші тоқсанынан кешіктірмей Үкімет жанынан үкімет мүшелері, парламент депутаттары, ғалымдар, қоғам қайраткерлері енген **Әлихан Бөкейханның 150 жылдығын лайықты деңгейде өткізу жөнінде Мемлекеттік комиссия құру қажет** деп санап отыр. Бағдарламада көрсетілген міндеттердің көпшілігін Қазақстан Республикасының үкіметінің қатысуынсыз шешу қиын. Сондықтан да «Ақ жол» партиясы өзінің Парламенттегі фракциясы арқылы Үкіметтің тарих, қазақ және қазақ елі болашағының алдындағы жауапкершілігін үнемі есіне салып, тиісті шаралар қабылдауды талап етуі тиіс. Сондықтан біз Партия төрағасының Үкімет басшысына шығуын толықтай қолдаймыз.

Жалпы, біз осыдан үш-төрт жыл бұрын «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» жалпыұлттық байқауын жариялап, Алашқа қатысты басқа да шараларды іске асыру бағытын – өзімізге бағдар етіп алғанымыздың дұрыстығына, тағы да көз жет-

кізіп отырмыз. Қазіргі таңда Алаш тақырыбы біз үшін зиялы қауымның жүрегіне жол табатын «визиттік карточкамызға» айналған кезде, бұрынғы деңгейден төмендеп кетуге болмайды. Сондықтан да бұл жобаның ресми құжатқа айналуын бұдан әрі кешіктіре берудің ешқандай реті жоқ. Қазіргі талқылаудан кейін ең соңғы ұсыныс-пікірлерді ескере отырып, Бағдарламаны тұтастай қабылдау қажет деп санаймын.

Ал оны орындау жолында Партия өзінің саяси-ағартушылық жұмыстарында - мемлекет пен қоғамды дамытудың келісімді жолдарын қарастыру мақсатында тиісті мемлекеттік органдармен, тарихи-ғылыми ортамен, қоғамдық бірлестіктермен, өзге де Алаш тарихына бей-жай қарай алмайтын ұйымдармен өзара ынтымақтастығын дамытып, бірлесіп іс-қимыл жасауға ұмтылуы тиіс. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген қазақ атамыздың сөзін үнемі назарда ұстаған жөн.

Құрметті ОК мүшелері!

Кім не десе о десін, біздің бұл бағдарламамызды қабылдау Партия өміріндегі үлкен оқиға. Кез келген партияның екі басты құжаты болады – ол Жарғы және Бағдарлама. Біздің Жарғымыз салыстырмалы түрде алғанда жаңа. Біздің Саяси Бағдарламамыз жаңа, бір жыл да болған жоқ, қабылданғалы. Ал енді бүгін қабылданғалы отырған «Алаш» Бағдарламасы жаңа деп те, ескі деп те айтуға келмейді, бұл Бағдарлама Тәуелсіз Қазақстанның партия құрылысы тарихында тұңғыш рет жасалып отыр. Мен Сіздерге, осы бүгін қасиетті Құрбан айт күндерінің бірінде жасалып отырған қадамымыздың сәтті болуын тілеймін. Оның іске асуы бәрімізден көп күш-жігер жұмсауымызды талап етеді. Ендеше жаңа серпінмен еңбек етіп, жаңа жеңістерге жете берейік. Ынта-ықыласпен тыңдағандарыңыз үшін рахмет.

*«Ақ жол» ҚДП Орталық кеңесінің
2015 жылдың 26 қыркүйегіндегі
қаулысымен бекітілген.*

**Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясының
2015-2020 жылдарға арналған «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысы
қайраткерлерінің идеялық көзқарастарын зерделеу және тара-
ту жөніндегі БАҒДАРЛАМАСЫ**

Бағдарлама қабылдаудың мақсаты және қажеттілігі

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан елеулі табыстарға жетіп, зор мүмкіндіктерге ие болды. Тұрақты нарықтық экономика орнықтырылды, тиімді мемлекеттік институттар құрылды, азаматтық қоғам дамып келеді. Қазақстандықтардың жаңа буыны өсіп жетіліп, өскелең өмірге қадам басты. Еліміздің экономикалық келбетіне елеулі өзгерістер енгізу үшін шикізат ресурстарын экспорттауға тәуелділікті азайту, отандық өндірістің және жоғары технологиялық секторлардың үлесін арттыру мақсатында мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, жүзеге асырылуда. Әлеуметтік жанару саясаты республика азаматтарының әл-ауқатын көтеруге және әлеуметтік көңіл күйін жақсартуға бағытталуда. Қазақ халқы рухани құндылықтарын, тілін және мәдениетін қалпына келтіріп, дамытуға мүмкіндіктер алды. Бұған ел ішіндегі саяси тұрақтылық, ұлтаралық келісім оң ықпалын тигізуде. Еуропа мен Азияның тоғысқан жерінде орналасуымыздың, орнықты сыртқы саяси бағытты ұстануымыздың арқасында Қазақстан жаһандық дүниеде лайықты орнын ала бастады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясында еліміз басшылыққа алатын жаңа саяси бағытын жариялады. Ежелгі ата-бабаларымыз – түркі жұрты қағандарының «Мәңгілік ел» манифесінде «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, қара терін төгіп, қызыл қанын ағызып»; ХХ ғасырдың басындағы Алаш арыстарының Алаш әнұранында «Енді Алашты ешкімнің Қорлығына бермейміз, Алаш туы астында Күн сөнгенше сөнбейміз!» деп қалдырған «Мәңгілік ел» идеясы тарихи сабақтастықта қарастырылып, көне мемлекеттілік дәстүрлер жалғастырылып, жаңғыртылып, елдің

болашағына қызмет ететін ұлттық-мемлекеттік идеяның іргетасына айнала бастады.

Тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетінің алғашқы сандарының бірінде (1913 жыл) ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысының көшбасшысы, Алаш Орда ұлттық үкіметінің төрағасы Ә.Н. Бөкейхан: *«Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел – қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн тұатынына көзі жетпейді»* деп жазса, Алаш көшбасшыларының бірі, ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы: *«Бүгінгі қоғам кешегі күннің бауырынан туады»* деген екен. Қазақтың қасиетті Ұлытауында Елбасымыз *«Тарихын білмеген ұлттың болашағы бұлыңғыр»* деп Ата тарихқа деген салиқалы ұстанымын айтса, оның артынша бастама көтеріп, елімізде 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы тойланатын болып, оған арналған іс-шаралар жоспары Үкіметтің тиісті қаулысымен бекітілді. Мұның өзі тарихшылар және басқа да ұлттық тарихты зерттеушілер алдына қазақ мемлекеттілігінің бастау көздеріне қайта оралуға, деректерді қайта саралауға шақырып отыр.

Бүгінгі Қазақстан республикасы аталатын мемлекетіміз – ХҮ ғасырда өмірге келген Қазақ хандығының тарихи жалғасы. Бабаларымыздың ұлы істерін ХХ ғасырда жалғастыруды ниет еткен Алаш зиялыларының өз өмірін арнаған асыл армандарының орындалғанының көрінісі. 2017 жылы – «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының 100 жылдығы, ал одан бір жыл бұрын, 2016 жылы – сол қозғалыстың көшбасшысы Әлихан Бөкейханның 150 жылдығы. «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының қызметі, оның ұстанған жолы және бағдарламасы ұлттық мемлекеттілікті қалыптастыруда іргелі негіз қалағаны ақиқат. Жұртшылық Алаш идеясы – сол кезеңнің мемлекетшілдік идеясы болғанын, Алаш ұлт-азаттық қозғалысы – жанашыл жасампаздықтың, түп негізден ажырамай Еуропалық бағдарда дамудың көшбасшы бағыты ретінде қалыптасқанын байыптап келеді. Алаш ұғымының өзі бұрынғысынша «Тегіміз - Керегеміз – ағаш, ұранымыз - Алаш» деген елдік ұстаным болған кездегідей ұғынылып, қазақ этнонимінің синонимі ретінде ұлттық құндылық болып орныға бастады. ХХ ғасырдың басындағы Ә.Бөкейхан бастаған ұлт қайраткерлерінің Алаш атын партияға

да, үкіметке (*ұлт кеңесі*) де беруі – тарихқа адалдықтың, сол уақыттағы және болашақ бағдарды анықтаудың жолы еді. Кез келген халықтың тарихында гуманизм идеялары әйтеуір бір кезеңде алдыңғы қатарға шығып, ұлттың жаңғыру дәуірін жасайды. Оны Еуропада «Ренессанс» деп атап, ол азаматтық тарихта да, әдебиет, өнер, мәдениет тарихында да арнайы тарау ретінде зерттеудің тұрақты нысанына айналған. Абай дәуірінде «Бас-басына би болған» қазақ, Алаш тұсында бас біріктірді, ой біріктірді, қимыл біріктірді, елді бірлікке шақырды, еркіндікке сендіре алды. Оның негізінде Отанына, халқына, ұрпағына деген ұлы жанашырлық жатты. Алаш зиялыларының гуманизмі – олардың қайраткерлік әрекеттерінің де өзегі. Алаш ұлт-азаттық қозғалысының нағыз ұлттық жаңғыруды туғызған ренессанстық сипатының тамыры да осында. Қазақ әлеміне шоқ жұлдыздай жарқырай шыққан, ұлтының мәңгілігін ойлаған Алаш қайраткерлерінің жүріп өткен жолын, ерлікке баларлық еңбектерін бағалау – бүгінгі ұрпақ үшін, ұлтымыз үшін ең қымбатты құндылық. Сондықтан, Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» демократиялық партиясы осы екі мерейтойды да, тарихи заманалық аса маңызды оқиға ретінде бағалап, мемлекеттілік дәстүрдің сабақтастығын одан әрі бекіте түсу үшін, мемлекеттік деңгейде атап өту қажет деп санайды. Қазақ хандығының 550 жылдығы тойланып, ұлттық тарихымызды ұлықтап, ұлтты әлемге танытуда және қазақ елі азаматтарының патриоттық сезімдерін арттыруда үлкен рөл атқаратын 2015-ші жылдың – сондай-ақ, ұрпақтар эстафетасының сипатын иеленіп, қазақ тарихының кезеңдік белесін бейнелейтін 2016 – «Әлихан Бөкейхан», 2017 - «Алаш» жылдарының іс-шараларын байыптауға даярлық жылы ретінде есте қалғаны тіпті абзал болар еді.

«Ақ жол» партиясы ұлттық мүдделерімізді әлемдік өркениеттің үздік жетістіктерімен ұштастыру негізінде, қазақ қоғамын еуропалық жолмен жаңғыртуды өзінің мақсаты еткен *«Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының ізбасары* болып табылатынын жариялаған партия. Алаш құндылықтары біздің партиямыз үшін басты саяси бағыт болып қызмет етеді. Бұл туралы сайлауалды тұғырнамамызда мәлімделген, бұл бағытты «Ақ жол» парламент қабырғасында да және одан тыс жерлерде берік ұстанып жүр және бұл жолдан таймайды. «Алаштың» базалық

құндылықтары – ұлттық дербестік, либерализм, демократия, жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтары, өнімді нарықты экономика, этностар мен діндердің теңқұқықтылығы: Партияның Саяси бағдарламасында көрсетілген негізгі мақсатын орындауға, яғни әрбір азаматтың еркін дамуына, оның құқықтары және бостандықтарының сақталуына, барлық қазақстандықтардың өмір сүру деңгейі мен сапасының ұдайы көтерілуіне, сондай-ақ қазақстан қоғамы мен мемлекетінің экономикалық, әлеуметтік және саяси өрлеуіне жету үшін қажетті жағдайлар жасауға қызмет етуі тиіс.

Біз, Алаш аманатына адалдық танытып, Алаш идеяларының іске асырылуының тәуелсіздігімізді нығайта түсуге қызмет ететіне қоғамдық пікір туғыза беруіміз керек. Яғни, біз үшін бұл теориялық ғана емес, ең алдымен, қоғамымыздың жаңғыруына, ұлт игілігіне қызмет етуі тиіс практикалық мәселе. Алаш ұлт-азаттық қозғалысының, Алаш қайраткерлерінің мемлекеттің құрылысына, әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық мәселелерге, демократиялық, ұлттық-мәдени құндылықтарға қатысты көзқарастарының бүгінгіміз үшін де, ертеңіміз үшін де қажеттілігі еш күмән тудырмайды. Бүгінгі «Мәңгілік ел» мұраты да Алаш жолын зерделей түссек, баянды болмақ. Алаштың дүниетанымын өткен шақпен ғана байланыстыру олардың рухтарына жасаған қиянат деп есептеу керек.

Сондықтан да «Ақ жол» демократиялық партиясы «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің идеялық көзқарастарын зерделеу және көпшілікке, соның ішінде орыстiлдi аудиторияларға да тарату және олардың ХХI ғасырда да, әсіресе қазақстандық қоғамды еуропалық жолмен әлеуметтік, саяси және экономикалық жаңғыртуға қажеттілігі жөнінде 2015 жылдан 2020 жылға дейінгі аралықты қамтыған ортамерзімдік Бағдарлама (*әрі қарай Бағдарлама*) қабылдайды. Онда Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің жұртшылыққа танымал алаштанушы ғалымдарының ойлары мен ұсыныстары ескерілді. Алаш мұрасы – тым ауқымды мұра. Сондықтан да біз Алаш Орданы, Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш арыстарын лайықты ұлықтау бойынша нақты ұсыныстарымызды жария етіп, Алаш қайраткерлерінің ұстанымдары мен көзқарастарын негізінен үш бағытқа бөліп,

оның тұжырымдамалық негіздерін жасай отырып, соған сәйкес бағдарламалық міндеттеріміз бен оны орындаудың тетіктерін белгілеуді жөн деп таптық.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1. «Алаш» қозғалысы идеяларының мемлекет құрылысындағы, демократиялық құндылықтардағы және қазіргі Қазақстан қоғамының еуропалық жолды таңдаудағы сабақтастығы.

Кез келген ұлт үшін мемлекеттілік басты құндылық болып табылады. Әлихан Бөкейхан айтқандай, мемлекеттілігі жоқ халық – жетім халық. Алаш идеясының өзегі де ұлттық мемлекеттік дербестік. Алаш көшбасшылары қазақ қоғамын біртіндеп Еуропалық деңгейдегі өркениеттің озық жетістіктерімен ақылға қонымды ұштастыру негізінде сол замандағы нақты жағдайларға бейімдеуді өздерінің анық та айқын мақсаты тұтты. Қазақтың белгілі тарихшысы Манаш Қозыбаевтың сөзімен айтсақ «XX ғасырда ұлт-азаттық қозғалысының жаңа сатысы басталды. Оның басы-қасында «Оян, қазақ» ұранымен шыққан, демократиялық Ресейдің құрамында қазақ елін еуропалық жолмен дамытуды, жаңғыртуды көксеген реформаторлар (Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұстафа Шоқай) бастаған ұрпақ жүрген еді» («Егемен Қазақстан», 1996 жылдың 6-ыңшы желтоқсаны). Түркістан автономиясын жариялаған Алаш қайраткерлерінің жапондықтарды үлгі тұтқан шығыстық (Мұстафа Шоқай) бағыттағы ұстанымдары да маңызды. Жапонияның өзі Еуропадан үйрене отырып, ілгері дамудың жолына шыққанын ескерсек, олардың ұстанымдарында алшақтықтар көп емес. Сол себепті де «Ақ жол» партиясы тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі басымдықтарының бірі – Еуропалық Одақпен ынтымақтастық болуы тиіс деп санайды. Қазіргі таңда егемен еліміз Еуропаның жетекші елдерімен үнқатысудың деңгейін едәуір көтеруге қол жеткізді. Еуропа мемлекеттері, олардың жоғары деңгейдегі технологиялық дамуын ескерсек, Қазақстанның үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын іске асыруда біздің басты экономикалық серіктесіміз, Қазақстанның басты сауда және инвестициялық әріптесі болып қала беруі аса қажет. Сол себепті елде біздің азаматтарымыз

үшін визалық режимді либераландыру жөнінде дәйекті жұмыстар атқарылғаны жөн. Қытай мен Ресей секілді екі алып елдің ортасында отырған бізге Еуроодақпен де сенімді серіктес болу өте маңызды. Сонымен қатар тағы бір маңызды бағыт – Түркі тілдес мемлекеттердің өзара ынтымақтастығынан, мәдени, рухани, саяси және экономикалық қарым-қатынасын нығайтудың қажеттілігінен туындайды. Тегі бір, тілі бір, тарихы ортақ түркі халықтарының тұтастығын Алаш қайраткерлері де аңсаған. Мағжан жырлап, арман еткен Ер түріктің рухы оянып, түбі тектес, тереңге тамыр тартқан мәдениетімізді, тарихымызды түгелдеп қана қоймай, жаһандану дәуірінің иіріміне төтеп беру үшін, әлем халықтары арасынан ойып тұрып өз орнымызды алу үшін ағайын түркі халқы болып тұтастануымызға жұмыс жасау керек. «Ақ жол» партиясы осы асыл арманды жүзеге асыруда түркі халықтарының атажұрты саналатын Қазақстан мемлекеті көп күш-жігер жұмсауы керек деп есептейді. Бұл бағытта Түркі тілдес халықтарының ұзақ мерзімді өзара қарым-қатынасының стратегиясының жасалуына Қазақ елінің бастамашылдық танытып отырғанын біздің партиямыз қолдайды.

Дүрбелеңге толы дүниеде елдің ешбір сына қағылмастай тұтас болуы айрықша маңызды. Ол үшін, ең алдымен қазақтың бірлігі, қазақтың маңына топтасқан барша этностардың бірлігі керек. Ешкімді ұлтына, дініне, тіліне қарап бөлмеу, кемсітпеу – зайырлы, мәдениетті елдің белгісі. Алаш көшбасшыларының ұлылығы да сонда, олардың таптық жіктелуге де, ұлтшылдық томаға-тұйықтыққа да ұрынбауында. Олар қазақтың жоғын жабайы ұлтшылдық сарымен жоқтамаған. Өзге азшылықтағы ұлттар өкілдерінің құқығын шектемейтін қазақ ұлтының елді біріктірушілік идеясын Алаш Орда үкіметін сайлаған съездің өзінде жария еткен. «Алаш Орда» Уақытша Ұлттық Кеңесінің құрамы 25 адам болып бекітіліп, 10 орынның қазақтар арасындағы орыс және басқа ұлттардың өкілдеріне қалдырылуының өзі көп жәйтті аңғартады. Ал бізде күні кешеге дейін Алашордалықтарды тек ұлтшылдық тұрғысынан қарастыру белең алғаны рас. Содан да Алаш дегенде басқа ұлттың өкілдері осы қозғалысты ұлтшылдық бағытта деп қана пайымдау кездеседі. Бізге Алаш идеясын біржолата ысырып тастауды көздеген кеңестік жүйеде өмір сүрген кездегі ойлау жүйесінен, сол

кездегі психологиялық пиғылдан тұтастай арылуға күш жұмсауға тура келеді. КСРО-ның үйіндісі астынан шығып тәуелсіздігін алған Қазақстанда ұлттық негіздердің, қағидаттардың жылт егіп көрінуіне секемдікпен қарау әлі де жалғасып келеді. Елбасының жұртшылыққа еліміздің атауын Қазақстан емес, Қазақ елі деп атауды ойластыруымыз керек дегенін «Ақ жол» партиясы қолдайды. Өркениет әлемінде мемлекеттің атауы мен азаматтық жігі ажырамас ұғым. Қазақстанның азаматы – «қазақстандық» емес, қазақ. Жаңа ұлт саясатын қалыптастыру және оны іске асыру барысында бүгінгі Қазақстан халқының 65 пайыздан астамын қазақтар құрайтыны, халықаралық құқықтық нормаға сәйкес, бір этностық топтың үлес-салмағы 67 пайызды құраған жағдайда ол ұлттық мемлекет болып танылатыны басшылыққа алынуға тиіс. Осы тұрғыдан келгенде, Қазақстан көпұлтты емес, әртүрлі этностардың диаспорасы бар, мемлекет және жүйекүрушы қазақ этносы басым ұлттық мемлекет болып табылады және халықаралық деңгейде оны ұлттық мемлекет деп көрсету заңды. Және оған барлық этникалық қауымдастықтар мүдделі болуға тиісті. Алаш идеясын әрбір қазақстандық үшін елді ажырататын емес, біріктіруші мақсатқа пайдалануымыз керек. Әлихан Бөкейхан *«Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана»* екенін, *«бірліктен айырылған елдің қаңғып қалатынын»* айтқан.

Алаш қайраткерлерінің саяси-қоғамдық қызметтерінен тағылым алу біздің дамуымыздың басты құндылықтарының бірі. Олар Президенттің билігін «Алаш» партиясының бағдарламасы бойынша: *«Үкімет басында Құрылтай жиналысы, оның арасында Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Дума белгілі бір мерзімге сайлаған Президент тұрады»*, - деп анықтаған. XX ғасырдың басында Президенттік басқарудағы мемлекеттердің санаулы болғандығын ескерсек, Алаш арыстарының мемлекет басқару ісінде құқықтық мемлекет құрудың алғышарттарын жасағандығы көрініп тұр. Партия Қазақстанда Президенттік билік бір формациядан екінші формацияға өтіп, тәуелсіздіктің іргетасын орнықтыру бағытындағы стратегиялық басты міндеттеріне жауап бере алғанын атап өте отырып, Қазақстан қоғамы елімізде кезең-кезеңмен саяси жаңғыруды жүзеге асырып, Конституциялық реформалар арқылы Қазақстанды президент-

тік республикадан президенттік-парламенттік республикаға іс жүзіндегі түрлендіруге (*трансформациялауға*) пісіп жетілді деп санайды. Демократияның шынайылығына дәлел бола алатын «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беруші Үкімет» саяси жүйесіне кезең-кезеңмен көшуге кірісуді тым алысқа созбай бастау қажет. Мемлекеттік басқарудың бұл үлгісін алудың қажетті келесі шарттары: күшті көшбасшы, саналы азаматтық қоғам және дамып келе жатқан партиялық сегмент біздің елде бар. Алаш көсемдері сол кездің өзінде жергілікті өзін-өзі басқару идеясын қозғаған. Жергілікті биліктің міндеттеріне - білім беру, денсаулық сақтау және шаруашылық жүргізуді жатқызған, жергілікті биліктің экономикалық мәселелерді өздері шешулеріне қабілеттілігі және мүмкіндіктері барлығына ерекше көңіл аударған.

Мемлекеттің бастауы – демократиялық бостандықтар мен адам құқықтарын қорғауда да Алаштықтар ұлтына, дініне, тіліне, нәсіліне, жынысына қарамай барлық азаматтардың құқының теңдігін, сөз, баспасөз бостандығын, саяси партия, қоғамдық ұйым немесе қауым құру еркіндігін, өкімет орындарының ешкімді заңсыз жолмен ұстамауын т.б. мәселелерді қозғап, қазіргі таңда да өзекті болып табылатын, озық ойлы идеяларымен ерекшеленеді. Қазіргі заманда азаматтардың құқығы мен бостандығына нақты кепілдікті тек қана заңдары мен тәртібі, құқық қорғау жүйесі жетілген қуатты мемлекет қана бере алады. Біз барлық мемлекеттік органдар мен олардың кез келген деңгейдегі басшылары тарапынан әрбір қазақстан азаматының жеке басының қадір-қасиетін, құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуді талап етеміз және соған қол жеткізуге ұмтыламыз. «Ақ жол» партиясы ХХ ғасырдың басындағы Әлихан Бөкейхан бастаған озық ойлы қазақ зиялылары құрған «Алаш» партиясының бағдарламасындағы «*Әділдікке жақ болу, нашарларға жолдас, жебірлерге жау болу*» қағидатын өзінің бағдарларының бірі ретінде қарастырады. Заңсыздыққа, сыбайлас жемқорлыққа, жүгенсіздікке және шектен шығушылыққа әрдайым қарсы шығатын болады. Егемендігіне ие болған ел үшін территориясының тұтастығын қалыптастыру қандай маңызды болса, табиғи байлығы мен қоғамдық игілігін қорғап, экономиканы жаңғырту да сондай маңызға ие.

Алаш қайраткерлерімен қазақ жерін сақтауда, қазақтардың автономиялық мемлекеттігін, тұрақты әскерінің, экономикасының, ұлттық мәдениетінің және тілінің негіздерін қалауда орасан зор саяси, заң шығарушылық, ғылыми жұмыстар жүргізілді. Олар тарихи деректермен республикамыздың шекарасын негіздей және қорғай алды, елдің жалпы дамуының бағытын анықтады және т.б. Жаһандану дәуірінде бұл идеялар мен бастамалардың баға жеткісіз құндылық болып табылатынына күмән жоқ.

2.«Алаш» қозғалысы көшбасшыларының еңбектеріндегі экономикалық көзқарастарының өзектілігі, қоғамды әлеуметтік жаңғыртудың мәселелері және осы идеяларды қазіргі заманғы Қазақстанда дамыту.

Алаш партиясының, сол партияның негізінде құрылған Алаш Орда ұлттық үкіметінің бағдарламасының интеллектуалдық-саяси деңгейінің жоғарылығы бұл мәселелерге де бүгінгі күннің биігінен, ертеңгі алар асуларымыздың талаптары тұрғысынан келгенді қалайды. Сол кезеңдегі беделді саяси партиялардың бағдарламаларынан бірде кем емес «Алаш» партиясының бағдарламасы, біріншіден, қазақ елін өзінің бөлінбейтін территориясы бар, отарлық тәуелділіктен азат елге айналдыруды, екіншіден, қазақ халқының өмірін жаңа сапаға көтеруді көздеді. Алашордалықтар бірінші мақсатын: халықтың арманы болған өзін-өзі билеу идеясын қазақтың алғашқы заманауи үкіметі – Алашорданы құрып, аз уақытқа болса да іске асырды. Алашорда көшбасшылары екінші мақсатын орындауға күш салып, елде пәрменді реформалық шараларды іске асырғылары келді. Кез келген мемлекеттің тұрақты және тиімді өмірлік қызметі үшін сол елдің экономикалық дамуын қамтамасыз етудің маңызы зор екенін Алаш қайраткерлері жете түсінді. Оны ұлттық басымдықтардың бірі ретінде қарастырды. Алашорда үкіметінің төрағасы Әлихан Бөкейхан *«қазақтың қойының жүні тоқылып, үстіне киім болып, әрбір темірі өзіне түйме болуы тиіс»* деп, сол заманның өзінде нарықтық экономикаға, ұлттық бизнестің дамуына үндеді. Алаш білімдарлары елдің шикізат базасы болып шектеліп қалуына қарсылықтар білдіріп, шикізатты сыртқа шығармай, қазақ жерінде өндеудің қажеттігін айтқан, ал бұл мақсатқа фабрик-зауыттар, шойын жол салып қана жетуге болады. Олар қазақ шаруашылығында өнеркәсіптің маңыздылығына мән беріп, басқа

салалармен салыстырғанда оның алатын орнының қаншалықты екенін бағамдай білген. Қазақстан экономикасының шикізаттық бағдарын барынша азайтып, оның орнықты өсімін қамтамасыз ететін құрылымдық реформалар жүргізіп, индустриялық салаларды белсенді дамыту бағыты Алаш ұстанымдарына сай іс-шаралар болып табылады. Алаш арыстары ұлттық өндірісті дамытуды табиғи жолмен жүргізуді дұрыс деп тауып, өндірістік қатынастарды кооперация арқылы жүзеге асыруға ұмтылды, барлық субъектілердің құқықтары тең дәрежеде қорғалып, адал, ашық жұмыс істеуі шарт деп есептеді. Бірінші кезекте дәстүрлі мал шаруашылығын дамыту мен егіншілікпен айналысу арқылы ауыл шаруашылығы саласын көтеріп, жетекші де қуатты агроөнеркәсіптік мемлекет қалыптастыруды жақтады. Жер көлемі бойынша әлемде тоғызыншы орында тұрған Қазақстанның ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді еселеп ұлғайтуға әлеуеті жеткілікті. Ол үшін ауыл шаруашылығында өндірісті жедел индустриялық-инновациялық технологияларға ауыстыру қажет. Алашордалықтар жерге ең алдымен қазақ ие болып, жердің асты-үстіңгі байлығын қазақ пайдаланса деген ниетте болып, бұл мәселені *«қазақтың тірі я өлі болу мәселесі»* деп қазақ қоғамы алдына өткір қойған. Олар жер, жеке меншік және кәсіпкерлік мәселелерін ел экономикасынан бөліп қарамаған, оны экономикалық өсудің негізі деп санаған. Алаш жолын ұстанған «Ақ жол» партиясы әрдайым Қазақстанда бәсекеге қабілетті және нарықтық экономиканы құрудың, жеке меншік, ең алдымен, шағын және орта бизнесті барынша қолдаудың табанды жақтаушысы болып келеді және бұл жолынан таймақ емес. Негізгі ұстанымдарының бірі ретінде шағын және орта бизнес саласына, кәсіпкерлікке қолайлы жағдайлар туғызып, оны дамыту тұрғысында, олардың құқығын қорғау бағытында белсенді қимылдар жасаудың шараларын ұсынған. Партия қазіргі заманның басты міндеті – елімізді өркендету мақсатында орта таптың қалыптасуына және нығаюына жәрдемдесуді өзінің тарихи миссиясы деп санайды.

Қазақстанның табысты бәсекелестік қабілеттілігінің кепілі болып табылатын интеллектуалды ұлт құру аса маңызды. «Ақ жол» партиясы адам капиталының сапалы өсуі Қазақстанды дамытудағы

жоғары басымдылық болуы тиіс деп санайды. Экономика салаларының бәсекеге қабілеттілігі, бірінші кезекте, өнімділікке, сапаға және адами ресурстардың икемділігіне қатысты. Ең дамыған отыздыққа кірудің негізгі шарты да елімізде адами капиталды дамыту. Адам әлеуетін дамыту индексіне сәйкес (БҰҰ ДБ) Қазақстан 2007 жылы 73 орыннан (177 ел арасынан) 2013 жылы 70 орынға (187 елдің ішінен) орналасқан. Бұдан да жоғары деңгейлі елдерінің тобына ену үшін экономиканың өнімділігіне жағдай туғызатын, Қазақстан болашағының флагманы – барлық деңгейдегі білім беруді және оны қолданудың аясын кеңейте беру қажет. Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы «Қазақ» газетіндегі «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында: «*Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, балыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі*» - деп жазса, ал Халел Досмұхамедов: «*Шын азаттықты білім береді*» деп санады. Сондықтан да Үдемелі индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының басты формуласы: білім – ғылым - өндіріс болуы тиіс. Адами капиталдың мүмкіндігін көтеруге сондай-ақ денсаулық сақтау, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау жүйесі де ықпал етеді. Білімі мен білігі мықты отандық кадрларды даярлап, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үлкен маңызға ие.

«Ақ жол» партиясы экономиканы әлеуметтік дамудың міндеттерін тиімді шешудің құралы ретінде қарастырады. Қазақ қоғамын бірте-бірте өзгертіп, заманға бейімдеуді мақсат еткен «Алаштың» асыл мұраттары біздің қазіргі жедел жаңғыру, модернизация бағытымызбен үндес келеді. Партия экономикалық мәселелерге, әлеуметтік салаларға ерекше көңіл бөліп, әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту бағытындағы жұмыстарын жалғастыра беретін болады. Әлеуметтік жаңғырту қоғамның рухани өмірінде болып жатқан үдерістермен санасуға, ұлттың сана-сезімінің, мемлекеттің зайырлы сипаты мен білім жүйесінің нығаюына кепілдік беруге ықпал етеді, сондай-ақ, өкінішке орай, жастарымызды алғашқы құрбандықтарына ұшыратқан экстремизм мен діни радикализмнің пайда болуына алып келетін әлеуметтік себептерді барынша азайтуға тиісті. Рухани сана, білім, діни сенім сапалы болған кезде біздің қоғам қандай да бір ішкі-сыртқы біздің елге қарсы әрекеттерге дайын тұра алады.

Бізге «Алаш» партиясының толерантты либералдық қозғалыс ретіндегі әлеуетін, ішкі генезисін барлық азаматтарға, әсіресе жас ұрпаққа, ашып көрсету ісіне ғылыми ортаны тартып, оларды осы партияның прогрессивті әлеуметтік-экономикалық идеяларын қалпына келтіруге жұмылдыруға ықпал етуге ұмтылу керек болады. Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік ресурстары, ең алдымен, ұлттық мүддеге қызмет етуге тиіс. Бұл кез келген одақта, ұйымдарда Қазақстан өнімінің және Қазақстан кәсіпорындарының басымдығы үшін күресуіміз керек деген сөз. Алаш мұрасын жалпыадамзаттық құндылықтар және ілгерішіл экономикалық ойдың үлгілері ретінде халықаралық деңгейге шығару және насихаттауға күш жұмсау қажет.

3. Алаштың рухани-мәдени тәжірибесінің, ұлттық құндылықтарға көзқарастарының қазіргі заманғы Қазақстан үшін өзектілігі.

Рухани және мәдени даму – өркениет өлшемдерінің бірі. Қазіргі әлемдегі елдің беделі тек саясат пен экономикаға ғана емес, сондай-ақ, мәдени тартымдылығына да байланысты. Ұрпақтардың рухани-мәдени тәжірибесінің сабақтастығы Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін нығайтудың басты негіздерінің бірі болып табылады. Ұлттық тарихымызды, өзіміздің төл бастауларымызды, қайнар көздерімізді, ерекшеліктерімізді тиянақты ұғыну қоғамды рухани және идеялық нығайтуға қызмет етеді. Алаш қайраткерлері қазақ мемлекеттігінің, ұлттық дамуының тарихымен шұғылданған, олардың көпшілігі қазақтың көне тарихына үңілген. Қазақ халқының түркілік негіздерін дәлелдеуге тырысқан, ежелден сонда мекендеген халықтар негізінде қазақ ұлтының қалыптасқаны туралы мәліметтер қалдырған. Ғылымдық та, саяси да мәні бар сол деректерді терең зерттеудің қажеттігі анық.

Кеңес заманында халықтың рухани сана-сезімі және ұлттық ерекшелікті сақтау инстинкті болып табылатын ұлтшылдықтың классикалық мәні мен мағынасы өрескел бұрмаланды. Ұлтшылдыққа интернационализм деп аталған ұғымды қарама-қарсы қойды. Кеңестік «интернационализмнің» астарында – өзгенің ұлттық ерекшеліктерін жойып, үстемдік жүргізу саясатын жалғастыру мүддесі жатқаны ешқандай құпия емес. Өркениетті әлемде ұлтшылдық («АҚШ сөздігі; Британ және Жапон энцикло-

педияларында) – өз ұлтына адалдық, ұлттық бірлік пен тәуелсіздікті қорғайтын табиғи құбылыс ретінде сипатталады. Алаш ардақтысы Жүсіпбек Аймауытовтың ұлтшылдық туралы айтқан келесі пікірлері керемет әсер қалдырады: «*Ұлты үшін құрбан болуға шыдағандық - ұлтшылдықтың осы күнде ең берік ережесі*» дей келе: «*Ұлты үшін құрмет қылмай, бас қамын ойлап жүрген азаматтардың елі артта қалып отыр. Ұлтшыл эсұрттар, әне, Германия, Жапония, Англия, Түркиялар, олардың баласы жасынан «ұлтым» деп өседі*», - дей келе, одан әрі ол «*Естеріңізде болсын: қара халықтың мәдениетті болуынан мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын, баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу керек*». Қазақтың «Алаш» ұлттық идеясы өзінің болмысында классикалық ұлтшылдықтың аясынан бір адым аттап шыққан емес. Большевиктер партиясы құрған Кеңес өкіметі ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселесін шешудің негізіне қазіргі заманғы әлемде күні әбден өткен таптық жіктелу қағидасын басшылыққа алса, Алаш арыстары керісінше қазіргі заманда дұрыстығына ешкім де шүбә келтірмейтін өміршең қағида – мемлекет пен халық бірлігін қамтамасыз етудің, топтасқан қоғам қалыптастырудың, рухани-мәдени бірегейлікті нығайтудың, әлеуметтік және діни бітімнің, қоғамдық құндылықтардың, айналып келгенде, ұлттың рухын көтеретін, Қазақстанның шешуші әлеуеті болып табылатын - ұлттық бірлік саясатын таңдап алды.

«Ақ жол» партиясының ұстанымы – өз мемлекеттілігімізді, рухани дүниемізді, мәдениет пен тілімізді, дініміз бен ділімізді, дәстүріміз бен тарихи мұрамызды жаңғыртуымыз тарихи заңдылық болып табылады. Сол арқылы тарихи жадыға, бабалар аманатына, Алаш аманатына адалдық танытып, ұлттық тарихымызды жаңаша көзқараспен зерделеп, ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып, қазақ ұлтын отарсыздандыруды біртіндеп жүргізіп, ұлттық санаға сілкініс туғызу - Партия міндеттерінің бірі. Идеологияның негізгі жүргізушісі ретінде қазақ елінің бұқаралық ақпарат құралдарын әлемдік медиа-империялармен бәсекелестікке түсуге даярлай беру үшін түбегейлі трансформациялауды күн тәртібіне қоятын кез де жетті. Қазақ елінің рухани және материалдық игіліктерін қорғау үшін ақпараттық-мәдени орта құру қажет. Ұлттық мәдени мұраны сақтау және дамыту, балалар мен жастарды ұлттық құндылықтарды

құрметтеу, патриотизм рухында тәрбиелеу біздің бағытымыз болып қала береді. Біз қазақ мәдениеті мен өнерінің түрлі салаларының: театрлардың, кітапханалардың, мұражайлардың, киноның, филармониялардың, орындаушылық ұжымдардың, цирктердің, колөнердің, шығармашылық одақтардың, мәдени-тарихи орталықтардың және басқа да мәдениет ұйымдарының ел ішінде лайықты қызмет көрсетуін ғана емес, әлемдік мәдениет кеңістігіне кіруге үдерісін де жіті қадағалағанымыз жөн. ЮНЕСКО-ның қазақтың киіз үйі мен дәстүрлі күйін адамзат қазынасы қатарына қосу секілді шешімдерінің көбейе түскені абзал. Мәдениеттер үйлесімі – өркениеттің алтын қазығы. Сонымен қатар дәстүрлі мәдени мұраның тарихи миссиясы қоғамның рухани-танымдық тұрақтылығын сақтау, оның негізгі моральдық құндылықтарының шайылып кетуіне жол бермеуге бағытталатынын естен шығармауымыз керек. Мәдениет пен өнер саласы мекемелері қызметкерлерінің әлеуметтік-экономикалық, еңбек құқықтарының сақталуы мен қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аударуымыз қажет.

Қоғамды біріктірудің келесі аспектісі этносаралық қарым-қатынаста шешуші факторлардың бірін бейнелейтін тіл мәселесі болып табылады. Кейбір полиэтностық мемлекеттер үшін түйткілге айналған проблеманың Қазақстанда орыс тілді азаматтар үшін барлық мүмкіндіктерді сақтау арқылы шиеленіспей шешіліп отырғанын құптаймыз. Дегенмен, «Ақ жол» партиясы қазақ тілін пайдалану көлемін бұрын болмаған жоғары деңгейге көтеру қажет деп есептейді. Алаш арыстарының ана тіліне деген жауапкершілігі мен оның беделін көтеруге жұмсаған күш-жігері, жанкештілігі ғаламат болатын. Сонау 1905 жылы Әлихан Бөкейханның Мәскеуде земство және қала қайраткерлері съезінде сөз сөйлеп, сол кездегі 5 миллион қазақ халқының тең құқығын үзілді-кесілді талап еткенін еш ұмытуға болмайды. Ол өз сөзінде әлеуметтік мәселелермен қатар тіл, сайлау еркіндігі проблемасын да көтерген: «...қазақтардың жуық арадағы мұқтажы, әсіресе алдағы сайлау үгітіне байланысты қажет болатын *ана тілін қолданудағы еркіндік* болып табылады және мен съезде жергілікті тілдер құқықтарына орай барлық шектеулерді дереу жоюды жақтап пікір айтылуын өтінген жолдастардың ұсыныстарына

қосыламын». Алаштың саяси көсемінің осыдан 110 жылға жуық уақыт бұрын айтқан *«қазақтардың жуық арадағы мұқтажына»* - ана тілінің еркіндігіне әлі күнге дейін толықтай қол жеткізе алмай келе жатқанымыз шындық. Туған тілді тума тілдің жетегінде өне бойы қалдыруға болмайды. Ұлтты танудың да басты шарты – туған тілінің әлеуетін арттыру, керегесін кеңейту. Халқының саны бізден аз Бельгия мемлекеті (*10 млн 379 мың*) өз тілінен өзге тілге қадам баспайды. Ұлтымыздың дәрежесі көбіне-көп тілімен бағаланатынын естен шығармауымыз керек.

Тұтастай алғанда, мемлекет құрушы қазақ халқының рухани жағынан түлеп, мәдениетінің өсіп-өркендеуі – қоғам алдында тұрған аса күрделі міндеттерді шешудің, Қазақстанның адымдап дамуының негізгі кепілдерінің бірі. Сондықтан да мемлекеттің мәдени саясатының өзекті проблемаларын мәдениеттің қоғам мен мемлекет тіршілігінің барлық маңызды аспектілері дамуының сапалық өлшемі болып табылатынын ұдайы есте ұстай отырып шешу керек.

БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МІНДЕТТЕР

Қазақстан қоғамын жаңғыртуда «Алаш» қозғалысының шығармашылық мұрасын және принциптік көзқарастарын тарату және оны бүгінгі күннің кәдесіне жарату бағытында «Ақ жол» демократиялық партиясы бастамашылдық жасаған және атқарған істерін одан әрі жалғастыру және атқарылуға тиіс мынадай міндеттерді шешу жолында жұмыс істейді:

– Премьер-министрге жолданған «Ақ жол» парламенттік фракциясы өзінің депутаттық сауалдарында көтергеніндей, Әлихан Бөкейханның 150 және Алаш қозғалысының 100 жылдығы мерейтойларын мемлекеттік және жалпыұлттық дәрежеде атап өту үшін, 2015 жылдың төртінші тоқсанынан кешіктірмей, Үкімет жанынан Мемлекеттік комиссия (*үкімет мүшелері, парламент депутаттары, ғалымдар, қоғам қайраткерлері енген*) құру, оған жалпы-мемлекеттік және аймақтық кешенді бағдарламалар даярлау ісін жүктеу, осы мерейтойларды елімізде және шет елдерде ЮНЕСКО аясында ұлықтауға күш салу;

– Жас ұрпақты Алаш идеясымен кең ауқымда және жүйелі түрде таныстырып, оны отаншылдық рухта тәрбиелеу мақсатында

Алаш қозғалысына қатысты архив құжаттарын, бірінші кезекте 1928-1938 жылдарға тиесілі ғасыр құжаты аталған «Алаш ісі» сот процестері материалдарын көп томдық жинақ ретінде шығару;

– Осы «Алаш ісі» сот процесімен тікелей байланысы бар келесі мәселе ол ХХ ғасырдың 20-50-ші жылдарында жүргізілген саяси репрессия материалдарын, Қазақстандағы репрессия тарихын, ресейлік ғалымдарды араластырмай, отандық тарихшы-ғалымдардың күшімен қорытып, көп томдық түрінде жариялауды қолға алу;

- Провести серию конференций для привлечения внимания общественности на трагические события в истории Казахстана с участием квалифицированных ученых-историков, обществоведов, политологов для наиболее полного исследования политических репрессий, политики имперского геноцида. Существует необходимость привлечения адвокатов, ученых-юристов для всестороннего раскрытия проблемы и описания последствий политики советской власти по отношению к казахскому народу в годы массового голода и политических репрессий в первой половине XX века. Считаем необходимым привлечь социологов, демографов и генетиков, специалистов других направлений, международных экспертов для определения вреда генофонду нации, нанесенного голодом, ограничившем на долгие годы количественный и качественный рост казахского этноса. Создать возможности для сбора архивных материалов, которые сосредоточены не только в Казахстане, но и во многих городах России и Узбекистана (Ташкент), а также в архивах других зарубежных государств;

- Установить день национального траура в календаре, чтобы на государственном уровне почтить память жертв голода и политических репрессий;

- Преобразовать Алматинский памятник в историко-мемориальный комплекс, посвященный жертвам голода и политических репрессий, составившим почти половину казахского этноса;

- Продолжать ежегодный трехэтапный общенациональный конкурс «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» («Светлый путь Алаша в XXI веке») среди соискателей в возрасте от 18 до 35 лет, занимающихся научными исследованиями и публицистикой по указанной теме, в том числе и на русском языке и языке других народов. Финальную часть конкурса завершать научно – практической конференцией, по его материалам издавать научный сборник. Пристальное внимание обращать исследованиям по выявлению новых имен и неизвестных страниц истории Алашского движения;

- В целях развития работы по внутрипартийному просвещению, парламентская фракция «Ақ жол» ежемесячно будет проводить занятия на тему «Алаш тағылымдары» («Уроки Алаша»), в режиме видеоконференцсвязи со всеми филиалами партии. В качестве лекторов будут приглашаться известные в стране ученые-алашеведы, исследователи.

- Превратить в традицию проведение ежегодной республиканской «Недели Алаша» в период с 5 по 13 декабря (в 2014 году это мероприятие в виде пилотного проекта было проведено центральным аппаратом ДПК «Ак жол» в г. Астане, и в филиалах партии ЮКО, Мангыстауской области, ВКО (Семей). В рамках Недели - ежегодное проведение собраний, конференций, лекций, уроков, публичных выступлений, выставок по теме «Алаш тағылымдары» («Уроки Алаша») в учебных заведениях, государственных органах и воинских частях, архивах и библиотеках;

- В память даты создания (13 декабря 1917 года) первого, современного демократического казахского правительства Алашорда, ежегодно 13 декабря официально отмечать как день «Алашорды»;

- Открыть аллею «Алашорды» с монументальным памятником деятелей Алаша на самом видном месте Астаны. Установить во всех областных центрах, в Алматы памятники алашским деятелям;

- Переименовать во всех районных, областных центрах Казахстана именами национальных деятелей (названиями известных событий) учреждения, улицы, места, имеющие отношение к «Алашу», поручив это республиканским и местным ономастическим комиссиям;

- Выступить с инициативой через МИД РК о переименовании улиц Москвы, Санкт-Петербурга, Омска, Самары, Оренбурга, столиц Турции, Азербайджана, Кыргызстана и Узбекистана именами деятелей «Алаша»;

- Организовать работу по открытию музеев, установки памятных досок, знаков в исторических местах, имеющих прямое отношение к движению «Алаш» в городах Санкт-Петербург, Омск, Оренбург, Ташкент и Коканд, а также в наших городах Семей, Торгай, Жымпиты и др.;

- Организовать в школах страны, вне зависимости от языка обучения, разъяснение и популяризацию понятий Алаш, Алашская идея, Алашское движение, жизненного пути Алашских деятелей. Выступить с предложениями о включении достаточного объема материала в учебники по истории Казахстана, систематизации изучения идей Алаша в ВУЗах. Добиваться установления общественного контроля работы Министерства образования и науки РК по новому содержанию курса истории;

- Содействовать выпуску по государственному заказу научных монографий, литературных и художественных произведений, документальных, художественных фильмов, телевизионных программ, посвященных движению «Алаш»;
- Организовать постановку пьесы «Мұрат үшін майдан» (автор – Мұхтызара Титақұлы, жертва политических репрессий), приурочив ее к 150-летию со дня рождения одного из главных героев этого произведения Алихана Бокейхана. Ответственность берет партия «Ақ жол», заключившая договор с деятелями искусства: писателем-драматургом и режиссером театра;
- Провести работу по включению десяти образцов исполнения «Алашского марша», гимна «Алаша» в видеофонд телеканала «Казахстан» и в золотой фонд Казахского радио (обнаруженных в архиве сотрудниками партии «Ақ жол» и уже включенных в научный сборник «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы»);
- Изыскать финансовые средства для проведения научно-исследовательской работы в государственных архивах России, Турции, Китая, Франции, Германии, Узбекистана, Кыргызстана, Туркмени и других государств для более глубокого и всестороннего изучения истории движения «Алаш»;
- Совместно с областными и районными акиматами, научными и общественными организациями организовать экспедиции в места, связанные с историей «Алаша»;
- Обратиться в Республиканскую Ономастическую комиссию с просьбой о переименовании города Семей в город Алаш, который был столицей Алаша в период с 1917 по 1920 годы; Установить памятную доску на Доме «Алаша» в Семее. Организовать работу по созданию национального музея «Алаш» на основе Семипалатинского – музея «Алаш арыстары - Әуезов»;
- С целью «деколонизации сознания» начать процесс перехода на латинский алфавит, для этого детально изучить опыт родственных тюркоязычных государств, создать план поэтапного перехода на латиницу;
- Организовать работы по приведению в соответствие с исторической справедливостью названий географических объектов и населенных пунктов. Народу и государству должны быть возвращены все казахские названия, имеющие историческое и духовное значение.

- В целях расширения сферы использования и повышения статуса казахского языка как одного из главных условий существования независимого государства, развивать язык, превратив его в инструмент национальной консолидации;

- Проводить работу по воспитанию молодого поколения в духе почтительного обращения к национальной истории Казахстана, истории «Алаша», казахскому языку и казахской культуре, вместе с тем - и к истории, культуре и языку других этносов.

Алихан Нурмухамедулы Бокейхан был основателем и политическим руководителем казахского национально-освободительного движения «Алаш» в начале XX века, сыграл решающую роль в деле восстановления Казахской государственности, внес огромный личный вклад в формирование и развитие современного Казахстана. В связи с предстоящим празднованием 150-летия со дня рождения А.Н. Бокейхана партия «Ак жол» считает необходимым:

- Одному из высших учебных заведений страны (университету с национальным статусом) и одному из научно-исследовательских институтов (истории государства, экономических исследований, сельскохозяйственного направления) присвоить имя А.Н. Бокейхана;

- Присвоить имя А.Н. Бокейхана училищу лесного хозяйства, расположенному в поселке Бурабай (в 1895-1897 годы, в котором Бокейхан преподавал математику);

- Учредить Национальную стипендию Алихана Бокейхана за выдающийся вклад в политику, экономику, науку;

- Организовать международные научно-практические и научно-теоретические конференции в г.г. Астана и Алматы, приуроченных к 150-летию со дня рождения А. Бокейхана;

- Подготовить собрание сочинений А.Н. Бокейхана в 16-ти томах и издать его на казахском, русском и английском языках тиражом в 10 тысяч экземпляров. Обратиться в Правительство за финансовой поддержкой, рекомендовать в качестве исполнителя Институт культуры и духовного развития «Алаш» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева;

- Организовать издание энциклопедии А.Н. Бокейхана силами Института культуры и духовного развития «Алаш» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Института истории и этнологии им. Ш. Уалиханова, Института истории государства, тиражом в 10 тысяч экземпляров на казахском, русском и английском языках;

- Добиваться выделения государственных грантов для создания художественных произведений, связанных с жизнью А. Бокейхана и движением «Алаш».

- Составить и издать 10-ти тысячным тиражом сборник документов и фотоматериалов о жизни и деятельности А.Н. Бокейхана и его соратников по национально – освободительному движению «Алаш»;

- Содействовать выпуску, в том числе и по государственному заказу, литературных и художественных произведений, документальных, художественных фильмов, сериалов, телевизионных программ о А.Н. Бокейхане и его соратниках;

- Обратиться с инициативами: к АО «Казпочта» - о выпуске почтовой марки, приуроченной к 150 летию А.Н. Бокейхана; к Национальному банку – о выпуске памятной юбилейной монеты с изображением лидера «Алаша»;

- Инициировать и организовать установление мемориальных досок в местах (в том числе и за рубежом), связанных с деятельностью А.Н. Бокейхана.

Считаем, что нельзя разделять эти два важных юбилея: 150-летие А.Н. Бокейхана и 100-летие движения «Алаш». Подготовительные мероприятия для реализации представленного комплекса мероприятий должны начинаться с 2015 года, чтобы достичь в 2016-2017 годах должного уровня проведения указанных мероприятий по чествованию алашских деятелей. Полную реализацию мероприятий по празднованию завершить в 2018-2019 годы.

МЕХАНИЗМЫ ИСПОЛНЕНИЯ ПРОГРАММНЫХ ЗАДАЧ:

Демократическая партия «Ак жол» приложит максимум усилий в рамках своих возможностей для реализации вышеперечисленных задач. Партия не является фондом или советом историков

для осуществления исторических исследований. Для партии более важна практическая сторона мероприятий, т.е. не столько вопрос выражения дани памяти, сколько тема имплементации в современную жизнь идей, начинаний, ценностей «Алаша».

Значительную часть поставленных задач почти невозможно решить без участия правительства РК. Поэтому партия «Ак жол» будет постоянно напоминать правительству об ответственности перед прошлым и будущим, будет требовать принятия соответствующих решений, информации об исполнении принятых решений, в том числе и через свою парламентскую фракцию.

Партия в своей политико–просветительской работе будет стремиться координировать свои действия с соответствующими государственными органами, научно-исторической средой, общественными объединениями, с другими организациями, неравнодушными к истории «Алаша».

Для реализации цели и задач данной Программы, Демократическая партия «Ак жол», являясь последователем движения «Алаш», будет:

- стремиться неукоснительно исполнять взятые на себя задачи и обещания, заявленные в предвыборной платформе партии, новой политической программе и в данной программе;
- готовить альтернативные программы, концепции, рекомендации и предложения по актуальным проблемам развития Казахстана;
- активно исполнять законотворческую работу в Парламенте: готовить поправки в проекты законов, самостоятельно разрабатывать законопроекты, озвучивать депутатские запросы, добиваясь конкретных результатов;
- организовывать общественные слушания, публичные обсуждения, тренинги, республиканские и региональные семинары, «круглые столы», конференции историко-культурного формата, с целью пропаганды и распространения идейного наследия Алашского движения, их видных деятелей, во всех регионах Казахстана;
- осуществлять агитационно–пропагандистскую и просветительскую работу по программе «Алаша» в регионах страны, привлекая руководителей партии и ее филиалов, членов депутатской фракции, партийный актив.

- доводить до сведения рядовых казахстанцев информацию о деятельности партии, ее парламентской фракции;
- регулярно издавать информацию о деятельности фракции партии «Ак жол» в Мажилисе Парламента РК;
- установить обратную связь с избирателями по актуальным вопросам, изучать общественное мнение, проблемы различных слоев населения (общественная приемная фракции при центральном офисе, при филиалах; встречи с избирателями в регионах; работа с обращениями граждан).
- продолжить практику проведения совместных научно-практических, культурных и иных мероприятий и акций с ЕНУ, с его Институтом культуры и духовного развития «Алаш», научным центром «Евразия», Институтом истории государства, Институтом истории и этнологии им. Ш. Уалиханова, Академией международного бизнеса, а также с другими научными и исследовательскими организациями;
- увеличить количество публикаций в СМИ, в том числе - в электронных, по Алашской тематике, а также по другим актуальным темам;
- усилить работу пресс-службы партии и региональных филиалов, готовить информационные сообщения с рассылкой их во все СМИ и размещением на интернет-сайте партии, в социальных сетях;
- организовать широкую информационную поддержку в СМИ деятельности ДПК по популяризации идей «Алаша», установить сотрудничество с центральными, региональными и местными печатными и электронными СМИ, Интернет-сайтами.

Құрастырушылар түсініктемесі

2015 жылдың 26 қыркүйегінде «Ақ жол» ҚДП Орталық кеңесінің Пленумы «Ақ жол» демократиялық партиясының 2015-2020 жылдарға арналған Алаш қозғалысы қайраткерлерінің идеялық көзқарастарын зерделеу және тарату жөніндегі Бағдарламасын бекітті. Бағдарламаны мұқият қарап, ой елегінен өткізіп, талдай келе «Ақ жол» партиясының басшылығы мұнда көрсетілген қадау-қадау шараларды іске асыру үшін озан жүйелі де кешенді көзқарас керектігін және оны шешудің қуатты тетіктерін жасаудың қажеттігін түсінді. Бағдарламаның діңгегі болып отырған 2016 және 2017 жылдардағы шараларды орындаудың алғышарттары да биылдан кешіктірілмей жасалуы тиіс. Сондықтан да аталмыш пленум өткеннен кейін көп ұзатпай «Ақ жолдың» Парламенттік фракциясы Қазақстан Республикасының Үкіметіне Әлихан Бөкейханның 150 жылдығын лайықты деңгейде өткізу үшін Мемлекеттік комиссия құруды сұрап, депутаттық сауал жолдады.

Алаш арыстарының ана тіліне деген жауапкершілігі мен оның беделін көтеруге жұмсаған күш-жігері ғаламат болатын. Мәселен, жеті жұрттың тілін білген Халел Досмұхамедов елдіктің басты шартын «Өз тілін білмеген ел ел болмайды. Тілінен айрылған жұрт – жойылған жұрт» деп атаған. ХХ ғасырдың басында Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш зиялылары көтерген тіл мәселесі бүгінгі таңда да өзекжарды мәселе болып тұрғаны жасырын емес. Осыны жақсы сезінген Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев жақында ғана туған тіліміздің тума тілдің жетегінде өне бойы жүруге тиісті емес екендігін іс жүзінде көрсетіп, Біріккен Ұлттар Ұйымының мәртебелі мінберінен қазақша сөйлеп, ел патриоттарына тікелей үлгі көрсетті. «Ақ жолдың» фракциясы Мемлекеттік тіліміздің дамуына Елбасымызбен бірге еліміздің әрбір азаматын жеке үлесін қосуға шақыра отырып, Мемлекеттік тілдің Конституцияға сай болуы және Тілдер туралы Заңымыз бен Тілдерді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жұмыстарды іске асыру туралы Үкіметтен мерзімаралық есебін беруді сұрады.

Төменде Партия төрағасы Азат Перуашевпен фракция атынан жарияланған осы депутаттық сауалдардың мәтіндері келтіріледі.

«Ақ жол» партиясы Әлихан Бөкейханның 150 жылдығын лайықты деңгейде өткізу жөніндегі Мемлекеттік комиссия құру қажет деп санайды.

14 қаз, 2015



“Ақ жол” партиясы төрағасы, Мәжіліс депутаты
Азат Перуашевтың қазақ тілінде жасалған кезекті
депутаттық сауалы Алаш көсемі Әлихан Бөкейханға арналды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
К.Қ.Мәсімовке

Депутаттық сауал

Құрметті Кәрім Қажымханұлы!

Өзіңізге мәлім, 2017 жылы – «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының 100 жылдығы, ал одан бір жыл бұрын, келесі, 2016 жылы – сол қозғалыстың негізін қалаушы және жетекшісі, Алашорда үкіметінің төрағасы Әлихан Бөкейханның 150 жылдығы.

«Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының қызметі, жалпы Алаш идеясы – қазақ қоғамын еуропалық жолмен жаңғыртуды басты бағыттарының бірі ретінде ұстанғанын, сол замандағы нақты жағдайларға бейімдеп, ұлттық мемлекеттілікті қалыптастыруға ұмтылғанын жұртшылық байыптап келеді.

Париждегі ЮНЕСКО Атқарушы кеңесінің биылғы жылы қараша айына белгіленген осы ұйымның Бас конференциясында қабылдау үшін жіберген ұсыныстарының ішінде **2016 жылы қоғам және мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейханның туғанына 150 жылдығын ЮНЕСКО көлемінде атап өту** жайы қарастырылып отырылғаны осының айғағы.

Бұл Алаш мұрасын әлемдік деңгейге шығарып насихаттаудың таптырмайтын мүмкіндігі туып тұр деген сөз. Мұның маңызы Президентіміз **Н.Ә.Назарбаевтың** бастамасымен Қазақ хандығының 550 жылдығы аталып өтіп жатқан тұста тіпті еселеп арта түседі. Елбасы жария еткен «Мәңгілік ел» мұраты да Алаш жолын елімізде де, халықаралық деңгейде де зерделей түссек, баянды бола түспек. Ұлт көшбасшысы өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінің «Алаш мұрасы және осы заман» атты тарауында: «XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал» – деп көрсеткен болатын.

Сондықтан да **«Ақ жол» партиясы Әлихан Бөкейханның 150 жылдығын лайықты деңгейде өткізу жөніндегі Мемлекеттік комиссия құру** қажет деп санайды.

Оның негізгі мақсаты – жәй ғана той тойлаумен емес, ой ойлаумен, артынан із қалатын, танымдық, тағылымдық тұрғыдан ұлтымыздың, мемлекетіміздің рухын көтеретін, қоғамдық санаға сілкініс туғызатын мазмұнды шараларды іске асыруды қамтамасыз ету болуы тиіс.

Құрметпен,

**«Ақ жол» партиясы
фракциясының депутаттары
qazaquni.kz**

Қазақ тіліміздің әлемге танылған күні – Елбасының Қазақ хандығының 550-жылдығына тамаша тарихи сыйлығы болды – Азат Перуашев

07 қазан, 2015 жыл+



Елбасымыздың БҰҰ-да қазақ тілінде сөйлеуі жақсы жалғасын табады. Бүгін Парламентте «Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев қазақ тілінде депутаттық сауал жолдап, Үкіметтен қазақ тілінің жайын сұрады.

Депутаттық сауал
ҚР Премьер-Министрі К.Қ.Мәсімовке

Құрметті Кәрім Қажымханұлы!

Бүкіл әлемге белгілі болғандай, биылғы жылы 27 қыркүйекте ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында қазақ тілінде баяндама жасағаны тарихи оқиға ретінде бағаланып жатыр. Қазақ тіліндегі баяндама халықаралық алты тілге аударылды. Экономикалық дағдарыс күшейіп, бүкіл дүние дүбірлеп тұрғанда, әлемдік күрделі мәселелерді кесімді де, шешімді түрде түйінін түйіп айту, әлемнің

бүкіл мемлекет басшыларына құнарлы қазақ сөзімен құйып айтудың бағасын ешнәрсемен салыстыруға болмас...

Қазақ тілін бүкіл әлем тыңдады! Тәуелсіздігіміздің 24-ші жылында Елбасымыз қазақша жасаған баяндаманың себебін:

“Біздің тіліміз дүниежүзіне естілсін, құлақтарына сіңсін деп ойладым. Ары қарай жылжыта береміз. Мен әдейі солай жасадым. Сондықтан мен айтқаннан кейін менен кейінгі біздің басшылар солай сөйлейді деп сенемін!”, – деп түсіндірді.

Иә, қазақ тілін әлемнің 193 президенті тындағаны – ұмытылмайтын сәт! Тіліміздің әлемге танылған күні Елбасының Қазақ хандығының 550 -жылдығына тамаша тарихи сыйлығы болды деп білеміз!

Ал, енді мемлекеттіліктің символы болып табылатын мемлекеттік тілдің Конституцияға сай дәрежеде дами беруі үшін тек Елбасымыздың ерекше ерлік еңбегіне ғана қарап, отыра беруге болады ма? Үкімет мүшелері, Парламент депутаттары, мемлекеттік қызметкерлер мен қоғам өкілдерінің барлығы мемлекеттік тілде сөйлеген Президентімізден үлгі алуға тиіс.

Сол себептен, Ақ жол фракциясы Мемлекеттік тілдің Конституцияға сай болуы және Тілдер туралы Заңымыз бен Тілдерді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жұмыстарды іске асыру туралы Үкіметтен мерзімаралық есебін беруді сұрайды.

Сонымен қатар, бұған мемлекеттік органдармен бірге саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар, әр қазақстандық өз үлесін қосуға міндетті. Әсіресе, БҰҰ-ның Қазақстандық үлгісі аталып жүрген Қазақстан Халқы Ассамблеясы өзін көрсететін кез келді. Осылайша Елбасы бастамасын Қазақстандық Ассамблеямыз жалғастырып, Президентіміз айтқандай, “Мемлекеттік тіл – ұлт бірлігінің басты факторы” екенін іспен дәлелдейді деген сенімдеміз.

Өз тарапынан, “Ақ жол” партиясы өзінің саяси бағдарламасында да баса назар аударғандай, Мемлекеттік тіліміздің дамуына Елбасымызбен бірге еліміздің әрбір азаматын жеке үлесін қосуға шақырады.

**Құрметпен, «Ақ жол» партиясы
фракциясының депутаттары
qazaquni.kz**

Алаштан шыққан алғашқы депутаттар



Әлихан Бөкейхан



Мұхамеджан Тынышбайұлы



Ахмет Бірімжан



Сәлімгерей Жанпоре



Алтысбай Қалмең



Дәуіт Ноян Тұлдыт



Темірғали Нұркенұлы



Тілеуі Аллаберсеұлы



Шәймерден Қосшығдұлы



Бақытжан Қаратайұлы



Бақтыкерей Құлман



Молда Тайынұлы

Құрастырушылар түсініктемесі

фотосуреттердің ретімен Алаштан шыққан алғашқы депутаттардың өмірбаян деректерін аз ғана келтіре отырып, Ресейдің 1-ші және –ші мемлекеттік думаларының жұмыс істеген тұстағы елдегі саяси ахуал туралы қысқаша шолу жасауға тырыстық.

1. **Әлихан Бөкейхан**-1870 жылы бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысының 7-ші ауылында туған. Орта жүз ханы Бөкейдің ұрпағы. Алаш қозғалысының жетекшісі, ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері. Қазақ халқының рухани көсемі, Алаш партиясының және Алаш Орда үкіметінің төрағасы. І-ші Думаға Семей облысынан сайланған. Кадет партиясының мүшесі. Алдымен, Қарқаралыдағы Зариф молда медресесін, оны місе тұтпай қаладағы 3 сыныпты бастауыш мектепке ауысады. 1889 ж. сол қаладағы қазақ балаларына арналған мектепті, 1890 ж. Омбыдағы техникалық училищені бітіреді. 1890-1894 ж. Санкт-Петербургтегі императорлық Орман институтының экономика факультетін аяқтайды. 1901 жылы Императорлық Орыс Географиялық Қоғамының мүшесі болып сайланады. 1905 жылы қазақ даласында алғаш рет саяси талаптар жасап, 14,5 мың адам қол қойған Қарқаралы петициясын ұйымдастырушысы болды.

2. **Мұхаметжан Тынышбайұлы**- 1879 жылы бұрынғы Жетісу облысының Лепсі уезіне қарасты Мақаншы-Садыр болысындағы Жыланды тауының етегінде туған. Қоғам қайраткері, қазақтың тұңғыш теміржол инженері, тарихшы ғалым, Қоқан автономиясының басшысы, Алаш Орда үкіметінің мүшесі. II-ші

Мемлекеттік Думаға Жетісу облысынан сайланған. 1890 жылы Верный қаласындағы ерлер гимназиясына түсіп, оны алтын медальмен бітірген. Санкт-Петербургтегі І Александр атындағы Жол қатынасының инженерлерін даярлайтын институтқа түскен. 1905 жылы осы қаладағы Автономияшылар Одағының І-ші Құрылтайына қатысып, «Қазақтар І-ші азаттық қозғалысы» деген тақырыпта баяндама жасаған.

3. **Ахмет Бірімжан**-1871 туған. Алаш Орда үкіметінің мүшесі, қоғам қайраткері, Шақшақ Жәнібек батырдың ұрпағы, ағартушы-демократ Ыбырай Алтынсариннің туысы. Екі кластық училищені, 1891 ж. Орынбордағы ерлер гимназиясын күміс медальмен, 1899 Қазан университетінің заң факультетін алтын медальмен бітірген. І-ші және ІІ-ші Мемлекеттік Думаларына Торғай облысы қазақтарының атынан сайланған. Орынбор, Ақтөбе уездерінде сот қызметкері, бітімгер судья болып қызмет істеген. 1906 жылы 2 шілде күнгі Дума отырысында қазақтар арасынан бірінші болып мінберден сөйлеген адам.

4. **Сәлімгерей Жантөре**-1864 туған, І-ші Мемлекеттік Думаға Уфа губерниясынан сайланған. Кадет партиясының мүшесі, жоғары білімді, Орынбор гимназиясын бітіргеннен кейін Санкт-Петербург университетінің заң факультетін және Москва университетінің физика-математика факультетінде оқыған. Губерниялық земствоның бастығы қызметін атқарған. Өзі Башқұрт жерінен депутат болып сайланса да, туған халқының мұң-мұқтажын қорғауға үлес қосты. Қазақ халқының болашақта орыстанып кетуінен қауіптенген адам.

5. **Алпысбай Қалмен**- 1860 жылы туған, І Мемлекеттік Думаға Орал облысынан сайланған. Кадет партиясының мүшесі, Орынбор гимназиясын бітіргеннен соң жоғары білім алған, Ішкі Орданы басқару кеңесінің мүшесі болған. Халқының білім алып, отырықшы болу істері оны үнемі толғандырған. Ана тілінде мектептер ашылуын қолдаған.

6. **Дәуіт Ноян Тұндыт**- 1860 жылы туған, І Мемлекеттік Думаға Астрахань губерниясынан сайланған. Кадет партиясының мүшесі, ауқатты отбасында туып, патша лицейінен білім алған. Кейін жоғары оқу орнын бітірген. Мемлекеттік Дума мүшелерінің тізімінде жер иеленуші деп көрсетілген.

7. **Темірғали Нүрекенұлы**-1858 жылы туған, ІІ-ші Мемлекеттік Думаға Семей облысынан сайланған. Бастауыш білімі бар,

ауқатты отбасынан шыққан. Осы облыстағы Сәйтен әкімшілігінің болысы болған. Думаның мұсылмандар фракциясына енген. Өзі де көкірек көзі ояу, қажылық парызын өтеген, діни сауатты адам екен.

8. **Тілеулі Аллабергенұлы** - 1856 жылы туған, ІІ-ші Мемлекеттік Думаға Сырдария облысынан сайланған. Бастауыш білімді, бай адам болған. Думаның мұсылмандар фракциясының мүшелігіне өткен.

9. **Шәймерден Қосшығұлұлы** – 1869 жылы туған, І-ші және ІІ-ші Мемлекеттік Думаларға Ақмола облысынан сайланған. Ауыл молдасынан білім алған. Дума мүшелерінің тізімінде ауқатты, бай адам деп көрсетілген. Орыс тілін білмейтіндігі себепті ІІ-ші Думаның ресми тізіміне кіргізілмеген. Мұсылман фракциясында болған. Ел ішінде беделді кісі болып, өз қаражатына мектеп ашқан. Халықты қанаушылықтан, езгіден құтқарудың жолын іздеп, түрлі шараларға барған.

10. **Бақытжан Қаратайұлы** - 1860 жылы Жайық өңірінің Қаратөбе ауданындағы Ақбақай ауылында дүниеге келген. Әбілқайыр ханның шөбересі. Ол Орынбор гимназиясын бітіргеннен кейін, Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне оқуға түседі. 1890 жылы оны ІІ дәрежелі алтын медальмен үздік бітіреді. Алған мамандығы бойынша Петербургте, Кутаисиде және Орынборда бірнеше жыл тергеуші болып істейді. 1897 жылы туған жеріне қайта оралып, Оралда, Қаратөбеде, Жымпитыда адвокат болды. 1907 жылы ІІ Мемлекеттік Думаға Орал облысынан депутат болып қатысып, жер-су мәселесі бойынша қазақ халқының мүддесін қорғап сөз сөйлеген. 1907-1916 жылдары ағартушылық жұмыстармен айналысып, «Қазақстан» газетін, «Айқап» журналын шығаруға көмектеседі. 1918 жылы облыстық атқару комитетінің мүшелігіне сайланды. Сол жылы наурызда әскери үкімет бүлік ұйымдастырып, облыстық кеңес мүшелерін (*ішінде Қаратаев та бар*) тұтқынға алды. 1919 жылы 24 қаңтарда Чапаев дивизиясы босатып, кейін ол Орал облревкомының құрамында ұлттар коллегиясын басқарды. 1919 жылы 24 шілдеде Қаратаев Қазақ әскери ревкомының мүшелігіне тағайындалды. 1920 жылы 4-12 қазанда Орынборда өткен Кеңестердің Бүкілқазақстандық І съезіне делегат болды. Мұнда қабылдаған Қазақ АССР-інің еңбекшілері құқығы туралы декларацияның жобасын дайындауға


қатысқан. Қазақ АССР-інің заң комиссары болды. Кеңестердің II Бүкілқазақстандық съезіне де делегат болып қатысты.

1934 жылы 74 жасында дүниеден өтті.

11. Бақтыкерей Құлман- 1857 жылы туған, Әбілхайыр ханның ұрпағы, қазақ сұлтаны, қоғам қайраткері. Императорлық Санкт-Петербург Университетінің Шығыс тілдері факультетінде толық оқу курсынан өтті, Астрахань губернаторының қарамағындағы Қамыш-Самар қисымының әкімі болған. I-ші және II-ші Мемлекеттік Думаға Астрахан губерниясындағы Ішкі Орда қазақтарынан сайланған. Депутаттардың тізімінде жоғары білімді, шенеунік деп жазылған. Мұсылмандар фракциясының мүшесі. 1903 жылдың 22 шілдесінде ол Ішкі Қырғыз Ордасын басқару жөніндегі Уақытша Кеңесінің кеңесшісі болып тағайындалды. 1916 жылы Астрахань губерниясынан қуып жіберіледі, себебі, жергілікті халықты (*қазақтарды*) тыл жұмыстарынан жалтаруға шақырған. 1906 және 1907 жылдары халық таңдауымен екі мәрте Ресей Империясының Мемлекеттік думасына мүше болып сайланады. 1917 жылы сәуір айында Ішкі Қырғыз Ордасының барлық бөлімдер мен округтердің болыстық билеушілер өкілдерінің съезінде Астрахань өлкесі қазақтарының (*яғни Бөкей Ордасының*) комиссары болып сайланады.

12. Молда Тайынұлы – I-ші Мемлекеттік Думаға Жетісу облысынан дәл оның тарайтын қарсаңында сайланған. Сондықтан болса керек, оның есімі ресми тізімге енгізілгеніменен, ол туралы басқа деректер табылмауда.

Ресей Мемлекеттік Думасы.



*1906-17 жылдары Ресей Мемлекеттік Думасы орналасқан
Таврия сарайы. Санкт-Петербург.*



ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН:
«РЕСЕЙ 1905 ЖЫЛЫ АЛҒАШ РЕТ ЖӘНЕ СОҢҒЫ РЕТ
ЕУРОПА БОЛДЫ».

1905 жылдың тамызында II Николай патша заң шығарушы өкілетті орган ретінде Мемлекеттік Дума құру туралы манифеске қол қойды. Бірақ, ол манифест бойынша, қазақ халқының сайлауға және сайлануға құқығы жоқ болатын. Бұл жайт қазақтардың арасында наразылық туғызып, қазақ зиялылары өз өкілдерін депутаттыққа сайлау керектігі жөнінде батыл талап қоя білді.

Мұрағат құжаттары бойынша, «Ресейдің I-ші және II-ші Мемлекеттік Думаларына қазақтардан бар-жоғы-12 адам сайланған» деп көрсетілген. Сол алғашқы депутат болып сайланған қазақ зиялылары кімдер еді..?

Тарихқа көз жүгіртсек, XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында қазақ даласында Ресейдегі саяси партиялардың филиалдары ашыла бастады. 1905-1906 жылдары сол кездегі қазақ қалаларында «Кадет», «Народная свобода», «Социал демократтар» және т.б партиялар ресми түрде тіркеліп, өздерінің үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп тұрған. Ішкі Ресейдегі толқулардың екпіні қазақ қалаларын да шарпып, патшаға қарсы ереуілдер мен шерулер Орал, Перовск, Ақтөбе, Петропавл және т.б. қалалардағы өнеркәсіп орындарында, темір жол жұмысшылары арасында жиі болып отырды. Міне, осындай алашапқын кезде Мемлекеттік Думаға сайлау болатыны туралы заң шыққаны қазақ арасына да жетеді. Өздерін теңгермей, жартыкеш санап жүрген үкіметтің енді елдің басты заң шығарушы органының мүшелігінен орын бермегі қазаққа жақсы жаңалық әкелген хабар болды. Ресейдің I және II Думасына қазақ депутаттарының сайлануы елдің рухы мен еңсесін ғана көтеріп қойған жоқ, оның зиялы қауымын саяси тұрғыда шындай түсті. Ендігі жерде, Думада үкіметке ықпал етудің жаңа мүмкіндіктері пайда бола бастады. Яғни, 1905 жылы Ресей Мемлекеттік Думасының құрылуы еліміздегі бұқараның саяси сана-сезімінің өсуіне ықпал еткенін білеміз.

Соның нәтижесінде, 1906 жылғы I Мемлекеттік Думаға қазақтардан Торғай облысынан – Ахмет Бірімжанов, Уфа губерниясынан – Сәлімгерей Жантөре, Орал облысынан – Алпысбай

Қалменұлы, Астрахань губерниясынан – Бақтыгерей Құлманов, Ақмола облысынан – Шәймерден Қосшығұлұлы, Семей облысынан Әлихан Бөкейхан сайланды. Бірақ, Ресейдің I Мемлекеттік Думасы небәрі 73-ақ күн жұмыс істеді. Артынша, 1907 жылы II Мемлекеттік Думасы жасақталғанымен, ол Думаның да қызметі ұзаққа созылмай, небәрі 104 күн ғана жұмыс жасады.



I Мемлекеттік Думадағы мұсылман фракциясы

Бірақ, жергілікті биліктегілер сайлау науқанын ұйымдастыруды көп уақыт қолға алмайды. Тек, халықтың қысымымен ғана ол мерзімінен әлдеқайда кеш басталады. Тіпті, аумақтық бөлініске келгенде де, барынша әділетсіз болады. Мәселен, қазақ даласының Ақмола, Семей, Торғай, Орал губернияларына бөлінген 10 депутаттық мандаттың бүкіл халықтың 70% құрайтын қазақтарға 4-еуін, ал 30% құрайтын орыстар қоныстанған қалаларда 6-уын ғана береді. Осылайша, уақтылы өткізілмеген сайлаудың ұзаққа созылуының кесірінен, қазақ депутаттары тым кеш қалып, Думаның жұмысына алғашқы күннен қатыса алмайды. Мәселен, А.Қалменұлы, А.Бірімжанұлы Санкт-Петербургке Дума ашылғаннан кейін бір жарым ай өткен соң келсе, Ә.Бөкейхан оның жабылуына біраз күндер қалғанда ғана жетеді. *(себебі, Дала генерал губернаторының негізсіз жарлығымен, соттың тергеуінсіз, 3 ай Павлодар абақтысында отырды.)* Дегенмен, қанша жетіспеушіліктері болса да, бұл қазақ даласында демократиялық жолмен

өткен тұңғыш сайлау еді. І-ші Думаға қазақтар арасынан 8 депутат қана сайланды. Соның өзінде де, қазақ депутаттары белсенділік танытып әртүрлі комиссияларға мүше бола алды. Жоғары білімді заңгер Ахмет Бірімжанов –әскери дала соттарын жою жөніндегі заң жобасын жасау комиссиясына енгізіледі. Ол Алпысбай Қалменов екеуі жоғарғы үкімет орындарына қазақ жеріне қоныс аударушыларды орналастыру барысында заң бұзушылық әрекеттер жасалып жатқаны жөнінде сұрау салады. Бақытжан Қаратаев хат хабарларды реттеу, ар-ождан бостандығы комиссиясына, ал Мұхамеджан Тынышбаев аграрлық комиссияға мүше болды. Қазаққа қатысты заң жобалары мен мәселе талқыланғанда ұлт мүддесі айтылуы үшін Мұсылман фракциясы жанындағы бюро жұмысына Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқай белсенді түрде араласты.

Патша І-ші Думаны өктемдікпен таратқанда, оған сайланған депутаттар қарсылық білдіріп, Выборг қаласына жиналады. 182 депутат қатысқан бұл оппозициялық жиын тарихта «Выборг үндеуі» деген атаумен қалды.



І Мемлекеттік Думадағы кадет партиясы депутаттарының фракциясы. І Думаның күштеп таратылуына наразылық ретінде “Халыққа - халық өкілдерінен” атты әйгілі “Выборг үндеуіне” қол қойғаннан кейін. Оңнан солға қарай үшінші тұрған - Әлихан Бөкейхан. Териоки, Выборг (Финляндия), 1906 жылдың 9-10 шілдесі.

Жиналғандар патшаның әділетсіз шешімін айыптап, оның жүгенсіз істерін әшкерелеуге тырысты. Бұл II Мемлекеттік Думаға қазақтардан 7 депутат сайланған. Олардың кейбіреулері (Ш.Қосиығұлұлы, А.Бірімжанұлы, Б.Құлманұлы) екі рет сайлана алды. Ал, Ә.Бөкейхан «Выборг үндеуіне» қол қойғандықтан, үкімет оны қуғынға ұшыратып, қылмыскер атандырды, ал заң бойынша, ол депутаттыққа кандидат бола алмады...

Егер де, тарихи-саяси тұрғыдан әділетті сараптайтын болсақ, ХХ ғасырдың басында Ресейдегі заң шығарушы орган - Думаның депутаты болған қайраткерлеріміз - бүгінгі ХХІ ғасырдағы қазақстан парламентаризмнің бастауында тұрады. Яғни, қазақ ұлтының алғашқы парламентшілері мен Алаш қайраткерлерінің Думадағы депутаттық үшін күресін бүгінгі кәсіби Парламент ұмытпауы тиіс еді десекте, әлі күнге дейін, парламент ғимаратының бір бұрышынан қазақтан шыққан тұңғыш депутаттарға ескерткіш-тақта да орнатылмай келеді...

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Өмірзақ Озганбай: «Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан»; Жақсыбай Самрат. Егемен Қазақстан № 36-39 (24292).2006 жыл 15 ақпан;*

2. *Суреттер, Болат Мүрсәлім құрастырған «Алаш Орда» фотоальбомынан алынды.*

Алаш Орда ұлттық үкіметінің құрамы:



Əlixan Bökəyhan
(1866-1937)



Mұстафа Шоқай
(1890-1941)



Жаһанша Досмұхамедұлы
(1887 - 1930)



Əлімхан Ермеқұлы
(1891-1970)



Mұхаметжан Тынышбайұлы
(1879-1937)



Бақтыкерей Құлман
(1859-1919)



Жақын Ақбайұлы
(1876-1931)



Базарбай Мәметұлы



Уәлитхан Танауұлы
(1887-1968)



Халел Досмухамедұлы
(1883-1939)



Айдархан Тұрлыбайұлы
(1877-1937)



Ахмет Бірімжан
(1871-1927)



Халел Ғаббасұлы
(1888-1931)



Салық Аманжолұлы
(1889-1941)



Отыныш Әлжанұлы
(1873-1918)

«Алашорда» Уақытша ұлттық кеңесінің (Үкіметінің) құрамы 25 адам болып бекітіліп, оның 15-і сайланып, 10 орын қазақтар арасындағы орыс және басқа ұлттардың өкілдеріне қалдырылған. Біз ғылыми жинағымыздың соңында солардың 14-інің суретін жариялап, тек біреуінің ғана суретін табудың сәті түспеді. Ал үкімет құрамын толықтыруға келсек, оны іске асыра алмаудың басты себебі - «Алашорда» үкіметінің ғұмырының тым қысқа болуы. Алаш көшбасшыларына бұған және басқа да көздеген мақсаттарына эволюциялық жолмен жетуге мүмкіндік берілмеді. Ал азшылықтағы ұлттардың өкілдерінің құқығын шектемейтін қазақ ұлтының елді біріктірушілік идеясын «Алашорда» үкіметін сайлаған съезінде жария етілуінің өзі олардың қазақтың жоғын жабайы ұлтшылдық сарында жоқтамағанын, ұлтшылдық томаға-тұйықтыққа ұрынбағанын көрсетеді. Ал бұған олардың таптық жіктелу дегеннен де ада болуын қоссақ, Алаш көшбасшыларының уақыттан оза туған ұлылығы даралана түседі. Олар қазақтың тұңғыш үкіметі – Алашорда үкіметін құрып, қазақ халқының мемлекеттілікке лайықты ел екенін паш етіп, аз уақытқа болса да халықтың арманы болған өзін өзі билеу идеясын іске асыра білді. Олар сол аласапыран кезеңде толыққанды саяси партия мен үкімет құрып, өз халқының мүддесін жанкештілікпен батыл қорғау жағына шыға алды. Келесі - 2016 жылы Алашорда үкіметінің төрағасы, ЮНЕСКО шеңберінде мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым деп танылып отырған Әлихан Бөкейханның 150 жылдығы, ал арғы - 2017 жылы Алаш қозғалысының 100 жылдығы. Бұларды бірінен бірін бөліп алып қарауға болмайтын, тарихи заманалық аса маңызы бар оқиғалар деп бағалау керек. Сондықтан да негізінен осы даңқты мерейтойларды лайықты өткізуге байланысты жасалған «Ақ жолдың» Алаш бағдарламасының жобасы жұртшылықтың қолдауына ие болып, енді міне Қазақстанның партия құрылысы тарихында тұңғыш рет Алаш туралы Бағдарлама қабылданып отыр. Ал жалпы Алаш қозғалысын, Алаштың Әлихан бастаған қайраткерлерін лайықты ұлықтап, олардың мемлекет құрылысына, әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық, ұлттық-мәдени мәселелерге қатысты ұлтпен бірге өмір сүретін тұжырымдамалық мағынасы бар ұстанымдарына, көзқарастарына берілген бағалар мен пайымдауларды, ғылыми тұжырымдарды жаңа заманның талаптарына сай зерделеуге ұмтылудың деңгейін жаңа серпінмен жалғастырып, жаңа сапаға көтеру біздің абзал борышымыз болуы тиіс.

Қадірменді оқырман! Кітаптың алғы сөзін жазғандықтан оны өте қысқаша осылай түйіндегенді жөн санадым, ендігі төрелік Сіздерде.

Құрметпен, Сәбит Байдалы

МАЗМҰНЫ

Сәбит Байдалы АЛҒЫ СӨЗ.	3
------------------------------	---

ҚАЗАҚСТАННЫҢ «АҚ ЖОЛ» ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫНЫҢ XII СЪЕЗИ

Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының Төрағасы Азат Перуашевтің 2015 жылдың 12 наурызы күні партияның XII съезінде жасаған баяндамасы	10
«Ақ жол» ҚДП Төрағасының орынбасары ҚАЗЫБЕК ИСАНЫҢ 2015 жылдың 12 наурызы күні партияның XII съезіндегі сөзі	17
«Ақ жол» ҚДП ОК-нің идеологиялық жұмыс жөніндегі хатшысы СӘБИТ БАЙДАЛЫНЫҢ 2015 жылдың 12 наурызы күні партияның XII съезіндегі сөзі.....	22

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ – ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ

Жұмамұрат Шәмші МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ДАМУЫНА ӘРКІМ ӨЗ ҮЛЕСІН ҚОСУЫ КЕРЕК	26
Азат Перуашев МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ЕҢ АЛДЫҒЫ КЕЗЕКТЕГІ МАҚСАТТАРЫНЫҢ БІРІ.....	31
Қазыбек Иса МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МЕМЛЕКЕТТІК ДЕҢГЕЙДЕ БАРЛЫҚ ЖЕРДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ ТИІС	33
Сәбит Байдалы ЕЛДІКТІҢ БАСТЫ ТІРЕГІ-ТІЛ	40

«XXI ҒАСЫРДАҒЫ АЛАШТЫҢ АҚ ЖОЛЫ» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫ

Азат Перуашев 2014 жылдың 13 желтоқсанында Астанада өткен Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясының «XXI ғасырдағы

Алаштың Ақ жолы» атты Жалпыұлттық байқауының қорытындысын шығаруға арналған ғылыми-практикалық конференциясының ашылуындағы алғы сөзі 45

«XXI ҒАСЫРДАҒЫ АЛАШТЫҢ АҚ ЖОЛЫ» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

1-ші номинация: «АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРЫЛЫСЫНДАҒЫ, ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДАҒЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНЫҢ ЕУРОПАЛЫҚ ЖОЛДЫ ТАҢДАУДАҒЫ САБАҚТАСТЫҒЫ»	53
Еркін Рахметуллин «АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ ӘСКЕР ҚҰРУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ»	54
2-ші номинация: «АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ КӨШБАСШЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРİNДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ, ҚОҒАМДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҢҒЫРТУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОСЫ ИДЕЯЛАРДЫ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚАЗАҚСТАҢДА ДАМУ»	65
Ержан Шағимолдин «АЛАШ» ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ КӨСЕМІ Ә.БӨКЕЙХАН МЕН ОНЫҢ ҮЗЕҢГІЛЕСТЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ ӨНДІРІСТІ ДАМУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ»	66
3-ші номинация: «АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТАРИХЫНДАҒЫ БЕЛГІСІЗ ОҚИҒАЛАР МЕН ЖАҢА ЕСІМДЕР	85
Қарлығаш Ибрагимова «АЛАШТЫҢ АЙТУЛЫ АЗАМАТЫ ӘНИЯР МОЛДАБАЕВ	86
Махаббат Қозыбаева «СЕМЬЯ СЕИТОВЫХ: ТРАГИЧЕСКИЕ СУДЬБЫ АЛАШСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ И ИХ ПОТОМКОВ В ЭПОХУ СТАЛИНИЗМА»	98
3-ші номинация: ЖОҒАРЫДА АТАЛҒАН КЕЗ КЕЛГЕН ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ОРЫС ТІЛІНДЕГІ ЖӘНЕ БАСҚА ҚАЗАҚСТАН ЭТНОСТАРЫНЫҢ ТІЛДЕРІНДЕГІ ҮЗДІК ЗЕРТТЕУ НЕМЕСЕ ЖАРИЯЛАНЫМДАР	110
Сұлушаш Құрманова «ЭТНОГРАФИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМАТИКА В ТРУДАХ А.БӨКЕЙХАНА»	111

**«XXI ҒАСЫРДАҒЫ АЛАШТЫҢ АҚ ЖОЛЫ»
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ**

Абдул Рахманұлы Абдулкәрім ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ	130
Мәлік Кенжегүл ЖАҚЫП АҚБАЙДЫҢ СЕРІГІ-ӨСКЕНБАЙ ...	150
Досымбекова Айгүл ИНТЕЛЛЕКТУАЛ ХХ ВЕКА – НАЗИР ТЮРЯКУЛОВ	162

НАЗАР АУДАРУҒА ТҰРАРЛЫҚ МАҚАЛАЛАР ТОПТАМАСЫ

Нұржан Болатұлы « АЛАШ ОРДА» - САЯСИ ҰСТАНЫМДАРЫНДАҒЫ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ЗАМАНАУИ ҮНДЕСТІГІ	175
Руслан Ахмағанбетов ШЕКАРАНЫҢ ӨТКЕНІ, БҮГІНІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ	181
Алмаз Ысқақов АЛАШ МИЛИЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	200
Маралбеков Базылбеков ЖАСТАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	209
Мәриям Әбсаттар 12 ЖЕЛТОҚСАН немесе АЛАШТЫҢ АТҚАН ТАҢЫ.....	223
Ақбота Қуанышбекова МҰХАМЕДЖАН ТЫНЫШБАЕВ.....	228
Алмас Балкеев АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ЕГЕМЕНДІК ТУРАЛЫ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ: РЕТРОПЕРСПЕКТИВТІ САЯСАТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ	244
Амандық Ізтұрғанов НАСЛЕДИЕ АЛАШ МОИМИ ГЛАЗАМИ/АЛАШ АМАНАТЫ/.	267
Бауыржан Сисенов АЛАШОРДАНЫҢ БАС ИНТЕНДАТЫ БЕРКІНҒАЛИ АТШЫБАЕВ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ	274
Бақыт Смағұл АЛАШТЫҢ АРДАҚ ТҰТАР АЗАМАТЫ	282
Елнұр Ешім АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫ АЗАМАТЫ ПЕРУАШ КӘРІМҰЛЫ - САЯСИ РЕПРЕССИЯЛАР ҚҰРБАНЫ: ДЕРЕКТЕРДІ ТАЛДАУ	289

АЛАШ САРБАЗЫ ПЕРУАШ КӘРІМУҰЛЫНА 100 ЖЫЛ

Кітапты құрастырушылар түсініктемесі – АСТАН АЛАР ТАҒЫЛЫМДАР	298
Серік Молдабеков АСҚА АРНАУ	302
Шынар Түйешиева, Ақылбек Исамбергенов Перуаш бабамызға арнау	306

«БІР МЕНІ БАЛАУШЫ ЕДІ БІР ТАЙПА ЕЛГЕ» АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚЫНДАР МҮШӘЙРАСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

Серік Тұрғынбекұлы АЗАТТЫҚ АЛАШЫМНЫҢ АРМАНЫ ЕДІ	308
Ибрагим Исаев ЕЛІН СҮЙГЕН ЕР	316
АЛАШ АПТАЛЫҒЫ.....	320

АЛАШ ТАҒЫЛЫМДАРЫ

Қайрат Сақ АЛАШ КӨСЕМСӨЗІНІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ МЕН ӨМІРШЕҢДІК МӘНІ.....	348
Султан Хан Аққұлы КАК СОЗДАВАЛАСЬ АРМИЯ ГОСУДАРСТВА АЛАШ.....	370
Марат Әбсеметов МІРЖАҚЫПТЫҢ АҚЫНДЫҚ ШЕБЕРЛІГІ.....	382
Жамбыл Кәмел МОЙ ДЕД Х.А.БОЛГАНБАЕВ – ОДИН ИЗ ЛИДЕРОВ АЛАШ ОРДЫ	426
Тілеубек Ысқақов ҚЫРАНДАЙ ЖЕЛГЕ ҚАРСЫ ҚАҢТАРДА ҰШҚАН	447
Шөмішбай Сариев ТІРІ ТАРИХ КЕЛМЕСКЕ КЕТТІ	453
Мақсат Жақау ҚҰНАРЛЫ ТОПЫРАҚТЫҢ ЖЕМІСІ.....	460
Мақсат Жақау НЫҒМЕТ НҰРМАҚОВ	471
Айдын Ырысбекұлы АЛАШТЫҢ РУХЫ ЖАҢҒЫРҒАН КҮН	476

АЛАШ ПЬЕСАЛАРЫ

Мұхтисар Титақов, Өтен Ахмет МҰРАТ ҮШІН МАЙДАН.....	482
Өтен Ахмет АЛЕКСАНДРА-БӘДРИСАФА.....	519

ОМБЫ ҒЫЛЫМИ ЭКСПЕДИЦИЯСЫ

Султан Хан Аккулы ОМСКАЯ ЭКСПЕДИЦИЯ.....	555
Зиябек Қабульдинов ВСЕСОКРУШАЮЩИЙ СТЕПНОЙ УРАГАН	600

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 550 ЖЫЛ

ҚР Премьер-министрі М.Кәрімовке сауал БҮГІНГІ ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТІМІЗ – XV ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ТАРИХИ ЖАЛҒАСЫ	618
Зиябек Қабульдинов МӘНГІЛІК ЕЛ - ВРЕМЕН СВЯЗУЮЩАЯ НИТЬ.....	621
Султан Хан Аккулы: БЕЗ ГОЛОВЫ КЕНЕСАРЫ ХАНА ПРАЗДНОВАНИЕ 550-ЛЕТИЯ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА БУДЕТ НЕПОЛЬНЫМ	636
Анар Төлеуханқызы АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН АТАНЫҢ АРДАҚТАЛУЫ	647
Тоғанбай Қажы Құлманұлы КЕТБҰҒА МА, ӘЛДЕ КЕТБҰҚА МА?»	652

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ ТУҒАНЫНА 150 ЖЫЛ

Сәтжан Қасымжанұлы АЛАШ КӨСЕМІ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ 150 жылдығын ӘЛЕМ АТАП ӨТПЕК	681
Султан Хан Аккулы ЮБИЛЕЙ АЛИХАНА БУКЕЙХАНА БУДЕТ ОТМЕЧАТЬСЯ ПОД ЭГИДОЙ ЮНЕСКО.....	685

АҚ ЖОЛДЫҢ АЛАШ БАҒДАРЛАМАСЫ

«Ақ жол» ҚДП ОК идеологиялық жұмыс бойынша хатшысы <i>Сәбит Байдалының</i> партияның Орталық Кеңесінің Пленумында жасаған «Ақ жол» демократиялық партиясының 2015-2020 жылдарға арналған Алаш қозғалысы қайраткерлерінің идеялық көзқарастарын зерделеу және тарату жөніндегі Бағдарламасы» туралы баяндамасы	691
«АҚ ЖОЛ» ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫНЫҢ 2015-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ИДЕЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫН ЗЕРДЕЛЕУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ЖӨНІНДЕГІ БАҒДАРЛАМАСЫ».....	699
ПРОГРАММА ДЕМОКРАТИЧЕСКОЙ ПАРТИИ КАЗАХСТАНА «АҚ ЖОЛ» ПО ИЗУЧЕНИЮ И ПОПУЛЯРИЗАЦИИ ИДЕЙНЫХ ВЗГЛЯДОВ ДЕЯТЕЛЕЙ ДВИЖЕНИЯ «АЛАШ» НА 2015-2020 ГОДЫ	722
«АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ А.ПЕРУАШЕВ ЖАРИЯЛАҒАН ПАРТИЯНЫҢ ПАРЛАМЕНТТІК ФРАКЦИЯСЫНЫҢ ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРЫ К.МӘСІМОВКЕ ЖОЛДАҒАН ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ 150 ЖЫЛДЫҒЫН ЛАЙЫҚТЫ ДЕНГЕЙДЕ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИССИЯСЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛЫ	745
АЗАТ ПЕРУАШЕВ: ҚАЗАҚ ТІЛІМІЗДІҢ ӘЛЕМГЕ ТАНЫЛҒАН КҮНІ – ЕЛБАСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ 550-ЖЫЛДЫҒЫНА ТАМАША ТАРИХИ СЫЙЛЫҒЫ БОЛДЫ. ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРЫ К.МӘСІМОВКЕ ЖОЛДАҒАН ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ.....	747
АЛАШТАН ШЫҚҚАН АЛҒАШҚЫ ДЕПУТАТТАР	749
АЛАШ ОРДА ҰЛТТЫҚ ҮКІМЕТІНІҢ ҚҰРАМЫ	759
Сәбит Байдалы ТҮЙІН СӨЗ	761

XXI ҒАСЫРДАҒЫ АЛАШТЫҢ АҚ ЖОЛЫ

Техникалық редакторы:
Дизайнері:

Асылхан Қожахметов
Ерлан Әмірбеков

Басуға 21.10.2015 ж. қол қойылды. Пішіні 60×84¹/₁₆.
Баспа табағы 48. Есептік баспа табағы 45.
Шартты баспа табағы 36,5. Офсеттік басылым.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс 3/86-15.

«Экономика» баспасы» ЖШС
050063, Алматы қаласы, Сайын көшесі, 81-үй

ISBN 978-601-225-804-2



9 7 8 6 0 1 2 2 5 8 0 4 2

الاش اتتى عسكرنك اورانى جاساسن وطننك عدل اوللارى

Алаш атты әскерінің ұраны: «Жасасын, Отанның адал ұлдары!»